Балабақшадағы күнделікті заттарды (ойыншықтар, кеңсе тауарлары, тұрмыстық заттар) әртүрлі мақсаттарда пайдалануға болады. Біздің балабақшада Біз «ойын-сауық конструкторы» ойын-сауық құралын ойлап таптық, ол тәрбиеленушілердің бұрыннан бар білімдерін бекітуге мүмкіндік береді, енді біз онымен танысуды ұсынамыз.

1 деңгейдегі тапсырмалар:

- Бұл тапсырмада педагогтерге «жануарлар мен олардың күшіктері» тақырыбында дизайнердің бөлшектерін біріктіру ұсынылады

2 деңгейдегі тапсырмалар:

- Екінші тапсырмада қатысушы педагогтер конструктордың бөлшектерінен ұсыныс жасауы керек.

Қосымша тапсырма:

Қосымша тапсырмада топ мүшелері «суретті жина» тапсырмасын орындайды және оны атаңыз.

Шара соңында геймификацияның қорытындысы шығарылды, яғни маршрут парағында ұпайлар есептелді. Олар жеңімпаз дипломымен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Барлық қалған қатысушылар сертификаттар мен тақырыптық магниттерге ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://www.maam.ru/detskijsad/geimifikacija-v-doshkolnom obrazovani.html

2.Никитин, С. И. Геймификация, игрофикация, играизация в образовательном процессе / С. И. Никитин. // Молодой учёный. – 2016. – № 9 (113). – С. 1159-1162.

ҰЛТТЫҚ АСЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ НАВЫКОВ ДОШКОЛЬНИКОВ ЧЕРЕЗ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ПОДВИЖНЫЕ ИГРЫ
THE DEVELOPMENT OF COGNITIVE SKILLS OF PRESCHOOLERS THROUGH NATIONAL OUTDOOR GAMES»

Гульжанат Ертаевна Тулкина
«Қазан жалпы орта білім беру мектебі»КММ жанындағы «Гүлдер» шағын орталығы, Павлодар облысы
tulkina-1978@mail.ru

КІРІСПЕ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұстаздарға арналған сөзінде «Ұлттық құндылыққа қанып өскен өреннің танымы терең,ділі берік болады» дегендей, ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, көздің қарашығындай сақтап, өсіп келе жатөан ұрпаққа аманат ету-біздің парызымыз. Кеңес дәуірі кезінде ұлтқа тән барлық қайнарлардың көзі тығындалып , бірте-бірте ізі өшкен кез болды. Сондай саланың бірі қазақтың ұлттық ойындары. Кейінен қазақ халқы тарихи кезеңге қадам басып, тәуелсіздігіміз төрге шаққан кезде, жоғалған жаухарларымыз да орала бастады. Ұзақ ғасырлық көш-керуен арқылы жалғасын тапқан, асық ойындарының тәрбиелік мәні зор.

Атамыз қазақ кейінгі ұрпақтың қамын ойлауды мақсат ете отырып балаларының азамат болып қалыптасуына мән берген. «Баланы жастан»- деген қағиданы ескере отырып , бала тәрбиесінде дене шынықтыру мақсатында ұлттық ойындарды дамытып отырған. Қазақ халқының ұлттық ойындары – ерлікті,өжеттілікті, шапшаңдықты және т.б. қасиеттерді қажет етеді. Қазақтың ұлттық ойындары тек сауықтық жағынан ғана емес сонымен қатар,ол-спорт, ол-өнер, ол- тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Қазіргі кезде осы ойындарды жаңғыртып қана қоймай, асықты түрлендіріп жаңаша мазмұнда ойын түрлерін жасап, санауға, есепттер шығаруға, түстерді ажыратуға, қол моторикасын дамытуға қолданудамыз. Балалардың қолына икемді, қабылдауға жеңіл, әсерлі дидактикалық асық ойындарына қызығушылық жоғары болды.

Мақсаты:

Қазақ халқының ұлттық бағыттағы ойындарымен таныстыра отырып, оны бүгінге күнге лайықты етіп қолдану. Жаңа бағыттағы ойындар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау,есте сақтау қабілеттерін, интелектуалды дамуын шыңдап дамыту.Ойын кезінде саусақ қол моторикасын дамыта отырып ептілікке, шапшаңдыққа, тез ойлауға,ұйымшылдыққа тәрбиелеу.«Рухани жаңғыру» бағдарламасында Отан сүйгіштіктің негізі ретінде туған жерге, ата-дәстүрге, ұлттық құндылықтарға мән беру қажеттілігін үйрету.

Міндеттері:

1) Зейін, ес, ойлау қабілеттерін дамыту;

2) Балалардың сөз қорларын байыту,сөйлем құрастыра білуге үйрету.Тілін ұстартуға, ой-өрісін кеңейтуге батылдыққа, ептілікке баулу;

3) Түстерді ажыратуға, көп – біреу ұғымдарын меңгеруге үйрету,санау қабілеттерін жетілдіру, кеңістік бағыттарын ажырат,уақытты бағдарлау, пішіндерді айыра білу дағдыларын, математикалық логикасын қалыптастыру;

4) Дене күшін жетілдіруге, ерік-жігерін шыңдай түсуге, қол моторикасын дамыта отырып, мергендікке баулу, мүсінді түзетуге бағыттау;

5) Еңбексүйгіштікке,достыққа, жолдастыққа, қайраттылыққа тәрбиелеу;

Ұлттық ойындарды жанұя тәрбиесінен бастап, түрлі күнделікті іс-әрекет барысында, тәрбиелік шараларда қосымша материал ретінде пайдаланып, ұлттық ойындарымызға жаңа мазмұн беріп, жаңа заман талабына сай заманауи үлгіде, бала

қауіпсіздігін ескере отырып, түрлі материалдарды пайдаланып дайындап, қолданып және де басқа да әріптестерімізбен бөлісіп келеміз.

Асық ату – біріншіден, ол бір-бірін достасу-сыйласуға,бір-бірін қадірлеуге ұйымшылдыққа, тәртіпке үйретсе, екіншіден көз мергендігіне, қол ептілігіне, жылдамдыққа, бәсекелестікке үйреткен.Халқымыздың өзінің тұрмыс-тіршілігін мал шаруашылығымен байланыстыра отырып, малдың кішкентай сүйекшесі асықты да тиімді қолдана білген. Яғни, асық табиғи нәрсе. Оны ешкім қолдан жасап жатпайды. Бір нәрсенің дайын екенің білдіретін «Сақадай сай » сөз тіркесі де осыны білдірсе керек. Малды жаратқан кезде, асықты ырымдап, балам ойнайды, «бала дүниеге келеді» деп әжелеріміз жинаған. «Хан талапай», «Омпы»,«Үштабан»,«Хан асық », «Асық ату » сияқты алғашқы ойындар осылайша пайда болған.

Жалпы асықпен ойналатын ойындар – мектеп жасына дейінгі балалар үшін өте қызықты. Бұл ойын кезінде балаларды жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстарға тарту арқылы олардың қарым-қатынасын нығайта түседі. Себебі кішкентай балалар өмірінің алғашқы күндерінен бастап –ақ олар әрдайым біреумен немесе бір жерде өзара әрекеттестікте болғанды ұнатады. Түрі бойынша олар әр түрлі болып келеді. Оларды қолдануда шешілетін тапсырмалар да сан қилылығымен балаларды қызықтырады. Баланың қол моторикасын дамытып қана қоймай, ақыл-ой қабілетін, логикалық ойлау қабілетін ұшқырлауға септігін тигізеді. Логикалық ойлау қабілеті жан-жақты дамиды.Сөздік қарым-қатынасы өрбиді. Достық, ұжымшылдыққа тәрбиеленеді.

Ұлттық асық ойындарын қолдануда балалардың жас ерекшелігі мен олардың қызығушылығы, мүмкіндіктерін ескере отырып жаңа ойын түрін дайындап, балаларға үйретудемін. Әр ойын кезінде балалардыі қабілеттері мен қарқынын ескере отырып жұптастырып, 4-5 баладан топтарға бөліп немесе жеке балаларға дайындалған ойындарымыз да бар. Бұл ойын түрлері тәрбиешінің нұсқауымен түсіндіріліп, балаларға қолдау көрсетіле отырып ойналады.

«Асық ілмек» ойыны.

Ойын мақсаты: Балаларды санауға,түстерді ажыратуға үйрету, алған білімдерін ойын арқылы пысықтау, ойнай отырып ойлауға, зейінділікке дағдыландыру, қол моторикасы үйлесімділігін жетілдіру, шыдамдылыққа тәрбиелеу,танымдық дағдыларын дамыту.

Ойын шарты: Үстел үстіндегі ойын алаңында түрлі-түсті асықтар орналасқан.

Балалар ілмегі бар таяқша арқылы, асықтарды жан-жағындағы түстерге орналастырады. Сары асықтарды іліп, сары түске орналстырады.Қызыл асықтарды қызыл түске орналастырады. Іліп алған асықтарын түстері бойынша санайды. Ойын ортаңғы, ересек, мектеп алды топтарына арналған.

«Түрлі түсті таяқшалар» ойыны

Ойын мақсаты:Түрлі – түсті асықтар орналасқан таяқшалармен бала логикалы ойлауға үйренеді және алдында тұрған мәселелерді шығармашылды шешеді. Баланың ойлау қабілетін, танымдық белсенділігін, шығармашылық қиялын дамытуға көмектеседі.Түрлі сұрақтарға қисынды жауап беруге, кез-келген өмірлік жағдайларда креативті ойлауға үйренеді.

Ойын шарты:Ойынға қатысушы балалар бір-бірден таяқшаларды алып,онда орналасқан асықтардың түсі бойынша алдарындағы тақтаға орналастырады.Ойын ермектік,жеке жұмыс, «миға шабуыл» үшін ересек,мектепалды топтарында ұйымдастыруға болады.

«Асықтарды түсіне қарай орналастыр» ойыны.

Ойын мақсаты:Түстерді ажырату,сәйкесінше орналастыру және санау арқылы баланың танымдық дағдыларын дамыту.Достық сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

Ойын шарты:Балалар ұжыммен шеңбер бойы 7 түсті асықты түсіне қарай ұяшықтан енгізе отырып

атау,дәлдікке,мергендікке тәрбиелеу.

«Сен білесің бе?»

Ойын мақсаты:Балаларға ұлттық құндылылық, ұлттық салт-дәстүрлерді айтқызы отырып ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты:4 топқа асық түсіне бөле отырып,жасырынған асық астындағы суреттерді атау.Жасырынған суреттерде ұлттық тағамдар,ұлттық ойындар,ұлттық салт-дәстүр,ұлттық құндылықтарға байланысты суреттер жасырылынған.Әр топ өз асық түсіне байланысты жасырылынған асықтарды таңдай отырып,жауап береді.

«Бірлік» асықты ойыны.

Ойын мақсаты:балалардың қарым-қатынасын нығайтып,танымдық қабілеттерін жетілдіру.Шапшаңдыққа,ептілікке,шыдамдылыққа баулу.Балалардың қөніл-күйлерін көтеріп,еркін эмоцияларын шығаруға ықпал жасау.Командамен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Ойын шарты:Балалар шеңберге тұрып,арнайы ілгіш арқылы асықтарды іліп алып,ыдысқа жинайды.Ыдысқа жинап жатқан асықтардың түсін,санын айтады.Ойын атына сәйкес, бірлесіп жасаған әрекеттін, нәтижесі болатынын мақсатқа жетудің жолы-ауызбіршілік, ұйымшылдық екенін түсіндіреді.Ойынды тренинг ретіндеата-аналармен, педагогтармен ойнауға өте қолайлы.

«Асық доминосы» үстел-үсті ойыны

Ойын мақсаты:Асықтардың жүрестері арқылы балаларды байқампаз,зейінді болуға дағдыландыру, түстері мен тұру қалыптарын ажырату арқылы танымдық қабілеттерін қалыптастыру, ойынның жүрісіне сәйкес логикалық ойлауға, тапқырлық көрсетуге баулу. Достыққа, сыйластық қарым-қатынастарына тәрбиелеу, бәсекелестік қабілеттілікке икемді болуға баулу.



Ойын шарты: Асық доминосы дәстүрлі доминоның негізінде жасалған.

Педагогтың көмегімен 2 бала бір-біріне қарама-қарсы ойнайды. Асықтың түсімен, тұру қалпымен сәйкестендіріп, «жүріс» жасалады. Мысалы түсі көк тәйкі асыққа, дәл сондай асық жасайды.2 жақтан қойылып отырады.

Әрбір 2 асықтан орналасқан бөліктерді түсі мен тұрасына қарай қойған кезде соңында осылайша, көрініс шығады. Мән беріп қарасаңыз, түсімен де,тұрпатымен де сәйкес келеді. Баланың қиялын, логикасын дамытуда ерекше ойын.

«Асықты кубизм » ойыны.

Ойын мақсаты: Асықтардың түсін ажырата отырып, ойлау қабілетін жетілдіру. Ойын арқылы танымдық қызығушылықтарын дамыту

Ойын шарты:Балалар түсті асықты кубизмді лақтыра отырып, сол түске қарай адымдай жүре отырып, мәреге жету.

«Түсіне қарай қағып ал» ойыны

Ойын мақсаты: Балалар түстері бірдей ұқсас асықтарды табуға үйрету, сөйлеу қабілетін дамыту, тыңдай білуге тәрбиелеу. Түстерді ажыратуға, санауға білімдерін пысықтау. Қол моторикасын дамыту.

Ойын шарты: Балаларды ортаға шығарып дорбалардың түсіне қарай шашылған асықтарды тез жинайды Бұл ойын арқылы балалардың ой өрісі артады. Танымдық қабілеттері қалыптасады.

«Кемпірқосақ»ойыны

Ойын мақсаты:Балалардың қиялын дамытып, зейінін шоғырландыру.Табандылыққа, шыдамдылыққа, бастаған ісісн аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу.Балалардың ұсақ қол моторикасын дамыта отырып,сөздік қорын молайту. Команда да ойнауға дағдыландыру. Жасқаншақтық, ұялшақтық қасиеттерден арылту, достарын табұға қолайлы жағдай жасау арқылы санауды үйрету.

Ойын шарты:

Балалар бұл жұмбақтың шешуін табыңдаршы, қане ойланайық,ия.Ортада күн күлімдеп тұр,жаңбыр жауып басылғаннан кейін күнде жарқырайды. Әрине кемпірқосақ!Сендер жұмбақтың шешуін дұрыс таптындар.Енді күнді ортаға алып,балалар дөңгеленіп отырып,асықтарды тандап, түсіне сәйкес жіпке тіземіз.Кемпірқосақта неше түс бар екен? Қане, кімнің асығы қандай түсті?Неше асық тіздік?

Балалар толық жауаппен жеңіл сұрақтарға жауап беруге тырысады. Психолог балаларға атын атап,жеке жұмыс жасап отырады. Барлығымыз 7 түсті асықтарды тіздік.

«Асықты стрелка бағытымен орналастыр» логикалық ойын

Ойын мақсаты: Стрелка бағыттары бойынша, асықтарды орналастырып,баланың зейінділігін, байқампаздығын жетілдіру арқылы, ақыл-ойын, таным көкжиегін дамыту.

Ойын шарты:Жоғарыдағыдай дайын карточкалар таратылып берліліп, асықтарды стрелка бығыты бойынша орналастырады. Қызыл асықтың тұсында стрелка жоғары бағытты көрсетіп тұр, ендеше қызыл асықтардың бәрі жоғары көрсетіп тұрған стрелкасы бар ұяшықтарға орналастырылуы тиіс. Жасыл асықта стрелка онға қарай бағытталған, жасыл асықтар сол бағыттағы ұяшықтарға орналасады.Ойын сол ретімен жалғаса береді.

«Қөп және біреу» ойыны.

Ойын мақсаты: Балаларды ұлттық ойын құралы – асықпен ойната отырып,тапсырманы орындауға қызықтыру.Біреу және көп ұғымдарын меңгерту.Байқампаздыққа баулу.

Ойын шарты:

1-нұсқасы:Балалардың алдында үлкен асық берілген, соның түсіне сәйкес кішкентай асықтарды орналастыру керек. Үлкен асықтар қасына сондай түстес кіші асықтарды жинаймыз.Салыстыру дағдыларын қалыптастырады.

2-нұсқасы.Үлкен және кіші ұғымын ажырату.Үлкен асық және кішкене асықты көрсете отырып,ойнату.Үлкен асықтар қасына сондай түстес кіші асықтарды жинаймыз.Салыстыру дағдыларын қалыптастырады.

«Асыққа дейін жылдам жет»

Ойын мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу, қол қимылы арқылы бұлшық еттерінің жұмысын жасақсарту,лентаны тез ширату арқылы асыққа жетуге ұмтылу. Ойын барысында бәсекелестік қабілетін арттыру.Лентаны ұқыпты орауға, ойын ережесін бұзбай ойнауға дағдыландыру.

Ойын барысы: Лента керіліп, оның қақ ортасына ірі мал асығы өткізіледі, ал лентаның екі жағына екі бала тұрып, берілген комнда бойынша лентаны орай бастайды.Ептілігімен асыққа тез жеткен бала, жеңімпаз атанады. Ұтысқа жеткен бала, басқа баламен әрі қарай ойнай береді.

Күтілетін нәтиже:

Баланың шығармашылық әлеуметін дамытады. Ойлау қабілетін дамытат,бейнелі және аналитикалық ойлау дағдысын қалыптастырады. Жады мен бақылағыштықты жатықтырады. Ой-өрісін дамыта отырып шапшаң шешім қабылдап, жан-жақты ойлауға үйренеді.Мектеп жасына дейінгі балалардың оқу-тәрбие жұмыстарында қазақтың ұлттық ойындарын тиімді қолдана отырып, балалардың ойлау қабілеттерін, тілін дамыту, ой-өрісін кеңейтеді,ұсақ қол моторикасын дамытады.Түстерді ажыратады, саану дағдыларын,логикалық ойлау қабілеттерін арттырады,кеңістікті,уақытты,пішіндер мен көлемді бағдарлай алады. Алдына қойған мақсатқа жете білуге,сенімділік және жеңіске деген талпынысын топтық қарым-қатынасын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Мектепке дейінгі білім» журналы №4(52) 2014 жылғы, 12- бет.
2. Е.Сағындықов «Қазақтың ұлттық ойындары» еңбегі.
3. «Асық ойыны ережесі» Ж.С.Сабыржанова, Е.Б.Нарымбаев, А.Қ.Кургамбаев 2011 жыл.

«ТҮСПЕН ӘСЕР ЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ» АРҚЫЛЫ АУЫЛ БАЛАБАҚШАЛАРЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҚТАРЫН НЫҒАЙТУ
«ТЕХНОЛОГИЯ ВОЗДЕЙСТВИЯ ЦВЕТА» ДЛЯ УКРЕПЛЕНИЯ ЗДОРОВЬЯ ДЕТЕЙ В СЕЛЬСКИХ ДЕТСКИХ САДАХ
«TECHNOLOGY OF COLOUR'S IMPACT» TO IMPROVE THE CHILDREN'S HEALTH IN RURAL KINDERGARTENS

Саликова Акку Аскеновна
Білім беру ұйымы: «Айнагүл» бөбекжай-бақшасы МКҚК,
Пресновка селосы, Солтүстік Қазақстан облысы, Қазақстан
salikova.akku@mail.ru

Аннотация: Бізді қоршаған әлем қандай да бір түспен боялған. Түс баланың ағзасына ерекше пайдалы әсер етеді. Түстің қуат пен тыныштық беретін және емдік қасиеті бар. Менің мақалам іс-әрекетімнің және балалардың психо-эмоционалды жағдайына әсерін талдау нәтижесі.
Аннотация: Цвет вокруг нас. Цвет оказывает особое благотворное влияние на организм ребенка. Свойства цвета исцеляют, дают энергию и успокоение.
Данная статья является результатом моей деятельности и анализом влияния на психо-эмоциональное состояние детей.
Annotation: Colours are all around us. Colour has a special beneficial effect on the child's body. Colours have healing, energizing and calming qualities.
This article is the result of my work and the analysis of the impact on the psycho-emotional state of children.
Түйін сөздер: Түс терапиясы, хромотерапия, түс психологиясы, арт-терапия, технология, тәрбие процесі, эмоция.
Ключевые слова: Цветотерапия, хромотерапия, психология цвета, арт-терапия, технология, воспитательный процесс, эмоция.
Keywords: Colour therapy, chromotherapy, phychology of colour, arttherapy, technology, educational process, emotion.

Бүгінде балалардың денсаулығын сақтау проблемалары ерекше өзектілікке ие болуда, өйткені оның жай-күйінің нашарлау үрдісі барған сайын арта түсуде. Мектепке дейінгі балалық шақтағы балалар алатын танымдық ақпарат көлемі үнемі өсіп келеді. Сәйкесінше, ақыл-ой жүктемесі де артуда. Ал, бұл көп жағдайда шамадан тыс шаршауға әкеледі, балалардың денсаулығына кері әсерін тигізеді. Жыл сайын эмоционалды тұрақсыз, жиі ауыратын, физикалық жағынан әлсіз және ерекше білім беруді қажет ететін балалар саны артып келеді.

Мектепке дейінгі мекеменің басты міндеттерінің бірі - тәрбиеленушілердің ақыл-ой қабілетінің жоғары деңгейі сақталып қана қоймай, олардың денсаулығын нығайтатын білім беру процесін ұйымдастыру.

Базалық бағдарлама білім беру – тәрбие процесіне балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және зерттеу іс-әрекетін қалыптастыру барысында қамтамасыз ететін әртүрлі нысандарда сауықтыруды жүргізуге мүмкіндік беретін денсаулық сақтайтын технологияларды енгізуге ерекше назар аударады. Балабақша жағдайында тәрбиешілер инновациялық және денсаулық сақтау сипатындағы әртүрлі сауықтыру және профилактикалық технологияларды енгізе алады. Бұл ретте балалардың жеке ерекшеліктерін ескеру маңызды. Жұмысты талдау, бақылау нәтижелері заман талабына сай жаңа, әрі тиімді әдістерді қолдану қажеттілігі туралы қорытындыға әкелді. Менің назарым түс әсер ету технологиясына түсті. Сондықтан тәрбиешінің жұмысы дәстүрлі әдістерді қолданумен шектелмеуі керек, ол ерекше және шығармашылық ойлай

алатын мектеп жасына дейінгі баланың әлеуметтік – жеке қасиеттерін тәрбиелеу үшін дамушы сипаттағы жаңалықтарға бағытталуы керек.

Мектепке дейінгі кезең баланың сенсорлық дамуының қарқынды кезеңі болып табылады. Әдебиет деректерін зерделеу және жеке бақылаулар мен зерттеулердің нәтижесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың интеллектуалды және эмоционалды дамуын ынталандыруда түрлі – түсті құралдар тиімді екені дәлелденіп отыр. Түспен әсер ету технологиясы мектеп жасына дейінгі балаларды емдеп, қалпына келтірудегі - ең қауіпсіз әдіс.

XX ғасырда түс туралы ғылым жаңа күшке ие бола бастады. Әлбетте, бұл ғылымның тәжірибесі қазіргі кезде ең көп таралған АҚШ, Еуропа елдерінде белсенді дами бастады. Қазіргі заманғы емдеу әдістерін пайдаланып жүрген көптеген дәрігерлер де түс әсер ету технологиясының принциптерін қолдануда. Жоғары деңгейде жүргізілген зерттеулер бойынша, түс әсер ету технологиясымен науқас адамдарды емдеу туралы бірнеше кітаптар жазылған. Түс терапиясы - бұл организмнің биологиялық белсенді аймақтарының әрқайсысы түстердің біріне әсер етуіне негізделген дәрі-дәрмексіз емдеу әдісі: түспен әсер ету көру органына, ал ол арқылы және көру анализаторы арқылы нерв жүйесіне оң әсер етеді. Белгілі бір түстің әсері функционалдық бұзылудың себебі болып табылатын энергетикалық блокаданы алып тастайды.

Түс терапиясын (хромотерапияны) шебер қолданған жағдайда түс жас ерекшелігіне қарамастан адамдарға оң әсер етеді.

Бала мен түс бір-бірімен тығыз байланысты. Бала әлемді ашық түстермен қабылдайды. Сондықтан, түспен әсер ету технологиясы – кез-келген жағдайда арнайы «құтқарушы» құрал деп айтсам артық болмас. Мақсатым ойын және ұйымдастырылған іс-әрекет барысында осы технология арқылы балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік, әлеуметтік- эмоционалдық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және зерттеу іс-әрекет белсенділіктерін қалыптастыру.

«Түстің әсер ету технологиясы» арқылы баланың психо-эмоционалдық жағдайын белгілі бір түстермен түзетуге болатынына көзім жетті. Балалар өте сезімтал және бақылағыш болғандықтан топта жайлылық пен жылулық атмосферасын жеткізетін заттық – кеңістіктік дамытушы ортасын құрдым. Сонымен қатар, топтағы балаларға арналған қанық түсті дидактикалық материалдар қол жетімді.

Мен өз жұмысымды түстерді қабылдау мен түс сезімін дамытуға бағытталған қарапайым ойындардан бастадым. Мысалы «Сиқырлы көзілдірік» ойыны. Бұл ойын қоршаған әлемді әртүрлі түстермен қарастыруға, түс ассоциацияларын дамытуға, тыныштандыруға, позитивті көңіл-күй орнатуға, сөйлеу тілі мен қиялын дамытуға бағытталған.

«Түрлі-түсті жаңбыр» әдісі. Түрлі-түсті атлас ленталардан жасалған шатыр түрінде ұсынылатын ойын. Жылы түстерден суық түстерге дейін реңктері бойынша таңдалған атлас ленталар жауын ағысына ұқсап, тігінен төмен түседі. Балалар шатырда жасырынып, қалаған түсін таңдай алады, ленталарды қолдарымен сипай алады.

«Таңғажайып жамылғы» жаттығуы – түрлі-түсті капрон матадан жасалған жамылғылар. Балалар таңғажайып жамылғыны оранып, олардың арасынан қоршаған кеңістікті қарап тамашалайды. Бұл жаттығу елеулі терапиялық әсер береді және түс ассоциацияларын дамытады, баланы тыныштандырып, жағымды әсер қалдырады және қиялын дамытады. Түс кеңістігін ауыстыру мектепке дейінгі баланың эмоционалдық жағдайына жақсы әсерін тигізеді. Мысалы, ашулы немесе көңіл-күйі жоқ балаға сиқырлы түстер еліне баруды ұсынып, көңілін табуға болады.

«Түстер әлеміне саяхат» ұйымдастырылған іс-әрекетінде балалар белгілі бір түсті өз бетінше таңдады. Балалар күні бойы таңдаған түсін топтық безендіруден, киім

элементтерінен, ойыншықтардан, майлықтардан іздеп, белгілі бір түсті заттар көрмесін жасады. Көп түстермен шамадан тыс жүктемеу үшін, балаларға барлық қою реңкті заттарды 1-2 сағатқа, ал нәзік жағымды реңкті заттарды күні бойы ұсынып отырдым.

Сонымен қатар «Түстер күні» қызықты тәжірибесін енгіздім. Балалардың өздері белгілі бір түсті таңдады сол түспен танысып, қарастырды және күні бойы сол түске арналған суреттер салып ойнады, таңдалған түстерден ғимараттар құрастырды. Бұл ретте ата-аналармен алдын-ала жұмыс жүргізілді. Белгіленген түс туралы келісіп, сол түске байланысты киіндіріп жіберуді сұрадым. Ата-аналар бірден қуана келісіп, ұсынысымды жақсы қабылдап, қолдау көрсетті.

«Ауа көпіршігі бағанындағы» «Алтын балық» жаттығуы барысында балалар бағанның жанында тұрып, әрқайсысы түсіне қарай балықты таңдап, ауаның әсерінен балықтардың көтерілуін және құлауын бақылады. Осы жаттығу барысында балалар жағымды эмоциялармен қуаттанды, коммуникативтік дағдылары дамып, көру және тактильді анализаторлары нығая түсті, түстерді қабылдап, релаксациялық әсер алды.

Фибро-оптикалық модулі бар «Аспалы бұлттағы» «Түрлі-түсті найзағай» жаттығуы балалардың визуалды және тактильді сезімдерін ынталандырып, жүйке-психикалық және эмоционалдық стрессті жеңілдетуге көмектесті. Аспалы бұлттан жауған сиқырлы жаңбыр барлық қорқыныштарды, реніштер мен уайымдарды жуып тастайды деп елестететуге болады және бұлт астында отырып, бала қиялдап, армандайды.

«Жұлдызды аспан» сәнді еден кілемшесіндегі «Жұлдызды ұста» жаттығуы кинестетикалық қабылдауды, қиялды, есте сақтауды, ойлауды, жалпы моториканы, кеңістікті бағдарлауды дамытады. Балалардың назарын «Жұлдызды аспан» сенсорлық еден кілемшесіне аударып, «Елестетіп көрейікші, жұлдыз ағып түсті, біз оны ұстап алуымыз керек. Әркім өзінің қиялындағы жұлдызын көрсетілген жерде «ұстап алуы» керек, балалар барынша ұстау қимылдарын жасады.

«Тамшы» релаксация креслосындағы «Күміс қырау» релаксация жаттығуы барысында балалардың психоэмоционалдық жағдайды қалыпқа келеді. Дененің қисық сызықтарына сәйкес ыңғайлы пішінді алатын релаксация креслосына отырып немесе жатып, бала демалады, қиялдайды және не болып жатқанын бақылайды. Креслоның беті онымен байланыста болатын дене бөліктерін тактильді ынталандыруға ықпал етеді. (3 сурет)

«Құрғақ бассейндегі» «Экскаватор» жаттығуы. Бұл жаттығу іш бұлшықеттерін, аяқтарды, буындардың қозғалғыштығын күшейтеді. Түрлі-түсті доптар салынған бассейнде аяқты созып, арқамен жатады. Таңдалған түстегі допты аяқтарымен алады.

«Түсті судың құпиясы» жаттығуы кезінде түрлі-түсті сумен танымдық ойындар ойнаймыз, ең алдымен мөлдір суды бутылканы шайқау арқылы түсін өзгертеміз. Не пайда болғанын анықтаймыз. Жаңа қасиеттерге ие болған су, балаларды таң қалдырып, үлкен қуаныш сыйлады.

«Көңіл-күй жақтауы» жаттығуын күнделікті қолдануға болады. Яғни, таңертең балалар шеңберге жиналып, бір-бірімен амандасады, өз көңіл-күйлеріне сәйкес әр бала белгілі бір жақтау түсін таңдап, өзін сол жақтауға орналастырады. Күні бойы ол көңіл-күйі өзгерген жағдайда өзін басқа жақтауға ауыстыра алады. Бұл мен үшін балалармен жеке жұмысты түзетуге, бір нәрсеге ренжіген балаға көбірек көңіл бөлуге тамаша мүмкіндік. Менің міндетім-балаларға үйге жақсы көңіл-күймен барып, балабақшаға қуанышпен келу үшін қолайлы жағдай жасау. (4 сурет)

Біздер ауылда тұрғандықтан табиғи таза өнім тастар, асық, құммен ойындарды көп ойнатамыз. Сол ойындардың бірегейіне тоқтала кетсем:

«Арт терапия» түрлі-түсті құммен сурет салу барысында балалардың ұсақ қол моторикасы дамиды, қиялындағы суретті бейнелеп үйренеді. Құмдағы қызықты ойынның бірі «Құмды анимация». Түрлі-түсті құмнан сурет салу кезінде балалар «құмды илеу», «құю», «сүрту» тәсілдерін қолданады. Шығармашылық кезінде дизайнды өзгерту процесі үнемі жүреді. Түрлі-түсті құммен динамикалық сурет салу эмоционалды стрессті жеңілдетеді, өз шығармашылығын көрсетуге, қиялды дамытуға және өзін-өзі бағалауды арттыруға көмектеседі.

Марблс тастарымен «Тастармен әшекейле» жаттығуы. Ойын барысында балалардың фантазиясы дамиды. Сонымен қатар «Сиқырлы тастар», «Оңаша әңгіме» сенсорлық ойындарын ойнатамын. Бұл ойындар арқылы балалар түстерді қабылдап, релаксациялық әсер алды.

Асық терапиясы бойынша түрлі-түсті асықтармен «Түрлі-түсті асықтарды орналастыр» ойынын ойнаттым. Ойын арқылы кеңістікті бағдарлай білу, логикалық ойлауды, сатылай қалыптастырып, шығармашылық тұрғыда ойлауды дамытады, шыдамдылық, сабырлыққа, бірлескен әрекетті қолдана білуге тәрбиелейді.

Осылайша, түс терапиясы технологиясымен жұмыс істеу үшін мен келесі қорытындылар жасадым, түспен жұмыс істеу кезінде балалардың көпшілігі ашық, қанық түстерді таңдады, яғни қалыпты дамуды көрсетеді. Ақ, қара түсті екі бала таңдады, бұл олардың тұйық екендігін және жалғыздығын көрсетті. Осы екі баламен жеке жұмыс істеу арқылы көптеген мәселелерді шешуіме көмектесті.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мария Бриль. Исцеляющий цвет. Цветотерапия. С чего начать. «Вектор», 2009
2. Крестовская К.А. Целебные силы цвета, или цветотерапия в нашей жизни. «Феникс», 2006
3. Саймон и Сью Лилли. Сила цвета и цветотерапия. «Диля», 2006
4. Гоникман Э.И.Лечебная радуга камня. Каменная цветотерапия. Издательский дом МСП, 2000

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАМАНАУИ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ
ПРИМЕНЕИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИГР ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ
USE OF MODERN GAMES FOR SPEECH DEVELOPMENT IN PRESCHOOL INSTITUTIONS

Сапарова Замира Ақылбекқызы
«Балерке» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы.
sadik_balerke@mail.ru

Балалардың тілін дамыту және қалыптастыру мектепке дейінгі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі. Формирование правильной речи является одной из основных задач дошкольного образования. Formation of correct speech is one of the main tasks of preschool education.

Түйінді сөздер: тілді дамыту, заманауи ойын технологиясы, дамыту, ойын.

Ойын – балалардың ынтасын арттыратын құрал. Ойын эстетикалық тәрбие - құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені бейне арқылы көрсетеді. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, билер ,

тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Ойын сонымен балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады. Бала ойын арқылы күш- жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды, яғни болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан басталады. Баланы тек дене жағынан жетілдіретін қимыл-қозғалыс, іс-әрекет қана емес, оларды ой еңбегіне баулу, таным түсінігін дамытып, дұрыс көзқарасқа тәрбиелеудің құралы ойын болып табылады.

Ойын процесінде сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар бір-бірімен келіседі, сондай-ақ өзара түсінісу мен достықтың, қайнаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи ойындар енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуымен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Менің өзімнің іс тәжірибемде тілді дамытуды негізгі үш кезеңге бөліп қарастырдым:

- Ұсақ қол моторикасы;
- Нейрожаттығу, артикуляциялық жаттығу;
- Ертегі, сұрақ – жауап.

1.Ұсақ қол моторикасы термині- саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады.

Қолдың ұсақ моторикасының дамуы үшін «Тас тақта», «Марблс тастары», «Сиқырлы таяқшалар», «Түстеріне қарай қой», «Сиқырлы қобдиша», «Құстарды тамақтандырайық», «Геоборд», «Тізбесін жалғастыр», «Түймелерін тап», «Ғажайып пішіндер», «Шыршаны ойыншықтармен безендіреміз» және т.б. ойындар баланы ой-өрісін кеңейтуге,өз бетімен ойланып,заттар мен құбылыстардың сипатталуына,баламасына қарай олардың атын табуға,сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.

Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау — балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Атақты педогог В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес».

Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып,өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Күнделікті топта баланы ойынға қызықтыра отырып оқу-іс әрекеті кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.Баланы өжеттілікке,шапшаңдылыққа,ептілікке,батылдыққа,байсалдыққа,тапқырлыққа үйрететін де ойын.

Нәтижесінде**:**

- ✓ Сөздік қоры дамиды;
- ✓ Шығармашылық қабілеттері дамиды;

✓ Логикалық ойлау, есту және көру қабілеттері дамиды.

2. Нейрожаттығу және артикуляциялық жаттығулар. Нейрожаттығулар ми қабыршығының оң және сол жақ бөліктерін дамыта отырып, баланың сөйлеу тілін, математикалық қабілетін, ынтасын, зейінін, қиялын, есту және тыңдау қабілеттерін дамуына әрекет етеді. Бұл ойындар арқылы балалардың тілдік сөйлеу байланысы жақсарады, балалардың танымдық және сөйлеу іс-әрекеттеріне деген қызығушылығын арттырады.

Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруда алдымен дыбыстарды қоюымыз қажет. Сол себепті дайындық кезеңі ретінде ауыз қуысына жаттығулар жасалып тілді жаттықтырамыз. Ол балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуіне көмектесетін жаттығу түрі.

Нәтижесінде:

✓ Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады;

✓ Ұсақ және ірі моториканы дамытады;

✓ Ақпаратты тез қабылдап, қорытуға көмектеседі;

✓ Зейінді шоғырландырады;

✓ Есте сақтау қабілетін арттырады;

✓ Сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шынықтыратын;

✓ Оның мүшелерінің қимыл –қозғалысын толық жетілдіреді;

3. Ертегілер(сұрақ – жауап). Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің, достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Демек, жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер».

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды.Ертегілер- халқымыздың тұрмыс- салтын, арман- үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарғы топтарда өткізілетін әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ертегілерді негізгі динамикалық қозғаушы күш яғни дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады.

Бүлдіршіндер өте әсершіл келеді. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие. Балаға күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, күлдіргі әңгімелер сәбидің жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл - ойын жетілдіреді. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүюге, батыр да батыл болуға тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді

Нәтижесінде**:**

Қорытындылай келе, ертегінің атқаратын қызметі кең, ол әрі тәрбиелік, көркем – эстетикалық, әдеби қазына. Сонымен қатар, ертегіні сахналау, рөлге бөліп ойнау барысында, балалардың сөйлеу тілі, ой-өрісі кеңейеді. Баланың сөздік қоры молайып, тілі дамып, еркін өз ойын айтуға дағлынады.

Сөзімді түйіндей келе, балабақша балаларының тілін дамытуда түрлі заманауи ойын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, әр баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізілетін жұмыс түрлерін талдап кезең – кезеңмен осы бағытта жүрсек атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Бастауыш мектеп журналы». №7, 2015 ж
2. «Отбасы және балабақша журналы». 2017 ж
3. Атемаскина Ю. В. Современные педагогические технологии в ДОУ: учебно методическое пособие / Ю. В. Атемаскина. М.: Детство-Пресс, 2012 г
4. Тимофеева Е. Г. Консультация для педагогов «Современные игровые технологии в развитии речи дошкольников». 2017 г.

ОСНОВА ОБРАЗОВАНИЯ — ПРОЧНЫЕ ЗНАНИЯ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Жолдыбаева Нагима Назымбековна
методист Инновационного центра развития образования

Аннотация: Білім мен ғылымның негізі — бастауыш сынып оқушыларының берік білімі Бастауыш мектеп-бұл оқушының жеке басын, оның дағдылары мен дағдыларын қалыптастырудың бірінші кезеңі. Мұғалім оқушыларға білім беріп қана қоймай, әр оқушының бойында ең жақсы халықтық дәстүрлерге сәйкес келетін адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруы керек.

Аннотация: Основа образования и науки — прочные знания младших школьников Начальная школа — это первый этап формирования личности ученика, его умений и навыков. И учитель должен не только дать учащимся знания, но и сформировать у каждого школьника нравственные качества характера, соответствующие лучшим народным традициям.

Annotation:The foundation of education and science is the solid knowledge of primary school children. Primary school is the first stage in the formation of a student's personality, his skills and abilities. And the teacher should not only give students knowledge, but also form moral qualities of character in each student, corresponding to the best national traditions.

Ключевые слова: основа образования и науки, прочные знания младших школьников, причины в снижении показателей показатели успешного обучения

Основа образования и науки — прочные знания младших школьников. Начальная школа — это первый этап формирования личности ученика, его умений и навыков. И учитель должен не только дать учащимся знания, но и сформировать у каждого школьника нравственные качества характера, соответствующие лучшим народным традициям.

Учебная зрелость как показатель результата обучения включает в себя обученность, мотивацию, устойчивость к обучению, коммуникабельность, социальный статус ученика в классе.

Предполагаемые причины в снижении показателей по основным предметам могут быть следующие:

- в усложнении учебного материала, в связи с этим многие обучающиеся испытали значительные затруднения в его усвоении
- в психологических особенностях возраста обучающихся

- проблема состоит не только в том, чтобы вооружить учеников знаниями, но и в том, чтобы сформировать у них приемы, способы, умения учебно-познавательной деятельности, без которых усвоение новых знаний невозможно

- низкий уровень подготовленности к обучению младших школьников, несформированность учебных умений и навыков не всегда позволяют добиваться высоких результатов и нужного качества знаний.

Задачи:

1. Повышать качество обучения и преподавания.
2. Обеспечить усвоение учащимися обязательного ГОСО НО.
3. В качестве основного образовательного результата школы рассматривать не только предметные знания, но и ключевые компетентности и способности учащихся.
4. Гарантировать преемственность образовательных программ всех уровней.
5. Формировать позитивную мотивацию учащихся к учебной деятельности.
6. Обеспечить социально-педагогические отношения, сохраняющие физическое, психическое и социальное здоровье учащихся.
7. Совершенствовать работу с мотивированными и одаренными детьми;
8. Внести коррективы в систему планирования и методики преподавания с целью реализации принципа формирования прочных знаний и использовании знаний на практике, в обыденной жизни.

Понимая, из каких составляющих складывается учебная деятельность, для повышения качества образования, учитель должен управлять:

• целеполаганием учащихся;
• мотивацией их деятельности;
• формированием умений учащихся;
• созданием обратных связей «учитель – ученик»;
• созданием проблемных ситуаций;
• комфортным самочувствием всех участников образовательного процесса.

Общие рекомендации:

1. Продолжить работу по эффективной организации методической части уроков с целью развития интереса к получению знаний и повышения уровня мотивации к обучению у большинства учащихся начальной школы;
2. Концентрировать усилия школы, учащихся и их родителей на получение прочных знаний по усвоению программы, а не оценок.
3. Повышать качество преподавания, стремясь к преобладанию деятельностных методов и активных технологий обучения, использовать ИКТ технологии, информационное пространство учителей.
4. Создавать условия на уроках и во внеурочной деятельности для обучения учащихся начальной школы самоконтролю, самооценке своей деятельности через рефлексию и самоанализ на всех этапах учебных занятий.
5. Создавать условия в организации обучения к самостоятельной деятельности в привычных и новых условиях деятельности обучающихся.
6. Планировать организацию учебной деятельности с целью формирования способностей и умений обучающихся ставить себе цели и задачи учебной деятельности, анализировать результаты своей деятельности.
7. Осуществлять связь с родителями для развития высокого уровня заинтересованности родителей в уровне знаний учащихся и способах их применения в ходе выполнения формативных и суммативных работ.
8. Использовать новые технологии обучения, ИКТ- технологии;
9. Проводить регулярно мониторинг сохранения психического здоровья учащихся;
10. Проводить научно-методическую работу педагогов на более высоком уровне через участие всех педагогов начальной школы в транслировании своего профессионального опыта.

11. Продолжить создавать условия для успешного выполнения ГОСО, НО с целью обеспечения прочных знаний и развития способностей учащихся.

Все вышеназванные рекомендации определяют основные направления деятельности начальной школы:

Общие показатели успешного обучения:

1. Качество успеваемости – качество знаний, умений, навыков.

2. Интерес к обучению, мотив ответственности, высокая мотивация достижения успеха, социально- нравственные ориентации.

3. Бесстрессовое обучение, особенно в кризисные периоды развития.

4. Стабильность здоровья обучающихся.

5. Удовлетворённость учителя своей работой.

Для того чтобы успешно решать вопросы управления качеством образования, необходимо помнить, что образование – это процесс целостного развития растущего человека. При этом необходимо учитывать факторы, влияющие на развитие личности:

1. Генетические факторы. Генетическая природа человека, как наиболее древняя и консервативная, в наименьшей степени поддаётся изменениям и, как правило, играет доминирующую роль.

2. Социально-экономические факторы.

3. Психолого-педагогические факторы, которые создают или не создают среду развития человека (престижность высоких результатов).

4. Личностно-деятельностные факторы, которые влияют на социально-психологические новообразования в личности школьника, в формировании личностной и духовной зрелости растущего человека.

5. Результаты, которые характеризуют все виды зрелости растущего человека на каждой ступени обучения: обученность, мотивация, творческие способности, здоровье, духовно- нравственное развитие (потенциал личности).

Методическая работа в начальной школе:

-следование традициям и внедрение новации;

-повышение компетентности учителя;

-освоение и внедрение в работу новейших информационных технологий;

-определение причин типичных затруднений школьников и их коррекция;

-выявление уровня сформированности системы качества знаний учащихся;

-накопление и фиксирование индивидуальных достижений школьников путём оформления портфолио;

-организация проектной деятельности, позволяющей развивать творческие способности учащихся.

Целевые направления:

-совершенствование организации учебного процесса и повышение результатов обучения;

-создание условий для повышения мотивации к обучению, саморазвитию, -самостоятельности в принятии решений;

-обеспечение учебно-воспитательного процесса на современном уровне;

-создание условий для удовлетворения образовательных потребностей ребенка;

-совершенствование системы воспитательной работы как средства повышения качества образования;

-обеспечение физического развития учащихся, использование здоровьесберегающих технологий;

-совершенствование материально-технической базы школы.

Задачи:

-обобщение и внедрение в практику достижений передового педагогического опыта;

-формирование установок на освоение современных педагогических технологий, подходов, обеспечивающих подготовку качественно нового младшего школьника;

-создание единой системы урочной и внеурочной деятельности учителей и учеников, -направленной на разностороннее развитие образовательного процесса;

-организация взаимодействия учителей начальных классов, психолога, логопеда и родителей с целью изучения и развития индивидуальных способностей обучающихся.

Задача учителя – создать благоприятные условия в классе для коллективной работы и умело управлять этим процессом.

Технологии и методики, применяемые в начальной школе:

-технология личностно-ориентированного образования;

-технология уровневой дифференциации;

-технология игрового обучения;

-технология системно-деятельностного подхода (проблемное обучение);

-проектная деятельность;

-исследовательская деятельность;

-технология сотрудничества;

-здоровьесберегающие технологии;

-информационно-коммуникационные технологии.

При оценке знаний мы учитываем следующие качественные показатели:

-глубина - соответствие изученным теоретическим обобщениям;

-осознанность - соответствие требуемым в программе умениям применять полученную информацию;

-полнота – соответствие объёму программы и информации учебника.

Повышение учебной мотивации – это учить детей так, чтобы им захотелось учиться

ЛИТЕРАТУРА

1. Слагаемые успешности преподавания и обучения в начальной школе. Выводы по материалам педагогического исследования «Мотивация к обучению младших школьников. https://infourok.ru/prezentaciya-materialov-issledovaniya-slagaemye-uspeshnosti-prepodavaniya-i-obucheniya-v-nachalnoj-shkole-6247369.html
2. https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/materialy-mo/2014/01/29/rol-nachalnoy-shkoly-v-dalneyshey-zhizni-uchenika
3. http://uch.znate.ru/docs/3533/index-5153-1.html
4. https://co1858.ru/roditelyam/rol-shkoly-v-vospitanii-detej.html

НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ МОТИВАЦИИ ОБУЧЕНИЯ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Кушубаева Б.Ж.
НАО ППУ высший колледж им. М. Канапьянова, город Павлодар,
Kushubaevabotagoz@rambler.ua

Аннотация: на сегодняшний день мотивация является главной движущей силой в поведении и деятельности человека, а также в процессе формирования будущего профессионала. Проблема мотивации учебной деятельности относится к числу базовых проблем начального обучения. Такой ее статус объясняется, с одной стороны, тем, что главной психологической характеристикой любой деятельности, в том числе и обучения, является ее мотив.

Ключевые слова: мотивация, профессии, обучения, профессиональная грамотность, учебный процесс, школьное обучение, студент.

Управление мотивацией учения позволяет управлять и учебным процессом, что представляется весьма важным для достижения его успешности. Поэтому особенно важным становится вопрос о мотивах учебно-профессиональной деятельности студентов. Мотивы являются мобильной системой, на которую можно влиять. Даже если выбор будущей профессии студентом был сделан не вполне самостоятельно и недостаточно осознанно, то, целенаправленно формируя устойчивую систему мотивов деятельности, можно помочь будущему специалисту в профессиональной адаптации и профессиональном становлении. Эффективность учебного процесса прямо связана с тем, насколько высока мотивация овладения будущей профессией. На формирование профессиональных намерений оказывают влияние социально психологические особенности молодых людей, их интересы, способности, отношение к труду, прошлый опыт, социальное окружение, межличностные отношения. Ориентация продолжение образования может быть обусловлена уровнем притязаний, самооценкой, а также стремлением добиться успеха. В основе стремления к успеху может лежать особое свойство личности — желание испытать себя или утвердить ценность своей личности или желание добиться социально значимого результата, стремление создать что-то нужное для людей. Юношеский максимализм также оказывает большое влияние на профессиональные устремления молодежи. Молодежь не признает того, что кажется ей серым, обыденным, и к выбору профессии молодой человек может подходить с самой высокой меркой.

Ориентация на продолжение обучения у выпускника школы во многом обусловлена еще и инерцией опыта. Дело в том, что учение для школьника является привычным видом деятельности. Поэтому колледж для него ближе и понятнее, и он представляет себе процесс обучения в учебном заведении более ясно, чем работу в цехе или на строительной площадке. Это вполне естественно, так как школьнику, десять лет просидевшему над книгами, трудно оценить все то, что выходит за пределы его непосредственного опыта и за рамки учебного процесса. Поэтому он чаще всего выбирает ту деятельность, к которой чувствует себя способным именно сейчас, то есть учение. К концу школьного обучения учащиеся в своем большинстве имеют вполне объективные мотивы для продолжения учебы. Они рассчитывают получить знания, профессиональную подготовку, образование и диплом. Но при этом очевидно, что многие руководствуются формальными мотивами, не имеющими непосредственной установки на учебу. Хотя основной причиной поступления в коллдеж является интерес к выбранной профессии, не менее важным является фактор зарплаты и престижа. Учебная мотивация складывается из оценки студентами различных аспектов учебного процесса, его содержания, форм, способов организации с точки зрения их личных индивидуальных потребностей и целей, которые могут совпадать или не совпадать с целями обучения.

Для студентов колледжа в обучении наиболее значимыми являются мотивы обеспечения успешности профессиональной деятельности и желание стать высококвалифицированным специалистом. Эти мотивы занимают два первых места. На третьем месте разместился мотив получения диплома. Мотивы, касающиеся непосредственно обучения, мыслительной деятельности, личностного роста и получения интеллектуального удовлетворения занимают последние позиции. Студенты среднего специального учебного заведения в своем обучении руководствуются в первую очередь мотивами профессионального становления.

Менее значимым для них является прагматический мотив, что, по всей видимости, связано с меньшей престижностью среднего специального образования. Кроме того, студенты колледжа практически не руководствуются мотивами получения и углубления знаний, получения интеллектуального удовлетворения, развития своих способностей и

навыков. Среди тех студентов, которые поступили в колледжи, многие еще не решили окончательно, кем они хотели бы стать.

Причиной этого является несоответствие между тем представлением о профессии, которое приводит выпускников школы в колледж, и реальным, фактическим содержанием данной профессии. Случайность профессионального самоопределения может привести к сложным переживаниям, разочарованиям в выбранной профессии и тяжелым внутренним конфликтам. Ожидание большей по сравнению со школой свободы и слабое осознание своей ответственности за учебу в сочетании с ожидаемой усложненностью материала не способствуют успешности обучения.

Геймификация дегеніміз ақпаратты ойын арқылы жеткізу әдісі. Ақпараттық технологиялардағы геймификация–компьютерлік ойындарға тән әдістерді қолдану, оқытудың тиімділігін арттыру, оқушыларды ынталандыру және білім беру үдерісіне қатысуды арттыру, қолданбалы міндеттерді шешуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру мақсатында қолданбалы бағдарламаларды пайдалану.

Неліктен білімге ойын қажет? Оқу–бұл жұмыс. Ойын–тәтті дәм. Ойын арқылы оқытамыз, балалар сабаққа қуана-қуана оралуы үшін қызықты және жағымды. Адамдар эмоцияны тудыратын нәрсені жақсы есте сақтайды. Оң немесе теріс–кез келген күшті әсер қалдыратын заттар жадта терең із қалдырады. Ойын барысында балалар күтпеген жерден ашылады. Ойын арқылы олардың шынайы тілектері мен мүмкіндіктері түсінікті болады. Мысалы, тыныш білімге деген құштарлығы жоқ бала, ойын барысында керемет қабілеттіжәне жақсы стратег болып шығуы мүмкін. Ойын арқылы білімге құштарлығы оянып, өзін-өзі бағалауы артады, нәтижесінде оқушы білімге ұмтылады.

Геймификация технологияны қолдану сабақ мазмұнын кеңейтуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде бастауыш мектеп оқушыларында шаршағыштық сезімі төмендеп оқу үдерісі еркін түрде және тез өтіп кетеді. Бала шығармашыл, бастамашыл болады, оқу үдерісінің жақсы өтуіне ықпал ететін танымдық қабілеттер (ойлау, қабылдау, көңіл аудару, жадыда сақтау, киял) іске қосады. Балада білім алуға көмекші құрал ретінде компьютерді пайдалануға деген қажеттілік қалыптасады.

Ақпараттық технологиялардағы геймификация – компьютерлік ойындарға тән әдістерді қолдану, оқытудың тиімділігін арттыру, оқушыларды ынталандыру және білім беру үдерісіне қатысуды арттыру, қолданбалы міндеттерді шешуге тұрақты қызығушылықты қалыптастыру мақсатында қолданбалы бағдарламаларды пайдалану.

Қазіргі кезде геймификация цифрлық ұрпақтың мінез-құлықтарының нақты модельдерін көтермелеу және ынталандыруды арттырудың танымал тактикасы болып отыр. Көптеген білім беру бағдарламаларында ол мұғалімдерге оқытудың мақсаттарына жетуіне және оқушылардың күн сайын өсіп келе жатқан мұқтаждықтарын қанағаттандыру арасындағы тепе-теңдікті теңестіруге көмектеседі.

Геймификацияның мақсаты оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тудырып, оқуды рахаттана отырып жалғастыруға шабыттандырудың бір әдісі болып табылады. Білім беру контекстінде оқушылардың өз қалауларымен сабаққа қатысуы, оқу тапсырмаларына назар аударуы және бастаманы да өзінің беруі геймификацияға әлеуетті әсер етеді.

Геймерлер – ойындарда және мәселелерді шешуде өздерінің шексіз уақыттарын жібереді, ал зерттеушілер мен мұғалімдер сыныптың мотивациясын арттыру мақсатында бейне ойындарды қолданудың тиімділігін және оны ұтымды пайдаланудың жолдарын зерттейді.

Ойын – айналадағы дүниені тану тәсілі.

Ойынның сюжеті, мазмұны – бұл оның жанды тұлғасын құрайды, ойын әрекеттерінің, балалардың өзара қарым–қатынастарының дамуын, көпжақтылығын және өзара байланысын анықтайды.

Сабақ процесінде геймификацияны қолданған кезде қызығушылықты арттырады, ынталандырады, білім беру кеңістігінде бәсекелестікті арттырады. Геймификация процесінде оқушылар белсенді, бұл өз кезегінде білімді тиімді меңгеруге және білімді нығайтуға ықпал етеді. Тіпті күрделі тақырыптың өзін де оқушы қызықты әрі жеңіл түрде қабылдайды

Информатика пәнінде геймификацияны қолдану үшін әр түрлі қолданбалармен жұмыс жасауға болады. Мысалы Kahoot joyteka.com superkid.online/т.б.

joyteka.com квест ойыны — оқушылардың қызығушылығын арттыратын платформа. Оқушылар белгілі бір заттарды іздеу арқылы жасырынған сұрақтарға жауап береді. Бұл платформа оқушылардың логикалық ойлауын дамытады

Kahoot – мобильді құрылғыларда дұрыс жауабы бар онлайн викторина құруға мүмкіндік беретін сервис. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін оқушы қатыса алады. Веб сервис оқушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді.

Викторинаны жүргізу барысында оқушылар арасында байқау ұйымдастыруға болады. Қорытындысында оқушылардың жинаған ұпайын берген жауабының дұрыс, бұрыстығын көрсетеді. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады.

Жалпы және орта білім беретін ұйымдарда Kahoot бағдарламасын қондыру арқылы мектеп оқушыларымен жұмыс жасау өте қолайлы әрі тиімді. Оқытушы заман талабына сай тестілеу жүйесін меңгере алады, ал әрбір оқушының сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы арта түседі. Бұл бағдарламаны пайдаланудың екі тиімді жағы бар: біріншіден оқытушы мен оқушылар арасында тығыз байланыс орнайды, екіншіден оқушылар арасында бәсекелестік туындап, тиімді шешу жолдарын ұсынып, жаңа мәліметтер мен тақырыпты толық ашуға қызығушылығы оянады

Superkid.online бұл , бұл қазіргі уақытта 14 түрлі үлгіні қамтитын технология. Оқушылар орындаған тапсырмаларды автоматты түрде тексеретін шаблондар; түймені басу арқылы үлестірмелі материалдарды алуға мүмкіндік беретін шаблондар.

Жұмыс істеу қағидаты барынша қарапайым. Оқушыға тапсырмада көрсетілген бекітуді дұрыс немесе бұрыс таңдау ұсынылады.

Пайдалану нұсқалары:

Үй тапсырмалары

Сабақтағы тапсырмалар

Тексеру тестілері

Бұл платформа орта буын және бастауыш сыныптар үшін өте қолайлы

Кез келген заттар үшін жарамды

Пайдалану оңай

Оффлайн сабақтар мен онлайн сабақтар үшін ыңғайлы

Жауаптарды егжей-тегжейлі талдау. Сілтемеде сіз кесте түрінде ақпарат аласыз:

Тапсырманы орындаған барлық адамдардың тізімі

Әрбір оқушы тапсырманы орындаған уақыт

Әр оқушы қанша балл жинады

Сіз сынып немесе топ нәтижелері бойынша талдау аласыз.

Қорытынды

Жоғарыда баяндалған жағдайлардан түйіндегенім: Ойын барысында оқушылар өзара пікір алмасады, оқу материалдарын жылдам және жақсырақ игереді, қиындықтарды бірге шешеді. Мұндай жағдайда, барлық балалар алға жылжиды, білімдері терең балалардың тежелмеуін, білімі төмен балалардың алға ұмтылуына мүмкіндік береді.

АҚТ технологияны қолдану мұғалімге және оқушыға не береді? –деген сұрақ туындайды.

Болашақта мұғалімдердің еңбектері өз сабақтарында АҚТ пайдалану арқылы жеңілдейді, өйткені сабақты өткізу ақпараттандыру арқылы жүргізіледі. Олар: интерактивті сабақтар, сабақ презентациясы және басқа түрлері.

Microsoft PowerPoint – Microsoft Office-тің құрамындағы, презентациялық материалдар дайындауға арналған программа. Бұл программа кодоскоптарға және 35 мм-лік мөлдір қабыршақтарға (пленка) арналған слайдтар, қағазда үлестірілетін материалдар, компьютер экранында анимациялық көріністерді бейнелей алатын презентациялар дайындау мүмкіндігін береді. Дайын болған презентациядағы мәтіндерді өз ыңғайымызға қарай өзгертіп, арнайы эффектілер қосып,көркемдеу элементтерін қолдана аламыз

«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер–бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларға қалай, білім берсе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндет ауыр», -деп Елбасымыз атап өткендей, заман талабына үн қосатын ұлттың ұлылығын паш етер білімді ұрпақ тәрбиелеудегі еңбегіміз табысты болғай.

МЕКТЕПТІ БАСҚАРУДЫҢ ЗАМАНАУИ ӘДІСІ
СОВРЕМЕННЫЙ МЕТОД УПРАВЛЕНИЯ В ШКОЛЕ

Айтимова Баян Зейнуллиевна
Павлодар облысы білім беру басқармасының, «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ, Павлодар, Қазақстан
bayan_aytimova@mail.ru

Аннотация: Қазіргі мектеп – бүгінгі күн шындығымен бетпе-бет келген мектеп: білім алушылар бүгінгі күн қандай болса, сол қалпында қабылдайды, олардың бүгінгі мақсаттары, құндылықтары мен қызығушылығы, жұмысқа өте қабілетті және өмір мен жұмыс жағдайларының өзгермелілігіне қарамастан бейімделуге қабілетті мұғалімдермен жұмыс істейді.
Түйін сөздер: менеджмент, мектеп, басқару, басқару ұстанымы, ұжымды басқару, педагогикалық жүйе.
Аннотация: Современная школа – это школа, которая сталкивается с реалиями сегодняшнего дня: обучающиеся воспринимают то, что есть сегодня, как есть, их сегодняшние цели, ценности и интересы, работают с учителями, которые очень способны к работе и способны адаптироваться, несмотря на изменчивость жизни и условий труда.
Ключевые слова: менеджмент, школа, управление, управленческая позиция, управление коллективом, педагогическая система.

Бәсекеге қабілетті маман дайындауда, кәсіби білім берудің сапасын арттыру барысында білім беруде инновациялық технологиялар мен жаңашыл оқыту әдістерін қолданудың маңызы ерекше. Қазіргі кездегі саяси-экономикалық, әлеуметтік, рухани-мәдени өзгерістер адам өмірінің барлық саласына өзінің әсерін тигізді. Адамдардың құндылықтары мен қызығушылықтары да басқаша сипат алды. Білімге деген сұраныс та өсуде. Қоғамның дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Осыған орай, педагогикалық қызметтің мазмұны жаңарып,

жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіншіліктерді қажет етуде. Еліміздің экономикасына енгізілген нарықтық қатынас жалпы білім берудің тәсілдерін және оқыту әдісін түбегейлі өзгертті.

Заманауи білім беру процесінде жалпы білім беретін мектеп жағдайында модернизациялау қоғам мен мемлекет үшін жеке тұлғаны дамытудың перспективалық қажеттіліктері айқындала тусуде. [1]

Қоғам талабына байланысты мектептегі басқару жүйесі де үлкен өзгерістерге ие болды.

Сондықтан да, басқарушыға жаңа талаптар мен міндеттер қойылып, олардың ұстанатын қағидалары да жаңаша ұсынылды. Сондай-ақ, басқару ісіне әлеуметтік серіктестік тұрғысынан келу көзделуде. Яғни, басқарушы, басқарылушы, ата-ана, оқушылар араласуда. Бұл дегеніміз қазіргі адамдардың педагогикалық білімдерінің болуын қажет етеді.

Бүгінгі заман талабына сай озық білім мен адамгершілік мұраттарына негізделген ізгілікті тәлім-тәрбие беру ісін жүйелі ұйымдастыра білу де өте маңызды. Білім беру жүйесіндегі жаңа сапалық деңгейге жету мақсатындағы жоспарланған өзгерістері, ғылым мен техниканың дамуы және тұлғаның өзін-өзі дамытуға қабілеттілігі бүгінгі таңда бәсекелестік жағдайында басты фактор ретінде қарастырылуда. Қазақстанның білім беру саласындағы бұл жүйелі өзгерістер жаһандану кезеңіндегі болып отырған жаңа бастамалармен үндестікте дамуда.

Басқару жүйесі жауапкершілікті талап етеді. Менеджмент процесі- бұл басқарудағы қызметкерлердің әлеуметтік - экономикалық жүйеде мақсатқа жетуге бағытталған, белгілі технология бойынша жүзеге асатын іс-әрекеттерінің үздіксіз реттілігі және жиынтығы. Менеджмент ұғымы алғаш бизнес саласында пайда болғанымен, бүгінгі күні фирманы, корпорацияны басқару ғана емес, оның қолдану аясы ұлғаюда. Менеджменттің теориялық негізі барлық салада оның ішінде білім саласын басқаруда да қолданылады.

«Менеджмент» ең алдымен, кәсіби басқарушылық базалық білімі сипатындағы жаңа типтегі басшы ретінде түсіндіріледі. Бірлескен еңбекті ұйымдастыру мен реттеудің ең қарапайым және алғашқы түрлері алғашқы қауымдық құрылыс кезеңдерінде болды. Білім менеджменті ретінде мектепті басқаруда бүгінгі таңда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде, әлеуметтік және тұлғалық дамытуда маңызды нәтижелерге қол жеткізу үшін педагогикалық үдеріске қатысушылардың қызметін нақтылау және дұрыс басқару мәселесі тұр. [4]

Басшы педагогикалық ұжымның жұмысын бақылап, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен басқаруда педагогиканың ғылыми негіздерін жеткілікті деңгейде меңгергенде ғана, педагогикалық міндеттерді тиімді шеше алады. Педагогикалық жүйені нәтижелі басқару үшін басқару мәдениеті қажет. Педагогикалық менеджменттің негізі тұлғаны сапалы оқыту мен тәрбиелеуге тікелей қатысты. Сол себепті, білім беру ұйымын тиімді басқару үшін басшыға мектептің басқару-педагогикалық қызметінде функционалды процесті сауатты жүзеге асыру маңызды. Ғылыми зерттеулерде педагогикалық менеджменттің теориясы басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастырушылық формалары мен технологиялық әдістерінің жиынтығы деп сипатталады. Педагогикалық менеджментте адамдармен қарым-қатынас өнері, ерекше басқарушылық шеберлік және ұйымдастырушылық қабілеті ерекше маңызды болып табылады. Ендеше, мектепті басқару теориясының объектісі – барлық құрамды элементтерімен алынған жүйе. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің амал-тәсілдері – ғылымның нақты бір объектісін зерттеуде қолданылатын тәсілдер мен әдістер, мектептерді басқару бойынша білім беру тәжірибесін қортындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды тәжірибеде тексеру. Білім берудегі инновациялық үрдістің нәтижесі оқу прцесінде жаңалықтарды қолдану болып табылады. Білім беру жүйесіндегі жаңа технология білім беру мақсатына жаңалықтар енгізу, жаңа мазмұнды жаңа тәсілдер

мен тәжірибелер негізінде жаңа педагогикалық жүйені енгізу мектепті басқарудың жаңа технологияларын табу және оны дамыту болып табылады.[5]

Басқару теориясының нәтижесі – практикалық іс-әрекетте жүзеге асырылатын заңдар, принциптер, ережелер, тұжырымдар. Мектеп басшыларына басқарушылық қызметте оқу-тәрбие процесін және оқу сапасы үшін үлкен жауапкершілік жүктеледі. Оқу-тәрбие процесін тиімді орындаумен бірге әдістемелік жұмыстар да басқару арқылы іске асырылады.

Педагогикалық жүйелерді басқаруда менеджмент келесі деңгейлерді қамтиды:

- мұғалімнің іс-әрекетін басқару;
- оқушының іс-әрекетін басқару.

Педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттері :

- Жаңа бағытта мақсаттар мен міндеттерді қою; процесті жоспарлау;
- ұжымның жоғары мотивациясын қамтамасыз ету;
- процесті бақылау және үйлестіру;
- нәтижелерді талдау.

Менеджменттің іскерлік түрлері:

Педагогтың теориялық дайындығына:

- талдау жасай алу іскерлігі;
- болжау іскерлігі;
- жобалау іскерлігі;
- рефлексивті іскерлік.

Аналитикалық іскерлік :

- педагогикалық құбылыстарды талдай алу;
- зерттейтін құбылыстарға сәйкес педагогикалық теорияларды, заңдылықтарды анықтау;
- педагогикалық құбылыстарды дұрыс болжай алу;
- негізгі педагогикалық міндеттерді құрастыру;
- міндеттерді тиімді шешу жолдарын анықтау.

Болжау іскерлігі:

- білім беру процесін басқарумен байланысты және ол басқару субъектісі мен күтілетін нәтижеге бағытталады.
- педагогикалық болжау педагогикалық процестің логикасы мен мәні туралы нақты білімге негізделеді.

Болжау іскерлігі құралады:

- білім берудің мақсаты мен міндеттерін анықтау;
- оларға жету үшін әдістерді таңдау;
- мүмкін болатын кедергілерді білу, оларды жою жолын білу;
- білім беру процесіне қатысушылардың уақыты мен күтілетін шығындарды болжау;
- білім беру процесіне қатысушылардың өзара әсерлесу мазмұнын жоспарлау.

Болжау іскерлігі болжау объектісіне байланысты үш топқа бөлінеді:

1) ұжымның дамуын болжау;
2) тұлға дамуын болжау;
3) педагогикалық процесті болжау.

Басқарудағы жаңалықтар мен инновациялар білім беруді дамытудағы аса үлкен маңызға ие бағыттар:

1) әлеуметтік орта мен мектептің өзін жаңа сипаттағы басқару қажеттіліктерінің объективті күрделенуі;
2) мектептегі басқару іс- әрекетіне қойылатын талаптардың күшеюі;
3) мектептегі тиімді басқарудың жаңа жағдайындағы мүмкіндіктерінің пайда болуы;
4) мектепішілік басқару жүйесінің дамуы.

Инновациялық қызметтің негізгі функциялары:

- заман талабына білім сапасын арттыруға сай мақсатты өзгерту;
- білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу;
- оқытудың жаңа тәсілін сабаққа енгізу;
- оқытудың жаңа моделін жасау;
- оқытудың жаңа әдіс- тәсілдерін үйрену; [7]

Басқару жүйесіне арналған Д.Карнегидің 10 ережесі:

1. Әңгімелесушінің қадір–қасиетін мойындау мен мадақтаудан бастаңыз;
2. Басқалардың қатесін тура емес, жанама түрде айтыңыз. Тура сынаудың нәтижесі жоқ, ол қорғануға әкеледі;
3. Алдымен өз қатеңіз туралы айтыңыз, артынан басқаларды сынаңыз;
4. Бұйрық бергеннен гөрі сұраңыз;
5. Адамның өз абыройын сақтауға мүмкіндік беріңіз;
6. Мақтауға жомарт болыңыз;
7. Адамдарға өзін қорғауға және сақтауға ұмтылатын беделін жасаңыз;
8. Мадақтаңыз, қателікті түзетуге болатынын көрсетіңіз;
9. Сізге керектіні орындау жағымды болатын жағдай жасаңыз;
10. Адамдарға өз келбетін сақтауға мүмкіндік жасаңыз.[6]

Менеджмент тұрғысынан басқарудың ерекшелігі - нақты адамдармен қарым-қатынас, оларды тұлғалық әрекеттерге тартудың ізгіліктік және демократиялық жолдары. Осы сипаттағы мотивация арқылы басқару адам баласының өзіндік мүмкіндіктерін түгелдей іске қосып, оны жүзеге асыру үшін өз қажеттігін қалыптастырады.

1. Басқару мазмұны оқушылар мен мұғалімдердің тұлғалық мүмкіндіктерін дамытуды көздейді.
2. Басқарудың барлық тетіктеріне оқушы, мұғалім, тәрбиеші, ата- аналардың араласуы арқылы олардың субъектілік белсенділігі, жауапкершіліктері арттырылады.
3. Басқару үрдісінде оқу-тәрбие процесі бірлікте қарастырылады.[3]

Мектепті басқарудың мақсаты мен мазмұны, оның арнайы және жалпы қызметі, әдістері, формалары және құралдары қоғамдағы әлеуметтік заңдар мен заңдылықтардың, сондай-ақ экономикалық заңдардың тікелей ықпалымен қалыптасады. Мектептің қызмет етуінің негізгі мақсаты – тұлға бойында, өзіне де, қоғамға да қажетті белгілі қасиеттерді қалыптастыру, сондықтан да осы жүйені басқаруда әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық аспектінің ерекше рөл атқаратынын естен шығармаған жөн.[7]

Мектепті басқару теориясының нысанасы – барлық құрамды элементтерімен алынған жүйе. Практиканың нысанасы – мектептің әртүрлі құрамдық топтарының іс-әрекеті (ұжым, пән бірлестіктері, үйірмелер, жеке субъект).[2]

Практикалық басқару іс-әрекетінің амал-тәсілдері – басқару әдістері. Басқарудағы ғылыми іс-әрекеттің амал-тәсілдері – ғылымның нақты бір нысанасын зерттеуде қолданылатын жолдар, тәсіл, амалдар: мектептерді басқару бойынша білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін қорытындылап талдау, ғылыми болжамдар жасау, оларды эксперименталды тексеру.

Қазіргі таңда нарық талабына сай терең білім беру жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай, өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз білім алу мен өз бетінше ізденуіне қажеттілік тудыру. Сондықтан да, қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық және саяси құрылымының түпкілікті жаңаруына байланысты, білім беру жүйесіне сапаны арттыруда өзгеше тұжырымдама жасап, жаңаша талап қоюды қажет етеді. Педагогикалық талаптар сапасы: - басқару талаптары;

- кадрлық талаптар;
- оқу- әдістемелік талаптар;
- психологиялық талаптар;
- санитарлық-гигиеналақ талаптар.

Білім беру үдерісі сапасы бойынша:

- білім беру үдерісі мазмұнының сапасы;
- білім беру технологияларының сапасы.

Білімді реформалау жағдайында, аса маңызды шешуді қажет ететін міндет мектеп оқушыларының білім сапасын жетілдіру, тәрбиелеу және дамыту болып табылады. Баланың бойында көшбасшылық қасиетін ашу мұғалімдер мен ата-ананың құзырында. Білім беру жүйесінде осы кезде қолданылып жүрген жаңартылған оқу бағдарламаларының негізінде қолданылатын интербелсенді әдістер бала бойына көшбасшылық қасиетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. [6]

Білім сапасын арттыруда ынталандыру ұғымының да мәні зор. Ынталандыру адамды қызығушылықпен жұмыс істеуге адамдарға тәртіп пен қызмет етуге ықпал ету жүйесі. Ынталандыру ұғымының категориялары: құлшыныс, уәж, ықпал етуші күш. Ынталандыру арқылы ұжымдағы адамдар да: қайсарлық, қажырлылық, күш-жігер механизмі, жауапкершілік, іске берілгендік, адалдық, қуаныш т.б. пайда болады. Нәтижелі жұмыс барысында еңбек етуге ыңғайлы орта қалыптасады. Жұмыс нәтижелері бойынша - ұжымда шығармашылық өсу; ұйымның мақсаты, жоспары, болашақ бастамалардың тууы, ұжымда бірге шешім қабылдау, өз жұмысының пайдасын сезіну; жауапкершілікті сезіну, бәсекелестікке дайын болу, кәсіби құзыреттілігін жетілдіру байқалады. Дидактиканың негізгі категориясы, яғни, білім беру, оқыту, оқыту принциптері, оқыту үдерісі, мақсат, міндет, мазмұны негізінде қалай оқытамыз? Кімді оқытамыз? Оқу үдерісін қалай ұйымдастыруға болады? Нәтижені қалай бағалаймыз? Не үшін оқимыз? деген мәселе бүгін де өзекті болып табылады. Сол себепті мұғалімнің кәсіби дамуы оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерімен қатар оның өз білімі мен ұстанымының, көзқарастарының жиынтығынан тұруы тиіс. Бүгінгі педагогты кәсіби біліктіліктің, өз - өзін дамытудың жаңа сатысына жеткізу үшін оларды дамыту жолдары да түбегейлі өзгеруі тиіс. Ол өзгерістер:

Мектептің білім беру іс-әрекеттері сапасын бағалау өлшемдері:

1) басқару сапасы;
2) ресурстық қамтамасыз ету;
3) оқу бағдарламалары мен оқу жоспарының сапасы;
4) білім алушылардың жетістіктері;
5) педагогикалық ұжымның ынтымақтастығы;
6) мектептің психологиялық ахуал, т.б Сондықтан да заман талабына сай ұйымдастырудың даму стратегиясының мүмкіндігін арттыратын басқаруға қабілетті көшбасшы қажет. [5]

Педагогикалық жүйе дербес дамитын және тұтас басқарылатын бірнеше компоненттерден құралады. Педагогикалық жүйені басқару бір жағынан, оның тұтастығын сақтаса, екінші жағынан, оның жекелеген компоненттеріне ықпал жасауға, өзгертуге мүмкіндік береді. Жүйенің мақсаты оның мазмұнын айқындайды, ол мазмұн көп түрлі және оны іске асыру әдістері де сан алуан. Басқа жүйелер сияқты педагогикалық жүйе де алынған нәтижелердің деңгейімен сипатталады. Мектеп менеджері қызметі адамға бағытталған және ол өз қызметін осы адамдар арқылы жүзеге асырады. Адамдармен жұмыс – адамзат қызметінің ең күрделі де қиын түрі. Педагогикалық ұжымды психологиялық-педагогикалық білімсіз басқару мүмкін емес: қарым-қатынас психологиясы, тұлға психологиясы, жас ерекшелік психологиясы, педагогикалық психология, педагогика, білім философиясы.[2] Жоғарыда айтылғандар бойынша, білім берудегі инновациялық технологияларды болжау мен ұйымдастыруды білетін, өз ісінің маманы болып табылатын мектеп менеджерлерін даярлау мәселесі еліміздегі білім беру реформаларының тиімділігін қамтамасыз етудің басты ресурстарының бірі болуда деген қорытынды жасауға болады.

Сонымен қатар, жалпы білім беретін мектептің білім сапасын тиімді басқару үшін отандық және шетелдік тәжірибемен танысу қажет. Қазіргі мектептердің білім сапасын басқару жүйесін тиімді ұйымдастыру жолға қойылса, мектептің білім сапасы артып

мұғалімдердің шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасалады, ол білім алушылардың құзіреттілігін дамытуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 2007 жыл 27 шілде - http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000487
2. Лазарев В.С. Управления образованием на пороге новой эпохи // Педагогика. – 1995. - №5. – С.12-18.
3. Поташник М.М., Лазарев В.С. Управления современной школой в вопросах ответах – М.: Новая школа, 1997. – 350 с.
4. Нарибаев К.Н., Аганина К.Ж., Утебаева Н.М. Менеджмент в сфере образования. Образовательная программа. – Алматы, 2021. – 50 с.
5. Жайтапова А.А. Вопросы теории и практики управления профессиональным развитием педагогических кадров // Образование. – 2020. - №5. – с. 106-108.

ТІРЕК МЕКТЕПТЕРІНІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ
ВОЗМОЖНОСТИ РАЗВИТИЯ И БУДУЩЕЕ ОПОРНЫХ ШКОЛ

Усербаев Султан Мыктыбекович
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Қазақстан, Дихан тірек мектебі
userbaev@mail.ru

Аңдатпа: Бұл баяндамада қоғамда өскелең ұрпақтың білім деңгейі мен сапасына және тірек мектептерінің бүгінгі жағдайы мен келешегі туралы мәселе қарастырылған. Жас жеткіншектің қазір алған білімі ертең ел игілігі үшін кәдеге жарайтыны талассыз ақиқат. Бүгінгі таңда еліміздің даласы мен қаласындағы орта білім сапасының алшақтап тұрғандығы айқын. Сол бір алшақтықты қысқарту туралы да сөз қозғалған.
Аннотация: В данном докладе рассматривается вопрос уровня и качества образования подрастающего поколения в обществе, а также нынешнее положение и будущее опорных школ. Неоспоримый факт: знания, полученные молодым человеком сегодня, завтра пригодятся на благо страны. Сегодня очевидно, что существует разница между качеством среднего образования в деревне и городе. Также шли разговоры о сокращении этого разрыва.
Annotation: This report examines the issue of the level and quality of education of the younger generation in society, as well as the current situation and future of core schools. An indisputable fact: the knowledge acquired by a young person today and tomorrow will benefit the country. Today it is obvious that there is a difference between the quality of secondary education in rural and urban areas. There is also talk of closing this gap

Бүгінде еліміздегі шалғай ауылдардағы мектептердің білім сапасын көтеру, ауыл балаларының шығармашылық қабілетін арттыру және олардың әлеуметтенуіне жағдай жасау мақсатында еліміздің барлық өңірінде тірек мектептер ашылып, өз жұмыстарын жүргізуде. Қала мен ауыл мектептерінің білім сапасындағы алшақтықты жоюды негізге ала отырып, білім беруді жан-жақты дамыту көзделуде. Соның ішінде бірыңғай сандық технологиялар арқылы озық білім беру жүйелері қалыптастырылып, үздік тәжірибелерді тарату, жаңа инновациялық идеялардың еліміздің барлық педагогтеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету, осы арқылы үздіксіз білім беру қарқынды қолға алынуда. Осының негізінде ауыл мектептерінің материалдық – техникалық базасын нығайту, педагогтердің пәндер бойынша қоғамдастық құра отырып, бір ортаға шоғырландыру және нәтижеге бағытталған тәжірибе бөлісу алаңын құруға бағытталған тірек мектептердің жұмысы жүйеленіп келеді.

Тірек мектебінің жұмысы 3 кезеңде (сессия) іске асады. Олар күзгі «Тағайындаушы сессия», қыстық «Оқу сессиясы», көктемдегі «Қорытынды сессиясы». Тірек мектебі сессия уақытында негізгі екі блокты қамти отырып, жұмыс атқарады. Олар:

1. Оқу блогы (теориялық білім мен практикалық білімді ұштастыру).

2. Даму блогы (оқушылардың әлеуметтенуі, шығармашылық қабілеттерін дамыту).

Оқу блогында тәжірибелі ұстаздар сабақтағы білім мазмұнының басымдығын практикалық жұмыстарға береді. Білім алу процесінде сабақ жоспарлары зертханалық жұмыстарға және білімнің ғылымилығына негізделіп құрылады. Даму блогында ауыл балаларының шығармашылық қабілеттері ескеріліп, арнайы сауалнамалар арқылы шығармашалық үйірмелерге топтастырылады.

Бүгінде Диқан тірек мектебінде үш (М.Әуезов атындағы мектеп, Ә.Жанқұлиев атындағы мектеп, Еңбек мектептері) магниттік мектептермен бірлесіп жұмыс жүргізеді. Әр сессия барысында білім сапасын анықтау мақсатында кіру және шығу тесттері алынады. Бұл тестілеудің мақсаты берілетін білімнің сапалылығын анықтау. Сонымен қатар әр сессия барысында оқу, даму блогтарында түрлі тақырыптарда ғылыми жобалар шеруі, шығармашылық фестивалдер және тағы басқа оқушыладың білім сапасының артуына және әлеуметтенуіне әсер ететін түрлі іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп келеді.

Мемлекет тарапынан білім саласына қолдау үздіксіз жүргізілуде. Білімді қолдау – болашаққа жасалған жақсы инвестиция. Бүгінде білім жүйесі уақытыпен таласып өзгеріс үстінде. Білім саласында жүргізіліп жатқан реформаның басты мақсаты ой-өрісі дамыған, жан-жақты, шығармашылық деңгейде кызмет ет алатын, дүниетанымы биік, бәсекеге қабілетті, сыни ойлай алатын жеке тұлға тәрбиелеу. Ғаламдану өркениетімен қазіргі заманғы әлемде бәсекелестік жағдайына тез бейімделу қабілеті тұрақты дамудың ең маңызды факторы болып табылады.

Әлем елдеріндегі білім беру жүйесінің құрылымы түрліше. Әлем білім беру жүйесі ерекшеліктеріне қарай даму үстінде. Себебі кез келген елдің бәсекелестік мүмкіншіліктері көбіне білім беру жүйесінің жай-күйімен анықталатын мемлекеттің әлеуметтік капиталының дамуына тәуелді.

Білім деңгейінің жоғарылығымен танылған мемлекеттер ғаламдану үдерісіне сәйкес реформалар жүргізуде. Бұл бағытта біздің еліміз де қалыс қалған жоқ. Білім саласының дамуы жолында түрлі реформаларды іске асырып, бірнеше эксперименттер жүргізілді. Оның ішінде сәтті шыққаны да, сәттсіз нәтиже көрсеткені де жоқ емес. Білім беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол үнемі жаңаны табатын өнер. Қай салада болмасын тәжірибе жүргізбей нәтиже көру мүмкін емес. Осындай тәжірибе алаңының бірі – білім саласындағы тірек мектептер. Бес жылдық эксперимент алаңы жұмыс істеген кезеңде ресурсттық орталықтарға қолдаулар көрініс тауып жататын. Бүгінде бұл демеу бәсеңдеді. Жалпы еліміздегі шалғай ауылдардағы шағын мектептердің мәселесін шешуде және білім алушылардың білім сапасын көтеру олардың әлеуметтенуінің шағын орта да болса да қалыптасуы, ауыл мектептеріндегі «мұғалім жалғыздығы» ұғымын жоюда тірек мектебі таптырмас жоба. Бірақ, ол бүгінде материалдық тұрғыда және әдістемелік қодауды қажет етеді. Он жылдан астам үздіксіз жұмыс жүргізіліп келе жатқан тірек мектептеріне ең бірінші заңмен статус берілу керек.

Өзіндік штаттық кесте, өзіндік талап – ережесі және қадамдық даму бағдарламасы. Бүгінде бұл жоба жетілдіруді қажет етіп тұрғанын айтпасқа болмайды. Егер біз болашақта шалғай ауылдардағы мектептердің мәселесін болжайтын болсақ, оны тірек мектептерсіз елестету мүмкін емес. Себебі, материалдық тұрғыда да, білім көрсеткіштері тұрғысынан да, ұстаздардың бір ортаға шоғырланып, тәжірибе бөлісуі үшін де бұл маңызды шешім.

Ресурстық орталықтарда нені жетілдіру керек, неге басымдық беруілуі қажет?

- Үздіксіз материалдық-техникалық базаны жетілдіру. Оның ішінде зертханалық кабинеттердің жабдықталуымен қолданысқа қажетті зерттеу құралдарымен толықтыру.
- Оқу кабинеттерінің электронды жабдықталуы.
- Штаттық бірліктерді көбейту арқылы балалардың тұлғалық дамуы үшін секциялар санын арттыру.
- Тірек мектебі ұстаздарының біліктілігін арттырудың ғылымилығына басымдық бере отырып, арнайы тереңдетілген оқыту семинарларын жүйелі ұйымдастыру.
- Тірек мектебінің жұмысын жан-жақты үйлестіру үшін жоспарлы түрде әдістемелік қолдау жұмыстарын күшейту.
- Мүмкіндікке қарай сессиялар кезінде білім алушылардың білім алуын оңтайландыру және шығармашылықпен еркін айналысуына мүмкіндік беру үшін жатақханамен қамтамасыз ету.

Бір сөзінде мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Дамыған 30 елдің қатарында болғымыз келсе, бірінші кезекте, сол 30 елдегі білім беру стандарттарын негізге алуымыз керек» деген болатын. Осы ретте ауыл мектептерінің білім сапасын қала мектептерімен теңестіруде тірек мектептерінің дамыту жобасы маңызды шешім. Әлемдік білім жүйесі өзгеріп, бүгінгі жаңалық ертең ескіге айналып жатқанда білім жүйесін үздіксіз қолдау және дамыту уақыт талабы. Ауыл мектебі қарапайым болғанымен талай тұлғалардың алтын ұясы. Жастайынан еңбекке арласқан ауыл балаларының дүниетанымы, ойлау қабілеті ұлттық тамырдан нәр алады. Мұндай ортада ер жеткен адамның таланты мен қабілеті де жыл санап шыңдалып, ашыла береді.

Сондықтан тамыры тереңдегі ауыл мектептерінің ұйытқысы болған тірек мектептерін қолдау – болашаққа жарқын қадам екеніне сенімдімін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Басшыға арналған нұсқаулық пшо 2017
2. Методическая деятельность опорной школы: задачи, функции, содержание и условия результативности (Статья)
3. Функциональная грамотность школьников как фактор качества образования

«ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ» ЖОБАСЫНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ
РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «РАЗВИТИЕ ПОТЕНЦИАЛА МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ СЕЛЬКИХ ШКОЛ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

Әнеш Жұлдыз Мұратқалиқызы
Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы, Ақтөбе қаласы, Қазақстан
aneshovazhuldiz@mail.ru

Аннотация: Мақалада шағын жинақты мектептерде цифрлық шешімдерді енгізу арқылы білім беру сапасы мен оқыту тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базаны

нығайту, педагогтерді кәсіби дамыту мақсатында ұйымдастырылып отырған пилоттық жобаның жүзеге асырылуы баяндалған.
В статье изложена реализация пилотного проекта, организованного с целью повышения качества образования и эффективности обучения, укрепления материально-технической базы, профессионального развития педагогов путем внедрения цифровых решений в малокомплектных школах.
The article describes the implementation of a pilot project organized to improve the quality of education and the effectiveness of training, strengthen the material and technical base, and professional development of teachers through the introduction of digital solutions in small schools.
Түйін сөздер: ауыл мектебі, білім сапасы, цифрлық технология, модель, шағын жинақты мектеп, тірек мектебі, магниттік мектеп
Ключевые слова: сельская школа, качество образования, цифровые технологии, модель, малокомплектная школа, опорная школа, магнитная школа
Keywords: rural school, quality of education, digital technologies, model, small school, support school, magnetic school

Білім саласын дамыту, балалардың білім алуына жағдай жасау – Ақтөбе облысы үшін қашан да ең басты стратегиялық міндеттердің қатарында.

Оның ішінде тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы білім алу үшін балаларға тең мүмкіндіктер жасау, қала мен ауыл арасындағы білім сапасының алшақтығын жоюдың ақтөбелік моделі қалыптасқан. Ауыл мектептерінің әлеуетін көтеру, білім сапасын арттыру адами капиталдың ауылдық жерлерден кетуін бәсеңдетіп қана қоймай, тұтас елдің тұрақты дамуына негіз болады. Сондықтан өңірде ауыл мектептерінің күшті және әлсіз жақтары талданып, білім сапасын теңестіру, әдістемелік қолдау көрсету, педагог кадрлардың сапасын көтеру мақсатында жаңа шешімдер қабылданып отыр.

Облыс мектептерінің **50%-ы** шағын жинақты, облыстағы барлық оқушының **9%-ы** ауыл мектебінде оқиды.

Ауыл мектептерін қолдау, ауыл балаларының білім сапасын арттыру үшін Ақтөбеден бастау алған «Білім ALL» жобасы – ауылды дамытуға бағытталған ауқымды жобалардың бірі. Жобаның мәні Ақтөбе қаласындағы 10 жетекші мектепте жұмыс істейтін облыстың үздік мұғалімдері шағын жинақты мектептердің оқушыларын 5 негізгі пән (алгебра, физика, химия, биология, ағылшын пәндері) бойынша онлайн режимде оқытады. Сабақтар мектепте өтеді, мектеп оқушыларының жанында тәртіпті бақылайтын және материалды игеруге көмектесетін мұғалімдері болады.

«БІЛІМ ALL» жобасына іріктеліп алынған педагогтердің барлығы да – үздік, білікті, тәжірибелі педагогтер. Олардың арасында «Үздік педагог» республикалық байқауының жеңімпаздары, облыстың үздік мұғалімдері, сондай-ақ біліктілік санаты бойынша педагог-шебер деңгейіне жеткен ұстаздар бар. Олардың шәкірттері облыстық, республикалық, тіпті халықаралық білім бәйгелерінің жүлдегерлері мен жеңімпаздары. Жобаға қатысушы мұғалімдердің дені – облыстық мамандандырылған мектеп-лицейлердің педагогтері. Бұл білім шаңырақтарында білім алуға ықыласты қаланың да, ауылдың да баласы көп. Дегенмен онда қабылданатын орын саны шектеулі. Жобаның мақсаты – ауыл балаларына осы үздік ұстаздардан білім алуы үшін мүмкіндік жасау, қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасындағы алшақтықты жою, ауылдық мектептерді табысты мектептерге айналдыру, тең мүмкіндікті қамтамасыз ету, ШЖМ педагогтерінің тапшылығын виртуалды педагогтер есебінен толықтыру.

Жобаның әлеуметтік тиімділігі:

✓ ШЖМ білім алушыларын оқыту мен тәрбиелеу сапасы айтарлықтай артады, ал білім алушылар болашақта бәсекеге қабілетті болады;

✓ Дұрыс және тиімді құрастырылған оқу бағдарламасы, кәсіби іріктелген нысандар негізінде толық білім ала алады;

- ✓ Ауыл мектептері арасындағы бәсекелестік қалыптасады;
- ✓ Ауыл мектептеріндегі кадрлық ресурстың тапшылығы мәселесі шешіледі.

Ақтөбе облысында 2023-2024 оқу жылынан бастап «Цифрлық технологияларды қолдана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» пилоттық жобасын іске асыру басталды.

Мұндағы мақсат – шағын жинақты мектептерде цифрлық шешімдерді енгізу арқылы білім беру сапасы мен оқыту тиімділігін арттыру, материалдық-техникалық базаны нығайту, педагогтерді кәсіби дамыту. Ауыл мектептері онлайн форматта оқыту үшін жаңартылған цифрлық кабинеттермен және зертханалық жұмыстарды жүргізу үшін ғылым кабинеттерімен жабдықталуда.

Жоба аясында мектептерді дамытудың 4 моделі іске асырылады, оның ішінде стриминг, онлайн оқыту, тірек және магниттік мектептер кешенін құру, сондай-ақ цифрлық шешімдерді пайдалану модельдері бар.

1 модель. «Стриминг» моделінде республикалық жобаға енген 89 және облыстан қосымша 21 шағын жинақты мектеп қамтылған. Оқушыларға облыстағы 18 жетекші мектептердің 5 пән бойынша 36 үздік виртуалды педагогтері (математика пәнінен – 9, физика пәнінен – 6, химия пәнінен – 7, биология пәнінен – 7, ағылшын тілі пәнінен – 7) сабақ беруде.

2-3 модель. Жобаның «Шағын жинақты мектептерде тірек мектебінің сабағы» моделі бойынша 12 жетекші тірек және оларға бекітілген 36 шағын жинақты магниттік мектептер қатысуда. Шағын жинақты мектеп оқушыларына математика, физика, химия, биология және ағылшын тілі пәндерінен 129 пән мұғалімі (тірек мектебінен - 105, мамандардың жетіспеушілігіне байланысты магниттік мектептен - 24) таңдалынды. Барлығы 6-11 сыныптар аралығында 1504 оқушы қамтылып отыр.

4 модель. «Интернетсіз ШЖМ-де цифрлық шешімдерді пайдалана отырып, офлайн сабақтар өткізу» моделіне облыстың Мұғалжар, Байғанин, Шалқар аудандарынан 9 шағын жинақты мектептері енді. Бұл мектептерде 5 пән бойынша 55 мұғалім, 309 оқушы қамтылды.

«Қазақстан халқына», білім беруді тұрақты дамыту қорлары, ҚР Оқу-ағарту министрлігі және Ақтөбе облысының әкімдігі – ауыл мектебін қолдауға арналған инновациялық жобаның бастамашылары болып табылады.

Жобаны Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әдістемелік сүйемелдеуде.

Пилоттық жоба барысында мұғалімдер цифрлық технологияларды, онлайн коммуникацияларды үйренеді, сонымен қатар онлайн ресурстарды пайдалану бойынша білімдерін жетілдіреді. 1000-ға жуық өңірдің ауыл педагогтері бірегей білім мен дағдыларға ие болады. Олар шағын жинақты мектеп оқушыларына сапалы білім беру бағытында жұмыстанады. Жоба аясында шағын жинақты мектептер арнайы «Цифрлық технология», «Ғылым кабинеттерімен» жабдықталады. «BilimLand», «Daryn Online», «AmanSultan», «Roqed Science» секілді цифрлық білім беру платформалары, «Алматыкітап» баспасының TopIQ.kz электрондық оқулықтар платформасы тегін қолдау көрсетуде.

Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы жоба бастау алғаннан бастап әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын бастады.

«Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, Ақтөбе облысының шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы аясында «Шағын жинақты мектептерде тірек мектебінің сабағы» моделінің жүзеге асуы бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында қыркүйек айынан бастап семинар кеңестер, әдістемелік күндер, онлайн жиындар жоспарлы өтуде.

Сондай-ақ, жоба аясында ағымдағы жылдың тамыз айында біліктілік арттыру курстарынан өткен шағын жинақты мектеп педагогтеріне Ақтөбе облысы бойынша «Өрлеу» БАҰО филиалының тренерлері курстан кейінгі қолдау жұмыстарын жүргізуде.

Филиал тренерлері ШЖМ педагогтерінің сабақтарына қатысып, сабаққа қатысу қорытындысы бойынша педагогтерге кері байланыс беруде.

Әдістемелік көмек беру барысында сабақ үрдісінде платформалардың қолданылуы, тірек мектебі және магниттік мектептердің бірлескен жұмыс жоспарының жүзеге асуы, қысқа мерзімді сабақ жоспарының бірлесіп құрылуы туралы мәселелер талқылануда. Сонымен қатар 4 модель бойынша ұйымдастырылып отырған сабақтарға 60 педагог тарапынан бақылау жасалып отыр. Бүгінге дейін аталған сабақтардың кестесі құрылып, зум платформасы арқылы өткізіліп отырған болатын. III оқу тоқсанынан бастап «ШЖМ – те тірек мектебінің сабағы» моделі бойынша «Білім класс» платформасына толықтай көшірілді. Бұл платформада 12 аудан және 36 магниттік мектеп қамтылды.

Жобаны сәтті жүзеге асыру арқылы виртуалды білім беру нәтижесінде оқушылардың білім сапасын арттыру, шағын жинақты мектеп мұғалімдерінің цифрлық оқулықтары мен электронды ресурстарды қолдану белсенділіктерін арттыру күтілуде.

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІН ҚОЛДАУ МЕН ДАМЫТУДАҒЫ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Кашкымбекова Толкын Карыбековна
«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп (Ресурстық орталық) жанындағы интернат» Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы, Қазақстан
Tolkina_1985@mail.ru

Аннотация: жұмыста Қазақстанның ауылдық білім беру жүйесіндегі ресурстық орталықтардың пайда болуы мен дамуына талдау жүргізілді, цифрландыру жағдайында олардың трансформациялану үрдістері анықталды.
Түйінді сөздер: ресурстық орталықтар, ауыл мектептері, инновациялар, даму, цифрландыру, сапа, білім беру.
Аннотация: В работе проведен анализ возникновения и развития ресурсных центров в системе сельского образования Казахстана, выявлены тенденции их трансформации в условиях цифровизации.
Ключевые слова: ресурсные центры, сельские школы, инновации, развитие, цифровизация, качество, образование.
Abstract: The paper analyzes the emergence and development of resource centers in the rural education system of Kazakhstan, identifies trends in their transformation in the context of digitalization.
Keywords: resource centers, rural schools, innovation, development, digitalization, quality, education.

Қазақстанның ауылдық білім беру жүйесінде ресурстық орталықтар маңызды рөл атқарады. Олардың қызметі ресурстар мен мүмкіндіктерді шоғырландыру арқылы шалғай ауылдардағы балаларға сапалы білім беруге бағытталған. Елімізде алғашқы ресурстық орталықтардың ашылғанына да жиырма жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде олардың жұмысы алға басып, бай тәжірибе жинақталды.

Дегенмен, бүгінде қала мектептерінен бәсекелестіктің артуынан ресурстық орталықтардың алдында жаңа міндеттер тұр. Сонымен қатар, ауыл мектептерін дамыту үшін жаңа технологиялық мүмкіндіктер пайда болуда, атап айтсақ, онлайн білім беру, цифрлық платформалар, қашықтықтан өзара әрекеттесу.

Ресурстық орталықтар ауылдық жерлерде сапалы білім беру миссиясын жалғастыру үшін оларды қалыптасқан дәстүрлерді де, соңғы технологияларды да ескере

отырып жаңғырту қажет. Бұл жаңғырту білім беруді басқаруға, мазмұны мен әдістеріне, сондай-ақ ресурстық орталықтар мен ауыл мектептері арасындағы қарым-қатынасқа қатысты болуы керек.

Бұл жұмыста ресурстық орталықтарды жоғары сапалы ауылдық елді мекендерді қамтамасыз етудің шын мәнінде тиімді механизміне айналдыру үшін Қазақстандағы ресурстық орталықтардың қалыптасу жолын талдауға, олардың қазіргі жағдайын бағалауға және қажетті қайта құрудың негізгі бағыттарын белгілеуге әрекет жасалуда. Жұмыс нормативтік-құқықтық базаны талдауға, статистикалық мәліметтерге, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне, сондай-ақ автордың жеке бақылауларына негізделген [1].

Қазақстанда алғашқы ресурстық орталықтар 1990 жылдардың соңы – 2000 жылдардың басында құрыла бастады. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде мектептегі білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған жаңа білім беру саясатын әзірлеуге байланысты болды.

Ол уақытта ауыл мектептерінің қала мектептерінен артта қалу мәселесі өткір тұрды. Бір жағынан шағын жинақталған мектептерде білікті педагогикалық кадрлар, заманауи құрал-жабдықтар, оқу құралдары жетіспеді. Екінші жағынан, ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың қалаларға кетуі орын алып, жағдайды одан әрі қиындата түсті.

Ауыл мектептерінің қолданыстағы жүйесін жоймай, олардағы білім сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беретін түбегейлі шешім талап етілді. Бұл шешім ресурстық орталықтарды – ірі тірек мектептерін құру болды, олардың негізінде қоршалған шағын жинақты мектептер үшін білім беру ресурстары шоғырланды.

Алғашқы ресурстық орталықтар, әдетте, аудандағы ірі орта мектептердің негізінде құрылды. Олардың міндеттеріне ауылдық салалық мектептерді кешенді әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету кірді. Ол үшін ресурстық орталықтарда үздік оқу-материалдық база жинақталып, тәжірибелі ұстаздар мен басшылар шоғырландырылды.

Алғашқы ресурстық орталықтардың тәжірибесі өте табысты болып шықты. Олар қарапайым ауыл мектептеріне қарағанда жоғары сапалы білім берумен қатар, ауылдағы педагогикалық кадрлардың сақталуына да ықпал етті. Сонымен қатар, олардың аймақтағы бүкіл білім беру жүйесін үйлестірудегі рөлі айқын болды [2].

Алғашқы ресурстық орталықтардың жетістігі 2000 жылдары Қазақстанда ауылдық білім беруді ұйымдастырудың бұл формасының кең таралуына әкелді. Халықаралық ұйымдардың (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, Дүниежүзілік банк) қолдауымен республиканың көптеген аймақтарында ресурстық орталықтар ашылды. 2000 жылдардың соңына қарай олар Қазақстанның барлық дерлік аймағында жұмыс істеп үлгерді.

Соңғы екі онжылдықта ресурстық орталықтар ауылдық білім беру жүйесінің тиімді ұйымдастыру үлгісі ретінде өзін дәлелдеді. Олар шағын жинақталған мектептердің қолданыстағы инфрақұрылымын бұзбай, оның сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді. Ал бүгінде ресурстық орталықтардың алдында заманауи IT-технологияларды енгізу мен білім беруді цифрландыруға байланысты жаңа міндеттер тұр. Оларды шешу дәстүрлі ресурстық орталық үлгісін өзгертуді талап етеді.

Қазақстанда алғашқы ресурстық орталықтарды құрумен, қатар олардың жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасы да қалыптасты. 2001 жылы ресурстық орталықтар қызметінің алғашқы үлгілік ережелері бекітілді. Олар ресурстық орталықтардың негізгі міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен міндеттерін анықтады.

Осы Ережелерге сәйкес Ресурстық орталықтар ауылдық шағын жинақты мектептердің оқушылары үшін сапалы жалпы орта білім алуда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Осы мақсатты орындау үшін ресурстық орталықтарға бірқатар функциялар жүктелді [3].

Біріншіден, тірек мектептер мен филиал мектептерінің оқушылары үшін күндізгі және сырттай оқу үдерісін ұйымдастыру. Ол үшін ресурстық орталықтар оқытудың әртүрлі нысандарын: күндізгі сабақтарды, сессияларды, қашықтықтан оқытуды пайдалануға құқылы болды.

Екіншіден, тұрақты жұмыс істейтін семинарлар, біліктілікті арттыру курстары, тағылымдамалар және т.б. ұйымдастыру арқылы филиал-мектептерде білім беру процесін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Үшіншіден, мектеп-филиалдарды педагогикалық кадрлармен толықтыру, олардың қызметін бақылау. Ресурстық орталықтар ауылдық мектептерде кадрларды іріктеу және орналастыру, мұғалімдердің жүктемесін реттеу құқығына ие болды.

Бұдан басқа, ресурстық орталықтарды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормалары, олардың жергілікті білім беруді басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі заңнамалық түрде бекітілді.

Кейінгі жылдары ресурстық орталықтардың жұмыс істеуінің құқықтық негіздері Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бірақ алғашқы типтік ережелерге енгізілген негізгі қағидалар сақталды.

Ресурстық орталықтар әлі де ауыл мектептеріне қатысты үйлестіруші және ресурстық функцияны орындайды, оларды білікті кадрлармен, оқу-әдістемелік материалдармен, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге оқу процесін ұйымдастырудың формалары кеңейіп, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар белсенді қолданыла бастады [4].

Дамудың оң динамикасына қарамастан, ресурстық орталықтар олардың жұмысының тиімділігін шектейтін бірқатар мәселелерге тап болады. Мұндай мәселелерге мыналар жатады:

- Ауылдық жерлерден кадрлардың кетуі. Атқарылған іс-шараларға қарамастан, мектептерді педагогикалық кадрлармен, әсіресе тапшы мамандармен (шет тілдері, физика, информатика және т.б.) жабдықтау мәселесі өткір болып қала береді.

- Ауылдық жерлерде әлсіз цифрлық инфрақұрылым. Деректер арналары, интернет жылдамдығы жеткіліксіз дамыған, онлайн қызметтер мен платформаларды пайдалану мүмкіндігі шектеулі. Бұл it-ді білім беру процесін кеңінен енгізуге кедергі келтіреді.

Сонымен қатар, көп нәрсе ресурстық орталықтардың өз қызметін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін табу қабілетіне байланысты.

Ресурстық орталықтардың өз тиімділігін одан әрі дамыту және арттыруда әлеуеті зор екенін атап өту керек. Бұған келесі шаралар ықпал етуі мүмкін:

- Білім беру бағдарламаларының спектрін кеңейту, оның ішінде бейіндік оқыту, техникалық, жаратылыстану, креативті бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламалары. Бұл ресурстық орталықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

- Қаржыны, кадрларды, оқу процесін басқару жөніндегі директорлардың кеңейтілген өкілеттіктері бар "автономды мектеп" моделін енгізу. Бұл қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

- Қазіргі заманғы заңнама, экономика, менеджмент негізінде Ресурстық орталықтардың әкімшілік-басқару персоналын қайта даярлау. Бұл білікті басшылықты қамтамасыз етеді [5].

Осылайша, бірқатар проблемаларға қарамастан, ресурстық орталықтардың қуатты даму мүмкіндігі бар. Олардың тиімді қызметі ауылдық жерлерде сапалы білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

«Қарқаралы қаласы Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп ресурстық орталық жанындағы интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған.

Оқыту мен тәрбиелеу бірлігінің, білім берудің мазмұнын жетілдірумен бірге, білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматындағы ерекшеліктер, тиімді сабақ жоспарлау, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға

бағытталған әдістемелік көмек көрсетіліп отырады. Сабақты, іс-әрекетті зерттеу бойынша магниттік мектеп ұстаздарымен үздіксіз вебинарлар, семинарлар, коучингтер ұйымдастырылуда. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тақырыбында шебер сабақтар өткізіледі.

Оқушыларды өз еркімен мамандық таңдауға дайындайтын шаралардың бірі – мамандыққа бағыттау. Сессия жұмысы мектеп оқушыларын мамандыққа деген қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы, кәсіби мамандықты таңдауға көмектесу және әр мамандық бойынша қабілеттіліктерін анықтау мақсатында Мыңжасар Әдекенов атындағы Қарқаралы ауылшаруашылық колледжінің және Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі мекемесінің мамандарының шебер-сыныптарымен жалғасады. Мамандыққа бағыттау бірнеше маңызды мәселелерді шешеді. Соның бірі - түлектердің халық шаруашылығына қажетті мамандықтарды таңдауына да ықпал етеді.

Мекеме арасындағы сабақтастық негіздемесі: Ауыл мектебінің балаларын салауатты өмір салтына ынталандыру, жан–жақты дамуын қамтасыз ету, олардың денсаулығын дене тәрбиесі және спорт құралдары арқылы нығайту мен сақтау мақсатында сессияға келген білім алушылар арасында түрлі спорттық жарыстар өткізіледі.

Сонымен қатар, сессия аралық кезінде магниттік мектептерде шығармашылықпен жұмыс атқаратын мұғалімдердің озық педагогикалық іс-тәжірибелерін насихаттау мақсатында жыл бойына жоспар жасалып, магниттік мектептер арасында шебер сыныптар семинары өткізіледі.

«Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған жоба аясындағы магниттік мектептермен біріккен жылдық жоспар құрылып, сол жоспар бойынша жұмыстар атқарылуда. Бұл іс-шараның басты мақсаты: Қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу болып табылады. Осы орайда сессияға келген уақыттарда және онлайн форматта магниттік мектеп оқушыларымен түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады.

Қарқаралы Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі мекемесі және тірек мектебінің ұйымдастыруымен жылда магниттік мектеп білім алушылары арасында экологиялық байқау өткізіледі. Байқаудың мақсаты: қаламыздың өзекті мәселелерін шешу және экологиялық қала құру болып табылады. Балалар мен жастардың қызығушылығын ояту, рухани жаңару – ұлттық сананың кемелденуіне үлес қосу. Білім алушыларға ғылыми жұмыс, экотеатр, эковест сынды форматта түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады.

Сондай-ақ, Қарқаралы ауданы таулы-орманды аймақ болғандықтан, туған жерімізді қорғау, табиғатын аялау мақсатында өрт шалған орманның орнына қарағай көшеттерін қайта отырғызу жұмыстарына қатысады. Ресурстық орталыққа қарасты магниттік мектептердің білім алушылары Қарқаралы орманшылығы аумағындағы орман питомнигінен орман көшеттерін күтіп-баптау жұмыстарын тәжірибелік тұрғыда көреді. Мамандар білім алушыларға көшеттерді сақтау жұмыстарын көрсетіп, атқарылған жұмыстарымен таныстырады. Бұндағы мақсат – болашақ ұрпақтың санасына табиғатқа, туған жерге деген сүйспеншіліктерін ояту.

Әр сессия соңында ұлттық құндылыққа бағытталған тағлымы мен тәрбиесі мол концерттік бағдарлама өткізіледі. Бұл шараны тірек мектебі мен магниттік мектеп оқушылары бірлесе өткізіледі.

Осындай жұмыстардың арқасында ауыл балаларының белсенділіктері артып, түрлі облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде.

Ресурстық орталық облыстық «Ауылшаруашылыққа қадам» жобасы аясында Агросынып жұмысын жүргізіп отыр. Агросынып білім алушылары жылыжай маңында өскен көкөністер мен жемістерді жинап алу жұмыстарына жұмылдырылып, мал дәрігерлерінің практикалық сабақтарына қатыстырылды және егінді жинау бойынша жұмыстарына қатыстырылады. Агросынып жобасының мақсаты – білім алушылардың ауыл шаруашылық мамандықтарына кәсіби қызығушылықтарын анықтау және қолдау

үшін жағдай жасау, оларды ауылдық жердегі өмірге және еңбекке бағыттау болып табылады. Бұл жоба агротехникалық сауаттылықты арттыруға, оқушылардың зерттеу жұмысына белсенді қатысуына, болашақ агроөнеркәсіп мамандарын дайындауға көмектеседі.

Заманауи ресурстық орталықтарды трансформациялаудың негізгі бағыты – оқу үдерісін жан-жақты цифрландыру. Ол ресурстық орталықтар қызметінің барлық салаларына цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді көздейді.

Ең алдымен оқу процесінің өзі цифрландыруға жатады – цифрлық оқу материалдарын, онлайн платформаларды, виртуалды зертханалар мен тренажерларды пайдалана отырып, мектеп пәндерін оқыту.

Ол үшін ресурстық орталықтардың барлық оқу кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен – компьютерлермен, интерактивті тақталармен және панельдермен, мультимедиялық проекторлармен жабдықталуы тиіс. Сонымен қатар, ресурстық орталықты ғана емес, оның қарамағындағы ауыл мектептерін де жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету қажет. Бұл қашықтықтан оқытудың онлайн технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды бағыт – цифрлық құжат айналымын енгізу, ол ресурстық орталықты басқарудың барлық процестерін барынша ашық әрі тиімді етеді. Бұл білім беру құжаттамасына да, бизнес есебіне де қатысты. Құжаттарға қол жеткізуді жалғыз қорғалған порталдар арқылы жүзеге асыруға болады.

Білім беру үдерісін басқарудың цифрлық жүйелерін енгізу де үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Автоматтандыру әртүрлі салаларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- оқу процесін жоспарлау;
- оқу қызметін бақылау және талдау;
- мұғалімдердің жүктемесін ескере отырып, кесте құру;
- контингентті, сабаққа қатысуды есепке алу;
- оқушылар мен ата-аналарды хабардар ету және т.б.

Мұндай жүйелерді енгізу ресурстық орталық пен салалық мектептердегі бүкіл оқу үдерісін басқаруды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Менеджерлер мен мұғалімдер әдеттегі операциялардан босатылып, жағдай туралы толық талданған ақпаратқа қол жеткізе алады.

Осылайша, жан-жақты цифрландыру ресурстық орталықтардың жұмысын түбегейлі өзгертуі керек – оны заманауи басқару және оқыту технологияларын пайдалануға негізделген транспарентті, интеграцияланған ету керек. Бұл цифрлық экономикадағы білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жалпы білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету ресурстық орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Республика Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Қазақстан 2001 жылғы 17 шілдедегі No 801 // adilet.zan.kz. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/V01000959_ (кіру күні: 08.01.2024).
2. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // online.zakon.kz: ақпарат. құқықтық портал. URL мекенжайы: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30332971#pos=0;0 (қол жетімділік күні: 22.01.2023).
3. Бектұрова Ж.Қ. Ресурстық орталықтар: олардың ауылдық шағын жинақты мектептердегі білім мазмұнын жаңартудағы рөлі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. 2017. No 4. 17-21 б.
4. Қазақстандағы ауыл мектептерінің ресурстық орталықтары / Қ.Құсайынов, Т.Сағынова, С.Қалиев; жалпы астында ред. Сағынова Т. - Алматы: Ұлағат, 2006. – 144 б.

РЕСУРСТЫҚ МЕКТЕПТЕРДЕГІ MICROSOFT: ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР
МАЙКРОСОФТ В РЕСУРСНЫХ ШКОЛАХ: НОВЫЕ ПОДХОДЫ К ОБУЧЕНИЮ

Закирин Думан Кайратович
методист, КГУ «Методический центр» КГУ «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области»
duman.zakirin@inbox.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада Microsoft технологияларын ресурстық мектептерге енгізу және оқытудың жаңа тәсілдері талқыланады. Ол Microsoft корпорациясының технологияларды пайдалана отырып, бірегей оқу тәжірибесін дамытуға мектептерге қалай көмектесетінін зерттейді. Сондай-ақ мақалада бұл тәсілдің артықшылықтары, соның ішінде жекелендірілген оқыту мүмкіндіктері, оқушылардың ынтасын арттыру және оқу нәтижелерін жақсарту сипатталған.
Аннотация: Данная статья обсуждает внедрение технологий Майкрософт в ресурсных школах и новые подходы к обучению. В ней рассматривается, как компания Майкрософт помогает школьным учреждениям разрабатывать уникальные программы обучения с использованием современных технологий. Статья также описывает выгоды такого подхода, включая возможности индивидуального обучения, повышение мотивации учащихся и улучшение их учебных результатов.
Annotation: This article discusses the implementation of Microsoft technologies in resource schools and new approaches to teaching. It explores how Microsoft is helping schools develop unique learning experiences using technology. The article also describes the benefits of this approach, including opportunities for personalized learning, increased student motivation, and improved learning outcomes.
Түйінді сөздер: Microsoft, ресурстық мектептер, магниттік мектептер, жаңа тәсілдер, оқыту, жобалар.
Ключевые слова: Майкрософт, ресурсные школы, магнитные школы, новые подходы, обучение, проекты.
Keywords: Microsoft, resource schools, magnet schools, new approaches, training, projects.

Совокупность результатов научно-методической работы Методического центра Северо-Казахстанской области нашла отражение в работе образовательных проектов, среди них: «Білім сараптамасы», «Бірлестік», «Тірек», «Қолдау», «Серіктестер» и других. Проекты реализуются на областном уровне, их деятельность строится на постоянном мониторинге образовательного пространства области.

Выявление проблемных мест позволяет нам методистам центра вносить коррективы в планирование методической помощи.

Одним из направлений моей работы является методическое сопровождение работы ресурных центров области. С 2021 – 2022 учебного года данные объединения объединены в Ассоциацию ресурных центров области. Планирование деятельности ассоциации учитывает особенности деятельности сельской малокомплектной школы, которые обусловлены тем, что педагогам приходится решать весьма специфичные и сложные проблемы, поэтому особую актуальность представляет развитие таких организаций образования на основе модернизации содержательного, управленческого и ресурсного аспектов.

Появление школ с малым контингентом обучающихся с совмещенными класс-комплектами и с характерной формой организации учебных занятий связано с сокращением сети школ из-за оттока населения из сел с неразвитой инфраструктурой, несоответствия контингента школьников гарантированному нормативу, дефицита

педагогических кадров, что приводит к реорганизации сети школ из средних в основные, из основных в начальные школы.

Сопоставление сельских и городских школ показывает существенную разницу в обеспеченности материально-технической базы, инфраструктуры, финансирования, а главное, отсутствие в кадровом составе высококвалифицированных учителей, что влияет на общеобразовательную подготовку, что, на мой взгляд, и является причиной «разрыва» между уровнем образования села и города.

В Северо-Казахстанской области число малокомплектных школ от общего числа преобладает. К 2022-2023 учебному году их число составило 77 %, поэтому поиск и разработка эффективных инновационных путей функционирования МКШ становится одной из важнейших задач Методического центра.

У сельской школы с малым количеством учащихся есть свои характерные особенности, которые обусловлена тем, что учителю приходится решать очень специфичные проблемы: как организовать учебный процесс в разновозрастной группе, где ведется обучение школьников из разных классов и по разным образовательным учебным программам; как проводить занятия по нескольким предметам, не имея при этом базового образования по некоторым из них; какие выбрать формы и методы обучения и воспитания в классном коллективе, где обучаются несколько учеников; как организовать внеурочную деятельность всех детей в различных объединениях и группах разновозрастного состава.

Учитель, работающий в таких сложных обстоятельствах, должен обладать рядом дополнительных профессиональных компетенций.

Как организовать в условиях Центра эффективное методическое сопровождение профессиональной готовности учителя к работе в малокомплектной школе?

Поиск ответа на поставленный вопрос показал, что положительным и результативным откликом станет реализация Центром программы по формированию профессиональной готовности учителя к работе в МКШ, так как анализ условий модернизации сельских школ области, которые в большинстве своем мы причисляем к малым школам, показал, что здесь особую значимость приобретает повышение уровня профессионализма педагогов.

Дистанционное взаимодействие методической службы с педагогами расширило горизонты возможностей.

Возможности такого формата коммуникации с учителями, в том числе из удаленных школ, что особенно актуально для нашего региона, расширили и функции методического сопровождения учителя, поэтому в план работы Центра включена, работа предметных ассоциации, различные мероприятия и обучающие мастер-классы в онлайн режиме, в том числе на республиканском и международном уровне.

Дистанционный формат взаимодействия дает положительные результаты, особенно для постоянного обмена опытом без больших материальных затрат. Поэтому считаем актуальным обучение педагогов цифровым технологиям. Такая работа в Центре велась.

НАО им. И. Алтынсарина в декабре 2022 года заключено соглашение с кампанией Майкрософт по подготовке виртуальных педагогов для сельских школ СКО. Целью данного проекта является подготовка виртуальных педагогов и их ассистентов в области для привлечения данных педагогов к работе по продвижению виртуального обучения в масштабах страны и реализации проектов «Цифровой учитель», «Комплекс «Опорная школа (ресурсный центр) – магнитные школы», «Внедрение инновационных способов преподавания отдельных предметов в сельских опорных и малокомплектных школах Северо-Казахстанской области» в 2023-2024 учебном году.

В Северо-Казахстанской области для обучения по Майкрософт определены 8 опорных и 17 магнитных школ. Составлены списки из числа учителей математики, физики, химии, биологии, географии и английского языка в количестве 107 педагогов и IT- специалистов Методического центра и районных отделов образования. По внедрению пилотного проекта MICROSOFT, по плану в апреле месяце было организовано

практическое обучение заместителей директоров магнитных и опорных школ по формированию команды и развитию навыков, умений управления командой, необходимых для эффективной работы школы. Так же практическое обучение педагогов магнитных и опорных школ. Темами обучения стали: Введение в MS Teams: основные функции и возможности, организация и планирование встреч и совещаний в MS Teams, взаимодействие с учащимися и родителями в MS Teams, работа с файлами и документами в MS Teams. Использование интегрированных приложений в MS Teams. Работа с аудио и видеоконференциями в MS Teams. Интеграция MS Teams с другими сервисами и приложениями работы с образованием.

Наши педагоги обладают умением использовать IT технологии в учебном процессе, данный проект позволяет педагогам систематизировать работу и дает возможность использовать все IT приложения на одной платформе Майкрософт. Данный проект готовиться к масштабированию на 2023-2024, 2024-2025 у.г. отобраны 40 школ по скорости интернета и разделены на три этапа. Создана проектная группа, в составе 26 педагогов. Педагоги 1 этапа прошли обучения и получили сертификаты.

Так же в нашей области для обеспечения равного доступа учащихся к качественным образовательным услугам с 2012 года функционирует сеть ресурсных центров 28 единиц, к ним прикреплены 67 магнитных школ, в которых обучается около 500 учащихся.

В октябре, ноябре текущего года были посещены ресурсные центры, и мы увидели не эффективное использование финансирование, выделенное на подвоз детей и пребывание детей не с полным днем, показал не полную социализацию детей в учебных сессиях.

В связи с данной ситуацией мы предложили отменить сессионное обучение и перевести поэтапно школы, где имеются вакансии педагогов и позволяет скорость интернета (от 20 Мбит\с) на проект Майкрософт Казахстан - таких школ 18, реорганизовать ресурсные центры в Центры повышения компетенции педагогов.

Данный областной проект вошел в Дорожную карту развития образования Северо-Казахстанской области.

Возможности проекта помогут учителям и учащимся малокомплектных школ поднять свой уровень образованости, через включение в большой образовательный процесс.

ЛИТЕРАТУРА

1. Национальный проект Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года №726 «Образованная нация «Качественное образование»;

2. Концепция развития малокомплектных школ в РК-[Электронный ресурс]- https://pandia.ru/text/80/528/28822.php

3. Дорожная карта развития образования Северо-Казахстаской области.

МАГНИТТІК МЕКТЕПТЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ДАМУЫ ҮШІН РЕСУРС ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫ
РЕНТАБЕЛЬНОСТЬ РЕСУРСНОГО ЦЕНТРА ДЛЯ СОВРЕМЕННОГО РАЗВИТИЯ МАГНИТНЫХ ШКОЛ

Сарсенова Айнур Токтаровна
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Ертіс ауданы Білім беру бөлімінің, «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» КММ
sars_doni@mail.ru

Аннотация: Баяндамада Ресурстық орталық магниттік мектеп оқушыларының табысты оқуына жағдай жасалған. 11 - сынып оқушылары үшін базалық мектепте сессиялық сабақтар ұйымдастырылған. Сессия кезеңінде білім алушылардың жобалау және ғылыми-зерттеу жұмыстарына көп көңіл бөлінген.
Аннотация: В докладе Ресурсный центр обеспечивает условия для успешной учебы учащихся магнитных школ. В школе для учащихся 11 классов организуются сессионные занятия. В ходе сессии большое внимание было уделено проектно-исследовательской работе учеников.
Annotation: In the report the Resource Center provides conditions for successful learning for magnetic school of students. The school organized sessional classes for 11th grade students. During the session much attention was paid to the design and research work of students.
Түйін сөздер: Базалық және бейіндік оқытуды толық дерлік жүзеге асыру.
Ключевые слова: Полная реализация базовых и профильных обучения.
Keywords: Full realization of basic and profile training

Павлодар облысы Ертіс ауданы, «№4 Ертіс жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің базасында облыстық білім басқармасының «Ресурстық орталық құру туралы» бұйрығының негізінде ресурстық орталық ашылған болатын. Осы ресурстық орталыққа қарасты магниттік мектептер болып Қарақұдық, Қызылқақ, Сілеті, Майқоныр, Қараағаш ЖОББМ мектептері бекітілген. (22 - 120 км арақашықтық)

Ресурс орталығы болғандықтан шағын жинақты мектептерді дамыту біздің мақсатымыз. Шағын жинақты мектеп - бұл параллель сыныптары жоқ оқушылар саны аз, сыныптарда балалар саны толық емес екені бәрімізге мәлім.

Бүгінгі күні ресурстық орталық жүйелі түрде жұмысын жүргізіп келеді. Жалпы ресурстық орталық - шағын жинақты мектеп оқушыларына базалық және бейіндік оқыту мен тәрбиелеу негізінде олардың қабілеттерін, жеке бейінділік ерекшеліктерін ескеріп сапалы білім беруді қамтамасыз етеді.

Білім беру сапасына әртүрлі факторлар әсер етеді және ең маңыздыларының бірі - мектептің материалдық-техникалық базасының деңгейі және осы ресурстарды ұтымды пайдалану.

Айта кетерлік 2022-2023 оқу жылында «Қазақстан халқына» әлеуметтік қоры және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымымен бірлесіп, «Білім беруді тұрақты дамыту қоры» қоғамдық қорының бастамасы бойынша «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру аясында мектебіміздің материалдық базасы түбегейлі өзгеріп 100% жаңартылып, материалдық жағынан, оқу - құрал жабдықтарымен қамтамасыз етілді. Бұл жобаның мақсаты еліміздің ең мықты мектептерімен тығыз серіктестікте ауыл мектептерінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ педагогтердің кәсіби дамуында және ауыл мектептерін материалдық-техникалық жабдықтауда тең жағдайлар жасау есебінен қала мен ауылдық жерлер арасындағы білім беру сапасының алшақтығын қысқартуға жәрдемдесу болып табылады.

Яғни мектептке жаңа STEAM зертханасы, әрбір кабинетке 3D панель, химия, физика, биология кабинеттеріне зертханалық жұмыс үшін тиімді құрылғылар әкелінді, информатика кабинеті робототехника құралымен қамтамасыз етіліп, теле студтио, арт студио, кітапхана, технология кабинеті заманауи құралдармен, тігін маншиналарымен жабдықталды.

Бұл материалдық техникалық базаның жаңартылуы ресурстық орталықтың магниттік мектептермен жұмысының одан әрі тиімділігіне септігін тигізді.

Жұмыс барысында ресурстық орталық магниттік мектептермен оқу-тәрбие үрдісі бойынша жоспарлар, ресурстық орталықтың жұмыс регламенті мен күн тәртібі бекітіліп, сабақ кестесі дайындалып, сабақ беретін пән мұғалімдері анықталынды.

Жоғарыда аталған магниттік мектептердің 10 – 11 сыныптары бойынша күзгі, қысқы сессияда 40 оқушы, көктемгі сессияда 45 оқушы қамтылды. Сессия кезеңінде химия, биология, математика, Қазақстан тарихы, қазақ тілі және ағылшын тілі пәндері оқытылды. Сабақ беру кезінде тірек мектебінің мұғалімдері қамтылды.

Ресурстың алғашқы күнінен бастап мектеп психологы Б.Тукбергенова ресурстық орталық оқушыларының сессия кезіндегі ой-пікірлерін білу, пәнге деген қызығушылықтарын, көңіл-күйін анықтау мақсатында психологиялық ахуалдарын көтеру үшін тренингтер өткізіп, түрлі тақырыпта сауалнамалар алынып нәтижелеріне талдау жасалынып отырды. Бұл қорытындылар оқушылардың көңіл-күйлерін, ресурстық орталықтың жұмысына, сабақ барысына деген көзқарастарын көрсетеді, болашақтағы жұмысты қалай өзгертуге болатынына бағыт береді.

Жалпы ресурстық орталық оқушыларына жақсы жағдай жасалынды. Өйткені мектептің материалдық-техникалық базасы жаңа заман талабына сай жабдықталуы, мектептің «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасын іске асыру аясында қайта жаңғыртудан өтуі ресурс жұмысына оңтайлы әсер етті.

Сонымен бірге Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» ең негізгі әдістемелік көмек беру орталығы ретінде іс шараларды жоспарды түрде өткізіп, табысты педагогикалық қызметте әдістемелік тәжірибе арқылы ресурс орталықтарындағы магниттік мектептер педагогтерінің кәсіби деңгейі мен педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттыру үшін үнемі жұмыс жасауда.

Жыл сайын ресурс орталықтарының білім сапасын бақылап конкурстар өткізілуде. Нәтижесінде мектебіміз «Үздік Ресурс орталығы» конкурсқа қатысып облыста 3 орын иеленді.

Павлодар облысы білім беру басқармасының «Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» өткен жылдың сәуір айында мектебімізде «Табысты тәжірибелер панорамасы» тақырыбында облыстық семинар өткізді. Семинарға облыстың барлық аудандарынан 60 тан аса мұғалімдер қатысты. Бағдарлама бойынша 10 мұғалім өз тәжірибелерімен бөлісіп, мектептен директордың ғылыми жоба жөніндегі орынбасары Жаканова А.Ш. "Ресурстық орталық - шағын жинақты мектеп жағдайында білім беру сапасын қамтамасыз ету құралы" тақырыбында баяндама оқыды.

Семинар барысында алға қойылған мақсат жүзеге асырылды. Қатысушылар ресурстық мектептер арасында жұмыс тәжірибесімен алмасу үшін мұндай шаралардың тиімділігі туралы айттып, семинар қорытындысы бойынша магниттік мектептің педагогтері ізденіс, шығармашылық өсу жағдайында жұмыс істейді деген қорытынды жасалды.

Сонымен қатар Павлодар облысы білім басқармасының «Өзара іс-қимыл және кәсіби қолдау туралы» бұйрығына сәйкес «Қала-ауыл» инновациялық жобасын іске асыру аясында дарынды балаларға арналған Білім инновация лицейімен аудан мектептері сабақтастықта жұмыс жасаудамыз. Кәсіби өзара іс-қимылдың жұмыс жоспарына сәйкес семинар, тәжірибе алмасу кезінде мұғалімдер әлемдік трендтерді қалай енгізгені туралы өз әсерлерімен бөлісті. Наурыз айында мектеп ұстаздары «Мұғалімнің кәсіби практикасындағы зерттеулер: тәжірибе және мүмкіндіктер» тоғызыншы аймақтық

конференцияға қатысып, қазақ тілі және әдебиет мұғалімі Жансеитова С.М. 3 орын және математика пән мұғалімі «Таңдау» номенациясында Тукбергенов А.К. жеңіске жетті.

Осылайша ресурстық орталық шағын жинақты мектептердің оқушыларының сапалы білімге қол жеткізулеріне, жан-жақты тәрбие алуларына өзіндік үлес қоса отырып, іс-тәжірибемізді аудан, облыс деңгейінде бұқаралық-ақпарат беттеріне де жариялап келеміз.

Мектебімізде Назарбаев Зияткерлік мектебі педагогтарының қатысуымен өрелі маңызды семинар өтті.

Семинарға магниттік мектептер пән мұғалімдері қатысты. Онда "Оқушыларға бағытталған оқыту әдістері" тақырыбында семинарда шетел педагогы Принслу Нил Мэлвайл Льювис пен ағылшын тілі мұғалімі А.С.Паневина оқушыларда дербес іс-әрекеттер мен дағдыларды қалыптастырудың, ақпаратты өз бетінше игерудің, талдаудың, шешім қабылдаудың, мәселені анықтаудың және оны шешу жолдарын құрудың, келіссөздер мен пікірталастарды жүргізуді үйретудің интерактивті әдістерін көрсетті.

НЗМ мұғалімдері "Математикалық, компьютерлік, жаратылыстану және оқу сауаттылығын дамыту" тақырыбында биология, физика, химия, математика, география, қазақ, орыс және ағылшын тілі пәндері бойынша семинарлар өткізді. Спикерлер осы сабақтарында зертханалық жабдықтарды қолдану тәжірибесімен бөлісті. Семинар жұмысының келесі кезеңінде магниттік мектеп ұстаздары ашық сабақтарға қатысты.

Ресурс орталығының мұғалімдері шағын жинақты мектептерінің мұғалімдеріне үздіксіз әдістемелік көмек көрсетуде. Соның ішінде оқулар, конкурстар, түрлі жоба жұмыстар мен сессияаралық жұмыстар да қамтылып отырады.

Негізгі нәтижелерді атап өтсек Қызылқақ ЖОМ – ің оқушысы Төлеутай Ділдә облыстық «Мұқағали Мақатаев оқуларында» 3 орынға, Жақсылық Ерасыл «Жарқын болашақ» олимпиадасының облыстық кезеңінде 2 орынға ие болды.

Облыстық Ілияс Жансүгіров оқуларынынан Жақсылық Ерасыл – 2 орын, Нышанәліқызы Ақтұлым – 1 орынды иеленді.

Қарақұдық ЖОМ – ң оқушысы Оспанова Арайлым «Мәшһүр Жүсіп оқулары» сайының аудандық, облыстық кезеідерінен өтіп, III республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» жүлдегері атанды, облыстық «Махамбет оқуларыны» 3 дәрежелі диплом иегері.

Магниттік мектептеріміздің 11 сынып оқушылары екі жыл қатарынан «Алтын белгі» төс белгісін растауда.

2022 жылы Усина Нұрсая.

2023 жылы Серікбай Сабира, Усин Бөгенбай, Шингисова Дильназ, Жұматай Фариза.

Өткен оқу жылының жетістіктері нәтижесінде Қарақұдық ЖОМ облыс әкімінің «Үздік ауылдық орта білім беру ұйымы» грантының иегері атанып 64,0 млн тенге сертификатын иеленді.

Атқарылған жұмыстар нәтижесінде мектебіміздің оқушылары облыстық, республикалық деңгейде жетістіктер көрсетті. Атай берсек олардың бәрі өте көп.

Жанаберді Асанали – «Ауыл олимпиадасы» информатика пәнінен облыстық кезеңінен 1 орын."Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен зерттеушілері конкурсының " Қазақстанның флорасы мен фаунасының 3D атласы" номинациясында аудандық кезеңінде - 2 орын, облыстық кезеңінің 3 орын жүлдегері.

Имангалиева Минеля - «Ауыл олимпиадасы» информатика пәнінен облыстық кезеңінен -1 орын, жалпы білім пәндер бойынша респбликалық жобалар конкурсы облыстық кезең II орын, 8-10 сынып оқушылары арасында «Жас экорепортер» III орын, «Жыр алыбы - Жамбыл» атты облыстық жас ақындар айтысының жүлдегері III орын, XXIII Сәтбаев оқулары» атты халықаралық конференциясы 1 орын. Биология пәнінен аудандық пән олимпиадасынан 2 орын.

исследования. Проводя экологические акции в природе возникают проблемные вопросы, ответы на которые можно найти при выполнении исследования. Заметили различия в форме листовой пластинки берёзы повислой в разных местах произрастания. Проблемный вопрос – почему? И тема работы «Фитоиндикация загрязнения атмосферного воздуха агрогородка Жупраны методами флуктурирующей ассиметрии листовой пластинки» Заметили, что жители нашей местности в качестве удобрений на своих участках используют разнообразные виды подкормок (солома, трава, минеральные удобрения, пищевые отходы в сыром виде и после термической обработки) и возник вопрос: «А какой вид удобрения способствует урожайности? И вот тема «Анализ взаимосвязи между урожайностью овощных культур, содержанием в них нитратов и видом внесенных удобрений на территории агрогородка Жупраны». Заметили, что на заброшенных полях, возле пустующих домов произрастают определенные виды растений. Вдоль дорог, на опушке леса, возле поля с культурными растениями и на приусадебных участках произрастает золотарник канадский и тема работы «Анализ распространения и видового разнообразия инвазивных растений на территории Ошмянского и Островецкого районов». Практическая значимость – учёт и изучение распространения инвазивных видов и передача полученных данных в районную инспекцию природных ресурсов и в местные сельсоветы для принятия мер борьбы с инвазивными растениями. Автором на базе платформы ArcGISOnline (ESRIInc.) по лицензии для школ были самостоятельно разработаны веб-гис приложения для сбора полевых данных и интерактивная электронная карта распространения инвазивных видов растений в Ошмянском (Жупранский сельсовет) и Островецком (Ворнянский сельсовет) районах. Карта доступна любому заинтересованному пользователю, размещена на сайте учреждения образования, сайте Управления образования Ошмянского райисполкома и в Инстограмм (https://arcg.is/PaGjy). Создан гербарий из 104 образцов сосудистых растений и передан в Гербарий Института экспериментальной ботаники НАН Беларуси, зарегистрирован в международной базе данных «The Index Herbariorum» под названием MSK. Практические результаты исследования отмечены сертификатом коллектора (декабрь, 2023 г.).

В 2019 году учащиеся стали участниками Международного проекта «Предотвращение загрязнения природных водоёмов через просвещение общественности», который поддерживался Коалицией Чистая Балтика. Главная задача первой информационной конкурс - кампании «Здоровые реки – здоровыя мы – здоровое море» - привлечь внимание местных жителей и представителей власти к проблеме загрязнения водных ресурсов, снижению уровня грунтовых вод. Наша экологическая деятельность осуществлялась через информирование населения о качестве воды в природных водоёмах и колодцах, при проверке на нитраты с использованием тест-полоски Merckoquant® NitrateTest, фильтрование воды на содержание микропластика в реке Ошмянка, пробы отправляли на кафедру биологии БГУ, выявление истоков рек и инвентаризация водных объектов в окрестностях учреждения образования (по заданию ЦНИИКИВР) – установлено 10 координат заброшенных родников. Приняты первые шаги по замене полиэтиленовых пакетов на тканевые сумки, обложек для книг на бумажные или тканевые, пластиковых линеек на деревянные, одноразовые стаканы на многоразовые. Ведь экология планеты начинается с малых шагов, которые нам по силам. По итогам юные экологи Жупранской СШ были награждены дипломом II степени и ценными подарками. В качестве спонсорской помощи ребята получили набор тестовVISOCOLORSCHOOL, Macherey-Nagel, 933100 для определения качества воды на определение нитритов, фосфатов, pH, аммония и жесткости воды, в результате исследовали воду по сезонам и общее количество исследованных колодцев -164. Результаты исследований занесены на республиканский сайт Водного контроля (www.watercontrol.by) со всеми характеристиками. И появилась новая тема исследовательской работы «Изучение сезонной динамики уровня химических показателей в источниках нецентрализованного водоснабжения агрогородка Жупраны и деревни Лустишки Ошмянского района». Вторая

информационная кампания «Лекарствам не место в воде и еде!». Главная цель – информирование населения о вреде просроченных лекарств и организация сбора просроченных лекарств. Наши юные экологи организовали сбор просроченных лекарств, проверку аптечек домашних и автомобильных, создали видеоролики о вреде просроченных лекарств, которые размещены в сети Интернет (https://vk.com/video464221208_456239026;https://lyl.su/EaW; https://vm.tiktok.com/ZMeSSxwouTikTok/). За первый год односельчане принесли 11 килограмм фармацевтических отходов, а за второй — уже 14,5 килограмм. По результатам кампании – конкурса «Не место лекарствам в воде и еде!» у нас диплом победителя и четырёхместная палатка. При организации экскурсионного похода и во время проведении акции «Чистый лес – чистый воздух» заметили, что листовые пластинки дикорастущих растений повреждены, особенно липа мелколистная, клен остролистный, вяз гладкий и возникла тема исследовательской работы «Определение типов повреждений листовых пластинок травянистых и древесно-кустарниковых растений на территории Ошмянского и Сморгонского районов». Автором на базе платформы ArcGISOnline (ESRIInc.) по лицензии для школ были самостоятельно разработаны веб-гис приложения для сбора полевых данных и интерактивная электронная карта распространения инфекционных болезней растений в Ошмянском (Жупранский сельсовет) и Сморгонском (Сольский сельсовет) районах. Карта доступна любому заинтересованному пользователю, размещена на сайте учреждения образования (https://zhuprany.schools.by/m/) и Инстограмм.

Итак, среди различных видов исследовательской деятельности можем установить следующие основные ее типы:

1. Тип практической работы, когда перед детьми стоит цель «сделать что-нибудь». Например, собрать листья берёзы для исследования, найти места произрастания инвазивных растений, отобрать пробы воды, произвести посев семян однолетних растений, и т.п.

2. «Узнать что-нибудь» — тип познавательной работы, когда дети разрешают тот или иной вопрос. Например, узнать, проследить, уровень грунтовых вод в колодцах; узнать, как нужно пересаживать цветы; посмотреть, какие площади занимают инвазивные растения; узнать, какой вид удобрения способствует урожайности овощных культур, и т. п.

3. Тип художественно-изобразительной деятельности, когда дети воплощают свои впечатления в те или иные образы и формы. Например, рисуют, что видели во время исследования, рассказывают о этапах и результатах исследования перед аудиторией; составляют таблицы, отображают выводы в графиках, диаграммах.

4. «Научиться чему-нибудь» – тип тренировочной деятельности – установка детей на самостоятельное приобретение тех или иных навыков, умений, на дальнейшее продвижение и усовершенствование в них. Например, научиться работать во времени, в команде; научиться работать с литературой; научиться аккуратно и по соответствующему плану выполнять задания, научиться перескакивать через препятствия и др.

Хочется отметить, что процесс вовлечения школьников в исследовательскую деятельность идет в Жупранской СШ непрерывно, на всех этапах работы. То, что ученик взялся за написание работы, еще не означает, что он благополучно доведет дело до конца, а потом захочет начать новое исследование. Большое значение для успешной работы ученика имеет помощь родителей. Работая вместе с детьми, родители больше времени проводят с ними. Они становятся ближе к ним, лучше понимают проблемы своих детей. В результате совместной проектно-исследовательской деятельности дети узнают много нового о своих родителях, восполняют дефицит общения со взрослыми.

Интерес надо поддерживать постоянно. Для этого мы участвуем в конкурсах разного уровня, во внешних мероприятиях. Но, конечно, нельзя ограничиваться рамками школы и района. Вот уже на протяжении двадцати лет мы ежегодно являемся победителями республиканских и международных научных конференций для учащихся.

Такие мероприятия интересны по многим причинам. Прежде всего, это оценка работы членами жюри, советы экспертов, которые помогают повысить свои исследовательские компетенции не только школьнику, но и его наставнику. Это опыт публичного выступления, развитие умения отвечать на вопросы, иногда достаточно каверзные. Это сильные соперники, у которых есть чему поучиться. Это общение со сверстниками, которые разделяют твои интересы и увлечения. Поскольку такие конференции проводятся в основном в крупных городах, это еще и экскурсии, а значит — новые знания, впечатления и профессиональное самоопределение. Активность школьников с каждым годом возрастает, количество учеников, принимавших участие в конкурсах, увеличивается, все из них награждены дипломами победителей. Увеличивается и количество республиканских и международных конкурсов, в которых принимали участие наши юные исследователи (рисунок 1).



Рисунок 1. Результативность участия в международных и республиканских конференциях

Поскольку участие в таких конференциях стало нашей традицией, мы рассматриваем их как достойный итог исследовательской деятельности. Двое учеников Жупранской СШ стали обладателями премий специального фонда Президента Республики Беларусь по социальной поддержке одаренных учащихся и студентов (Мастеница Вадим – 2015 год, Суходольская Арина – 2020 год). Садовская Надежда – победитель четырёх республиканских конференций и пяти международных, лауреат областной премии имени А.И.Дубко. Суходольская Арина третий год проходит обучение в Национальном детском технопарке и в декабре 2023 года прошла обучение в российском Национальном детском технопарке и образовательном центре «Сириус» г. Сочи. Ежегодно юные исследователи являются обладателями районной премии «Надзея Ашмяншчыны». Волк Татьяна и Юхневич Арина продолжили научную деятельность в ВУЗ, а Суровец (Волк) Татьяна и на первом рабочем месте. Татьяна включена в банк данных одаренной молодёжи Республики Беларусь. Обладатель премий специального фонда Президента Республики Беларусь по социальной поддержке одаренных учащихся и студентов, именной стипендии имени Ф.Скорины. В настоящее время является аспирантом республиканского предприятия «Научно-практический центр гигиены» на соискание учёной степени кандидата медицинских наук по специальности – гигиена (медицинские науки).

Моя работа направлена на создание здоровье сберегающей среды, повышение мотивационной сферы учащихся на уроках биологии и химии, расширение кругозора школьников, формирование устойчивого интереса к биологическим и химическим наукам, формирование экологической культуры школьников и выбору профессии (таблица 1).

Таблица 1. Процентное соотношение поступивших на химико-биологический профиль от общего количества учащихся, поступивших в ВУЗы.

2006, 2007, 2008, 2011, 2014, 2018, 2019 годы	2001, 2005, 2012, 2013, 2015, 2020, 2023 годы
60%-100% - химико -биологический профиль	50% - химико-биологический профиль

Опытам своей работы я делилась:

1. На страницах «Настаўніцкай газеты» 2009, 2012, 2017, 2019, 2020, 2022 годы.
2. На страницах журнала "Народная асвета" 2014 №6, 2018 (№10, №11) годы.

3. На страницах журнала “Биология и химия” 2015 №7; № 8 2017 годы

4.Сборник материалов республиканской научно-практической конференции “Формирование экологической культуры личности как педагогическое взаимодействие: опыт и перспективы развития”, г. Минск, 2012 год.

5. На страницах научно-методического журнала “Исследователь” №3, г.Москва, 2020 год.

6. Сборник материалов Международной научно-практической конференции “Модернизация профессиональной подготовки специалистов в области естественнонаучного образования” , г. Минск, 2020 год.

7. Сборник материалов научно-практической конференции “Экология в профессиях”, г.Сморгонь, 2021 год.

8. На сайте www.ecoidea.by, в разделе «Я могу» и в теме «Вода».

ЛИТЕРАТУРА

1. Кошель, Н.Н. Экопарадигма как методологическая база непрерывного образования / Н.Н.Кошель // Адукацыя и выхаванне. – 2009. - №6. – С.7-16
2. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии / С.Л.Рубинштейн // Мастера психологии. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. – 340 с.
3. Савегнкова, А.И. Учимся, исследуя-исследуя, учимся / А.И. Савегнкова. – Одинцово, 2012. – 128 с.

«ТАБЫСТЫ 50 МЕКТЕП» ЖОБАСЫ

Нәдірбеков Нұрлан Еркінбекұлы
«Алматы облысының білім басқармасы» ММ «Облыстық әдістемелік орталығы» КММ Қонаев, Қазақстан
Nadirbekn9393@mail.ru

Аннотация: Алматы облысының ауыл мектептеріне «Білім-инновация» лицейлерінің тәжірибесін енгізу бойынша «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорымен бірлескен «Табысты 50 мектеп» жобасын іске асыруда

Түйін сөздер: Білім беру технологиялары – сапалы білім берудің кепілі, ауыл мектептеріндегі білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, өмірге бейімділігін дамыту.

Алматы облысының білім басқармасы «Білім-инновация» лицейлерінің 30 жылдық тәжірибесіне сүйене отырып, «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қорымен бірлескен «Табысты 50 мектеп» жобасын іске асыруда.

Бұл жобаның мақсаты - өңірдің педагогикалық кадрларының кәсіби әлеуетін арттыру, құндылықтар негізінде білім беру философиясын қалыптастыру және дамыту үшін жағдай жасау.

Жобаны іске асыру 3 кезеңді қамытыды:

1 кезең - Стратегиялық секциялар

2 кезең - Біліктілікті арттыру

3 кезең - Тәлімгерлік

Жобаның басты бағыттарының бірі – білім саласын дамыту, білім сапаны арттыру және жаратылыстану-математикалық циклдағы пән кабинеттерінің материалдық техникалық базасын нығайту.

Аталған жоба аясында а. ж. 12 маусымынан бастап 3847 педагог «XXI ғасырдағы білім беру негіздері», ағылшын тілі және жаратылыстану циклі (химия, биология, физика,

информатика) және құндылықтарға негізделген білім беру тақырыптарындағы біліктілікті арттыру курстарына қамтылды. Бүгінгі күні 50 мектеп басшысы Астана қаласында басқарушылық білім беру туры курстарынан өтуде. Сонымен қатар, олимпиадалық қозғалысты дамыту бағытында ауыл мектепбінен 50 дарынды оқушы Астана қаласында оқып, пәндік құзыреттіліктерін жетілдірді. Осы аталған курстар аяқталғаннан кейін курс өткізген тренерлердің және әдістемелік орталық әдіскерлерінің қатысуымен тәлімгерлік жұмыстар жүргізіліп, пән мұғалімдерінің сабақтарына қатысу, өзара тәжірибе алмасу және әдістемелік көмек ұсыну жұмыстары жүргізіледі.

Аталаған жоба аясында а. ж. 20 қыркүйек - 11 қазан аралығында 4-11 сыныптарының білім алушыларынан негізгі пәндер бойынша тест жұмыстары алынды. Тестілеуге 425 мектеп толығымен қамтылды. 4-11 сынып оқушыларының жалпы – 225 177. Тестке қатысқан оқушылар саны – 210 613, ол 93,5%-ды құрайды.

Қорыта айтқанда, 4-11 сыныптар бойынша оқушылардың білім сапасы 54,8%. Бұл облыстың білім сапасынан 11,6%-ға төмен (66,4%).

Соынмен қатар, 5-14 желтоқсан аралығында 4-11 сыныптарының білім алушыларынан негізгі пәндер бойынша екінші тест жұмыстары алынды. Тестілеуге 425 мектеп толығымен қамтылды. 4-11 сынып оқушыларының жалпы – 225 177. Тестке қатысқан оқушылар саны – 201 235, ол 89,3%-ды құрайды.

Қорыта айтқанда, 4-11 сыныптар бойынша оқушылардың білім сапасы 54,8%, ал екінші тест қорытындысы бойынша 59,3%-ды құрайды. Бұл бірінші тест қорытындысынан 4,3%-ға жоғары.

Тест қорытындысын ата-аналар, сынып жетекші мен мектеп басшылары да edutest.kz сайтындағы жеке кабинетінен бақылай алады. Қорытындысы бойынша мектептерде қиындық туғызған тақырыптар бойынша іс-шара жоспары жасалынып, олқылықардың орнын толтыру жұмыстары қолға алынды және қиындық туғызған тақырыптар бойынша «Білім-инновация» Халықаралық қоғамдық қоры тарапынан оқушыларға арналған онлайн сабақтар жүргізіледі.

Сонымен қатар, а. ж. 9 қазанында және 5 қаңтар күні «Табысты 50 мектеп» жобасына енгізілген мектептер бойынша 256 математика, физика, химия, биология пәндері мұғалімдерінен диагностикалық тест жұмыстары алынды.

Жоба аясында 50 мектептің 3 оқу кабинеттері (физика, химия, биология) жабдықталды.

«EduMax» ЖШС «Табысты 50 мектеп» жобасы аясында 2024 жылдың 22-26 қаңтар күндері зертханалық құрал-жабдықтарға байланысты мұғалімдерге нұсқаулық жасау мақсатында кестеге сәйкес бір күндік оқыту семинарын өткізді.

Оқыту семинарына физика пәні бойынша – 108, Химия пәні бойынша – 117, биология пәні бойынша 184, жалпы 409 педагог қатысты.

МЕДИАТЕКА: ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ АЛАҢЫ
МЕДИАТЕКА: ПЛОЩАДКА ДЛЯ ЭФФЕКТИВНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ ДИСТАНЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ
MEDIA LIBRARY: A PLATFORM FOR EFFECTIVE ORGANIZATION OF DISTANCE LEARNING

Кусбекова Ардана Канатовна
«Б. Амалбеков атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық) КММ»,
Жаңаарқа ауданы, Ұлытау облысы, Қазақстан
ardana_2401@mail.ru

Аңдатпа: Медиатека: қашықтықтан оқытуды тиімді ұйымдастыру алаңы. Медиатеканың мақсаты: Қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімдердің АКТ сауаттылығын арттыру; Өзара тәжірибе алмасу арқылы педагогтар бір-біріне көмек көрсету; Үй жағдайында өздігінен білім алу. Сонымен қатар, медиатека арқылы оқушылар коммуникативті, эстетикалық, сөйлеу мәдениетін дамытады.
Аннотация: Медиатека: площадка эффективной организации дистанционного обучения. Цель медиатеки: повышение ИКТ-грамотности учителей в условиях дистанционного обучения; оказание помощи педагогам друг другу через обмен опытом; самообразование на дому. Кроме того, через медиатеку учащиеся развивают коммуникативную, эстетическую, речевую культуру.
Annotation: Media library: a platform for effective organization of distance learning. The purpose of the media library: to increase the ICT literacy of teachers in the context of distance learning; to help teachers to each other through the exchange of experience; self-education at home. In addition, through the media library, students develop a communicative, aesthetic, and speech culture.
Түйін сөздер: медиатека, телестудия, АКТ, асар, ақпараттық құрыреттілік, кәсіптік бағдар.

2019 жылы бүкіл әлемді дүр сілкіндірген пандемия жағдайында қашықтықтан білім беруді қалай жүзеге асырамыз? - мәселесі бәрімізде болған шығар. Осы орайда оқушыларға қалай білім береміз? Білім берудегі олқылықтарды қалай жоямыз? – деген сұрақтарға жауап іздей бастады. Осы мәселелерді шешу мақсатында мектебімізде «Асар» жобасы бастау алды. «Асар» жобасы аясында оқушыларға, ата-аналарға көмек ретінде «Медиатека» кабинеті ашылды.

Мақсаты
- Асар жобасы аясында мұғалімдердің АКТ сауаттылығын арттыру;
- Өзара тәжірибе алмасу арқылы педагогтар бір-біріне көмек көрсету;
- Үй жағында өздігінен білім алу.

Күтілетін нәтиже
- Білім сапасын арттыруға көмекші құрал болады;
- Оқушылар өздігінен білім алады;
- Мектептің бейне қоры толады.

Медиа ұғымына тоқталайық. Медианың не екенін анықтаудың бірнеше жолы бар. Бұл термин «коммуникацияның, ақпараттың немесе газет, радио, телевизия арнасының

немесе тәсілінің бірі» дегенді білдіреді. «Медиа» деген сөз ағылшын тілінен енгізілген. Ол «бұқаралық ақпарат құралдары» деген мағынаны береді. Телевизия, радио, газет және интернет секілді ұғымдардың жиынтығын білдіреді. media – сөзі латынның medium сөзінің көпше түрі. Бұқаралық ақпарат көздерінен бөлек «субстанция» деген мағынасы бар. Сонымен қатар, магнит ленталар, дисктер секілді ақпарат тасымалдаушылар да осылай аталады. Интернет көптеген адамдар үшін негізгі бұқаралық ақпарат және коммуникация құралы. Интернет те медиаға жатады.[1] Медиатека кабинетінің алғашқы түрі қарапайым қолда бар дүниелермен жабдықталған (ұялы телефон, жарық, тақта). Осы орайда қарапайым медиатекада телесабақтар түсіріле бастап, мектептің ютуб каналында жарияланып отырды. Мұғалімдерге ыңғайлы болуы үшін телесабақ құрылымы, презентация жасау шаблоны берілді.

Телесабақ құрылымы:

1. Сабақтың тақырыбы;
2. Сабақтың мақсаты;
3. Жаңа сабақ;
4. Тапсырмалар;
5. Тапсырма жауаптары;
6. Тест болса сұрақтар жеке бетте болу керек;
7. Сабақтың қорытындысы.

Медиатеканың мүмкіндігі неде?

- Ақпараттық құзыреттілік сауаттылығы дамиды;
- Қашықтықтан білім беру жағдайында құрал ретінде қолданылады.
- Мұғалімдердің іс-тәжірибелері электронды форматта тасымалданады, толықтырылады.
- Серіктес мектептердің оқушыларына зертханалық жұмыстарды бейне сабақ түрінде таныстырады.
- Оқушыларға кәсіптік бағдар беруде /журналистика, өнер, кино/ саласында қызығушылықтарын арттырады.

Телесабақ түсірілу барысында мұғалімдердің дикциясына, мимикаға және көрерменмен байланысқа аса мән берілді. Жоғарыда көрсетілген талаптар негізінде мектептің бейнеқоры сабақтармен толықтырылды. Қазіргі таңда ютуб каналымызда телесабақтар, воркшоптар, мұғалімдердің іс-тәжірибелері, өткізген іс-шаралары және оқушылардың түсірген бейнематериалдары жарияланған.

2023-2024 оқу жылында «Ауылдық жерлерде тірек мектептерінің әлеуетін арттыру» жобасы бойынша қаржыландырылған мектептің жаңа модификацияланған кабинеттерімен қоса мектеп телестудиясы кабинеті берілді. Медиатека жұмысы жаңа телестудияда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Медиа және ақпараттық сауаттылық бойынша мұғалімдерге арналған ресурстық кітап» Авторлары: Иманқұлов М., Усупбаева А., Текімбаева А., Данилова Н., Штурхетский С. Кожобекова Б.

МЕКТЕПТЕГІ БУЛЛИНГ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ
БУЛЛИНГ, КАК СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОБЛЕМАЕРДІҢ
BULLYING AS A SOCIO-PEDAGOGICAL PROBLEM

Кошанова Меруерт Кайратовна
Қарғанады қаласы, «Мағжан Жұмабаев атындағы гимназия» КММ педагог-психологы

«Буллинг» қазіргі таңда ауыл да, қаллалы мектептерде де тіпті, шет ел мектептеріндегі орын алып жатқан мәселелердің бірі.

ЮНИСЕФ мәліметтеріне сәйкес, әлемдегі 150 миллион бала мектепте немесе оның айналасында құрдастары тарапынан зорлық-зомбылыққа ұшырайды екен.

ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы баспасөз қызметінің ақпараты бойынша 11-15 жастағы әрбір бесінші қазақстандық жасөспірім ай сайын буллингтің құрбаны немесе қатысушысы болып отыр. Осы жағдайға қатысу көбінесе ұлдар арасында ең көп таралған.

2018 жылы ұлттық қоғамдық денсаулық сақтау орталығының (ҚР ДМ ҰОЗО) «денсаулыққа қатысты мектеп жасындағы балалардың тәртібі"» «Health behaviour in school-aged children» (HBSC) зерттеу тобы Жасөспірімдер арасындағы денсаулық пен әл-ауқат көрсеткіштерін зерттеу үшін қазақстандық оқушылар арасында сауалнама жүргізді. [2]

ҰОЗО зерттеу тобы ғалымдарының пікірінше, буллинг құрбандарының да, буллердің де психикалық жағынан денсаулықтарында ақаулары бар екендігі анықталған.

Белгілі болғандай, 11-15 жастағы жасөспірімдердің 17%-ы мектепте айына бір рет буллинг/айдап салудың құрбаны болған. Буллингтің құрбандары ауылдықтарымен салыстырғанда қала оқушылары арасында жиі болады.

Буллинг (bulling) - өзін жеке дара, басқа адам тарапынан немесе топ ішінде қорғай алмайтын жағдайдағы психологиялық немесе физикалық қысым, зорлық-зомбылық, прессинг, менсінбеу, қорқыту.

Бүгінгі күні білім беру ұйымдарына буллинг проблемасын пысықтау және жою жауапкершілігі жүктеледі. Бұл білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға, білім берудің жоғары сапасын, білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз ететін, сондай-ақ білім алушылардың физикалық және әлеуметтік денсаулығын сақтауға және нығайтуға кепілдік беретін қолайлы дамытушы білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді.

Білім беру ұйымдарындағы зорлық - зомбылықтың сипаты мен табиғаты әртүрлі, бір мезеттік қорлау түрінде, немесе жүйелі түрде кемсіту және айдап салу (буллинг) түрінде де көрінеді. Зорлық - зомбылық физикалық және ауызша болуы мүмкін, зорлық - зомбылық әрекеттері мен жыныстық сипаттағы сөз айтуларда білдірілуі, айқын немесе айқын көрінбейтін гендерлік сипатқа бағытталған, материалдық пайдаға ұмтылу (бопсалау және заттар мен ақшаны тартып алу) сипатта көрінеді және барлық тартылған тараптарға әрқашан психологиялық жарақат келтіреді.

Мектептегі айдап салу (буллинг) – белгілі бір балаға бағытталған қайталанатын агрессия, оның құрамында мәжбүрлеу мен қорқыту белгілері бар, кейде мұғалімдер тарапынан нақты немесе жасырын түрде қолдаулар болуы мүмкін фактор.

Мектептегі айдап салу әртүрлі нысандарда пайда болуы мүмкін: физикалық және психологиялық агрессия, айқын қудалау және нашар қарым-қатынастың жасырын көрінісі.

Буллингтің жасырын түрлеріне елемеу, бойкот (толық қарсылық білдіру) жасау, қарым-қатынастан шығару, әртүрлі манипуляциялар, теріс пікірлер мен өсектерді әдейі

тарату және т.б. - баланың өзін қорғансыз сезінетіні, балалардың тобынан шығарылғандығы, жалпы қабылданбаған теріс ортаны құру жатады.

Жүйелі зорлық-зомбылық - айдап салу немесе буллинг ерекше қауіпті. Оқушыға қысым бір адам (оқушы немесе мұғалім), сондай-ақ бір топ тұлғалар да көрсетуі мүмкін.

Ұялы байланыс пен интернеттің таралуымен және жасөспірімдердің әлеуметтік желілердегі белсенділігінің артуымен қазіргі заманғы коммуникациялық технологияларды - кибербуллингті қолдана отырып, қорқытудың жаңа түрі пайда болды.

Буллинг түрлері

Түрлері	Сипаттамасы
Вербалы буллинг	Сөзбен қорлау, қорқыту және дәлелсіз ауыр сөздер көмегімен қорлау.
Физикалық буллинг	Физикалық агрессивті үрей тудыру көмегімен физикалық қорқыту немесе буллинг сипаттамасы бірнеше рет қайталанатын соққылар, тепкі, аяқтан шалу, бұғаттау, итеру және қажетсіз немесе өрескел түрде жанасу.
Бұл ойын балалардың жиі ойнап жүрген «Адам және Зат» ойынының ағылшын тіліне түрлендірілген эквиваленті. Бұл ойын үшін жоғарыда көрсетілген секілді кесте беріледі. Топтар мұғалім берген әріптерге басталатын бағандарға сай сөздерді жазады. 2 топтың сөздері сай келмеуі тиіс. Әр ерекше жауапқа 10балл, қайталанған бірдей жауапқа 5 балл, бос баған үшін 0 балл беріледі.

Run, rabbit, run!!!

Мақсаты:

1. Оқушының тыңдалым және сөйлеу дағдыларын дамыту.
2. Сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.
3. Өзара бәсекелестік негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

Жаңашылдығы:

1. Барлық жастағы оқушылар үшін қолдануға болады.
2. Топтық бәсекелестікті арттырады.

Бұл әдісті қолдану үшін мұғалім тақтаға үлкен кестені іледі. Ол жерде бірнеше текшеден тұратын квадрат бейнеленеді. Квадрат ортасынан 8 текше ерекше белгіленіп тұрады. Бұл «кіру зонасы» деп аталады. Текшенің дәл ортасында қоян орналасады. Топтардың мақсаты өз тастарын қоянға жеткізу, яғни «қоянды ұстау». Екі топта екі түрлі тас болады. Мұғалім сұрақ қойғанда берілген әрбір дұрыс жауап үшін тас текшелермен алға жылжиды. Қате жауап үшін артқа жылжиды. Қай топтық тасы бірінші болып қоянға жететін болса, сол топ жеңімпаз атанады.

Ескерту: қоян орнына арнайы сыйлықтар, шоколад, кубоктар, марапат құралдарын қоюға болады.

Chips for games/ «Фишки» ойыны

Мақсаты:

1. Оқушылармен сабақ барысында жаңа сөздер мен сөз тіркестерін қаншалықты сапалы жаттағанын бағалау.
2. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.
3. Ақпаратты ағылшын тілінде жылдам қабылдап жауап беруге баулу.

Жаңашылдығы:

1. Сергіту сәтіне немесе өткен сабақ сөздерін қызықты қайталауға мүмкіндік береді
2. Оқушы жылдам қозғалып, жылдам оқып, «фишкадағы» сөзді аударады
3. Бастауыш және орта буын оқушыларына арналған тәсіл.

Бұл бастауыш және орта буын (5-6 сынып оқушылары) арасында әруақыт танымал «фишка» ойынының баламасы. Әсіресе сабаққа қызығушылығы төмен және осы іспеттес ойындарға әуес оқушылардың оқу процесіне, жалпы айтқанда, жаңа сөздерді үйренуге деген қызығушылығын оятуға тамаша әдіс болып саналады. Ойын барысына «фишкалар» дайындалады. Олардың арғы бетінде қайталауға қажетті сөздер (сөз тіркестері, мақалдар,идиомалар) жазылады. Оқушы шығып, ойын фишкаларын жылдам аударып, жазылған сөзді жылдам аударуы тиіс. Дұрыс аударған сөзі жазылған фишканы ұтып алады. Осылайша тоқсан соңында кімде қанша фишка болғанын санап, үздіктерді анықтауға болады. Бұл үшін аталған әдісті тоқсан бойына ұйымдастырып отыру керек.

«Word by numbers»/ «Сан арқылы сөздер»

Мақсаты:

1. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.
2. Жан-жақты жауаптар үшін лексикалық қорды байыту.
3. Орфографияға назар аударту.

Жаңашылдығы:

1. Сабақты болжатуда түрліше пайдалануға болады.
2. Оқушы сөздік қорын байытуға, жаңа сөздерді мейлінше көбірек меңгеруге тырысады.
3. Кез-келген жастағы оқушылармен жұмыста жеңілдете немесе күрделендіре пайдалануға болады.

«Word by numbers» ойынын «миға шабуыл/brainstorming» кезеңінде пайдалануға болады. Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарына орай түрлі болжамды сұрақтар немесе жұмбақтар жасыруға болады. Әр сұрақтың жауабы санаталатын сөздердің жекелеген әріптері белгілі бір сандармен белгіленеді. Сабақ тақырыбына қажетті сандар жоғарыда көрсетіліп тұрады. Оқушылар әр жұмбақты шешкен сайын әр санның астарында жасырулы тұрған әріптерді тауып, тақырыпты құрап шығады.

English memes for brainstorming, dialogue making and creative project work making . Миға шабуыл, диалог жасауға және креативті жобалар жасауда ағылшын тілінде мемдерді пайдалану

Мақсаты:

1. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттыру.
2. Жан-жақты жауаптар үшін лексикалық қорды байыту.
3. Орфографияға назар аударту.
4. Өмірлік жағдайда жиі қолданылатын лексикон: жаргон сөздер, аббревиатуралар, неологизмдер т.б. оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруда ұтымды қолдану.

Жаңашылдығы:

1. Сабақты болжатуда қызықты әдіс ретінде түрліше пайдалануға болады.
2. Оқушы сөздік қорын байытуға, жаңа сөздерді мейлінше көбірек меңгеруге тырысады. Ішкі эмоцияларын, қиял әлемін, шығармашылық қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.
3. Кез-келген жастағы оқушылармен жұмыста жеңілдете немесе күрделендіре пайдалануға болады: диалог құрау, пікір білдіру, суреттерді тақырыппен байланыстыруда креативті ойлау, креативті жобалар жасау т.б.

Миға шабуыл мақсатында көңілді мемдерді ұсынуға болады.

Brainstorming

-Please, read this meme and predict the theme of today's lesson?

Theme of the lesson: Advantages and disadvantages of using phone

-Please, read this funny meme and try to guess the theme of today's lesson?

Theme of the lesson: Travelling

Мемдер көбіне өте көңілді суреттермен сипатталады. Онда қолданылған сипаттаулар, пікірлер оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыруға пайдасын

тигізеді. Сонымен қатар, мемді оқушылар өздігінен де жасай алады, бұл оқушылардың креативті ойлау қабілетін және функционалды сауаттылығын арттырады. Диалог және монолог құрауда мемдерді шексіз интерпретацияда қолдануға болады. Бұл үшін оқушыларға бос қимаулгі ұсына аламыз.

Hidden picture - Скрытая картина-Жасырын сурет

Мақсаты:

1. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту.
2. Жан-жақты ойлау мен сөйлеу дағдыларына машықтандыру.
3. Оқушының сөздік қорын молайту.

Жаңашылдығы:

1. Сабақтың әр түрлі кезеңдерінде түрлендіре қолдануға болады;
2. Сурет, сөйлем, сөз, сөз тіркестері т. б. бірліктерді жасыру және табу мақсатында қолданады.
3. Бастауыш және орта буын сыныптарына арналған.

Hidden picture әдісінде қолдан тігілген сөмке іспеттес дидактикалық материал қолданылады. Оның беті қатпарлы, бірнеше бөлікке бөлінген. Әр бөлігі ашылып, жабылады. Brainstorming/сабаққа кірігу немесе тақырыпты болжату мақсатында қолдануға болады. Яғни, жаңа тақырыпқа байланысты сурет не белгіні осы жасырын сурет дидактикалық материалының ішіне салып, бір бөлігін ғана ағытып, «What is it? What do you see? Can you give me some examples?» деген түрлі сұрақтар арқылы баланың не көргенін, неге ұқсатқанын сұраймыз. Оқушылар өз болжамдарына сай бірнеше нұсқаларды ұсынады. Бұл орайда сыни ойлау және сөйлеу дағдылары қатар дамиды. Орта буын сыныптары үшін күрделі құрмалас сөйлемдердің бір жартысын көрсетіп, екінші жартысын болжатуға болады. Грамматикалық және лексикалық бірліктер мен құрылымдарды жасыруға болады.

Ойындарды шетел тілін үйретуде пайдалану оны меңгеруде кездесетін грамматикалық және лексикалық қиындықтарды жеңіл игеруге септігін тигізеді. Ал ойын құрастыруда, жаңашыл дүние ойлап табуда біз шабытты қайдан аламыз? Әрине, оқушылардың ортақ қызығушылықтарын ескере отырып, жаңа дүниелерді жасауға шабыттанамыз. [2] Цифрлы емес ойын түрлері қолданысқа өте жеңіл, көпреттік қолданысқа жарайтын әрі өте қызықты болып саналады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Биджиева С.Х., Урусова Ф.А.-А. Геймификация образования: проблемы использования и перспективы развития // Мир науки. Педагогика и психология. 2020. №4.
2. Цветкова А.В. Использование технологий геймификации при формировании профессиональных навыков будущего специалиста на уроках иностранного языка в вузе // МНКО. 2022. №1 (92).

SOFT SKILLS МҰҒАЛІМНІҢ ҚАЖЕТТІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ РЕТІНДЕ

Сулейменова Надира Туяковна
Павлодар облысының білім беру басқармасы
«Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ әдіскері

Ғылым мен білім беруді дамыту әлеуметтік-экономикалық жаңғыртудың, экономиканың және кез келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің маңызды басым міндеті болып табылады. Әлемдік білім берудің стратегиялық

бағыттарының бірі оқытудың дәстүрлі стилін еңсеру және сапалы білім алуды қамтамасыз ететін білім берудің жаңа дамытушы, сындарлы моделіне көшу міндеті болып табылады.

Қазіргі Қазақстанға жаңа формациядағы педагогтар қажет. Бұл педагог-әдіскер, педагог-тәлімгер, цифрлық педагог сияқты педагогтар. Бүгінгі таңда жаңа технологияларды іздеуді өз бетінше жүзеге асыра алатын, өз қызметін талдай алатын, уақыт талаптарына сәйкес білім беру процесінің стратегиясын құра алатын, жоспарды тиімді жүзеге асыра алатын, стандартты емес міндеттерді шеше алатын, өзінің кәсіби қызметін саналы түрде өлшеп, дамыта алатын оқытушы сұранысқа ие. Мамандықтың беделін көтеру, мұғалімдердің үздіксіз дамуы үшін барлық жағдайларды жасау қажет.

Тиімді қызмет үшін кәсіби қосымша білім мен дағдылар маңызды: бұл қарым-қатынас жасау, командада жұмыс істеу, өз қызметін жоспарлау, ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті, стресске төзімділік, шығармашылық, жауапкершілік және қазіргі әлемде "soft" деп аталатын көптеген басқа қасиеттер skills " дағдылары.

Жұмсақ дағдылар дегеніміз не?, Жұмсақ дағдылар ("жұмсақ"," икемді " дағдылар) — жұмыс процесіне сәтті қатысуға, жоғары еңбек өнімділігіне жауап беретін және өтпелі, яғни белгілі бір пәндік саламен байланысты емес мамандандырылмаған, кәсіби емес дағдылар кешені.

Softskills ТОП-10 –заманауи мұғалімге қысқаша сипаттама берейік.

1.Уақытты басқару. Дәлірек айтқанда, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған білім, принциптер мен әдістер кешені. Олар көп уақытты өткізуге, аз уақыт жұмсауға және өз қызметінде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі.

2. Тиімді қарым - қатынас-тыңдауды, сендіруді және дәлелдеуді үйрену, ата-аналармен қарым-қатынас орнату және қолдау, "келіссөздер" жүргізу, презентациялар, көпшілік алдында сөйлеу. Қарым-қатынас арқылы мұғалім оқушылардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін ұйымдастырады, олардың жұмысы мен іс-әрекеттерін бағалайды, болып жатқан оқиғалар туралы хабарлайды, теріс қылықтар туралы тиісті алаңдаушылық туғызады, қиындықтарды жеңуге, өз мүмкіндіктеріне деген сенімін жоғалтпауға көмектеседі.

3.Эмоционалды интеллект-бұл эмоцияларды тану, басқа адамдардың ниеттерін, мотивациялары мен тілектерін түсіну және практикалық мәселелерді шешу үшін басқа адамдардың эмоцияларын басқару қабілеті

4.Қақтығыстарды басқару-дағдарыстық жағдайды сәтті жеңуге мүмкіндік беретін жаңа құзырет. Дауды адамгершілікпен шеше білу тиімді жұмыс қарым-қатынасын сақтауға, іскерлік ахуалды қолдауға, сенімдеріңізді реніштер мен өзара шағымдарсыз қорғауға көмектеседі

5.Командада жұмыс істей білу.

6.Стрессті басқару-психиканың жай-күйін басқару, стресстің пайда болуын болдырмау немесе кем дегенде оның денсаулыққа әсерін азайту мүмкіндігі.

7. Кәсіби имиджді сақтау, оның ішінде сыртқы көріністерде (киім кию үлгісі, сөйлеу манерасы, сөз саптауы жатады).

8.Сыни тұрғыдан ойлау-ақпаратты іздеу және талдау, шешім қабылдау қабілеті. күшті және әлсіз жақтарын анықтау, балама шешімдерді, қорытындылар мен мәселелерге көзқарастарды табу үшін логиканы пайдалану. Сыни тұрғыдан ойлау мәселені немесе белгілі бір жағдайды әртүрлі қырынан қарастыруға және дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі

9. Жұмыстың бөлшектеріне/элементтеріне назар аудару-бөлшектерді басқарады, дұрыстығын қадағалайды, дәл, ұқыпты.

Біз мұғалімнің жеке құзыреттерін қарастырдық (soft skills). Ол қандай дағдылар мен әдістерге ие болуы керек. Бүгін біз сондай – ақ кәсіби дағдыларды қарастырамыз (hard skills − қатаң дағдылар) - білім беру процесінде өте маңызды, бірақ оқыту әдістемесімен байланысты емес мұғалімнің дағдылары.

1. Оқу процесінде жайлы психологиялық орта құра білу

Ыңғайлы орта ынтымақтастық атмосферасын құруға, оқушылармен қарым-қатынас пен өзара түсіністік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Бүкіл сынып оқу процесіне қатысатындай етіп сабақты ұйымдастыра білу

Бала оқуға қызығушылық танытатын кеңістікті дұрыс құру үшін мұғалім қандай мақсатта сабақ өткізетінін немесе сыныптан тыс іс-шара ұйымдастыратынын, сондай-ақ қандай мақсатта және қандай құралдарды қолданатынын жоспарлауы.

Ата-аналармен қарым-қатынастан басқа, басқа мұғалімдермен және қызметкерлермен қарым-қатынасты сақтау қажет: әріптестердің сабақтарына қатысу, Бірлескен сабақтар өткізу, бірге іс-шаралар ұйымдастыру, бірлескен сабақтарда жаңа технологияларды қолдану, жалпы жоспарды ескере отырып стратегиялар мен оқу материалдарын таңдау. Өзара көмек өте маңызды.

Оқытуға қажетті құзыреттерге ие болу өте маңызды.

Егер мұғалім балалар мен жасөспірімдерге нағыз тәлімгер болу идеясына құмар болса және өз ісінің маманы болуға ұмтылса, онда бәрі оның қолында.

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АУЫЛ МЕКТЕБІ МЕН КОЛЛЕДЖДЕР АРАСЫНДА САБАҚТАСТЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

Абилова Х.Ж.
Жаратылыс тану ғылымдарының магистры, Б.Ахметов ат.жоғары педагогикалық колледжінің әдіскері, Павлодар қаласы, Қазақстан

Аңдатпа: Бірізділік қағидалары мен интербелсенділік тәсілдерін физиканы оқытудағы маңызын ашу, жетілдіру:

- сабақтастықпен интербелсенділікті зерттеген еңбектермен танысу және зерттеулерге теориялық жалпылама жасау;
- ғылыми сараптамалар жасау барысында бірізділік қағидаларымен интербелсенділікті күнделікті қолдану негізінде кездесетін қиындықтарды анықтау;

Кілт сөздер: сабақтастық, интерактивтілік, бірізділік, оқыту технологиясы, муьтимедиа, ақпараттандыру, модельдеу.

Оқушының жан-жақты тұлға ретінде қалыптасуын бүгінгі мектеп толыққанды қамтамасыз ете алмауда. Бұл олқылықтың орнын жою үшін мектептерде оқыту әдістемесін бірізділікпен жалғасқан сабақтастықты, ақпарат ағынын қабылдауда технология таңдау мәселесін жаңаша жолға қойып, ізденіске түсу қажет .

Оқу үдерісінде бірізділікпен білім беру, интербелсенді технологиямен астарласып жататындығы белгілі. Бұл мәселелерге А. А. Абдуғадыров, Г.Б.Ахметова, В. С. Гершунский, М.И. Жалдак, Г.Б.Камалова, Ж.Қ.Нұрбековалар және т.б. зерттеу жұмыстарын жүргізді. Дегенмен, физика саласында білім беруді ақпараттандыру арқылы оқыту сапасын арттыру факторы ретінде әдістемелік жүйені дамыту мәселесі жетілдіруді қажет етеді.

Біздің елімізде білім беру деңгейінің бірізділігін қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру жүйесі құрылған.

Физика саласында білім беруді интербелсенді оқыту технологиясына еліміздегі, шетелдердегі даму тенденцияларына ғылыми-теориялық талдау;

Жасалған оқытудың әдістемелік жүйесі жоғары оқу орындарында физика саласында білім

беруде біріздiлікті сақтау мақсатында, мазмұнына, әдістеріне, ұйымдастыру формаларына, оқыту құралдарына және ақпараттық құзыреттілігі - базалық және пәндік құзыреттіліктеріне жауап береді;

Физика саласында білім беруде біріздiліктің педагогикалық шарттары: оқу үдерісіне

ақпараттық коммуникациялық, интербелсенді технологияларды енгізу арқылы оқытушы қызметін кезең-кезеңімен түрлендіруді іске асыру; біртұтас ақпараттық білім беру интернет-ортасы болуын қамтамасыз ету; оқытушы мен студенттердің ақпараттық құзыреттілігін мақсатты түрде қалыптастыру;

Физика саласында білім беруді ақпараттандыруды дамытуға бағытталған білім мазмұны

ақпараттық құзыреттілік қалыптастыруға негіз болады; атап айтқанда:

- «Физика» пәні саласын интербелсенді технология арқылы ақпараттандыруға бағытталған курстың типтік және жұмыс бағдарламалары, біріздiлікті сақтайды;
- физикадан білім беру үдерісін ақпараттандыруға бейімделген зертханалық жұмыстар жүйесі, интербелсенді әдістермен жүзеге асырылады;
- вариативті практикалық және шығармашылық тапсырмалар жүйесі;
- оқу-әдістемелік кешенді оқу үдерісінде пайдалануға арналған әдістемелік нұсқаулар.

Жалпыға бірдей білім берудегі физиканың орны

Қазіргі заманда білім берудегі басты міндет оқушыға іргелі білім беру емес, оның өмірде әлеуметтік бейімделуіне қажет шарттардың орындалуымен бірге өзін-өзі дамытуға дайындығы болып табылады. Бұл бағытта интербелсенді білім беру технологиясы үлкен көмек көрсетеді, мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларда оларды кеңінен қолдану туралы баса айтылған.

Осы мәселені шешуде Білім туралы Заң сөзсіз негіздемелік құжат. Білім беру жүйесінде «оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану» [2] міндеті қойылған.

Мұғалім біріздiлікті сақтау үшін бала бойында мета-сананы – қалай оқу керектігін үйренуді, тұлға ретінде дамуына мән беріп, ықпал етеді. Қазіргі заманда оқушының өзгермелі өмірге дайын тұлға болып шығуы – басты мақсат. Ақпараттық технология мүмкіндіктеріне талдау жаса отыра, мында бас педагогикалық элементті, құрал ретінде айырып айтуға болады:

– интербелсенділік
– мультимедиа
– модельдеу
– коммуникативтік
– өндірістік [18].

Интербелсенділік – электронды білім беру ресурсының ең негізгі оқу құралы болып табылады [19].

Мультимедиа нысандарды көзбен-көргендей қабылдауға көмектеседі, интербелсенділік ойлау мен шешім қабылдау мүмкіндігін береді, ал модельдеу зерттеу нысаны мен үрдістеріне тән реакция қалыптастырады (нысанның сапасы, түрі мен түсінің өзгерісінің визуалды көрінісі арқылы).

Өнімділік – оқушының оқу үрдісі барысында қолданған түрлі ресурстар арқылы нәтижеге қол жеткізуі. Бұл – оқу құралының ішіндегі оқу үрдісінің тиімділігін арттыратын ең маңызды әрі тиімді тәсілі, білім алушының өз бетімен жұмыс істеуіне берілетін жаңа мүмкіндік.

Білім алушының өздік шығармашылықпен жұмыс жасауына, ізденуіне, қажетті материалдарды іріктеп, жинақтауына, оны тиімді қолдануына жасалған жағдай. Атап айтар болсақ:

• жаңа ақпараттарды қолдануға;
• жаңа оқу материалын білуге;
• лабораториялық және практикалық жұмыстарды орындауға;
• виртуалды лабораторияда модельдерді талдау мен құруға;
• оқу үрдісінде «жеке» өнімін: реферат, жоба және т.б. құрастыруға;
• баяндамалар мен презентациялар дайындауға;
• байқау, олимпиада, интеллектуалды сайыстарға дайындалуға;
• оқу-зерттеу жұмыстарын орындауға;
• аралық және ағымдық бақылауға арналған тестілеу жүргізуге ықпалын тигізеді.

Сонымен, физиканы оқыту әдістемесінің дамуындағы бірізділік пен интербелсенді технология заман талабына сай, сапалы білімді қамтамасыз ететін әдістеме ретінде кенінен пайдаланулада. Халықаралық білім кеңістігіне қосылудағы негізгі бағдар – бәсекеге қабылетті жеке тұлға ретінде қалыптастыру. Бұл міндеттерді жүзеге асыру оқу үдерісінің мазмұнын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Ол үшін білім мазмұнын заманауи озық білім технологияларымен жетілдіру қажет. Сонда халықаралық білім кеңістігімен ықпалдастыру – білім беру үдерісін жаңаша ұйымдастырудың жолы болып табылады. Жаңа білім жүйесінде электронды білім беру технологияларын құру және пайдалану жаңғыртудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Біздің елімізде де білім беру қоғамда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге сәйкес білімдермен дағдылардың қосымша көлемін алу үшін олардың өмір бойы білім алу қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған. Қазіргі заман талабына сай қорытындыны «Бірізділіктің бастауыш және орта буын сыныптары арасындағы дидактикалық жетістікке жету – шарты» атты еңбегінде Н.А. Цирулик берген [2].

Жаратылыстану салалары бойынша алатын білім оқушылардың техника мен қоршаған орта құрылымы мен қасиеттерін тануына, дүниетанымын қалыптастыруға, мамандыққа даярлау негіз болады.

Физика курсы оқушылар бойында адам мен техника және табиғат туралы біртұтас түсінік қалыптастыруда өзінің маңызды міндеттерін атқарып келеді. Алайда оның жеке пән ретіндегі мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін білеміз. Оқытудың белгілі бір кезеңінде табиғат құбылыстарын, техникалық феномендерді тереңірек пәнаралық негізде, жалпы теориялық тұрғыда зерттеп қарастырудың қажеттігі туады.

Академик Б.Т. Лихачев бірізділікті өткенмен, бүгінгі және болашақ арасындағы байланыстың орнығуы, үздіксіз оқудағы білім, білік, дағдының жоғары ғылыми-тәжірбиелік негізде қалыптасуы деп баға береді [2].

Барлық зерттеуші педагогтар бірізділікті, сабақтастықты оқытудағы білімді дамыту деп есептейді. Өткен материалды келесі сыныпта оқығанда есте сақтау.

Сабақтастықты дидактикалық тұрғыдан қарастырғанда соңғы алған білімнің жалғасы ретінде білімді, дағдыны және біліктілікті арттыру керек. Бірізділік – үздіксіз, терең білім, қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Физиканы оқытудағы негізгі екі проблема:

1) Көптеген физикалық құбылыстарды физика кабинетінде демонстрация жасау мүмкін емес. Олар: микроәлем құбылыстары, тез өтетін процесстер, не кабинетте жоқ приборлармен, құрал-жабдықтармен жасалатын тәжірбиелер. Ал, компьютер осындай құбылыстардың моделін жасап, оқушыға ойша көзге елестету мүмкіндігін береді. Процесстің қалай жүрып жақанын, оның кейбір шарттарының өзгеруіне, сондай-ақ оқу матерниалын тез игеруге оңтайлы жағдай туғызады.

2) Физика – эксперименттік ғылым. Зертханалық жұмыссыз оқу, білу мүмкін емес. Өкінішке орай зертханалық жабдықтар кешені күрделі лабороториялық жұмыстарды, ғылыми-зерттеу әдістерді пайдалануға сай емес, оған қазіргі заманғы жабдықтар талап

етіледі. Осы жағдайдан шығуда АКТ көп көмегі тиеді. Күрделі зертханалық жұмыстарды орындап, оқушының, не студенттің өз қалауы бойынша көрген құбылыстарға талдау жасауға, өзгерістерді бақыдауға соған сәйкес қорытынды, нәтиже шығаруға болады.

Құбылыс жайында не білу керек:

1. Құбылыстың сыртқы белгілері.
2. Құбылыс өтуге қажетті шарттар.
3. Құбылыстың мәнісі және оның өту механизмі, яғни қазіргі ғылыми теориялар негізінде құбылысты түсіндіру керек.
4. Құбылыстың анықтамасы.
5. Берілген (қарастырылып отырған) құбылыстың басқа құбылыстармен байланысы.
6. Құбылыстың сандық сипаттамалары (құбылысты сипаттайтын шамалар, шамалар арасындағы байланыс, байланысты өрнектейтін формулалар).
7. Құбылыстың практикада қолданылуы.
8. Құбылыстың зиянды әсерінен сақтандыру амалдары.

Шамалар жайында не білуі керек:

1. Берілген шамалар қандай құбылысты немесе денелердің қандай қасиетін сипаттайды.
2. Шаманың анықтамасы.
3. Анықтайтын формула (туынды шама үшін берілген шаманың басқа шамалармен байланысын өрнектейтін формула).
4. Бұл қандай шама-скалярлық па, әлде векторлық па.
5. Берілген шаманың өлшем бірлігі.
6. Шаманы өлшеу амалдары.

Заң жөнінде не білу керек:

1. Заң қандай құбылыстар (процестер) арасындағы немесе қандай шамалар арасындағы байланысты кескіндейді.
2. Заңның тұжырымдамасы.
3. Заңнын математикалық өрнегі.
4. Заңнын дұрыстығын растайтын тәжіриелер.
5. Заңның практикада (іс жүзінде) ескерілуі және қолданылуы.
6. Заңның қолдану аясы.

Теория жайында не білу керек:

1. Теория жасауға негіз болған тәжірибелік деректер (теорияның эмпириялық негізі).
2. Теорияның негізгі ұғымдары.
3. Теорияның негізгі баптары (принциптері).
4. Теорияның математикалық аппараты (негізгі теңдеулері).
5. Берілген осы теориямен түсіндірілетін құбылыстар.
6. Теория болжап айтатын құбылыстар және денелердің (бөлшектердің) қасиеттері.

Құралмен танысудың жалпылама жоспары:

1. Құралдың міндеті.
2. Құрал қалай жұмыс істейді?
3. Құралдың құрылысы (құрамдас бөліктері және оларлың байланысы)
4. Құралды пайдалану ережесі.
5. Құралдың қолданылу аясы.

Интербелсенділікті қолданудың түрлері мен әдісі

Физика сабағында интербелсенділікті енгізу үшін мына интербелсенді технологияларды пайдалануаға болады:

– Ұжымдық ойлау әрекеті
– Ойын сабақтары
– Эвристикалық технология

– Сын тұрғысынан ойлау технологич
– Жобалау технология
– Мультимедиалық технология

Интербелсенді технологиясын қолданудың негізгі түрлері:

1) Интербелсенді сабақ
2) Ойын арқылы оқыту
3) Пікірталас сабағы
4) Топпен оқыту
5) Жобалау әдісі
6) Интерактивті тақтаны қолдану

Интербелсенді әдістерді ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолдана отырып пайдалануда әртүрлі мақсат қоюға болады және сабақтың әр кезеңінде міндеттерді айқындап, қол жеткізугі болады:

– көрнекілікті пайдалану
– мұғалім бағыттаушы, оқушы білімді өздігінен алады
– бақылау сұрақтарын қоя білу, диагностика жасау
– шығармашылық – ізденушілік жұмыстар жасау
– виртуалдық зертханалық жұмыстар
– әртүрлі дамыту бағдарламаларын пайдалану
– ақпараттық-анықтамалық жүйені пайдалану
– оқушыларды жобалау технологиясына үйрету
– қашықтық оқыту
– ресурстық қорларды өздігінен пайдалану (интернет, қосымша ғылыми әдебиет, баспасөз).

Физиканы оқытудағы негізгі әдістің бірі – зертханалық әдіс. Ол оқушының өздігінен ізденуіне, эксперимент жасап, зерттеу жүргізуіне мүмкіндік береді. Ақпараттық технологияны пайдалану өз кезегінде оқушы белсенділігін арттырады, ол үнсіз бақылаушыдан, ізденуші – зерттеуші, өз қолымен жасап, қорытынды жасап, баға беретін талдаушыға айналады. Ғылыми негізге сүйенген гипотеза жасайды, шешу жолдарын анықтайды, керек құрал-жабдықты таңдайды. Бұл – оқушының шығармашылық қабілетін дамытады, танымдық ой-өрісін кеңейтеді. Зертханалық жұмыста пайдаланылатын компьютерлік технологиялар екі функция атқарады:

1) компьютер арқылы зертханалық жұмыс жасау
2) зертханалық жұмыс парақтарын пайдаланып нәтижені өңдеу

Компьютерді пайдаланып өткізетін сабаққа мұғалім тыңғылықты, мұқият дайындалуы керек, ол компьютерлік бағдарламаның мүмкіндігін, оқу бағдарламасына салу, уақыт тиімділігін, сонда ғана оқу жоспарын өз уақытында орындау мүмкіндігіне ие болады.

Бірақ, мына жайттар естен шықпауы тиіс:

– Еш компьютер мұғалімді алмастыра алмайды. Тек мұғалім ғана өз жүрек жылуы, сөз мәнері, білімімен оқушыны еңбекке, ой еңбегіне баули алады.

– Компьютерді пайдаланып сабақ өткізуде мұғалімнің алдын-ала дайындық деңгейі жоғары, компьютерлік қолдау талапқа сай болуы керек.

– Эксперименттің компьютерлік үлгісін, қолмен, шынайы жасау мүмкіндігі жоқ жағдайда ғана пайдалануға болады.

– Әр сабақта үнемі, ұзақ компьютерді пайдалану санитарлық талаптың бұзылуына әкеледі, денсаулыққа кері әсерін тигізеді.

Бірізділікті интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып физика пәнінен мектептен колледж арасында сапалы байланыс, білім мазмұнында сабақтастық сақталуы үшін оқыту мен оқудың күрделілігіне оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдану арқылы тиімді шешуге болады. Тақырыптардың байланыста берілуі, мектептен кейін қайталау, не бір орында тоқырау болмай тақырыптар желісі қарапайымнан күрделіге ауысып,

оқушының бұрынғы алған білімі астарласа жүзеге асуы тиіс. Дәстүрлі оқытудан алынған механикалық есте сақтау, үстірт білім алу жағдайларын да ұжымды пайдалануға болады, бірақ мән-мағынасы ескерілмей, терең меңгерілмей, жай ғана жатталғандықтан, керексіз болып, оқушы оны өмірде тиімді пайдалана алмайды. Интербелсенді әдістердің мақсаты – оқушының, студенттің пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімдерін кез келген жағдайда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз ету. Сонымен қатар, физиканы оқытудағы басты назарда – физикалық есептер болып табылады. Физикалық есептерді шығару физикалық түсінікті кеңейтіп, физикалық ойлау жүйесін реттейді, пәнаралық, пәнішілік сабақтастық жүзеге асады. Бірақ, мектептерде есеп шығаруда толық білім беру қорлары пайдаға аспайды, яғни физикалық есептердің ғылымилығы, есепті шығару барысында ықшамдау, елестету, ойлау операциялары жүзеге асады, дидактикалық талаптардың орындалуы, есептеу шапшыңдығы, өткен білімді пайдалану жүзеге асады. Мысалы, «А және Б пунктінен бір-біріне қарсы екі велошабандозшы, екеуі де бірдей 15 км/сағ. жылдыамдықпен жүріп келеді. Екеуінің бір-бірінен ара-қашықтығы 300 км қалғанда «А» пунктінен шыққан велошабандозшының иығынан ұшқан маса 20 км/сағ. жылдамдықпен «Б» пунктінен шыққан велошабандозшыға қарсы ұшады да, онымен «А» велошабандозға қарағанда ерте түседі. Бұндай ұшу маршрутына қызыққан маса екі велошабандозшының бірінен екіншісіне кезек ұшып жүре береді, осылайша екі велошабандозшы кезкенше екі аралықта ұшады». Сонда масаның жүрген жолы қандай? Қандай жол жүріп өтті, есеп қарапайым болып көрінгенмен, шығару жолы күрдеоі. Екі велошабандозшының бір-біріне жақындауы екеуінің біреуімен байланысты санақ жүйесінде берілсе, масаның жолы желмен байланысты санақ жүйесінде берілген. Есептің бірінші бөлімін тез шығарса, екінші бөлімі қиындық туғызады. Себебі, шығарушылар велошабандозшымен байланысты қарастырады. Бұл есептің шешімі – методологиялық, әдіснамалық қағида-салыстырмалылық принципіне сүйенгенде ғана шығады, бұл жерде күрделі есептеу, талқылау керек емес, физикалық түсінік-түйсік қажет.

Физика пәнін оқытудағы сабақтасытықпен біріздiлік қағидаларын сақтауда интербелсенді әдістерді пайдалану оқыту мақсатымен міндеттеріне сай болуы, білім мазмұнына сәйкес болуы шарт. Қазіргі қарқында даму жағдайында физиканы ерте оқыту, оз оқыту, тереңдетіп оқыту қоғам, әлеуметтік топ – ата-ана, оқушылар сұранысына сай жүргізілуде. Білім берудің әр сатысында теория мен практиканың ұштасуы, физикалық түсінік, білім, дағды, білік қалыптастыруда сабақтастық проблемасы, мазмұнға сай шешілуі керек. Бұл зерттеу жұмысында біріздiлік немесе сабақтастыққа қағида ретінде түсініктеме беріледі, солай қарастырылды. Бұрынғы, не алдынғы сатыда алынған білімнің заңды жалғасы келесі білім сатысында мазмұнды ашып, білім алу жүйесінің сапалы, тұрақты дамуын қамтамасыз етсе, әр білім сатысында сана мен танымдық өзгеріс – жүйелі дамуды берсе, онла біріздiлік қағидасының, сабақтастық үдерісінің нәтижесі жоғары болмақ; білім беру тиімділігі артып, кез келген жетілдіру стартегиясы үшін ең маңыздысы жай ғана құрылымдық өзгеріс емес, оқытуды жақсарту мақсаты орындалады.

Тізбекті реттілікпен берілген бағдарлама мазмұны деңгейін жоғарлата отырып, басқа пәндермен сабақтастықта жүзеге асырылады. Физикалық білім беруде физикалық түсінік қалыптастыру да біріздiлікті сақтау, физикалық түсінік, физикалық білім және дағды оқулық арқылы жүзеге асады

Мұғалім, оқытушы интербелсенді әдістерді қолдану арқылы осы пәнді жетілдіреді, ғаламтор желісі арқылы қолжетіміді көптеген модельдеулер бар, оны баламалы шарттардың және іс-әрекет жоспарларының болжамды шынайы әсерлерін көрсету үшін қолданады. Оқыту біріздiлігі мектеппен колледж білім беруде бірлескен жағдайда мына жетістіктерге жетеді:

– Оқу оқушы, студент үшін ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын, сабақтастықтың белсенді үдерісі болып табылады.

– Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау және қайталауды емес, өзара белсенді, ақпараттарыд өңдеу және қорытуын талап етеді.

Бірізділікпен, сабақтастық қағидасының осындай бірлескен ортада тиімділі артады, оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дамиды, олар да әр түрлі көзқарасты тыңдап, өз идеяларын айтып, қорғау дағдысы қалыптасады. Сонымен қатар, бірлескен оқу жағдайында басқа тұжырымдарға күмәнмен қарауға және талқылауға белсенді қатысуға мүмкіндік алады. Білім берудегі сабақтастық – теориялық және тәжірбиелік білімдерді қолданған кезде, анықтаушы фактор ретінде оқыту үдерісінің мазмұны, әдістемесі, технологиясы саласындағы біліммен дағды қалыптастыру шарты болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Филатова Л.О. Преемственность общего среднего и вузовского образования // Педагогика. - 2004. - № 8. - С. 63-69.
2. Стеденкова Н. А. О проблеме обеспечения преемственности образовательных программ в системе непрерывного образования // Қазақстан кәсіпкері. - 2007. - № 3. - С. 33-34.
3. Андреев А. Н. Проблема оценивания качества образования при переходе от средней к высшей школе // Среднее профессиональное образование. - 2003. - № - С. 19-21.
4. Бельгибаева С. А. Использование возможностей flash в создании интерактивных элементов электронных обучающих средств // ПМУ хабаршысы=Вестник ПГУ. Сер. Физико-математическая. - 2007. - № 3. - С. 54-5.
5. Мажитова Л. Х. Информационно-деятельностное обучение физике в техническом университете // Алматы энергетика және байланыс университетінің хабаршысы=Вестник АУЭС. - 2013. - № 4. - С. 86-91.
6. Масырова Р. Р. Использование технологии интерактивного обучения в современной школе // Білім берудегі менеджмент=Менеджмент в образовании. - 2011. - №3. - С. 78-81.

EMBRACING CHANGE: THE NEW GENERATION OF YOUNG TEACHERS

A.A.Ismurzinova
Higher pedagogical college named after B.Ahmetov, Pavlodar, Kazakkhstan
Ismuraliya@mail.ru

Аннотация: В этой статье исследуется преобразующее влияние нового поколения молодых учителей в сфере образования. В ней подчеркивается их использование технологий, акцент на инклюзивности и приверженность созданию динамичной среды обучения, ориентированной на учащихся.

Ключевые слова: молодые учителя, трансформация образования, технологический подход, инновационные методы обучения, культурная осведомленность, адаптация в образовании, обучение, ориентированное на учащихся.

Аңдатпа: Бұл мақалада жас мұғалімдердің жаңа буынының білім беру саласындағы трансформациялық әсері зерттелген. Бұл олардың технологияларды қолдануына, инклюзивтілікке баса назар аударуына және оқушыларға бағытталған динамикалық оқу ортасын құруға деген ұмтылысына баса назар аударады.

Түйінді сөздер: жас мұғалімдер, білім беруді трансформациялау, технологиялық тәсіл, оқытудың инновациялық әдістері, мәдени хабардарлық, білім берудегі бейімделу, студентке бағытталған оқыту.

Annotation: This article explores the transformative impact of the new generation of young teachers in the field of education. The article delves into how these educators are reshaping traditional teaching practices. It highlights their use of technology, emphasis on inclusivity, and commitment to fostering a dynamic and student-centric learning environment.
Key words: Young teachers, education transformation, tech-savvy approach, innovative teaching methods, cultural awareness, adaptability in education, student-centric learning.

In the ever-evolving landscape of education, the emergence of a new generation of young teachers brings forth a breath of fresh air and innovation. These educators, born and raised in the digital age, come equipped with a unique set of skills, perspectives, and a passion for transforming traditional teaching methods. As the torch passes to these individuals, the education system witnesses a dynamic shift towards creativity, adaptability, and a student-centric approach[1,53].

Tech-Savvy and Digital Literacy:

One of the defining characteristics of the new generation of teachers is their innate familiarity with technology. Growing up in a world immersed in digital advancements, these educators effortlessly integrate technology into their teaching methods. From interactive presentations to virtual learning environments, they leverage digital tools to create engaging and interactive lessons that resonate with today's tech-savvy students [2,182].

Collaboration and Networking:

Young teachers, often products of a collaborative and interconnected world, understand the value of networking and collaboration. They readily embrace teamwork, both within and outside the school environment. This collaborative spirit extends beyond the classroom, as these educators actively seek out professional development opportunities, engage in online communities, and share resources with their peers. This interconnectedness enriches the teaching profession, fostering a culture of continuous learning and improvement [3].

Innovative Teaching Methods:

Gone are the days of rote memorization and one-size-fits-all teaching approaches. The new generation of teachers introduces innovative and personalized methods that cater to diverse learning styles. Incorporating project-based learning, gamification, and real-world applications, they strive to make lessons more relevant and meaningful. This approach not only enhances student engagement but also cultivates critical thinking skills essential for success in the 21st century [4].

Cultural Awareness and Inclusivity:

Young teachers, raised in an era that values diversity and inclusion, bring a heightened awareness of cultural differences to the classroom. They are attuned to the importance of creating inclusive learning environments that celebrate diversity. By integrating diverse perspectives into their curriculum, these educators promote empathy, understanding, and respect among their students [5].

Adaptability in a Changing World:

The education landscape is continually evolving, and young teachers, being adaptable by nature, are well-suited to navigate the challenges of change. Whether it's the incorporation of new teaching methodologies, adapting to remote learning environments, or addressing the impact of global events, these educators exhibit resilience and a willingness to embrace change. Their adaptability serves as an inspiration to both students and colleagues alike [6].

As the torchbearers of the education system, young teachers represent a promising future for the field. Their tech-savvy approach, collaborative mindset, innovative teaching methods, cultural awareness, and adaptability contribute to the evolution of education. Embracing the strengths of this new generation ensures that our classrooms remain dynamic spaces of learning, preparing students for the challenges and opportunities of the ever-changing world. The future of education is in capable hands as these young teachers lead the way towards a brighter, more inclusive, and innovative tomorrow [7].

BIBLIOGRAPHY

1.How to speed up the professional development of a teacher. Experience of working with young teachers. / / Rural school. M.-2002. — No. 4.

2.Лапчик М.П. Подготовка педагогических кадров в условиях информатизации образования.М.БИНОМ-2013

3.Эл.ресурс Что такое нетворкинг простыми словами? https://lenta.ru/articles/2023/07/13/networking/?ysclid=lrt6t0dqru650528796

4.Статья "Инновационные методы обучения" (multiurok.ru)

5.Сайлауова, Айбану (2020). Реализация инклюзивного общества в Казахстане. Как успешно внедряется инклюзивное общество в Казахстане?.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТАНЫМАЛ ТЕХНОЛОГИЯЛАР
НОВЫЕ ПОПУЛЯРНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ
NEW POPULAR TECHNOLOGIES IN EDUCATION

Ахметова Гульмира Кабатаевна
Б.Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі, Павлодар қ.Қазақстан
gulya_2987@mail.ru

Аннотация: В данной статье рассматриваются популярные технологии в образовании. Автор описывает основные популярные технологии как: виртульная реальность, искусственный интеллект, мобильные приложения. Цифровые технологии доказали свою эффективность в образовательной среде, и в настоящее время инновации в педагогике уже стали основным трендом. Изучение новых технологий становится необходимостью.
Ключевые слова: популярные технологии, виртуальная реальность искусственный интеллект, мобильные приложения.
This article discusses popular technologies in education. The author describes the main popular technologies as: virtual reality, artificial intelligence, mobile applications. Digital technologies have proven their effectiveness in the educational environment, and currently innovations in pedagogy have already become the main trend. Learning new technologies is becoming a necessity.
Key words: popular technologies, virtual reality, artificial intelligence, mobile applications.

Ақпараттық дәуір адамзат бұрын-соңды көрмеген деректер мен мәліметтерге қол жетімділікті, қарапайым қарым-қатынас пен өзара байланыстың тиімді жолдарын ашты. Соңғы екі онжылдықта технологияның қарқынды дамып келе жатқаны сонша, білім беру жүйесі олардың шексіз әлеуетін тиімді түрде қолдана бастады. Интернет-ресурстар мұғалімдердің пайдалануы үшін тамаша ақпараттық қор болып табылады, ол көптеген мәселелерді шеше алады және оқыту мен оқуды жеңілдетеді.

Білім берудегі жаңа технологиялар Қазақстандағы білім ортасына, білім беру жүйесіне өзгерістер енгізуде. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуын ескере отырып, мектептер мен басқа да білім беру мекемелері оқытудың жаңа инновациялық әдістерін қолдануға дайын болуы керек. Сарапшылар білім беру процесін жақсарту үшін ең жаңа технологияларды қолдануға көп көңіл бөлінеді деп болжайды. Бұл жағдайда дәстүрлі әдістерді жаңа құралдармен үйлестіру маңызды.

Қазіргі таңда білім берудегі жаңа технологиялар қандай ?

Виртуалды шындық

Виртуалды шындық-бұл білім беруде танымал бола бастаған технология. Бұл студенттерге сыныптан шықпай-ақ мәлімет алуға және өз дағдыларын сынап көруге мүмкіндік беретін орта құруға жағдай жасайды. Мысалы, виртуалды шындық

студенттерге күрделі математикалық ұғымдарды түсінуге немесе жаңа жабдықпен жұмыс істеуге үйретуге көмектеседі.

Виртуалды шындық терминін алғаш рет 1989 жылы Джарон Ланьер енгізген. Кең мағынада виртуалды шындық дегеніміз қосымша ақпарат алу үшін құрылған белгілі бір коммуникативті орта. Виртуалды шындық арнайы техникалық жабдықты қажет етеді, мысалы: виртуалды көзілдірік, виртуалды дулыға немесе кеңістіктік дисплей. Сонымен қатар виртуалды шындық технологиясын пайдалану үшін смартфондар немесе планшеттер сияқты электронды гаджеттер де қатысуы мүмкін.

Виртуалды шындық білім беруде маңызды рөл атқарады, оқытудың жаңа мүмкіндіктерін ұсынады және оқу материалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Білім беруде виртуалды шындықты пайдаланудың басты артықшылықтарының бірі-иммерсивті оқу тәжірибесін құру мүмкіндігі. VR технологиясының көмегімен студенттер виртуалды ортаға ене алады, бұл оларға нақты өмірде жасау қиын немесе мүмкін емес объектілермен және жағдайлармен өзара әрекеттесуге мүмкіндік береді. Бұл студенттерге оқу материалын жақсы түсінуге көмектеседі, кейде тіпті есте сақтаудың жоғары үлесін қамтамасыз етеді [1] .

Білім беруде VR технологиясын қолданудың мысалы ретінде әлемдік мұражай немесе шет елдік көрнекі жерлерге сырттай саяхат болуы мүмкін. Экскурсия кезінде мектеп оқушылары көрмені немесе көрнекі жерді аралап, заттарды, адамдарды, көшелерді көруге мүмкіндік алады. Виртуалды шындықта оқушылар объектілермен өзара әрекеттесе алады, көзқарастарын өзгерте алады және нақты өмірге қарағанда егжей-тегжейлі көре алады.

Ал VR learn English-лексиканы үйренудің виртуалды құралы. Мұнда виртуалды шындық дулығасының көмегімен оқушылар пәтерде қозғала алады және осы сөздердің дұрыс айтылуын тыңдай отырып, шет тіліндегі объектілердің аттарын көре алады. Мысалы: тоңазытқыш, айна, есік және басқалар.

Жоғарыда айтылғандай, білім беру саласында виртуалды шындықтың бірқатар қосымшалары бар, олар әлі де даму немесе пысықтау сатысында. Бұл бейнефильмге толық ену ойындары, 360° бейнематериалдағы нақты актердің сөйлеуін жазу, онымен диалог жүргізуге болады. Бұл жобаларды іске асыру қаншалықты табысты болатынын болашақ көрсетеді.

Білім беруде виртуалды шындықты пайдалану дәстүрлі әдістерге қарағанда әлдеқайда қызықты және тиімді. VR оқу материалына тереңірек енуге ықпал етеді, сондықтан оны қолдану қазіргі білім беру жүйесінде оңтайлы бола алады.

Жасанды интеллект

Білім беруде белсенді қолданыла бастаған тағы бір технология-жасанды интеллект. Бұл мұғалімдерге әр оқушының жеке қажеттіліктерін анықтау арқылы оқуды жекелендіруге көмектеседі. Сонымен қатар, жасанды интеллект бағалау процесін объективті және дәл етуге көмектеседі.

Жасанды интеллекттің кейбір мүмкіндіктері:

Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың бір мысалы-білім беру процесін жекелендіруге және әр оқушының қажеттіліктері мен білім деңгейін ескеруге мүмкіндік беретін бейімделген білім беру платформалары. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі деректерге сүйене отырып, әр оқушы үшін бірегей сабақтар мен тапсырмаларды автоматты түрде жасай алады.

Сондай-ақ, жасанды интеллект оқытудың ең тиімді әдістерін таңдау және жақсы нәтижеге жету үшін оқушылар тобының оңтайлы мөлшерін анықтау үшін қолданыла алады.

Сонымен қатар, жасанды интеллект көмегімен тапсырмалар мен тесттерді тексеру процесін автоматтандыруға болады, бұл мұғалімдерге оқушылармен қарым-қатынас жасауға, материалды қосымша түсіндіруге және жеке жұмысқа көбірек уақыт бөлуге мүмкіндік береді.

Табиғи тілді өңдеу алгоритмдерін (NLP) пайдалана отырып, жасанды интеллектке негізделген тілдерді үйрену платформалары ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыруға көмектеседі. Бұл платформалар тілдің құрылымы мен контекстін талдау және түсіну үшін машиналық оқыту алгоритмдерін пайдаланады, бұл сізге жекелендірілген және жаңа оқу тәжірибесін беруге мүмкіндік береді [2] .

Келесі платформалар , AI технологиясы ағылшын тілін үйренуге көмектесе алады:

•Duolingo және Babbel-тіл үйренуге арналған қосымшалар. Мысалы, Duolingo және Babbel сияқты қосымшалар оқушының үлгерімін талдау және нақты қажеттіліктеріне бейімделген кері байланыс пен жаттығуларды қамтамасыз ету үшін AI алгоритмдерін пайдаланады.

•Speech linga және Pimsleur-сөйлеуді тану. Жасанды интеллектке негізделген сөйлеуді тану технологиясы айтылым мен сөйлеу дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

•Kuki және Replica-Чатботтар. Чатботтар ағылшын тілін үйренушілерге сөйлесу тәжірибесін ұсына алады. Kuki және Replica сияқты чатботтар оқушымен сөйлесіп, кері байланыс пен тілді жақсарту бойынша ұсыныстар бере алады. Тіпті ChatGPT-те әйгілі OpenAI чатботымен сөйлесуге болады.

•Tandem - бұл тіл алмасу қосымшасы оқушыға сөйлеу тәжірибесі үшін ағылшын тілінде сөйлейтін адамды таңдайды. Бұл қосымшалар оқушының қызығушылықтары мен тіл үйрену мақсаттарына негізделген үйлесімді серіктестерді табу үшін AI алгоритмдерін пайдаланады.

Алайда, жасанды интеллект мұғалімді толығымен алмастыра алмайтындығын және оның жұмысына қосымша ретінде қарастырылуы керек екенін ескеру қажет. Жасанды интеллектке негізделген тілдерді үйренуге арналған платформалар — бұл тілдерді үйренудің жаңа және қызықты әдістері. Олардың тіл үйренуді қол жетімді, жекелендірілген және қызықты ету мүмкіндігі бар. Дегенмен, сіз бұл құралдарды мұғаліммен оқыту, басқа оқушылармен тәжірибе жасау және тілдік ортаға ену сияқты дәстүрлі әдістермен пайдаланған жөн.

Мобильді қосымшалар

Мобильді қосымшалар-бұл білім беруде танымал бола бастаған тағы бір құрал. Олар студенттерге пәндерді компьютерден алыс жерде де үйренуге мүмкіндік береді және білім деңгейін жеңіл әрі қызықты түрде арттыруға көмектеседі.

Quizlet қосымшасы - ол әртүрлі тақырыптар бойынша сөздік қорын үйренуге бағытталған. Оның үлкен ерекшелігі-өз модульдеріңізді жасау және оларды достарыңызбен немесе сыныптастарыңызбен бөлісу мүмкіндігі.

Practice English Grammar қосымшасы. Бұл қосымша ағылшын тілінің грамматикасын үйренуге бағытталған.

Busuu-12 шет тілінде қол жетімді қосымша: ағылшын, неміс, француз және т. б. бұл қосымша лексика мен грамматиканы үйренуге және диалогтық сөйлеуді жақсартуға бағытталған.

EWA қосымшасы-бұл оқу мен ойын-сауық қатар жүретін платформа. Бұл қосымшада сөздер мен сөз тіркестерін, сондай-ақ грамматиканы зерттеу сериалдардың қиындыларын қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жай қарапайым кесінділер емес, қазіргі жасөспірімдер мен жастар оңай қабылдайтын жаңашыл форматтағы сериалдар үзінділері қолданылады. Оқушы бірден сүйікті сериалдың немесе фильмнің кейіпкері айтқан фразаны қолданғысы келеді [3].

Көріп отырғанымыздай, қосымшалардың әртүрлі түрлері бар. Алайда, олардың көпшілігі сөйлеу әрекетінің тек бір түрін дамытуға арналған: грамматика немесе лексика. Жоғарыда аталған мобильді қосымшалар тілдің барлық төрт аспектісін дамытуға үлес қосады.

Цифрлық технологиялар білім беру ортасында өзінің тиімділігін дәлелдеді және қазіргі уақытта педагогикадағы инновациялар негізгі трендке айналды. Жаңа

технологияларды зерделеу қажеттілікке ғана емес, сонымен қатар оқу орындары үшін маңызды бәсекелестік ерекшелікке айналады.

Білім берудегі инновациялық технологиялар оқу процестерін айтарлықтай жақсартады. Олар оқытуды интерактивті және қызықты етеді, ал оқушылар оқытудың жаңа және инновациялық әдістеріне қол жеткізе алады. Заманауи технологияларды кеңінен қолданатын заманауи білім беру процесі білім алушыларға табысты болашақ үшін барлық қажетті білім мен дағдыларды беруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Бойченко И.В. Лежанкин А.В. Дополненная реальность: состояние, проблемы и пути рещения//2010-1(21), часть 2. С.161-165

2. Есионова Е.Ю. Искусственный интеллект как альтернативный ресурс для изучения иностранного языка // Гуманитарные и социальные науки.219.№3 с.11

3.Сергеева М. Э. Новые информационные технологии в обучении английскому языку // Педагог. - 2005. - № 2. - с .162-166

АУЫЛ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Фарида Байбосинова Бакытовна
Атырау облысы Қызылқоға ауданы №75 бастауыш мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

«Сабақ беру-үйреншікті жай ғана
шеберлік емес,ол үнемі жаңадан
жаңаны табатын өнер»
Ж.Аймауытов

Аннотация. Ақпараттық технологиялар және мектептегі білім беруді жетілдірудің әртүрлі инновациялық тәсілдері білім алушылардың жеке даму процестеріне де әсер етеді. Білім алудағы қажеттіліктерді күнделікті сабақта қолдану.Сапалы оқытудың озық технологияларын тиімді пайдалану арқылы оқушылардың оқуға сауаттылығын дамыту. Мұндай технологияларды жүзеге асыру оқушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыруға үлкен үлес қосуға мүмкіндік береді. Оқыту мен тәрбиелеу тұрғысынан мектептегі білім берудегі проблемалар және оларды жеңу жолдары талқыланады

Түйінді сөздер**:** білім беруді ақпараттандыру, жеке қасиеттер, тәрбие, оқушылар, инновациялар.

Ауыл мектептерінде жаңа технологияны қолдану мақсаты- оқытуды ізгілендіру,яғни оқу құралдары оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетін жүргізе алатындай болуы керек.Жаңа педагогикалық технология түрлері өте көп.Шапшаңдылық дағдыларын ұйымдастыра отырып,оқушылардың құзіреттілігін арттыру арқылы шығармашылықтарын дамыту.Балаларды шығармашылыққа баулу.Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз-сабақта немесе сынып сағаттарында қызығушылығын арттыра отырып,өз ойынды еркін және зерттей талпындырып тұжырым жасау.

Бұл жағдайда мектептерде білім беруді ақпараттандырудың заманауи құралдары кіретін әртүрлі педагогикалық және технологиялық инновацияларды енгізу өскелең ұрпақты тиімді тәрбиелеу тәсілдерінің дамуына әсер ете алмайды.

Сыни ойлауды қалыптастыру, проблемаларды шешу дағдылары, ақпараттық технологияларды қолдану, өзін-өзі бағалау және топта жұмыс істеу үшін қажетті компоненттер кірді.Бірлескен және инновациялық қызметке, , технологияларды көруге, кері байланысты тиімді пайдалануға және объективті өзін-өзі бағалауға дайындықты қалыптастыру білім беру жүйесінің басшы персоналын даярлау мен қайта даярлаудың нысанасы болуға тиіс.. [1]. Білім алушылардың тұлғалық дамуы бағытында білім беру жүйесінің инновациялық дамуын қиындататын негізгі проблемалардың қатарына зерттеушілері әрбір ұсынылған өзгеріс шын мәнінде оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыруға әкелмейтінін жатқызады. [2]: — білім алушылардың өзара іс — қимылын көтермелей отырып және олардың тәрбиесіне ықпал ете отырып, оқытуды негізгі қызмет түрі ретінде қарастыру; — оқыту мен тәрбиелеу кезінде білім алушылардың бірлескен іс-әрекетіне сүйену;

Мектепті тәмамдап шыққан оқушы бүгін алған білімнің пайдасы, жаңалығы туралы айта алаын дәрежеде оқыту мен тәрбие міндетін қалай ұйымдастыруға болады? Бүгінгі күн талабына сәйкес болып, жаңа кәсіби міндеттерді шешуге дайын болу үшін не істеу керек? Осы сұрақтарды шешудің бір жолы – білім ұяларында инновацияны қолдану, яғни мұғалімнің жаңа қаруы ретінде инновациялық әдіс–тәсілдерді кеңінен пайдалану. Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес жаңа белсенді әдіс-тәсілдерді қолдананып, формативті бағалауға, кері байланысқа ерекше көңіл аударып келем. Инновациялық әдіс-тәсілдерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолдану-ұйымдастырылған оқу іс-әрекетті қызықты, эмоционалды байытылған, ашық, көрнекі өткізуге тиімді.

Оқытудың дербес, топтық, даралап оқыту тәсілдері жетерлік. Жекелеген жүйелер мен әдістер ғана емес, барлық дидактикалық мақсаттарды қуаттайтын педагогика ғылымы мен мектеп тәжірибесінің жетістіктерінен туындайтын жаңа технология – уақыт талабы. Жаңа технологиямен оқыту – білімді, алғыр, жан-жақты дарынды, шығармашылық ізденіспен зерттеу жұмысын жүргізе алатын оқушы қалыптастыра отырып, өз ойын еркін жеткізуге үйрету. Тіл – қастерлі, қасиетті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Ана тілін сүйген адам туған жерін, елін, Отанын, атамекенін сүйеді. Ал, бұлардың бәрі – адам баласы үшін ең қасиетті ұғымдар.

Сонымен тек бастауыш сынып сабақтарында ғана емес, кез келген, мысалы жаратылыстану, музыка сабақтарында да тиімді, диалогтік оқытудағы орынды ұйымдастырылған рөлдік ойындар оқушыларда танымдық, эмоционалдық, әлеуметтік дағдылардың қалыптасуына, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауына зор мүмкіндік береді. Әсіресе, дәл қазіргі уақытта, жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу барысында оқушы кең ауқымды дағдыларды практикалық тұрғыда қолдануға жаттығады, функционалды сауатты тұлға болуға тырысады. Сабақтарда сыни тұрғыдан ойлана отырып, өзіндік пікір, көзқарастары қалыптасады, басқаның пікірін тыңдау, қабылдау, өмірмен байланыстыра сөйлеу, достарының ойларымен санасу және оларды сыйлауға үйренеді, бастысы-метатанымы қалыптасады. Яғни, оқушының өз қалауымен оқуға, білім алуға деген құлшынысы оянады. Өз қалауымен үйренген білім өте сіңімді болары сөзсіз.

Мен өзімнің 24 жыл еңбек өтілімнен алған тәжірибем бойынша айтар болсам, ақпараттық технологияларды қолдану - оқушылардың танымын жан-жақты дамытудың

басты құралы екені маған таныс. Мультимедиялық оқулықтарды тиімді қолданып, білім беру қызметін жоғары деңгейде жүзеге асыруға болады. Мұндай оқулықтарды пайдалану, ең алдымен, оқушылардың оқу қызметіне деген қызығушылығын, білімі мен белсенділігін арттырар еді. Мультимедиялық оқулықтар – оқушылар үшін таптырмас құрал. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастырады, шығармашылықпен жұмыс істеуге ықпал етеді. Электрондық оқытуда мультимедияны қолдану оқушылардың ақпарат беру және түсіну жылдамдығын арттырып қана қоймай, интуицияны, елестететін ойлауды және басқа да маңызды қасиеттерді дамытады. Интерактивті тақтаны оқушыларға қолданудың көптеген әдістері бар. Бұл презентациялар, интерактивті оқулықтар, графикалық дизайн, бағдарламалық жасақтама орталықтарындағы жобалар. Сонымен, интерактивті оқыту технологиясының басты ерекшелігі – оқушы білім беру процесінің пассивті тыңдаушысы емес, қажетті материалмен тікелей жұмыс жасайтын белсенді қатысушы. Бұл заманауи білім берудің жаңа технологияларының арқасында мүмкін болды. Оқушыларға инновациялық ақпараттық қарым-қатынас технологиясы құралдарын қолданудың мақсаты-оқушының танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Яғни, оқушының танымдық қызығушылығының болуы оларға білім беру іс-әрекетінде белсенді, білімінде сапалы болуға, жағымды мінез-құлықты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында өз тәжірибемде үздіксіз «Сұраққа жетіп ал», «Джигсо» әдісі, «INSERT» әдісі, «Кластер» әдісі , «Өрмекші» әдісі, «Қар кесегі», «Дауыстап ойлау», «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі», «Қара жәшік» ішіндегі жұмыс, «Бес саусақ» т.б әдістерді түрлі методикалық тәсілдерді пайдалана отырып оқытуды жүзеге асырып келемін. Белсенді әдістер бойынша білімді үнемі бүгінгі жас ұрпақ тәрбиеленушілерге меңгертіп отырсақ, балалардың жаңаша көзқарасы дамиды.

Мысалы, оқушының ойлау қабілетін дамыту мақсатында «Миға шабуыл», «Галереяға саяхат», «Кім жылдам?» әдістерін қолдану, бұл оқушының сол сабақтың өн бойында қызығушылығы артады деген тұжырым пайда болды. Сабақ барысында топтық, жұптық, жеке жұмыстарды орындаудың да оқушылар үшін де, мұғалім үшін де маңызы зор. Оқушылар арасында топтық жұмыстарды үздіксіз жасай отырып, сыныпта «сабаққа қатыспай отыру» деген бірте-бірте жойылатындығын байқадым. Топтық жұмыста «Елші әдісі», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Айналмалы бекет» әдістері арқылы тапсырмаларды орындату оқушының көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін үйрену, өз ойын еркін жеткізе білуге жол ашады. Бұл менің қазақ тілі және әдебиеттік оқу сабақтарында жиі пайдаланатын әдістің бір түрі болып табылып отыр. Сондай-ақ топтасып орындаған жұмыстарын сыныптастарының алдында қорғау оқушының жауапкершілігін арттырады. Жұптық жұмысты орындау барысында «Фишбоун», «Көзілдірік», «Жүйрік болсаң тауып көр» әдістері оқушылардың бір-біріне деген сенімділігі, сыныптасқа деген ізет, құрмет қалыптасады. Мен көбіне жұптық жұмыс орындауда сәйкестендіру, диалог құрау секілді тапсырмаларды ұсынғанды жөн көремін.

Ақпараттандыруды қолдана отырып, әдіс-тәсілдерді қолдану оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. Мұндай міндеттер оқушылардың оқыған тақырып бойынша білімдерін өз деңгейінде көрсетіп, кейбір болжамдар бойынша өз ойларын жеткізе алатындай, пікір- көзқарастарын нақтылап, жаңа ұғым-түсініктерін дамытуға орайластырылып құрылады. Осы технологияны сабақта қолдану барысында мұғалім жекелеген оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсінуге ұмтылу, оқушылардың білім түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұтымды және кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі сынды басымдықтарға ие болады.

Сабақтың сапасы — мектептің маңызды міндеттерінің бірі. Көпшілік мұғалімдер оқушылардың өздері оқу сабағының сапасына еш қатысы жоқ деген нық сенімде:

«Көбірек қаталдық және тәртіп, көбірек сабақтағы жұмыс, сонда біз жоғарғы сапаны қамтамасыз етеміз». Жоқ, олай болмайды. Бүгінгі білімнің сипаты өзгерген. Қазіргі жылдам, жанталасқан үрдістер, құндылықтардың бағалануы білімді бүкіл өмір бойына түгел алып шығуға мүмкіндік бермейді. Бұл, ендеше, бастауыш сынып пәндерін оқыту үрдісін өзгертуді талап етеді, ол дегеніміз — басты міндет болып білімді игеру әдістемесі тұр деген сөз.

Қорытындылай келе, мұғалім ең алдымен инновация туралы түсінікке ие болуы керек деп келесідегідей ойымды тұжырымдаймын. Қазіргі педагогикадағы инновация – білім беру, тәрбие жұмысына жаңашылдықты енгізу, яғни жаңа әдістер, құралдар, жаңа тұжырымдар жасау және оларды қолдану ретінде анықталады. Инновация құрал және процесс ретінде кез-келген жаңалық енгізу жұмыстарын қамтиды. Біз «Болашақ – жастардікі» дейміз. Расында, алдағы жылдарда елді дамытатын да, сол дамыған дәуірдің жемісін көретін де - жастар. Жастарымыздың білімді, денсаулықтары мықты болып өсулері үшін ғана емес, сонымен қатар, олардың өз елінің шынайы патриоттары болып ержетуі жолында тер төгу бүгінгі аға буын өкілдері ұстаздар қауымы үшін зор міндет жүктеліп отыр. Ұстаздар қауымына нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік дағдылы жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді.

Бастауыш сынып пәндерін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалану – ұстаздан күнделікті ізденуді талап етеді екен. Сонымен бірге, қай ресурстың, қай стратегияның миға шабуыл жасауға мүмкіндігі мол екендігі туралы ойланып, педагогикалық тұрғыдан дұрыс шешім қабылдап отыру үлкен шеберлікті қажет етеді. Педагог әдіс-тәсілдерімді жетілдіріп, сыни тұрғыдан ойлауды дағдыландыруды дәстүрге айналдырулары қажет. Оқушыларды өмір сүруге икемді біліммен, қажетті дағдылармен және қасиеттерімен қаруландыру – біздің негізгі міндетіміз деп білемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Білім» бағдарламасы – Астана: 2010
2.Андреев В. И. Педагогика: учебный курс для творческого самораз-вития.
3.Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. Алматы 2013

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ: КӘСІБИ ДАМУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕ

Базылбаева Эльмира Егинбаевна
«Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кеңтүбек ауылы, Май ауданы, Павлодар облысы
elmira_010878@mail.ru

Аңдатпа. Сабақты зерттеу-мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Сабақты зерттеу тәсілі арқылы мұғалімдер кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытады, өзара бірлеседі және педагогикалық идеялармен бөлісуге қолжетімді ыңғайлы орта құрады. Сабақты зерттеу мақсатының түпкі идеясы мұғалімдердің кәсіби дағдыларын арттыру арқылы оқушылардың білім деңгейлерін көтеру.
Түйінді сөздер. Сабақты зерттеу, кәсіби даму, бақылау әдістері, ADKAR моделі, сабақты жақсарту, мұғалімнің кәсіби дамуы, бірлескен жұмыс.
Аннотация. Исследование урока- педагогический подход, характеризующий особую форму исследования в действии на уроках, направленную на совершенствование знаний в области учительской практики. Благодаря методу изучения урока учителя постоянно развивают свои профессиональные навыки, сотрудничают друг с другом и создают

комфортную среду для обмена педагогическими идеями. Профессиональный рост педагога является одной из актуальных проблем педагогики. А залогом качества образования является профессиональная подготовка и мастерство учителя.
Ключевые слова. Изучение урока, повышение квалификации, методы наблюдения, модель ADKAR, совершенствование урока, повышение квалификации учителя, совместная работа.
Abstract. Lesson research is a pedagogical approach that characterizes a special form of research in action in the classroom, aimed at improving knowledge in the field of teaching practice. Thanks to the lesson learning method, teachers constantly develop their professional skills, collaborate with each other and create a comfortable environment for the exchange of pedagogical ideas. The professional growth of a teacher is one of the urgent problems of pedagogy.
Keywords. Lesson learning, professional development, observation methods, ADKAR model, lesson improvement, teacher professional development, collaboration.

Кәсіби даму-әр маманның өз дағдысы мен біліктілігін арттыруы, кәсіби тұлғалық қасиеттерін жетілдіре отырып сапалы маман болу. Бұл үдеріс өз нәтижесін көрсету үшін әдетке айналып, оны күнделікті жұмыс үдерісінің элементтіне айналдыру өте маңызды. Осындай дағдылар мен үдерістерді үнемі жетілдіріп отыру ұстаздар үшін ең маңызды. Себебі білім бір орында тұрмайды, үздіксіз дамып отырады. Әр күн сайын біз жаңа ашылулар, жаңалықтар оқып көруімізге болады. Сол жаңалықтардың бірі жаңаша тәсіл-Сабақты зерттеу. [1, 7 бет]

Сабақты зерттеу-мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Сабақты зерттеу тәсілі арқылы мұғалімдер кәсіби біліктілігін тұрақты түрде дамытады, өзара бірлеседі және педагогикалық идеялармен бөлісуге қолжетімді ыңғайлы орта құрады.

Мұғалімнің кәсіби өсу-педагогиканың өзекті мәселелерінің бірі. Ал білім сапасының кепілі-мұғалімнің кәсіби дайындығы мен шеберлігі. Оқушылардың білім сапасы мұғалімнің кәсіби даму деңгейіне тікелей тәуелді екені баршаға мәлім. Сабақты зерттеу мақсатының түпкі идеясы мұғалімдердің кәсіби дағдыларын арттыру арқылы оқушылардың білім деңгейлерін көтеру. Сабақта зерттеу үдерісінде мұғалімдердің қауымдастығы өзара әрекеттендіру барысында қарым-қатынасы жақсарады. Тәжірибемен бөлісу, жаңа идеяларды ортаға салу арқылы мұғалімнің кәсіби деңгейінің өсуіне ықпал етеді. Сабақты зерттеу үдерісіне әрбір қатысушысының өзінің сабақ беру тәжірибесіне әріптестерінің бірлесе істеген жұмысының сапасына жауапкершілік езіледі, мұғалімнің көшбасшылық қабілетін артады. Осы тұрғыдан мұғалімнің күнделікті оқыту тәжірибесін зерттеуі ішкі білім алудың аса тиімді тәсілі болып табылады, өйткені олар мұғалімдерді өз тәжірибелеріне терең үңіліп, оған сыни көзбен қарап, өз жетістіктері мен кемшіліктерін талдау негізінде шеберлігін шыңдауға мүмкіндік берді. [2, 78 бет]

Сабақты зерттеу-сабақ тәжірибесін жетілдірудің тиімді жолдарын анықтау үшін, сабақты зерттеу үдерісінде өзгерістерді басқару қажет. Яғни, білім беру үдерісінде кедергілерді диагностикалау, өзгерістерді тиімдірек ету үшін нақты қадамдарды анықтау, жаңаша әрекетке ынталандыратын орта құру, стандартты емес тапсырмаларды шешуге жағдай жасау, Soft skills дамыту.

Оқыту кезінде не болуы керек және шындықта не болатыны арасындағы айырмашылықты көру. Сабақтан кейін мұғалімнің жұмысы емес, оқушыны бақылау нәтижесі талданды. Рефлексия оқушылардың оқу процесіне қалай қатысатыны туралы ақпаратты пайдаланды.

Сабақты зерттеу барысында мұғалімдер оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратындай етіп жоспарлауды түсініп, сабақтың тиімділігін арттырудың жолдарын айқылдады. Сабақтарына талдау, рефлексия, кері байланыс беру дағдылары жетілдірді.

Зерттеу сабақтарын өткізу мұғалімдерді жұмылдырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға ықпал етті. Әріптестер арасында сенімді қарым-қатынас орнатылды, нәтижеге барлығы жауапты болатын командада жұмыс істеуде үйренді.

Lesson study сабақты зерттеу, мұғалім мен оқушылардың іс-әрекетін сабақ барысында зерттеу болып табылады. Lesson study-дің негізгі мақсаты – білім беру, оқыту, оқу сапасын арттыру және жетілдіру. Lesson study педагогикалық тәсілін іске асыру үшін не істеу қажет? Топ құру, сабақты жоспарлау, оқу процесін бақылау, сабаққа талдау жүргізу. Топ құрудың екі әдісі: пәндік проблемаға байланысты, сыныптық проблемаға байланысты құрылады.

Сабақ жоспарлаудың мақсаты – сабақ беру барысында туындаған қандай да бір өзекті мәселені, теориялық, әдістемелік немесе қарым-қатынас саласындағы проблемаларды шешу. Анықталған проблемаларды шешу мақсатында бірлесе сабақ жоспарлауда зерттеуші мұғалімдер сабақтың мақсатын қою, күтілетін нәтижені айқындау және сабақ құрылымына сәйкес әдіс-тәсілдер, тапсырмалар мен ресурстарды таңдайды. Мұғалімдер кездесулер жасай отырып, берілген ұсыныстар негізінде сабақтарға түзетулер енгізеді және дайын болған сабақ жоспарын барлық топ мүшелеріне таныстырып, сабақ өткізуге ұсынады.

Оқу процесін бақылаудың 4 әдісі:

1. Транскрип әдісі – сабақты бақылаушы мұғалім арнайы бақылау парағына мұғалім мен оқушылардың сөзін жазып алады. Бұл сабақтың мазмұнын анық көрсетуге мүмкіндік береді.
2. Оқушыларды бақылау әдісі – бақылаушы мұғалімдер оқушыларды деңгей бойынша таңдап, барлық әрекетін жазып алады. Бұл оқушылардың қажеттілігін дәл анықтауға көмектеседі.
3. Хронология бойынша бақылау әдісі – бақылаушы мұғалім сабақта сәтті шыққан немесе дамытуды, өзгертуді қажет ететін тұстарды арнайы стикерлерге жазып алады, уақыты бойынша орналастырады. Бұл сабақтың бөлімдеріне дәл баға беруге көмектеседі.
4. Парталардың орналасуы бойынша әдіс – мұғалім мен оқушылардың әрекеттерін сызба түрінде көрсетуге мүмкіндік береді. [3, 78 бет]

Сабақты талдау кезіндегі басты мақсат – мұғалімдердің іс-әрекетін емес, оқушылардың оқу процесін бағалау. Мұғалім сабақты талдау нәтижесінде, «оқушылар оқу мақсатына неліктен қол жеткізді немесе жеткізе алмады?», «қойылған мәселені шешудің тиімді тәсілдері бар ма?» , «сабақты қалай өзгертуге болады?» деген сұрақтармен жұмыстанып, келесі сабақтарын дайындау кезінде жаңа идеялар ала алады.

Сабақтағы іс-әрекетті зерттеу арқылы қандай нәтижеге қол жеткізуге болады?

Lesson study мұғалімдердің бақылау дағдыларын дамытып, қауымдастықта бірлесе жоспарлауға жақсы мүмкіндіктер береді. Оқытудың нәтижесінде оқушылардың қажеттіліктерін барынша қанағаттандыратындай етіп, қалай сабақты жоспарлау керектігін түсінуге көмектеседі. Бұл тәсіл арқылы оқушылардың қаншалықты білім алғандығын анағұрлым әр қырынан анық және егжей-тегжейлі дәлелін көруге болады. Lesson study тәжірибелі мұғалімдермен қатар, жас мамандарға да кәсіби жетілуге көмектеседі. Себебі, бірлесе отырып жоспарлау, бақылау және талдау арқылы оқыту жайлы ортақ пікір қалыптастырамыз.

Lesson study үдерісінде өзгерісті басқару қадамдар:

- Білім беру үдерісінде кедергілерді диагностикалау. Диагностикалау оқытуда қол жеткен табыстардың жолдарымен байланыстыра отырып, оқыту өнімділігінің динамикасын, тенденцияларын қарастыру.
- Өзгерістерді тиімдірек ету үшін қадамдарды анықтау. Өзгерістерді басқару процесіндегі ең маңызды нәрсе - ұйымдағы өзгерістерді қашан және қалай жүзеге асыратыныңызды нақты түсіну. Өзгерістерді басқару – бұл ауқымды өзгерістерді кезең-кезеңімен жүзеге асыру процесі.

- Жаңаша әрекетке ынталандыратын орта құру. Инновацияларды өзгермелі жағдайына ілесу үшін өз өзгерістерін жеделдетудің ең маңызды жолы ретінде қарастыру керек.

Өзгерістерді басқару үшін ADKAR моделіне сәйкес:

Өзгеру қажеттілігін сезіну үшін білім беру үдерісінің диагностикасын өткіздік. Оның ішінде сауалнамалар, мониторинг жүргізілді. Диагностикалау оқытуда қол жеткен табыстардың жолдарымен байланыстыра отырып, оқыту өнімділігінің динамикасын, тенденцияларын қарастырдық. Бұл жерде мұғалімдерге өзгертулер не үшін қажет екенін және өзгерістер болмаған жағдайда қандай ықтимал тәуекелдер болуы мүмкін екенін жеткізу керектігін басты мақсатқа қойдық.

Екінші кезеңде негізгі мәселе мұғалімдердің өзгерістер процесіне қатысуды қалайтындай жағдай жасау болып табылады, яғни олар бұған жеткілікті түрде ынталандырылады. Менеджмент үшін бұл кезең өзгерістердің қажеттілігін түсінуді қамтамасыз етумен салыстырғанда қиынырақ, өйткені бірінші жағдайда міндет тек қызметкерлерге ақпаратты жеткізу болып табылады, ал қалауды «қалыптастыру» басшылықтың тікелей бақылауында емес. Сондықтан, өзгерістерді қолдау үшін, әрине, команда болу керек. Оның құрамына мектеп көшбасшылары (мектеп директорының орынбасалары, мектеп тренерлері, ӘБ жетекшілері) кірді.

Осылайша, қызметкерлер өзгерістердің қажеттілігін біледі және оған қатысуға жеткілікті ынталы. Өзгерістерді сәтті жүзеге асыру үшін қажетті білімді алуға байланысты қалай өзгеруді білу үшін мектепте тренинг, коучинг, әдістемелік отырыстар ұйымдастырылды.

Келесі қадам, өзгерістерді еңгізу барысында оқыту мен оқу үдерісін жақсарту мақсатында LS әдісін пайдалану шешім қабылданды. Оқушыларды оқытуға көңіл аудара отырып, оқытуды жетілдіру және оның сапасын арттыру құралы ретінде мұғалімдерге LS әдісі ұсынылды. Практиканы жетілдіру құралы ретінде LS қалай пайдалануға болатын мұғалімдер топтарының арасында көрсетілді. Мұғалімдердің өзгерістерді жүзеге асыру және қажетті нәтиже деңгейіне жету қабілетімен байланыстырылды.

Өзгеріс нәтижесін бекіту және жалғастыру үшін рефлексия, бағалау және түзету әрекеті жүзеге асырылды. Әрбір мұғалім деңгейінде де, жалпы ұйым деңгейінде де енгізілген өзгерістерді күшейту және қолдау басты міндет болып табылады. Қол жеткізілген нақты нәтижелермен күшейтудің ассоциациясы бұл жерде өте маңызды. Сол үшін өзгерістерді қолдау жүйесін құру шешім қабылданды. Барлық мұғалімдер осы кезеңде қанша тапсырма орындалғанын көре алатындай етіп, атап айтқанда, орындалған тапсырмалары бар виджетке баса назар аударылды.

LS үдерісінде қазіргі жүргізіліп жатқан жаңа форматтағы сабақтарда оң нәтижеге жеті ушін мектебімізде LS кейсі әзірленді. Кейс 3 бағытқа бөлінді.

Бірінші бағыт - нормативті қолдау. Осында мектептің локальды актілері, бұйрықтар, жоспарлар, отырыс хаттамалары жинақталған.

Екінші бағытта – оқу – әдістемелік қолдау. Осында сабақты зерттеу және мұғалімдер тәжірибесіне сабақты зерттеуді енгізу тәжірибесі бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттер, зерттеу сұрағын құрастыру әдістемесі, LS үдерісінде фокус тобын құру әдісі (пәндік проблемаға байланысты, сыныптық проблемаға байланысты), сабақта бақылау әдістері (транскрипт әдісі, AR әдісі, хронология бойынша бақылау әдісі, мұғалім мен оқушының әрекеттерінің сызба әдісі), LS үдерісінде 3 түрлі мақсат қою әдіснамасы (сабақты зерттеу мақсаттары мектептің қажеттілігіне байланысты өзгереді: бірінші сабақты зерттеудің бір тақырыбына шоғырланады, екінші оқу дағдыларын жетілдіруге бағытталған, үшінші бақылау дағдыларын жетілдіру), коучинг, семинар, тренингтер жинағы.

Үшінші бағыт – диагностика және бақылау. Мында оқу тәжірибесінің нәтижелерін өлшеу үшін:сабақты бақылау парағы, оқушымен сұхбат, бақылаушы чек-парағы, кері байланыс парағы, сарапшы хаттамасы, сабақты өткізген мұғалімнің рефлексиялық

күнделігі, саулнамалар жинағы, А, В,С тобындағы оқушылар мінездемесі, рефлексивті есепті құру әдістемесі жинақталған.

Нәтижелер:

• Мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау жүйесі LS кейсі әзірленді және жұмыс істеуі.

• Педагогикалық тәжірибеде заманауи педагогикалық техникаларды, технологияларды және тәсілдерді қолданатын мұғалімдердің үлес салмағының артуы.

• Тәрбиелік қарым-қатынасқа қатысушылардың оқу қызметінің нәтижелеріне қанағаттану деңгейінің артуы.

• Пән мұғалімінің оқыту сапасын арттыру (Lesson Study) пән бойынша сапа тобының қатысуын, оқушылардың олимпиадаларға, жарыстарға қатысуының артуы.

Қорытындылай келе, зерттеу сабақтарын өткізу мұғалімдерді жұмылдырып, кәсіби шеберліктерін шыңдауға, тәжірибе алмасуға ықпал етті. Әріптер арасында сенімді қарым-қатынас орнатылды, нәтижеге барлығы жауапты болатын командада жұмыс істеуде үйренді. Ең бастысы, балаларды оқуға үйрету!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектеп тәжірибесіндегі сабақты зерттеу тәсілі. Жаксылыкова Г.Т, Оспанов Е.Т. Нұр-Сұлтан, 2020 ж

2. Мұғалімге арналған үлестірмелі материалдар, 2014, 2015 жж. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. “Назарбаев Зияткерлік мектептері” ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы.

3. «Сабақты зерттеу: Қазақстан мектептерінің тәжірибесі» облыстық ғылыми-практикалық конференциясы материалдарының ЖИНАҒЫ, Павлодар 2021

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ
ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА
THE EFFECTIVENESS OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN ENGLISH LESSONS

С.М.Ельшебаева
«Көктөбе жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Павлодар облысы, Қазақстан
ysm220785@mail.ru

Аннотация: Ағылшын тілі сабағында заманауи инновациялық технологиялардың ішінде ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың тиімді қолданылуы білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын, пән бойынша білім сапасын арттырумен қатар, ұстаздардың шеберлігін, ізденімпаздығын шыңдауға үлесін қоса алады.

Аннотация: Эффективное использование информационно-коммуникационных технологий как современную инновационную технологию на уроках английского языка может способствовать повышению мастерства и любознательности учителя, а также повышению интереса и качества обучения учащихся по предмету.

Annotation: The effective use of information and communication technologies as a modern innovative technology in English lessons can contribute to improving the teacher's skill and curiosity, as well as increasing the interest and quality of students' learning the subject.

Кілтті сөздер: инновация, сапа, педагог, дағды, игеру, әдіс, интернет желісі, дамыту, үрдіс.

Ключевые слова: инновация, качество, педагог, умения, навыки, освоение, метод, интернет, развитие, процесс.
Keywords: innovation, quality, teacher, skills, mastering, method, Internet, development, process.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде инновациялық технологиялары білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай пайдалану, білім алушылардың шығармашылық сапа қасиеттерін дамытып, интеллектуалдық пәрменділігін арттыру мақсатында пайдалануға негізделеді. Білім жүйесіндегі инновация – білім мақсатына жаңашылдықты енгізуді көздейді, оқыту мен тәрбиенің жаңа әдісі мен түрлерін, жаңа мазмұнын әзірлеуге, қолдануға ұстаздар тәжірибелік қорын жинайды.

Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар ең бірінші келесі жайлар маңызды роль атқаратын жүйешелерден тұрады:

- Технологиялық инновациялар – жаңа білім беру технологиясы;
- Педагогикалық инновациялар – оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық инновациялар – жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа институционалдық формалар;
- Экономикалық инновациялар – білім беру саласындағы жаңа экономикалық механизмдер.

Білім берудің жаңа жүйесі келесі принциптерге негізделген:

1) Білім беру жүйесін дамыту проблемасын тек білім беру жүйесі деңгейінде ғана емес, сонымен қатар, жалпы мәліметтік саясат және халықаралық деңгейде шешу;
2) Білім беру менеджментінде жүйелілік принципін барлық деңгейде жүзеге асыру;
3) Білім беру ұйымдерындағы қаржыландыру мен ұйымдастырудағы мемлекеттік ролін қайта қарау;
4) Білім беру қызметі нарығын дамыту;
5) Білім беру жүйесіндегі әртүрлі әлеуметтік институттардың ролін, бірінші кезекте кәсіпорындар мен отбасының ролін қайта қарау;
6) Оқу орындары мен білім алушылардың білім беру процессін ұйымдаструдағы ролін қайта қарау.

Соңғы онжылдықта қала мен ауыл метептерінің инновациялық ресурстарының қарқынды дамуы қоғамның ақпараттану процесінің дамуына әкеліп соқтырды. Бұл даму процесінің маңызды құралы әр түрлі ақпараттармен жұмыс істеуге жаңа мүмкіндіктер ашатын және үнемі жетіліп отыратын жаңа инновациялық технологиялар болып табылады. Ағылшын тілін оқыту үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды пайдалану оқушылардың жаңа тілдік материалды меңгеруі кезіндегі оқу-танымдық әрекетін белсендіруге, пәнге қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызады. Сонымен қатар, жаңа инновациялық технология құралдарын көрнекілік ретінде де пайдалануға мүмкіндік туады, яғни оқыту үдерісіне алуан түрлі жаттығуларды енгізу, үздіксіз қарым-қатынас барысында оқу үдерісінің жандануын қамтамасыз етеді, осының барлығы оқушылардың оқытылып жатқан материалға жағымды қарым-қатынасының қалыптасуына жол ашады. Бірақ, ауылды жерлерде біраз қиындықтар тууы мүмкін. Оның ішінде интернет желісінің баяу болуы.

Қоғам дамуындағы ақпараттар кеңістігінің кеңеюі және инновациялық технологиялардың орасан зор қарқынмен дамуы және тұлғаның ерекше инновациялық мәдениетінің қалыптасуын қажет етіп отыр. Өмір сүру барысында жаңа инновациялық технологияларды пайдалану үшін төменгі сынып оқушыларынан бастап қалыптасатын жаңаша ойлауды қамтамасыз ету қажеттілігі де бар. Инновациялық қоғамда өмір үріп жатқан қазіргі заман оқушысы үшін компьютер оның өмірінің ажырағысыз бөлігіне

айналуға тиісті. Соңғы жылдары инновациялық технологиялардың шарықтап дамуы және оның оқу үдерісінде қарқынды пайдаланылуы білім беру жүйесіне де бірұатар өзгерістер алып келді. Білім беру жүйесінің ақпараттану жағдайында оқу үдерісінің тиімділігін едәуір жетілдіруге мүмкіндік беретін жаңа инновациялық технологияларды ағылшын тілін оқытуда пайдалану белсенді және табысты қолданылуда. Әсіресе, ол оқушылардың жеке қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру жүйесін іске асыру жағдайында, олардың лингвистикалық және коммуникативтік біліктіліктерінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз етеді.

Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық-коммуникативтік технология. Бұл бағытта жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер бар. Оның ішінде сабақта интернет желісін, ұялы телефон, копьютер құралдарын қолдану тиімді, себебі бұл педагогке оқушылардың танымдық қызметін жандандыруға, ағылшын тілін үйренуге ынталандыруды арттыруға мүмкіндік береді, оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру үшін қосымша жағдайлар жасайды.

Тіл үйрену барысында жаңа технологияларды қолдана отырып, педагогикалық қалыптасқан жазу, тыңдау, түсіну, сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға әбден болады. Ал енді психологиалық жағына келетін болсақ, қазіргі уақыт ағымындағы оқушылардың әрқайсысының үйлерінде әдетте көптеген ойындары бар компьютерлер,ноутбуктар, видеолар мен телевизор бар болғандықтан, олар қоршаған ортаны осындай тәсілмен қабылдауға үйренген. Жаңа технологиялардың мүмкіндіктері оқушыларға оқу бағдарламаларын оқып тіл үйренуде де сәтті қолданылатынын түсіндіруге мүмкіндік беріп, шығармашылық белсенділікті дамытуға, пәнге деген қызығушылықты арттыруға, тыңдау мен сөйлеу дағдыларын үйренуге ең жақсы жағдайларды жасауға әсер етіп, нәтижесінде сапалы білім алуын қамтамасыз етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды ағылшын тілі сабақтарында қолданудың негізгі мақсаты: тілді үйренуге деген мотивацияларының артуы, тілдік компетенцияны дамыту, өзге тілдегі мәтіндерді түсіне білу, сондай-ақ ақпаратты байланысқан және дәйектелген күйінде бере білу, лингвистикалық білім көлемінің артуы, тілін үйреніп жатқан елдің әлеуметтік мәдени құрылымы туралы білімнің толығуы, ағылшын тілін өз бетімен үйренуге даярлық пен қабілеттілікті дамыту.

Әрине қазіргі оқушылар кітапханаға барғанша интернетпен жұмыстануға көбірек қызығушылық танытады, заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдаланып, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеуде АКТ таптырмайтын тәсіл болып қала бермек. Интернетпен жұмыс жасағанда оқушылар белсенді болады, яғни оқушы не айтады деп күтіп отырмай, өздері ізденеді, зерттейді, таңдайды, шешеді, жасайды, жұмыстанады. Оқушы өзіне қажетті ақпаратты таңдап алып, өз бетінше ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Өз бетінше ізденіп, дұрыс ақпаратты алып, оны өңдеуге үйренеді, компьютерлік сауаттылығы қалыптасады. Қазіргі ақпараттық заманда оқушыларды таңғалдыру мүмкін емес жағдай. Сондықтан, осы кезеңге дейін АКТ-ны қолдану дегенде слайд, презентацияларды қолдану керекпіз деген ұғым қалыптасқан болса, қазір АКТ-ның көптеген мүмкіндіктерін сабақтарда жүзеге асыра отырып, олардың пәнге қызығушылықтарын және нақты білімдерін көрсетпесе де, оған жетуде мол мүмкіндік беретіндігіне мұғалім ретінде көзім жетті. Бұрын оқушылардың ұялы телефондарын сабақта тыныштықты бұзады деп қолдануға тыйым салған болсам, ендігі көзқарасым басқаға өзгерді. Оны ақпаратты іздеу құралы ретінде сабақта пайдаланып, оқушы пікірімен санасу арқылы бірлесіп жұмыс жасауға болатынына көзім жетті. Әр сабағымда ауылды жер болса да ұялы телефондарын, ноутбукті пайдаланып, берілген тапсырманы орындауға кіріседі. Олар телефонды тек байланыс құралы емес, сабаққа да пайдалануға болатынына көздері жетті. Себебі, кітапта жоқ ақпараттарды, электрондық құралдардың көмегі арқылы компьютерде өңдеу, интернет желісінен бейне (видео) арқылы көрсету, оны көшіру мұғалімнің жұмысын да, оқушының қабылдауын да жеңілдетеді деп ойлаймын. Осы

модульде нұсқаулықта берілген подкаст, wiki-беттерімен жұмыстану мен үшінде, оқушы үшін де жаңалық болды. Алдағы уақытта осы жаңалықтарды оқушылармен бірлесе отырып жүзеге асыру қажеттігін ұғындым. Мен өз сабақтарымда АКТ-ның мүмкіндіктерін тиімді қолданып, оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыруға тырыстым. Мысал ретінде тыңдалым үшін youtube.com сайтын пайдаланамын, ағымдағы тақырып бойынша оқушылар мәтінді тыңдау, сөздерді тыңдау және қайталау, қысқаша бейне фильмді тамашалау арқылы түсіну. kahoot.it сайты арқылы мен сабақтарымда рефлексия үшін тиімді пайдаланудамын. Оқушылар ұялы телефондары арқылы сабақта меңгерген материал бойынша тестілеуді ойын түрінде өтіп, ең көп ұпай санын жинаған жеңімпаз анықталады. Бұл білім алушылардың ағылшын тілі пәніне деген қызығушылығын артып, командалық ауызбіршілікті арттырады.

Мазмұндама, хат немес іскери ұсыныстар жазу үшін белгілі талаптары бар. Сабақтарға хаттардан үзінділер жазуды қосамыз. Бұл жаттығулар студенттің жазылыммен қатар ауызша сөйлеуін бекітуге және грамматикалық материалдарды дұрыс қолдана білуіне көмектеседі. Сабақта оқушыға грамматикалық материалдар беру ауызекі сөйлеуде лексикамен бірге беріледі. Сабақтың негізгі шегесі – бұл ауызекі сөйлеу тәжірибесі. Сөздерді, грамматиканы игеру, сөздерде тыңдау арқылы түсінуді дамыту, түрлі материалдады оқы және тыңдау – бұл ауызекі сөйлеу тілін дамытудың платформасы. Білім алушының еркін сөйлеуіне тек практикалық сабақтар көмектеседі. Шетел тілін оқыту әдістері кез келген ғылым үшін дамуы тиіс. Қазіргі оқыту әдістерін бұрынғы әдістермен салыстыру, оларда кезіккен кемшіліктер қайталамау үшін үлкен рөл атқарады. Әдістердің салыстырмалы сипаты сонымен қатар, оқытушының жұмысы үшін де қажетті. Түрлі әдістердің ішінен әдістің ерекшелігі мен өзіндік қасиетін білмей таңдау жасау қиын. Қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуға әдісті таңдау сол әдісті қолданатын ұжымның ерекшелігіне байланысты, оқушының жеке қасиеттерін, олардың жастарын, қызығушылығы мен дайындық деңгейін, оқытатын уақыт мерзімін және оқу ғимаратының техникалық жабдықталуына байланысты. Сондықтан ағылшын тілін оқытудың салыстырмалы сипаттамасы бүгінгі күні өзекті мәселе. Бұл сөзсіз түрлі контингенттегі оқушыларғы ағылшын тілін оқытудағы нақты мақсаттың көп жақтылығы, сонымен қатар оқыту шарттарының көпжақтылығы (оқу сағаттарының торы, олардың саны, оқу тобының толығуы).

Оқытудың кез келген жүйесі оқытудың барлық үрдістерінің (мақсаттары, құралдары, материалдары және т,б,) квантталуын ұсынады. Квантталмаса мақсат түзу болмайды, материалдар қолайсыз, шарты оңтайланбайды, ал құралдары ақылға қонымсыз болады. Оқытудың жүйелілігі шетел тілін үйренуші үшін ғана емес ата-аналар, өзге пәндердің оқытушылары үшін де қажетті. Пәнаралық байланыстар шетел тіліне қызықпайтындар үшін қосымша мотивациялық құрал ретінде қолданылады. Оқыту үрдісін жүйелі ұйымдастырға оқу үрдістерінің түрлі деңгейлері жатады:

1. Оқыту сатысының деңгейі (бастауыш, орта, жоғары буындар);
2. Сатылар аралығында анықталатын оқу кезеңдерінің деңгейлері;
3.Кезеңдер деңгейі (лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру кезеңі, дағдыларды жетілдіру кезеңі, игергенін дамыту кезеңі);
4. Кезеңдер мен кіші кезеңдер ішінде анықталатын оқыту сатысының деңгейі (еліктеушілік), алмастыру, өзгерту, көшіру, қиыстыру). Жүйелілікте тіл оқыту дағдылары (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) өзара байланысты біркелкі дамиды. Ең жақсы фактор ол пәнаралық байланыстарды қолдана отырып қосымша қызығушылықты ояту болып табылады. Барлық әдістің негізі белсенді қарым-қатынас қағидасы болып табылады. Оның негізіне түрлі сипаттағы жағдаяттар алынады (әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттан проблемалық жағдаяттарға дейін). Жағдаяттар топпен жұмыс жасағанда (ұжымдық жұмыс), сонымен қатар бұл қағидалар жағымды психологиялық атмосферада, барлығы өзін қолайлы сезініп, өзара түсіністік атмосферасында болғанда және белсенді өзара әрекеттер жасағанда, тек ақпаратпен ғана емес эмоцияларымен бөліскен жағдайда жүзеге асады. Тағы бір педагогтің маңызды сәті оқу үрдісінде оқушының

қызығушылығын арттыратын қосымша мотивациялар жасау болып табылады. Сонымен қатар заманауи әдістерде оқушының өздігінен тану әрекеттері үлкен рөл атқаратынын айта кету керек. Оқушыға дайын материалдар бергеннен гөрі, олар өздері өз бетінше жұмысты көбірек жасауы тиіс, бұл олардың есте сақтауларына да әсер етеді. Барлық әістердің негізгі идеясы бір ол: оқытудың ең күшті тәсілі ол – қарым-қатынас. Заманауи әдістердің көпшілігі қарымқатынастық-бағдарлау болып табылады. Олардың негізгі бір белгілері оқушының шығармашылығы. Атап айтқанда шығармашылық тапсырмалар, бүгінгі күні заманауилықтың белгісі. Олар жұмысты тек ауызша айтумен ғана емес әрекеттердің басқа түрлерімен де жасай алады. Ғалымдар жүргізген сараптама негізінде қазіргі кезеңдегі ағылшын тілін оқыту әдістемесінің даму үдерісіне мыналарды айтуға болады:

- әдістерді, тәсілдерді және оқыту мазмұнын мақсаты мен жоспарланған тілді меңгеру деңгейіне байланысты, оқушылар контингенті мен оқыту шартына қарай саралаудың күшеюі;
- аударма әдістердің қысқару үдерісі;
- оқушылардың өзара әрекеттестік және сөйлеу белсенділігінің артуы; оқу үрдісінде психикалық жағдайды пайдалану;
- оқытуда жаңа техникалық құралдарды қолдану;
- заманауи оқыту жүйесінде түрлі әдістер элементтерін біріктіру. Жалпы бір әдістен гөрі оқушыға сәйкес бірнеше әдістердің жақсы жақтарын біріктіріп қолдану тиімді. Қазіргі сәтте әмбебап әдіс жоқ, кез келген әдістің тиімділігі көптеген факторларға байланысты. Әдістердің даму кезеңінде әдістерді біріктіру арқылы қолданылу өз тиімділігін көрсетуде. Түрлі әдістердің жақсы элементтерін өздеріне жинаған әдістер жиынтығы құрыла бастады деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұсырманова О. Жастар руханияты, құндылықтары және тәрбиесі // Т.: «Үкітші», 2000.
2. Педагогикалық қолдану сөздігі / ред. Л.М. Лузина. Псков, 2003 ж.
3. Сайков Б.П. Білім беру мекемесінің ақпараттық кеңістігін ұйымдастыру: практикалық нұсқаулық. М., 2005 ж.
4. Мұсырманова А. Үздіксіз білім беру жүйесінде жастардың рухани мәдениетін қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері // Педагогика мәселелері, 2019. No1 (40).
5. Азимов Э.Г., Вильшинецкая Е.Н Материялы Интернета на уроке английского языка. // Иностранные языки в школе – 2001. – №1. – С.96.
6. Алхазишвили А.А. Основы овладения устной иностранной речью. Аудиовизуальные материалы по иностранным языкам – важное средство интеллектуального развития учащихся. // Методика преподавания иностранных языков в вузе, 1993.

САТЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТУ-БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ
УКРЕПЛЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ ЗВЕНО – ГАРАНТИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ
STRENGTHENING COOPERATION BETWEEN DEPARTMENTS - GUARANTEE OF THE QUALITY OF EDUCATION

Заирова Гулжан Сайлаубаевна
Жалтыр жалпы орта білім беру мектебі,
Павлодар облысы, Май ауданы, Қазақстан
guja1@mil,ru

Аңдатпа: Бұл баяндамада мектепке дейінгі мекеме мен мектептің мектепалды даярлық топ және 1-сынып арасындағы сабақтастықты ұйымдастырудың және оқытудағы маңызы қарастырылады. Білім алушылардың бір сатыдан екінші сатыға жайлы ауысуына жағдай жасаудың жолдары.
Түйін сөздер: сабақтастық, сатылы дамыту, ойыннан оқу іс-әрекетіне стресссіз өту.
Аннотация: В данном докладе рассматривается важность организации и педагогической преемственности между дошкольного учреждения, дошкольной группой в школе и 1 классом . Пути создания условий для плавного перехода обучающихся с одного этапа на другой.
Ключевые слова: непрерывность, поэтапное развитие, безстрессовый переход от игр к учебной деятельности.
Abstract: This report examines the importance of organization and pedagogical continuity between a preschool institution, a preschool group in a school and 1st grade. Ways to create conditions for a smooth transition of students from one stage to another.
Keywords: continuity, gradual development, stress-free transition from games to educational activities.

«Баланың ақыл-ой дамуын, қызығушылығын,
қабілетін, бейімін білмей оны оқытуға,
тәрбиелеуге болмайды»
А.А.Сухомлинский

Сабақтастық дегеніміз - баланы белгілі бір мақсатқа жеткізу үшін білім мен тәрбие процесін үздіксіз жалғастыру, яғни, біріншіден, екі буын арасындағы ортақ мақсат-міндеттер, ортақ мазмұндық жүйе, баланы жүйелі сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуге бағыттау, екіншіден білім берудің әдістемелік жүйесінің әрбір компонентінің үйлесімділігі. Сабақтастықтың негізгі мақсаты – баланы жүйелі, сатылы дамыту, бір буыннан екінші буынға неғұрлым сәтті өтуін ұйымдастыру.

Оқытудағы сабақтастық алдыңғы сатыдағы оқушылардың білім, білік және дағдыларын оқытудың келесі сатысында кеңінен қолдануды және әрі қарай жетілдіру, дамыта түсуді көздейді. Оқытудың осындай тірек нәтижесінен келесі сатыдағы қарастырылатын мәселелер өрбиді. Мектептің жылдық жоспары негізінде жұмыстар ұйымдастырылады. Жоспарда ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, педагогтермен, ата-аналармен, оқушылармен жұмыстар көрсетілген. Осы жоспар негізінде мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы сабақтастықты іске асыру мақсатында «Қарлығаш» сәбилер бақшасының басшысы мен әдіскері, тәрбиешілері мен мектеп әкімшілігі арасында бірлескен жұмыс жоспары талқыланып, бекітілді.

Мақсаты: Мектепке дейінгі мекеме мен мектептің мектепалды даярлық топ арасындағы сабақтастық пен үздіксіз білімділік, тәрбиелік, оқу-әдістемелік жұмысты қамту. Міндеттері:

- Мектепке дейінгі мекеме мен мектептің мектепалды даярлық топ арасындағы мақсат пен міндеттерді бекіту;
- Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын құру
- Балалардың ойыннан оқу іс-әрекетіне кедергісіз, стресссіз өтуін жүзеге асыру үшін жағдай жасау.
- Оқу жоспарларының, бастауыш мектептегі білім беру бағдарламаларының және мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығы
- Мектепке қолайлы бейімделуге қажетті жеке қасиеттерін қалыптастыру

Күтілетін нәтижелер:

- қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасау және дамыту:
- баланың тұлғалық дамуы;
- психикалық және физикалық денсаулықты нығайту;
- қоршаған дүниенің суретін тұтас қабылдау;
- әлеуметтік-адамгершілік нормаларын және мектепте оқуға дайындығын қалыптастыру;
- оқытудың әртүрлі деңгейлерін жеңу.
- Балалар дамуының қол жеткізілген деңгейін диагностикалау әдістерінің бірыңғай жүйесін құру және оның дамуын одан әрі болжау.
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында және мектепалды даярлық топта оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру формалары мен оқыту әдістемесін жетілдіру.
- Балалардың оқуға неғұрлым табысты бейімделуін қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балалардың оқуға және дамуға деген ұмтылысын сақтау;

Мектепке дейінгі ұйым мен мектеп арасындағы байланыс формаларының сабақтастығын екі өзара байланысты аспектіге бөлуге болады: ақпараттық – ағартушылық және практикалық. Бірінші аспект, мұғалімдер мен тәрбиешілердің оқу - тәрбие жұмысының міндеттерімен өзара танысуын, балабақшаның жоғарғы топтары мен мектептің мектепалды даярлық сыныбының бағдарламалар мазмұнын зерттеуді болжайды. Осы мақсатқа байланысты мынадай формалары мұғалімдер мен тәрбиешілердің біріккен педагогикалық кеңестерінде балалардың мектепке дайындығы мәселесі бойынша қатысуы, дәрістермен өзара алмасуы және т. б. жұмыстарды жүзеге асыру керек.

Екінші, тәжірибелік аспект – бір жағынан мұғалімдердің балабақшада өздерінің болашақ оқушыларымен алдын ала танысу, екінші жағынан, тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруымен бейнеленеді. Берілген мазмұнды жүзеге асыру формалары: мұғалімдердің болашақ оқушылармен танысу үшін балабақшадағы дайындық топтарға жүйелі қатысуы, олардың іс - әрекетін бақылау, балалардың диагностикаларының нәтижелерімен және мінездемелерімен танысу. Жоспарға сәйкес балабақша тәрбиеленушілермен «Әнші балапан» байқауы (1 сурет), «Бала-тілі –бал» айдары, ұйымдастырылған оқу қызметі сабақтары, диагностикалық тест, мектеппен танысу жұмыстары жүргізілді. «Әнші балапан» байқауы мектеп қабырғасында өткізіледі. Бұл байқауға мектепалды даярлық тобы, 1-сынып пен балабақша тәрбиеленушілері қатысады. Байқау негізінде балалардың өнерін тамашалап, өздерін сахнада, көпшілік жерде ұстауын, болашақ оқушылардың икемдері бақыланады. «Бала тілі - бал» айдары арқылы балалардың қызығушылықтары, отбасы, болашақта кім болғысы келеді деген сұрақтар қойылып, жалпы түсініктері анықталады. Ұйымдастырылған жұмыстар арқылы тәрбиеленушілердің оқуға деген ынтасын, қабілетін, бейімін анықтауға бағытталды. Балабақша мен мектептің байланысын орнату үшін, балабақша тәрбиеленушілері мен мектеп оқушыларын бірге дамыту жолымен жүргізілуі керек. Осы аталған барлық шаралар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізіледі.

1 сурет

Осы балабақша тәрбиеленушілері 2022-2023 былтырғы оқу жылында мектепалды даярлық сыныбына қабылданды. Екінші тәжірибелік аспект бойынша тәрбиешілердің бұрынғы тәрбиеленушілерді бақылап отыруы мақсатында бұл - былтырғы оқу жылының қыркүйек айында жүргізілген бақылау. Мектепалды даярлық сыныбы мен балабақша арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында балабақша тәрбиешілері өз тәрбиеленушілерінің мектепке бейімделуін бақылады.

Сабақтастық жоспарға сәйкес мектепалды даярлық топ балаларына 1-сыныпта қабылдайтын мұғалім, яғни, мен қарапайым математика пәнінен сабақ өткіздім. Оқу бағдарламасына сәйкес тапсырмалар беріліп, пән бойынша білім, білік дағдылары бақыланды (2 сурет).

2 сурет

3 сурет

Мамыр айында жоспарға сәйкес болашақ 1-сынып оқушыларын мектепке дайындығын, оқу бағдарламасын меңгеруін бақылау мақсатында диагностика жүргіздім. Балалардың даму деңгейі, білімі мен біліктілігіне талдау жасалды

(3 сурет).

Тамыз айында «Балақайлар мектебі» ұйымдастырылды. 1-сыныпқа баратын мектепке дейінгі ұйымдарға бармаған балалар үшін «Балақайлар мектебі» арқылы балаларды мектепке дайындау, балалардың жаңа білім беру жағдайларына табысты бейімделуін, ойын әрекетінен оқу әрекетіне біртіндеп көшуін қамтамасыз ету. Балалардың зияткерлік, мотивациялық, эмоционалдық-еріктік дайындығына ықпал ететін және 1-сынып оқушысының табысты бейімделуін қамтамасыз ететін білім беру ортасын құру мақсатында сабақтар өткізілді.

Биылғы оқу жылында мектепалды даярлық тобының тәрбиеленушілері оқушы атанып, 1-сыныпқа қадам басты. Жоғарыда аталып өтілген көптеген жұмыстар негізінде және сабақтастықтың жоспар бойынша жүйелі жүргізілуіне байланысты оқушылардың мектепке бейімделуі жеңіл түрде өтті. Себебі балалар сынып жетекшіні таниды, мұғалім мен оқушы арасында байланыс орнаған. Бүгінгі күнде мектепалды даярлық тобында отырмай бірден 1-сыныпқа қабылданған 4 оқушы бар. Бұл оқушылардың мектепке бейімделуі де сәтті жүзеге асты. Сабақтастық жоспары аясында дәстүрге айналған іс-шаралар арқылы бұл 4 оқушының білім, білік деңгейін, қарапайым қоршаған орта туралы түсініктерінің диагностикасымен таныспын. 4 оқушы да былтырғы жылы мектепке саяхатқа келіп, ұйымдастырылған шараларға қатысып, мектеп туралы түсініктері қалыптасқан.

Осы тұста 1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуін бақылау қыркүйек айының 3-4 аптасына жүргізіледі. Бүгінгі күні мектепте бірінші сынып оқушыларының мектепке бейімделуіне психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің өзіндік жүйесі

әзірленді, ол бірінші сынып оқушыларының мектепте оқуға әлеуметтік-психологиялық бейімделуі үшін оңтайлы жағдайлар жасауға бағытталған. Оқушыларды сырттай бақылау арқылы оқушылардың «мектеп күйзелісінен» сәтті шығуы, мектепке бейімделуі, оқу әрекетіне табысты кірісуі бақыланды. Мектеп психологі оқушылардың психологиялық тұрғысынан мектепте дайындығын бақылау. Жеке және әлеуметтік дайындығын, интеллектуалды дайындығын бақылау мақсатында әр түрлі әдістемелер арқылы бақылады. Жалпы бақылау қорытындысы бойынша психология ғылымдарының докторы, Леонид Венгердің айтуынша « Мектепке дайын болу оқу, жазу және санау дегенді білдірмейді. Мектепке дайын болу – мұның бәрін үйренуге дайын болу деген сөз». Соның нәтижесінде: мектептегі оқуы – оның «жұмысы» екенін, оқушы болу - өте маңызды екенін түсіну.

Қорыта келгенде, сабақтастық- оқушылардың денсаулығын сақтау, психологиялық дайындығы мен әлеуметтік дайындығы, қолайлы орта құру арқылы тұлғаны дамыту. Сонда білімді, дені сау және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру. Сабақтастықтың жүйелі ұйымдастырылуы негізінде білім алушылардың мектепке сәтті әрі жеңіл бейімделуіне жағдай жасаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2021-2022 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы» әдістемелік нұсқау хат. Нұр-Сұлтан, 2021жыл
2. https://infourok.ru/ Сабақтастық жұмыстары және оның жүзеге асырылуы.Мақала.
3. https://bilimsite.kz/ Мектеп жасына дейінгілер мен бастауыш сынып арасындағы сабақтастық. Мақала

РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ

Кабенова Алмагуль Социаловна
«Көктөбе жалпы орта білім беру мектебі » КММ,
Павлодар облысы, Қазақстан

Аннотация: Ресурстық орталық- ШЖМ оқушыларына сапалы білім беру мақсатында қысқа мерзімді сессиялық сабақтар жүргізілетін тірек мектеп.
Аннотация: Ресурсный центр – это опорная школа, на базе которой для учащихся малокомплектных школ проводят краткосрочные сессионные занятия, с целью предоставления качественного образования .
Annotation: The resource center is a support school, on the basis of which short-term sessional classes are held for students of small schools, with the aim of providing quality education.
Түйінді сөздер: Ресурстық орталық, ШЖМ, оқу сессиялары,оқыту блогі,кәсіби блогі, дамыту блогі
Ключевые слова: Ресурсный центр, МКШ,учебный блок,профильный блок, развивающий блок.
Keywords: Resource Center,small school,training block, profile block, development block.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтап бара жатқанын жеткізген еді.Әрі осы бір түйткілдің негізгі түйіні ретінде ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығын атап өткен болатын.Ауыл мектептеріндегі мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыру шаралары мен оқушылардың білім сапасы мен

үлгерімі қазіргі таңда толғандырып жүрген негізгі мәселелердің бірі.Осы орайда, еліміздің шалғай елді мекендерінде орналасқан мектептердің басым көпшілігі шағын жинақталған мектептер екені анық.

Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасындағы басты міндеттердің бірі-еліміздегі шағын жинақты мектептер қызметін дамыту болып табылады.

Осы орайда, Май ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 459/12қаулысымен «Көктөбе жалпы орта білім беретін мектеп» мемлекеттік мекемесінің базасында тірек мектебі (ресурстық орталық) ашылған болатын .

Ресурстық орталық арқылы қызмет атқару үшін 4 шағын жинақталған магниттік мектеп ретінде Жалтыр ОМ,Малайсары ОМ, А.Иманов ат.ЛМ, Қазан ОМ бекітілді.

Құрылғаннан бері ресурстық орталық жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келеді.

Ресурстық орталық (тірек мектебі) қызметі білім беру жүйесінің негізгі және қосымша модульдерінен құралған. Негізгі бөлімі білім бөлімімен бекітілген оқу жоспарына сәйкес ұйымдастырылады, ал қосымша модульдерге білім беру үрдісін бағыттайтын мониторинг орталығы, медико-психологиялық қызмет,дамытушы блок, ақпарат орталығы енеді.

ШЖМ-тегі оқушылар үшін жылына 3 аралық сессия ұйымдастырылған.Бастапқы сессия, аралық және қорытынды сессия кезеңдерінен тұрады.Оқушылар үш күннен (сессия) тірек мектебінде білім алады, ҰБТ-ге дайындық шаралары жүреді ,әрі онда тест тапсырады. Сессияаралық кезеңде ШЖМ-тердегі оқушыларды оқытуда тірек мектебінің кәсіби шеберлігі мол ұсдаздардың қатысуымен және қашықтықтан оқыту технологияларының қолдануымен жүргізіледі.

Ресурстың алғашқы күнінен бастап мектеп психологы З.С.Оразбаева тарапынан ШЖМ оқушыларымен бейімделу кезеңіндегі жұмыстарды жүргізді, оның ішінде: психология-педагогикалық қолдау көрсету, танымдық біліктерді дамыту , келешек мамандығына байланысты тыңғылықты шешім қабылдау, ұжыммен жұмыс жасау дағдылары ,өз мүмкіншілігін бағалау , оқушылардың жетістіктеріне ,эрудициясына, зейінін анықтау мақсатында түрлі тақырыпта сауалнамалар алынып, нәтижелеріне талдау,сараптама жасалынып отырды.

Сауалнамалар негізінде магниттік мектеп оқушылары үшін ресурстық орталықтарда өткізілетін сабақтар мен шаралар білімдерін толықтыра түсетінін, жаңа білімді алуға деген ынталылығы байқалды. Сессия жұмысының соңында ресурстық орталықтың ұйымдастырылуына көзқарасын анықтау мақсатында оқушылардан шығу парағын толтыру жүргізілді.Нәтижесінде, сұрақтарға оқушылар жағымды көзқарастарын және әр пәнге қатысты қызығушылықтары, бейімділіктері бар екендігін көрсетті.

Сонымен қатар Ресурстық орталықтың жұмысын бағалау мақсатында магниттік мектептердің ата-аналарынан сауалнама өткізілді. Балалары оқып жүрген мектеп ресурстық орталық болып табылатындығын, консультацияларға қатысатындығын, жалпы өткізілетін сабақтарға баласының қатысуына көзқарасын, тірек мектебіндегі өзара оқушылардың бір-бірімен сыйластық қарым-қатынасы, бірлесіп жұмыс істеу ынтымақтастығы жөнінде, келешекте тірек мектебіндегі өткізілетін сабақтарға қатысатындығын білдірді.

Ресурстық орталық Тірек мектебінің жұмыс жоспары ҰБТ –ге дайындау сапасын көтеру болғандықтан оқытуды тиімді ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінген. Сессия жұмысының қандай деңгейде өткенін зерттеп, оның қорытындысы бойынша шешім қабылдау үшін оқыту блогының мониторингі жұмыс жасап, оқушының білім алу барысындағы жетістіктерін жүйелі зерттеп отырады. Білім беру үрдісінде оқу мониторингінің маңызы ерекше. Әрбір сессия кезінде оқу сабақтары, қосымша білім , яғни, дамыту блоктары өз алдына жеке жоспарланады.

Оқыту сессиясы баланың біліміндегі айғақ кемшіліктерді жоюға бағытталған. Сондықтан жұмыс қолданбалы, зертханалық-тәжірибелік сабақтар, ізденіс жұмыстары бағытында ұйымдастырылады.

Сессияаралық кезеңдегі сабақтар теориялық білімді практика түрінде бекітуге арналған блоктар өткізіледі. Бала мұғалімнің басшылығымен тек тәжірибе жасап қана қоймай, өз бетімен жұмыс жасауына, дағдысын қалыптастыруға, талдап-қорытындылауы үшін жоспарланады. Зертханалық жұмыстар баланың қызығушылығын арттырады және біздер үшін өзекті нәрсе.

Сессия кезінде қолданбалы курстардың жүргізілуі- оқушыға да, мұғалімге де ұтымды, оқушыларға болашақ мамандығына бағдар алды дайындықтың, қызығушылығына қарай таңдаудың болуы, белгілі бағыттағы білім, біліктілігін толықтыру, қолданбалы курстар бойынша білім алудың өзгешілігі.Мұғалімдер оқушыға таңдау мүмкіндігін туғызып, пәндер бойынша белгілі бағытта тереңдетіп оқыту жағдайын пайдаланады, оқушыны шығармашылықпен ізденіске баулып, өзінің кәсіби потенциалын толық пайдалануына, кәсіби тұрғыда шындалуына негіз қалыптастырады. Кәсіби блогы бойынша қолданбалы курстар бекітілген кесте бойынша «Молекулалық биология », «Математикалық сауаттылық бойынша күрделі есептер шығару», «Химиядан күрделі есептер шығару» , «Физикадан эксперименттік есептер шығару» , «Генетика және селекция негіздері »тақырыптар аясында сабақтар жүргізіледі.

Осылайша, ресурстық орталық ШЖМ оқушыларының сапалы білімге қол жеткізуін қамтамасыз етіп келеді.Дегеменде, алдағы уақытта ресурстық орталықтың жұмыс сапасын жақсарту үшін мынадай жұмыстарды басшылыққа алу қажет:

-заманауи оқыту технологиясы ретінде қашықтықтан оқыту нысандарын енгізу;

- сессия жұмыстарын өз мектебінде жалғастыру;

-мектептерде ата-аналар серіктестігін құрып, олармен оқу жылы ішінде кемінде үш рет семинарлар, психологиялық тренингтер өткізу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Планирование учебно-воспитательного процесса в опорной школе (ресурсном центре).Астана 2013
2.Білім беру мекемесі басшыларының анықтамасы.Алматы 2023
3.Инновационный образовательный проект Ресурсного центра.
4.ҚР –ның 2015 жылдарға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы

ҚАЗІРГІ АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚТАҒЫ ДАМУЫ

Такибаева Меруерт Сагадатовна
Бастауыш сынып мұғалімі
Павлодар ауданының «Достық негізгі жалпы білім беру мектебі» КММ

Ауыл мектебі - ерекше әлеуметтік-педагогикалық құбылыс. Ол - ауылдың әлеуметтік-мәдени өмірінің орталығы, ауыл білім ордасы барлық тұрғындарын біріктіріп, бүкіл халықтың бос уақытын қамтамасыз етеді және қалалық мектептерге тән емес көптеген әлеуметтік функцияларды өз мойнына алады.

Елімізде барлығы 2 мыңнан астам ауылдық округ пен 6,5 мың¬ға жуық ауыл, ауылды жерде 5 338 мектеп бар.

Бүгінгі күні дамушы елдердің қатарына енбек республимызда жоғарыда аталған 5338 мектебінің шешілмеген мәселелері жетерлік. Оларды шешу жолында атқарылған шаралар да бар, десе де, жоспарланған істер өз нәтижесін толық бере алмайды.

Қазір еліміздегі ауыл білім ордаларының өзектілеріне мектептің материалды-техникалық базаның нашарлығы, педагог кадрларының тапшылығы, өңірлердегі ғаламтор желісінің жылдамдығының төмен болуы немесе мүлдем болмауы жатады. Сонымен бірге, өзекті мәселелер қатарында инфрақұрылым да бар. Мектептердің ғимараттарының көбі өткен ғасырдың ортасында салынғанымен, содан бері күрделі жөндеуден өтпеген, жыл сайынғы косметикалық жөндеу жұмыстарымен ғана шектеліп отыр. Соның кесірінен, мектептерде жылу жүйелері дұрыс істемейді, сыныптарда сапалы жарық қамтамасыз етілмеген, шатырларынан немесе терезелерінен су жиі ағады. Бұның барлығы мұғалімдердің сапалы білім беруіне өз кесірін тигізуде.

Күні бүгін ауылдық аймақтарда балалардың 30%-ы оқиды. Ол - еліміздің экономикасының болашақ 30% адами капиталы. Осы балаларға берілген сапалы білім мен қалыптастырылған құндылықтар - ертеңгі еліміздің қоғамының бейнесі.

Сапалы білім қайдан шығады? Сапалы білім төмендегі бес компоненттен құрады. Олар: оқу бағдарламасы, оқу құралдары, мотивациясы бар білікті ұстаз, білім беру ортасы мен бірге оқитын сыныптастардың ынтасы.

Бірінші мәселеге тоқталсақ, оқу бағдарламасы ауыл мектептерінің мұғалімдерінің бәріне таныс.

Екіншіден, оқу құралдары, оқу ресурстары мен ақпарат. Әрине, бұл тұста қолжетімділікке қатысты ауыл баласының алдына үлкен кедергі тұр. Олар қазір 99 пайыз ақпаратты интернеттен табады. Қалада кітапханалар желісі, музей мен танымдық деңгейді көтеретін орталық көп. Бұл ой-өрісті дамытады. Ал ауыл баласында аталған мүмкіндік шектеулі. Ауылда кітапхана қоры да кедей. Балалар кітап оқу арқылы жетіледі.

Үшінші мәселеде ескерері – мотивация мен энергияны қатар алып, білім мен білігі келіскен мұғалім қай ортада болмасын беделді. Мұндай мұғалімдерді ауылдан жиі кезіктіресіз бе, әлде қаладан ба? Әрине, қаладан. Өйткені ауылдан шыққан баланың өзі де қалаға ұмтылады. Қалада мүмкіндік көп. Қарапайым ғана мысал, ауылда университет жоқ. Ұстаз болу үшін де қалаға бару керек. Оқуын оқып, практикасын да қала мектебінің бірінен өтеді. Артынша сонда жұмыс істеп қалады. Мүмкіндікті көрген соң ауылға қайтқысы келмейді. Ал ауылда мүмкіндік шектеулі. Қала мен ауыл ұстазының жалақысын теңестіре алғанымызбен, мәселе мүмкіндікке келіп тіреледі. Мәселені шешу үшін қаржылай көмек пен ресурстарды қолға алу керек.

Төртіншіден, білім беру ортасына не жатады? Мектеп, сынып және ондағы атмосфера. Пәндік кабинет пен ішіндегі жиһаздар да рөл ойнайды. Бәрі талапқа сай болса, оқушының ынтасы артады.

Бесіншіден, орта адам баласына ерекше әсер етеді. Мысалы, Кембридж бен Гарвардқа әлемнің түкпір-түкпірінен білімді студенттер жиналады. Олардың арасында жүрген ақымағының өзі ортамен араласу арқылы көп нәрсе үйренеді. Бұл да оның сапалы білім алуына жағдай жасайды. Қаланың мектебінде мүмкіндік жоғары болғандықтан, олар бір-бірін дамытуға ықпал етеді. Ауылдың мектебінде олай емес. Ауылдан шықпай, ауылдағы көргенімен шектелсе, дамуын шектейді. Бірақ білікті ұстаз қай жерде болмасын орта қалыптастыра алады. Сондықтан үшінші компонентке баса назар аударған жөн.

Елімізде ауыл мектептерін сапалы біліммен қамтамасыз ету үшін жаңа жобалар ұйымдастырылуды. Олардың бірі - тірек және магнитті мектептер. Оқушының әлеуметтенуі мен сапалы білім алуда тірек мектебінің рөлі зор. Әлеуметті дамыған тұлға әр ортада білім алуға дайын болады, яғни басқа мектепке ауысарда, орта білім мен жоғары білім аларда білім алушының дайындығының іргетасы бола алады.

Ауыл мектептерінің дамуына өз үлесін мамандандырылған мектептер де қосуда. Облысымызда ауыл мектептері дарынды балаларға арналған облыстық мектептердің үздік тәжірибелерін қолданады. Дарынды балаларды оқытатын гимназия, лицейлер ауыл

мектептерімен бірлескен жұмыс жасауда. Олимпиадалық жетістіктерімен облыс атын халықаралық дәрежеге шығарып жүрген білім ордалары ауылдық жерде жұмыс жасайтын педагогтармен өз тәжірибемізді бөлісуде. Бұл да ауыл мектептері болашақ жетістіктеріне бір септігін тигізеріне сенімдіміз.

Атап өтер ауыл мектебінің дамуының тағы бір тетігі – «Жайлы мектеп» жобасы. 2022 жылдың қыркүйегінде Мемлекет басшысы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын әзірлеуді және жүзеге асыруды тапсырды. Қасым-Жомарт Тоқаев әрбір қазақстандық оқушының білім алуы мен жан-жақты дамуы үшін лайықты жағдай жасалуы керектігін атап өтті. Ұлттық жоба апатты мектептерді, үш ауысымда оқытуды және оқушылар орнының тапшылығын жоюға бағытталған. Жоба аясында 740 мың оқушыға арналған жаңа бағыттағы 369 заманауи мектеп салу жоспарлануда. Қалаларда 205, ауылдарда 164 білім беру нысаны салынады.

Ауыл мектептерінің материалдық техникалық базасын нығайтуға «Қазақстан халқына» және «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қорларының қолдауымен 5 миллиард теңге бөлінді. 12 тірек мектептің әрқайсысы 250 миллион теңгеге жабдықталды. 134 шағын жинақты мектептің әрқайсысына 8 миллион теңгеге құрал-жабдықтар алынып, ғылым кабинеттері жабдықталды. Соның арқасында шағын жинақты мектептерде білім алушылар жаңа оқу жылында жоғары сапалы жаңа модификациялы оқу кабинеттерімен, жиһаздармен жабдықталған мектептерде білім алуға мүмкіндік алды. Айта кету керек, «Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, шағын жинақты ауылдық мектептерінің әлеуетін дамыту» жобасы Қазақстанның 6 облысында қолға алынып жатыр. Дегенмен «Қазақстан халқына» және «Білім беру саласын тұрақты дамыту» қорлары еліміз бойынша қомақты қаржыны тек біздің облысымыздың шағын жинақты мектептері үшін ғана бөліп отыр.

Білім – басты құндылық. Сапалы әрі жоғары білім азаматтардың өмірлік табысының негізгі және маңызды факторы.

Орта білім беруді, атап айтқанда ауыл мектептеріндегі орта білім беретін ұйымдардың жүйелі және айқын модернизациясын жүзеге асыру ауылды дамытуға мүмкіндік беретін негізгі фактор болып табылады.

BABY SKILLS - МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН КӘСІБИ БАСТАУ

Есмагамбетова Айжан Ереновна
Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі,
Павлодар, Қазақстан
aizhan_yes69@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада мектепке дейінгі жастағы балаларға ерте кәсіптік бағдар берудің мәні талданып жазылды. Ерте кәсіптік бағдар ұғымының қандай мәнге ие болатыны және қазіргі таңда мектепке дейінгі балалардың дағдыларын әртүрлі әрекеттер арқылы қалыптастыру жолдары қарастырылды.
Аннотация: В данной статье дан анализ значимости ранней профориентации для детей дошкольного возраста. Что лежит в основе понятия ранняя профориентация и как формировать навыки дошкольников посредством различных видов деятельности.
Annotation: This article analyzes the meaning of early profiling for preschool children. What is the meaning of the concept of early profiling and ways of forming the skills of preschool children through various activities were considered.
Түйін сөздер: модель, ерте кәсіптік бағдар, Skills, дағды, Baby Skills

«Қазір Қазақстанда әлемдік білім беру кеңістігіне бағдарланған жаңа білім беру жүйесі қалыптасып жатыр. Бұл үдеріс оқу-тәрбие қызметінің педагогикалық теориясы мен практикасындағы елеулі өзгерістермен қатар жүреді. Жаңа буынның оқу материалдарын дайындаудағы инновациялық тәсілінің, олардың функциялары мен білім беру практикасында қолдану тәсілдерінің өзгеруі – білім беруді жаңғыртудың құрамдас бөліктерінің бірі. Сондықтан, мектепке дейінгі ұйымдардың басты міндеттерінің бірі – мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің заманауи сапасын қамтамасыз ету, оның іргелі және жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің өзекті қажеттіліктеріне сәйкес келуі».

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурызындағы № 137 қаулысымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың" моделінің басты міндеттерінің бірі мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мазмұнын өзгертуге жағдай жасау [1].

Осы орайда тәжірибелі тәрбиешілер мен педагогтар қызметтің әртүрлілігі мен кең таңдауы туралы негізгі білімді мектепке дейінгі мекеменің қабырғасында қалыптастыру керек пікірде.

Қазіргі уақытта мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау маңызды орын алуда. Мектепке дейінгі баланың мамандықтар әлемі туралы түсінігі қаншалықты алуан түрлі болса, ол үшін бұл әлем соғұрлым жарқын әрі тартымды бола түседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларды ересектердің мамандықтарымен таныстыру мәселесіне ғалымдар әртүрлі көзқарастар айтқан. Мектеп жасына дейінгі балаларды ересектердің мамандықтарымен таныстыру мәселесіне әртүрлі көзқарастар бар. С.А.Козлова мен А.Ш.Шахманова балаларды жұмысшылармен таныстыруды, олардың еңбекке деген көзқарасын, мамандықтардың адамдардың қажеттіліктеріне сәйкес пайда болғаны туралы түсінік қалыптастыруды ұсынса (жүкті көтеру, түскі ас дайындау керек),

В.Крулехт пен В.И.Логинова еңбектің мазмұны, әр түрлі мамандық иелерінің іс-әрекетінің өнімдері туралы түсініктерді қалыптастыруға, еңбекке құрметпен қарауға тәрбиелеуге көңіл бөлуді ұсынды. Педагогтар Н.Е.Веракса мен Т.С.Комарова балаларды белгілі бір аймақта жиі кездесетін және кең тараған еңбек түрлерімен таныстыруды ұсынады

Осылайша, педагогтардың еңбектерінде де және қазіргі ғылыми әдебиеттерде де бұл мәселе жан-жақты қарастырылған, мектепке дейінгі жаста ерте кәсіптік бағдар берудің мақсаттылығы дәлелденген, ересектердің мамандықтарына тұрақты қызығушылыққа тәрбиелеудің әртүрлі жолдары мен әдістері анықталған

Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтары болашақта мамандық таңдауға негіз бола алады. Сондай-ақ, мектеп жасына дейінгі балаларға алғашқы мамандықтармен танысу және еңбек әрекетіне дағдыландыру Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағытында қарастырылған [2].

Қызықты мамандық - бұл толыққанды және бақытты өмірдің ажырамас бөлігі, бірақ мамандыққа келген білім алушылар, көбінесе мамандық таңдау жеке мүдделерден емес, ата-ананың талап етуінен немесе достарымен бірге болудан туындайды, өйткені көбі кім болғың келеді немесе осы мамандыққа неге келдің деген сұраққа жауап бере алмайды. Мұның себебі көбінесе мамандықтардың әртүрлі ерекшеліктері туралы хабардар болмауы және кәсіптік бағдар жайлы толыққанды ақпараттардың берілмеуі.

Адамның мамандықтарға карым-қатынасы шамамен 2,5-3 жастан бастап жеке тұлғаны әлеуметтендіру барысында қалыптасады. Дәл осы жаста бала балабақшаға бара бастайды, онда ол әр түрлі мамандықтар мен қызметтер туралы алғашқы білім алады.

3 -6 жасқа дейінгі жас - оқу-тәрбие беру үшін ең қолайлы болып саналады. Бұл кезең еңбекке деген сүйіспеншілікті және жұмыспен қамтудың кез-келген түріне құрметпен қарауды, кәсіптердің негізгі белгілерімен таныстыруды (ойын түрінде),

мектепте оқу кезінде одан әрі дамитын және жетілдірілетін дағдыларды қалыптастыру үшін оңтайлы.

Кәсіптік бағдар дегеніміз не? Бұл әр адамның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес келетін мамандықты саналы түрде таңдауға көмектесу үшін оның жеке ерекшеліктерін, қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған іс-әрекеттер жүйесі. «Кәсіптік бағдар беру» термині нені білдіреді?

Кәсіптік бағдар беру мәселесі жалпыға ортақ, өйткені ол соған байланысты қоғамның жағдайы, еңбек нарығының дамуы, халықты жұмыспен қамту, дарындыларды анықтау мүмкіндігі және оларды қызметтің ең қолайлы салаларына бағыттау болып табылады.

Балаларды мамандықтармен таныстыру жұмысының өзектілігі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын дамыту» аспектілерінің бірі – тұлғаны еңбекке деген жағымды көзқарасты қалыптастыру мақсатына бағытталған [3]. Бұл бүгінде мектепке дейінгі тәрбиеде аз зерттелген бағыт.

Ол балалардың мінезінің, мүдделерінің, бейімділігінің ерекшеліктерін анықтауға және жасөспірімдер жасындағы мамандық түрін таңдауда одан әрі мағыналы қадамдар жасау үшін база құруға көмектесетін біртұтас іс-шаралар жүйесімен ұсынылған. Кәсіптік бағдар берудегі сабақтастықтың бір бөлігі ретінде балабақша біртұтас үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буыны болып табылады.

Мектепке дейінгі мекеме – мамандықтар туралы негізгі білімдерді қалыптастырудың алғашқы баспалдағы.

Баланы мамандықтар әлемімен таныстыру оның теориялық (пассивті) білімдерін қалыптастыруға ғана емес, сонымен қатар ересектердің жұмысына қосылуға, әртүрлі салалардағы мамандармен қарым-қатынас тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Балалар әртүрлі іс-шаралар туралы қолда бар ақпаратты кеңейтеді және тереңдетеді, белсенді сөздік қорын толықтырады.

Мектепке дейінгі балалар үшін ерте кәсіптік бағдарлаудың негізгі мақсаты баланың мамандық әлеміне эмоционалдық көзқарасын дамыту, оның алдында түрлі қызмет түрлерінде өзін көрсету үшін мүмкіндіктер ашу болып табылады [4].

Егер мұның бәрі сәтті жүзеге асырылса, балаларда тиісті дағдылар қалыптасады, сонымен қатар кез-келген салада еңбекке деген құрмет қалыптасады, ой-өрісі кеңейеді, қабілеттер, хобби және мүдделер анықталады.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілерін мамандықтармен таныстырудың басты міндеті - саналы түрде өзін-өзі анықтауға, өз бетінше жоспарлауға, өз еңбек жолын талдауға және іске асыруға дайындау.

- Мектеп жасына дейінгі балаларда әр түрлі мамандықтар туралы негізгі идеяны қалыптастыруға және жұмысқа деген қызығушылықты оятуға көмектесетін кәсіби бағдарланған ортаны модельдеу.

- Әр түрлі жас топтарындағы балаларға алғашқы кәсіптік бағдарлау жүйесін әзірлеу.

- Сәбилерде туған өлке экономикасының салалары, өндірістегі жұмыс процестері, заманауи құрал-жабдықтар туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру.

- Балабақша базасында оның тәрбиеленушілерінің кәсіби өзін-өзі бағдарлауға арналған тұтас ақпараттық кеңістік құру

- Мектеп жасына дейінгі балаларды ерте кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс нәтижелілігінің өлшемшарттары мен бағалау жүйесін әзірлеу

- Тәрбиеленушілердің ата аналарымен балалардың әртүрлі қызмет түрлері туралы негізгі түсініктерін, олардың жалпы қоғам үшін және әр адам үшін маңыздылығын, кез-келген мамандықтарға оң көзқарасын қалыптастыру

Тәрбиеленушілермен кәсіби бағдарлау жұмыстары үшін тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, сюжеттік-рөлдік ойындар, экскурсиялар (нақты және

виртуалды), көрмелерге бару, бақылаулар мен әңгімелесулер арқылы жүргізу ең қолайлы. Олар педагог пен мектепке дейінгі, сондай-ақ балалардың өзара белсенді іс-қимылын болжайды. Мектепке дейінгі жастағы балалардың мамандықтар әлемі және еңбек туралы түсініктері заманауй білім беру технологиялары негізінде қалыптасады.

Мамандықпен танысу барынша мазмұнды және толық болуы тиіс.

- қызмет түрінің атауы;
- жұмыс орындары;
- еңбек құралдары және оған арналған материалдар;
- жұмыс киімі (нысаны);
- қызметкердің міндеттері;
- мінез-құлық сипаттары мен тұлғалық қасиеттері;
- еңбек жемісі және оның адамдарға пайдасы.

Ерте кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс бағыттарының бірі ретінде мектепке дейінгі жастағы балалармен ұйымдастырылатын Baby Skills чемпионаты болып табылады.

SKILLS (білік, дағды, шеберлік) – бұл жұмыс, ойын немесе әлеуметтік дағды. Әдетте бұл термин кәсібилік деңгейін көрсету үшін қолданылады:

Халықаралық WorldSkills чемпионатының бір тармағы BABYSKILLS - бұл мектепке дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың әртүрлі мамандықтар мен қызмет салаларында бастапқы дағдыларды (SKILLS) көп сатылы меңгеру.

- Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру, олардың жеке басының қолданбалы өнер, конструктивтік, ойын, шығармашылық, техникалық және өзге де әрекеттер құралдарымен дамуы үшін жағдайлар жасау.

- Мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі іс-әрекеттер салаларында бастапқы кәсіби дағдыларды игеруі

- Өнімді, ойын, конструктивті әрекеттерде табысты әлеуметтену тәжірибесі

- Балалардың түрлі мамандықтарда өз қабілеттерін көрсету мүмкіндігі, дамудың жеке траекториясы, кәсіби дағдыларды меңгеру процесінде оң тәжірибе алу

Ерте кәсіптік бағдарлау бойынша жұмыс бағыттарының бірі ретінде мектепке дейінгі жастағы балалармен ұйымдастырылатын Baby Skills байқауы 2020-2021 және 2021-2022 оқу жылында Б. Ахметов атындағы жоғары педагогикалық колледжі "Мектепке дейінгі тәрбие" құзыреттілігі бойынша өткізді. Чемпионатқа 5-6 жас аралығындағы мектеп жасына дейінгі балалар қатысты. Бұл чемпионатты өткізу мақсаты - мектеп жасына дейінгі балалардың тәрбиеші мамандығы туралы алғашқы түсініктерін бекітуге, қызығушылықты арттыруға және практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік беру болып табылады

Чемпионаттың міндеті:

1.Мектеп жасына дейінгі ересек балалардың жұмысшы мамандықтар әлемі туралы түсініктерін байыту;

2.Мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бастапқы кәсіптік сынақтардан өтуі және белгілі бір кәсіпке сәйкес еңбек әрекеттерін меңгеруі үшін жағдай жасау;

3.Мектеп жасына дейінгі балаларда жұмысшы мамандықтарына деген жағымды эмоционалдық көзқарас пен қызығушылықты, әрбір кәсіптің маңыздылығы мен қажеттілігін түсінуді қалыптастыру;

4.Мектеп жасына дейінгі балаларды ересектер еңбегімен таныстыруға байланысты міндеттерді іске асыру бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметін жүйелеу.

Сайыс тапсырмалары модульдерден тұрды.

Бірінші модульде қатысушылар «Кім болам?» жобасын жүзеге асыру арқылы «Мектепке дейінгі тәрбие» құзіреттілігі туралы қарапайым идеяларды көрсетті.

Екінші модульде қатысушылар ашық аланда қимылды ойын өткізді, онда қатысушы балалармен амандасып, қимыл қозғалыс ережелерін түсіндірді, ойынға атрибуттар мен жабдықтарды дайындады.

Үшінші модульде «Шығармашылық» білім беру бағыты бойынша қатысушылар жапсыру жасау арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің үзіндісін дайындап өткізді.

Модуль барысында балаларға мынандай сұрақтар қойылады.

- бұл қандай мамандық;
- осы мамандықты таңдаған адамдар қайда жұмыс істейді;
- осы мамандық иелері қандай әрекеттерді орындайды;
-осы мамандықтағы әрекеттерді орындау үшін қандай құралдар мен арнайы киімдер қажет, оларды қалай пайдалану керек;
- осы мамандық бойынша жұмыс істеу үшін қандай дайындық қажет;
-осы мамандықтағы адамдарға қандай арнайы талаптар қойылады;
- осы мамандықтағы іс-әрекеттерді орындау кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек;

Қорыта айтсақ, мектепке дейінгі ұйымдар балаларды мамандықтармен таныстырудың бірінші маңызды сатысы болып табылады, қоршаған орта туралы жалпы ақпарат беріліп, балалардың ой-өрісін кеңейтіп оларда белгілі бір қарапайым тәжірибені қалыптастырады, ерте кәсіптік бағдарлауға ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, 2022
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу- ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы
4. Захаров Н. Н. Профессиональная ориентация дошкольников. – М., 1988.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Уралтаева Аягоз Канатовна
Павлодар облысының білім беруді дамытудың инновациялық орталығы

Қазіргі уақытта баланы мектепке дайындау, белгілі бір дағдыларды игеруге бейімдеу заманымыздың көкейкесті мәселердің бірі болып отыр. Өзара жеке даралық қатынастармен байланысты қиыншылықтар: қарым – қатынастағы өзара әрекет пен өзара түсіну шеңберңнде баланың жеке және іскерлік қасиеті өзара қарым – қатнастардағы өзінің талпынысымен жетудегі табандық кезінде айқындалады. Бала өзіне назар аудартқысы келсе, адамның өзіне ықыласын табу, онымен достық, іскерлік қатынасқа түсуді мақсат тұтуынан байқалады. Біз кейбір балалардың айнала қоршаған адамдарға оларды дұрыс түсінсін деген талпынысының болуын байқаймыз. Егерде бала жағдайдың ондай емес екенін байқаса, қайткен күнде де өзінің мақсатына жетуге ұмтылады.

В настоящее время подготовка ребенка к школе, адаптация к приобретению определенных навыков является одной из актуальных проблем современности. Трудности, связанные с взаимными индивидуальными отношениями: в рамках взаимности и взаимопонимания в отношениях личные и деловые качества ребенка определяются при достижении его стремлениями во взаимоотношениях. Когда ребенок хочет привлечь к

себе внимание, это проявляется в стремлении человека найти к себе благосклонность, вступить с ним в дружеские, деловые отношения. Мы наблюдаем, как некоторые дети пытаются заставить окружающих их людей понять их правильно. Если ребенок заметит, что ситуация не такая, он будет стремиться к достижению своей цели.

Currently, one of the most pressing problems of our time is the preparation of a child for school, adaptation to the acquisition of certain skills. Difficulties associated with mutual individuality: in the framework of interaction and mutual understanding in communication, the personal and business qualities of the child are determined by the success in achieving their own aspirations in relationships. When a child wants to attract attention to himself, it is noticeable that a person has a goal to find attention, to enter into a friendly, business relationship with him. We see that some children have an urge to let the people around them understand them correctly. If the child notices that the situation is not the same, he will strive to achieve his goal every day.

Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеуде маңызды орын алатын іс - әрекет бұл үй жұмысына, еңбегіне баланың қатысуы. 4 – 5 жастан бастап, бала үйде ылғи да істейтін жұмыс жүктелуі тиіс және бұны норма деп қарастыру керек. Бұл баланың жеке даралық дамуына зор ықпал етеді. Үй жұмысы барысында балада мұқияттылық, жауапкершілік, еңбекқорлық және т.б. пайдалы сапалары тәрбиеленеді. Бұл тек қана ата – анасына көмектесу үшін ғана қажет емес, сонымен қатар болашақта еңбекке икемділікті үйрену үшін де қажет.

Мектепке дейінгі кезеңдегі ойын рөлінің өзгеруі жас кезеңіне қарағанда, негізінен балада көптеген пайдалы жеке даралық сапалардың дамуы мен қалыптасу құралының қызметін атқаратынымен байланысты. Мектепке дейінгі баланың ойынында тәрбиелік функциясы баланың әртүрлі қажеттілігін қанағаттандыру құралымен, оның мотивациялық ауқымының даму қызметін атқарады. Ойында баланың жаңадан қызығушылықтары мен іс - әрекеттің жаңа мотивтері пайда болып, бекиді. Мектепке дейінгі баланың ойынына: «Символикалық ойын» бір заттың орнына ұқсас екінші бір затты қойып, оның бастапқы атымен емес, соңғы атымен атаушы ойын түрі және рольдік-сюжеттік ойындар.

Мектепке дейінгі ойын және еңбек іс - әрекет арасындағы ауысулар едәуір келісім шартты болып келеді, өйткені балада бір іс - әрекет түрі байқаусыз жайлап екінші түріне немесе керісінше ауысып отырады. Егер тәрбиелеуші баланың қарым – қатынасында және еңбегінде қандай да бір жеке даралық сапаның жеткіліксіздігін аңғарса, онда ең алдымен баланың ойынын ұйымдастыруда сәйкес сапалардың пайда болуы мен қалыптасуына көңіл бөлу керек. Егер баланың оқуында, қарым – қатынасында және еңбегінде кейбір жеке даралық сапалар байқалса, онда осы сапаларды басқара отырып едәуір күрделі жағдайында жаңа сапаларды құрудың дамуын жоғарылататын ойындарды ұйымдастыруға болады.

Олар - өзін - өзі бағалау, талап ету деңгейі тасқа жетудің қажеттілігі, дербестігі, бастамашылдығын (ынталы бастауы) мойындауға ұмтылысын т. б. Жас кезең - сензитивті кезеңінің бастамасы осы жеке адамнық сапалардың маңызды кешенінің қалыптасуы. Айнала қоршаған адамдармен өздерін салыстыруы көптеген балаларда 3 жасар шамасында нақты бір өзіндік бағалау пайда болады. Ол дұрыс қалыптасса (өте жиі кездесетін жағдайлар, мысалы: баланы асыра мақтау немесе сөгу). баланың психикалық дамуына пайдалы болады. Өзіндік бағалауы «төмен» балалар әдетте өздеріне деген сенімі жоқ, сондықтан табысқа жетуге мүмкіншілігі бар жерде талпынысы аз және күш салуға әрекеттенбейді. Ал өзіндік бағалауы «жоғары» балалар керісінше, өз мүмкіншіліктерін асырып онша күш салмайды. Баланың өзіндік бағалауының дұрыс қалыптасуына 1,5 жастан бастап көңіл бөлу керек.

Егер ересектер баланы тәрбиелеуде оның табысына көңіл бөліп сәтсіздіктерге назар аудармаса, онда балада табысқа жету қажеттілігі көбейіп, тұрақталып, қалыптаса бастайды. Мұндай бала белсенді түрде кез – келген жұмыста осы сапалардың қалыптасуында бірнеше адамгершілік қасиеттері пайда болады, мысалы табандылық, мақсатты бағыттылық, жұмысқа қабілеттілігі, өзіне деген сенімі сондай – ақ

жауапкершілік пен міндет туындайды. Жас кезеңде баланы өнегелік санасын емес, әңгіме өнегелі сезімін қалыптастыру. Өнегелі сезімді құрайтын эмоциялар жүйесі негізінде игілікті, бекзатты сезімдер бар: адалдығы, мейірімділігі, қайырымды – ықыластығы, ақ пейілдігі және т. б. және игіліксіз сезімдер болады: қызғаншақтық, зұлымдық, қатыгездік, дұшпандық, қастық, өшпендік т. б. Өнегелік сезімдердің тууына балада өнегелі пікірдің , қылықтардың қалыптасуы себеп болады, сондықтан дәл осыдан өнегелі тқасиеттерді қалыптастыруды бастау қажет, балада осы кезеңде айналасында қоршаған адамдармен қарым – қатынас жасауға қажеттілігі жоғары дамыған. 3-тен 6 жасқа дейінгі аралықты мектепке дейінгі кезең деп есептейді. Бұл кезде бала алғышқы кезеңмен салыстырғанда тез өсіп, салмағы тез артады. Жоғары жүйке жүйесінің дамуы да жоғарылайды, бойының өсуінде де өзгерістер байқалады. Мысалы, 5 жасында 6-7 см-ге артса, 6 жаста 7-8 см өссе, 7 жасында 10см өседі. Баланың кеуде клеткасының өсуіне байланысты аяғы мен дене пропорциясы өзгереді. Бұлшық еттері дамиды, денесі кішкене кезеңмен салыстырғанда сымбатты бола бастайды. Қимыл қозғалысының дамуы бұлшық етінің дамуына үлкен әсерін тигізеді. Сонымен қатар қанайналым жүйесінің жұмысында да өзгерістер байқалады. Жүрегінің көлемі 4 жас пен 1 жасты салыстырғанда 4-5 есе артады. Сәбилік кезеңмен салыстырғанда қан тамырларының соғуы да жиілейді. 5-6 жаста қан тамырларының соғуы төмендейді, бірақ ересек адаммен салыстырғанда баланың қан тамырының соғуы жиі болады. 7 жасқа келгенде бас миы салмағы артады, яғни 3 жаста 1200 грамм болса, 7 жаста 1250 грамм болады. 3 жасқа дейін баланың екінші сигналдық системасының дамуы психикасының дамуына өзіндік сепігін тигізеді. Өйткені бала құрбы-құрдастарымен, айналасындағы үлкен адамдармен жиі-жиі тілдік қарым-қатынаста болады, бұның өзі баланың логикалық ойлауына ерік сапасы мен есінің, қабылдауы мен қиялының, зейінінің дамуына әсер етеді. Соның нәтижесінде баланың алдыңғы кезеңдермен салытырғанда қоршаған ортамен қарым-қатынасы артып, жас кезеңіне тән өзіндік ерекшелігі қалыптасады.

3 жастан кейінгі кезең сәбилік кезеңнен мектепке дейінгі өту кезеңі деп есептеледі. Осы кезде бала заттармен өз бетінше әрекет етуге талпынады, бірақ әлі де болса үлкендер тарапынан қамқорлық күтеді. Сөйлеуі дұрыс дамып жетілуіне байланысты, сөзі анық емес, түсініксіз болады.

3 жастан жоғары қарай сөздік қоры дамып, өзінің ана тіліндегі барлық сөздерді меңгеріп, түсінеді, тілдік қарым-қатынасы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлауы көрнекі амалдық, бейнелік болып, кейбір мәселені өздігінен шешіп ой қорытындысын шығара алады. Баланың санасының мазмұны күрделеніп, 3 жастың соңына қарай мазмұндық рөлдік ойындар ойнайды.

4 жасқа келгенде денесінің бұлшық етінің күші артып, ептілігі, икемділігі, қозғалысқа икемділігі байқалады. Доптың немесе басқа бір заттарды нысанаға лақтырып қағып алуды үйренеді, бірақ көргені мен естігенін ұзақ есінде сақтап, өз мағынасында тез жаңғыртып бере алмайды. Рөлдік ойындарын да күнделікті көріп жүргендерін ғана бейнелейді.

5 жасқа келгенде қимыл-қозғалысының нақты дамуына байланысты, жүру,жүгіру, секіру, қабырғадан өрмелеу, еңбектеу, шаңғы, шана, велосипед тебуді үйренеді. Үлкендермен еркін қарым-қатынас жасауына байланысты баланың грамматикалық сөздік өоры молайып, тәрбиешінің айтқан сөздерін жақсы түсініп, оған өзінің түсінігі бойынша жауап береді. Осы кезде тәрбиешінің тапсырмасын және қарапайым еңьек әрекеттерін де орындайды. Үлкендердің басшылығымен көптеген әдет-дағдыларды меңгеру де бала психикасының дамуына көп ықпалын тигізеді. Ертегі дәне әңгімедегі кейіпкерлерге өзінше баға беріп, талдау жасайды, соның нәтидесінде қиял, ойлау, есте сақтауының дамығандығын байқаймыз. Бала ұжыммен бірігіп, ойнап, еңбек әрекеттерінің нәтижесінде өзінің жасаған жұмысына эмоциялық баға беріп, эстетикалық талғамы артады.Бала 6 жасқа келгенде ерекше қарқынмен дамып, дене бітімі күрделенеді,Барлық органдарының жұмыс істеу қабілеті артады, оқу әрекетін орындағанда да, қағаз-

қарындашпен де еркін әрекет ете алатын болады. 6 жасқа келгенде сөздің тура және жанама мағынасын түсінеді. Бұл жаста ойынның мазмұны күрделеніп, өмірдегі барлық шындықты бейнелеуді көздейді.

Баладың жүйке жүйесінің күшті немесе әлсіздігін өмірдегі мынадай көрсеткіштер дәлелдейді. Оның ұйқысының тыныш болуы, тез ұйықтауы немесе тыныш ұйықтай алмауы, қатты ұйықтауы сол сияқты жүйке жүйесі күшінің жылдам немесе жай қалпына келмеуінен де байқалады. Бала ашыққан кезде өзін қалай ұстайды, оны уақытымен тамақтандырып отырмаса айқайлап жылап немесе көңілсіз, әлде тыныш бола ма соған да байланысты, яғни сыртқы ортаның әсер еткен әр түрлі тітіркендіргіштеріне мидың төзімділігі тепе-теңдігі, бір қалыптылығымен де жауап қайтарады. Жүйке жүйесінің күнделікті өмірдегі негізгі көрсеткіштері ұстамдылық, тұрақтылық, тыныштық, көңіл-күй қалпының өзгеруімен жіне бірден жарқырап қуанып, жабырқап, қайғыруынан байқалады. Сөзі мен қимыл-қозғалысының біркелкі болмауы да осыған мысал бола алады. Жүйке жүйесінің қозғыштығының көрсеткішіне өзін қоршаған ортаға жаңаны тез қабылдап, бағдарлай алуы,өмірдегі өзгерістерге тез бейімделуі, естеліктер мен дағдыларды тез игеруі көпшілік ортада өзін еркін ұстап, жаңа ортаға тез бейімделуі, жан-жақты қабілеттілік әрекетінің бір түрден екінші түрге тез ауысуы, еске тез сақтап, қайта жаңғырта алуы, шапшаң қимылдап тез сөйлеу, сезгітікті пайда болуы мен көрінуі де жүйке жүйесінің қызметіне байланысты. Жүйке жүйесінің әсерлегіштігі сырттан әсер ететін тітіркендіргіштерге жауап беру қабілеттілігінен де көрінеді. Кейбір балаларды ашуланшақ, күгелек, шыдамсыз десек, енді біреулердің қуанғаны да, ренжуі де түсініксіз дейді, Енді біреулерді икемді, етпі десек, оған қарама- қарсы ебедейсіз, олақ, бейімділігі жоқ та балалар бар. Бұл қасиет баланың сыртқы әрекеттердің әсеріне оңай бейімделе алмауынан, көп күш жұмсауынан көрінеді.

Темпераменттің табиғи қарапайым көріністері балалық шақта жақсы байқалады. Бала өскен сайын оның сыртқы ортамен қарым-қатынасы күрделене түседі де, оның айналасындағы үлкендерден алатын әсері де мол болады. Соған байланысты темпераменттің өзгеріске түсетін ерекшкліктері бүркемеленеді.

Темперамент баланың жеке басының реакциясынң негізгі түрі болып келетін қасиет. Балалық шақта сол таза күйінде де кездеседі. Бірте-бірте өмір сүру барысында саналық өзгеріске түсіп отырады. Даму барысында темпераменттің бір белгісінің әлсіреп, екіншісінің күшеюі салдарынан мінез-құлықтың кейбір жақтарының өзгеріске ұшырап отыруы да ықтимал. Даму барысында туындайтын осындай сапалы өзгерістердің осы күрделі үрдісінің бәрі сайып келгенде тұрмыс-салтына әрекеттері мен тәрбиесіне тәуелді. Өйткені өмір жағдайлары темпераментке материалдық негіз болып табылатын жүйке жүйкесі қызметінің өзгешеліктеріне ықпал жасайды. Мысалы бір жағдай психикалық үрдістердің әсерлілігі мен эмоциялық қозуына ағысы мен күшінің дамуына жағдай туғызуы, ал басқа жағдайлыр керісінше психикалық даму қарқынын баяулатып, оның белсенділігін басып, тежеуі мүмкін.

И.П.Павлов шартты рефлекстер әдісі арқылы жоғарғы жүйке қызметінің және жүйке жүйесінің, негізгі қозу және тежелудің заңдылықтарын ашты. Жүйке жүйесінің негізгі күші тепе-теңдік қозғалғыштығы бойынша төрт тип те жиі ұшырасады. Бұлардың үшеуін күшті тип, біреуін әлсіз тип деп атайды. Мысалы күшті типтің біріншісі ұстамсыз тип. Олардың жұмыс істеу қабілеті күшті, қозу тежелу үрдістері бір-бірімен сәйкес келмейді. Қозу типі басым келіп отыратын ерекше қозғалыстағы тип күшті типтің екіншісі ширақ тип. Мұның қозу мен тежелу үрдістері бір-біріне тең келіп тез алмасып отырады. Күшті типтің үшіншісі қозу мен тежелу үрдістері баяу көрініп отырады. Ұстамсыз тип -холерик, сангвениктерде ширақ тип, қозу мен тежелуі тең, қозғалысы баяу – флегматик, жүйке жүйесі әлсіз тип – меланхолик деп анықталған. Бір топтағы немесе сыныптағы балалардың ішінде әртүрлі темперамент типтерінің өкілдері кездеседі. Кеңес психология ғылымының профессоры Вольф Соломонович Мерлин темпераменттің көрінуі туралы сапалы психологиялық қорытынды таблица жасады.

Сангвеник Күшті қозғалғыш тепе-теңдік тип. Реакция туғызу қабілеті жоғары. Кейде әлсіз нәрсеге де, қатты мардымсыз бір нәрсеге де ашуланып қалады. Оның мимикасы қимыл қозғалысы белсенді. Өмір жағдайының өзгеруіне тез бейімделгіш. Өзінің көңілі ауған іс-әрекетіне барлық ынтасымен кіріседі. Іс-әрекеттің бір түрінен екінші түріне тез ауысып, бейімделіп кетеді. Оның бет бейнесінен көңіл-күйі, адамға деген ықылас-сезіміанық көрініп тұрады. Өзінің зейіні тез шоғырланады.Ұшқыр ойлы, өткір тілді, бірақ әлі де түйсінуі өте сезгіш. Жоғарғы табалдырығы төмен жарық тітіркендіргіштер мен дыбысты жақсы ажырата алмайды. Белсенді, күшті, қайратты, батыл, үнемі мен айтамын деп қолын жиі көтеріп отырады. Ол тірбиеге тез үйренеді. Өзінің сезгіш ерік күші жақсы дамыған, өзін көпшілік ортада жақсы ұстайды. Жылдам қимылдайтын, тез сөйлейтін, жаңаны тез қабылдағыш, зейінді, айналасындағылармен тез тіл табысып кететін, көпшілік ортада да өзін еркін көңілді ұстайтын тип.

Холерик Бұл күшті тип. Кез келген ісе барлық күш жігерімен кіріседі. Белсенді бірақ реакция туғызу қабілеті белсенділігіне қарағанда басымырақ. Сондықтан да бетімен кеткен ұстамсыз, шыдамсыз, күйгелек, сангвенник сияқты тез икемделгіш емес.

Флегматик Күшті, тепе-теңдігі бір қалыпты, тыныш тип. Эмоциялық қозу бір қалыпты, жайбарақат, оның жарқырып қуануы да, қайғыруы да қиын. Бүкіл тотағы балалар бір затқа қатты күліп жатса, ол өзінің сабырлы қалпын сақтап қала береді. Тіпті үлкен қолайсыздық пен сәтсіздікке жолықса да өзін байсалды ұстайды. Эмоциялық күйі бет бейнесінен байқалмайды. Қимыл-қозғалысы, сөйлеген сөзі бірқалыпты, қайрат-жігері күшті, жұмысқа қабілеттілігімен ерекшеленеді. Реакция туғызғаннан белсенділігі басымырақ, шыдамды, өзін – өзі ұстай білуімен ерекшеленеді. Тапқырлығы, зеректігі жоғары, зейінін жылдам шоғырландыра алмайды. Икемсіз әрекеттің жаңа түріне үйрену жаңа ортаға бейімделіп күтуі қиын жүзеге асады. Тез тіл табысып кете алмайды. Өз пікірін сыртқа шығарып айтуға да қиналады.

Мелонхолик Әлсіз тип, өте сезімталдығы жоғары, тез жараланғыш, оларды әлсіз тітіркендіргіштер мазалайды. Сондықтан да сәл ұсақ түйектің барлығына қатты мұңаяды немесе ашуланады. Бұлар болмашы нәрсеге көзіне жас алып, жылай алады. Мимикасы, қимыл-қозғалысы мәнерсіз болады, сөйлегнде дауысы естілмейді, жай жылайжы, сирек күледі. Белсенділігі төмен сабақта қолын сирек көтереді. Оның өзінде бір көтеріп, бір түсіріп, өзін-өзі күмәнданып отырады. Қорқақ, жалтақ, ерік күші әлсіз, табансыз жұмсақ қабілетсіз, тез шаршайды. Зейіні ырықсыз, тез ауытқып кетеді, психологиялық шапшаңдығы баяу.

Мектепке дейінгі кезеңде темперамент типтерін ажыратуда жас ерекшеліктерін білудің маңызы зор. Сол сияқты жүйке жүйес қызметі қасиеттерінің тұрақсыздығын да ескеріп, басшылыққа алу керек. Мысалы жүйке жүйесі қызметінің типі адамда іштен туа қалыптасады және оны түгелдей өзгеріске ұшырату неғайбыл. Дегенмен Н.Н.Павлов жүйке жүйесі қызметі типтерінің жекелеген қасиеттерін өзгертуге болатындығын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Мысалы қозу процесі тежелуінен басым, күшті, ұстамсыз типі анықталады. Жаттығу арқылы өзінің тежелу үдерісі күшін біршама арттырып, оны қозу үдерісімен теңестіруге болатындығы дәлелденген. И.П.Павлов күшті қозғалғыш типтерді жаттықтыру арқылы тежелу үдерісінің күшін арттырып, бір-бірімен теңестіруге болады деген қорытындыға келеді.

Кейде ұстамсыз типтің бірнеше варианты болатынын ескеру керек. Өйткені қозу үдерісі шегіне жетіп, тежелуі әлсірейтін тип те болуы мүмкін, немесе екі үдеріс те күшті, бірақ қозуы шамадан тыс келетін тип те ұшырасады. Сөйтіп уақыт өткен жай қайталап отыратын жаттығулар арқылы ұстамсыздықты кейіннен біршама түзетуге болатындығын дәлелдейтін ерекше фактілерді жиі кездестіреміз, яғни жаттаықтыру арқылы нерв жүйесінің әлсіз типін шыныктыруға болады. Баланың қолайлы тәжірибенің нәтижесінде кез келген қиындықты ойдағыдай жеңе алатындығы сөзсіз. Баланың жеке басының дамуя мен қалыптасуына тек жасының өсуі ғана емес, сонымен қатар темпераментінің де ықпалы бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты Астан-2009
2. Выготский Л.С. Собр соч. Т. 4. Детская психология. Москва, Педагогика, 1984.
3. Рубинштейн С.Я. Экспериментальные методики парапсихологии и опыт применения их в клинике. Москва, 1970

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Атажанова Балнур Айтбаевна
п.ғ.м., Павлодар облысы білім беру басқармасы
«Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ әдіскері,
Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған
облыстық қазақ гимназия-интернаты қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі,
Павлодар, Қазақстан
balnur1507@mail.ru

Қазақ тілі – кемел тіл. Тілдің кемелдігін көрсететін негізгі белгілердің барлығы да қазақ тілінің құрылым жүйесінен толық табылады. Қазақ тілі – құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тіл деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі, Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Республикада мемлекеттік тіл ретінде қазақ тіліне конституциялық мәртебе беріліп отыр. Әлемдік тәжірибеде тілге мемлекеттік мәртебе екі жағдайда беріледі: бірі – тілдің қоғамдық қызметі шектеулі болғанда, оның мәселесін шешіп, дамыту үшін мемлекеттік қамқорлыққа алу мақсатында, ал екіншісі басым тілдің артықшылығын сақтау үшін беріледі. Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілін өз мәртебесіне сай қоғам өмірінің күллі салаларына енгізу, қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күннің өзекті де келелі мәселесі. Тіл білу, тіл меңгеру дегенге белгілі бір тілдің грамматикасы мен сөздік қорын игеру жеткіліксіз. Өйткені сол сөз, сөйлемдердің немесе грамматикалық құрылыстың сөйлеу жағдаятының қай түріне орай қолдана білуді анық түсінігі болуы қажет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның да өзінің тарихи даму жолдары бар. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар бұған елеулі үлес қосты. Ұлы ұстаз қазақ балаларына ана тілін оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсетіп, әдістеме ғылымының негізін салды, артына мол қалдырды. Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, ағартушы-ұстаз А. Байтұрсынов –қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы» деген атпен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетіп берді. Сөйтіп ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, осында қалыптасқан тілдік ортаға байланысты тілді үйренушілердің өзі – бастауыш топ, жалғастырушы топ болып бірнеше топқа бөлінеді. Қазіргі кезде жиі қолданыста жүрген оқулықтардың ішінде осы топтарға

пайдаланып жүрген оқудық – Ш. Бектұров пен А. Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығы [6]. 1998 жылы Т. Аяпованың «Қазақ тілі» деп аталатын үш кітаптан тұратын кешенді оқулығы шықты. Кешенді оқулықтың мақсаты – «бүкіл әлемдік ең өзекті және ұтымды оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйрету».

Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мен мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принциптерді басшылыққа алады. Принцип – principim латын сөзі - негіз, алғы бастама деген мағынаны білдіреді. Принцип — белгілі білім жүйесінің түп-негізі, алғы бастамасы, абстрактылы түрдегі ең қысқа жалпылама мазмұны. Ғылыми танымда идея, теория, әдіс сияқты таным түрлерімен өзара байланыста тұжырымдалады. Қазақ тілін оқытудың барлық деңгейлерінде бағдар беретін негізгі жұмыс бағыты осы.

Оқыту әдістемесі - педагогиканың күрделі саласының бірі - дидактика тарауында қаралады. Дидактика (оқыту теориясы) гректің didaktikos - оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу үдерісінің зандылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді. Ресейлік ғалымдар И.Я. Лернер мен М.Н. Скатин оқыту әдісінің бес түрін көрсетеді:

- түсіндіру-көрнекілік немесе ақпараттық-рецептивтік;
- репродуктивтік;
- проблемалық баяндау;
- ішінара-ізденістік немесе эвристикалық
- зерттеушілік – деп оқытудың бес түрлі әдісіне тоқталған.

Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін алға шығарды. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді. Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді.

Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу; әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтан- да ол (әдіс) оқытудың шартына тәуелді болмайды; оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде- болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады; әдісте барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея- болады. Басты идея методологиялық рөл атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Ш. Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі».

Қазақ тілі оқушының қатысымдық біліктілігін дамытумен қатар, олардың қиялын, есте сақтауын жетілдіруге мүмкіндік береді, өзіндік оқу іс-әрекетін, өз бетімен білім алу және оны іске асыру дағдыларын қалыптастырады. Ф.Ш. Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

- тіке байланыс;
- адамның жеке қабілетін ескеру;
- сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау;
- сатылап даму,
- динамикалық өзгеру;
- өзектілік.

Қатысымдық технология, негізінен:

а) оқу материалын меңгеруге бағытталады;

ә) оқушы тұлғасына бағытталады;

б) оқытушы мен оқушының ынтымақтастығына бағытталады, сол арқылы оқу мақсаты жүзеге асырылады. Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды таңдап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес.

Дамыта оқыту жүйесі шығармашылық ойлауға, сапалы дамуға, қиялдауға, есте сақтауға, тіл дамытуға бағытталған. Бұл жүйесінің ерекшелігі: оқығанын пікірсайысқа салу; сабақ құрылымының оңтайлығы; дидактикалық ойындар; өзіндік іс-әрекеттің қарқындылығы; сабақта әр оқушыға өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік беретін педагогикалық жағдаят құру. Дамыта оқытуда сабақ құрылымында да өзгешеліктер болады. Оқушының оқу- танымдық әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне байланысты сабақ үш кезеңге сай ұйымдастырылады:

I кезең - мотивациялық-бағдарлау кезең;

II кезең - операционалдық-орындаушылық кезең;

III кезең - рефлексиялық-бағалау кезең.

Мотивациялық-бағдарлау кезеңде оқу міндеттері қойылып, оқушылардың сабаққа қызығушылығын оятатындай тапсырмалар мен жұмыс түрлері ұйымдастырылады. Операционалдық-орындаушылық кезеңде нақты оқу тапсырмаларын орындау арқылы оқушылар жаңа теориялық ұғымды өзара талқылайды, соның негізінде теориялық білімін бекітеді, оны қолдануға үйренеді. Ал рефлексиялық-бағалау кезеңінде оқушының теориялық түсініктерді меңгеруі тексеріледі, түзетулер енгізіліп, қайта қорытындыланады. Дамыта оқыту жүйесінде оқушылардың ойларын жетілдірудің маңызы зор.

Аннотация: В статье акцентируется внимание на учителя в статусе менеджера учебным процессом, от которого зависит результат обучения. Рассматриваются эффективные стратегии управления классом.

Ключевые слова: менеджмент, директор, завуч, учитель, инструментарий, урок, инновационные методы.

Abstract: The article focuses on the teacher in the status of a manager of the educational process, on which the learning outcome depends. Effective classroom management strategies are considered.

Keywords: management, director, head teacher, teacher, tools, lesson, innovative methods.

Говоря о менеджменте в школе, следует начать с директора и завучей по УВР. Куда «голова» с «шеей» повернут, что скажут, как постараются - то и будет. Качество образования зависит от инструментария. В наше современное время не надо ничего объяснять на пальцах, для этого есть средства обучения. Управлять средствами бюджета школы, планировать, что на следующий год приобрести для школы, мотивировать своих работников –вот инструментарий менеджмента руководителя школы и завучей. Именно от них зависит, есть Интернет в школе, будут ли новые компьютеры, сидеть мы будем за старыми или новыми партами, одетыми, как капуста будем сидеть и мерзнуть, или в комфорте заниматься каждый своими функциями.

Что же касаемо уроков, то здесь царь и бог сам учитель. Именно от него зависит, каким будет урок, удастся ли добиться целей урока. Инструментарий в этом деле играет

немаловажную роль. Именно от учителя зависит повысится ли качество знаний в его классах или нет. Чтобы потом говорить о качестве образования в целом по всей школе, а может и по всему району. Учитель должен уметь управлять классом в течение 45 минут, не позволяя отвлечься на другие интересы, потому что сразу нарушится дисциплина, внимание будет перенесено на другой предмет. В этом ему помогают интерактивные методы обучения, инновационные методы обучения, которые мы все и используем. Наш краткосрочный план и есть план управления классом, где мы и используем эти инновационные методы со всеми видами общения, оценивания с помощью средств обучения. Я не буду их перечислять, они есть в копилке у каждого педагога. А вот эффективные стратегии управления классом не будет лишним напомнить.

1. Хвали ученика
2. Проявляй терпение
3. Обсуждай вместе, контактируй
4. Четкий порядок действий
5.Будь гибким
6. Улыбайся

Каждый из нас –творец, менеджер и лидер для своего ученика. Результат нашего труда на 75 процентов зависит только от нас.

ЛИТЕРАТУРА

1. Уткина Е. А. Инновационный менеджмент в современной школе
2. Аникеева Н. П. Психологический климат в коллективе. – М.: Просвещение
3. https://cyberleninka.ru/article/n/pedagogicheskiy-menedzhment-i-upravlenie-v-sovremennoy-shkole

БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҺАНДАНУЫ ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДА ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Тургунбаева Б.А.
педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ.
Аширбаева У.Н.
Төле би атындағы №8 гимназия директорының ғылыми – әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары
Тараз қ. Қазақстан

Аңдатпа: Мақалада «құндылық», «ұлттық құндылық» ұғымдарының мәні ашылып, мазмұнына сай жіктелген. Мектеп оқушыларын ұлттық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеудің педагогикалық процесте іске асыру жолдары қарастырылған.
Аннотация: В статье раскрыты и соответствует контексту такие понятия как "ценность" "национальная ценность". Рассмотрены пути реализации в педагогическом процессе воспитание у школьников почитания и уважения национальных ценностей.
Abstract: The article reveals and corresponds to the context such concepts as “value” and “national value”. The ways of implementing in the pedagogical process the education of veneration and respect for national values among schoolchildren are considered.
Кілт сөздер: Құндылық, ұлттық құндылық
Ключевые слова: Ценность, национальная ценность
Keywords: Value, national value

Бүгінгі күні жаһандану біздің өміріміздің барлық салаларының даму бағытын анықтайтын процеске айналды. Жаһандық экономика жағдайында өмір сүре білу, тексерілмеген ақпараттың үлкен ағымына дұрыс жауап беру, жаһандық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті болу – мұның бәрі бүгінгі білімнің мәнін анықтайды. Үлкен мүмкіндіктермен қатар, жаһандану біздің оқушыларымыздың этникалық, мәдени ерекшеліктерін сақтау үшін кейбір қауіп қатерді төндіруі әбден мүмкін. Сондықтан еліміздедің білім саласындағы қазіргі кездегі жаңғырту үрдістері ең алдымен XXI ғасыр тұлғасы ұлттық және трансұлттық білімдік кеңістіктердегі орны мен роліне, жаһандану жағдайында халықаралық өзара әрекеттестікке дайын болу тұрғысынан жүргізілуде.

Көптеген зерттеушілердің көзқарасы бойынша «жаһандану» ұғымы «өзара тәуелділік», «интеграция немесе кірігушілік» деген мағына береді және халықаралық экономикада, әлеуметтік және саяси салада жүйенің жаңа даму кезеңін сипаттайды [1]. Жаһандық жүйе өте күрделі және алуан түрлі. Оған дамудың әртүрлі деңгейлерінде тұрған, өздерінің ұлттық мәдениеттері мен дәстүрлері, діни идеялары мен нанымдары бар халықтар мен мемлекеттер қатысады. Мұның бәрі адамзат әлі түсінбеген және жаңа шындыққа сәйкес шешуді үйренбеген көптеген жаңа мәселелерді тудырады, жаһандық білім беруді өзекті етеді.

Ғалым В. Лысенконың пайымдауынша, жаһандық білім беру адамға әлемге кіруге, заманға сай өмірдің мәдени, әлеуметтік, экономикалық және басқа да деңгейлеріндегі өзара байланыс жүйесіне үйлесімді енуге көмектесетін маңызды негіздердің бірі болып табылады, оның міндеті әлемді тану мүмкіндігін кеңейту, өз елінің басқа елдермен өзара әрекеттестік механизмдерін, оның әлемдік қоғамдастықтағы алатын орнын түсінуге және әлемге басқа халықтар көзімен қарауды үйренуге ықпал ету болып табылады [2].

Жаһандану бұл тек технологиялар мен ғылыми техникалық жетістіктердің бәсекесі ғана емес, ол отаншылдық сезімі жоғары тұлғалардың арасындағы елдің қадір-қасиетіне жету, халықтың ойындағысын тап басып біліп, орындап отыру барысындағы бәсекелестігі десек те болады.

Әлемнің ешбір мемлекеті басқа мемлекеттермен байланыспай, оқшау дами алмайды. Ол байланыстар: қаржы,өндірістік, әлеуметтік, экономикалық, саяси және білім беру салаларында жүзеге асады. Бұл өз кезегінде ішкі және сыртқы саяси экономикалық, мәдени бағыттағы шекаралар пердесін алып тастайды. Ұлттық оқшауландыруға негізделген ұлттық даму ерекшеліктеріне қауіп төндіреді, сондықтан осы қалыптасып келе жатқан кеңістікке интеграциялану – ұлттық мүдделерді қорғаудың тиімді тәсілі болып келеді. Интеграциядан бас тарту – бұл толыққанды дамудан бас тарту деген сөз. Әлемдік экономикалық кеңістіктің бір бөлігіне айналмай, ешбір қоғам бәсекеге қабілетті бола алмайды. Алайда, мұндай интеграция бірқатар жағдайларда ұлттық ерекшеліктерді жоюға әкелуі де мүмкін, яғни жаһандану ұлттық экономика мен мәдениетімізге үлкен сынақ болып табылады.

Әдебиеттанушы Ш. Елеукенов туған тілін сүюден басталатын махаббат, елжандылықтан адамзатты шексіз құрметтеуге дейін өсетіндігіне тоқтала келе, жасынан туған халқының даналығымен сусындап, оның өсиетінен нәр алып, әдебиетті сүйіп, сол арқылы ұлтжанды азамат болып өсері хақ деген пікір білдіреді [3]. Өз ана тілін жетік білетін, туған елінің тарихын, ұлттық дәстүрлер бен мәдениетімізді ұғындыра отырып, жас ұрпақ байында ұлттық құндылықтарымызды дәріптей, сақтай аламыз. Осылай тәрбиеленген бала әлемнің қай жерінде де қазақ ұлтының баласы екенін таныта алатындығына шүбә келтіруге болмайды.

Бүгінгі таңдағы тәуелсіз еліміздің ең басты мақсаты – дамыған өркениетті елдердің қатарына ену, бүкіл әлемдік білім кеңістігінен орын алу болып табылады. Бұның өзі ұлттық білім беру жүйесінің даму бағыттарын жаңа арнаға, жаңа сапаға жеткізудің қажеттілігін алға тартады. Ұлттық ерекшеліктерімізді сақтаудың негізі тетіктері білім беру және тәрбиелеу үдерісі арқылы жүзеге асады. Бұл жерде мектептердегі атқарылатын жүйелі кешенді жұмыстардың маңызы зор.

Көтеріліп отырған осы тақырып ғылыми-теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негіздеуді қажет ететіндігі ескеріліп, Жамбыл облысы білім басқармасының ұйымдастыруымен эксперимент алаңдары құрыла бастады. Атап айтар болсақ, Тараз қаласы Төле би атындағы №8 гимназиясында 2022-2023 оқу жылынан бастап «Қала мектебі жағдайында білім алушылардың жаһандық құзіреттіліктерін қалыптастыру» тақырыбында эксперимент жүргізілуде.

Эксперимент алаңының мақсаты: білім беру мен тәрбиелеу үрдісінде білім алушылардың жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастыру моделін құру, тәжірибеге ендіру.

Эксперимент кезеңі 2022-2027 оқу жылдарын қамтиды. Эксперимент алаңы аясында білім алушылардың бойында оқу-тәрбие үрдістері арқылы жаһандық құзіреттіліктерін дамыта отырып ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында бағдарлама, жұмыс жоспарлары даярланып жүзеге асуда.

Жаһандану үдерісінде оқушыларымыздың бойында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтау және дамыту мақсатында Төле би атындағы №8 гимназиясында жүйелі жұмыстар іске асырылуда. Ол жұмыстар төмендегі бағыттарда жүргізіледі.



Сурет-1. Білім алушылардың жаһандық құзыреттіліктерін қалыптастырудың моделі.

Осы модельге сәйкес ең алдымен сыныптар бойынша жаһандық құзыреттіліктері қалыптасқан гимназия оқушыларының моделі жасалды. Бұл эксперименттік алаңның соңғы шығатын межесі, алатын нәтижесі болуы.

Сурет-2. Жаһандық құзыреттілігі қалыптасқан оқушы тұлғасының моделі.

Келтіріліп отырған оқушы тұлғасын қалыптастыру оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарап толықтыру, оқу-тәрбие және оқудан тыс қызметті ұйымдастыру бағдарламаларын әзірлеу және тәсілдері мен ұйымдастыру формаларын жетілдіруді талап етті. Ұжым боп ұйымдастырылатын бұл шараларда тәрбие ортасының мүмкіндіктері ескеріліп, сондай-ақ барлық мүдделі тараптардың: отбасының, білім беру ұйымының, қоғамның кеңінен қатысуы арқылы іске асырылуы ойластырылды.

Тәрбие үдерісінде ұлттық құндылықтарды білім алушылардың бойына сіңіруде әртүрлі жобалар мен клубар жұмысының мәні зор. Бұл ретте, гимназияда «Адал ұрпақ», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Мектеп парламенті», «Жас кәсіпкер», «Ұшқыр ой алаңы», «Жас ақындар», «Түлектер қауымдастығы», «Жас қаламгер», «Жас актерлар», «Жас сарбаз», «Қыз жібек» клубтары жұмыс істейді, сондай-ақ, «Оқуға құштар мектеп», «Бірге оқимыз», «Дәстүр мен ғұрып», «Салауатты гимназия», «Отбасым – бақыт мекенім», «Қайырымды жүрек», «Домбыра-Дастан», «Туған өлке құндылықтары», «Табысты үштік», «Түлектердің жұлдызды күні», «Балалар мен театр», «Ұстаздар әлеміндегі бір есім», «Отандық кино сабағы», «Ата-ананың жұмыс орнындағы бір күн», «Туған жер», «Құқықтық мәдениет» жобалары мен клубтар жұмыстары жүйелі жүргізілді.

Жаһандық әлемге ұлт өкілі болып енуге, ұлттық ерекшеліктерді сақтауға даярлауда оқушыларға қосымша білім берудің маңызды зор. Осыған орай гимназияда «Алтынай» би, «Жас домбырашылар», «Шахмат», «Асық ату», «Тоғызқұмалақ», «Елтану», «Дебат», «Театр-сахна», «Дарын», «Жас тілші» үйірмелері жүреді. Аталған үйірме секциялар жұмысына 1002 білім алушы қатысады.

Шәкірттерге ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуде мектеп пен ата-аналардың өзара байланысы, балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық аса қажет. Осы орайда, гимназиядағы «Әке мектебі», «Ана мектебі» клубтарының аясында тәрбие сағаттарын ата-аналар мектепке келіп өткізеді. Ted форматындағы кездесулер жүргізіледі. Мұндағы мақсат бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру, қазақ баласын «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген үш-ақ ауыз сөздің мағынасын ұғындыру юолып табылады.

Жалпы қоғамның басты байлығы адам болса, парасатты да тәрбиелі қыздар – қоғамның ортаймайтын ең құнды қазынасы. «Қоғамды тәрбиелеймін десең, қызыңды тәрбиеле» деген қағиданың мәні қаншалықты терең болса, мазмұны да соншалықты салмақты. Жаһандану дәуірінде біздің қоғам үшін қыз тәрбиесіне ерекше назар аударуға тура келеді. Бұған себеп, соңғы кездердегі қоғамда болып жатқан қыздардың келеңсіз іс-әрекеттерін негізге алуға болады. Ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асып, қазақ деген халықтың қандай екенін әлемдік қауымдастыққа жан-жақты танытатын кезеңде өзгенің қаңсығына өзеуремей, халқымызға тән құндылықтарды жаңғыртсақ нұр үстіне нұр болар еді. Өкінішке орай, қазір асылы мен жасығы араласып, сел болып жатқан ақпараттар ағыны ұрпақты баурап, «тәрбиелейтін» құралға айналғаны ешкімге құпия емес. Қыз баланың тәрбиесін қоғам болып қолға алмасақ, келешегіміздің кемел, болашағымыздың жарқын болары екіұдай... Жаһандану дәуірінде біз осы тұстан ұтылмауымыз қажет. Қыздың дұрыс тәрбиесі бұл ұлттың болашағының негізі. Мектебімізде бұл мәселеге де айрықша көңіл бөлінеді.

Жаһандану үдерісінде оқушыларымыздың бойында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтау және дамыту білім мазмұны арқылы да жүргізілуі тиіс. Бұл бағытта гимназияда бастауыш сыныптарда «Тіл дамыту», «Әдеп әліппесі», «Әдеп негіздері», «Шешендік өнер», жоғары сыныптарда «Абайтану», «Жас көшбасшы» таңдау курстары жүргізіледі. Мұндағы мақсат тұлғаның ұлттық келбетін анықтайтын өзіндік санасы мен ұлттық құндылықтарға қатынасын көрсететін сенімі, көзқарасы, ұмтылыстары ашық, патриот тұлға тәрбиелеу.

Қорыта келе, жаһандану немесе түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар заманында заманында жас ұрпақтың болашағын баянды ете отырып ұлттық құндылықтары бойында қалыптасқан тұлға етіп тәрбиелеу ең басты қағидамыз болып қала бермек. «Ұлтыңды

тәрбиелеймін десең ұлыңды тәрбиеле, қоғамды тәрбиелеймін десең қызыңды тәрбиеле» деген аз сөздің аясына мәні зор салмақты ойды сыйғызған халқымыздың дана дәстүрімен бүгінгі қоғамның заманауи жастарын тәрбиелеу еліміздің барлық білім беру ұйымдарының алдында тұрған зор міндет деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Оразбаева К.О. «Жаһандану жағдайында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру» Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация Алматы, 2016 ж
2. Лысенко В. Философию и практику глобального образования – российской школе // Народное образование, 2008, № 9-10. –10-16с.
3. Ш.Елеукенов, Замандас парасаты. Әдеби сын. Алматы: Санат, 1977 ж.

«ТІРЕК МЕКТЕБІ – МАГНИТТІ МЕКТЕП» ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ
ОБОСНОВАНИЕ ПРОЕКТА «ОПОРНАЯ ШКОЛА-МАГНИТНАЯ ШКОЛА»
JUSTIFICATION OF THE PROJECT «SUPPORT SCHOOL – MAGNETIC SCHOOL»

Сапаева Каламмпыр Жолдасбековна
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі
Жамбыл облысы,Жуалы ауданы,Б.Момышұлы ауылы
sapaeva.kalampyr@mai.ru

Аннотация: Баяндамада «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту қарастырылады.
Аннотация: В докладе рассматривается " повышение качества среднего образования: сокращение разрыва в качестве обучения между регионами, городскими и сельскими школами Казахстана.
Annotation: The report considers "improving the quality of Secondary Education: reducing the gap in the quality of education between the regions, urban and rural schools of Kazakhstan.
Тірек сөздер:Тірек мектебі,магниттік мектептер,жаңа технология, білім.

Қазіргі таңда ауыл мектебінің жағдайы – білім саласындағы өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан ауыл мектебі мен қала мектебінің арасындағы білімдегі алшақтықты қысқарту – күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып қарастырылып келді. Себебі шалғай елдімекенде орналасқан мектеп білім алушыларына білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім алудағы қолжетімсіздік, бала санының аздығы, педагогтердің тапшылығы, мектептің талаптарға сай келмеуі, зертханалық жұмыстарды жүргізуге жабдықталған кабинеттердің қарастырылмауы, МТБ-ның жетіспеушілігі мен аздығы, көбіне жаңартылмауы секілді мәселелердің барлығы – білім сапасын арттыруда өзіндік әсерін тигізері анық.

2007 жылдан басталған елдегі урбанизация мәселесінде ауыл халқының көпшілігі қалаға көшіп, ішкі көші-қон процестерін тудырды. Осының нәтижесінде бір кездері тығыз қоныстанған ауылдар бос қалып, оқушыларсыз қалған мектептер жабыла бастады және жабылу қарқыны тоқтамады.

Шағын жинақты мектептердің жағдайы бойынша әлемдік тәжірибеге сүйенсек, АҚШ, Австралия, Канада мен Польшада ШЖМ мұғалімінің жалақысы қала мектептері мұғалімдерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. АҚШ пен Финляндияда Интернет жоқ, тасымалдау жолға қойылған.

Алайда бұл елдерде оқушы уақытының көпшілігі жолға кететіні белгілі. Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі (үлкен мектептер – Хаб) қарастырылған. Норвегияда ШЖМ-ның жартысы біріктірілген сыныптардан тұрады. Ресейде ШЖМ-ны жан басына қаржыландыру тиімсіздігі анықталған. Сонымен қатар бастауыш ШЖМ-ны типтерге бөліп қарастырады.

Украинада ШЖМ мұғаліміне ставкалы жүктеме төленеді, жалақысы – 2 есе жоғары және мектепті жабу тек ата-ананың келісімімен жүзеге асырылады. Қарап отырсақ, әлемдік тәжірибеде ауыл мектептерінің жағдайы жасалған. Сондықтан, ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту, білімдегі, өңірлер арасындағы алшақтықты қысқарту, шағын жинақты мектеп білім алушыларына виртуалды сабақ өткізуді ұйымдастырып, іске асыру, ортақ қаржыландыру мен басқару жүйесін құру мақсатында 2022-2025 оқу жылында «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені» жобасын жүзеге асыру көзделіп отыр.

Ауыл мектептерінің жағдайы мен білім сапасын жақсарту жолында еңбек еткен белгілі ғалым, т.ғ.к., профессор Сәбит Сейітұлы Қонтаев «Тірек мектебі» моделін құру арқылы сапалы білімге қол жеткізуге болатындығын дәлелдеп, идея жүзеге аса бастады. Автордың ойынша «Тірек мектебі (ресурстық орталық)» құрудағы мақсат – ауыл балаларына МЖМББС-ға сәйкес сапалы білім беру механизмін құру».

Міндеттері**:** - педагогтердің біліктілік сапасын арттыру;

- мектептердің МТБ жағдайын жақсарту;
- МЖМББС-ға сәйкес сапалы білім беру;
- жабдықталған кабинеттерде оқушыларға сабақтар өткізу;
- әлеуметтік жағдайды жақсарту (әлеуметтендіру, қарым-қатынас жасау, басқа ортамен араласу және т.б.)
- оқушыларды өмірге бейімдеу (сессияларды ұйымдастыру, пікірталас, дөңгелек үстел және т.б.);
- зертханалық жұмыстарды жабдықталған кабинеттерде өткізу;
- бейіндік және бейіналды пәндерді оқытуды ұйымдастыру;
- ерте кәсіби білім беру;
- ауылдық білім алушыларды дамыту және т.б.

Автордың идеясы бойынша алдағы уақытта жүзеге асыратын мәселелер:

1. Бірыңғай оқу жоспарын сараптамадан өткізу;
2. Шағын жинақты мектептердің критерийін қайта қарау;
3. Мектептердің даму бағдарламасын қайта қарау;
4. Тірек мектептердің көмегін арттыру.

Осылайша профессор С. Қонтаевтың «Тірек мектебі (ресурстық орталық)» идеясы келесі нормативтік құжаттарда көрініс тапты.

«Тірек мектебі – магнитті мектептер» кешені» пилоттық жобасы – білім алуда теңдей мүмкіндікке қол жеткізу бағытында әзірленген жоба. Білімдегі теңсіздіктің негізі орта білім беру жүйесінде қаланады. Білім сапасының алшақтығы мектеп түрлерінің бөлінісінде, негізінен қала мен ауыл мектептерінің арасындағы бөлініс те байқалады.

Бүгінде халықаралық салыстырмалы зерттеу мен білім алушылардың білімін бағалаудың мәліметтері бойынша ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтық өсуде. Ауыл мектептеріндегі білім сапасының төмен болуының бір себебі орта білім беруде шағын жинақты мектептердің назардан тыс қалуы мен қаржыландыру мәселесі. Сондықтан осы әдістемелік ұсынымдаманы жазудың басты мақсаттарының бір де – білімдегі алшақтықты қысқарту мәселесінде.

Президент Қ-Ж. Тоқаевтың Қазақстан халқына бірінші, сондай-ақ екінші Жолдауында мектеп оқушылары үшін мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету бойынша жүйелі шараларды әзірлеу қажеттілігі баяндалды. 2020 жылғы 1- қыркүйектегі мемлекет басшысы Қ-Ж. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы

білім алуы керек… Осыған орай, мемлекет қарапайым мектептерге қолдау көрсетеді. Сонымен бірге бұл қадам қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы алшақтықты қысқартуға жол ашады», – деді. Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы №726 қаулысының 2-міндеті «Орта білім беру сапасын арттыру: Қазақстанның өңірлері, қалалық және ауылдық мектептері арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты қысқарту (PISA) 3-міндеті «Мектептерді жайлы, қауіпсіз және заманауи білім беру ортасымен қамтамасыз етуді» орындау үшін «Тірек мектебі (ресурстық орталық) – магнитті мектептер» кешені пилоттық жобасын жүзеге асып, биылғы 2023-2024 оқу жылында Жамбыл облысы бойынша 2 мектеп «Білім беруді тұрақты дамыту» қайырымдылық қорының «Ауылдық жерлерде тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасына енген болатын. Соның бірі мектебіміз Жуалы ауданындағы Әлихан Бөкейхан атындағы №15 мектеп-лицейге қор тарапынан 250 млн теңге бөлініп мектеп-лицейдің материалдық-техникалық базасы толықтай жаңарды. Атап айтқанда, заманауи зертханалармен, TELE-студия, ART-студия, STEM-лаборатория т.б пәндік кабинеттер жабдықталды. «Жаһандану жағдайында ауыл мектеп оқушыларын ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы эксперименттік алаң тұжырымдамасы негізінде мақсат-міндеттері айқындалып, Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейіне қарасты магниттік мектептер белгіленді. Олар «№22 Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп» КММ, «№14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектебі» КММ, «№37 Ынтымақ негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері.

Оқу кезеңдері 3 сессияға бөлінді. Әрбір сессия кезінде оқу сабақтары, қосымша білім және тәрбие жұмыстары, яғни, дамыту блогтары өз алдына жеке жоспарланды.

Оқыту сессиясы баланың біліміндегі айғақ кемшіліктерді жоюға бағытталған. Сондықтан жұмыс қолданбалы, зертханалық - тәжірибелік сабақтар, өз бетімен жұмыс жасау және талдау сипатында және өз бетімен білім алу, әлеуметтік және өзін-өзі кәсіби тану бағытындағы негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру бағытында ұйымдастырылды.

Магниттік мектептен келген балалардан Тірек мектебіндегі оқушылармен бірге микротоптар құрылып, оқушы жаңа ортаға бейімделіп, бірлесе жоспарлау, пікір алмасу жұмыстары жүргізілуде. Теориялық білімді практика түрінде ұштастыруына жаңадан ашылған заманауи зертханалармен, TELE-студия, ART-студия, STEM-лаборатория т.б пәндік зертханалар оқушының білім-білік құзыреттілігін дамытуға үлкен себеп болуда. Бала мұғалімнің басшылығымен тек тәжірибе жасап қана қоймай, өз бетімен жұмыс жасауына,ғылыми жобалар жасауға, дағдысын қалыптастыруға, талдап – қорытындылау жұмыстарын дамытуда. Зертханалық жұмыстар оқушылардың қызығушылығын арттырып қоймай, басым көпшілігі химия, физика,информатика, биология пәндеріне деген қызығушылығы артып, аудандық,облыстық, республикалық байқауларға қатысып нәтиже шығаруда.

Атап айтсам 10-сынып оқушысы Базарбек Ерасыл «Robotek Grand Tournament» республикалық турнирінің (екінші) облыстық кезеңінде «X machine»тобы қатысып III - дәрежелі дипломмен марапатталды.

«Robotek Grand Tournament» республикалық чемпионаттың аудандық кезеңінде «Сұрыптаушы робот» санатына қатысып жоғары нәтиже көрсеткен«Robotek» тобы I - дәрежелі дипломмен марапатталды.

Жуалы ауданының 95 жылдығына орай ұйымдастырылған «IT BALAQAI» робототехника бағыты бойынша аудандық жарыстың «Формула 1.1-телефонмен басқару» кезеңінің жеңімпазы «X machine» I-дәрежелі дипломмен, «IT BALAQAI» робототехника бағыты бойынша аудандық жарыстың «Формула 1-лабиринт» кезеңінің жеңімпазы «IT балақай» I- дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен бірге оқушыларымыз жаратылыстану бағыты бойынша Облыстық «Зерде» ғылыми жоба байқауына қатысып жүлделі II - III орындарды иеленді. 3D модельдеу бойынша оқушылар 3 D өлшем фигураларды принтерді баспаға шығарады, және де лазерлі станокпен де жұмыс жасай алады. Ағаштардан кескіндерді келтіріп әр түрлі дизайнда геометриялық фигуралар, әр түрлі эмблемалар жасауды үйренуде. Алдағы уақытта «Жеті ата» панно туралы жоба жасалуда. Оқушылардың роботқа қызығушылықтары өте жақсы. Оқушылар үйірме жұмыстарында құрастырып қана қоймай, программасын жазып, логикалық ойлауды үйренуде.

Бұл жоба аясында ұстаздарымыз педагогикалық шеберлік орталығында, зияткерлік мектептерінде өз біліктіліктерін арттыруға, семинарларға қатысуға, тәжірибе алмасуға өте үлкен мүмкіндіктер алды. Қараша айында біздің 50 педагог зияткерлік мектептеріне барып, методика алмасып, семинар-сабақтарға қатысып қайтты. Алдағы үш жылда біліктілігін арттырып отыруға мүмкіндік қарастырылды. Қазіргі таңда сол ұстаздарымыз алған тәжірибе алмасуларын өз мектебімізде балаларға білім беру мақсатында жалғастырып жатыр. Сондай-ақ, аудандағы магниттік мектептің мұғалімдеріне тәжірибелерімен бөлісуде. Ал, өзге мектептің оқушылары біздің білім ошаққа келіп, шығармашылығын арттыруға мүмкіндік алып отыр.

Аталған ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында тірек мектеп-лицейдің бастамасымен магниттік мектептердің «Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру, өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында өз құзыреті мен өкілеттігі шеңберінде келісімге қол жеткізіп, 6 баптан тұратын «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының мүшелерімен өзара ынтымақтастық меморандумына қол қойылды. Олар Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейіне қарасты магнитік мектептер «№22 Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп» КММ, «№14 Бейімбет Майлин атындағы орта мектебі» КММ, «№37 Ынтымақ негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемелері.

Меморандум Қазақстан Республикасы Конституциясының 8-бабына сәйкес мекемелер арасында ынтымақтастық қарым-қатынас жасау, білім алушылардың бойына азаматтық жауапкершілік пен белсенділікті, әлеуметтік құзыреттілік дағдыларын дарыту, шығармашылыққа қабілетті, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесіне әрекет ете алатын жоғары мәдениетті азаматтарды тәрбиелеу.

Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейінің «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Кемел Назым: «Тірек мектеп-лицей ретінде магниттік мектептермен бірлесе отырып білім сапасын арттыру және білім алушылардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасауда лицей базасындағы ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында өзге мектептің Парламенттерімен тығыз қарым-қатынас жасау үшін бүгінгі келісімді ұйымдастырып отырмыз. Келісімде бірнеше мәселер қаралған, мектепаралық байқаулар мен олимпиадаларға, спорттық жарыстарға, конференцияларға белсенді қатысу, мектеп білім алушылары арасында құқық бұзушылықтың алдын алу т.б. Алдағы уақытта мектеп парламенттерімен тығыз жұмыс жасайтын боламыз» - дейді.

Сонымен қатар келісімде ұлттық құндылықтар негізінде мәдени мұраны, әдебиетті, тарихты, этнографияны, ауыз әдебиетінің мол мұралары мен тұрмыс салт-жырларын терең насихаттауда мектеп оқушыларымен бірлескен әр түрлі іс-шаралар, экскурциялық сабақтар жүргізілетін болады. Оқушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, құқық бұзушылықтың алдын алу, білім беру ұйымының мүлкін ұқыпты қарауға, әр баланың өзіндік даралық қасиетін көрсетуіне және оның қажеттілігіне, қызығушылығы мен қабілетін жүзеге асыруына мүмкіншілік беру т.б. жұмыстары атқарылатындығы туралы уағдаласты. Меморандумның Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне еніп қолданысқа енгізілетіні айқындалды. Магниттік мектептердің өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері шара соңында тірек мектеп-лицейдің базасындағы ресурстармен танысып, түрлі бағыттағы үйірме сағаттарына қатысты.

Болашақта тірек мектептің (ро) тәжірибесі оқушылардың заман талабына жылдам бейімделуіне, болашақ кәсіби маман иесі жолындағы жаңа өзгерістерді жағымды қабылдауына, цифрландыру кеңістігін еркін меңгеруге үлес қосарына сенімім мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауының «Сапалы білім беру» тарауы
2. 2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасын бекіту туралы №726 қаулысы
3. 3. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты 2022 жылғы 1-қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының Үшінші бағдар. «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» тарауының талаптары
4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» № 348 бұйрығын.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ТАПСЫРМАЛАР ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРА ОТЫРЫП ТИІМДІ ОҚЫТУ
ЭФФЕКТИВНОЕ ОБУЧЕНИЕ С ФОРМИРОВАНИЕМ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ ШКОЛЬНИКОВ НА ОСНОВЕ СИСТЕМЫ ЗАДАНИЙ
EFFECTIVE TEACHING WITH THE FORMATION OF THE COMMUNICATIVE COMPETENCE OF YOUNGER STUDENTS BASED ON A SYSTEM OF TASKS

Мактабаева Асем Абилкасымовна
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі
Жамбыл облысы,Жуалы ауданы,Б.Момышұлы ауылы
maktabayeva84@mail.ru

Аннотация: Баяндамада бастауыш сынып оқушыларын коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыра отырып тиімді оқытудың жолдары көрсетілген. Бұл ретте бастауыш сынып оқушылары жазба мәтіндерді түсініп, қолданып, оны күнделікті өмірде қолдану білу мүмкіндігі,жолдары,ұсынымдары қарастырылады.
Аннотация: В докладе отражены пути эффективного обучения учащихся начальных классов с формированием их коммуникативной компетенции. При этом рассматриваются возможности, пути, рекомендации учащихся начальных классов понимать и использовать письменные тексты,уметь применять их в повседневной жизни.
Annotation: The report reflects the ways of effective teaching of primary school students the formation of their communicative competence. At the same time, the possibilities, ways, recommendations of primary school students are considered to understand and use written texts, to be able to apply them in everyday life.
Тірек сөздер: коммуникативтілік,құзірет,мәтін, білім,тиімді оқу

Қ.Р мемлекеттік жалпыға міндетті 12 жылдық білім беру стандартында білім беру жүйесінің мақсаттарына байланысты «Білім, білік, дағдылардың негізінде тұлғаның алдына қойған мақсаттарына жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарын тиімді пайдалануға дайындығынан көрінетін құзірет – білім берудің негізгі нәтижесі болып табылады» делініп, оқушының

- проблемалық шешімін табу құзіреттілігі;
-ақпараттық құзіреттілік
-коммуникативтік құзіреттілікті меңгеруіне ерекше назер аулдарылған.

Осыған орай, коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру міндеттеріне қазақ және басқа тілдерде коммуникация құралдарын, топтық қарым-қатынас ережелерін меңгеру,ауызша және жазбаша сөйлеу іскерліктерін игеру т.б жатқызылған.

Жалпы бұл құзіреттіліктердің негізі бастауыш сыныптарда қалыптасатын болғандықтан, қазіргі білім беру қызметкерлерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – тұлғаның коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастырудың теориялық, практикалық шарттарын негіздеу болып табылады. Мәселенің теориялық аспектісіне талдау Б.Т.Ананьев, А.А. Бодалов, А.Н. Леоньев, Б.Р.Ломов, В.Н. Мясищев т.б зерттеулерінде қарым- қатынас орнату тұлғаның белсенділігінің бір формасы ретінде қаралатынын көрсетті. Себебі қарым-қатынас барысында адамзаттың өткен тәжірибелері, құндылықтары,білімі меңгеріліп, адам іс- әрекет субьектісі ретінде қалыптасады. Сондықтан аталған зерттеушілер қарым-қатынасты тұлғаның маңызды даму факторының бірі ретінде қарастырады. [1].

Келесі зерттеушілер тобы қарым-қатынастың 2 қызметін ерекше атап көрсетеді:

а) ақпараттық қарым-қатынастың дамудың қорғаушы күші және негізгі құралы деп

таниды.

ә) бірлескен әрекет- қарым- қатынас нәтижесі адамдардың бірін- бірі түсінуі, бірлесіп әрекет етуі. [2].

Қарым- қатынастың негізгі құралы – тіл. Сондықтан Л.С.Выготский, Л.Р. Лурия, А.А.Леонтьев, Л.А.Чистович т.б педагог, психологтар коммуникативтік қаблетті дамытуды тіл табиғатымен байланыста қарастырады. Аталған зерттеушілер коммуникативтік іс- әрекет ішкі тілек пен сыртқы түрткінің нәтижесінде туындайтынына ерекше көңіл бөледі. А.АЛеонтьевтің пікірінше, адамның негізгі мақсаты- сөйлеу емес, сол сөздің ықпалын пайдалану.

Адамның қарым-қатынас жасау қабілеті психологиялық- педагогикалық әдебиеттерде (Г.М.Андреева, А.Б.Добрович, Н.В.Кузьмина, А. Джекова т.б) комуникативтік қасиет ретінде қарастырылады. Коммуникативтік қасиеттің дамуы арнаулы коммуникативтік іскерліктерді меңгерумен байланысты: қарым-қатынастың құралдарын еркін игеру, қажетті сезімдік ақпаратты бере білу, кері байланыс орнату, әңгімелесушіні тыңдай білу, оның позициясын қабылдау, қарым -қатынасты ұйымдастыру, кез-келген жағдайда қарым-қатынас орнату шеберлігі, әңгімелесушінің ақпаратына талдау жасап, бағалау, оған ықпал ете білу т.б.

Стандартта көрсетілген іскерліктерді қалыптастыру бастауыпп сыныпта оқытудың коммуникативтік бағыттылығына ерекше назар аударып, осы кезеңнің ерекшеліктеріне сәйкес коммуникативтік тапсырмалардың мүмкіндігін пайдаланғанда тиімді жүзеге асады деп есептейміз, төменде бастауыш сыныптарда сабақ және сабақтан тыс уақытта орындауға ұсынылатын коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыру бағытындағы тапсырмалар түрлерін ұсынып отырмын, бұл тапсырмалар коммуникативтік атмосфера туғызып, оқытудың өзін мақсатқа бағытталған қарым- қатынасқа айналдырады.

Жазбаша қарым қатынас құзіреттілігі	-қарапайым сауалнамаларға жауап беру (өзі туралы, өз қызығушылығы, отбасы, ата- аналары т.б) -құттықтау жазу (жаңа жыл, 8 наурыз, 9 мамыр т.б) -хат жазу (шетелдік құрдасына,жақын туысына т.б) -мәтіннің тірек сөздерін табу; -мәтін мазмұнын көрнекілік арқылы беру; -мәтінге жақын мазмұндау; - жоспар құру; -сұрақ дайындау т.б -ұсынылған тақырыпқа шығарма, баяндама т.б жазу; -тақырыпқа сай келетін мақал- мәтел жазу т.б
Көпшілік алдында сөз сөйлеу	Жалғастыр Менің ойымша... Мен... пікірмен келіспеймін, себебі... Мен... пікірмен келісемін, себебі.. Маған.. ұнайды, себебі.. -Берілген роль бойынша қысқаша хабарлама жасау: -кезекші оқушы -хабарландыру (сыныпта, вокзалда,саяхатқа шығар алдында, концертті бастау үшін т.б) •Тақырыпқа хабарлама, баяндама жасау - Кім,не? Қандай? Не істеді? Неге?Не болды? -Оқиғаның болған мерзімі. Орны. Оқиғаның сипаты. Нәтижесі. Әңгімелесу «досы, ауылы, қаласы, иті т.б туралы), •

Диалог	• Этикалық сипаттағы диалогтар -сәлемдесу -өзін- өзі, басқаны таныстыруы; -қоштасу; -күттықтау, тілек айту, оған жауап беру; -әңгімені бастау, аяқтау, оған жауап беру -алғыс білдіру, оған жауап қайтару; -қуаныш, ренішімен бөлісі; -Сұрақ - жауап түріндегі диалог -мақсатты түрде өзіне қажетті ақпарат туралы жан -жақты сұрау; -сұрақ пен хабарды араластыра қолдануы. • Диалогқа тарту; -өтініш жасау; -көмек үсыну; -ақыл, кеңес, ұсыныс айту; -бірлескен әрекетке шақыру, т.б • Пікір алмасу келісу, келіспеу; мақұлдау, сенімсіздік білдіру; -дәлелдеу, Диалог пікірталас, т.б

Жоғарыда аталған үлгідегі тапсырмалар сабақ барысында меңгерілген ақпаратты, мәтінді оқушының өз бетімен тілдік қарым- қатынасқа енгізуіне, олардың тілдік ойлау белсенділігінің артуына ықпалын тигізеді. Тек қана мәтінді меңгеруге арналған тапсырмалар репродуктивтік сипатта болып, оқушылардың шығармашылық ойлауын дамытпайды.Сондықтан әрбір сабақты жоспарлағанда оқушылардың тілдік - коммуникативтік іскерлігін қалыптастыруға бағыттап,оқытудың коммуникативтік қағидаларын басшылыққа алуы қажет.

«Мектеп курсында ана тіліне байланысты оқытылатын тілдік единицалар: дыбыс, сөз құрамы, сөз, қосымша, сөз тіркестері және сөйлем болып табылады. Сондықтан тіл дамыту осы тілдік единицаларға байланысты үйрету қажет», - дейді әдіскер-ғалым А.Жаппаров.

а) Жаңа сөздер үйрету және осы үйренген сөздерінің, сондай-ақ балалардың бұрыннан сөздік қорында бар сөздердің мағыналарын меңгерту.

Мектепке келген бала тілі бір жақты, тек отбасы, ошақ қасында пайданылатын сөздер ғана болуы мүмкін. Атап айтқанда, оның сөздік қорында ауыспалы мағыналы, жалпылық мәнді және түрлі білім саласында қолданылатын термин сөздер аз кездеседі, кейбіреуінде тіпті кездеспейді де.

Баланың сөздік қоры ең алдымен, сол класта жүргізілетін пән оқулықтары, пайдаланылатын көрнекі құралдар және кластан тыс оқуға арналған көркем әдебиеттермен анықталады.

Балалар жаңа сөздермен тек сыныпта өткізілетін сабақтарда ғана танысып қоймайды, сонымен бірге өз беттерінше кітап оқу, түрлі кластан тыс жүргізілетін жұмыстарға қатысу, кино, театр, саяхатқа бару, радио тыңдау және теледидар бағдарламасын көру нәтижесінде де жаңа сөздер үйреніп, тіл сындырады.Оқушылардың ақпарат, білім көздерінен өз беттерінше игерген сөздерді дұрыс не бұрыс пайдалануы да мұғалімнің міндеті. Бала сөзінде пайда болған жаңа сөз, сөз тіркестердің мән-мағынасын ашып, іс- тәжірибеде пайдаланудың жолын да мұғалім көрсетеді.

Сөз – тілдің негізі. Нақты заттар мен құбылыстар, дерексіз ұғымдар, адамның сезімі мен ниеті сөз арқылы білдіреді. [3].

Сөздік– қоғамның, ұлттың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухани байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен

мәдениетінің дамуына қарай сөздікте дамиды. Ендеше, оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің зор маңызы бар.

Сөздік жұмысы суретпен жүргізілетін жұмыспен мазмұндас. Сөздік жұмыстары барысында оқушылардың дербес ойлауына, кеңірек сөйлеуіне, өз бетінше сөздер таба білуіне көбірек көңіл бөлінеді. Дәлірек айтқанда, сөздік жұмыстарын орындау барысында оқушылардың өз бетінше жұмыс істеу дағдылары қалыптаса бастайды.

Мектептегі сөздік жұмыстарының басты бағыттары;

-әр сыныптағы оқу бағдарламасы бойынша жүргізілетін барлық пән сабақтары арқылы оқушының қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстар туралы түсінігі артып, кеңеюінің нәтижесінде жаңа сөздер мен сөз тіркестерін игерту;

-жаңа сөз тіркестерінің мағынасын түсіндіру;

-грамматиканың салаларын оқытуға байланысты, заттар мен құбылыстарды классификациялауға,топтарға арналған жаттығулар жүргізу;

-лексикалық жаттығулар сөздердің тура және ауыспалы мағыналарын, слинонимді, омонимді, антонимді игертуге арналған жаттығулар;

-көркем әдеби шығармаларды талдау және мазмұндама, шығарма жаздыру.

Мектеп балаларының сөздік қорын анықтау мақсатында тәжірибе жүргіздік.

Сыныпта 23 оқушы болды. Оларға мынадай тапсырмалар берілді:

үш өлеңді жатқа айтып беру; екі-үш ертегіні өз сөздерімен әңгімелеп айту (қазір теледидардан 4-5 жастағы балалар да ертегі айтып жүр);

3. Берілген сөздерге сөйлем құрау.

Нәтижесінде, бірінші тапсырманы орындаған оқушылар саны - 6. Олардың оқыған сөздердің жалпы саны 75-80 болды.Ал кейін қайталап айтқызып саралағанымызда, бұл сөздердің төрттен біріне жуығының мағынасын оқушы түсінбейтін болып шықты.Мысалы;

Шекарада - күзете,
Қас қақпайды ағалар.
Балбыраймыз төсекте
Біз - алаңсыз балалар, -

деген бір шумақ өлеңде үш сөздің мағынасын ажырата алмады.(қарамен жазылған).

Ал екінші берілген тапсырма бойынша балалардың өздері білетін ертегілерін әңгімелету кезіндегі қолданған сөздердің саны өте аз, 45 - 55 сөздің шамасында. Оның есесіне сөз мағыналарын түгелдей дұрыс түсінетіндерін көрсетті.

Осы тапсырма бойынша бір-екі өлең, бір-екі ертегі білетін, бірақ білгендерін толық айтып бере алмайтын оқушылар саны - 12. Бұл балалардың тіліндегі негізгі кемшіліктер - сөздік қорларындағы жиі қолданылатын сөздердің мүлде аздығы, ауызекі сөйлеу мен үй ішіндегі жергілікті сөздердің кездесетіндігі.

Мұндағы басты себеп оқулықтардағы берілген материалдардың бірқатарын бала ұғынбай, құр оқиды, жаттайды, өйткені ондағы көптеген сөздердің мағынасын балалардың толық түсінбеуінде. Бұл әрине, мұғалімдер мен әдіскерлерді ойландыруға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының бастауыш білім берудің жалпыға міндетті стандарты, 2012 жыл.
2. Қазақстан Республикасының Білім Ғылым Министрлігі бекіткен бастауыш білім берудің бағдарламасы.
3. Мұғалімдерге арналған қазақ тілі пәніне әдістемелік құрал.

ҚҰЗІРЕТТІЛІКТЕРДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ЖАС ҰРПАҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ
ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ ЧЕРЕЗ ФОРМИРОВАНИЕ КОМПЕТЕНЦИЙ
EDUCATION OF THE YOUNGER GENERATION THROUGH THE FORMATION OF COMPETENCIES

Молдағалиева Жайна Абайқызы
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі
Жамбыл облысы,Жуалы ауданы,Б.Момышұлы ауылы
zhainaabaikyzy@gmai,ru

Аннотация: Баяндамада құзіреттеліктерді қалыптастыру арқылы жастарға патриоттық тәрбие берудің жолдары айтылды.Бұл ретте оқушылардың ұжымда жұмыс істеу дағдылары, пікірталас жүргізу, толерантты болу, жанжалдардан аулақ болу , жанжал жағдайынан шығу жолын табу.
Аннотация: В докладе были озвучены пути патриотического воспитания молодежи через формирование компетенций.При этом навыки работы учащихся в коллективе, умение вести дискуссии, быть толерантными, избегать конфликтов , находить выход из конфликтной ситуации.
Annotation: The report outlined the ways of patriotic education of young people through the formation of competencies.At the same time, students' teamwork skills, the ability to conduct discussions, be tolerant, avoid conflicts, and find a way out of a conflict situation.
Тірек сөздер: патриотизм, құзіреттілік, жауапкершілік, отансүйгіштік

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет бола алатындығын бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты міндет – осы мемелекеттің өркендеп өсуі, халықтың әлеуметтік, экономикалық жағдайын көтеру.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын бұрынға президент Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «...біздің балаларымыз бен немерелеріміз ... бабалардың игі дәстүрін сақтай отырып қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, жылдам өркендеу үстіндегі күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады» - деп үміт артып отыр,- деген болатын. [1].

«Қазақстан – 2030 бағдарламасына қатысты Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Оқушыларды қазақстандық ұлтжандылыққа, шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез - құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек»,- делінген [2].

Алғашқы әскери дайындық жастарды Отанды қорғауға дайындаудың негізгі құралы болып табылады. Жастарды Қарулы Күштерде қызмет етуге дайындаумен айналысатын мектептердің әскери жетекшілері, біз жас жауынгердің қандай жаңа моральдық, физикалық және психологиялық сынақтарға тап болатынын, оның қандай беріктік шегі – жауынгерлік, моральдық – қазір болуы керек екенін нақты түсінуіміз керек.

Бастапқы әскери дайындық курсы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі болды және болып қала береді. Кез-келген сабақ сияқты, АӘД сабағы да оқушы үшін де, оқытушы үшін де заманауи, жарқын, бай, есте қаларлық болуы керек. Кезекті сабаққа дайындалып, оның кезеңдерін ойластыра отырып, кез-келген мұғалім сабақтың әдістері мен формаларын, ол қолданатын педагогикалық технологиялардың элементтерін, сабақ процесінде (сабақ циклі) оқушыларда қандай құзыреттіліктерді дамытуды, сабақ

процесінде аудиториямен қарым-қатынас жасау және басқару әдісі қандай болатынын және т.б. алдын-ала ойластырады. Бұл ұғымдардың барлығы сабақтың мақсаттарына және олардан туындайтын сабақтың міндеттеріне бағынады. Сапалы сабақ – бұл сабақ жоспарына енгізілген жақсы ойластырылған сабақ. АӘТД сабағы басқа сабақтармен салыстырғанда өзінің ерекше сипаттамаларына ие, атап айтқанда, мысалы, математика, химия сияқты пәндерден айырмашылығы, ол оқушыға болашақ кәсібінде емес, күнделікті өмірде, қазіргі және болашақта пайдалы болады.

АӘТД пәнінде төменде берілген құзіреттіліктерді оқушы бойына сіңіре отырып жастарға патриоттық тәрбие беріп келемін:

Құндылық-семантикалық құзыреттіліктер. Яғни, сабақтар циклін тыңдай отырып, оқушылар өздері үшін Отан, азаматтық борыш, патриотизм ұғымымен байланысты өмірлік құндылықтар мен басымдықтарды айқындайды. Бұл құзыреттілік тобы оқушының дүниетанымымен, оның қоршаған әлемде өзін-өзі бағдарлауымен, осы әлемдегі мақсатын білумен, өмірдегі рөлі мен мақсатын түсінумен, өмірлік басымдықтарды таңдаумен байланысты. Бұл құзіреттіліктер оқушының оқу және сыныптан тыс жұмыстарында өзін-өзі анықтауын дамытады.

Жалпы мәдени құзыреттілік өмірдің рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастырумен байланысты. Бұл құзыреттер Қазақстанның мемлекеттілігінің қалыптасу тарихымен, ҰОС тарихымен және т.б. байланысты сабақтар циклінде де қалыптасады. Бұл белгілі бір оқушының және оның қоршаған ортасының, жалпы адамзаттың рухани-адамгершілік негіздерін қалыптастыру және дамыту. Бұл – отбасылық құндылықтарды, өз халқының мәдени дәстүрлерін бірінші орынға қою. Бұл – оқушыны әртүрлі әлеуметтік және әлеуметтік құбылыстармен таныстыру, ғылым мен діннің адам өміріндегі рөлін түсіну, оқушының әлемнің ғылыми бейнесін оның прогрессивті даму динамикасында игеру тәжірибесі. Жергілікті жергілікті құбылыстардан жалпыадамзаттық ауқымдағы құбылыстарға дейін талдау мүмкіндігі. Бұл құзыреттіліктер тобында тарих, әлеуметтік ғылымдар сияқты ғылымдарға байланысты алғашқы әскери дайындықтың рөлі ерекше көрінеді.

Оқу-танымдық құзыреттіліктер. Бұл құзыреттілік тобы АӘТД сабағында оқушының танымдық іс-әрекетімен байланысты, онда оқушының логикалық іс-әрекетінің элементтері, жалпы білім беру қызметі нақты танымдық объектілермен байланысты. Яғни, оқушы өнімді іс-әрекеттің шығармашылық дағдыларын қалыптастырады; проблемалық жағдайда қойылған ол нақты тәжірибеге, проблемаларды шешудің эвристикалық әдістеріне сүйене отырып, білім алуға, стандартты емес жағдайларда шешім қабылдауға мәжбүр. Оқу-танымдық құзыреттіліктерге мыналар жатады: мақсат қоюды ұйымдастыру, талдау, бағалау, қызметті өзін-өзі бағалау, қызметті жоспарлау, рефлексия.

Ақпараттық құзыреттіліктер. Бұл қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген заманауи құзыреттер, сондай-ақ оқу орындарында бар заманауи техникалық жабдықтарды (интерактивті тақта, дербес компьютер, лингафондық жабдық, принтер, Интернет және т.б.) иелену. Ақпараттық құзыреттіліктер – бұл ақпаратпен жұмыс істеу қабілеті, оны табу, талдау, ең бастысы екіншіден бөлу, жүйелеу, мақсатқа сәйкес өзгерту, оны сақтау және презентация жасау мүмкіндігі. Бұл құзыреттіліктер АӘТД сабақтарында өте маңызды, өйткені олар оқушының қоршаған әлемге қатысты ақпаратқа қатысты іс-әрекетінің дағдыларын қамтамасыз етеді. Яғни, бұл жағдайда біз қайтадан оқушы мен оның айналасындағы әлем арасындағы байланыс болып табылатын АӘД пәнінің қолданбалы рөліне тап боламыз.

Коммуникативті құзыреттіліктер. Коммуникативті құзыреттіліктерді игеру оқушы үшін, оның қазіргі әлемде әлеуметтенуі үшін де маңызды. Коммуникативті құзыреттілік ұғымына мыналар кіреді: ұжымда жұмыс істеу дағдылары, ынтымақтастық қабілеті, тілдерді білу, пікірталас жүргізу, Толерантты болу, жанжалдардан аулақ болу және жанжал жағдайынан шығу жолын табу.

Әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі оқушының нақты өмірімен де тығыз байланысты.

Бұл оқушының ел азаматы ретіндегі өзін-өзі тануы, әлеуметтік рөлдерді меңгеруі. Әлеуметтік еңбек құзыреттері отбасылық қатынастар саласында, кәсіптік бағдарлау саласында, экономика және құқық саласында өзін көрсетеді. Студент қазіргі қоғамда өмір сүру үшін ең аз қажетті әлеуметтік белсенділік пен функционалдық сауаттылық дағдыларын меңгереді.

Жеке өзін-өзі жетілдіру құзыреттілігі оқушының физикалық, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту тәсілдерін игеруге бағытталған. Бұл құзыреттердің қалыптасуы оқушының нақты мүдделері мен мүмкіндіктерімен реттеледі, бұл оның үздіксіз өзін-өзі тануынан, қазіргі адамға қажетті жеке қасиеттерін дамытудан, психологиялық сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудан көрінеді. Бұл құзыреттіліктерге жеке гигиена ережелері, өз денсаулығына қамқорлық, жыныстық сауаттылық, ішкі экологиялық мәдениет жатады. Бұған жеке адамның қауіпсіз өмірінің негіздерімен байланысты қасиеттер жиынтығы кіреді.

Осы құзіреттеліктерді қалыптастыру – әртүрлі жастағы оқушылар арасында патриоттық жұмысты тиімдірек жүргізуге, оларда өз қаласына, өз Республикасына, азаматтық жауапкершілікке деген мақтаныш сезімін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бұл олардың әрқайсысы өз Отанының нағыз патриоты болып өсетінін білдіреді.

Қазіргі ғылым мен техниканың қарыштап дамыған кезінде оқу-білімнің, соның ішінде болашағымыз –бүгінгі мектеп оқушысының білімі мен тәрбиесі маңызды мәселе. Еліміздің әлеуметтік экономикасының дамуына өзіндік үлес қоса алатын, өзіндік ой-пікірі бар, жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлғаны дайындап, тәрбиелеу – аса құрметті қоғамдық міндет. Себебі, ел тұтқасын жан-жақты білімді ұрпақ ұстанған шақта ғана өркениет алға дамымақ.

Ұлттық дәстүрге берік, елін, жерін сүйетін азамат тәрбиелеу, оқушылардың бойына ұлтжандылық сезімді қалыптастыру өскелең өмір талабынан туындап отыр.

Қазіргі кезеңде «Қазақстандық отансүйгіштік» ұғымына зор мән берілуде. Көп ұлтты Қазақстан халқының отансүйгіштік сезімін қалыптастыратын – азаматтық келісім, ұлттық бірлік. Егемен еліміздің тәуелсіздігін сақтау ұлттық келісім, ішкі үндесім барша халқымыздың ынтымағы мен өзара жарасымдылығында.

Ұлтжандылық сезім – ұлт рухының деңгейінің айнасы, өлшемі. Азаматтардың отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуды ұлттық қауіпсіздікті сақтаудың негізгі элементтерінің бірі ретінде таниды.

Бүгінгідей демократиялық бағыт ұстанып отырған қоғамда, балалар мен жастардың тағдыры өздеріне, отбасының материалдық ахуалына байланысты болып отырған жағдайда ұлтжандылық сипатын ашып айқындаудың маңызы зор.

Өмір ағымы талап етіп отырған жаңа қоғамға лайықты саналы, білімді, жетілген жеке тұлғаны дайындау бүгінгі мектеп алдында тұрған негізгі міндет. Сондықтан мектептің бастауыш оқыту сатысындағы оқу - тәрбие жұмыстарын жан - жақты толықтырып, халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастырып, бойында еліне, жеріне деген сүйіспеншілік сезімі дамыған азамат тәрбиелеу бүгінгі күн талабының өзекті мәселелерінің бірі болып отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының берудің жалпыға міндетті стандарты, 2012 жыл.
2.Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.

БІЛІМ БЕРУДЕ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ОБРАЗОВАНИИ
THE USE OF INTERACTIVE METHODS IN EDUCATION

Сарманшаева Асия Ыкласовна
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі
Жамбыл облысы,Жуалы ауданы,Б.Момышұлы ауылы
asi.30.01.91@mail.ru

Аннотация: Берілген материалда күнделікті сабақ процесінде оқушы белсенділігін арттыру үшін қолданатын интерактивті әдістің мәнін түсінуге арналған нұсқаулар, қағидалар айтылған. Ұсынылған нұсқаулар сыныпты басқару идеясын жақсы түсіну үшін практикалық негіз болады.
Аннотация: В данном материале изложены инструкции, принципы для понимания сущности интерактивного метода, который используется учащимися для повышения их активности в процессе ежедневного урока. Предлагаемые рекомендации послужат практической основой для лучшего понимания идеи управления классом.
Annotation: This material contains instructions and principles for understanding the essence of the interactive method, which is used by students to increase their activity during the daily lesson. The proposed recommendations will serve as a practical basis for a better understanding of the idea of classroom management.
Түйін сөздер: сабақ, белсенділік, интерактивті әдіс, сынып, идея.

Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да өзгерістер білім беру жүйесіне әсерін тигізіп жатыр. Бұл өзгерістер еліміздің мектептерінде тек жаңа пәндерді енгізіп қана қоймай, сонымен бірге оқыту әдісін өзгертуді де талап етіп отыр. Бұл әсіресе сынып жұмысына қатысты: сабақ барысында оқушылар белсенді болулары керек.

Егер дәстүрлі оқытуда оқу-тәрбие үрдісінде басыңқы рөл мұғалімде болса, қазір белсенді қызметті оқушы атқарады, оны оқытпайды, ол өзі оқиды.

Дәстүрлі оқытуда мұғалім оқушыға дайын, дұрыс ақпаратты берген, оқушы тек тыңдап, ақпаратты қабылдап отырған. Сабақта көбінесе тиімсіз әдістер қолданылған (лекция, сұрақ-жауап, жаттығулар орындау, т.б.). Қазіргі кезде оқушы өзі ізденіп, өзі оқып, өзі үйренеді. Сабақта проблемалық оқыту іске асырылады (жағдаятты шешу, балаға ой тастау, "миға шабуыл", дебаттар, т.б.). Мұғалім сабақта басқарушылық міндеттер атқарады, оқушыға бағыт- бағдар беріп тұрады. Негізгі көңілді әрбір оқушының жеке мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтауға бөледі.

Оқушының қызметі көптеген тұлғалық қасиеттеріне карай бағаланады (ойдың дамуы, тіл мәдениеті, дербестігі, ынталылығы, жауапкершілігі, т.б.)Әрбір оқушының дамуы басқа оқушымен емес, өзімен салыстырылады. Оқушыға өзін-өзі бағалауға мүмкіндік беріледі.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайдағы өмір сұранысына сай білімі бар, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын азамат тәрбиелеу оның өзін белсенді жағдайға қоятын жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологияларын тиімді пайдаланумен тікелей байланысты.

Оқушы белсенділігінің әсерін арттыру үшін қолданатын әдістерді - интерактивті әдіс деп атайды. Мен сабақ барысында интерактивті әдістерді пайдаланамын.

Оқыту мен оқудағы интерактивті әдіс, бұл сабақ барысындағы оқушы- оқушы, оқушы-мұғалім арасындағы жоғары деңгейдегі өзара әрекеттер. Мұндай өзара әрекеттер көбіне, ұсынылған шешімнің қаншалықты қажеттілігіне және де мәселелердің қандай жолдармен шешілетін нұсқаларын талқылау формасында жүзеге асырылады.

Интерактивті әдістің мақсаты тек қана ақпарат беру ғана емес, оқушылардың өз

бетімен жауапты табу дағдыларын калыптастырумен байланысты педагогикалық өзара ықпалдастық әрекетіне қатысушылардың мінез-құлық және қызмет үлгілерін өзгерту және жақсарту. Өз әрекетін және серіктесінің әрекетін талдай келе, әрбір қатысушы өз мінез-құлқының үлгісін өзгертеді және оны саналы түрде меңгереді.

Интерактивті процесті ұйымдастырудың жетекші қағидалары:

- ойлау қызметін ұйымдастыру;
- шығарушылық қызметті ұйымдастыру;
- таңдау еркі;
- рефлексияны ұйымдастыру.

Интерактивті әдіс өзара әрекет түрін және кең көлемдегі тапсырмаларды қамтиды. Бірақ қандай әдістемелік тәсілдер болмасын, негізгі білім көздері оқушының өз өміріндегі тәжірибесі болып табылады. Оқыту барысында оқушылармен өзара әрекеттер болады:

-мұғаліммен (яғни оқушы мұғалімнің сұрақтарына жауап бергенде);

-басқа оқушылармен(жұптық жұмыс);

-шағын топта (3-5 оқушы);

-үлкен топта (рөлдік ойындар/дебат, сыныптағы талдау және т.б.);

- оқушылар тобы және тұрғындар (оқушылар әлеуметтік сұрау жүргізеді);

Интерактивті әдіс:

- Оқушының бойында сенімділікке тәрбиелейді;

-Ораторлық мәдениет дағдылары қалыптасады;

- Тыңдау қабілеті қалыптасады;

- Танымдық білімі кеңейеді ;

-Сыни ойлау дағдыларын дамытады

Жоғарыда айтылғандардың бәрі де «оқи алу» деп аталатын идеяны қалыптастырады. Оқи алу — бұл қажетті дағды, негізгі интеллектуалъды тәуелсіздік және де дамып келе жатқан мемлекеттің азаматтары үшін қажет болып табылады

Интерактивті әдістерді пайдалануда:

- оқушылар тек қана ақпарат алып қоймайды, сонымен бірге логикалық түсініктеме берулері керек, неге оның шешу жолы дұрыс немесе басқаларына қарағанда үздік;

-оқушылар идеяны тереңдете жұмыс жасайды, қорытынды құрылымы талқыланатын болады;

-оқушылар мәселені шешкенде өзінің және де басқаның идеясын пайдаланады. Мұндай жалпы білім қоры, жеке оқушының білімінен көп болады;

Интерактивті әдістерді пайдалану оқушының үлкен ұжымда, шағын топта, тіпті, қажет болса, жеке де жұмыс істей білуі үшін қажет. Оның аса маңызды сипаттамалары:

- мұғалім мен оқушыны жұмылдыратын ортақ мақсаттың болуы; оған жетуге ұмтылу, соған деген ортақ құлшыныс, жағымды қызығушылық;
- оқу процесіне қатысушылардың бірлескен оқу еңбегінің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы, олардың қызмет нәтижесі үшін ортақ жауапкершілігі;
- оқушылардың қызығушылығын, өзіндік дербестігін, тәжірибелік және интеллектуалдық бастамашылдығын, шығармашылығын ынталандыратын оқыту әдістемесі. Ол мәжбүрлеуді, педагогтардың білімді түсіндіріп беру үстемдігін, оқушылардың тек дайын ақпаратты ғана қабылдауын болдырмайды;
- оқушылардың бір-бірімен өзара ықпалдастығы, олардың іскерлік қатынасы және ортақ еңбектің нәтижесіне деген ұжымдық жауапкершілігі.

Жұппен немесе шағын топтағы өзара әрекеттердің тиімділігі, мынада:

-оқушы, өз көзқарасын сынып алдында айтпаса немесе тек мұғалімге ғана айтса, өз идеясымен шағын топтағы құрдастарымен бөліседі;

-оқушылар өзінің керемет көзқарасынан да басқалардың өз көзқарастары болатынын біледі.

Білім үдерісінің нәтижелі болуы мұғалімдердің оқушы өздігінен меңгеріп, таныта

білген білім-дағдылары мен амал, көзқарастарына зейін қойып, зерделей білген білім модельдері аясында ғана жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламасының басында мұғалімдер оқушылар не біледі, оларда қандай қате пайымдаулар бар және бұны қалай түзету дұрыс екенін білу үшін арнайы құралдарды пайдаланады. Қарастырып отырған әдіс оқу үдерісінің басында оқушылардың талқыланатын тақырып туралы шамалы білімі болғанын және осы бастапқы білім жаңа материалды игеру үшін бастау болып табылатынын көрсетті.

Интерактивті әдістерді көп қолданатын мұғалімдер, тек қана мұғалім ақпарат беріп, соңынан жаттығуларды талқылауға салмай берсе, сонымен бірге бар ресурстарды ынталандыру үшін қолданбаса,құрдастарының идеяларымен бөліспесе, онда оқушылар мұғалімнің сөздерін нашар қабылдайды. «Біздің жасағандарымыздың 80% есімізде, тек оқығандарымыздан 20%, ал естігініміздан 10%» деген зерттеуді жиі естіп жүрміз! [1].

Егер мұғалім мен оқушының білімді игеруді бастау нүктесі өзара үйлеспейтін болса, онда оқуда табысқа жету күмәнді болады. Егер білім игеруді бастау нүктесі қолайсыз таңдалынып алынса, онда тіпті ең жақсы оқушылардың өздеріне де алған білімдерін есте сақтау қиындық тудырады, тестіден немесе емтиханнан өткеннен кейін мүлдем ұмытып қалады.

Осыған орай, әр сабақта оқушыларға оқу үдерісінің барлық аспектілеріне белсенді қатысу керек: олар өзінің болжамдары мен сұрақтарын құрастырады, бір-біріне кеңес береді, өз алдына мақсат қояды, алынған нәтижелерді қадағалайды, идеялармен эксперимент жасайды.

Мұғалім оқушылардың зер салып тыңдауын сақтап қалу мақсатында жұмыс үдерісі барынша күрделі және әртүрлі болуын қадағалайды, бұл ретте оларға қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылар мен білімді береді. Оқушылар өзін-өзі ынталандыра алады және осыған орай, оларда ұмтылыс пен қызығушылық пайда болады.

Біз танымдық қабілеттерді интеллектуалдық дағдылардың талаптарына сәйкес топтастыра аламыз. Өте жақсы оқыту бағдарламасында оқушылардың келесі қабілеттерін практикада қолдануды қарастырады:

а) фактілерді есте сақтау (көп күшті қажет етеді);
ә) ұғыну (ұғу);
б) жаңа жағдаяттарда білімді қолдану;
в) сараптама (біз бір нәрсенің құрастыру бөліктерін бөлшектегенде);
г) сұрыптау (біз идеяларды біріктіріп, жаңадан бірдеңе құру);
ғ) бағалау (бір нәрсенің сапасы ретінде пікір жасаймыз). [2].

Қоғамның дамуы осы қабілеттердің барлығын талап етеді, бірақ та идеяларды білу, сұрыптау және бағалау аса маңызды.

Білім алмасу

Диаграммада Нұрсұлтан, Арнұр және Әйгерімнің білімдерінің нақты аймақтары көрсетілген. Біз көріп тұрғандай, олардың көптеген білімдері, дағдылары ортақ болғанымен де, олардың жеке немесе тек екеулері ғана білетіндері бар. Ал топтық жұмыста Нұрсұлтанның ақпараты Арнұр мен Әйгерімнің берілуі мүмкін, немесе керісінше.

Оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгеруге қол жеткізеді. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1Жанпейісова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.-

Алматы, 2002. [1].
2.Игры - обучение, тренинг, досуг .../Под ред. В.В.Петрусинского. - М.: Новая школа, 1994.
3.Исаева З.А., Тихомирова В.Т. Обучение для организационного и личного роста. - Алматы: Қазақ университеті, 2003.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ
ЭФФЕКТИВНЫЕ ПУТИ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ И ЛИТЕРАТУРЕ В ОБНОВЛЕННОМ СОДЕРЖАНИИ ОБРАЗОВАНИЯ
EFFECTIVE WAYS OF DIFFERENTIATED TEACHING OF THE KAZAKH LANGUAGE AND LITERATURE IN THE UPDATED CONTENT OF EDUCATION

Шолахова Аида Дүйсенбекқызы
Әлихан Бөкейхан атындағы №15 тірек мектеп-лицейі
Жамбыл облысы,Жуалы ауданы,Б.Момышұлы ауылы
sholakova.aika@bk.ru

Аннотация: Берілген баяндамада қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін саралап оқытудың тиімді жолдары ұсынылды.Саралау әдісінің қолданылу орны, тиімді тұстары ұсынылған. Бұл ретте оқушылардың берілген тапсырмаларды түсініп, қолданып, дұрыс орындау жолдары қарастырылған.
Аннотация: В данном докладе были представлены эффективные пути дифференцированного изучения казахского языка и литературы.Представлены места применения, эффективные моменты метода дифференциации. При этом предусмотрены способы правильного выполнения учащимися поставленных задач.
Annotation: In this report, effective ways of differentiated study of the Kazakh language and literature were presented.The places of application and effective moments of the differentiation method are presented. At the same time, there are ways for students to correctly complete their tasks.
Тірек сөздер: саралау, әдіс, критерий, тапсырма, оқыту

Білім алушыларды оқытудың ең жоғарғы стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімнің қолданатын әдіс-тәсілдерінің маңызы өте зор. Себебі, мұғалімнің пайдаланған тәсілдері оқытудың тиімділігіне елеулі әсер ететіні сөзсіз. Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндері бойынша оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан өздерінің дағдыларды үйренуі туралы өз ойларын білдіріп, талдай әрі қолдана алуды талап етеді. Мұғалім әрқашан оқушылардың өз бетінше білім алуына, шешім қабылдай алатын, ынталы, қызығушылығы басым, жауапкершілігі мол, өз іс-әрекетіне есеп бере алатын жан-жақты қалыптасқан тұлға даярлауды мақсат етеді.

Қазіргі таңда жаңартылған білім мазмұнында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің оқу бағдарламаларын жүзеге асыруда қолданылатын тәсілдердің бірі-саралап оқыту.

Саралау – ең алдымен, мұғалімнің белгілі іс-әрекетті іске асыруда қолданылатын ресурстардың ішінен ең керектісін, яғни маңыздысын таңдап алу, содан соң жоспарланған істі асыру кезіндегі білім алушының іс-әрекетін саралау, сол арқылы күтілетін нәтижеге бағыттау. [1].

Саралау сабақты жоспарлаған кезден бастап, жүзеге асады. Олар мынадай:

1.Сабақ тақырыбының оқу мақсатын оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспардан дұрыс және нақты таңдау. СМАРТ негізде оқу мақсаты тиімді әрі өлшемді, шынайы болуы шарт.

2.Оқу мақсатынан сабақ мақсатын нақтылау, яғни оқушыладың барлығы, көпшілігі , кейбірі орындай алатын мақсаттарды анықтау қажет.

3.Оқу мақсатына сәйкес бағалау критерийлері құрастыру және ойлау дағдыларының деңгейлерін ажырату.

4.Бағалау критерийлеріне сәйкес тапсырларды саралау. Тапсырмалары саралауда білім алушының қажеттілігі мен қабілетіне, жас ерекшеліктері, деңгейлері ескерілуі қажет.

5.Тапсырманы орындауда білім алушының қадамдарын нақтылайтын дескриптор нақты әрі анық берілуі тиіс.

6.Сабақтың соңында білім алушының рефлексиясын ұйымдастыру.

7.Сабақ үдерісінде қолданылатын ақпараттық-коммункациялық құралдар, қалыптастырушы бағалау, ресурстар т.б. жан-жақты сараланып берілуі қажет. [2].

Мұғалім сабақ үдерісін ұйымдастыруда қысқа мерзімді жоспар жасауда білім алушының әрбір әрекетіне мән беруі абзал. Мысалы, 8-сыныптың қазақ әдебиеті пәніндегі Қорқыттың нақыл сөздері. Тарихи және көркемдік ерекшелігі тақырыбын оқытуда жүзеге асатын оқу мақсаты-8.Т/Ж4. Көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану.8.Б/С1. Шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи құндылығына және көркемдік ерекшелігіне баға беру.

Оқу мақсатынан нақтыланған сабақ мақсаттары:

Барлық оқушылар орындай алады:

1.Ойшылдардың нақыл сөздерінің тақырып ерекшеліктері мен идеясын анықтайды, салыстырады;

2.Нақыл сөздердің мәнін ашатын мақал-мәтелдерді табады;

3.Нақыл сөздердің тарихи құндылығына қатысты өз пікірін білдіреді;

4.Нақыл сөздерден теңеу, ассонанс,аллитерация, қайталау түрлерін, эпитетті, психологиялық параллелизмді табады;

5.Нақыл сөздердің негізгі ойын таба отырып, өзойын бір сөйлеммен білдіреді.

Оқушылардың көпшілігі орындай алады:

Нақыл сөздердің мәнін аша отырып ,түйінді ойын 3 сөйлеммен білдіреді.

Кейбір оқушылар орындай алады:

Нақыл сөздердің негізгі ойын тауып, өмірмен байланыстырып, өз көзқарасын ойтолғаумен дәлелдейді.

Ойлау дағдыларының деңгейі: талдау, жинақтау, бағалау.

Оқу мақсатына сәйкес құрастырылған бағалау критерийлері:

1. Қорқыт ата мен Ж.Баласағұнның нақыл сөзердерінің тақырыбы мен идеясын салыстырады;

2. Мақал –мәтелдер мен нақыл сөздерді салыстыра отырып, көркемдігі мен тарихи ерекшелігін анықтайды.

Бағалау критерийіне сәйкес алынған тапсырмалар:

Сабақтың басында Қорқыттың нақыл сөздері негізінде «Отбасы», «Тәрбие», «Құндылық» деген айдармен оқушылар топтастырылады. Содан соң «Поп-корн» әдісі бойынша оқушылар ерекше жылдамдықпен Қорқыт атаның нақыл сөздерін жатқа айтып шығады. Айтқан оқушылар асықпен бағаланады.

Сабақтың ортасында: Тапсырмаларды түрлендіріп беру арқылы саралауда «Кестедегі кесте», «Веннди аграмма», «Екі жақты күнделік» әдістері бойынша топтарға тапсырмалар беріледі. Берілген тапсырмалар сабақ мақсатына сәйкес ұйымдастырылаған. Мысалы, «Кестегеі кесте» әдісі бойынша дереккөзді пайдаланып,Қорқыт ата мен Ж.Баласағұнның нақыл сөздерінің тақырыбы мен идеясын анықтап, салыстырады.

Дескрипторы:

1.Ойшылдардың нақыл сөздер тақырып ерекшеліктерін ажыратады;

Нақыл сөздердің айтпақ ойын анықтап, салыстырады.

Қалыптастырушы бағалау дескриптор арқылы топ бірін-бірі бағалайды. Дескриптор арқылы бағалау білім алушының нақты қадамын ғана емес, қай жерден қателік жібергенін бағамдауда үлесі зор.

Диалог және қолдау көрсету арқылы саралау жұптық жұмыста жүзеге асады. Яғни білім алушыға мұғалім тарапынан жан-жақты қолдау көрсетіліп, сұрақтар қойып, мақсатқа жетуге бағыт-бағдар көрсетіледі. Қорқыттың нақыл сөздерін негізге ала отырып , тарихи құндылығы және көркемдік ерекшелігіне баға беріңдер. Әр жұпқа екі нақыл сөздерден беріледі.

Нақыл сөз	Тарихи құндылығы	Көркемдік ерекшелігі

Дескрипторы:

1.Нақыл сөздердің мағынасына мән бере отырып, түсініп оқиды;

2.Өмірмен байланыстыра отырып, нақыл сөздердің тарихи құндылығына қатысты өз пікірін білдіреді;

3.Нақыл сөздерден теңеу,метафора, ассонанс,аллитерация, қайталау түрлерін, эпитетті табады.

Бұл тапсырма жалпы сыныпқа беріледі. Саралап оқыту тәсілі оқу үдерісін оқушылардың әр түрлі топтарына арнайы бағдарлауды, білім алушылардың жеке қабілеттерін ескеру мақсатында түрлі топтар үшін әр түрлі нысанда ұйымдастыруды мақсат етеді.

«Айтарым бар...» әдісі бойынша Қорқыттың «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, Атадан өнеге алмаған ұл жаман» нақыл сөзін негізге алып, бүгінгі күнгі қызбала мен ұл баланың мінез-құлқы қандай болуы керек? «Ата-ана тәрбиесінің қадірі неде?» өз ойларыңызды жеткізіңіздер.

А деңгей

Нақыл сөзді негізге алып, сұраққа 1сөйлеммен жауап беріңіз.

Дескрипторы:

1.Нақыл сөздерін негізге алады;

2. Өз ойын бір сөйлеммен жеткізеді.

В деңгей

Нақыл сөздердің идеясын анықтап, ойын 3сөйлеммен жеткізіңіз.

Дескрипторы:

1. Нақыл сөздердің негізгі ойын табады;

2.Түйінді ойын 3 сөйлеммен білдіреді.

С деңгей

Нақыл сөздердің идеясына мән бере отырып, өмірмен байланыстырып, ойтолғау жазыңыз.

1.Нақыл сөздердің негізгі ойын табады;

2.Өмірмен байланыстыра отырып, өз ойын дәлелдейді.

Осылайша сабақты жоспарлаудан басталған саралау тәсілі оқу үдерісі кезінде жүзеге асады. Саралау барасында білім алушының қабілеті мен деңгейі анықталса, сонай-ақ уәжі төмен және дарынды оқушымен жұмыс жоспарында іске асыруда тиімді.

Алдағы сабақ жоспарын жоспарлаған кезде де, тапсырманы дайындауда да тиімділігі зор.

Сабақты саралаудың нәтижесіне келсек, брлық білім алушы тапсырманы орындаса да, оладың нәтижелері әр түрлі болады. Мысалы, Қорқыттың «Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, Атадан өнеге алмаған ұл жаман» нақыл сөзін негізге алып, бүгінгі күнгі қызбала мен ұл баланың мінез-құлқы қандай болуы керек? «Ата-ана тәрбиесінің қадірі неде?» деген сұраққа төмен деңгейлі білім алушы өз ойын бір ғана сөйлеммен жеткізсе, орта

деңгейлі білім алушы нақыл сөздің идеясын тауып, ойын 3 сөйлеммен жеткізу де мүмкін. Ал қолдауды қажет етпейтін білім алушы нақыл сөздің негізгі ойын анықтап әрі өмірмен байланыстырып ойтолғау жаза алады.

Бағалау:

Білім алушы тапсырманы қай деңгейде орындаса да, бағаланып отырады. Білім алушының қажеттілігіне қарай бағалау мен саралау өзгертіліп отыруы да мүмкін.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі мен әдебиетін саралап оқыту – бұл білім алушының білім сапасын ілгерлетуді, әр түрлі қызығушылықтары мен оқудағы артықшылықтарын дамытуды,жеке тұлғаның шығармашыл болып қалыптасуын көздейтін дидактикалық үдеріс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. И.Қазымбек «Жаңашылдық, жаңа әдіс- оң нәтиже» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы № 11.2015ж [1].
2. Н. Қадырқұлова « Жаңаша оқытуға – жаңаша көзқарас» Қазақ тілі мен әдебиеті журналы № 1. 2015ж [2].

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ НЕГІЗДЕРІ
ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА
FUNDAMENTALS OF THE DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN THE LESSONS OF THE KAZAKH LANGUAGE

Жанабеков Аскар Жолдобаевич
«Бескөл мектеп-колледжі» ЖСШ
Қызылжар ауданы, Солтүстік Қазақстан облысы
askar.zhanabekova@mail.ru

Аннотация: В статье рассмотрены пути развития функциональной грамотности учащихся при изучении казахского языка. В интеграции в мировое образовательное пространство требование времени - формирование жизнеспособной, устойчивой к изменениям, способной к самовыражению, критически мыслящей личности. Важное место в подготовке таких учащихся занимает повышение их функциональной грамотности. Предусмотрено несколько целей: грамотность чтенияспособность учащихся понимать содержание текста и размышлять над ним, прививать самостоятельные суждения к содержанию текста.

The article discusses the ways of developing functional literacy of students in the study of the Kazakh language. In integration into the global educational space, the requirement of time is the formation of a viable, resistant to change, capable of self-expression, critically thinking personality. An important place in the training of such students is occupied by improving their functional literacy. There are several goals: reading literacy, the ability of students to understand the content of the text and reflect on it, to instill independent judgments to the content of the text.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, қазақ тілі, мәтінмен жұмыс, құзыреттілік, функциональная грамотность, казахский язык, работа с текстом, компетентность.functional literacy, Kazakh language, work with text, competence.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - бүгінгі күннің талабы. Функционалдық сауаттылық - тұлғаның сыртқы ортамен қарым- қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алуының

көрсеткіші . «Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары пайда болды және қолданыла бастады. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілінің оқыту сапасын көтерудің басты міндеті оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, олардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға негізделеді.

«Құзыреттілік» - оқушының алған білімі мен біліктерін күнделікті өмірде қолдана алуы. «Коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс дегенді білдіреді. Қазақ халқының тарихында баланы оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ы. Алтынсариннен бастау алған. Қазақ тілін оқыту - қазіргі заманның талабы және өзекті мәселе болып саналады. Орта мектептегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты - оқушыларды қазақ халқының көркем әдебиет туындыларымен жүйелі түрде таныстырып, соның негізінде оқушыларға жан-жақты тәрбие беру, қазақ тілінде оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілдерін дамыту, оқыған шығармалардың, мәтіндердің мазмұнын түсіне алуын қамтамасыз ететін тілдік негіз қалыптастыру.

Мектепте қазақ тілін жете білудің маңызы өте зор. Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Тіліміздің грамматикасын, ауызекі сөйлеуге үйрету – қазақ тілінің басты міндеті болып табылады. Тілді үйретуде түрлі көрнекілік құралдарды қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату сияқты әдіс-тәсілдер арқылы оқушының сөйлеу дағдысын қалыптастырып, бірін-бірі бағалап, пікір білдіруге дағдыландыруға болады. Осындай жұмыс түрлерін түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалану – оқушыларды өз бетімен жұмыс істеп, қорытынды пікір айта білуге жетелейтіні белгілі. Оқу орыс тілінде жүргізілетін оқушылардың қазақ тілінде тілдік қатынас жасау деңгейін жетілдіруде, әсіресе жазылым әрекетін дамыту керек. Сауатты жазу дағдысын қалыптастыру үшін төмендегідей жазба жұмыстары жүргізілуі тиіс.

Мұндай жазба жұмыстарына жататындар: Жазбаша жаттығулар, қысқа мәтіндер, диктанттың түрлері, сөздікпен жұмыс, іс-қағаздарының үлгілері, эссе. Жеке сөйлемдермен жұмыс істеу дағдысы қалыптастырылғаннан кейін оқушыны шағын, қысқа мәтінмен жұмыс істеуге машықтандыру керек. Мәтінді мәнерлеп оқытып, мазмұнын өз сөздерімен жеткізе алуға жетелеген дұрыс.

Тапсырма	Қалыптасатын білік-дағдылар
Мәтінге сәйкес келмейтін ақпаратты таңдаңыз	Берілген ақпараттан керектіні ажырата алады;
Мәтіндегі басты тірек сөздерді табыңыз	Мәтін бойынша толық, негізгі ойды білдіретін мағыналы, маңызды сөздерді іріктейді;
Ақпаратты табады	Берілген ақпаратты саралай алады
Мәтінге нақтырақ тақырып қойыңыз	Мәтіндегі негізгі ойды ажырата алу дағдысын меңгереді.
Мәтіндегі асты сызылған сөздердің мағынасын ашыңыз	Сөз тіркестерін түсініп, күнделікті өмірде қолдана алады.
Мәтін мазмұнына мақал- мәтел сәйкестендіріңіз	Мақалдар мен даналық сөздерді сөйлеу дағдысына сіңіреді.

Оқылым бөлігінің негізгі құрылымын айқындайтын ең басты көрсеткіш – мәтін. Мәтін қызықты, өзекті, күнделікті өмірге сай, түсінікті болғаны дұрыс. Мәтінмен жұмыс жасауды мазмұндаудан бастайық. Кестеде функционалдық оқу сауаттылығы дағдыларының кейбір түрлері – мәтінмен жұмыс жасау көрсетілген. Сондай-ақ, қазақ тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол - сұрақ- жауап, диалог, аударма, оқулықпен жұмыс. Көрнекілік әдіс – күнделікті сабақта жүргізілетін әдіс. Ол басқа тілді үйретуде ең нәтижелі және жиі қолданылатын әдістің бірі.

Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды, яғни эстетикалық жағынан жақсы, ірі және екі немесе үш түстен болуы керек. Мысалы: «Ұлттық киімдер» тақырыбын өткен

кезде киімдердің суретін көрсету арқылы немесе сыныпқа киім түрлерін көрсету арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақ-жауап әдісі – балалардыңсөйлеу тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Қай сыныпта болсын, сабақтың қай кезеңінде болсын қоюға болады және сұрақтар жас ерекшелігіне байланысты дайындалуы тиіс. Көрнекілік әдістер оқу материалын оқушылардың өз көздерімен көріп , нақтылы түсінулеріне мүмкіндік береді. Бұған демонстрация, иллюстрация тәсілдері жатады. Тәжірибелік әдістердің ішінде ең көп қолданылатыны – жаттығу әдісі. Оқу барысында теориялық ережелер мен қағидаларды қайта пысықтап, тиянақты меңгеру әр түрлі жаттығулар арқылы орындалады. Жаттығудың ауызша түрі оқу материалын ауызша баяндауға дағдылану мақсатын көздейді. Қазақ тілін басқа ұлттарға үйретуде бөлінбейтін екі мақсат бар: танымдық біліктілікті дамыту және тілдік материалды меңгерту. Оқушыларды сөйлеуге машықтандыру жұмысы тілдік материалдан тұратын жаттығулар арқылы жүргізіледі.

Жаттығулардың түрлері:

Грамматикалық: Сөйлем құрау

Лексикалық: Еркін, тұрақты сөз тіркестерімен жұмыс

Фонетикалық: Сөздердің дыбысталуы бойынша жұмыс

Сөйлеу тілін дамытуда диалогтің берері мол. Диалог – сөйлесудің ең негізгі түрі болып саналады. Мақсатты құрылған жағдаяттар арқылы ауызекі сөйлесуге үйрету оқушыларды қызықтырады. Ауызекі сөйлесу жауап алу арқылы жүзеге асады. Грамматикалық материалды және лексикалық тақырыптарды оқытуда тірек-сызбалардың қолданылуы тілді дамытуға әсер етеді. Оқу сауаттылығының негізі - мәтінмен жұмыс істеуді қалыптастыру болып табылады. Тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады.

Жаңа сөздерді меңгертудің жолдары:

• Сөздерді көрнекі құралдар арқылы меңгерту;

• Жаңа сөздерді контекст арқылы түсіндіру;

• Синонимдер арқылы түсіндіру;

• Антонимдер арқылы түсіндіру;

• Туынды сөздердің жасалуын талдау арқылы түсіндіру.

Осы айтылған әдістерді оқушыларға меңгертудегі интерактивті әдістер: кластер, диаграмма, мақсатты оқылым, сурет, сызбалар т.б. Кластер тәсілін қолдану оқушының танымдық түсінігін кеңейтіп, ойлау мен есте сақтау қабілетін дамытады . Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда Б.Блум таксономиясы деңгейінде оқу тапсырмаларын орындату арқылы жүзеге асыруға болады.

Күтілетін нәтиже:

• Мағынаны ажырата алады;

• Топпен жұмыс істеу құзыреті артады;

• Көшбасшылық анықталады;

• Білім, білік, дағды деңгейі көтеріледі;

• Өз ойын айтуға төселеді;

• Функционалдық сауаттылығы артады.

Қорытындылай келе, тілді оқушының ойлау дағдысымен тікелей байланыстыра отырып, баланы қысқа әңгімелер түріндегі жаттығулар жұмысына бейімдеу қажеттігін әр мұғлім түсінуі шарт деп ойлаймын. Қазіргі заман талабына сай оқушылардың функционалдық сауаттылығы жоғары болуы тиіс. Ал оқушының функционалдық сауаттылық деңгейін арттыруда оқушыны ойландыру маңызды болып табылады. Сындарлы ойландырудағы маңызды әдістің бірі - кері байланыс. Әр адамның ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің деңгейі оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. Мемлекеттік тілді жетік білетін адам өзіне де, өзгеге де талап қоя алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.
2.Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012- 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары/ҚР 2012ж қаулысы/
3. Оразахынова Н.Б, Кенжебаева Г.М.-«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012.

ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЖАС МАМАНДАР

Кумашева Жаухазын Шафхатовна
С.Торайғыров атындағы Павлодар Мемлекеттік Университеті,
Павлодар, Қазақстан

Аннотация: Педагог – ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудағы ең маңызды буын. Білім беру жүйесін жоғары білікті жас мамандармен толықтыру маңызды міндет. Сондықтан ізденімпаз, шығармашыл, жаңашыл, креативті жас мамандарды дайындау және қолдау – қоғам міндеті.
Түйін сөздер: Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағы – жас мамандардың қолында
Аннотация: Педагог – важнейшее звено формирования нового качества нации. Важная задача – пополнение системы образования высококвалицированными специалистами. Поэтому долг общества – обучать и поддерживать творческих, любознательных, молодых специалистов.
Ключевые слова: Светлое будущее независимого Казахстана – в руках молодых специалистов
Annotation: The teacher is the most important link in process of forming a new quality of our nation. It is extremely important to fully provide the education system with qualified young specialists. Therefore, training and supporting curious, creative, innovative, creative young professionals are responsibility of society.
Keywords: The bright future of Kazakhstan is in the hands of youth

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Біз елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастауымыз керек» деген еді. Білім мен ғылым – табысқа жетудің ең басты кілті. Өскелең ұрпаққа тағылымды тәрбие және озық білім беру – өте маңызды міндет.

Қазіргі заманғы білім берудегі мақсатқа жетудің негізі мектептегі оқу – тәрбие үрдісін, оқыту формаларын және әдістерін жаңартуды талап етеді. Сондықтан да әр мұғалімнің шығармашылықпен, ізденімпаздықпен жұмыс жасау – басты міндеті. Жаның қалап, бар ынтаңмен жасаған қызметің – сен үшін ең оңай қызметтердің бірі болмақ. Сондай ерекше мамандықтың бірі – ұстаз болу. Жаңа Қазақстанның болашағы жас ұрпақтың қолында дегенді жиі естиміз, яғни ол дегеніміз еліміздің өркендеуі, дамуы әрқайсымыздың үкілеп отырған үмітіміз жас буынның қолында. Қазақ елінің болашағы жастардың қолында деген сөзде үлкен мән мен мағына жатыр. Демек жас ұрпаққа мектеп табалдырығынан бастап мықты білім мен тәрбие берер болсақ елімізге қосқан үлкен үлес деп білеміз. Сондықтан да Жаңа Қазақстандағы жас педагогтердің рөлі орасан зор деуге болады. Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты жолдауында атап өтілгендей еліміздің ел болып бұдан ары қалыптасып, жоғары нәтижелерге қол жеткізіп келуі тікелей жас мамандарға байланысты. «Тәрбие тал бесіктен басталады»- деген қанатты сөз бар. Жоғарыда атап кеткенімдей ұлы мұғалім шабыттандырады демекші, әрбір ұстаз алдында отырған шәкіртіне мектеп есігін ашқан күннен бастап тәрбие мен білімді бойына қатар сіңіретін болса ол балалардан болашақта

үлкен үміт күтуге болады.Ұстаздық жолы қиын да қызық жол.Бұл мамандыққа келмей тұрып әрбір жас өзінің мойынында үлкен жауапкершілік пен жүктің тұрғанын білуі тиіс. Сол жауапкершілікті сезініп, осы еліміздің өркендеу жолында бар ынтасы мен күш жігерін салып жұмыс жасайтын болса, осындай педагогтардан білім алған еліміздің жастарынан болашақта елімізге қызмет ететін мықты мамандар шығады деп сеніммен айта аламыз. Жас педагогтар алдынғы буын ағалардың жолын лайықты түрде жалғастырып қазіргі заманның талабына сай еңбек етер болса әрине Қазақстанның болашағы зор деуге болады. Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып тізгінін ұстар азаматтар бүгінгі мектеп оқушысы.Сондықтан да мемлекет білім ордаларына басар назар аударып, білім алу үшін педагогтар мен білім алушыларға барлық жағдай жасалынған десек артық болмас.

XXI ғасырдың жас педагогі - жас мұғалімі қандай болмақ ? Әрине ең алдымен ұстазға білім мен білік керек. Яғни жаңа заманда жаңашыл ұстаз болуға ұмтылу керек. Сонымен қатар білім алушылардың бойына білімді сіңіріп қана қоймай әр баламен қарым-қатынасқа түсудің өзі өнер, астарында тұнып тұрған философия десек болады. Ұстаздың бойында қандай да бір туындаған кедергілерге төтеп беретін күш - қуаты мықты болуы керек. Ұстаздың міндеті жалпыға ортақ бірдей білім беру ғана емес, білім бере отырып балаларды жасампаздыққа, отансүйгіштікке, адамгершілік пен шығармашылыққа қатар тәрбиелеу.

Мемлекет дамуының басты ресурс көзі - білімді ұрпақ. Халықтық тәрбие тағылымын игерген, білімді, парасатты, денсаулығы мықты, ел болашағын өз бетінше ойлайтын шығармашыл тұлғаны қалыптастыруда ауыл мектебінің үлесі зор.

Ұлтымызды дәріптейтін, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – ұстаздарға үлкен міндет. Осы мақсатты ұстанған мектеп мұғалімдері кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс- тәсілдерді қолдануда.

Баланың бойындағы қасиеттерін, оянбай тұрғанын дарынын ашу ол ұстаздың қолында. Мектеп мемлекеттің басты тіреуі болғандықтан жас педагог ретінде мемлекетке, мектепке оның ішінде баланы лайықты түрде тәрбиелеу біздің басты міндетіміз деп білемін. Өткен ғасырларда қазіргі замандағыдай барлық дүние қолжетімді, оңай болған емес сол қиыншылық заманның өзінде білікті ұстаздарымыз көп болған ол кісілердің еңбектерін ерен десек болады. Ал қазір Жаңа Қазақстанда, жаңа заманда жарқын болашаққа жол бастау оңай. Жас педагогтардың жұмыс жасауы үшін түрлі мүмкіндіктер қарастырылған. Демек біз педагог ретінде болашағымыз жарқын болсын десек, жұдырықтай жұмылып сапалы білім үшін жұмыс жасаумыз қажет. Қазіргі таңда оқу бағдарламасына да айтарлықтай өзгерістер енген, баланың тек білімі ғана емес оның тәртібіне, мінез-құлқына сонымен қатар бос уақытын да уайымдастыру қарастырылған. Осы барлығымызға берілген ортақ мүмкіндіктерді жіберіп алмай пайдаланар болсақ, мықты ұрпақ тәрбиелейтін болсақ алынбайтын қамал жоқ. Алдымызда отырған әрбір білім алушыға жеке-жеке көңіл бөліп әр баланың ынтасы мен қызығушылығын арттыру ол мұғалімнің міндеті.Жаңа Қазақстандағы жас педагогтердің рөлі қандай? Осы сауалды оқушыларға қойғанда, білім алушылар өз көзқарастарымен бөліскен болатын. Яғни балалар еркіндікті қалайды бұл біріншіден,екіншіден олар мұғаліммен тығыз қарым-қатынас орнатқысы келеді.Бұл дегеніміз ұстаз балаға еркіндік бере отырып баламен жақсы қарым-қатынас жасай отырып бағыт-бағдар беру,білім нәрін бойларына дарыту.Жас педагогтардың рөлі орасан зор .Жастардың бойында күш-қуат мықты,энергия жетерлік. Оқу бағдарламасына ғана тәуелді болмай,білім алушыларды жан-жақты дамытып,сыр сандықта сақталып жатқан қасиеттерін ашу керек. Түрлі интеллектуалды ойындар арқылы баланың қабілеттерін шыңдау,тимбилдингтер ұйымдастырып олардың шығармашылық шабыттарын оятуға болады. Жаңашыл ұстаздың бойында жаңа идеялар, бала тәрбиелеу жолында жаңа бір қағидаттар болып ,баланың болашақта өзінің мамандығын таңдауға, өзінің тұлға ретінде қалыптасып орнын табу үшін

жол аша білуі керек. Ұстаз ретінде шәкірт тәрбиелеу жолында талмай ,тынбай аянбай еңбек етіп қана жетістікке жетуге болады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектеп сондай болмақшы. Яғни , мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы.Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар жақсы оқыта білетін мұғалім» деген екен.

XXI ғасырда Қазақстанның білім беру жүйесі үлкен өзгерістерге ұшырауда. «Әдіс-TIME» [16] Бүкіл ғаламдану заманында, соның ішінде білім беру саласындағы өзгерістердің орын алуына сай мұғалім алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы зор болып отыр. Қазіргі мұғалімдер рухани байлықты бойына жинаған, заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан- жақты дамыған маман. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық та – ұстаздық мамандық. Олай дейтінім, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғамы тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден, үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман. Бүгінгі ұстаз шәкіртіне ғылым негіздерінен мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Ол нағыз ұстаздың ғана қолынан келеді. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы.

Ұлы ағылшын ағартушысы Уильям Уорд: «Жай мұғалім хабарлайды, Жақсы мұғалім түсіндіреді, Керемет мұғалім көрсетеді, Ұлы мұғалім шабыттандырады»,- дейді. Білім беру жүйесі мамандардан кәсіби икемділік пен ұтқырлықты, сан қырлы шығармашылық қызмет пен өзін-өзі басқару, өзін-өзі ұйымдастыру жағдайындағы біліктілікті қажет етеді. Өйткені қазіргі жас буын - еліміздің келер күнгі келбеті. Ал, XXI ғасырдың нағыз ұстазы қандай болмақ керек? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күш-жігерін, парасат-қуатын салу керектігі айтпаса да түсінікті. Бұл - әркімнің қолынан келе бермейтін. Ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға тән қасиет. Сондай-ақ, ұстаз күнбе- күнгі өзінің көп қырлы еңбегінде мазмұны әр түрлі кездейсоқ жайттардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуға тиіс.Сондықтан да ұстазды әр баланың жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады. Кембридж университетімен бірлесіп республикалық деңгейде педагог кадрларды оқытудың жаңашыл бағдарламасын оқу үрдісінде енгізу арқылы мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттыру бастамасы оң өзгерістер әкелді. Бұл бағдарламаның міндеті - Қазақстандық мұғалімдерге педагогикалық тәжірибелерін жетілдіру мен бағалауға көмектесу.

Қазіргі таңда мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде. Мұғалімнің сабақтағы қолданған әдістері оқушыға әсер етуіне қарай бағаланып, өз талабына сай орындалып отыруы тиіс.

Біздің мектебімізде жүргізіліп жатқан сан салалы жұмыстар қатарында жолға қойылған жүйелі жұмыстың бірі – жас маманмен жұмыс. Жас маманмен жұмыс - жас маманның кәсіби және тұлғалық дамуының қайнар көзі болғандықтан, білім беру үдерісіндегі маңызды жұмыстардың бірі. Білім беруде нәтижеге жету оңай жұмыс емес. Білім беру міндеті білім сапасын көтеруді мақсат етіп қояды. Педагог алға қойған мақсатқа жету үшін үнемі шығармашылықпен жұмыс жасап, педагогикалық құзыреттілігін дамытып отыруы қажет. Жас мұғалімдердің әлеуетінің артуына, шығармашылық дамуына тәжірибелі ұстаздардан тәлімгерлер тағайындалды. Негізгі мақсат – жаңадан бастаған оқытушылардың әдістемелік дағдыларын, үнемі өздігінен даму мен өздігінен жетілуде керек қажеттіліктерін, шығармашылық қызметінің жеке стилін қалыптастыруға жағдай жасауын, білім беру үдерісіне заманауи тәсілдер мен алдыңғы

қатарлы педагогикалық технологияларды енгізуге және ақпараттық-әдіснамалық мәдениеті деңгейін арттыруға көмектесу. Бұл жұмыстар өзінің оң нәтижесін беріп келеді.

Мектебіміздің дене тәрбиесі пәні мұғалімі Ораз Бектас, көркем еңбек пәні мұғалімі Аққерей Райымбек жас мамандар болса да көптеген жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Өз пәндері бойынша ізденімапыздықпен жұмыс жасаумен қатар, сынып жетекшілік қызметін атқару арқылы мектебіміздің оқу-тәрбие үрдісіне елеулі үлес қосып отыр.

Жас маман мектебінің жұмысын ұйымдастыру үшін педагогикалық іс-тәжірибесі мол, озат педагог жетекші болып тағайындалатын болса, Ораз Бектастың жетекшісі дене шынықтыру пәні мұғалімі, спорт шеберлігіне үміткер, I санатты республикалық дәрежедегі төреші Мұратов Амангелді жас маманның тәжірибесін шыңдауға көп үлес қосты деп айтуға негіз бар. Оған дәлел Ораз Бектастың жетістіктері:

- Аудандық Ұлттық мектеп лигасы, баскетбол 3х3 (стритбол) III орын;
- Тоғызқұмалақтан 7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы, аудандық кезең I орын, облыстық кезеңде III орын;
- Аудандық волейбол жарысында I орын;
- Шайбалы хоккейден аудандық Гимназиадада I орын, облыстық кезеңде III орын
- Тоғызқұмалақтан 7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы, аудандық кезең I орын

«Шәкірт жеңісі – ұстаз еңбегінің жемісі», дегендей, ізденімпаз ұстыздың еңбегі бағаланып, облыстық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Пән мұғалімі болуымен қатар Ораз Бектас 6 ә сыныпқа жетекшілік етуде. Сыныбының оқушыларымен сыныптан тыс шаралар, тәрбиелік шаралар, ата-анамен байланыс жасау т.б. бойынша жүйелі жұмыс жасап келеді. Сол арқылы сыныбының оқушыларының білім, тәрбие, спорт салалары бойынша қол жеткізген жетістіктерінде үлесі зор. Атап айтсақ, Тұрлан Еркеназ «Кенгуру-математика барлығы үшін» зияткерлік сайысында II орын, Тоғызқұмалақтан Ұлттық мектеп лигасының аудандық кезеңінде II орын,

Жұмахан Гүлсая аудандық «Зерде» ғылыми жобалар байқауында III орын, Меңдешова Кәусар аудандық «ProEco» экологиялық жобалар байқауында «Алғыс хат», Құбайдолла Ілияс Тоғызқұмалақтан Ұлттық мектеп лигасының аудандық кезеңінде I орын иеленді.

Шығармашылық ізденіспен жұмыс жасап отырған, болашағынан үлкен үміт күттіретін келесі жас маманымыз – көркем еңбек пәнінің мұғалімі Аққерей Райымбек. Бұл мұғалімге де педагогикалық қызметке ынта-ықыласын ояту, кәсіби тұрғыдан қалыптастыру процесін жеделдету және атқаратын қызметіне байланысты жүктелген міндеттерді өздігінен әрі сапалы етіп орындай білу қабілетін дамыту мақсатында мектебіміздің музыка пәні мұғалімі Хасанова Маржан Әміржанқызы тәлімгер ретінде тағайындалған болатын. Өз ісінің білгірі болғысы келетін, ізденімпаз мұғалімнің қол жеткізген жетістіктері де аз емес. Олар:

- Аязбай Аружан, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» сурет тақырыбында байқауы, I орын, М.Сатыбалдиев оқуларының сурет бағамы бойынша аудандық кезеңде I орын, облыстық кезеңде II орын, Махамбет оқуларында иллюстрациялық сурет салу бағамы бойынша «Алғыс хат»;

- Бисенова Айгүл, «Фариза оқулары» байқауының иллюстрациялық сурет салу бағамы бойынша аудандық кезеңде II орын, облыстық кезеңде «Алғыс хат», «Әбіш оқулары» «Әбіш шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу» бағыты аудандық кезеңде I орын, облыстық кезеңде II орын;
- Нұроллаева Майсәруәр, «Әбіш оқулары» «Әбіш шығармаларынан иллюс-трациялық суреттер салу» бағыты аудандық кезеңде III орын;
- Амир Інжу, аудандық «Жасыл оазис» байқауы II орын;
- «Мейірімділік жасауға асығыңыз» аудандық байқауында Құрмет Айнара III орын, Саламатқызы Еркетай «Алғыс хат»;
- Алимжан Мәди, аудандық «Әлем қандай әдемі» шығармашылық байқауында III орын.

Шығармашыл ұстаздың шәкірттерін өнерге үйретіп, тәрбиелеуімен қатар, өз жетістіктері де аз емес. «Қолөнер дауысы» аудандық байқауынан I орын иеленсе, аталған байқаудың облыстық кезеңінде II орын алды. Жас мұғалімдердің облыстық Quiz интеллектуалды ойынында II орын иеленді.

Пән мұғалімі қызметімен бірге сынып жетекшілік міндетін де атқарып жүрген жас маман Райымбектің сыныбының оқушылары да көптеген жетістіктерге қол жеткізуде. Уахит Алтынай Республикалық «Бастау» кешенді олимпиадасында III орын, Айбекқызы Мадина «Алтын сақа» математикалық олимпиадасында III орын иеленді.

Жоғарыда аталған жас мамандармен жұмыс тек тәлімгерлікпен шектеліп қана қоймай, оларды корпоративтік мәдениетке бейімдеу; мектеп ұжымының үздік дәстүрлерін, тәртіп ережелерін сақтауға, ұстаздық міндетті саналы түрде және шығармашылықпен орындауға баулу мақсатында бүкіл мектеп ұжымы қолдау көрсетіп отырады. Атап айтсам, жас маманның іскерлік және адамгершілік қасиеттерін, оның сабақ өткізуге, мектеп ұжымына, оқушылар мен олардың ата – аналарына деген көзқарасын, қарым – қатынасын, әуестіктері мен бейімділіктерін зерттеуге, қызметтің қыр – сырын игеруіне көмектесу мақсатында үнемі қажетті кеңестер беріліп, оқу сабақтары мен сыныптан тыс шараларды жағдайларын бақылау, баға беру бағытында үнемі көмек көрсетіліп отырады. Бүкіл әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етіп отыр. Әлем қазіргі күні білім қоғамын, білім экономикасын құруға бағыт алды. («ULT USTAZY») [50] Біздің мемлекетіміз жастарға мол мүмкіндіктерді беріп отыр. «URKER» [44]

Қазақстан елінің болашағы толғандыратын кез-келген білімді азамат үшін азамат болашақ жас дарынның толыққанды білім алуы маңызды болмақ. Осы мақсатта жұмыс атқару бүгінгі күннің заман талабы. («ULT USTAZY») [42]

Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін еңбектеніп өсуін талап етіп отыр. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігі екенін әрбір жас жүрегімен сезінуі қажет. Ол үшін әр жас мұғалім мамандығын сүйіп, шәкіртін аялап, тәлім- тәрбие беру жолындағы жұмысын адал әрі күнделікті жаңаша серпінмен бастауы қажет. «Әдіс-TIME» [82]

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Әдіс-TIME» педагогикалық ақпараттық-әдістемелік журналы № 1 қыркүйек, 2021 жыл

2. «Әдіс-TIME» педагогикалық ақпараттық-әдістемелік журналы № 4 желтоқсан, 2022 жыл
3. «URKER» әдеби-мәдени, қоғамдық-саяси журналы № 9 (133), қыркүйек, 2019 жыл
4. «ULT USTAZY» Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы № 5 (53) 2018 жыл
5. «ULT USTAZY» Республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналы № 7 (55) 2018 жыл

ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ШЕШІМДЕР

Иманбалинова Алтын Каиржановна
Павлодар облысы, Железин ауданы білім бөлімінің №1 жалпы орта білім беру мектебі» КММ «Балауса» шағын орталығының тәрбиешісі

Бүгінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы өр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, талан-тын ұштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сонда ғана мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын таңдай алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады.

Білім беру саласында қоғамның жаңа ақпараттық ортасын қалыптастырып қана қоймай, жаңа ортада өмір сүруге және жұмыс істеуге тура келетін адамдар дайындалады және тәрбиеленеді.

Алдымен білім сапасы дегеніміз не, анықтап алайық.

Соңғы онжылдықта білім аналитиктері «сапа» сөзін жиі қайталайды. Сапаны бақылау білім беру мекемелерінің білім берудің негізгі құндылықтары мен идеалдарын сақтауы үшін қажет, яғни шындықты еркін іздеу және білімнің риясыз таралуы.

Еуропада білім беру сапасын академиялық бағалау бойынша комиссия құрылды, конференциялар өтуде. Ресейде адам және білім беру квалиметриясы (өнім сапасын сандық бағалау әдістемесі) бойынша симпозиумдар өтті. Алайда, осыған қарамастан, білім беру сапасының тұжырымдамасы ғана қалыптасатынын мойындауға тура келеді: тәсілдер анықталады, көрсеткіштер, сапа аспектілері қалыптасады, өлшемдер туралы мәселе қойылады.

Сапамен әрдайым айналысып келеді. Жаңа ештеңе жоқ, «жаңа» деген сәнді сөз пайда болды. Алайда, білім өзгереді, сондықтан жаңа контексте құндылықтар мен мақсаттарды үнемі қайта пайымдаудың қажеттілігі пайда болады. Егер белгілі бір жетістіктердің тек оқушылар ғана емес, сонымен қатар оқытушылар да білім беру процесінің қатысушылары ретінде болса, білімді сапалы деп есептеуге болады.

Білім беру кеңістігінде оқытудың мазмұнын өзгертуде оқушыны білім, білік дағдыларын, өсу динамикасын арнайы бағалау өлшемдерімен анықтау тиімді. Түрлі педагогикалық технологияларды тиімді қолданудың нәтижесі сабақ үрдісінің өсуі мен

оқушылар құзіреттілігінің (ақпараттық, мәселені шеше білу, қарым-қатынас) дамуына үлкен үлес тигізетіні анық. Білім сапасы баланың әртүрлі іс-әрекеттерінде білім қолдану мен көп қырлы талдауды меңгеру нәтижесінде көрінеді.

Мектеп оқушыларының жеке тұлғасын, қалыптастырудағы оның рухани әлемін байыту, сабаққа ынтасын, жігерін арттыру, жеке дарындылығын дамыту – бүгінгі күннің мәселесі.

Жоғарыда айтып өткендей қазіргі таңда еліміздегі білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық моделіне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық деңгейге жеткізу. Осы бағытта мұғалімдер алдында оқытудың және тәрбиелеудің жаңа технологияларын қолдана отырып, жеке тұлғаның дамуына қолайлы жағдай туғызу қажеттілігі тұр.

Оқушының жан-жақты дамуына, қазіргі заман талабына сай оқытудың жаңа технологиялар пайдалануды керек етеді. Осы мақсатта сын тұрғысынан ойлау технологиясының ролі өте зор екендігін оқу үрдісіндегі іс-тәжірибе көрсетіп отыр.

Қазіргі заманғы білім беруді реформалау педагогикалық кадрларға жаңа талаптар қояды. Жаңашыл мұғалім өз пәнін жетік білумен қатар, жаңа заман талабына сай озық технологияларды жетік меңгерген, әлемдік стандарттарға сай ілесе білетін, өз тарихы мен танымын жоғалтпаған озық ойлы болуы қажет. Сонымен қатар, қызметінің нәтижелерін болжайтын, еркін және белсенді ойлайтын кадр. Білім беруді жаңғырту тұжырымдамасына сәйкес қазіргі кезеңдегі біліктілікті арттыру жүйесінің басым міндеті педагогтардың кәсіби деңгейін арттыру және қазіргі өмірдің сұраныстарына сәйкес педагогикалық ұжымды қалыптастыру болып табылады. Бүгінгі күні тез өзгеретін әлемде әлеуметтенген тұлғаны тәрбиелеуге қабілетті педагогтың жоғары білікті, шығармашылықпен жұмыс істейтін, әлеуметтік белсенді және бәсекеге қабілетті тұлғасына сұраныс артты.

Жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалды, кәсіптік адамгершілік, рухани азаматтық және адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үлгісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Сабақта қолданылатын әдістер көмегімен жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау білімі меңгеріледі.Мен өз іс-тәжірибемде осы тиімділіктерді пайдалана отырып оқытудың басты міндеттерін осылай қарастырдым.

Мұғалім оқыту барысында нелерге мән беруі керек:

❖ Қалай оқыту? Мұғалім өзін-өзі жетілдіріп,жаңаша методикаларды меңгеру қажет деп білемін.

❖ Нені оқыту? Ең бастысы өмірге қажетті білім және адамгершілік қасиетті.

❖ Неге оқыту? Тұлғаның тек білімді болуы бүгінде жеткіліксіз.

Білім беру/алу жүйесінің басты мақсаты-мынандай рефлексиялық қасиеттері бар тұлға қалыптасуға мейлінше тиімді жағдайлар жасау:

Өзіне-өзі есеп беріп, ойлары мен әрекеттерін талдай білетін,

Өзін-өзі бағалай алатын,

Өзінің мүмкіншіліктері мен қабілеттерін жүзеге асырып,өркендей білетін тұлға болуға негіздеп оқыту керек.

«Мұғалімнің білімділігінен гөрі қалай оқытуы маңызды» деп атап өткен Синек Саймонның сөзін негізге ала отырып мұғалім ең алдымен оқытуды тиімді жоспарлай білуі керек.Сондай-ақ мынандай ұстанымы болу керек.

Көз қарасы-жан-жақты.

Тәжірибесі- мол.

Шешімі- нақты болу керек деп білемін.

Оқыту барысында қолданылатын инновациялық технологиялар өз тәжірибемде.

Сонымен мен өз сабағымды инновациялық технология арқылы баланы дамыту үшін интер белсенді жаңаша әдістерді қолданамын.Сіздерге өзімнің іс-тәжірибемде қолданып нәтижеге жетіп жүрген бірнеше иновациялық интер белсенді әдістермен бөлісемін.

«Лездеме» әдісі.

Сіздің топтың екі қалған оқушысына бүгінгі сабақтың негізгі сөздерін түсіндіру үшін сізде бір минут бар:

Конверттен бір сөзді бір рет алу.

Сөздің өзін атамай түсіндіру.

Сөзді тапқан бірінші адам конверттен келесіні таңдайды және қалғандарына түсіндіреді!

Топқа бөлуге арналған әдістер.

Ән шумақтары бойынша топқа бөліну

Мұғалім оқушыларға ел арасында көп тараған немесе оқушылардың сүйіп орындап жүретін әндерінің шумақтары мен қайырмасы(немесе бір тобы құралатындай ән қатарлары) жазылған карточкалар таратып беріледі.Оқушылар сол әнді құрастырып,топқа бөлінеді және бірлесіп осы әнді айтуларына болады.

Мағынасына қарай құрастыру арқылы топқа бөліну

Оқушыларға өлең жолдары,анықтамалар,мәтін немесе мақал-мәтел,жұмбақ,жаңылтпаш сөздерін бөліп,қиып тастап,қиындыларынан сол мақалды,өлеңді,мәтінді не басқа құрастыру арқылы топқа бөлуге болады.Мысалы зат есімнің анықтамасын құрастырғандар бір топ,сын есімнің анықтамасын құрастырғандар бір топ сияқты топтасады.

«Тұрғын және үй» ойыны

Оқушылар екі-екіден қолдарын көтеріп ұстасады,үйдің шатырын жасайды.Шатырдың астына бір оқушы кіріп тұрғын болады.Сәлден соң мұғалімнің нұсқауымен тұрғын екеу болады.Осылай төрт оқушыдан шағын топтар құралады.

Практикалық нәтижелер

Мен өзімнің пәнім бойынша көптеген білім беру ресурстарын қолданамын. Мұғалім сабағын заманға сай,нәтижелі өткізу үшін иновациялық технологияларды жетік меңгеру керек.Сол мақсатта мен мұғалімдерге сабағын нәтижелі жоспарлауға арналған бірнеше әдістерд қысқаша тоқталамын.

Онлайн тақталар.

Атап айтсам мысалы «EDUCAPLAY» ойын платформасы.

https://www.educaplay.com/ интерактивті тапсырмаларды жасауға мүмкіндік беретін

онлайын қызмет.

Платформа сіздерге мынандай мүмкіндік береді:

- Карталар боынша.
- Кроссвордтар.
- Басқатырғыштар.
- Диалог.
- Диктанттар.

«Classroomscreen» платформасы.

Classroomscreen

Classroomscreen - бұл сіздің сабағыңыздың нұсқауларын анық және көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік беретін онлайн құрал . Сыныптағы әрекеттеріңізге қолдау көрсету және студенттердің жұмысқа кірісуіне көмектесу үшін 13-тен астам виджетті таңдаңыз.

Артықшылығы:

Бұл ресурс кері байланыс,таймер,бағдаршам,шу деңгейлері,кездейсоқ атау таңдау,топқа бөлу,стикер құралы,QR код және т.б.әр түрлі виджиттерді қосу мүмкіндіктері бар.Яғни бір сабақты осы бір платформаның көмегімен алып шыға аласыздар.

Бұл платформа ұстаздар мен оқушыларға, студенттерге арналған ойын тапсырмаларын құруға көмекші платформа болып табылады. Мақсаты – оқу мотивациясын арттыру үшін интерактивті және баспа материалдарын жасау болып табылады. Бүгінгі таңда ақпараттық технологияның көмегімен оқу процесін осы платформа арқылы тиімді етуге болады.

Күнделікті сабақ барысында мен осы платформаның өзім жасаған ойын түрлерін көп қолданамын. Бұл платформада қолданған ойын түрлерін ссылка арқылы оқушыларға таратып бір мезетте, немесе үй тапсырмасы ретінде қолдануға болады.

Презентация жасауға арналған платформалар.

Бұл онлайын презентациялар оқушы назарын ұстап тұруы үшін таптырмас құрал.

MagicSlides-презентация жасауға арналған GoogleSlides көмекшісі.

https://magicslide.kz/

Focusky- 3D динамикалық презентациялар.

Genially-презентация жасау құралы.

https://app.genial.ly/migration-onboarding

3D инновациялық технологиялар.

Жаңа инновациялық әдістерді пайдаланудың маңыздылығы неде?

1) Қазіргі уақыт жаңалық пен инновация уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Бұған оқыту үрдісі де сәйкес болу керек.

2) Жаңалықты пайдалану оқушының ойлау қабілетін жаңалыққа икемдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді.

3) Инновациялық әдістер бұл белсенді оқыту әдістері. Ақпаратты белсенді түрде сіңірген оқушы жадында өздері айтқанының 80% сақталса, өздері істегеннің 90% қалады.

Оқушыларды ғылымға дамытудағы ең тиімді MOZAIK EDUCATION қосымшасы

Бұл инновациялық цифрлық білім беру шешімдері. Оқу презентациясының бағдарламалық құралы. Интерактивті дисплей бағдарламалық жасақтамасы дүние жүзіндегі мыңдаған сыныптарда қолданылады. Сандық кітаптар, дәптерлер, интерактивті әрекеттер, сондай-ақ әртүрлі иллюстрациялар, анимациялар және түпнұсқа презентация опциялары сабақтың құралдар жинағын кеңейтеді.

Керемет интерактивті элементтер, сондай-ақ кірістірілген иллюстрация, тәжірибелік және дамытушы қосымшалар оқушылардың қызығушылығын тудырады және оқу материалын оңай меңгеруге көмектеседі.

Сондай-ақ мұнда Жаратылыстану бағытына арналған пәндерге таптырмас көмек.Себебі мұнда вертуалды шындықты көре аласыздар,тіпті ғылыми жабаға материал ретінде ала аласыздар.

Ұялы телефонда немесе планшетте 3D mozaik 3D білім беру қолданбасын жүктеп алыңыз және смартфонда немесе планшетте 1200-ден астам білім беру 3D көріністеріне қол жеткізіңіз. Олар үйде бірегей оқу құралын ұсынады және оқуды қызықты ойынға айналдырады.

Сілтемесі https://www.mozaweb.com/ru/lexikon.php?cmd=getlist&let=3D&sid=KEM

Бұл платформада бірнеше пәндер берілген. 3D бөлімінен кез-келген пәнді таңдап көптеген бейнематериалдарды сабақта қолдануға болады. Ол үшін ең алдымен өзіңіздің электронды поштаңызбен тіркеліп, интернет арқылы тікелей оқушыларыңызға көрсете аласыз.

Сонымен мен тағыда сіздерге пайдалы, 3D платформалар тізімін ұсына кетемін:
https://mergeedu.com/cube Merge cube3D платформасы.
https://www.corinth3d.com/ Corinth 3D платформасы

Қорытынды

Ғылым саласында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы білім беру процесінде қатты көрініс табады. Бүгінгі таңда білім беру ұйымдарында компьютерлік сыныптардың, мультимедиялық проекторлармен, электронды тақталармен және т. б. бар екендігіне ешкім таң қалмайды. Нәтижесінде мұндай құрылғыларды дұрыс, толық қолдану жаттығу сапасын едәуір жақсарта алады.

Қазіргі кезде компьютер - бұл оқытудың қызықты, жылдам, қарапайым бола алатын және алған білімдерін тереңдетуге мүмкіндік беретін құрал. Информатика және АКТ базалық деңгейде оқудың басым бағыттары болып ақпараттық процестер мен ақпараттық технологиялар табылады.

Әр мұғалім сияқты мен де сабақтарымды тиімді өткізгім келеді. Компьютер білім беру қызметін басқарудың тәсілін айтарлықтай өзгертуге, оқушыларды белгілі бір жағдайға батыруға, оқушыларға белгілі бір көмек формасын сұрауға мүмкіндік береді, оқу материалдарын суреттермен, графиктермен және т. б.

Ақпараттандырылған қоғамның талабына сай мұғалім де, оқушы да жаңаша көзқарасты, терең ойлы болуы керек. Сондықтан заман талабына сай жас ұрпақты көкірегі ояу, ізденімпаз, өзіндік шығармашылық жұмыспен айналыса алатын дәрежеге жеткізуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқытудың инновациялық әдістемелері мен технологияларын жоғары оқу орындарында қолдану тәжірибесі. Оқу-әдістемелік құрал. – Құрастырушылар: Тұрғынбаева Б., Әлімов А. Қ. – Алматы, 2011.

2. Бұзаубақова К. Ж. Инновациялық технология. – Алматы, 2009.
3. https://www.airpano.ru
4. http://langscape.umd.edu/map.php
5. s://cronobook.com/
6. https://virtualvacation.us/guess
7. Қойбағарова //Информатиканы оқыту әдістемесі, 1 бөлім, 90б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ЗАМАНАУИ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ
ПРИМЕНЕИЕ СОВРЕМЕННЫХ ИГР ДЛЯ РАЗВИТИЯ РЕЧИ ДЕТЕЙ В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ
USE OF MODERN GAMES FOR SPEECH DEVELOPMENT IN PRESCHOOL INSTITUTIONS

З.А.Сапарова
«Балерке» бөбекжай-балабақшасы» Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Көкпекті ауданы, Көкпекті ауылы sadik_balerke@mail.ru

Балалардың тілін дамыту және қалыптастыру мектепке дейінгі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі.

Формирование правильной речи является одной из основных задач дошкольного образования.

Formation of correct speech is one of the main tasks of preschool education.

Түйінді сөздер: тілді дамыту, заманауи ойын технологиясы, дамыту, ойын.

Ойын – балалардың ынтасын арттыратын құрал. Ойын эстетикалық тәрбие -құралы ретінде де кеңінен пайдаланылады, өйткені балалар өздерін қоршаған дүниені бейне арқылы көрсетеді. Көптеген ойындардың мазмұнына таныс әндер, билер , тақпақтар, жұмбақтар енгізіледі. Осының бәрі тәрбиешіге балалардың эстетикалық әсерленуін тереңдетуге мүмкіндік береді.

Ойын сонымен балаларды жан-жақты тәрбиелеу және дамыту құралы болып табылады. Бала ойын арқылы күш- жігерін жаттықтырып, қоршаған заттар мен құбылыстардың ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды, яғни болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан басталады. Баланы тек дене жағынан жетілдіретін қимыл-қозғалыс, іс-әрекет қана емес, оларды ой еңбегіне баулу, таным түсінігін дамытып, дұрыс көзқарасқа тәрбиелеудің құралы ойын болып табылады.

Ойын процесінде сөйлеу қарым-қатынасы үлкен роль атқарады. Сөйлесе жүріп балалар бір-бірімен келіседі, сондай-ақ өзара түсінісу мен достықтың, қайнаған өмірдің қайсыбір фактілері мен құбылыстарына бірдей көзқарастың пайда болуына және дамуына көмектеседі.

Мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі-өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи ойындар енгізу. Әрине бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуымен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Менің өзімнің іс тәжірибемде тілді дамытуды негізгі үш кезеңге бөліп қарастырдым:

- Ұсақ қол моторикасы;
- Нейрожаттығу, артикуляциялық жаттығу;
- Ертегі, сұрақ – жауап.

1.Ұсақ қол моторикасы термині- саусақтар қозғалысы және қолдың буындарын үйлестіру дегенді білдіреді. Ұсақ моториканы дамытудың маңыздылығы неде? Адамның бас миында саусақ қимылына және сөйлеуге жауап беретін орталықтар өте жақын орналасқан. Ұсақ моторикаға әсер ете және оны белсендіре отырып, көрші орналасқан сөйлеуге жауап беретін орталықты да дамыта аламыз. Ұсақ моториканың қимылдары мен қолдың икемдігі бас миының құрылымының даму деңгейін көрсетеді. Осыдан келіп қол қимылдарын басқара білу туады.

Қолдың ұсақ моторикасының дамуы үшін «Тас тақта», «Марблс тастары», «Сиқырлы таяқшалар», «Түстеріне қарай қой», «Сиқырлы қобдиша», «Құстарды тамақтандырайық», «Геоборд», «Тізбесін жалғастыр», «Түймелерін тап», «Ғажайып пішіндер», «Шыршаны ойыншықтармен безендіреміз» және т.б. ойындар баланы ой-өрісін кеңейтуге,өз бетімен ойланып,заттар мен құбылыстардың сипатталуына,баламасына қарай олардың атын табуға,сөздік қорын молайтуға үлкен септігін тигізеді.

Қолдан ұсақ-түйек заттарды жасау — балалардың ең жақсы көретін шығармашылық жұмыстары. Мұндай жұмыс балалардың қиялдарын, ойлары мен бармақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Ұсақ қол моториканы дамыту әдістемесі мұндай жағдайда өте тиімді. Бала тілін дамыту үшін сөйлеу органы ғана емес сондай –ақ, ұсақ қол моторикасын да дамыту қажет.

Атақты педогог В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда, «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес».

Ойын арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірімен ұштасып,өзін қоршаған дүние туралы түсінік алады.

Күнделікті топта баланы ойынға қызықтыра отырып оқу-іс әрекеті кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.Баланы өжеттілікке,шапшаңдылыққа,ептілікке,батылдыққа,байсалдыққа,тапқырлыққа үйрететін де ойын.

Нәтижесінде:

- ✓ Сөздік қоры дамиды;
- ✓ Шығармашылық қабілеттері дамиды;
- ✓ Логикалық ойлау, есту және көру қабілеттері дамиды.

2. Нейрожаттығу және артикуляциялық жаттығулар. Нейрожаттығулар ми қабыршығының оң және сол жақ бөліктерін дамыта отырып, баланың сөйлеу тілін, математикалық қабілетін, ынтасын, зейінін, қиялын, есту және тыңдау қабілеттерін дамуына әрекет етеді. Бұл ойындар арқылы балалардың тілдік сөйлеу байланысы жақсарады, балалардың танымдық және сөйлеу іс-әрекеттеріне деген қызығушылығын арттырады.

Дұрыс сөйлеу тілін қалыптастыруда алдымен дыбыстарды қоюымыз қажет. Сол себепті дайындық кезеңі ретінде ауыз қуысына жаттығулар жасалып тілді жаттықтырамыз. Ол балалардың дыбыстарды дұрыс айта білуіне көмектесетін жаттығу түрі.

Нәтижесінде:

- ✓ Мидың оң жақ және сол жақ жарты шарларының үйлесімді жұмыс істеуін жақсартады;
- ✓ Ұсақ және ірі моториканы дамытады;
- ✓ Ақпаратты тез қабылдап, қорытуға көмектеседі;
- ✓ Зейінді шоғырландырады;
- ✓ Есте сақтау қабілетін арттырады;
- ✓ Сөйлеу тілі аппаратының бұлшық еттерін шыныктыратын;
- ✓ Оның мүшелерінің қимыл –қозғалысын толық жетілдіреді;

3. Ертегілер(сұрақ – жауап). Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Кішкентай сәбилеріміз ата - анасының, тәрбиешісінің,

достарының мінезінен, жүріс - тұрысынан, сөйлеген сөзінен, істеген ісінен үлгі алуға тырысады. Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын, салт - дәстүр, мақал - мәтелдер, ертегілер, жұмбақтар, айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата - ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.

Демек, жас баланың ойлау, есту, сөйлеу, көру, есте сақтау қабілеттерін дамытуда халық ауыз әдебиетінің үлгілерінің алатын орын ерекше. Солардың ішінде көп тараған үлгілерінің бірі «ертегілер».

Ертегінің тәрбиелік мәні зор. Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп, бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды.Ертегілер- халқымыздың тұрмыс- салтын, арман- үмітін, өткен өмірін кеңінен танытатын ауыз әдебиеті үлгілерінің көлемді саласының бірі. Ертегілердің білім мен тәрбие беру саласында маңызы өте зор. Мектеп жасына дейінгі балаларға ертегілерді оқып беру арқылы адамгершілікке тәрбиелеуге болады. Әрбір ертегіні оқып беріп, таныстыру арқылы танымдық қабілеттерін арттыруға болады. Балабақшадағы жоғарғы топтарда өткізілетін әрбір ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде ертегілерді негізгі динамикалық қозғаушы күш яғни дидактикалық көрнекіліктер ретінде пайдалануға болады.

Бүлдіршіндер өте әсершіл келеді. Естіген ертегі мазмұнын есте сақтап, әділдікке сену, біреуге жақсылық жасау, көмектесу сияқты қасиеттерге ие. Балаға күнделікті жылы дауыспен айтқан ертегі, жұмбақ, жаңылтпаш, күлдіргі әңгімелер сәбидің жан дүниесіне әсер етіп, ізгі қасиеттерін дамытып, ақыл - ойын жетілдіреді. Ертегі арқылы еңбекке, шыншыл болуға, туған жерін сүюге, батыр да батыл болуға тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Ертегі тыңдау арқылы бала оған еліктейді, өзі де ертегінің басқа түрін, ойлап шығарады. Түйсік қабілеттері дамиды. Кішкентайынан ертегі тыңдап өскен бала ақылды, зерек, терең ойлы, зейінді болып өседі. Ертегі жаңа өскін балауса буынның сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытып, адамгершілікке тәрбиелейді

Нәтижесінде**:**

Қорытындылай келе, ертегінің атқаратын қызметі кең, ол әрі тәрбиелік, көркем – эстетикалық, әдеби қазына. Сонымен қатар, ертегіні сахналау, рөлге бөліп ойнау барысында, балалардың сөйлеу тілі, ой-өрісі кеңейеді. Баланың сөздік қоры молайып, тілі дамып, еркін өз ойын айтуға дағлынады.

Сөзімді түйіндей келе, балабақша балаларының тілін дамытуда түрлі заманауи ойын әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану, әр баланың жас ерекшелігіне қарай жүргізілетін жұмыс түрлерін талдап кезең – кезеңмен осы бағытта жүрсек атқарылатын игі іс-шаралардың нәтижесіз қалмайтындығының айқын дәлелі деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Бастауыш мектеп журналы». №7, 2015 ж
2.«Отбасы және балабақша журналы». 2017 ж
3.Атемаскина Ю. В. Современные педагогические технологии в ДОУ: учебно-методическое пособие / Ю. В. Атемаскина. М.: Детство-Пресс, 2012 г
4.Тимофеева Е. Г. Консультация для педагогов «Современные игровые технологии в развитии речи дошкольников». 2017 г.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА МАТЕМАТИКАЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ
РАЗВИТИЕ МАТЕМАТИЧЕСКОЙ ГРАМОТНОСТИ В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ-ТРЕБОВАНИЕ ВРЕМЕНИ
THE DEVELOPMENT OF MATHEMATICAL LITERACY IN PRIMARY SCHOOL IS A REQUIREMENT OF THE TIME

Ж.Т.Жанабекова
«Парасат» мектеп-лицейі КММ Қызылжар ауданы, Бескөл а., СҚО
zhanara.zhanabekova@mail.ru

Аннотация: В статье рассмотрены пути развития формирования математической грамотности на уроках математики у учащихся начальных классов. Формирование математической грамотности, способности использовать приобретаемые знания, умения, навыки для решения максимально широкого диапазона жизненных задач - одна из приоритетных задач, стоящих перед учителем.
The article discusses the ways of developing the formation of mathematical literacy in mathematics lessons for primary school students. The formation of mathematical literacy, the ability to use acquired knowledge, skills, and skills to solve life problems is one of the priority tasks facing the teacher.
Кілт сөздер: математикалық сауаттылық, математикалық құзыреттілік, технология. математическая грамотность, математическая компетентность, технологии.mathematical literacy, mathematical competence, technology.

Қазіргі уақытта математикалық сауаттылықты дамыту өзекті болып табылады. 2021-2022 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатында білім алушының тұлғалық үйлесімді қалыптасуы, функционалды сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігінің дамуы ерекше аталып өтті. Бастауыш мектепте көптеген балалар математиканың өмірдегі маңыздылығын түсінбейді, сондықтан, ең белсенді қызығушылық кезеңінде балаға математиканың өмірдегі құндылығын түсінуге көмектесу өте маңызды. Бастауыш сынып оқушыларының математика сабақтарында, қосымша лицей компонеттерінде, факультатив сабақтарында қажетті есептеу дағдылары, мәтіндік есептерді шешуде қарапайым ойлауды жүргізу мүмкіндігі, математикалық сөйлеу мен жазудың бастапқы дағдылары, математикалық мәдениет қалыптасады.

Математикалық мәдениет ұғымына: есептеу мәдениеті, логикалық мәдениет, математикалық сауаттылық кіреді. Математикалық сауаттылық - оқушылардың қоршаған шындықта туындайтын және математика құралдарымен шешуге болатын проблемаларды тану, математика тілінде тұжырымдау, бұл проблемаларды математикалық фактілер мен әдістерді пайдалана отырып шешу, қолданылған 248 шешім әдістерін талдау, қойылған проблеманы ескере отырып, алынған нәтижелерді түсіндіру, шешім нәтижелерін тұжырымдау және жазу қабілеті. Сабақта математикалық сауаттылықты қалыптастыру құралдары: - оқушылардың тапқырлығын, стандартты емес шешімдерді табу қабілетін дамытатын проблемалық оқыту технологиясы; – оқушыларға түрлі жағдайларда бағдарлауға мүмкіндік беретін жобалау технологиясы, - кіші оқушылардың математика сабақтарына қызығушылығын сақтауға мүмкіндік беретін ойын технологиясы. Сабақтың тиімділігін арттыру және оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту жолдарының бірі – сабақ барысында оқушылардың алған білімін баяндауға ынталылығын арттыру. Оқушы назарын аударатын, ойына түрткі болатын математика туралы қызығушылықты материалдар, әртүрлі қызықты тартымды есептер, ойындар сабақ үстінде өзінің орнын табу керек. Мұндай есептер оқушылардың математикаға деген ынта-ықыласын арттырып, есептерді өздігінен шешуге итермелейді, сонымен қатар логикалық ой-өрісін дамытады.

Оқушылардың математикалық сауаттылығының деңгейі математикалық құзыреттіліктің дамуымен бағаланады. Математикалық құзіреттілікті есептеулерді жүргізуді қажет ететін есептер жүйесі, математиканың әртүрлі салаларынан байланыс орнатып, материалды біріктіруді қажет ететін тапсырмалар, фактілер мен әдістерді көбейту арқылы қалыптастыруға болады. Оқушылар алған білімдерін күнделікті өмірде не үшін және қайда пайдалы болатынын түсінуі керек, осы білімді әртүрлі жағдайларда қолдану қажеттілігі мен қабілетіне ие болуы керек. Мысалы, қажетті материалдың құнын, массасын, мөлшерін есептеу, нұсқауларға сәйкес әрекет ете білу және т. б.тұрмыстағы математикалық мәселелерді айыра білу және есептеулерге байланысты жобалар байқауын ұйымдастыра алу болып табылады. Мұндай жобалардың тақырыптары: "Үй пиццасын дайындау құнын есептеу және мейрамхана пиццасының құнымен салыстыру", "Мұражайға бару шығындарының сметасын жасау", "Мектепке (үйірмеге) баруға кететін уақытты есептеу, "Сапарға уақыт пен кететін ақша шығындары" және т.б.. Мұнда педогогтің басты әрекеті мектеп оқушыларының назарын үнемі осы байланысқа аудару керек: "Өмірде сендер осы құбылыстар мен объектілерді қайда кездестіресіңдер?", "Бұл білім немесе дағды сендерге қайда және қалай пайдалы болуы мүмкін?". Сонымен қатар математикалық сауаттылықты қалыптастыруға, ақпаратты түрлендіруге, диаграмма мен кестелер, сызбамен жұмыс істеуге бағытталған символдық мәтіндерді қолданатын тапсырмалар да ықпал етеді. Кестелерде оқушы тапсырманы орындау кезінде қолдануы керек мәліметтер (елдің аудандары, жануарлардың массасы туралы ақпарат және т.б.) бар. Мысалы, кестеде поездардың қозғалыс кестесі көрсетілген және оқушыларға: 1) Белгілі бір маршруттағы поездың нөмірі; 2) Нақты поездың жөнелтілу уақыты; 3) Поезд қалғандарынан бұрын жөнелтілетін қаланы анықтау ұсынылады. Математика сабақтарында балалар ақпаратты берудің, сақтаудың және жүйелеудің ең тиімді формаларының бірі схемалар, графиктер және диаграммалар бола алатындығын біледі. Оқушылар график немесе диаграмма бойынша нақты ақпаратты табуды үйренеді. Мысалы: Айша, Марал, Жанат және Самат жазғы демалыста айтарлықтай өсті. Диаграммада жазда кім және қанша өскені және оқу жылының басында әр баланың өсуі көрсетілген. Мыны сұрақтарға жауап бер: - Балалардың қайсысы бәрінен биік болды? Ең төмені кім? Балалардың қайсысы бірдей ? Айша мен Марал неше сантиметрге бірдей өсті? 249 Сонымен қатар сызба және олардағы ақпаратпен жұмыс практикалық зор маңызға ие. Мысалы, кинотеатр залының диаграммасында әр түрлі билет құны бар орындар әр түрлі түстерменен белгіленеді, ал бос орындар қара түспен боялған. Бес дос бір қатарға отырғысы келеді және ең арзан нұсқаны таңдайды. Олардың орындарын, қатарын және билеттердің құнын анықтаңыз.

Математикалық сауаттылықты қалыптастыру, яғни оқушы іс — әрекетінің, қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларында өмірлік міндеттердің кең спектрін шешу үшін өмірде үнемі алған барлық білімді, дағдыларды пайдалану мүмкіндігі, мұғалімнің алдында тұрған басым міндеттердің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары: / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы №832 қаулысы // ресми мәтін. Астана: Әділет, 2012. – 14 б.
2. Назарбаев, Н. Ә.: Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай жиырма қадам / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. 5. А.Қ.Әлімов.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ДАМЫТУ

Баймагамбетова Айнагуль Амангельдыевна
Талапкер ауылы жалпы орта білім беретін мектеп
Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қазақстан
aynagul_baymagambetova@mail.ru

Аңдатпа. Орта мектеп жағдайында білім беру процесін цифрландыру жұмысын жүзеге асыру жолдары, оның білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын орындау мүмкіндіктері қарастырылған. Цифрлық құралдарды білім беру процесінде қолдануды өзгерту –заман талабы.
Анотация. Предусмотрены пути цифровизации образовательного процесса на примере средней школы, возможности реализации государственной программы развития образования и науки. Изменение использования цифровых инструментов в образовательном процессе – веление времени.
Anotation. Ways of digitalization of the educational process in the case of secondary school, possibilities of implementation of the state program of education and science development are provided. Changing the use of digital tools in the educational process is the need of the hour.
Түйінді сөз: цифрлық сауаттылық – XXI ғасырдың ең маңызды білімі.

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады.

Цифрлық сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Орта мектеп жағдайында білім беру процесін цифрландыру жұмысын жүзеге асыру жолдары қарастырылған. Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үрдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады.

Қазақ мектептерін цифрландыруға қатысатын барлық ойшыларға: оқушыларға, олардың ата-аналарына, мұғалімдеріне, білім беру жүйесінің әкімшіліктеріне ыңғайлы және тиімді құралдрды жсауды білдіреді. Сонымен қатар, оқу үдерісін цифрландыру, адамның адамдық қарым-қатынасының оңтайлы теңгерімі және виртуалды ортада нақты және цифрлы әлемді синтездеудің бір түрі болып табылатыны маңызды.

Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Мектептің білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдерін іздестіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жұмыстардың тиімділігі мен нәтижелілігі бірнеше оқу-әдістемелік, психологиялық-педагогикалық мәлелелердің шешімін ғылыми түрде негіздеуді талап етеді. Осы сұрақпен айналысатын ғалымдар оларды бірнеше бағыттарға бөліп отыр:

- Оқу үрдісіне ақпараттық технологияларды іске асырудың жүйелі ғылыми-әдістемелік жолын анықтау;
- Оқушылардың тәжірибелік іс-әрекетінде ақпараттық технологияларды пайдаланудың әдістемесін жасау;
- Мұғалімдердің ақпараттық технологияларды меңгеруі және оқу үрдісіне пайдалану бойынша кәсіби біліктіліктерін жетілдіру;

- Оқушыларды білім, білік, дағдыны меңгеру үшін ақпараттық технологияларды пайдалануға үйрету;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту.

Цифрлық білім беру ресурстарының сабақты өткізудегі тиімділігі қандай? Атап айтқанда :

- Сабақ барысында дайындалған сандық объектілерді мультимедиялық проектор арқылы демонстрациялау;
- Зертханалық жұмыстарды орындауда электрондық микроскоп, интерактивті модельдерді пайдалану;
- Білімді тексеруде тестілерді қолдану;
- Сабақ үстіндегі оқушылардың жеке зерттеушілік және шығармашылық жұмыстары;

Цифрлық білім беру ресурстарының оқушылардың үй тапсырмасын орындаудағы тиімділігі:

- Үй тапсырмасын орындаудың және оған жауап берудің жаңа формасы арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Қабілеті төмен оқушылардың сабаққа қызығушылығы жоғарыласа, дарынды балалардың оқытудың зерттеушілік-ізденушілік деңгейі көтеріледі;
- Кез-келген уақытта оқушылар өздерінің білімдерін автоматты түрде тексере алады. Сонымен қатар, оқушы өз білімін автоматты түрде бақылау құрылғысы «жақсы», «өте жақсы» бағаларын қойса, қызығушылығы одан әрі жоғарылайды;
- Баяндама, ғылыми жоба, конференция, презентация дайындауда биологиялық объектілердің үлкен жинағы болып табылады. Оқушы сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға қажетті қызықты мәліметтер мен деректер жинақтай алады;
- Энциклопедиялық бағыттағы сұрақтарға жауап ала алады;
- Мультимедиялық анықтамалық –сөздіктер мен анықтауыш –атластарды пайдалану мүмкіншіліктері артады;
- Оқушының өз мүмкіндігі мен материалды меңгеру мен қабылдау ерекшелігін ескере отырып, жаңа білімді оқып үйренеді.

Оқу процесі барысында цифрлық білім ресурстарының көптеген түрлері қазірдің өзінде қолданылып отыр: анимациялар, интерактивті суреттер мен сызбалар. Келешекте интерактивті тапсырмаларды да кеңінен қолдануға болады. Цифрлық білім беру ресурстарының оқушылардың үй тапсырмасын орындаудағы тиімділігі осы.

Электронды оқыту, яғни оқыту барысында цифрлық ресурстарды пайдалану жүйесі ең алдымен оқытушы мен оқушыға үлкен еркіндік береді. Мектебімізде өткен семинарларда басқа да іс-шараларда осы ақпараттық технологияны қолдану дамып келе жатыр. Оған дәлел ретінде облыстық семинар кезінде «Bilim lend» сайтының материалдарын , кюар код арқылы тақырыпты ашу, сабақ барысында тікелей ата-анамен байланысқа шығу, Аймектеп тапсырмаларын орындау жұмыстарын жүзеге асырылды.

Қазіргі таңда біз үшін интерактивті технологиялық әдістің біз үшін пайдасы қандай? Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектесетіндігін білдік.

- Біріншіден,әр оқушының білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді;
- Екіншіден, оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді;
- Үшіншіден, оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады.
- Төртіншіден, оқушылардың барлығын бағалауға мүмкіндік аламыз.

Сонымен қатар сандық білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады. Яғни сабақ мазмұнын ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялы мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын аса маңызды оқу тақырыптарына аударуға, қажет болған жағдайда оқушылардың назарын зерделенген көріністердің ерекшеліктеріне шоғырландыруға, оны көрнекі түрде көрсетуге мүмкіндік береді. Сабақтың мазмұнын

қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен, оқушының пәнге деген қызығушылықтарымен және тағы басқа құбылыстармен байланыстырудың қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Адам тұлғасын өсіру одан да маңызды шаруа. Қысқасын айтқанда, цифрландырудың сиқырлы әлеміне ену жөніндегі Қазақстанның қазіргі ынта-жігері және ұмтылысы көптеген бағалаулар бойынша жақсы. Дегенмен қол жеткенге қанағат қылудың ешбір реті жоқ. Керісінше, үдерісті одан әрі үдете түсу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2010ж.
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Нурсұлтан: 2020ж.
3. 2017-2021 жылдарға арналған «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана: 2017ж.
4. http://nci.kz/ru/content/uchebno-metodicheskie-posobiya-po-ispolzovaniyu-cifrovyh-obrazovatelnyh-resursov-v-uchebnom - сандық білім беру ресурстарының қолданылу әдістемесі.

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ДАМУ ЗЕРТХАНАСЫ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Ермекбаева Гүлдана Тлеубаевна
Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
Е.Шаханов атындағы тірек мектебі (РО) КММ
оқу ісінің меңгерушісі

Қазіргі XXI ғасыр ақпараттық ғасыр, күн санап цифрлық қоғамға ауысып келе жатқанымыз өз алдына. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, оқушылардың өз заманынының талаптарына жауап бере алатын терең білім мен тәрбие алуы, білім деңгейінің халықаралық стандартқа сай болуына жан-жақты үлес қосуымыз қажет. Шәкіртті бұл деңгейге жеткізу үшін ұстаздың өзі де уақыт талабына сай кәсіби шыңдалу үстінде болатындығы анық.

Қанша уақыт өтсе де, қоғамдық құрылыс өзгерсе де педагог К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады»,-деген қанатты сөзі біздің осы ойымызды толығымен жеткізіп тұр. Сол себепті мұғалім өзінің пәнінің мазмұнын жете білуімен қоймай, пән мазмұнын игерудің артықшылықтарын көрсету және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сол пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, жан-жақты жеке тұлға ретінде қалыптасуына мұрындық болуы қажет. Ол үшін мұғалімдер өздерінің ұстаз ретіндегі кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, жоспарға сай және жоспардан тыс даму жүйесін құруы қажет. Бұл арада ұстаздың біліктілігін арттыруы, оқу, әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік тақырыптар бойынша қосымша ізденіс жұмыстарын жүргізуі, озық педагогикалық іс-тәжірибесін таратуы, үйірме, факультатив сабақтарын ұйымдастыруы олардың маман ретінде өсу динамикасын қалыптастырады. Республика көлемінде өткізілетін семинар-конференциялар, дөңгелек үстелдерге қатысу, әдістемелік тақырыппен жұмыс, кәсіби құзыреттілік, өзара сабаққа қатысу, кәсіби шеберлік сайыстары ұстаздардың даму жоспарының өзегін құрап, білім беру саласындағы бәсекелестіктің қайнар көзі болуы қажет деп санаймыз. Сонымен өз пәнінің мазмұнын жетік игерген, оны оқушыларға оқытудың инновациялық жүйелерін іске асырудың әдіс-

тәсілдерін игерген мұғалімдердің заманауи білім дағдыларын игеруі, цифрлық ресурстарды қолдануы, олардың бұл тұрғыда өзара тәжірибе алмасуы және нақты жетістікке қол жеткізе алатын оқушылар тәрбиелеп шығаруы, оқушылардың шығармашылық-әлеуеттік дамуына ықпал етуі қажет. Бұл заманауи, біртұтас білім жүйесін, оқытудың әдістемесін игерген шығармашыл ұстаздың бейнесі деп санаймын. Ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, «Ұстаз – мектептің жүрегі». Ендеше, ұстаздың жан-жақты дамыған, заманауи әдіс-тәсілді меңгерген шығармашыл тұлға болуы білімді, білікті, өз заманының талабына сай жас буынды тәрбиелеп өсіретін мектептердің дамуына үлес қосатындығы анық. Әсіресе, қазіргі таңда шалғай елдімекендерде орналасқан ауыл мектептерінің, ондағы ұстаздардың кәсіби дамуын қалыптастыру үшін перспективалық даму жоспары құрылуы қажет деп санаймыз. Бұндай шалғай өңірдегі мектеп ұстаздарының конференция-семинарларға қатысуы, өзара іс-тәжірибемен бөлісетін шеберлік сыныптарына т.б. қатысуы тиімді ұйымдастырылуы қажет. Сол себепті де «НЗМ», «БИЛ» тәрізді алдыңғы қатарлы мектептермен байланыс орнату қандай маңызды болса, шағын комплектілі мектептер жұмысының жандануына ықпал ету, шалғайда орналасқан елді мекендер, ауыл мектептерімен байланысты нығайту қажет деп ойлаймыз.

Өйткені қазіргі өзгермелі өмір кез келген саланың үздіксіз даму үстінде болуын қажет етеді. Мұғалімдердің шығармашылық ізденісіне мұрындық болу үшін түрлі платформалар арқылы онлайн курстар ұйымдастырылса, мектеп мұғалімдері бұл оқу түріне әрдайым жұмыла кірісетіндігі анық. Мысалы қазіргі мектептерде Lesson Study өткізіледі. Осыған байланысты оқушыларға тілдерді меңгертудің, тілдік құзыреттіліктерін арттырудың, ауызекі және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытудағы және т.б. өзекті мәселелер бойынша мектептегі проблемалы тұстарды анықтау және оны шешуге арналған әдіс-тәсілдерді мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып зерттесе нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз. Сол кезде бір мектептің, не бір сыныптың мәселесін шешу қарастырылады.

Ел болашағы зияткерлік әлеуетпен, ғылымның даму деңгейімен, жоғары технологиялармен өлшенетіндігі белгілі. Сол себепті білім беру жүйесі әрдайым қарқынды даму үстінде болып, ұлттық білім берудің үздік дәстүрлерін сақтауға және сонымен бірге білім беру жүйесінің дамуындағы жаһандық тенденцияларды ескеруге, әлемдік нормалар мен стандарттарға сай білім беретін дамудың ерекше инновациялық режиміне өтуі керек. Педагогикадағы инновацияның негізгі бағыттары мен объектілері төмендегідей болып келеді:

- оқу процесінің жаңа үлгілерін жобалау;
- оқытудың жаңа технологияларын қолдану және дамыту;
- педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдіру;
- білім беру мен тәрбиелеудің табыстылығын қамтамасыз ету, білім беру үдерісі мен оқушылардың дамуын бақылау;
- жаңа буынның оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу.
- инклюзивті білім беруді дамыту. Бұл мәселе төмендегідей нақты қадамдарға сүйене отырып жүргізіледі:

1. ерекше қажеттілігі бар білім алушылармен оқу-тәрбие үдерісін үйлестіру;

4. еліміздегі инкюзивті білім беру жүзеге асырылатын жалпы орта мектептермен байланыс орнату.

Ал ұстаздар тарапынан оқушылардың күнделікті сабақтан өзге қосымша ізденіс жұмыстарын үйлестіруге баса назар аударылуы қажет. Мәселен:

- оқушыларды олимпиадаларға дайындап, қатыстыру сапасын жақсарту;
- мәнерлеп оқу, көркем сөз оқу сайыстарына қатыстыру;
- ғылыми жоба жазуға қалыптастыру арқылы зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- оқушыларды сараптамалық, лабораториялық тапсырмаларды орындату арқылы зертханалық жұмыстар жасай білуге қалыптастыру;

• республикалық «Iqanat» олимпиадасы, «Мың бала» олимпиадасы арқылы ауыл оқушыларының білім алуға деген құштарлықтарын арттыру, ауыл балаларының қолжетімді білім алуына мүмкіндіктер туғызу т.б.

Сонымен қазіргі XXI ғасырдағы жаңашылдық ұстаздар жұмысына жаңа леп, жаңа бағыт мен жаңа мақсат-міндеттерді әкеліп отыр. Сондықтан ұстаздардың кәсіби желілік қауымдастығын құру ісі аса өзекті болып саналады. Себебі, цифрлық технологияларды меңгеру, оны тәжірибе жүзінде қолдану ұстаздардың еңбекқорлығы, ізденімпаздығымен қатар, өзара тәжірибе алмасуларына қажеттілік туғызып отыр. Кәсіби желілік қауымдастық қарқынды дамып отырған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеуетінің қолданылу аясын кеңейте түспек.

Мұғалімдердің біліктілігін кәсіби қоғамдастық шеңберінде арттыру ісі оларға коучингтер, менторингтер, виртуалды конференциялар, шебер-сыныптар өткізу ісімен ерекшеленеді. Сонымен қатар олимпиадалар, әр түрлі байқаулар өткізу арқылы жаңа білім мен дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың тұлғалық болмысын дамытуды көздейді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желі құралдары арқылы мұғалімдер желілік қауымдастықта тығыз бірлікте жұмыс жасап, оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдануды меңгеріп, ақпараттық техникалық құралдармен жұмыс жасауда жақсы жетістіктер көрсетіп жүргені белгілі.

Кәсіби желілік қауымдастықтың жұмысын нығайту арқылы ұстаздар арасында инновациялық идеялар алмасу үдерісі жүзеге асады, оқу процесі барысында кездесетін кедергілер мен кейбір мәселелерді бірлесе анықтап, оны шешудің жолдарын іздестіру мүмкіндігіне ие боламыз және желілік қауымдастықтағы ұстаздар жаңа идеяларды талқылап, өз ұсыныстарын жасауына мұрындық болып, озық идеялар насихатталады.

Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында біздің тарапымыздан да желілік өзара іс-қимыл жүргізуге бағытталған шаралар ұйымдастырылды.

Желілік өзара іс-қимылдан күтілетін нәтиже:

• мұғалімдердің педагогикалық қауымдастықта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады;

• басқа мектептермен жағымды іскерлік қарым-қатынас орнап, бірлескен мектепаралық іс- шаралар жүзеге асады;

• мұғалімдердің құзыреттіліктері артып, мектептердің білім сапасы көтеріледі;

• мұғалімдердің оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану іс-тәжірбиесі артады;

• қауымдастық аясында ата-аналар мен оқушылардың қажеттіліктеріне қарай жауап беруге мүмкіндік алады;

Желілік өзара іс-қимыл жұмыстарының басымдықтары:

1. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту арқылы педагогикалық ұжымдарда ұстаздардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

2. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын дамыту.

3. педагогтардың жұмыс жүйесіне оқыту мен тәрбиелеудің қашықтық әдістерін енгізу.

4. Табысты идеяларды жүзеге асыруда халықаралық тәжірибелерді бағыт-бағдар ретінде ұстану т.б.

Мектебімізде, яғни «Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің (РО)» КММ-нен құралған шығармашылық топ мүшелерінің мұғалімдері қазан айының екінші жұлдызында №135 негізгі орта мектебіне барып, «Білім сапасын арттыру, оқушыларды бейіндік және бейіналды даярлау» мақсатын жүзеге асыру аясында өз іс-тәжірибемізбен бөлісіп, шеберлік, зертханалық сабақтар берілді. Атап айтар болсақ, математика пәнінің мұғалімі Г.А.Ермекова 6- сыныпқа «Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы» тақырыбында шеберлік сабақ өткізді. Сабақ барысында заманауи технологиялар АКТ қолданылып, түрлі әдіс-тәсілдермен жоғары деңгейде өткізілді.

Химия пәні мұғалімі М.М.Дауылбаева 8-сыныпқа «Химиялық реакция типтері» тақырыбында зертханалық сабақ берді. Сабақ барысында оқушылардың Менделеев элементерімен жасалған зертханалық жұмысқа деген қызығушылықтары артып, сабақ өте жоғары дәрежеде өтті.

Физика пәні мұғалімі Г.И.Жаркенова 8-сыныпқа «Отын энергиясы» тақырыбында сабақ беріп, оқушылар физикалық формула мен лабараториялық жұмыстары өте қызықты болғандықтан оқушы назарын аударта білді.

Биология пәні мұғалімі А.М.Сапаров 8-сыныпқа «Жануарлардың басым типтері мен олардың кластары» тақырыбында шебер сабақ жүргізсе, мектебіміздің психологі Л.Тусупова «Кәсіпті таңдауға қажетті дағдылар» тақырыбында 9-сыныптар арасында психологиялық тренинг өткізді.

Информатика пәні мұғалімі А.Солтанғали 7-сыныпқа «REDX роботы негізіндегі «Арқан тартыс» ойыны сабағында роботтарды жандандырып, оқушыларға робот арқылы ойын ойнауға болатыны таңғаларлық әсер етті. 2-4 сынып оқушылары арасында математикалық сауаттылықтарына байланысты есептер шығарып, оқу сауаттылығын қалыптастыру барысында түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыстар жүргізілді.

Осы семинар барысында іс-тәжірибемізді бөлісе отырып, өз ойымызды ортаға салып, тәжірибе алмастық. Жалпы қорытындылай келсек, аталған жұмыстардың қайсысы болмасын өзара серіктестігіміздің басты мақсатына яғни оқушылардың білім сапасын арттыруға, тұлғалық қабілеттерін ашуға, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге бағытталады.

«Мұғалім өзінің білімнің үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»,-деп К.Д.Ушинский айтқандай, алдағы уақытта да жалпы мектеп жұмысының жандануы жолында, озық идеялармен іс-тәжірибелерді меңгере отырып, мектебіміздің оқу – тәрбие мазмұнын жақсарту бағытында тынымсыз еңбектеніп, жоғары жетістіктерге қол жеткізетінімізге сенімізміз мол.

Еламан Шаханов атындағы тірек мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.А.Шотанова педагогигалық шеберхана аясында «Педагогтің зерттеу қызметі: Action research және Lesson Study» тақырыбында workshop өткізді. Мақсаты сабақты зерттеу және іс-әрекетті зерттеу тәсілдерінің негізінде мұғалімдердің кәсіби білімін тереңдету және зерттеу дағдыларын дамыту, зерттеу сұрағын құрастыру, айқындау, зерделеу міндеттерін дағдыландыру болып табылады.

«ПЕДАГОГТІҢ ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ: ACTION RESEARCH ЖӘНЕ LESSON STUDY» ТІКЕЛЕЙ ТРАНСЛЯЦИЯЛАНҒАН WORKSHOP

Г.А.Шотанова
ағылшын тілі пәнінің мұғалімі

Серіктес мектептерге тікелей трансляция жүргізіліп, Жаңаарқа білім бөлімінің әдіскері Ж.Н. Оңғарова, 135 НОМ, 140 НОМ, Ақтау ЖББМ желіде қатысты. Жұмыс барысында зерттеу сұрағын құрастырып, талдау жұмыстары орындалды. Кейс тапсырмаларын мұғалімдер топта зерделеп, ойларымен бөлісті. Кері байланыс жүргізіліп, алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар жасалынды. «Мұғалім бәрін өзгерте алады. Мұғалімде премьер министрдің қолындағыдай билік бар»,-деп У.Черчилль айтқандай workshop ойдағыдай өз мәресіне жетті.

Желілік қауымдастықта өткізілген біріккен жұмыстар ұстаз қауымын бір-біріне сенуге, проблемаларымен бөлісуге, басқалардың пікірімен келісуге, бірігіп зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ең өзекті ақпаратты, кәсіби кеңес пен көмек алуға, өзіне сенуге,

кәсіби өсуіне ықпал етті. Шынында да, мұғалімдерді оқыта отырып, өзіміз де үйренеміз, үнемі тәжірибе жинақтаймыз, өзімізге баға береміз. Тек мұғалімдердің бірлескен жұмысы, жаңа ойлармен алмасуы оқыту мен оқу тәсілдерінің ықпалын күшейтеді, мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіреді. Болашақта бұл жұмыс әлі де жалғасын табады, себебі, қауымдастық менің және менің әріптестерімнің педагогикалық тәжірибесіне үлкен қолдау мен күш беретіні сөзсіз.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес біліктілік арттыру курстарынан өтіп, әдіс-тәсілдерді игеруде. Бағалау түрлерін, критерийлер құру, топпен, жұппен жұмыс түрлерін, АКТ-ны пайдалануды, кері байланыс жүргізуді меңгерді. Оқыту мен оқу үдерісімен қатар тәрбие жұмыстарын да талапқа сай ұйымдастыру мақсат етілді.

Жалпы алғанда, білім саласындағы бұл жаңашылдық – әлем дамуының бірден-бір сатысы деп білемін. Осы тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Жаңартылған білім беру бағдарламасының нәтижесінде- тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен тіл табыса алатын оқушылар болады деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған. Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдан анық. Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. - Астана: Елорда, 2007.
2. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы.
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспасы», 2010 ж.

БІЛІМ САПАСЫ: ТАБЫСТЫ МЕНЕДЖМЕНТ (БАСҚАРУ) ҚҰРАЛЫ

Абугалиева Асемгуль Камеловна
«Бүркітті ауылының №20 ЖББМ» КММ-сі, Қарқаралы ауданы ,
Қарағанды облысы, Қазақстан .
aska71ak_71@mail.ru

Аннотация
Бұл мақалада автор білім ұйымындағы жаңа басқарудың менеджмент ретіндегі өзінің жинақталған іс- тәжірибесімен бөліседі.
В данной статье автор делится своей накопленной практикой нового управления в виде менеджмента в образовательной организации.
In this article, the author gives her accumulated experience of new administration in frm jf management in an educational jrganization.

Білім беру жүйесі - әр елдің даму болашағын айқындайтын әлемдік өркен ниетке жетудің негізгі бағыттарын көрсететін құрылым. Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыс қазіргі таңда жастармыздың саналы да, сапалы, табысты білім алуына назар аударуда. Білім беру жүйесінің алдында бәсекеге қабілетті, жағдайаттарды өз бетінше шешім қабылдай алатын

тұлғаны қалыптастыруда білім саласын дамыту жолдарын қарастыруда. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру мәселесінің маңызды тетіктеріне тоқталып, бұл саланың ұлт сапасын жақсарту ісі екенін айтты. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген нақыл сөзін келтіре келе, мектепке дейінгі тәрбие жұмысына басты назар аударып, тәрбиешілер мен ұстаздардың өз дәрежесіне сай бағалануын қадағалау тапсырылды.

Білім беру жүйесінде еліміздің қалалық және ауылдық мектептерінің арасындағы білім сапасын арттыруда білім ұйымының ішкі құрылымын түбегейлі өзгерту қолға алынды. Білім беру жүйесінде жүріп жатқан трансформациялық өзгерістер мұғалімнің ғана емес , білім беру ұйымдарының басшаларының да кәсіби дамуы да назарда. Әлемдік озық педагогикалық тәсілдер мен білім беру тәжірибесі негізінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шебер орталығы» жекеменшік мекемесі Қазақстан Республикасының жалпы білім беру ұйымдарның басшыларының біліктілігін арттыру бағдарламасын әзірледі. 2013 жылдан бастап бағдарлама аясында еліміздің қала, ауыл мектеп директорлары өзінің кәсіби білім біліктіліктерін 9 ай бойы арттырды.

Осы курста білім алып, мен өзімінің басшылықта сапалы білімге, сапалық қызметке қол жеткізуде ең бірінші, кезекте мектеп өмірінде нені өзгерткім келетінін, ол өзгерістің не үшін қажет екенін түсіне отырып, білім ұйымының дамуы мен үдерісті басқару, бақылау, тәрбиеленушілер мен білім алушылардың оқуы мен үйренуіне қолайлы орта құра білуде басқарудың жаңа формасына көшу керектігін айқындадым.Бұл үрдісте білім беру жүйесін басқару, мектеп менеджментінің атқаратын рөлінің зор екенін түсіндім.

Менеджмент – бұл басқарудың жаңа формасы.Ол өзінің ролін қоғам өміріндегі басқарумен әлеуметтік мәнін көрсетеді. Нәтижеге бағытталған жұмыстарды шебер жоспарлап, адами қарым - қатынастарды дамытады. [1]

Ағылшын тіліндегі Оксфорд сөздігінде «Менеджмент- тәсіл, адамдармен қарым-қатынас жасау, басқару құралы , өнері » - деп көрсетілген. Неміс авторлары Вернер Зигерт және Лючья Ланг:«Менеджмент – қойылған мақсатқа адамгершілік негізінде, тиімді жетуге мүмкіндік беретін адамдарға басшылық жасау» деп анықтама береді. [1]

Әрине еліміздің білім жүйесін дамытуда, болашақ қамын ойлаған ірі тұлғаларымыздың бірі - Ахмет Байтұрсынұлының : «Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не істесе де келістіріп істейді» демекші, құрал шебері ұста ретінде, ісін келістіріп істейтін білім саласының бас тұлғасы - мектеп басшысы. Қазіргі таңда қоғамда болып жатқан саяси және экономикалық өзгерістердің қарқынды дамуында білім саласының мазмұны жаңартылды. Қала мен ауылдың мектептерінің алшақтығын анықтау, білім алушыларымыздың халықаралық білім деңгейінің динамикасын көру мақсатында PISA, TALIS, ICILS халықаралық зерттеулер ауыл мектептерінің де білім сапасын зерттеулеріне қатысып, білім сапасының стандарт деңгейіне сәйкестігін анықтауда.Халықаралық зерттеулер нәтижесінде алғашқы кездерде қазақстандық мектеп жасына дейінгі балалар білімінің жаттанды екені, олардың өз бетімен сыни ойлауларының ақсағаны анықталды. Соның нәтижесінде жаңартылған білім мазмұны осы олқылықтарды түзетуге кірісті. Нәтижесінде бүгінгі балалар өз ойын жеткізуде біршама жетістіктерге жетті. [3]

Алайда қазіргі таңда ауылдық елді мекендерде мектеп жасына дейінгі оқыту мен тәрбиелеуде жалпы орта білім ұйымдарының жанына шағын орталықтарды ашып, білім ұйымының мектеп басшылары бұрын мектеп оқушылармен ұстаздармен, білім ұйымының материалдық - базасын арттырумен айналысса, қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі тәрбиемен жұмыс барысын қоса атқару міндеттелді. Бұл екі еселенген жұмыс мектеп жасына дейінгі тәрбие мен жалпы орта білім берудегі оқыту мәселесінің жауаптылығын талап етеді.

Бір қызығы, осы Блум таксономиясындағы танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысы жайында өз заманында сан жылдар бұрын айтылып кеткен А.Байтұрсынұлының еңбектерінен бастау алады. Ағартушы әдіскер «Ана тілінің әдісі» атты мақаласында ана тілін үйрету әдістерін былайша бөледі:

1) Кей әдістердің негізі қосу, жинау болады, барша ол негізді әдістер жалпылау (синтез) немесе жиылыңқы әдіс теп аталады.

2) Кей әдістердің негізі талдау, айыру болады. Ол негізді әдістердің бірі жалқылау (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады.

3) Кей әдістің негізінде қосу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылаулы немесе айырыңқы-жиылыңқы деп аталады. Яғни, ғалым үйренушіге дайын ақпаратты бергеннен гөрі, алдына қойылған мәселені зерттеуіне, талдауына және салыстыруына, ой толғауына және бағалауына мүмкіндік беру аса маңызды деп көрсетеді.

Бұл категориялар қазақ тілін оқулықтарын құрастыруда да, сабақ әзірлемелерін жасауда да басшылыққа алған жөн. Мысалы, мен 1-сыныпта осы жеңілден күрделіге әдісін қолданып жүрмінСондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлының бұл еңбегінде қазіргі әдістемеде білім алушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, дамыту мақсатында сөйлеу әрекеттерінің 4 түрі (жазылым, оқылым, айтылым, тыңдалым) арқылы тілді меңгертудің әдістері жайында ой-пікірлерін де табуға болады. Ғалым «үйретуді» өнер деп бағалайды. «Үйрету өнер болған соң, ана тілін үйрету – бұл да өнер. Олай болса өнерлерде болған сындар мұнда болмақ» – дегені сөзсіз ақиқат. Әдіскер тіл үйретуге мыналарды жатқызады:

1) оқылым – оқу үйрету;
2) жазылым – жазу үйрету;
3) айтылым – сөйлеу үйрету.

Сөйлеу әрекетінің төрт түрі Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралының» өн бойында кездеседі. Мәселен, оқылым әрекеті буындап оқу, тұтас оқу арқылы; жазылым әрекеті сөздерді буындау, тасымалдау, көшіру, құрастыру, сөзден сөз тудыру арқылы; айтылым әрекеті сұрақтарға жауап беру арқылы; тыңдалым әрекеті жаңылтпаштарды есте сақтап, жатқа жазу арқылы жүзеге асырылады.

Бүгінгі таңда қазақ тілін оқытуда жазбаша тілдегі сөздердің ауызша тілдегі қатынасы ескерілмей жатады. Білім алушылар әріп пен дыбысты ажырата алмай, бір үйлесіммен, бір ырғақпен айтылатын сөз тіркестерін жазба тілдегі нұсқамен айтатын дәрежеге жеткен. Ауызша тіл мен жазба тілдегі норманың арақатынасы жайында Ахмет Байтұрсынұлының екі бөлімнен тұратын «Тіл жұмсары» мен «Оқу құралында» баяндалған. Әдіскер-ғалым өтілген мағлұматтарды ауызекі тіліне жеңіл де қысқа ауызша сауалдармен бекітуді де естен шығармаған. Мысалы, 1) әріп пен дыбыс бір ме? 2) қайсысы көрінеді, қайсысы естіледі ? 3) ұқсас дыбыстардың әріптері ұқсас бола ма?

Ғалым «Жаза білу үшін тілдегі дыбыстарды тани білу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін тани білу керек. Таныған әріптерін жаза білу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай білу керек» деп әріп пен дыбысты айырудың әдіс-тәсілдерін нақты мысалдармен көрсетеді.

Сонымен қатар қазіргі таңда дәстүрлі оқытудан жаңартылған білім мазмұнына ауысқан білім беру жүйесінде «білім алушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану» қағидасы басшылыққа алынып жүр. Оқытудың бұл жүйесі де Ахмет Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» атты мақаласында» баяндалады: «Өлі оқудан» көрі «төте оқу» беретін білім жандырақ. «төте оқудан» гөрі «көрнекі оқу» беретін білім жандырақ, «баулу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулу» асылында дағдылышағындағы тіпті «бала оқыту» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіру».

Осылайша қазіргі жаңашыл деп танылып жүрген технологиялардың түр түрін ғұлама ағартушының еңбектерінде көрініс табады. Бұдан біз сан жылдар бойы жұртшылыққа ұсынылмай, әділ бағаланбай келген Ахмет Байтұрсынұлының оқу ағарту саласындағы әдістерінің өміршеңдігіне көз жеткізуімізге болады

Кемеңгер Ахмет Байтұрсынұлының өткен ғасыр басында – «Мектептің жаны мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы…әуелі біз елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастауымыз керек. Неге десек, болыстық та, билік те, халықтық та оқумен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде, оқумен түзеледі» – деген ұлағатты ескертпесі бүгінгі заманауи педагогиканың ұлттық білім стратегиясының тұғыры ретінде қабылдануда.

Қалай десек те, Ахмет Байтұрсынұлы – өте күрделі кемеңгер тұлға. Біреу білер, біреу білмес. Ахмет Байтұрсынұлы – алғашқы ғылым және білім министрі болған жан. 1920-1922 ж.ж. Өлкелік Халық Комиссариаты жанындағы Академиялық Орталықтың төрағасы қызметін атқарады. Бұл орталық қазіргі білім министрлігімен тең ұжым. Халық ағарту комиссиариаты жанынан құрылған Академиялық орталықтың (Академцентр)

тұңғыш төрағасы ретінде Қазақ елінің ғылымын академиялық жолмен басқаруды ұйымдастырудың негізін қалады. Ахмет Байтұрсынұлының бастауымен Алашорда қайраткерлері әр салада ғылыми зерттеу жасап, оқулық жазуға кіріседі. Мәселен, М.Жұмабаевқа педагогика, М.Дулатовқа есеп құралын, Х.Досмұхамедұлына сингармонизм жазуды тапсырады. Кейін Х.Досмұхамедұлы медицина, Ж.Аймауытов психология, Әлімхан Ермеков математика ғылымдары бойынша еңбек еткен. Қазақ ғылымында бұл дәуір тіпті "Байтұрсынұлы дәуірі" деп аталған. Осы ойдан қазақтың ғылымы мектеп оқулықтарынан басталады деп айтуға толық негіз бар.

Алаш арысы балаларға білім берудің алғашқы сатысы бастауыш мектеп екендігін айқындап, 1914 жылы «Бастауыш мектеп» атты көлемді мақаласын жариялады. Сауат аштыру әдістерінің жөн – жобсын Ахмет Байтұрсынов «Әліп би астары» атты еңбегінде де көрсетеді. Бастауыш мектеп балаларына арнап жаған оқулықтары «Әліппе», «Әліпбиде» әдіскер -ұстаз тәжірибелілік көрсетеді. Оқушыларға түсінікті болуын көздейді. Әліппені жинап, құрастырып қана қоймай, қалай оқыту жолдарына да талдау жасайды. Оқытқан уақытта сұрақтарды көшіру, жауап жазу, сөз туғызу, оқушы ойын дұрыс жеткізе білу секілді тапсырмаларды көрсеткен. «Оқу құралының» бетінде әріп таңбалары беріліп, төменде сілтеме арқылы хат таныту жолы, сабақ әдісі беріледі. Ахмет Байтұрсынұлы әліппелеріндегі жадығаттардың тілі, алынған мәтіндердің мазмұны, сөйлем құрылымы – бәрі де оқушысының ұғымына жеңіл, баланың жас ерекшеліктерін ескеріле жазылған. «Баяншы» атты әдістемелік нұсқауында балаларға дыбыстарды меңгертуде ауырлық, салмақ түсірмеу жағы баса айтылған. Жеңілден ауырға қарай жүру ұстанымын қатаң ұстауды ескерген. Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралында»: «Бұл үш харіфті балаларға үйрету үшін әуелі әрбірін бөлек – бөлек бір -бір жапырақ қағазға үлкен етіп жазу. Сонан соң А- дан бастап әрбірін балаларға бөлек – бөлек көрсету. Балалар әрбірін жаңылмайтын болып білген соң, алфбаға қаратып оқыту. Бормен жазатын үлкен тақтай болса, әрбірін бөлек – бөлек тақтайға жазып көрсетсе де болады, – деп жазылған. Сол сияқты 1- сыныпта әрбір әріпті оқушыларға таныстыған кезде біз осы әдісті қолданамыз.

Ермек – еңбек

Бұл тоғыз сөзден: сөйлемдер жасату; жаңытпаш жасату. Сөйлемдер, мәселен: Ор, Ораз! Ораз азар; Ораз,ор! Ораз орар; Оз, Ораз! Аз озар; Ораз, ора! Аз орар. Бұлар екі сөзден жасалғандығысы. Екі сөзден емес, үш сөзден қосып жасауға да болады. Зат суреттері тұтас тұрады, ат жазулары сызық бойымен бөлек – бөлек кесіледі. Олар қарташа үлестіріледі. Заттар аттарымен жабылады. Заты жоқ, тек атын ұстап қалған екеуі сөзді үлесіп алады, жазып шығады.

Сын атына зат аты.

Торы _____	Сары _____
Сынақ _____	Ыстық _____
Қысқа _____	Сатық _____
Қызық _____	Қатар _____

Зат есімді сын есімді оқытқан кезде. Жинақтай айтсақ, Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралында» туған – туысқан ілікдес, киімдер, ойын – ойыншықтар, тамақтар – сусындар, дене мүшелері, үй саймандары, ыдыс-аяқ, малдар, құстар, малдан басқа төрт аяқтылар, жер түгінің аттары топтап берілген. Оны да бастауыш сынып мұғалімдеріне пайдаланған дұрыс деп санаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Қыдыршаев «Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы»
2. Қазақ тілі мен әдебиет журналы «Қазіргі кездегі педагогиканың ерекшелігі»

ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТЕ БЕНЧМАРКИНГ ӘДІСІН ҚОЛДАНУ
ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА БЕНЧМАРКИНГА В МЕТОДИЧЕСКОЙ СЛУЖБЕ
USE OF THE BENCHMARKING METHOD IN THE METHODOLOGICAL SERVICE

Нурахметова Гульмира Джунисовна
«Бірлік орта мектебі МДШО» КММ Сарқан ауданы,Жетісу облысы
nurakhmetova-77@mail.ru

Мектепте маркетингтік қызметті ұйымдастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.Маркетингтік іс әрекеттің негізі мектептің бәсекелестік қабілетін дамыту.Баяндамада әдістемелік қызметті ұйымдастыруда «Бенчмаркинг» әдісін тиімді қолдану жолы ұсынылады.

Организация маркетинговых услуг в школе является одной из приоритетных задач. Основа маркетинговой деятельности заключается в развитии сотрудничества школ.В докладе показана эффективность приема «Бенчмаркинг» в организации методической работы в школе для более успешного и продуктивного соперничества.

The organization of marketing services in schools is one of the priorities today.

The report highlights the methodological aspects of the effective use of the “Bengmarketing” technique in organizing marketing.

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді. Сапалы оқыту және өздігінен оқып білім алуға баулу негізінде ғана оқушылардан парасатты азамат тәрбиелеп шығаруға болады. Сапаны көтерудегі ең өзекті мәселелердің бірі – мұғалімдерді даярлау және кәсіби шыңдау мәселесі болып отыр. Білімнің сапалы болуы тікелей мұғалімге, оның білім дәрежесі мен іздену шеберлігіне байланысты. Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдер қажет. Ал мектеп жұмысының тұтас жүйесін қалыптастыру үшін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттырудың негізгі құралы әдістемелік жұмыс болып табылады. Ұстаздың педагогтық шеберлігі мен шығармашылық дамуы әдістемелік жұмыс арқылы жүзеге асырылады.Ауылдық мектеп жағдайында да жаңа әдістерді, оқыту мен тәрбиелеудің тәсілдері мен формаларын нәтижелі және тиімді қолдану арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған жұмыстарды ұйымдастырып келеміз.

Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті, білімді жастарды тәрбиелеуге ұмтылыс жасауда. Ұстаздың мәртебесі жылдан-жылға артып, оларға жағдай жасалуда.Ұстаздың әр тарапты ізденушілік қасиеті үнемі қозғалыста болуы керек екендігін білсек, инновациялық-технологиялық бағыттағы ізденушілігі де үнемі үрдісте болуы тиіс.Бәсекеге қабілеттілікті арттыратын әдістердің бірі -бенчмаркинг деп білемін.

Бенчмаркинг дегеніміз не? Бенчмаркинг термині тек бір ғана мағынаға ие емес.Ол ағылшынның «benchmark»деген сөзінен шыққан,нақты бір объектідегі белгі немесе көрсеткіш деген мағынаны білдіреді[1].

Бенчмаркинг — өз жұмысын жақсарту үшін бәсекелестердің тиімді жұмыс істеуін үлгіге алу процесі. Бенчмаркинг - қол жетімді көрсеткіштердің салыстырмалы талдауы, тәжірибедегі тиімді жұмысының ең жақсы мысалдарын анықтау және қолдану.

Қазіргі таңда бенчмаркингтің он екі түрі белгілі. Олар:

1. Ішкі бенчмаркинг;
2. Бәсекеге қабілеттілік бенчмаркингі;
3. Қызметтік немесе фукционалдық бенчмаркинг;
4. Процестік бенчмаркинг;
5. Жаһандық бенчмаркинг;

6. Жалпы бенчмаркинг;
7. Шығын бенчмаркингі;
8. Мінездемелік бенчмаркинг;
9. Тұтынушы бенчмаркингі;

Айта кететіні, теория жүзінде бенчмаркингтің сала ерекшелігіне қарай он екі түрі бар болғанымен, тәжірибе жүзінде «ішкі бенчмаркинг», «бәсекеге қабілеттілік бенчмаркингі», «қызметтік бенчмаркинг» және «процестік бенчмаркинг» түрлері басым қолданылады [2].Осылардың ішінен мектептегі жұмысқа мына түрлерін алуға болады:

Ішкі бенчмаркинг . Кәсіпорындағы ұқсас бірліктермен өндірістік бірліктерді салыстыру,яғни мектепішілік тәжірибені өзара салыстыру.

Функционалдық бенчмаркинг . Бір салада жұмыс істейтін әр түрлі ұйымдардың функциялары салыстырылады.Бұл түрінде біздің жағдайда шағын жинақталған мектептер арасынан серіктесті алуға болады.

Бәсекеге қабілеттілікті салыстыру . Бұл өз кәсіпорындарын басқарудың өнімдері мен әдістерін неғұрлым табысты болып табылатындармен салыстыру,яғни аудан көлемінде деп алуға болады.

Бенчмаркинг қандай әдіс?

Әдістің мақсаты:

- Бәсекелес ұйымдардың параметрлерімен өз ұйымының параметрлерін салыстырмалы түрде талдау;
- Өз ұйымының жұмысына басқа ұйымның (оны зерттеген соң) тиімді тәжірибесін енгізу.

Міндеті:

- артықшылықты талдау нысанын анықтау;
- артықшылықты талдау бойынша серіктестіктерді анықтау;
- ақпарат жинау;
- ақпаратты талдау;
- алынған ақпаратты мақсатты қолдану;
- үдеріске бақылау жасау және талдауды жалғастыру.

Мектепте маркетингтік қызметті ұйымдастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.Ендеше ұсынылып отырған педагогикалық идеяның өзектілігі де осында.

Күтілетін нәтиже:

- Бәсекелестер туралы ақпаратты үнемі жинау және талдау негізінде өзін- өзі үздіксіз жетілдіреді;
- Ынтымақтастық үшін қолайлы климат орнайды;
- Нәтижеге қол жеткізудегі белсенділік;
- Сапаның маңыздылығын түсіну;
- Мектептің бәсекелестік қабілетін дамыту.

Бұл әдіс әр қадамы белгілеген «Бенчмаркинг дөңгелегінен» тұрады(1-сурет).

1-сурет

Жобаның жетістігі іске асырудың әр кезеңінде функциялардың нақты орындалуына байланысты. Мектепте ішкі бенчмаркинг түрін қолданып жатырмын,яғни өз мектебіміздегі тәжірибені талдап,қолдану.

1-қадам – Салыстыру үшін тақырыпты анықтау.

Дөңгелектің бірінші қадамы бойынша мектепте жақсартуға қажетті мәселені анықтау керек.Мен мұғалімдерден сауалнама алдым.Нәтижесінде мектепте жақсартуды қажет ететін мәселені анықтап алдық. Ол- сандық білім беру ресурстарын қолдану. Бүгінде технология дамыған заманда білім саласына өзгерістер енгізу қажеттігі туындап отыр. Оқыту әдістері мен тәсілдерін жаңартып қана қоймай, білімге деген қолжетімділікті арттыру қажет. Қазіргі уақытта ең өзекті мәселенің бірі –сандық білім ресурстарын қолдану. Сандық білім беру ресурстарын қолдану сабақты түрлендіруге, оны мазмұны жағынан қанықтыра түсуге, оқытудың көрнекілігін қамтамасыз етуге, сабақтың қарқынын арттыруға, оқуға деген уәждемені туындатуға, оқушылардың дербес жұмыстарын жаңа ұйымдастырушылық деңгейде басқаруға, оқытудың дараландырылуын арттыруға мүмкіндік береді.

Сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың жеке дербес қызметін жүзеге асыруы үшін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдайлар тудыра алады

Оқушылардың танымдық ой-қабілетінің артуына үлесін қосатын нақты дүние – цифрлық білім беру ресурстары. Цифрлық ақпарат көздеріне: цифрлық білім беру ресурстары, электронды оқулықтар, инновациялық оқу-әдістемелік кешендер, виртуалды зертхана, күрделі құрылымды ақпараттар көзін (цифрлық мұражай, кітапхана, энциклопедия т.б.)[3] жатқызуға болады.

Педагогтың электронды білім беруі бойынша құзырлылығының дамуын сатылы қадамдармен келесідей түрде айқындауға болады деген ойдамын: «компьютерлік минимумды» білік-дағдысы →АКТ құзырлығы →цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану→цифрлық білім беру контентін жасақтау→электронды білім беру жүйесі бойынша кеңес беру. Бұл үрдісті толықтай бір цикл десек, ол циклдің түйіні – педагог өзінің білік-дағдысын кеңес беру арқылы өзге мұғалімге үйретуі.

2-қадам – анықталған тақырып бойынша мектептегі тәжірибелі мұғалімді үлгі ретінде іріктеп алу.Салыстыруға соңғы нүкте ретінде осы тақырыпта мектеп бойынша ең тәжірибелі ұстаз деп география пәнінің мұғалімі А.Н.Матаеваны алдық.

Айгүл Нурсалимовнаның білім беру үдерісінде ЦБР-ды қолданудың негізгі әдістері:біріншіден, жаңа материалды түсіндіргенде немесе жаңа сабақты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ды пайдаланады.

Екіншіден, оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда. Бұл жағдайда оқу комплексінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін.

Үшіншіден, ЦБР-ды әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, кесінді, қорытынды) ұйымдастырады. Мұнда бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі.

Төртіншіден, ЦБР-ды практикалық жұмыстарды орындау кезінде қолданады.

3-қадам бойынша анықталған мәселе бойынша басқа мұғалімдердің дағдылары туралы материалдар жинадық.

4-қадамда мектеп мұғалімдері мен үлгі ретінде алынған мұғалім туралы ақпараттар салыстырылды,талданды және іске асыру үшін іс- шаралар ұйымдастырылды.Мақсаты қойылып,міндеті айқындалып,жоспар құрдық.Демек бұл кезеңде біз тәжірибе алмасу шеңберінде жұмыс істедік.

5-қадам –практикада тәжірибені пайдалану.

6-қадам –нәтижені зерттеу,бақылау.Бұнда шыққан нәтижеміз мақсатқа сай келді ме,міне осы мәселе бақыланады.Осы үдеріске қатысушылардың әрқайсысы өзін- өзі бақылап бағалайды,коррекция жасайды.

Міне,осылайша «Бенчмаркинг дөңгелегі» арқылы кез келген мәселені жүйелі де сапалы етіп жақсартуға болады.

Қорыта келгенде, осы қызметтің нәтижесі көптеген жаңа идеялар мен шешімдердің тууына әсер етеді. Бұл әдістің тиімділігі кез келген мәселені осы Бенчмаркинг дөңгелегі арқылы жүйелі жүргізсек,сапалы нәтижеге жетеміз.Маркетингтік іс -әрекеттің негізі - мектептің бәсекелестік қабілетін дамыту.Бәсекелестік қабілеті бар мектеп білімге,шығармашылыққа деген қызығушылықты төмендетпейді.

Осындай бағытта жұмыс жасағанда ғана білім беру сапасын арттыруға болады. Неге десеңіз, білім беру сапасының артуы - мұғалімнің және педагогикалық ұжымның идеяларының, оның жұмыс тәсілі мен әдісінің сапалы нәтиже беретін тиімді тәжірибе іспеттес оқу-тәрбие үрдісінде өтетін шығармашылық жұмысының жемісі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Интернет көзінен алынған дерек: «Бенчмаркинг әдісі – ең үздік бизнес тәжірибелерін қолдану»(https://allrefrs.ru/3-9199.html)

2. Жаксылыкова К.З Бенчмаркинг және көшбасшылық**.** Білім берудегі менеджмент № 2 2019 ж.

3. Абилхасимова, А. Е. Цифрлық білім беру ресурстарын білім беру үдерісінде қолдану Молодой ученый. — 2020. — № 14 (304). — С. 292-295. — URL: https://moluch.ru/archive/304/68503/

АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ МЕКТЕПТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ ПОТЕНЦИАЛА ШКОЛ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ
DEVELOPING THE POTENTIAL OF SCHOOLS IN RURAL AREAS

Тогасова Айгуль Есмуратовна
«Жетісу облыстық білім басқармасы» ММ
«Әдістемелік орталығы» КММ
togasova@mail.ru

Аннотация: Бүгінгі таңда Қазақстанның ауылдық және қалалық мектептері арасында айтарлықтай алшақтық байқалады, ол материалдық-техникалық қамтамасыз етуде, педагогикалық ұжымның сапалы құрамында және білім алушылардың жетістіктерінде көрінеді. Жетісу облысында білім сапасы төмен мектептерді оқытуға көмек көрсетуге бағытталған "Тиімді мектеп" жобасы іске асырылуда.

Аннотация: Сегодня наблюдается значительный разрыв между сельскими и городскими школами Казахстана, который проявляется в материально-техническом обеспечении, качественном составе педагогического коллектива и достижениях обучающихся. В Жетысуской области реализуется проект "Эффективная школа", направленный на оказание помощи в обучении школ с низким качеством образования.
Annotation: Today, there is a significant gap between rural and urban schools in Kazakhstan, which is manifested in material and technical support, the qualitative composition of the teaching staff and the achievements of students. The Effective School project is being implemented in Zhetysu region, aimed at providing assistance in teaching schools with low quality of education.
Түйін сөздер: жоба, «Lesson Study», магниттік мектеп, әдістемелік көмек, жоба

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасының екінші міндеті - орта білім беру сапасын арттыру. Атап айтканда, өнірлер, қалалық және ауылдық мектептер арасындағы оқыту сапасындағы алшақтықты азайту.

Қазіргі ауыл мектебінің білім беру процесі білім алушылары қоғамның жаңа жағдайларына тез бейімделу, туындайтын күрделі жағдайлардың оңтайлы және тиімді шешімдерін табу, шығармашылық икемділік көрсету қабілеттерін тәрбиелеу мен дамытуды көздейді. Сондай-ақ, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынас орната білу және моральдық адам болып қала білу өте маңызды. Ауыл мектебінің оқушылары қалалық мектептерде оқитын құрдастарынан өте ерекшеленеді. Ауыл мұғалімінің басты міндеттерінің бірі- білім алушылардың тез әрекет етуін және өзгермелі өмірлік жағдайларға бағдарлануын дамыту.

Ауылдық және қалалық мектептер арасындағы білім сапасы, жағдайлардың қолайлылығы, қоғамдық және сараптамалық ортадағы басқа да маңызды критерийлер бойынша алшақтықтың себептері туралы бірнеше рет айтылды, бірақ бұл мәселеде жаңа кіріспе және аспектілер бар ма?

Ауыл мектептерінде білім сапасын арттыруда көптеген проблемалар мен мәселелер кездеседі: ұйымдастыру жұмыстарының жеткіліксіз деңгейде болуы, білім беру ұйымдарында мектепішілік бақылаудың әлсіздігі, инновациялық жобалардың болмауы, педагогтердің сабақты ұйымдастырудағы ынтасының төмен болуы. Осы кедергілерді жеңу мақсатында Жетісу облысында «Тиімді мектеп» жобасы іске асырылуда.

Аталған жобаның мақсаты:

«Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын жүзеге асыруда табысты білім беру ұйымдарының тәжірибесін ұсыну. Ауыл мектептерінің проблемасын шешуде оқыту сапасын тиімді жұмыс істеу режиміне көшіру, мамандырылған білім беру ұйымдарының тәжірибесін тарату болып табылады.

Кедергілерді шешуде мектеп әкімшілігіне мектепішілік бақылауды жоспарлау мен ұйымдастыруда тәжірбиені ұсыну, практикаға еңгізуде қолдау көрсету, ауыл мектептерінде инновациялық жобаларды еңгізуде әдістемелік қолдау көрсету, педагогтерге сабақты ұйымдастыруда тиімді тәжірибелер ұсыну арқылы ынталандыруды қамтамасыз ету, табысты мектептердің озық тәжірибелерін жинақтау, тарату іс-шаралары жоспарланған.

Қазіргі заман талабына сай білім берудің интеграциялық үдерісін дамыту мақсатында шағын жинақты мектептеріне табысты мектептердің қамқорлығымен білім алушылардың білім жетістіктерін көтеруде тәжірибе алмасып, қалалық және ауылдық педагогтердің кәсіби құзыреттілігін, білім алушылардың оқу мотивацияларын арттыруда пікір алмасуда.

Жоба 2019-2020 оқу жылынан бастап жұмыс жүргізуде. Ол облыстың ең табысты және табыстылығы төмен мектептер арасындағы айырмашылықты азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні бағдарламаның бірлескен іс-шаралар жоспары негізінде магниттік мектептердің шығармашылық топтарының арасында ынтымақтастық орта қалыптастырудың 4-кезеңі іске асырылуда.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

ауыл мектептеріне ақпараттық-әдістемелік көмек көрсету, кеңес беру және тьюторлық сүйемелдеу үшін әдістемелік инфрақұрылым құру;

мектептердің тиімді жұмыс істеудің режиміне көшуін іске асыру және білім беру сапасын арттыру үшін әдістемелік қамтамасыз ету;

ауыл мектептерінде тиімді жұмыс істеу режиміне көшу бағдарламасын іске асыруда мектеп басшыларының дайындығын қамтамасыз ету;

білім беру ұйымдары басшыларының, педагогтардың, желілік қоғамдастықтардың, пәндік (пәнаралық) бірлестіктердің кәсіби қауымдастықтарының кәсіби өзара желісін дамыту;

Осы орайда, шалғай жатқан ауылдарда орналасқан Ескелді, Көксу, Қаратал, Алакөл, Ақсу, Сарқан, Кербұлақ, Панфилов, аудандарындағы жалпы орта білім беру ұйымдарынан 25 магниттік мектептер аймақтарға бөлініп, облыстағы 3 мамандырылған лицейлерге тіркелген. Олар: №20 МЛ, М.Арын ат. №24 МЛ, Талдықорған қаласындағы БИЛ лицейлеріне бекітілді.

Бүгінгі күні лицей педагогтары бекітілген ауыл мектептері педагогтарына онлайн, оффлайн вебинарлар мен семинарлар тізбегін ұсынды. Биылғы оқу жылында жоба аясында тірек мектептер өз тәжірибелері негізінде нақты тақырыптар аясында жұмыстар жүргізді.

Атап айтсақ Талдықорған қаласы Білім –инновация лицейлері құндылыққа негізделген білім беру жұмыстары тәжірибелерін, М.Арын атындағы № 24 МЛ Lesson Study сабақты зерттеу сабақтар тізбегін, семинарлар мен вебинар жұмыстарында тәжірибелерімен бөлісті.

Биылғы оқу жылында М.Арын атындағы №24 МЛ Сабақты зерттеудің қорытынды кезеңін ұсынып Талдықорған қаласындағы ПШО тренерлерімен бірлескен сабақтар тізбегін ұсынды. Талдықорған қаласындағы «Білім-инновация» мамандандырылған лицей-интернаты «Білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру: сапалы білім мен саналы тәрбие беруде инновациялық тәжірибе» тақырыбында семинар өткізіп тіркелген магниттік мектептердің білім алушыларына аталған тірек мектептің оқушылары тарапынан “Bil.talimger” жобасын жүзеге асырудағы жұмыстарын ұсынды. Аталған жобаға магниттік мектептерден 50 ге жуық оқушылар тіркелген.

Бір оқу жылындағы жұмыстың сараптамасының нәтижесінде тірек мектептер түрлі шаралар өткізіп, пән мұғалімдері әдістемелік көмек көрсетіп, педагогтер мен білім алушылармен жүйелі жұмыс жүргізді.

Қазіргі кезде білім беру мақсаттары күрделеніп, оқу ақпаратының мазмұны жаңартуда, педагогикалық коммуникация құралдары және педагогикалық әсер етудің объектісі- оқушылар да айтарлықтай өзгеруде. Осы факторлардың барлығы мұғалімнің педагогикалық кәсіби шеберлігінің деңгейін жоғарлатуды көздейді. Оқу үрдісі жаңартудың басты шарты- кез келген педагогикалық жүйенің тұлғасы болып табылатын мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыру.

Мұғалімдердің қиындық көретін мәселелерін зерттеу мен талдау барысында, оның басты себебі оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқу үрдісінің ырғағын айқындау мен есепке алуға байланысты болды. Бұл қиындықтар кәсіби педагогикалық даярлықтарының жетіспеуінде жатыр.

Осыған байланысты магниттік мектептер жоба аясында жұмыс бағытын таңдап, жүргізуде. Ауылдық мектептер ауданда жұмыс тәжірибесімен бөлісуге және облыстық деңгейде тәжірибе алмасуға мүмкіндік алады.

Алайда, өткізілген іс-шаралар арасында білім беру сапасын жақсарту, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін ынталандыру үшін «Lesson Study» сабағын зерделеу әдісі ең тиімді болып табылатыны байқалды.

Осындай бағытты № 24 мамандандырылған лицей алды. Магниттік мектептер үшін жұмыстың бірінші кезеңінде «Lesson Study» әдістемесі бойынша семинарлар, вебинарлар және оқыту шеберханалары өткізілді. Зерттеу сұрақтарын құрастырудың бағыттары мен критерийлері берілді. Зерттеу жүргізу кезінде толтырылатын құжаттама, сабақта бақылау түрлері көрсетілді.

Жобаның екінші кезеңінде бірлескен сабақтар өткізілді, міндетті сабақтың талқылауы жүргізілді. Мамандандырылған лицей педагогтері аудандарға барып, ауыл мектептерінің оқушыларымен сабақ өткізді.

Үшінші кезең магниттік мектептерден кері байланыс алуға бағытталған. Яғни, магниттік мектептер өз сабақтары мен тәжірибелерімен бөлісті. Мамандырылған лицей оқушыларына да сабақ жүргізді.

Келесі кезең- магниттік мектептердің оларға бекітілген мектептер үшін барлық іс-шараларды өткізуі.

Жоба аясындағы жоспарланған жұмыстар өз нәтижесін беруде. Алайда өткізілген іс-шаралардың ішіндегі білім сапасын жақсартуға, педагогтердің кәсіби құзіреттілігін ынталандыра отырып жетілдіру үшін ең тиімдісі «Lesson Study» сабақты зерттеу әдісі екені байқалды. Келесы жылға жобаны іске асыруда тірек мектептердің жұмысын зерттеуге бағыттап «Lesson Study» сабақты зерттеу әдісі арқылы ауыл мектептерінің оқушыларының білім сапсын арттыруды іске асыру, педагогтердің кәсіби құзіреттілігін ынталандыруды жетілдіру болып табылады.

Ауыл мектебінде республиканың жергілікті тұрғындары - қазақ ұлтының болашағы, ата-аналары, халықтың арманын жүзеге асыратын жас ұрпақ тәрбиеленіп, өсуде.

Болашақта шағын жинақты мектептердің қабырғалары қаншалықты берік болатыны да біздің еңбегімізге байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Справочник руководителя образовательного учреждения. № 10 (166) 2020
2. Білім беру ұйымының әдіскері. № 2 (26)- 2017
3.https://www.caravan.kz/articles/razryv-mezhdu-gorodskimi-i-selskimishkolami-v-kazakhstane-pochemu-problema-do-sikh-por-ne-reshena-891101.
4.https://cabar.asia/ru/kazahstan-neravnaya-borba-za-ravenstvo-v-shkole.
5. https://www.dkews.kz/ru/v-strane/306706-kak-v-oblasti-zhetysu-razvivayut-opornye-shkoly.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ҮЙРЕНУДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ

Искакова Динара Сериковна
Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия - интернаты
iskakovadsds@gmail.com

Annotation: In this article, the author explores the ways in which artificial intelligence (AI) and English language learners interact, as well as its importance in our technological age. Artificial intelligence can be used not only for those who continue to learn English, but also for very beginners using the example of applications such as Twee, Chat GPT, Grammarly. This work in the field of learning foreign languages and computer technologies contributes to the development of the introduction of artificial intelligence in education. Research in the field of AI is conducted

by studying human mental abilities, and then the results of these studies are used as the basis for the development of intelligent programs and systems. One of the main directions of artificial intelligence is the development of computer functions related to human intelligence, such as reasoning, learning and problem solving.
Keywords: Language learning, using artificial intelligence, language acquisition, educational technologies, adaptive language learning, gamified language learning, language learning applications, computer functions.
Аннотация: В этой статье автор исследует способы взаимодействия искусственного интеллекта (ИИ) и изучающих английский язык, а также его важность в наш технологический век. Искусственный интеллект можно использовать не только для тех, кто продолжает изучать английский язык, но и для совсем новичков на примере таких приложений, как Twee, Chat GPT, Grammarly. Данная работа в области изучения иностранных языков и компьютерных технологий способствует развитию внедрения искусственного интеллекта в образовании. Исследования в области ИИ проводятся путем изучения умственных способностей человека, а затем результаты этих исследований используются в качестве основы для разработки интеллектуальных программ и систем. Одним из основных направлений искусственного интеллекта является развитие компьютерных функций, связанных с человеческим интеллектом, таких как рассуждение, обучение и решение проблем.
Ключевые слова: Изучение языка с использованием искусственного интеллекта, овладение языком, образовательные технологии, адаптивное обучение языку, геймифицированное изучение языка, приложения для изучения языка, компьютерные функций
Аннотация: Бұл мақалада автор жасанды интеллект (AI) пен ағылшын тілін үйренушілердің өзара әрекеттесу жолдарын, сондай-ақ оның технологиялық ғасырдағы маңыздылығын зерттейді. Жасанды интеллект тек ағылшын тілін үйренуді жалғастыратындар үшін ғана емес, сонымен қатар Twee, Chat GPT, Grammarly сияқты қосымшалардың мысалында ағылшын тілін үйретуде қызықты тапсырмаларды жасауға үйретеді. Шет тілдері мен компьютерлік технологияларды оқыту саласындағы бұл жұмыс Білім беруде жасанды интеллектті енгізуді дамытуға ықпал етеді. Жасанды интеллект саласындағы зерттеулер адамның ақыл-ой қабілеттерін зерттеу арқылы жүзеге асырылады, содан кейін осы зерттеулердің нәтижелері интеллектуалды бағдарламалар мен жүйелерді дамытудың негізі ретінде қолданылады. Жасанды интеллекттің негізгі бағыттарының бірі-ойлау, оқыту және мәселелерді шешу сияқты адам интеллектімен байланысты компьютерлік функцияларды дамыту.
Түйін сөздер: жасанды интеллектті қолдана отырып тіл үйрену, тілді меңгеру, білім беру технологиялары, тілді бейімдеу, тілді геймификациялау, тілді үйренуге арналған қосымшалар, компьютерлік функциялар.

Since the invention of computers, their ability to perform various tasks has continued to grow exponentially. People develop the power of computer systems by increasing the performance of tasks and reducing the size of computers. The main goal of researchers in the field of artificial intelligence is to create computers or machines as intelligent as humans`.

Artificial intelligence is a way to make a computer, a computer - controlled robot or a program capable of also thinking intelligently like a person. Research in the field of AI is carried out by studying human mental abilities, and then the results of this research are used as a basis for the development of intelligent programs and systems. The development of AI began with the intention to create an intelligence similar to human intelligence in machines

Artificial intelligence is a science and technology based on disciplines such as computer science, psychology, linguistics, mathematics, and mechanical engineering. One of the main directions of artificial intelligence is the development of computer functions related to human intelligence, such as reasoning, learning and problem solving.

Artificial intelligence is the processing of information using a personal computer and modern software. New computer technologies can be used in an ordinary classroom in urban and rural schools, in a comprehensive school, gymnasium, lyceum. They make it possible to implement modern trends in the educational systems of many countries of the world. These are global trends in education. At the same time, until now we have limited ourselves to technologies that are used in a particular lesson, in a particular school, i.e. in a full-time learning system. We have to say that the desire for integration in the field of education, as one of the most pronounced trends, dictates the need to enter a single global educational space. Hence the interest in all countries of the world in new information technologies and, in particular, in artificial intelligence, which opens a window into this global space.

The widespread use of artificial intelligence in various aspects of human activity has not spared the problem of studying. A large number of computer programs for teaching foreign languages have already been created. These problems are discussed in journals published around the world, for example Computer Assisted Language Learning, ReCALL. Every year, a large number of conferences are devoted to the problems of language teaching. The complexity of the task of teaching languages is explained by the fact that any training is a complex task that requires taking into account the data of psychology, pedagogy, methodology, and special properties of the subject being studied. In essence, each training program is a rather complex artificial intelligence system. In recent years, the principle of using computer programs in teaching a foreign language has changed significantly. If it was previously stated that they can be used most effectively within the framework of automated training systems, then with the advent of computers, such programs are increasingly used individually and are selected depending on the purpose of training. However, the principles of building such training programs have remained unchanged in general. They are implemented by performing the following main tasks: theoretical substantiation of the chosen teaching method; creation of a learning technology based on the chosen method; construction of a training program implementing the chosen learning technology. If we consider modern personal computers not just as a means of technical support of the educational process, but as a device capable of performing pedagogical functions that carry specific knowledge and transmit this knowledge in the process of dialogue with the learner, then we can distinguish three ways of generalized use of artificial intelligence in teaching: AI - teacher assistant. In this case, the learning process is built in accordance with the traditional content of education and methods of knowledge transfer from the teacher to the trainees. The training programs used in this case only simulate some tasks, topics, sections of the course being studied and communicate with the student according to a rather rigid scenario. AI is a teacher. With this method, the traditional teaching methodology is also modeled and a rigid learning scenario is built.

AI is a source of knowledge and an "evaluator" of the learner's knowledge. The so-called alternative pedagogy is used here, when the trainee, based on the learning goals and his capabilities, relying on his own experience and knowledge, turns to the computer as a carrier of the knowledge necessary for him or an "evaluator" of the knowledge received by the trainee. This approach is possible both in group and individualized learning within the framework of distance learning. The computer also provides comprehensive (current, milestone, final) control of the educational process. Control, as it is known, is an integral part of the educational process and performs the function of feedback between the student and the teacher. When using a computer to control the quality of students' knowledge, greater objectivity of assessment is also achieved. In addition, computer control can significantly save educational time, since all students' knowledge is checked simultaneously. This allows the teacher to pay more attention to the creative aspects of working with students. Another advantage of AI is the ability to accumulate statistical information during the educational process. Analyzing statistical data (the number of errors, correct /incorrect answers, requests for help, time spent on individual tasks, etc.), the teacher judges the degree and quality of knowledge formation among students. However, along with the advantages of computers, there are also some disadvantages of their use in the educational process. The dialectical nature of pedagogical phenomena consists in the fact that any positive property or quality of an integral

educational process turns into its opposite and becomes extremely undesirable with an immoderate, hypertrophied manifestation that suppresses other, equally important properties. This remark is directly related to the individualization of learning, especially since in the conditions of computerization, the conditions of interaction between the teacher and students, as well as students with each other, change significantly. Already at the first stage of teaching English, in the process of setting goals and objectives of the upcoming cognitive activity of students, the teacher participates indirectly. The direct presentation of tasks to the student is carried out by a computer. Of course, the teacher should take an active part in the preparation of training programs that determine the sequence of actions of the student in solving a particular task. As the analysis of psychological, pedagogical and didactic research shows information and communication technologies of education have the necessary potential for the development of independence and creativity of schoolchildren, access to new sources of educational information, the possibility of using computer modeling. On their basis, it is possible to form a largely new learning environment. Modern educational processes cannot take place without the involvement of a wide range of information resources, without the development of information processing and presentation skills. The use of modern information technologies significantly increases the effectiveness of self-education. This is primarily due to the fact that when working with information recorded in digital (electronic) form, it is easy to organize an automatic search for the necessary data. For example many world-famous encyclopedias and dictionaries have been translated into electronic form, there are a large number of electronic books and textbooks. It shows that the development of AI entails the formation of a fundamentally new educational system that can provide millions of people with high-quality educational services while reducing the unit costs of education. According to the researchers' estimates of the current situation of the use of computers in the educational process, the spontaneous stage of computerization of the education system is coming to an end, AI is becoming the daily routine of pedagogical practice.

A.I. Powered Tools - TWEE

For English Teachers create questions for any YouTube video in just a few seconds. Generate dialogues, stories, letters or articles on any topic and for any level Quickly create multiple choice questions, open questions, and True/False statement. Find interesting discussion questions, facts, and quotes by famous people related to the topic. Brainstorm vocabulary related to the topic and create fill-in-the-gap and open-the-brackets exercises.

Twee is an AI-powered online platform designed to help English teachers quickly and easily create lessons, worksheets, activities and more. It utilizes advanced natural language processing to generate content tailored to your needs.

Twee aims to save teachers time and energy by automating repetitive and time-consuming tasks like creating questions, texts, dialogues, and more for any topic or level.

How Does Twee Work?

Twee leverages state-of-the-art AI algorithms to understand your prompts and generate high-quality educational content.

To use Twee, teachers simply enter a topic, level, and activity type. Twee's AI then instantly creates relevant content that is customized for your needs.

Some examples of what you can generate with Twee:

Reading comprehension texts and questions

Dialogues and role plays

Target vocabulary lists and exercises

Essay and creative writing prompts

Discussion questions

Grammar fill-in-the-blanks

YouTube video questions

And much more!

Key Features and Benefits

Saves Time

Twee reduces lesson planning time from hours to minutes. The AI does the heavy lifting, allowing you to focus on teaching.

Engaging Content

Twee creates interesting and level-appropriate content to motivate students.

Customized Content

The AI generates content tailored to your exact topic, level, and needs.

Variety of Exercises

Twee offers a wide range of activity types to target every skill - reading, writing, listening, speaking, vocab, grammar.

Works for Any Topic

Twee isn't limited by pre-set content. It works for unlimited topics and levels.

Use Cases and Applications

Twee is useful for many different teaching scenarios:

Lesson Planning

Quickly generate entire lessons on any topic you're teaching.

Worksheets

Create customized worksheets for vocabulary, grammar, reading, and more.

Homework

Assign AI-generated homework exercises for extra practice.

Sub Plans

Generate sub plans so your class stays on track when you're absent.

Differentiation

Create activities tailored to students' individual levels and needs.

Assessments

Generate quizzes, tests, and prompts for formative and summative assessments.

Review

Reinforce previously learned material with targeted review activities.

Who is Twee For?

Twee is designed for:

English teachers of all levels - elementary, secondary, university, adult education

ESL, EFL, TEFL teachers

Homeschool parents

Tutors

English teacher trainers and mentors

It saves time for any busy teacher who needs to create customized lessons and activities.

Chat GPT is able to answer questions and generate texts in different languages, including Russian, related to various subject areas. An important feature is the ability to generate on-demand programs in various programming languages.

ChatGPT is a large language model, which was trained using the methods of teaching with a teacher and reinforcement learning.

Grammarly is an online platform based on artificial intelligence to help you communicate in English. Grammarly helps you write in English more effectively and provides recommendations regarding the correctness, clarity, fascination and tone of the message.

This work explores efficacy of apps for learning languages that support AI. We noted that today the theory and practice of learning foreign languages actively uses artificial intelligence (AI) technologies. They quickly provide interactivity, adaptability and personalization of the process of learning foreign languages, capable of incorporating a flipped approach to teaching and learning language, increasing the productivity of students, and are able to evaluate human speech. Nowadays, artificial intelligence can be used to achieve many successes in English classes. They quickly provide interactivity that can include a flipped approach to language teaching and learning, and are able to evaluate human speech. That is why they considered AI as an effective teaching assistant.

REFERENCES

1. Al Fadda, H. (2020). Determining how social media affects learning English: An investigation of mobile applications, Instagram, and snap chat in TESOL classroom. Arab World English Journal, 11(1), 3-11.

2. Alim Al Ayub Ahmed "MALL and EFL Learners' Speaking: Impacts of Duolingo and WhatsApp Applications on Speaking Accuracy and Fluency" Hindawi Education Research International Volume 2022

3. A. M. Turing "Computing machinery and intelligence" Mind, Volume LIX, Issue 236, October 1950, Pages 433–460, https://doi.org/10.1093/mind/LIX.236.433

4. Carvalho, L., Martinez-Maldonado, R., Tsai, Y.-S., Markauskaite, L., & De Laat, M. (2022). How can we design for learning in an AI world?, Computers and Education: Artificial Intelligence, 3, 1–9. https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100053

5. Dale, R. (2021). GPT-3: What's it good for?. Natural Language Engineering, 27(1), 113–118. https://doi.org/10.1017/s1351324920000601

6. David James Woo "Exploring AI-Generated Text in Student Writing: How Does AI Help?" 2022

7. Fenglin Jia, Daner Sun, Qing Ma and Chee-Kit Looi "Developing an AI-Based Learning System for L2 Learners' Authentic and Ubiquitous Learning in English Language" 2022, 14, 15527. https://doi.org/10.3390/su142315527

8. Godwin-Jones, R. (2022). Partnering with AI: Intelligent writing assistance and instructed language learning. Language Learning & Technology, 26(2), 5–24. http://doi.org/10125/73474

9. Henrik Kohler Simonsen "AI Writers in Language Learning" 2021 International Conference on Advanced Learning Technologies (ICALT)

10. Hongzhi Yang and Suna Kyun Sookmyung "The current research trend of artificial intelligence in language learning: A systematic empirical literature review from an activity theory perspective" Australasian Journal of Educational Technology, 2022, 38(5)

11. Hind A. Al Fadda and Rasha M. Alaudan "Effectiveness of Duolingo App in Developing Learner's Vocabulary, Grammar and Pronunciation: A Case Study of a blended TESOL Classroom" Curriculum and Instruction Department (TESOL) College of Education, King Saud University, Riyadh - Saudi Arabia, nternational Journal on Emerging Technologies 11(5): 403-410(2020)

12. John Maurice Gayed "Exploring an AI-based writing Assistant's impact on English language learners" 2022 https://doi.org/10.1016/j.caeai.2022.100055

13. Jose Belda-Medina and José Ramón Calvo-Ferrer "Using Chatbots as AI Conversational Partners in Language Learning" Appl. Sci. 2022, 12(17), 8427; https://doi.org/10.3390/app12178427

14. Marcel Pikhart "Intelligent information processing for language education: The use of artificial intelligence in language learning apps" Volume 176, 2020, Pages 1412-1419 https://doi.org/10.1016/j.procs.2020.09.151

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ТИІМДІ ТӘСІЛДЕР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА ЧЕРЕЗ ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ
DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN ENGLISH LESSONS THROUGH EFFECTIVE METHODS

Майманова Альмира Акылбековна
Май ауданы, Майтүбек ауылы, «Майтүбек жалпы орта білім беру мектебі» КММ-сі, ағылшын тілі пәні мұғалімі, maimanovy2012@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада ауыл мектептеріндегі оқушылардың ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылығын дамытудағы тиімді тәсілдер түрлері қарастырылған. Мақала авторы өзінің сабағында қолданатын әдіс-тәсілдерді таныстырып, бірнеше түрлеріне тоқталған.
Түйінді сөздер: фунционалдық сауаттылық, тәсілдер, лексикалық қор, грамматикалық тақырып, дамыту, ауылдық жер, шығармашылық қабілет.
Аннотация: В статье рассматриваются эффективные методы функциональной грамотности учащихся сельских школ на уроках английского языка. Автор статьи знакомит с методами, используемые на его занятиях, и останавливается на нескольких типах.
Ключевые слова: функиональная грамотность, методы, словарный запас, грамматическая тема, развивать, сельская местность, творческие спасобности.
Annotation: The article discusses effective methods of functional literacy for rural school students in English lessons. The author of the article introduces the methods used in her classes and dwells on several types.
Key words: functional literacy, methods, lexicon, grammatical theme, develop, countryside, creative skills.

Бүгінгі заман талабына сай бәсекеге қабілетті оқушы тәрбиелеу үшін не қажет деген сұраққа жауап берген кезде, мұғалім оқушылардың функционалдық сауаттылық дамыту қажет деп бірден жауап береді. Жалпы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру дегеніміз – оқушының пәнді терең түсіну қабілетін дамыту, алған білімін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайда тиімді пайдалана алуын қамтамасыз ету.

Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- шығармашылық қабілетті дамыту;
- оқушының белсенділігін арттыру;
- кез келген жағдайда тез шешім қабылдай алу;
- болашақ кәсіпті дұрыс таңдай білу;
- үздіксіз білім алу;
- бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Функционалдық сауаттылықтың 7 механизмі бар, олар:

1. білім беру мазмұны (ұлттық стандарт, оқу бағдарламалары);
2. оқыту нысандары мен әдістері;
3. білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
4. мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
5. мектепті басқару моделі (қоғамдық мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
6. барлық мүдделі талаптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
7. ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі [1].

Функционалдық сауаттылықтың екінші механизміне сүйенетін болсам, оқыту процесінде әр түрлі әдістер мен технологияларды қолдану ағылшын тілі пәнінің білім сапасын арттыруға жетелейді. XXI ғасыр талабы – ағылшын тілін жетік меңгеру болып табылады. Сондықтан сабағымда сан алуан тәсілдерді қолданып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдарын қарастырамын. Бұл менің оқыту процесіндегі елеулі өзгерістерге ықпал етеді, ал коммуникативті тәсіл басым тәсілге айналғандықтан, оқушыларым сабақтың алғашқы күндерінен бастап ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Ағылшын тілін жаңа технологиялар арқылы оқыту ісі күннен-күнге өзекті болып келеді. Тілді ақпараттық-коммуникативтік технология арқылы оқыту – тіл үйренушінің өз бетімен тіл үйрену қабілеттерін жетілдіруіне игі ықпал ететін тиімді жүйе болып табылады. Еліміз жылдар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізісімен, ағылшын тілі де мемлекетаралық тіл мәртебесіне ие болды. Ендігі кезекте ағылшын тілінің қолданылу аясын кеңейту кезек күттірмес мәселенің бірі болды. Осы орайда, ағылшын тілі пәніне көңіл де, ықылас та жылдан жылға артып, оны оқытудың тиімді әдіс- тәсілдері, технологиялары бойынша зерттеу жұмыстары, оларды тәжірибеге енгізу шаралары қолға алынды. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Коммуникативтік сөйлеу әрекетінің қай түрі болса да лексикалық-грамматикалық дайындық деңгейіне сүйенеді. Белсенді сөйлеу әрекетін ұйымдастыруда ауызекі сөйлесу мен мәтін бойынша жұмыс негізгі құрал болып табылады. Сонымен қатар, ақпараттық оқу құралдары (компьютер, аудио-визуалды құралдар) бойынша да оқушылар белсенді коммуникацияға түсе алады. Ауызекі сөйлеу тілін қалыптастыруда сөздер мен сөз тіркестерінің қолданылуын, сөйлем құрастыруды, тұрақты сөз тіркестерін қолдануды, сұрақ қоюдың барлық түрлерін үйрену тиімді. Оқушылардың сөйлеу дағдылары ауызекі сөйлеу жүйесінен, сұраққа қысқа да толық жауап қарастыра алуынан, оқығандарын ауызша да, жазбаша да мазмұндап беретіндей дағды-машықтарынан, шығарма, хат жазу дағдыларынан құралады. Ағылшын тілін оқытуда ең алдымен тәжірибелік мақсат қойылады, оған оқушылардың сөздік қорларын байыту, сауатты жазуға үйрету, сөйлесуге, көргендерін, естігендерін әңгімелеп беруге үйрету қажет. Ал бұл іс-әрекеттерді сауатты да дұрыс жүзеге асыру үшін грамматикалық жұмыс жүргізілуі керек [2].

Ағылшын тілін оқыту процесінде функционалдық сауаттылықты дамытудың әр түрлі жолдары бар. Ал оқытудың негізгі құрамдас бөлігі пәнге деген қызығушылық болып табылады, сондықтан ағылшын тілі сабағымда келесі заманауи педагогикалық технологияларды қолданамын:

- рөлдік ойындар;
- талқылаулар;
- жоба әдісі;
- АКТ қолдану;
- қол моторикасын дамытатын ойындар.

Сабақ барысында қолданылатын тиімді тәсілдерге нақтылай тоқталып кететін болсам:

1. “Сахналық көрініс” тәсілін оқушылардың оқыған мәтінін қаншалықты түсінгенін тексеру мақсатында қолдануға тиімді. Осы тәсіл арқылы оқушы бойындағы шығармашылық қабілеттерді дамытуға, оқушылар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға, лексикалық қорды байытуға және оқу сауаттылығын қалыптастыруға болады.

2. “I can…” ойынын ойнату арқылы бастауыш сынып оқушыларының тыңдалым қабілетін, лексикалық қорының деңгейін, шетел тілін меңгеру қызығушылығын арттыруға болады.

3. “Істық орындық” әдісі арқылы оқушылардың тақырыптық сөздіктің меңгерілу деңгейін тексеруге болады. Осы әдісті сабақтың басында өтілген сөздерді тексеру үшін және сабақтың соңында жаңа сөздердің меңгерілуін тексеру үшін қолдануға тиімді.

4. “What colour is it?” ойыны барысында бастауыш сынып оқушылары бір-бірлеріне қарапайым сұрақтар қойып, жауап беру арқылы өздерінің ағылшын тілінде диалог құрастыру қабілеттерін шыңдайды.

5. “Paint and say” ойын түрін бастауыш сынып оқушыларымен өткізу өте тиімді, себебі олар сурет сала отырып, сөздердің ағылшын тілінде айтылуын еске түсіреді және оларды дауыстап айтады. Осы тәсіл арқылы ағылшын тілін оқытудағы бастапқы буынында лексикалық қорды еркін меңгеру қабілеттер қалыптастырылады.

6. “Write and say” ойын түрін жазылуы күрделі сөздерді есте сақтау мақсатында кез келген сыныпта өткізуге болады. Осы ойын арқылы оқушылар сөздердің жазулы емлесін еске отырып, тақырыптық сөздерді жазады кейін оларды дауыстап айтады.

7. “Role play” әдісі арқылы оқушылар еркін тақырыпта диалог құрастырып, оны сахналайды. Осы әдіс арқылы оқушылардың актерлік шеберліктері, шығармашылық қабілеттері, коммуникативтік дағдылар дамиды.

8. “Monster eats…” ойнын ойнату арқылы бастауыш сынып оқушыларының тыңдау дағдыларын дамытуға тиімді ықпал етіледі. Бұл әдісті сабақтың басында жаңа сөздерді үйрену немесе соңында өтілген сөздерді қайталау мақсатында қолдануға болады.

9. “The present of articles” ойын арқылы грамматикалық тақырыптарды қызықты әрі тиімді меңгеруге болады.

10. “Colours” ойынын бастауыш сынып оқушылар арасында әр түрлі деңгейде және тәсілдер арқылы қолдануға болады. Осы ойынның басты мақсаты мен міндеті, ол оқушылардың тез ойлау қабілетін, қол маторикасын, тілдік лексиканы байыту.

11. “to be in present” ойының басты мақсаты, ол оқушылардың грамматикалық тақырыпты оңай әрі қызықты жолмен меңгеру. Сондықтан ойын ойнау барысында оқушылар сөйлемдерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, грамматика жағынан дұрыс сөйлем құрастырады.

12. “Parts of the body” ойыны арқылы оқушылар дене мүшелерін тез және тиімді есте сақтай алады, сонымен қатар қол моториканы да дамытуға болады.

13. “Plurals” ойыны – ағылшын тілі грамматпкасын тиімді тәсілмен меңгерту әдісінің бірі болып саналады. Осы ойынды ойнату арқылы оқушылардың зат есімнің көптік жалғауын қаншалықты игергенін тексеруге болады.

Ағылшын тілі сабағында әртүрлі коммуникативті тапсырмаларды орындау бұл процеске ықпал ететіні сөзсіз, өйткені коммуникативті тапсырманы шешу барысында оқушылар әртүрлі қарым-қатынас құралдарын меңгеру қажеттілігін саналы түрде түсінеді. Жұмыстың стандартты емес формалары мен әдістері қолданылатын сабақтар: жеке, жұптық, топтық жұмыс, оқу бағдарламалары, аудио және бейне қосымшалар, әндер, балалар фольклоры ең тиімді болып табылады.

Сабақ – ойын, сабақ – жарыс, рөлдік ойын – шет тілін үйренуге деген ынтасын және өзін-өзі жетілдіруге деген құлшынысын қалыптастыру. Осындай іс-әрекет формалары тұлғалық нәтижелерді қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- Коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру;
- Ерік, мақсаттылық, шығармашылық, бастамашылдық, еңбексүйгіштік, тәртіптілік сияқты қасиеттерді дамыту;

Мектепте ағылшын тілін оқытудың түпкі нәтижесі ретінде қатысымдық, ақпараттық және проблемалардың шешімін табу құзіреттіліктерін қалыптастыруға қол жеткізудің басты тетігі – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Өйткені функционалдық сауаттылық оқушының белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауына пайдалы білім, білік, дағдылардың бірігуінен құралады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру ағылшын тілін оқытудың тұлғалық-әрекеттік бағдарын күшейту нәтижесінде жүзеге асады. Өйткені сауаттылыққа оқушы өз әрекетінің иесі – субъект дәрежесіне көтерілгенде толық қол жеткізеді.

Ағылшын тілінің оқыту сапасын көтерудің басты шарты ретінде оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру алынған жағдайда олар әрекеттік бағыт ұстанымына, оқушылардың коммуникативтік құзіреттерінің қалыптасуы ұстанымына, интерактивтік оқыту ұстанымына негізделуі қажет. Сонда ғана функционалдық сауаттылық оқушының ағылшын тілін әлеуметтік сұранымға сай қолдану мүмкіндіктерін арттырады .

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда мұғалім оқушының назарын аудару үшін сабақ кезінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, түрлі көрнекілік құралдарын қолдану, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау, ажырату, тақтаға жазу, айтқан ойды мысалдармен дәлелдеу, сөздікпен жұмыс, проблемалық мәселелерге жауап беру, нақтылы және жалпылама тапсырмалар беріп, шағын шығармашылық жұмыстарды орындату, оқушының бірін-бірі сынауы, өзіндік пікір білдіруі, баяндама жасауы, ғылыми зерттеу жазып қорғауы т.б. алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануы керек. Осындай әдіс-тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдалана білген мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді.

Ағылшын тілі сабағында функционалдық сауаттылықты арттыруда өз тәжірибемде көп қолданысқа ие-сын тұрғысынан ойлау әдісі. Қазақстанның болашағының жарқын болуына бірден-бір көмекшіміз-сын тұрғысынан ойлауға үйрету.Сын тұрғысынан ойлау оқушының еркін қозғалып,еркін сөйлеуіне, топпен, ұжыммен, жұппен, сондай-ақ оқушының жеке жұмыс жасауына, терең ойлап, тұжырымды жауап беріп, бір-бірін құрметтеп, жұмыла жұмыс істеуге, өз еркімен шешім шығаруға мол мүмкіндік береді. Мен өз сабақтарымда алдымен топқа бөліп, ой қозғап, жаңа тақырыпқа қызықтырып бағыттаймын. Тақырыптың ең құнды мәселелерін анықтауға ұсынамын,салыстыруға, ойларын сыни тұрғыда ойлана отырып жазуды ұсынуға, қорытынды жасай алуға ,сабаққа кері байланыс ұсынуға үйретемін.Ал,мұндай сабақта оқушы топта жұмыс жасауға бейімделеді, мәтінмен өздері танысады,менің пайдаланған жаңа әдіс-тәсілдерім арқылы жаңа сабақты меңгереді, ой қорытып қағаз бетіне түсіреді,ой толғайды, диалогқа түседі, пікір алмасады, сыни ойланып сұрақтарға жауап береді. Яғни, сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни тұрғыда ойлауға қалыптасқан оқушының функционалды сауаттылығы да дамып, өзіне анық мақсат пен міндет артады, және өзіне деген сенімділігі пайда болады. Нәтижесінде неғұрлым дамытылған оқушының жеке тұлғасы қалыптасады.

Қортындылай келе, ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған білім мазмұнын игерген оқушылардың білімдері мен біліктері өмірлік жағдаяттарда қолдана білуді, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей білуді және алынған ақпараттарды сыни тұрғыдан бағалай білуді, өзінің болжамдарын ұсыну және зерттеулер жүргізу, өзінің ойын негіздей білуді; іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалануды қамтамасыз ететіндігін айтқым келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім шапағаты» республикалық апталық газеті 07.11.2014ж
2. Оразбаева Ф.Ш., Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы, 2000ж

САБАҚ БАРЫСЫНДА ТИІМДІ ӘДІС - ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Нурмолдина Карлыгаш Кайргельдиновна
«Парасат» мектеп-лицейі КММ Қызылжар ауданы, Бескөл а., СКО

Аннотация: Мақалада әр сабақ тиімді , нәтижелі өту үшін сабақ барысында тиімді әдіс тәсілдерді пайдалану жолдары ұсынылып, қарастырылған.
Аннотация: Актуальность данной работы обусловлена условиями, связанными с изменениями системы образования. Одна из главных задач, которую ставит перед собой каждый учитель на современном этапе - постоянное совершенствование методов и приемов обучения и освоение новых педагогических технологий.
The relevance of this work is due to the conditions, associated with changes in the education system. One of the main tasks, that every teacher sets for himself at the present stage is the constant improvement of teaching methods and techniques and the development of new pedagogical technologies.
Кілт сөздер: тиімді әдіс-тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлау, іс-тәжірибе, оқыту үшін бағалау, оқуды бағалау.

Әр сабақтың тиімді әрі нәтижелі өту үшін әр ұстаз өз шығармашылығын дамыту мен ізденіс үстінде болуы керек. Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Көшті қалай бастап алып жүрем десе де өз еркі. Ал көшті дұрыс бағыттай білу ол шеберлігіне байланысты. Яғни қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыра алатын жаңашыл мұғалімдерді даярлау.

Біз өз тәжірибемізде сабақта жаңа технологияларды қолдана отырып сапалы, терең білім беруге, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға, уақытты тиімді пайлана білуге, кез келген тақырып мазмұнын аша білуге жол сілтейді. Заман талабына сай жан-жақты берілетін ақпарат құралдары көп болғандықтан, оны оқушылар тез түсініп, қабылдай алады. Сыныпта психологиялық ахуал қалыптасады, топ ережесіне бағынуды үйренеді. Оқушылар топпен бірлесе отырып, жұмыс жасайды. Топтағы дарынды оқушылардың көмегі жақсы әсер етеді. Сенімділікпен жұмыс жасайды, бар ынтасымен оқуға беріледі. Оқушылар өз пікірін ашық білдіре алады, ойлау процесін меңгереді, әр түрлі шешімдер айтады. Оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы жақсарады, рефлексия жасай алады, оқушының мотивациясы жақсарады. Өзіміз көптеген стратегияларды, түрлі педагогикалық тәсілдерді араластырып, қолдану мүмкіндіктерін қалай, қай жағдайда қолдану керектігін меңгертеміз. Осы өзгеру барысында біз көптеген мәселелерді шеше аламыз. Жаңа тәсілдерді меңгерген, жаңашыл ұстаз болу жолында көп еңбектеніп, теориялық – тәжірибелік білімдерді пайдаланып жүрміз.

Жұмыс барысында өз тарапымыздан сабақ қызықты да, тартымды болуы үшін түрлі әдіс - тәсілдерді қолданамыз. Әр сабақта тиімді әдіс - тәсілді пайдалана білсең, оқушыға да, мұғалімге де қызықты және де шәкірттердің пәнге деген қызығушылығын оята білеміз деген оймен өткіземіз. Біздің ойымызша, бұл әдіс - тәсілдерді тиімді пайдалана білсең ғана, оқушы келешекте жоғарғы нәтижеге қол жеткізеді деп білеміз. Білім жолында өз тәжірибемізбен бөлісу мақсатында мектепішілік, аудандық, облыстық семинарларға қатысып, тәжірибемізді одан сайын шыңдай түстік. Мысалы, «Бортты журнал» немесе «Жүк журналы» әдісі - болжам жасау арқылы тақырып бойынша бұрыннан не білемін?, бұл туралы не білуім керек? сұрақтарын талдап, оқушылар жүк журналының болжам бөлімінде берілген сұрақтарға жауап беріп, жаңа ақпарат бөлімін толтырады, жұп болып бір-бірінің жұмыстарын тексереді. Мұғалім оқушылармен бірлесе отырып жұмыс орындайды, оқушылардың кейін жазбаларын пайдалана білулеріне мүмкіндік туғызады.

Оқу және жазу арқылы сыни ойлауды қалыптастыру технологиясының негізі мазмұнды оқыту теориясы болып табылады. Г.А.Скребицкийдің әңгімесінің бірінші сабағында мәтінмен жұмыс жасай отырып, "Ақылдың алты қалпағы"әдісін қолдандық. Сонымен, бұл «Ақылдың алты қалпағы» – Эдвард де Боно әзірлеген әдістеме, ол әртүрлі шешімдердің ішінен ойды бір мәселе төңірегінде шоғырландыруға мүмкіндік беретін қатарласып ойлау үдерісі болып табылады. Басқаша айтқанда, алты түрлі және бір-бірін толықтыратын көзқарастар. Оқушы қалпақты киіп, сол кезде ол оған айтқандай ойлана бастайды. Мұнда әр оқушыға өнер көрсетуге мүмкіндік туады, әркім өз таланттарын, мүмкіндіктерін көрсете алады. Әрбір түстер жекежеке қарастырылады, осылайша артықшылықтарды барынша тиімді пайдалануға болады. Содан кейін түстер біріктіріліп, ең толық, жан-жақты ойлау қабілеті пайда болады.

«Кір жаятын жіп» әдісін үй тапсырмасын тексеру, жаңа сабақты қорыту кезінде, сөздік жұмыс кезінде қолдануға болады. Мысалы, сөйлем, сөйлем түрлері, оның белгілерінен тірек сөздер жаздыру. «Кір жаятын жіпке» тірек сөздер тауып, жіпке іледі.

«Сөре-мәре» әдісінде сабақта, жарыста ұтқан, белсене қатынасқан оқушыларды, бір қатарға тіземіз. Ауызша не жазбаша үлестірме карточкадағы сұрақтарға жауап беруін айтамыз. Бұл әдістің шарты: Білген оқушы бір қадам алға басады, ал қате жауап берген оқушы артқа қадам қояды, үндемесе орнынан қозғалмайды. Осы жерде сұрақ тууы мүмкін:«Не үшін жауап берем деп әрекет еткен оқушы, бірақ жауабы қате оқушылар артқа қадам аттайды, ал «аузын ашпағандардан» жоғары тұрып қалады»,-деп.

Мұндағы мақсат оқушыларды ойланып жауап беруге, «үндемеген үйден бәле құтылатындығын» үйренеді. Көп қадам қойып «алға кеткендерге» «тамаша», ортадағы топқа - «жақсы», артта қалғандарға «тырысамыз» деп айтамыз. Бұл әдісте көп сұрақ беріледі, білген оқушы жауабын беріп алға аттай береді.

«Арқаға сурет салу» әдісінде барлық әрекеттерді үнсіз жасау керек. Оқушылар екі топқа бөлініп, бірінің артынан екіншісі тұрып, сап түзейді. Мұғалім ең артында тұрған оқушыларға бір заттың атауы жазылған қағаз ұсынады (мәселен, алма, алмұрт, жүзім, гүл, кітап т.б). Тапсырма: соңында тұрған оқушы үндемей, алдында тұрған оқушының арқасына әлгі заттың суретін саусағымен салады. Арқасына сурет салынған оқушы алдында тұрғанның арқасына өзінің арқасына салынған затты салады. Суреттер салынып біткеннен кейін мұғалім соңғы оқушыдан арқасына салынған заттың атын сұрап, оны қағазда жазылғанмен салыстырады.Бұл әдісті әріппен,дыбыспен танысқан кезде де пайдаланған тиімді. Әріптің жазылуын есте сақтау үшін өте қолайлы.

Іс-тәжірибемізді талдай келе өзіміздің тәжірибеміз жетіле түскенін, технологияларды меңгеру барысында бірнеше саты жоғары көтерілгенімізді байқадық. Оқушылармен қарым-қатынасымыз, көзқарасымыз өзгерді, әр сабақта бағалау арқылы ынталандырып отырамыз, әр оқушының жауабының дұрыс жақтарын көре білуге, бірден теріске шығармай, оқушының айтайын деген ойын толық түсініп, қабылдай білеміз. Әрбір сабағымызда «Оқыту үшін бағалау және оқуды

бағалау» жүргізуді көздейміз. Оқушылырды «Бағдаршам», «Бұлттар», «Бағалау паракшасы», «Смайликтер», «Құмыра» т.б. арқылы өздерін әділ бағалауға үйретуге тырысамыз.

Қорыта келе, қазіргі кездегі барлық білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерінің алдына қоятын басты мақсаты – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады. Жалпы осы аталған бағдарламаның: оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерін болашақта да барлық өзіміздің сабақтарымызда қолданып, белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге тырысамыз. Бұл модульдердің сабақтарда тигізетін пайдалары өте көп. Сабақтарымыз үнемі мазмұнды, нәтижелі, мағыналы, жанжақты, оқушыларға қызықты болсын деп тілейміз.

Алдағы тәжірибемізде жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдап, оларды тиімді пайдаланып, сабақтарымызды түрлендіріп, әрбір сабақтың мақсатына жету үшін жұмысымызды жалғастырамыз. Оқушыларымызға сапалы білім, саналы тәрбие береміз деп ойлаймыз. Яғни қажетті кәсіби құзыреттіліктерді толыққанды меңгерген оқытушы, оқушыны оқытуда, білім алу нәтижесіндегі құзыреттіліктерді сапалы меңгерте алатыны сөзсіз. Сөз соңында ағартушы – ғалым А. Байтұрсыновтың: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам – әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білу керек» - деген сөздерімен түйіндегіміз келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық (II, III базалық деңгей), 2016 ж.
2. Үлестірмелі материалдар (II, III базалық деңгей), 2016 ж
3. 3. Базарова Т.М. мақала Вестник КАСУ журналы, №12007 ж.
4. Авторлардың әдістемелік құралдары ,2018ж.

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ
EFFECTIVE TRAINING METHODS AND INNOVATIVE TECHNOLOGIES

Икенова Инабат Амангельдыевна
Е.Шаханов атындағы тірек мектебі (ресурстық орталық)
Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы.
inabat.ik85@mail.ru

Аннотация: Біздің кәсіби өмірімізде «инновациялар» ұғымы берік орныққан. Бұл сөздің орыс тіліндегі баламасы - жаңашылдық. Бүгін барлық элементтерінде инновациялық құбылыстар анықталады.
Инновациялар - бұл оқытудың жаңа әдістемелері, жаңа білім беру мазмұнын ұйымдастыру тәсілдері, бағалау әдістері білім беру нәтижесі.

В нашей профессиональной жизни прочно утвердилось понятие “инновации”. Русский аналог этому слову – нововведение. Сегодня инновационные явления обнаруживаются во всех элементах педагогического процесса. Инновации в обучении –

это новые методики преподавания, новые способы организации содержания образования, методы оценивания образовательного результата.
In our professional life, the concept of "innovation" is firmly established. The Russian analogue of this word is an innovation. Today, innovative phenomena are found in all elements of the pedagogical process. Innovations in learning are new teaching methods, new ways of organizing the content of education, methods of assessing the educational result.

"Жаңаға ұмтылыссыз өмір болмайды,
даму жоқ, прогресс жоқ ".
В.Г. Белинский

Инновациялық сабақ жаңа білім беру технологиялары негізінде оқу-тәрбие қалыптасқан процесс деген тұрақты пікір бар. Бұл ішінара дұрыс, бірақ жаңа сабақты дамытудағы басты рөл соңғы жылдары білім беру жүйесінде өзгерістер болды [1].

Біріншіден, жаңа ақпарат көлемі ұлғайды. Оның қандай көлемді бөлігі балаларға ұсынылады? қажетті ақпаратты қайда және қалай таңдау керек? мазмұны мен маңыздылығы күн сайын өзгеріп отыра ма? Осы сұрақтар оқушыларды керекті ақпаратты іздеуге үйрету міндетін қалыптастырды. Ақпараттың қандай мақсатта қолданылатынын және таратылатынын айқындау үшін ақпараттың түрін ажырату керек.

Екіншіден, оқытуды ұйымдастыру шарттары өзгерді: білім беру

бағдарламалары, жоспарлары мен оқулықтары; кабинеттерді техникалық құралдармен жабдықтау. Жаңа әлеуметтік-экономикалық талаптарға байланысты

ұйымдастыру құрылымы да өзгерді.

Үшіншіден, мұғалімдерге кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар өзгерді. Білім беру мазмұнының өзгеруі, жаңа педагогикалық технологияларды және басқа да инновацияларды, эрудиция кеңдігі, ойлау икемділігі, белсенділік пен

шығармашылыққа, талдауға және өзін-өзі талдауға қабілеттілікке, жаңалықтарға дайын болуы қажет.

Қазіргі заманғы мұғалім жаңа оқу ағымында бағдарлана білуі тиіс. Құралдар, өлшемдер, бойынша ұсынылатын өнімдерден ең бастысы, жаңа әдістемені меңгеру қажет. Тек осы негізде ғана инновациялық оқыту құралдарын оқу процесіне, оларды дәстүрлі құралдармен қатар жүйелі түрде пайдалана оқытуға болады [2].

Инновациялық сабақтардың мынадай түрлерін бөліп көрсетеді:

1. Зерттеу сабағы - бұл оқушыларды қоршаған ортаны, заттың немесе құбылысты тану мақсатында өткізіледі.

Зерттеу сабағының мақсаты - оқушылардың тәжірибесін және олардың әлем туралы түсініктерін дамыту және қорыту. Сабақты өткізу негізде - проблеманы, тақырыпты немесе қойылған міндет анықтау. Оқушылар сабақта проблеманың шешімін іздейді, пікір алмасады, мінсіз нұсқаны жасап, эксперимент жасайды

зерделеу үшін ұсыныстар айтады.

2. Топтық технологияға негізделген сабақ - шағын топтардағы нұсқалары бойынша жұмыс. Егер мұғалім ұжымға ойластырылған процесті ұйымдастырса, топтық жұмысты талқылауда әсіресе тиімді. Оқу тапсырмаларын, проблемаларды талқылау процесінің өзі оқушылардың ғылыми фактілерді білім алушылармен кеңесіп,болып жатқан оқиғаларды және олардың пікірлерін тыңдайды. Мұндай жағдай оқу процесін мақсатты түрде жүзеге асыру және өзін-өзі сенімдірек сезінуге көмектеседі. Топтық технология сабақтары диалогтың, әңгімелесудің, пікір алмасудың, бірлескен қызметі.

3. Сараланған оқыту сабақтары - оқушының даму деңгейі және оның базалық білім деңгейі. Мақсаты сараланған оқыту білім алушыға - қабілеттерін дамытуға мүмкіндік беріледі. Мұндай сабақтардың ең кең тараған түрі - сабақ,

бірнеше топтардағы білім алушылардың жұмысын болжайтын

білім деңгейлерімен (оқытудың деңгейлік саралануы) анықталады. Педагог оқу процесін дұрыс ұйымдастыруының негізгі көрсеткіш – оқушылардың білім деңгейі және олардың оқуға қабілеттілігі.

4. Проблемалық сабақтарды құру негізінде оқытуды ұйымдастыру нысаны -

проблемалық жағдай. Мұндай сабақта оқушылардың алдына проблема сұрақ қойылады, олармен бірге проблема анықталады. Проблемалық оқытудың мақсаты - білім алушылар қызметінің танымдық саласын себептік-салдарлық байланыстарды, оқу-жаттығу қиындықтарының үйлесімділігін анықтау

қабілеттілікпен - қиындыққа тап бола отырып, білім алушылар жаңа білім алу қажеттігіне немесе жаңа жағдайда ескілерін қолдану. Тек қана қызықты жұмыс тұрақты еңбектенуді талап етеді. Жеңіл материал қызығушылық тудырмайды.

Мұғалімнің өнері белгісіз оқу материалын оқушылардың өздеріне ашқызу тиіс, себебі белгісіз ойлануды талап етеді.

Проблемалық оқыту - бұл, ең алдымен, қалыптасқан қайшылықтарды шешу тәсілдері арқылы жаңаны таба білуге үйретеді.

Педагогикалық практикада біз келесі сабақ түрлерін қолданамыз:

Сабақ - конференция. Оқушылардың нақты оқытылатын тақырып бойынша әңгіме жүргізу қабілеті арқылы, дәлелдеуді қажет етпейтін материалды меңгеру.

Сабақ-конференция - бұл ақпаратпен алмасу бойынша өзіндік диалогты қамтамасыз етеді. Мұндай сабақ құрылымдық қайталанудың оңтайлы үйлесімді игерудің беріктігі мен мағыналылығын қамтамасыз етеді.

Қойылған тапсырмаларға байланысты сабақтың тақырыбы жеке кіші бөлімдерден тұрады. Осы жұмыстардың барлығы маңызды ақпаратпен қамтамасыз етеді.

Сабақтың бұл түрі мұқият дайындықты талап етеді. Оқушылар оқытушы ұсынған тапсырма бойынша дербес жұмыс істейді, жауап алғысы келетін сұрақтар дайындайды. Осы типтегі сабақты дайындау және өткізу нәтижесінде оқушылардың білімін тереңдетеді, сондай-ақ ой-өрісін кеңейтеді.

Сабақ-сюрприз.

Бұл сабақтың ерекшелігі оқушылардың

оларды қандай тапсырмалар күтіп тұрғанын, ол үшін арнайы

сұрақтары бар дайындалған қораптар, «қара» жәшіктер, конверттер және т.б.

Мұндай сабақтың мақсаты:

· оқушылардың түсініктер туралы білімдерін жалпылау, олардың мағынасын, өзара байланысын көрсету;

· процестердің, құбылыстардың бар білімдері мен түсініктерін анықтау өзінің өмірлік тәжірибесін;

· белсенділікті, дербестікті тәрбиелеу.

Сабақ - аукцион.

Бұл сабақ көрсетілімге баса назар аудара отырып, қайталау-жалпылау ретінде құрылады. Сабақтың мақсаты оқытылған мәселелердің практикалық маңыздылығы анықтау. Сабақ құрылымы мынадай: сәлемдесу; пікірлесу кезінде негізгі сұрақтарды қайталау; тақырыптар; аукцион ережелерін түсіндіру " заттар " сату "; музыкалық үзіліс; "сатуды" жалғастыру"; музыкалық финал; қорытындылары.

Сабақ - аукционды мына түрде құруға болады: демонстрациялық

үстелге импровизацияланған костюмдермен жетекшілер орналасады. Олардың алдында - үлкен сүйреуіш, ал оның айналасында «сатылатын» дөңгелек орналасқан заттар. Жетекші сүйреуішті іске қосады. Тоқтаған көрсеткі

қандай зат сатылатын болады. Сатып алғысы келетін сатып алушылар

осы заттың заттармен, дәлірек айтсақ - өткен заттармен байланысын көрсетуі тиіс

тақырыбы. Кезекпен атайды; екінші жетекші әрбір жауаптан кейін дауыстап

санайды: бір, екі,... үш. «Үш» шотына дейін біреу жеңеді соңғысы жауап береді.

Мектепте көп жыл жұмыс істеген соң, тәжірибе көрсеткендей, оқушының жеке басына беделге қысым көрсетуге, әрқайсысын бірдей «ІСТІ», «КЕРЕК», «МІНДЕТТІ». Қазіргі заманғы сабақ, біздің ойымызша, "ҚАЛАЙ ОЙЛАЙСЫҢ?", "НЕГЕ СОЛАЙ БОЛДЫ?» «ӨЗ КӨЗҚАРАСЫН ҰСЫНА МА?» ҚАНДАЙ ЖОЛДАРМЕН ШЕШІМДЕРДІ ҰСЫНУҒА БОЛА МА?», "СЫНЫПТАСЫҢЫЗҒА КӨМЕКТЕСІҢІЗ" немесе "ӨЗІҢІЗДІҢ ШЕШІМ (ЖОБА, ЗЕРТТЕУ) "және т.б.

ӘДЕБИЕТ

1. Бардовский Г.А. Управление качеством образовательного процесса / Г.А. Бордовский, А.А. Нестеров, С.Ю. Трапицин. - СПб. - 2001.
2. Большаков А.С. Современный менеджмент: теория и практика / А.С. Большаков, В.И. Михайлов. - СПб. : Питер. - 2000.
3. Горб В.Г. Педагогический мониторинг образовательного процесса как фактор повышения его уровня и результатов // Стандарты и мониторинг в образовании. - 2000. — № 5. — 33—37 с.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ – ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ТЕНДЕНЦИЯ БАСПАЛДАҒЫ
ИННОВАЦИОННОЕ ОБРАЗОВАНИЕ-ЛЕСТНИЦА НОВЫХ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТЕНДЕНЦИЙ
INNOVATIVE EDUCATION-A LADDER OF NEW EDUCATIONAL TRENDS

Омарова Камшат Сапарбековна
«Талап ауылының №14 ЖББМ» КММ, Ұлытау облысы

Аннотация: Мақалада білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу екендігі сөз болады. Заманауи мұғалім инновациялық технологияларды меңгерген, шығармашыл, кәсіби құзыретті болуы керек екендігі атап көрсетіледі.
В статье подчеркивается, что одной из главных задач системы образования является внедрение новых технологий обучения, информатизация образования, выход в международные глобальные коммуникационные сети. Подчеркивается, что современный учитель должен владеть инновационными технологиями, быть творческим, профессионально компетентным..
The article emphasizes that one of the main tasks of the education system is the introduction of new learning technologies, informatization of education, access to international global communication networks. It is emphasized that a modern teacher should possess innovative technologies, be creative, professionally competent..
Түйінді сөздер: технология, білім, ақпараттық, оқыту, құзыреттілік, мұғалім, инновация

Тәуелсіздік алғалы еліміз экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан біраз белестерді бағындырды. Өз кезеңінде дұрыс таңдалған стратегиялық даму бағдарламалары мен әріптестік келісімдер бүгінгі таңда өз жемісін беріп отыр. Қазақстанды төрткүл дүние танып, Орталық Азияның көшбасшы елі атанып, қазақ елімен әлемнің кез-келген дамыған елі байланыс орнатуға ұмтылды.

Ұлы Абайдың: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» - деген сөздері бүгінгі күні ұрпақтың әлемдік ғылыммен прогресс заңдылықтарына сәйкес бәсекеге қабілетті болып қалыптастыру үрдісінде де өзекті болып

отыр [1]. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі реформалар мектепке дейінгі тәрбиелеу жүйесі мен жоғары оқу орныңдағы білім беру жүйесін қамтиды.

Білім беру «Қазақстан - 2030» ұзақ мерзімді Стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі болып танылды.

Қазақстандағы білім беру реформаларының жалпы мақсаты білім беру жүйесін жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімдеу болып табылады. Қазақстан Президенті республиканы әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына енгізу туралы міндет қойған болатын [2]. Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Білімді, ғылымды және өндірісті біріктіру, жоғары оқу орнынан кейінгі білімді ғылым мен техниканың қазіргі кезеңдегі жетістіктері негізінде дамыту бүгінгі күнде экономиканы дамытудың басым бағыттарының бірі болып табылады.

Жас дарынды қазақстандықтарға әлемдегі үздік университеттерде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасы еліміздегі адам капиталының дамуына қосылған елеулі үлес болды. Білім беру саласы үнемі мемлекеттің басты назарында. Президент Жолдауларында білім беруге ерекше көңіл бөлініп, мемлекет тарапынан кең қолдау тауып отырады. Бүгінгі ақпараттық қоғамда білімділер ғана өз ортасынан оқ бойы озады. Халқы сауатты, білімді ел әлем елдерімен бәсекелесе алады. Сондықтан бүгінгі жас ұрпақ ертеңгі мемлекеттің тірегі.Тәуелсіз елде өмір сүріп, өзінің азат,еркін екенін сезінген ұрпақ, оның маңызы мен құндылығын бағалап, баға жетпес рухани ұлттық мұралардың иесі екенін түсінуі қажет. Оны ұғыну үшін білім қажет. Ал оның сапалы білім алуына Тәуелсіздік кепіл болады.

Әрбір жеке тұлғаның болашағы өз мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушылары. «Халықты халықпен, адамды адаммен теңестіретін - білім», - деп ұлы жазушымыз М.Әуезов айтқандай [3], елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Мектептегі білім - барша әлем тыныс – тіршілігінің алғашқы іргетасы.

Бүгінгі таңда еліміз егемендік алуымен бірге білім берудің жаңа жүйесі де жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуі - бұл, әрине, оқу-тәрбие үрдісінде елеулі өзгерістердің болуына игі әсерін тигізіп отыр. Жаңа жүйенің жасалуы арқылы білім беру парадигмасы өзгеріп, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Болашақ ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады [4].

Қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енгізілуде.

Қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [5].

Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам бола білуі керек. «Бала оқытудың жұмысы ширақ, жігерлі, қызу болғаны дұрыс» - дейді Ж.Аймауытов [6].

Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды.

Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі. Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі – рефлекцияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық-әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Қоғамның назарын педагогикалық білім берудің заманауи трендтеріне аудару, республикадағы білім беру мазмұнын жаңарту міндеттеріне ықпал ететін жетекші халықаралық инновациялық технологияларды таратуға аударуды мақсат еткен .

Заманауи білім беру трендтеріне инновациялық білім беру мен цифрлы Қазақстан жатады.

Елбасымыздың Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады» - деген байламы [5] жеке адамның құндылығын арттыру, оны дайындайтын оқытушы жауапкершілігінің өсуі, тынымсыз еңбек, сапалы нәтиже деген ұғыммен егіз.

Тәуелсіз ел тірегі білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе білім беру, ғылымды дамыту. Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін қарқынды түрде технологияландыру мәселесін қойып отыр. Қазіргі кез келген мұғалім оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыруы және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеруі тиіс. Инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында тиімді пайдаланғанда сабақ сапалы әрі қызықты өтетінін бүгінгі күн тәжірибесі көрсетіп отыр.

Ол үшін ең бірінші мұғалімнің ұстанымы мықты болу керек, оқыту үдерісінде қалыптасқан дағды мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Мұғалім өз жұмысында арнаулы, пәндік білімдермен ғана шектелмей, педагогика мен

психологияның, тәрбие салаларының қазіргі заманғы жаңашылдықтарын да қамтуы тиіс болғандықтан онан үлкен дайындық (педагогикалық инновацияны қабылдау, бағалау және іске асыруға дайындық) талап етіледі.

“Инновация” ұғымына ғалымдар түрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея” десе, келесі бір ғалым Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді [7].

«Инновация» ұғымына ғалым Н.Нұрахметов: “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады [7].

Жоғарыдағы ғалымдардың инновация жайлы пікірлерін саралай келе, инновация – ол құрал және үдеріс ретінде әлдебір жаңалықты ендіру, жаңашылдық, өзгеріс екендігін, инновация өздігінен пайда болмайды, ол ғылыми ізденістердің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның озық педагогикалық тәжірбиесі. Бұл процесс стихиялы дамымайтындықтан, ол басқаруды қажет етеді, ал процесті басқару мұғалімнің өз қызметінде әріптестерінің тәжірибесі немесе ғылымдағы жаңа идеялар, әдістемелерді дұрыс таңдап, бағалау және қолдануын қамтамасыз етеді.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін педагогиканың маңызды екі проблемасы құрайды.

Олар − озық педагогикалық тәжірбиені зерттеу, жинақтау және тарату проблемасы және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың жетістігін практикаға енгізу. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салады. Озық педагогикалық тәжірибенің негізі болып есептелетін жаңашылдықты зерделеу − педагогикалық тәжірибелерді теориялық талдау және жинақтауға алып баратын баспалдақ іспеттес.

Инновациялық үдеріске жаңалықты жинақтау мен тарату ғана емес, ойлау және осы жаңалыққа қатысты өзгерістер мен қайта құру да жатады. Демек, бұл прогрессивті, озық, заманауи, оң үдеріс. Алайда, білім беру ісіне жаңалықты ендіру үдерісі –мұғалімнің әлеуетіне тікелей байланысты.

Кез келген әдіскер өзінің оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін қолдана алады және үнемі оны сабақ үстінде жетілдіріп отыра алады.

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Инновация – өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады.

XXI ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейімделуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы. Тәжірибе болашақ педагог-психологтардың жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасауды қажет етіп отырғандығын дәледеп отыр. Болашақ мамандардың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларды қолдануға даярлықты қалыптастыру мынадай көрсеткіштерді қажет ететіндігін көрсетті: 1) мотивациялық өлшемдер (танымдық қызығуды қалыптастыру бейнесі жатады). Оған болашақ мамандарды қалыптастыру, құндылық қарым-қатынас, болашақ маманның өзінің кәсіби шеберлігін дамытуға талпынуы, болашақ мамандығын ерекше жақсы көруі, ұрпақ тәрбиесінде ұстаздың жетекші орнын сезінуі, кәсіби жеке біліктілік деңгейін көтеруге бағыттылығы, инновациялық іс-әрекетке ұмтылу әрекеттері кіреді.

2) мазмұндық өлшемдер (болашақ маманның жалпы мәдениеттілік дайындығы мен мәндік әдіснамалық дайындығының деңгейі, мамандығы бойынша білімі, педагогикалық

біртұтас білім жүйесі, біртұтас педагогикалық үрдістің заңдылықтары, мен қозғаушы күштерінің жалпы теориялық білім негіздерімен қарулануы). Оған біртұтас педагогикалық үрдістің теориялық негіздерін және жеке тұлға теориясының ғылыми негіздерін меңгеруі, педагогикалық іс-әрекет теориясының негіздерін білуі, білім алушылардың барлық мүмкіндіктерін пайдаланғанда инновациялық іс-әрекеттің көбіне нәтижелі болатындығын сезіне алуы жатады.

3) бейімділік өлшемдер (болашақ маманның барлық жағдайға бейімделе алу қабілеті жатады). Бейімділік өлшемдері болашақ маманның білімгер мәртебесінен оқытушы, ұстаз мәртебесіне ауысуының ерекшелігін сезіне білуімен бейімділік іс-әрекетті жүзеге асырудың жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалана алуларымен ерекшеленеді.

4) танымдық өлшемдері (болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны жедел тани алуымен, өзін кәсіби жүзеге асырудың нәтижелі әдіс-тәсілдерін пайдалануымен, инновациялық педагогикалық технологияларға қызығушылық танытуы). Оған болашақ маманның әлеуметтік кәсіби қоршаған ортаны біліп тануы, кәсіптік білімін өз тәжірибесінде қолдана білуі, инновациялық педагогикалық технологияларды оқып меңгеруі, үйренуі жатады.

5) іс-әрекеттік өлшемдер (болашақ маманның өзінің кәсіби іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін анықтай алуы және педагогикалық қарым-қатынастық үрдісті тиімді жүзеге асыра алу). Оған болашақ маманның өз пәнін жете меңгеруі, біртұтас оқу-тәрбие үрдісінің психологиялық, педагогикалық негіздерін білуі, педагогикалық үрдісті жоспарлап, жүзеге асыра алуымен өлшенеді.

6) технологиялық өлшемдер (оқытудың әдістемелік мақсаттары, оқыту үрдісі, оның міндетттерін анықтай алуы, оқытудың нәтижесін болжай алуы және психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруі). Оған болашақ маманның біртұтас оқу- тәрбие үрдісінде сабақты тиімді ұйымдастыра білуі, оқушылармен ынтымақтастық қарым-қатынасты жүзеге асыра алуы, біртұтас педагогикалық үрдісті диагностикалай алуы және сабақтың нәтижесі жоғары болатындай ең тиімді педагогикалық технологияны таңдай алуы қажет.

7) шығармашылық өлшемдер (шығармашылық ептілікті, шығармашылық белсенділікті болашақ маманның шығармашылық-ізденушіліктерін дамытуға кіргізе алуы). Оған болашақ маманның ғылыми – зерттеу жұмыстарына өзіндік талдау жасай алуы, өз білімін көтеруге, жетілдіруге талпыныстың болуы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдануға өзіндік жаңалықтар, өзгерістер енгізумен және жаңалықты шығармашылықпен қолдана алуымен сипатталады.

Осы аталған көрсеткіштердің әсерінен білім, кәсіп, іскерлік, іс-әрекет [7], игеру, нәтиже құралады. Білім жалпы, кәсіби, техникалық, арнайы білім болып бөлініп кәсіппен ұштасады. Ал кәсіп – мамандық таңдау, мамандықты меңгеру. Білім алып кәсіп иесі болу үшін іскерлік қажет. Іскерлік – оқу, білім, кәсіп, тәжірибе, ізденушілік, өзіндік жұмыс, іс-шаралар, дағдыдан туындайды. Іскер болу үшін іс-әрекетті меңгеру қажет. Барлық үрдіс байланыса орындалуы негізінде нәтиже көрсеткіші пайда болады. Бүгінгі білім беру тенденциясының негізгі және басты, басым мақсатының өзі осы.

Педагог М.Жұмабаев: «Баланы бір затпен таныстырмақшы болсаң сол зат туралы сөйлеп қана қоймай, оны балаға алып келіп көрсет, көрсетіп қана қоймай сол заттың суретін салғыз, әрі суретпен ғана қанағаттанба, балшықтан мүсін жасауға үйрет» - деген пікірінің де астарына зер салар болсақ, ұстаздан үлкен ізденісті қажет ететіндігін аңғарамыз [8],

Ұлы Абайдың «ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» дегендей тәлім-тәрбиесінен жалықпайтын, шығармашылығы мол, еңбекшіл парасатты азамат болуы керек. Өйткені баланы өзіне тартып алатындай шын тәлімгерлігі бар адам ғана ұстаз деген атаққа ие бокады. Елбасының «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары. Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүкетелетін міндет өте ауыр» [5] - деген пікірінен әрбір ұстаз өзіне

артылған жүктің ауырлығын, оны адал атқару азаматтық парызы екендігін әсте есінен шығармағаны абзал.

Ағылшын ағартушысы Уильям Уорд:

Жай мұғалім – хабарлайды,

Жақсы мұғалім – түсіндіреді.

Керемет мұғалім – көрсетеді,

Ұлы мұғалім – шабыттандырады – дегендей, алдымызда отырған оқушы еліміздің тірегі екендігін назарға ала отырып, болашақта еліміздің болашағы, тірегі болатын шәкірттерімізді шабыттандыру жолында жаңашыл, креативті, шығармашыл, ізденімпаз, еңбекқор ұстаз болуға лайық болайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.А.Құнанбаев қарасөздері Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы, ISBN 5-7667-2949-9

2.«Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы.

3.Мұхтар Әуезов энциклопедиясы – Алматы, «Атамұра» баспасы, 2011 жыл. ISBN 978-601-282-175-8

4. Б.А.Тұрғынбаева. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет

5.Н.Ә.Назарбаев., Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

6. Аймауытов Ж. Шығармалары.- Алматы:1989.

7. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2007. – 344 бет. ISBN 9965-822-10-7

8. Жұмабаев, М. Мағжан. Педагогика [Текст] : монография / М. Жұмабаев. - Алматы : Ана тілі, 1992. - 154,[2] б.

РЕАЛИИ СЕЛЬСКОЙ ШКОЛЫ: ПРОБЛЕМЫ, ПОИСКИ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Сапкиреева Ермек Маратовна
учитель русского языка и литературы КГУ "Волошинская средняя школа" Есильского района
директор школы, педагог-исследователь

Аннотация: жұмыста Қазақстанның ауылдық білім беру жүйесіндегі ресурстық орталықтардың пайда болуы мен дамуына талдау жүргізілді, цифрландыру жағдайында олардың трансформациялану үрдістері анықталды.

Түйінді сөздер: ресурстық орталықтар, ауыл мектептері, инновациялар, даму, цифрландыру, сапа, білім беру.

Аннотация: В работе проведен анализ возникновения и развития ресурсных центров в системе сельского образования Казахстана, выявлены тенденции их трансформации в условиях цифровизации.

Ключевые слова: ресурсные центры, сельские школы, инновации, развитие, цифровизация, качество, образование.

Abstract: The paper analyzes the emergence and development of resource centers in the rural education system of Kazakhstan, identifies trends in their transformation in the context of digitalization.

Keywords: resource centers, rural schools, innovation, development, digitalization, quality, education.

Введение в тематику сельской школы – это погружение в уникальный и многогранный мир, где образование встречает свои особенные вызовы и возможности. Часть, посвященная этой теме, начинается с исторического обзора развития сельских школ в вашем регионе. Здесь важно подчеркнуть, как со временем менялись подходы к образованию в сельской местности, какие трудности и успехи сопровождали этот путь. Особое внимание стоит уделить тому, как исторические события и социально-экономические изменения влияли на развитие сельских школ.

Далее акцентируется внимание на актуальности и специфике образовательной среды в сельской местности. Здесь рассматриваются уникальные аспекты сельских школ, такие как их взаимосвязь с местным сообществом, специфика работы в условиях ограниченных ресурсов и необходимость адаптации к местным реалиям. Важно показать, как сельская школа становится центром образовательной и культурной жизни местности, влияя на формирование учеников и развитие всего сообщества.

В завершение первой части формулируются основная цель и задачи статьи. Целью является всестороннее изучение и анализ ситуации в сельских школах, выявление ключевых проблем и поиск эффективных путей их решения. Задачами становятся детальное рассмотрение как внешних, так и внутренних факторов, влияющих на работу сельских школ, анализ успешных практик и инициатив, которые могут быть адаптированы для улучшения ситуации, а также разработка конкретных рекомендаций для педагогов, администрации школ и местных властей.

Вторая часть нашей статьи посвящена основным проблемам, с которыми сталкиваются сельские школы. Одна из наиболее острых проблем – это недостаток квалифицированных педагогов и сложность их удержания. В Волошинской средней школе, как и во многих других сельских учебных заведениях, наблюдается повышенная текучка кадров. Молодые специалисты часто уезжают в поисках более высокой заработной платы и лучших условий работы, оставляя школы в состоянии постоянной нехватки учителей. Эта ситуация негативно сказывается на качестве образования и стабильности учебного процесса.

Другая значительная проблема – ограниченные материально-технические ресурсы. В сельских школах часто не хватает современного оборудования, учебных материалов и даже подходящих помещений для проведения занятий. Например, во многих школах, подобно Волошинской средней школе, учебные помещения нуждаются в ремонте, а учебные пособия и технологии устаревают. Это создает дополнительные трудности для учителей и учащихся, мешая эффективному образовательному процессу.

Проблема транспортной доступности и безопасности также занимает важное место среди вызовов сельской школы. В зимний период, особенно в отдаленных районах, доставка учеников в школу и обратно может стать настоящим испытанием. Дороги часто оказываются непроходимыми, а транспортные средства – недостаточно надежными и безопасными. Это приводит к участившимся опозданиям или даже к пропускам занятий, что, в свою очередь, влияет на успеваемость и общее благополучие учащихся [1].

Эти проблемы оказывают комплексное негативное влияние на образовательный процесс в сельских школах. Недостаток квалифицированных учителей, ограниченные материальные ресурсы и трудности с транспортом влияют не только на качество образования, но и на мотивацию учеников и учителей. Решение этих проблем требует совместных усилий образовательного сообщества, местных властей и общества в целом. В следующих частях мы рассмотрим возможные пути решения этих проблем и примеры успешных практик, которые могут быть адаптированы для улучшения ситуации в сельских школах.

Қараша айынан бастап шағын жинақты мектептерге әдістемелік кабинетте «Әдістемелік десант» ұйымдастырылды.

Әдістемелік десант-ауыл мектептерінің педагогтерінің біліктілігін көтеру мен кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған әдістемелік көмек көрсету үшін құрылған практикалық кеңес.

Әдістемелік десант мақсаты: мектеп педагогтардың кәсіби әлеуетін дамытуға, оқыту мен үйрету тәжірибесі проблемаларын бірлесе шешуде қолдау көрсету. Ауыл мектептеріне бару-әдіскер мамандардың аудан педагогтерімен, соның ішінде ауыл мектептерінің педагогтерімен тікелей іскер қарым-қатынас жасаудың жалғыз түрі.

Әдістемелік десант қызметі мынадай мәселелерді шешуге көмектеседі:

- ✓ педагог қауымға қарқынды өзгеріп жатқан өмір жағдайында үздіксіз кәсіби дамудың қажеттілігін насихаттау;
- ✓ деңгейлік бағдарламаның түйінді идеяларымен, мазмұнымен таныстыру;
- ✓ инновациялық педагогикалық идеялар арқылы мұғалімнің әдістемелік шыңдалуына жағдай жасау, кәсіби біліктерін жетілдіру;
- ✓ сертификатталған мұғалімдердің тәжірибесін дәріптеу, олардың арасындағы ынтымақтастығын дамыта отырып, қолдау көрсету.

Осы орайда «Әдісемелік десант» мектеп базасында өткізіледі және 2 кезеңнен тұрады:

1 кезең семинар-практикум. Бірінші кезең екі бөлімнен тұрады.

1.1.Мұғалімдердің ашық сабақ берулері. Жаңа заман талабына сай оқушыларға білім беріп, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, оқытудың жаңа-әдіс тәсілдерін ұтымды қолдану-оқытудың негізгі талабы. Осыған байланысты шағын жинаталған мектептерде аудан мектептерінің сертификатталған мұғалімдері ашық сабақтар көрсетті. Соның ішінде шағын жинақталмаған мектепердің де мұғалімдері біріктірілген сыныптарда ашық сабақтар өткізіп, 2-3 оқушыға немесе 2 біріктірілген сыныпқа сабақ бере отырып, өздеріне жаңа тәжірибе жинады (1-сурет). Шағын жинақталған мектепте сабақ берудің оңай тұстарымен қатар қиын жақтары да бар екенін түсінді. Ал көмек алған мектептің мұғалімдері өздерінің қоржындарын жаңа әдіс-тәсілдермен толықтырып, сабақты тиімді жоспарлау жолдарын үйреніп, жаңа әдістерді қолдана отырып сабақ өткізген басқа мұғаліммен жұмыс барысындағы өз оқушыларының сабаққа қызығушылықпен қатысқанын көріп, тиімділігін түсінді.



1-сурет

1.2.Коучинг сабақ өткізіледі (1,5 сағат). «Сабақты тиімді жоспарлау» тақырыбында коучинг сабақ өткізіледі. Мұндағы коучинг мақсаты: сабақ үрдісіндегі жаңа әдіс-тәсілдердің оқытудағы маңызын ажырату, белсенді оқыту стратегиялары бойынша тәжірибе алмасу (2-сурет). Әріптестерге коучинг көрсету арқылы қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру үлгісі мен сабақта қолданылатын жаңаша әдіс-тәсілдер түрлері таныстырылады.

Семинар барысында педагогтер 4 топқа, яғни I топ-жаратылыстану-математика, II топ-қоғамдық-гуманитарлық, III топ-бастауыш сынып, IV топ-дене шынықтыру және эстетикалық бағыттағы пәндер бойынша бөлінді. Семинарға сонымен аудан мектептерінен келген мұғалімдер мен білім бөлімінің әдіскерлері осы аталған топтарға өз пәндері бойынша бөлініп, аталған мектептің пән мұғалімдеріне көмектесіп отырады.

2-сурет

Коучинг барысында көмек алушы мектептің мұғалімдеріне алдымен сабақты қысқа мерзімді жоспарлаудың жолдары толығымен, мысалдар келтіре отырып таныстырылды. Осыдан кейін әр топқа бір-бірден қысқа-мерзімді сабақ жоспарының үлгісі беріліп, олар біріге отырып өз пәндері бойынша бір сабақты бастан-аяқ кезеңдерін сақтай отырып және жаңа-әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып жоспарлап, құрады. Жоспарды құрғаннан кейін әр топ өз жұмысын ортаға шығып қорғайды.

Сабақ жоспарлау барысында мұғалімдерге сабақтың басында, ортасында және соңында қолданатын әдіс-тәсілдерді жетік білмеуі қиындық тудырды. Осы мәселені шешу мақсатында оларға келесі жұмыс ұсынылды: Әр топқа флипчарт парақтар таратылып, «Зигзаг» әдісі арқылы 5 минут уақыт ішінде сабақтың басында, ортасында, соңында қолданылатын әдістерді жазып шығу тапсырылады. 4 топқа 4 түрлі түсті маркер беріледі.

5 минуттан соң топтардың флиптчаттарын сағат тілі арқылы ауыстыра отырып, бере отырып, топтар басқа топтың жұмыстарына өз әдіс-тәсілдерін енгізе отырып толықтырады. Әр топтың флипчарты өзіне қайтып келген жалғастырылады. Осыдан кейін әр топ ортаға шығып, өздерінің жазған әдіс-тәсілдерін қорғап, сабақ кезеңдерінде қалай пайдалану керек екенін түсіндіреді және басқа топтың қосқан тәсілдерінің ішінде түсінбегендерін, білмейтіндерін, сұрап, талқылап, түсінеді. Семинарда мұғалімдер тапсырманы өздері шешіп, қандай да бір қорытындыға өздері жетіп отырды. Топтық тапсырмаларда мұғалімдерде ортақ проблема болды, өз идеяларымен бөлісті, пікір алмасты. Ойларын талқылап, дәлелдеді. Әр топ бір-біріне сұрақ қоя білді.

Мұғалімдер өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысып, ой-өрісі кеңейіп, еркін ойлай отырып, шығармашылық қабілеттері ұштала түскеніне көзіміз жетті.

2 кезең ашық сабақтар (семинардан кейін 10-15 күннен соң өткізіледі), бастауыш, орта және негізгі мектеп оқушыларына жалпы білім беретін мектебінің пән мұғалімдері жүйелі қызметте ашық сабақтарын өткізеді. Өткізілген сабақтардың қорытындысы бойынша дөңгелек үстел өткізіледі. Педагогтер мен әдіскерлер сабақтарды талдайды. Сабақта қолданылған әдіс-тәсілдердің жүйелілігі мен тиімділігіне баға береді. Олардың сабақтың мақсат міндеттеріне сәйкестігін, жаңа мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сай мұғалімнің педагогикалық әдістерді меңгеруі, өзін-өзі бағалау, талдау барысы талқыланады.

Өз кезегінде интербелсенді оқытуда оқушылар нәтижеге бірлескен қарым-қатынас пен әрекеттесу арқылы жететіндігін біледі. Сондықтан мұндай сабақтарда жағымды психологиялық климат пен өзара сенім ахуалын орнықтырудың маңызы ерекше. Соған орай мұғалім интербелсенді оқыту кезінде білім алушыларды ынталандырып, оларда ішкі мотивацияның пайда болуына және өзара әрекеттесуіне ықпал жасайды.

Десант бұл ұтымды, ұшқыр топ екендігін түсіндік. Өйткені, бұл әдістемелік десанттың атқаратын қызметі педагогтердің жаңа ақпаратты меңгеру, қолдану, ізденушілік, бағалаушылық деңгейінің өсуін әдістемелік қамтамасыз ету, жаңа үлгідегі мұғалімнің алдындағы өзгерген мақсат-міндеттерді талдай білуіне ықпал жасау, үздіксіз білім беру жүйесіндегі оқушының жеке даму траекториясын дамыту жолдарын анықтауға мүмкіндік туғызу, әрбір педагогтың өз көзқарасына сыни тұрғыдан қарауына, жаңалықтар мен болжамдар таба білуіне бағыт беру.

Қорыта айтқанда, дұрыс құрылған жоспар, нәтижелі сабақ, шығармашыл, ізденімпаз ұстаз ұйымдастырған жұмыстың нәтижесінде шәкірт жаңалыққа бейім болып, қазіргі әлеуметтік сұранысқа сай, өздігінен ғылыми ізденістер мен зерттеулер жасайтын, өзін-өзі дамытатын, белсенді әрекетке түсе білетін, тез шешім қабылдайтын, жүйелі түрде өзіне-өзі баға беріп, рефлексия жасап отыратын, мәдениетті, эстетикалық талғамы бар, білімдегі жаңалықтарға қызығушылығы басым, шығармашылықпен өзін-өзі үздіксіз дамытып отыратын жан-жақты тұлға болып қалыптасары анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. Алматы, 2007. – 134-155 б.
2. Әлімов А.Қ. Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер. Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014. - 72-84б.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. I деңгей, 2014.
4. Білім саласын бақылау департаментінің сабақты бағалау өлшемшарттары.

«ТАБЫСТЫ МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»

Искакова Шарипа Санатовна
Ақтау негізгі білім беретін орта мектебі,
Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы
aktaumektep@yandex.kz

Аннотация: Жұмыс тиімділігі мен ресурстық ұтымдылықты арттыру үшін ұтымды ресурстарды пайдалану білім беруде осындай басқару құралын қолдану арқылы мүмкін болады. Жаңартылған білім беру мазмұнындағы әдіс-тәсілдердің тиімділігіне ерекше назар аударылған. Білім алушылардың тұлғалық өсуіне және оқу материалдарын меңгерудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін әдіс- тәсілдердің бірі зерттеу жұмыстарының табысты менеджменті болып табылады.
Аннотация: Использование рациональных ресурсов для повышения эффективности труда и ресурсной рациональности возможно при использовании такого инструмента управления в образовании. Особое внимание уделяется эффективности методов в обновленном образовательном контенте. Успешное руководство научно-исследовательской работой является одним из методов, способствующих личностному росту студентов и повышению эффективности усвоения учебного материала.
Аннотация: The use of rational resources to increase work efficiency and resource rationality is possible by using such a management tool in education. Special attention is paid to the effectiveness of the methods in the updated educational content. Successful management of research work is one of the methods that contribute to the personal growth of students and increase the efficiency of learning learning materials.
Түйінді сөздер: менеджмент, білім беру, басқару қызметі, білім беру мекемесі.

Білім беруді друді дамытуға байланысты Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңістігіне енуі – білім беру саласындағы өзгерістер, тұрақты дамудың жаңа стратегиялық бағыты, қарқындылығы, қоғамның ашықтығы, жедел ақпараттануы білім ұйымы басшыларының басқаруды жүзеге асыруда да жаңаша көзқарасты және инновациялық қызметті талап етеді. Жаңа ғасырдың талабы да, ғажабы да басқа.Менеджменттің рөлі біздің әлемде жетекші болып табылады, осы модельдің көмегімен қаржылық, материалдық, зияткерлік және басқа ресурстар жаңартылады. Батыс Еуропада басқарушылық білімді барлық дерлік оқытушылар пайдаланады.

XXI ғасырдағы білім беру туралы «Білім беру: әлі ашылмаған қазына» атты ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық комиссияда жасалған Жак Делордың баяндамасында қазіргі білім берудің сүйенетін төрт тұғыры бар, олар: «танып үйрену; жасап үйрену, бірлесіп өмір сүруді үйрену, өмір сүруді үйрену» деп белгіленген. Бұлар ғаламдық құзыреттіліктер ретінде анықталып отыр. Жак Делордың айтуынша, олардың бірі – «жасап үйрену деген тек кәсіби біліктілік алу үшін емес, одан әлдеқайда кең мағынадағы, өмірдегі түрлі жағдайлардан жол табатын, басқа адамдармен бірлесе жұмыс жасауға мүмкіндік беретін құзыреттіліктерге ие болу». Қазіргі педагогтарға қажетті сапалар, атап айтқанда, қарым - қатынас жасай алу; адам ресурстарын дамытуға қабілеті; шығармашылық қабілеті; өз бетімен білім ала білуі өзінен өзі қалыптаспайды. Кәсіби дамытуды біліктілігін арттыру курстарында ғана емес, мектепте тиімді ұйымдастыру арқылы рефлексияға қабілетті, өзісіне есеп бере алатын, ізденімпаз ұстазды дамытуға болады.

Мектептің негізгі миссиясы - «Табысты менеджментті мектеп» атағына ие болу болса, табысты оқушы табысты мектепке жетелейтіні сөзсіз. Осы бағытта мектепті дамыту жоспарына сәйкес мектебімізде 2021-2022 оқу жылының, тоқсандық қорытындысының талдауы негізінде 4 сыныптың білім сапасын көтеру мақсатында іс –

әрекеттегі зерттеу сабақтарын өткізу жоспарланды. 2021-2022 оқу жылының 4 тоқсанында 4 сыныпта «Топтық жұмыс жасау арқылы тыңдалым және айтылым дағдыларды дамытуға бола ма?» тақырыбындағы зерттеу сұрақтары бойынша іс-әрекеттегі зерттеу сабақтары орта мерзімді жоспар негізінде тізбектелген сабақтар арқылы өткізілу жоспарланды. Іс-әрекетті зерттеу сабақтарын өткізбес бұрын төмендегідей жоспар негізінде зерттеу қадамдары құрылып, тәжірибе жүзеге асты.

Жоспар

✓ ТМІС сабақтарын өткізуде сыныптың таңдалу себебі

✓ Табысты менеджменттің іс-тәжірибеге енгізілген өзгерістер және пайдаланылған дерек жинау әдістері.

✓ Тәжірибеге өзгерістерді енгізу.

✓ Табысты менеджменттің іс-тәжірибед зерттеу жүргізу үдерісіндегі шектеулер және бұдан кейінгі іс-тәжірибеге жасайтын ықпалы.

✓ Деректерді талдау, қорытындылау және оқытудағы келешек өзгерістерді жоспарлау.

Сабаққа қатыса отырып, А әңгімелесе отырып, сараптап талдау жүргізе отырып тақырыпты таңдадық. Сыныптағы зерттеу тақырыбы: «Топтық жұмыс жасау арқылы тыңдалым және айтылым дағдыларды дамытуға бола ма?». Бұл тақырыптың өзектілігі қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістердің барлығы оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға (1-сурет) алып келеді.

Неліктен бұл сынып? Өйткені, мектепішілік бақылау барысында мұғалімнің сабақты дәстүрлі форматта ұсынуы оқушылардың сабаққа қатысу қызығушылығының төмендігін, үнемі ұжымдық жұмысты қолдануы басқа «В», «С» оқушыларының «тасада» қалғанын байқатты. Оқушылар зейіні тұрақсыз, өйткені, берілген нұсқаулар әр тапсырманың жетістік критерийлері, дескрипторлары арқылы көрініс таппаған. Жабық сұрақтарды жиі қолдануы оқушылардың сыни ойлауын тежеп, айтылым дағдысының дамуына кедергі келтіріп отыр.

Оқушылардың көптеген тыңдалым айтылым дағдысы, оқушылардың сыни дағдыларын дамытуда осы әдебиеттік оқу пәнінің (2-сурет) маңызы зор. Пән ерекшелігі мәтіндермен танысып, мәтіннің негізгі түйінін анықтай отырып, өмірлік жағдайлармен байланыстыруда. Сондықтан да, аталған проблемаларды шешу үшін қазақ тілі пәні таңдалды.

1-сурет 2-сурет

Жеке даму, оқыту және тәрбиелеу-білімге тәуелді процестер оқушының қызығушылықтары мен жеке ерекшеліктерін ескереді. Білім беру жүйесінің негізгі аспектілерінің бірінің құрылғысы оқу процесінде жаңа нәрселер мен қабілеттерді кеңейтеді, тасымалдайды, игереді және уақтылы игереді. Белгілі ресурс-бұл білім, сонымен бірге жеке тұлғаны қалыптастыру және процесті тәрбиелеу, соның ішінде оқушыларды бақылау үшін зиянсыз. Білім беруді басқару және оның тиімділігі принциптер мен әдістерден тұрады, олар білім беруде егжей-тегжейлі қарастырылады: Білім беру қызметі сәттілік, қарым-қатынас жеке мүдделер қабілетіне негізделген; мұғалім ұжымда экологиялық таза климатты қамтамасыз етеді (мұғалімдер мен оқушылар

арасында); педагогикалық менеджмент ұйымның кешенді нысаны, принциптері, басқарудың технологиялық әдістері ретінде қарастырылады білім беру процесінің сапасы. Профессор-оқытушылар құрамы білім беру мекемесінде басқару қызметін жүзеге асыратын оқу процесіне жауапты танымдық және білім беру процестерінің менеджерлері болып саналады.

Тәжірибе бөлісуде «ротациялау сабақтары», командалық сабақтар, тақырыптық шебер сыныптар, коучингтер, дөңгелек үстелдер жоспарланып өткізіледі. Білім беру жүйесін құрайтын функциялардың негізгі түрлерін қарастырыңыз: бақылау, жоспарлау, мотивация, және ұйымдастыру. Ішкі функциялар ерекшеленеді:

-Ұйымдастырушылық – орындаушылық;

-Бақылау–диагностикалық;

-ақпараттық – аналитикалық;

-мотивациялық – мақсатты;

-жоспарлы – болжамдық;

- реттеуші – түзету функциялары [3].

Персоналды басқару жүйесінің тиімділігі барлық функциялар мен ішкі функциялардың реттілігімен анықталады, ауысымдылықтың маңыздылығын және жүйенің жұмыс циклінің қалыптасуын атап өту маңызды.

Басқарудың негізгі кезеңдеріне байланысты мыналарды ажырату қажет:

✓ Диагностика және бағалау;

✓ Әр түрлі социологиялық әдістерді қолдана отырып мәліметтер жинау; [1, б. 136]:

✓ Жағдайдың түпкілікті нәтижесі, сондай-ақ жағдайды жақсарту жолдары. Осы кезеңділіктің көмегімен жұмыс нәтижелерін арттыруға және тиімділік деңгейін арттыруға болады.

Жүргізілген іс – әрекеттегі зерттеудің сабақтар топтамасында жеке, жұптық және топтық, ұжымдық жұмыс, «ҚБ тапсырмалары», белсенді әдістер: «серпілген сауал», «галерея шарлау», «жұмыртқа», «ортадағы қалам», «бірге ойлаймыз», «ойлан, жұптас, топтас бөліс», «АКТ қолдану», «постер қорғау», «кері байланыс түрлері», «фишбоун», «өрмекші торы», «кластер» т.с.с. әдістер кеңінен пайдаланылады. Қолданылған әдістер оқушының дамуына, топта және жұпта бірге ақылдасып жұмыс жасауына көмектесті. Тыңдалым және айтылым дағдыларының дамуын «С» деңгейіндегі оқушыларының топтасып, ішінен альфа, бета оқушыларының шығуынан байқауға болады.

Білім беру жүйесінің алдында бірнеше проблемалар тұр, мысалы: сапалы білім беруді енгізу, жоғары санатты мамандарды шығару, экономикалық әлеуметтік саладағы өзгерістер. Айта кету керек, зияткерлік әлеует-білім беру сапасының негізгі көрсеткіші. Білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан реформалар білім беру тиімділігінің сапасына, сапалы қызмет алуға жағдай жасауға, ең бастысы білім беру процесінің тиімділігіне әсер етудің ең күшті деңгейіне ие. Білім беруді басқарудың сапасы, ең алдымен, менеджерге байланысты, бұл көптеген зерттеулерде дәлелденген. Дәл осы фактор мекемедегі білім сапасы арта ма, жоқ па, соған байланысты. білім берудің негізгі жағымсыз факторларының бірі-тек еңбек міндеттерін орындау үшін білім алуға бағытталу, пайдаланбай жеке дамуға мүмкіндік береді. Объект пен субъектіні басқарудың принциптері мен модельдері, қолданылатын формалар мен әдістер басқару механизмдерін жасайды. Білім беру жүйесін басқарудағы проблемалар: тәуелділікті басқару жүйесінің функционалдығы функционалдық құрылымы және ұйымдастырылуы; Мазмұны мен білім беру кеңесі мен мазмұнды басқару арасындағы байланыс, сондай-ақ мектептегі педагогикалық процесті ұйымдастыру тәсілі; қызметті басқаруға жауапты адамның қабілеті мен жауапкершілігі; тиімділік, сабақтастық және қызмет ритағы; ақылды және демократиялық бағдар.

Қорытындылай келе, біздің заманымыздың білім беру саласында менеджмент жұмысты арттыруға, қолданыстағы жүйені дамытуға, сондай-ақ барлық іс-шаралардың қорытындысы бойынша жұмысты талдауға қабілетті екенін атап өткім келеді. Білім беру

саласында менеджментті қолдану қазіргі қоғамға және жалпы оқушының жеке басына әсер ете отырып, менеджменттің принциптері мен әдістерін қолдану арқылы пайдалы әсер етеді. Ата-бабамыз «Оқу инемен құдық қазғандай» демекші, шығармашыл, ізденімпаз, өз ісін риясыз сүйетін ұстаз ғана табысты болады, нәтижеге жетеді. «Табысты ұстаз - табысты оқушыға, табысты оқушы – табысты мектепке», яғни миссиямызға жетелейтіні сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Веснин В. Р. менеджмент негіздері: оқулық / В. Р. Веснин. — М.: Даңғыл, 2015. — 320 с.
2.Гончаров М. А. білім берудегі менеджмент негіздері: оқу құралы / М. А. Гончаров. - 3-ші басылым., өшіріңіз. — М.: НОРУС, 2016. — 476 Б.
3.Мескон М. Х. менеджмент негіздері / М. Х. Мескон, М. Альберт, Ф.Хедоури. — М.: Уильямс, 2016. — 672 с.
4.Челнокова Е. А., Коровина Е.А., Агаев Н. Ф. педагогикалық менеджмент мұғалімнің басқару қызметінің түрі ретінде // заманауи ғылымды қажет ететін технологиялар. — 2015.
5.Шипилина Л. А. білім беру мекемесін басқару сапасы және білім берудегі менеджментті кәсібилендіру қажеттілігі. // Сібір педагогикалық журналы. — 2016. — № 10.

«РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТА КОМАНДАЛЫҚ САБАҚТЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Давлетова Жаркынай Сагиндыковна
Л.Қылышев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі,
Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы
Davletova_zko@mail.ru

Аннотация: Жаңартылған білім беру мазмұнындағы әдіс-тәсілдердің тиімділігіне ерекше назар аударылған. Командалық сабақта белсенді әдіс-тәсілдерді қолданудың қажеттілігімен оқытушылардың кәсіби құзіреттілігін дамытудағы оқытудың тиімді жолдары қарастырылған. Білім алушылардың тұлғалық өсуіне және оқу материалдарын меңгерудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін әдіс- тәсілдердің бірі зерттеу жұмыстары болып табылады. Командалық сабақтыңда тиімділігі бар.
Аннотация: Особое внимание уделено эффективности методов и приемов в обновленном содержании образования. С необходимостью применения активных методов и приемов на командном занятии предусмотрены эффективные пути обучения в развитии профессиональной компетентности преподавателей. Одним из методов, способствующих личностному росту обучающихся и повышению эффективности освоения учебного материала, являются исследовательские работы. Имеет эффективность в командной последовательности.
Annotation: Special attention is paid to the effectiveness of methods and techniques in the updated content of education. With the need to apply active methods and techniques in a team lesson, effective learning paths are provided in the development of professional competence of teachers. One of the methods that contribute to the personal growth of students and increase the efficiency of mastering educational material is research work. It has effectiveness in the command sequence.
Түйін сөздер: жаңа технология, командалық оқыту, магниттік мектеп, оқытудың әдіс-тәсілдері

«Бірге жиналу-бастама, бірге болу-ілгерілеу, бірге жұмыс істеу – жетістік» дегендей 2014 жылдан бері Л.Қылышев атындағы ЖОББМ ресурстық мектеп болып

табылады. Жаңатұрмыс негізгі орта білім беретін мектеп магниттік мектеп болып бекітілген. Олар жылына үш сессияға келеді. Сол сессия уақытында әр түрлі практикалық, зертханалық жұмыстар жасайды. Әсіресе химия, биология, физика пәндерінен, мектептің материалдық базасын қолданады.

Мұғалімнің басты мақсаты-оқушыға қажетті білім берумен шектелмей алған білімін керек уақытында қолдана білуге үйрету. Осы мақсатта оқушыға дайын ақпаратты бермей, оны өз бетімен жұмыс істеуге, ізденуге үйрету қажет. Ол үшін әр ұстаз оқытуда білім берудің озық тәсілдерін қолдануы керек [1].

Бір технологияның өзі әр түрлі мұғалімдердің шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылуы мүмкін. Не үшін тиімді? Себебі, биология сабағында озық технологияларды пайдалану - оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруын, оқушының өзін-өзі дамытуын, ойлауын елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен білім алуға құштарлығын таныту Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс – тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп, қолданылады. Тиімді пайдалыларын жетілдіре түседі. Көрнекі педагог В.А. Сухомлинский «Сабақ жасөспірімдердің интеллектуалды өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін ол қызықты болуы шарт. Осыған қол жеткенде ғана мектеп жасөспірімдер үшін рухани өмірдің түлеген ошағына, мұғалім осы ошақтың құрметті иесі мен сақтаушысына айналады» деп айтқан. Өйткені жай ғана сабақ құнарсыз тағам секілді адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденістері, қолданған әдіс – тәсілдері арқылы ерекшеленіп, шәкірт жүрегінен орын алады. Сабақ үрдісінде пайдаланып жүрген әдіс – тәсілдер оқушылардың оқуға деген ынта – ықыласының, дағды мен ой – өріс, білім – біліктерінің артуымен сипатталары сөзсіз [2]. Оқытудың әдіс-тәсілдерін тиімді таңдап алу оқытуда табысқа жетуге негіз болады, әрі сабақтың тиімділігі мен сапасын барынша арттыруға мүмкіндік береді.

2019 жылдан бері командалық сабақ жүргізіліп келеді. Екі мектептің пән мұғалімдер арасында. Командалық сабақ нәтижесінде магниттік мектеп мұғалімінің практикалық дағдылары артады, тәжірибе жинайды және де сыныпта отыз оқушы болған уақытта екі мұғалімге өте тиімді. Топпен жұмыстың жүргізілу барасын, топтың белсенділігін екі мұғалім бақылай алады. Жұптық жұмыстың орындалуын, біреуі түсіндіріп жатқанда екіншісі тапсырмаларды дұрыс меңгеріп жатырма қарап жүреді.

Командалық жұмыстың алғы шарттарының бірі – бірлесе жоспарлау. «Құлыпқа кілт керек, дағдыға құнт керек» демекші, шебер бола болу үшін ынта мен жігер керек-ау деген байламдамын. Екі білікті, тәжірибелі маман қосылып оқушылар үшін ынтымақтастық ортаны орнатып, оқыту жұмысын ұйымдастырдық.

Біз үнемі өзгеріп тұратын әлемде өмір сүріп жатырмыз, онда жаңа технологиялар қарқынды дамып, ақпарат көлемі артып келеді [3]. Сондықтанда командылық сабақ бір мақсатпен біріктіретін, әрі қарай жұмысқа ынталандыратын, командалық жұмыстың тиімділігін арттыратын орта құруға мүмкіндік береді.

Өзімнің бір сабағыма тоқталатын болсам 6 сыныпқа жаратылыстану пәнінен «Тұрмыстағы химия» тақырыбында командалық сабақ өткіздік. Алдымен бірлесіп жоспар құрдық (1-сурет). Қасымдағы әріптесім жас маман. Қандай әдіс-тәсілдер қолданымыз, жас ерекшелігін қарап қандай тапсырма беретінімізді нақтылып алдық. Әріптесіме көрнекі құралдарды дайындауға берем. Оқушыларға да командалық сабақ қызық,себебі психологиялық ахуал туындайды, күнде көріп жүргеннен мұғалімінен бақса бірігіп берген сабаққа қызығушылығы одан артта түседі. Сабақтың жүргізілі барысын бөліп аламыз. Біреуміз үй тапсырмасын сұрасақ, екншіміз сабақтың мақсатын айқындап жаңа сабақты ашамыз. Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны аясында топпен жұмыстың жүргізілу барасын, топтың белсенділігін мұғалім екіге бөлініп бақылай алады. Жұптық

жұмыстың орындалуын, біреуі түсіндіріп жатқанда екіншісі тапсырмаларды дұрыс меңгеріп жатырма қарап жүреді.

1-сурет

2-сурет

Тақырыпқа байланысты топтық жұмыста зерттеу жұмысын алдық оқушылар белсене қатысып, екі мұғалімге өте тиімді (2-сурет). Топтарды қарап бағыт-бағдар беріп отырады. Үлгермей отырған оқушыларға көмек береді. Сабақ аяғына дейін әр тапсырмаға уақыт берілді, сабақ бекітіліп, кері байланыс жүргізіліп сабақ уақытында аяқталды.

Ресурстық орталықта бірлесе командалық оқытудың артықшылықтарының бірі мыналар болып табылады деп ойлаймын:

- ✓ сыныптарда сабақ беретін мұғалімдер арасында тәжірибемен және идеямен алмасу;
- ✓ оқытудың бірыңғай стратегиясын талқылау;
- ✓ тиімді оқыту мен жоспарлауды жүзеге асыру;
- ✓ мұғалімдерді бір-біріне жақындату;
- ✓ жас мұғалімдерге жұмыста қолдау көрсету;
- ✓ туындаған мәселелерді шешу құралы ретінде қолдану;
- ✓ оқушылардың белсенділігі артады;
- ✓ оқушылар бірлесіп жұмыс жасайды
- ✓ екі мұғалімге командалық сабақ тиімді

Қорыта кетсем, қазіргі заман талабына сай өсіп келе жатқан жеткіншек технологияларды кеңінен пайдалануға бейім екені баршамызға аян. Сондықтан оқушы қызығушылығын, сабақтың тиімділігін арттыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолданғанымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Тиімді сұрақтар арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту әдістемелік ұсыным Г.Б.Төреханова Н.К.Абдрахманова. – Астана «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2016 жыл, 44 бет

2.Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2015 жыл, 78 бет

3.Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, Астана 2016 жыл

РЕСУРСТЫҚ МЕКТЕПТІҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ: ҮЗДІК ДӘСТҮРЛЕРДЕН БОЛАШАҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ДЕЙІН

Бисенгалиева Айкерим Кенесовна
Амангелді негізгі орта мектебі,
Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы
aykerim.bisengalieva@mail.ru

Аннотация: Оқу тәрбие үрдісіндегі әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мен жүзеге асырудағы тиімді әдіс-бірлескен әрекет. Ортақ мәселені бірлесіп шешу, мақсатты жүзеге асыруда өзара ықпалдастықты қамтамасыз ету арқылы қолайлы орта қалыптасады. Табысты сабақ, тиімді жоспарлау, сапалы нәтиже оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі басым бағыт болып табылады. Бірлесекен әрекет сапалы да нәтижелі жұмыстың бастауы болу үшін ұжымдағы ахуал мен өзара сыйластық пен жауапкершілікті қажет етеді.
Аннотация: Эффективным методом планирования и проведения методических работ в учебном процессе являются совместные действия. Благоприятная среда формируется при совместном решении общей проблемы и взаимном сотрудничестве в реализации цели. Успешный урок, эффективное планирование, качественный результат – приоритетные направления в образовании и обучении. Для того чтобы совместные действия стали началом качественной и эффективной работы, необходима атмосфера в коллективе, взаимное уважение и ответственность.
Annotation: An effective method of planning and carrying out methodological work in the educational process is joint action. A favorable environment is formed by jointly solving a common problem and mutual cooperation in achieving the goal. A successful lesson, effective planning, high-quality results are priority areas in education and training. In order for joint actions to become the beginning of high-quality and effective work, a team atmosphere, mutual respect and responsibility are necessary.
Түйінді сөздер: бірлескен әрекет, командалық сабақ, әдістемелік дуэт, бірлескен әрекет, оқу сессиясы, нәтиже, әдіс-тәсіл

Бірлескен әрекет- нәтижелі жұмыстың бастауы

Мектеп — әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі. Соның ішінде ауыл мектебінің мәселелесі – қазақтың елдігінің мәселесі. Ауыл мектебінде – қазақ ұлтының болашағы, үміт артқан ертеңі, ата-ана мен халық арманын арқалаған жас жеткіншек – ұрпағы оқып, тәрбиеленуде.

Қазақтың кемел дарын, таңғажайып, талантты ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек» деген. Бүгінгі таңда республикадағы ауыл мектебіне тән ерекшелік оның шағын комплектілі болуы. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай, қала халқының күрт өсуі, миграция тағы сынды жағдайлар шағын комплектілі мектептердің санының өсуіне әкелді [1].

Шағын жинақты мектептер шалғайдағы шағын ауылдық жерлерде адамдарды тұрақтандырудың басты кепілі болып табылады. Өйткені отбасының тұрмыс-тіршілігі мен балаларын оқытып тәрбиелеу үшін, мұндай мектептер барынша мүмкіндік жасауға ұмтылады. Осы орайда, қазіргі қиын жағдайларға қарамастан, бұл типтегі мектептерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда кейбір қолайлы жағдайлар бар екендігін де естен шығармауымыз керек.

Батыс Қазақстан облысы, Шыңғырлау ауданы Амангелді негізгі орта мектебіде шағын жинақты мектеп ретінде бүгінгі таңдағы оқушы контингентінің аздығына қарамастан педагог-педагог, педагог-оқушы,педагог-ата-ана сында үштік қарым қатынас және бірлескен әрекет ету арқылы мектептің әдістемелік жұмысын жүзеге асыру басты мақсат болып отыр.

Бірлескен әрекет ету- командалық жұмыстың алғышарты. Олай болса мектептің оқу тәрбие жұмысын жүзеге асыруда командалық жұмысты енгізе отырып оның тиімділігін көріпте жатырмыз.

Командалық жұмыс деген не? Оқыту үрдісіндегі командалық жұмыс не үшін қажет?

«Команда – күш-жігерлерін жалпы мақсатқа қол жеткізу үшін біріктірген топ». Осы анықтамаға өз педагогикалық қызметімізді негіздей отырып, «Бірге жиналу – бастама, бірге болу – ілгерілеу, бірге жұмыс істеу – жетістік» екенін біз мектебіміздегі басты қағидатына айналдырдық деуге де болады [2]. Шағын жинақты мектептер қатарында жетекші мектеп пен магниттік мектеп арасындағы ынтымақтастықты жүзеге асыру, білім сапасын арттыру,мектеп оқушыларының арасында қолайлы орта туғызу мақсатында жүзеге асырылып жатқан әр оқу жылындағы Ащысай МББК ресурстық орталықтың жұмыс жоспарына сай оқу сессиясын ұйымдастыруда бірлесекен әрекет негізгі жолға қойылған. Олай деуге басты себеп сессия барысындағы жетекші мектеп мен магниттік мектеп педагогтарының бірлесіп әрекет етуі, атап айтқанда командалық сабақты бірлесіп жоспарлау мен өткізу, сыныптан тыс тәрбиелік шаралардың мектеп тәлімгерлерінің бірлесіп жоспарлауы өз нәтижесін беріп жүргені ақиқат [3].

1-сурет 2-сурет

Тірек мектеп пен магниттік мектеп арасындағы бірлескен семинар

Ресурстық орталықтың әр оқу сессиясында жетекші мектеп пен магниттік мектеп педагогтары командалық сабақтарын бірлесе жоспарлап, өзара тәжірибе алмасып, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы табысты сабақтар өткізіледі.

3-сурет

Қазақ тілі мен орыс тілі пәндерінен кіріктірілген командалық сабақ

4-сурет 5-сурет

Ағылшын тілі сабағы Тарих сабағы

6-сурет

«Әдістемелік дуэт» жобасы бойынша бірлескен жұптар жұмысы

Ауыл мектебі – аз ғана шәкіртпен жұмыс жасау барысында кездесетін қиындықтарға қарамастан мектептің алға қойған мақсат пен міндеттерін жүзеге асыру мектептің педагогикалық ұжыммен жүзеге асатыны сөзсіз. Олай болса сол ұжымды ортақ мақсаттқа жұмылдыру мен жұмысты бірлесіп жоспарлау мақсатқа жетудің бірден бір жолы. Командалық сабақ беру, шығармашылық топпен, жұппен жұмыстану ортақ бірлесіп әрекет ету жұмысымыздың жемісі де аз емес. Жас мамандардың өзара тәжірибе алмасып, кәсіби өсуіне ықпал етсе, педагогтардың бірі біріне деген сыйластық пен мәселені бірлесіп шешу, талдау дағдылары қалыптасады.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші дегендей қандай да істің бірлікте басталып, өз нәтижесін сапалы жағынан көрсетсе, еңбектің еш болмағандығы олай болса «Күш бірлікте»деп әрқашан нақты мақсатты алға қойып бірлікте болайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жақыпов С.М. Оқыту процесіндегі танымдық іс — әрекет психологиясы. – Алматы: «Алла прима» ЖШС, 2008.

2.Тоқсанбаева Н.Қ. Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынастың психологиялық ерекшеліктері // Әл-Фараби атындағы ҚҰУ хабаршысы, Социология және психология сериясы. №1 – Алматы, 2005.

3.Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші(негізгі) деңгей /Бакиров К.А., Намысова Г.А., Аушева И.У., Шаримова А.Г., Ғабдоллақызы Б., Байкенова Б.А Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014.-292

THE PERSPECTIVE OF THE COMMUNICATIVE TEACHING METHOD AMONG THE ENGLISH TEACHING METHODS
АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІНІҢ АРАСЫНДА КОММУНИКАТИВТІ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ПЕРСПЕКТИВАСЫ
ПЕРСПЕКТИВА КОММУНИКАТИВНОГО МЕТОДА ОБУЧЕНИЯ СРЕДИ МЕТОДОВ ПРЕПОДАВАНИЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Esra Diner
“BILIM-Innovation” high school for gifted girls, Pavlodar
esradinerkz@gmail.com

Abstract: The methods used in foreign language teaching have been the subject of discussion at every stage. New and different methods have been applied continuously in this process. The deficiency of one has been tried to be eliminated with the other. The majority of the methods used in foreign language education also bring with it the issue of which method to use. In order to apply these methods effectively, it is necessary to know their basic principles, shortcomings

and application methods fully. This study focuses on the characteristics of communicative language teaching, its lack of use and criticism.
Аңдатпа: Шет тілін оқытуда қолданылатын әдістер әр кезеңде талқыланатын тақырып болды. Бұл процесте үнемі жаңа және әртүрлі әдістер қолданылды. Олардың біреуінің кемшілігін екіншісінің көмегімен жоюға тырысты. Шет тілін оқытуда қолданылатын әдістердің көпшілігі қандай әдісті қолдану керектігі туралы сұрақпен бірге келеді. Бұл әдістерді тиімді қолдану үшін олардың негізгі принциптерін, кемшіліктері мен қолдану әдістерін толық білу қажет. Бұл зерттеу коммуникативті тілді оқытудың ерекшеліктеріне, оның жеткіліксіз қолданылуына және сынға алуға бағытталған.
Аннотация: Методы, используемые в обучении иностранному языку, были предметом обсуждения на каждом этапе. В этом процессе постоянно применялись новые и непохожие друг на друга методы. Недостаток одного пытались устранить с помощью другого. Большинство методов, используемых в обучении иностранному языку, также сопряжены с вопросом о том, какой метод использовать. Чтобы эффективно применять эти методы, необходимо полностью знать их основные принципы, недостатки и методы применения. Это исследование сосредоточено на особенностях преподавания коммуникативного языка, его недостаточном использовании и критике.
Key Words: Foreign language education, foreign language teaching method, communicative language teaching
Кілтті сөздер: Шет тілінде білім беру, шет тілін оқыту әдістемесі, тілді коммуникативтік оқыту
Ключевые слова: Образование на иностранном языке, методика преподавания иностранного языка, коммуникативное обучение языку

Introduction

The dictionary meaning of the word method is the way used to achieve a goal, system, process and achieving results by implementing a plan.

This path followed in order for teaching to achieve the set goals needs to be constantly renewed, improved as the needs of individuals are constantly being moved to other dimensions depending on the innovations of the era and the production of knowledge. This requirement constantly keeps in mind the question of how a good method should be.

Methods Used in Foreign Language Teaching

The purpose of the method applied in language teaching is to help the student to learn the target language in the shortest and most reliable way. No method applied until today has been sufficient alone to achieve the goal. There are some techniques are appeared due to lack of understanding the target foreign language. (Memis, 2013: 298) For this reason, many methods applied in the teaching technique have been tried. According to Department of Modern Languages of the Council of Europe some common teaching methods are as follows;

- Grammar-Translation Method
- Direct Method
- Natural Method
- Audio-Lingual Method
- Cognative-Code Method
- Communicative Language Teaching
- Eclectic Method
- and there are also some less common alternative techniques;
- Suggestopedia
- Community Language Learning
- The Silent Way
- Total Physical Response
- Audiovisual Method
- Task-Based Method

- Content-Based Method

Communicative Language Teaching (CLT) is one of the approach of English language teaching methods which focuses on developing students' communicative skills and ability of usage language confident and appropriately. CLT method emerged in 1980s due to demand of usage of second language in real life-situations. People who are effective in the implementation of this method are sociolinguist Hymes, language teaching specialists Henry Widdowson (1978), Christopher Brumfit (1979) and Keith Johnson (1982). In advance Grammar-Translation Method would use to teach non-native English students. Since grammar-translation method was preferred rather than students' communication and interactive skills. The purpose of CLT is focusing on learners could use the target language during the classroom and produce speech in real-life contexts and engage in conversation.

Features of CLT

Since the main goal in this method is the student, the teaching environment, teaching materials and activities are designed for the them. These materials are shown in order for the target language to be functional in everyday life and to reflect the culture of that language.

The teacher's mission is to control students if they are communicating correctly with each other. (Demirel, 2010: 51).

The teacher who applies this method should know both language completely.

If necessary, students and teachers can translate to the mother tongue in a controlled way. (Hengirmen, 2006: 34).

Target language should be used while explaining the activity and also during the homework would be given. (Demirel, 2010: 57).

Grammar and sentence structure are learned during the activity and dialog.

During the activity there are "role plays, games, pair works, interviews, presentations and learning while teaching."

In some dialogues, blank filling is performed. Sentences bel.onging to the same structure are matched oral and written. (Demirel, 2010: 51).

Questions are asked about the student's own life related to the subjects taught to them before. Later, the student is given certain topics and asked to do group work on these topics. (Demirel, 2010: 52).

In order to understand the reading part, unknown words are explained in advance and it is facilitated for students to understand.

Training is given to students to acquire skills such as vocabulary, pronunciation before they are used in natural communication.

Criticism

Putting the grammar rules into CLT method without bringing them forward is seen as a lack of this method. Grammar rules are indispensable for a language to be used more correctly.

The CLT ignores memorization, however this is actually a beneficial technique whether you use it properly. (Hengirmen, 2006: 36).

The lack of content in the course materials and the use of dialogue instead.

During the lesson while students work in pairs teacher cannot catch up correct whole student's mistakes.

This situation makes learning inefficient and also undermines the teacher's authority.

Conclusion

The methods used in foreign language teaching aim to teach the target language in the best way. The constant development of alternatives to these methods shows that there can be no mention of the existence of a single and perfect method. In order for the method to be successful, it is necessary to make it suitable for this method by taking into account factors such as the environment, the language used by the students, in addition to the usage characteristics. It is not possible to teach language, which is in constant development and change along with humanity, by a single and stationary method. For this reason, the method to be used in teaching should adapt to these changes and be in continuous development.

LITERATURE

1. Applying the Communicative Language Teaching Approach
2. https://sanako.com/applying-communicative-language-teaching-approach
3. BRUMFİT, C.J. ve JOHNSON, K., The Communicative Approach To Language Teaching. Oxford University Press, Oxford, 1979.
4. DEMİREL, Özcan, Yabancı Dil Öğretimi. Pegem Akademi Yayıncılık, Ankara, 2010
5. HENGİRMEN, Mehmet, Yabancı Dil Öğretim Yöntemleri ve Tömer Yöntemi. Engin Yayın Evi, Ankara, 2006.
6. Memiş, M. R. Erdem, M. D. (2013). Yabancı Dil Öğretiminde Kullanılan Yöntemler, Kullanım Özellikleri ve Eleştiriler. Turkish Studies - International Periodical For Languages, Literature and History of Turkish or Turkic, 8(9) Summer, 297-318

УПРАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВОМ ОБРАЗОВАНИЯ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ МЕНЕДЖМЕНТЕ
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТТЕ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН БАСҚАРУ
QUALITY MANAGEMENT OF EDUCATION IN PEDAGOGICAL MANAGEMENT

Габдуллина Анара Адиетовна
Комплекс «Школа-ясли-детский сад» Амангелді»,
ЗКО, Таскалинский район, п.Амангелді
adietovna@mail.ru

Аннотация: А.А.Габдуллина «Управление качеством образования в педагогическом менеджменте». В докладе дан обзор на управление качеством образования а педагогическом менеджменте, а также приведены примеры из учебно-воспитательного процесса конкретной школы. Показаны различия в работе сельских и городских школ и пути их решения. Уделено внимание на развитие кадрового потенциала школ и применение различных современных технологий на уроках, с целью повышения качества обучения.

Ключевые слова**:** педагогический менеджмент, качество образования, лидерство, внутришкольный контроль, мониторинг

Уважаемые коллеги, ученые и гости данного мероприятия, вашему вниманию предлагаются некоторые размышления по вопросу "Управление качеством образования в педагогическом менеджменте" с ракурса реалий сельской школы...

Начнем с определений понятий "качество образования", «педагогический менеджмент» – как бы банально и заезженно нашему слуху они ни звучали…

Безусловно, качество образования – это, во-первых, общегосударственная задача – от качества образования зависят устойчивое социально-экономическое, политическое развитие страны и благополучие граждан, во-вторых, качество образования - это многогранный процесс, включающий в себя оценку, анализ и улучшение всех аспектов образовательного процесса, это комплексная характеристика образовательной деятельности и подготовки обучающегося, выражающая степень их соответствия государственным образовательным стандартам и требованиям. Именно школа несет ответственность за выполнение образовательных программ. А педагогический менеджмент, в свою очередь, фокусируется на организации и оптимизации образовательных ресурсов для достижения высших стандартов или качества обучения - то

есть, педагогический менеджмент – это метод управления работой школы и эффективная организация учебно-воспитательной работы.

В рамках заявленной темы хотелось бы обратить внимание на отдельные аспекты вопроса качества образования в сельских школах, поскольку существует объективная проблема разрыва в качестве обучения между городскими и сельскими школами. Исходя из этих данных реалий, мы и выстраиваем педагогический менеджмент нашей организации: на педагогических советах, рабочих совещаниях постоянно рассматриваем, решаем вопросы механизмов повышения качества обучения и сокращение разницы в подготовке наших учащихся. Соответственно разрабатываем комплекс образовательно-воспитательных мер, направленных на достижение учащимися результатов в олимпиадах городского, областного, республиканского масштабов, на успешные показатели ЕНТ, на многостороннюю, качественную подготовку и переподготовку педагогических кадров и многое другое.

Естественно, что в связи с развитием новой парадигмы образования и теории управления педагогический менеджмент постоянно обновляется. И сегодня в школах очень важно правильно выстроить организацию учебно-воспитательной работы: это грамотно составленные планы, вовремя проведенный мониторинг, систематический внутришкольный контроль. Несомненно, все это как единое звено, является движущими силами качественного образования. Как руководитель организации в своей работе я стараюсь придерживаться принципов разделенного лидерства, которое основывается на возложении лидерских полномочий на других коллег с целью внедрения культуры корпоративного лидерства. Разделенное лидерство включает в себя стратегическое лидерство – это вид лидерства, помогающий реализовать цели и позиции организации для ее успешной работы, при котором разрабатываются основные стратегии, направления развития, необходимые ресурсы и наиболее эффективные подходы коллективных достижений. Здесь важно правильно распределить задачи и обязанности между членами коллектива, чтобы каждый мог качественно выполнять свою работу и в то же время работать в команде, что, безусловно, расширяет возможности педагогического менеджмента и повышает качество школьного образования.

На сегодня в управлении качеством образования выделяются следующие ключевые факторы – умение учащихся применить полученные знания в жизни, а также способность педагога увлечь детей своим предметом. И, если все фигуры образовательного процесса устремлены качественно выполнять свою работу, то будут развитие и результат. На примере своей школы хочу отметить, что учителя, применяющие на своих уроках современные цифровые технологии, имеют больше достижений и свободу выбора в решении широкого спектра педагогических задач. Использование современных технологий на уроках позволяют им внедрять новые методики обучения, что, безусловно, повышает мотивацию и образовательные результаты учащихся – у таких учителей дети занимают призовые места на различных интеллектуальных конкурсах, смотрах районного, областного масштаба. Учитель, готовя ученика к конкурсам, сам становится той движущей силой, которая влияет на качество образования.

Основные составляющие управления качеством образования -планирование образовательных программ, контроль за их выполнением и постоянный мониторинг обучения -. Систематическая оценка и анализ результатов помогают выявить успешные методы и определить области, требующие дополнительного внимания. Как уже выше говорилось, без четко продуманного и правильно составленного плана, не будет качественного образовательного процесса. Поэтому в нашем педколлективе одно из главных требований – это грамотное планирование, а именно система внутришкольного контроля, которая за последний год претерпела много изменений. После каждого посещения урока, да и любого планового мероприятия, мы учимся всесторонне и качественно проводить анализ, чтобы в дальнейшем ошибки, которые были допущены – не повторялись вновь. И, конечно, постоянно ведем мониторинг обучения учащихся,

чтобы видеть реальную картину. В сельских школах немного легче проводить эту работу, так как нет большого количества учащихся, как в городских школах, но это не говорит о том, что можно ослабить мониторинговую работу. В конце учебного года наша школа составляет анализ своей работы за год, после каждого направления деятельности проводим SWOT-анализ, который отчетливо показывает нам наши проблемы и пути их решения.

Также в управлении качеством образования большую роль играет профессиональное развитие педагогов.

Успешное образование невозможно без компетентных и мотивированных педагогов. Постоянная профессиональная подготовка и переподготовка, обмен опытом и внедрение инноваций в преподавательскую практику являются ключевыми элементами повышения качества образования. Уровень подготовки сельских учителей сегодня ничем не отличается от городских учителей: они также обучаются на курсах повышения, проходят достаточно онлайн-курсов, внедряют в свою работу новые технологии. В нашей школе второй год внедряется тренд проектно-ориентированного обучения. Методические объединения учителей работают над проектной деятельностью, связанной с их предметами. Данная проектная работа значительно расширила возможности для повышения качества обучения, так как здесь задействованы и учителя, и ученики, которые занимаются поисковой, исследовательской деятельностью. Каждое методическое объединение исследует определенное тематическое направление – темы проектов каждый год меняются, если виден прогресс. Например, в прошлом учебном году все пять методических объединений работали над разными темами, итогом стал конкурс на лучший проект, где учителя представили свои достижения и результаты. В этом учебном году мы продолжаем реализацию проектно-ориентированного обучения, так как он дает значимые результаты в поднятии качества образования.

Вместе с тем необходимо отметить и слабые позиции сельских школ – это низкий процент публикации методических материалов, что свидетельствует о слабой научно-методической подготовке, что также отражается на качестве обучения. Поэтому почти на каждом методическом заседании, педагогических советах эта проблема не сходит с повестки.

В вопросах предоставления качественного обучения немаловажным является использование ученической обратной связи - она помогает выявить сильные и слабые стороны образовательного процесса. Внимание к мнению обучающихся позволяет адаптировать методики обучения и сделать их более эффективными. Педагоги нашей школы на своих уроках активно применяют обратную связь от учащихся, без которой современный урок будет неполным. Обратная связь позволяет учителю понять – правильно ли ученик понял тему, на что нужно обратить внимание в следующий раз. Сегодняших школьников можно заинтересовать лишь новыми, интересными, мотивационными методиками, поэтому учителям необходимо постоянно обновлять свои знания в сфере современных технологий. Безусловно, все перечисленные факторы сказываются на качестве обучения. В нашей школе отдельные учителя применяют цифровые платформы «LearningApps», «Quizlet», «wordwall», «kahoot» - их уроки, несомненно, вызывают живой, искренний интерес у учащихся, поскольку цифровые образовательные ресурсы помогают учителю за короткое время выстроить многоплановый и эффективный урок, а учащимся - успешно усвоить новый учебный материал. К сожалению, из-за отсутствия качественного интернета пока не все сельские школы имеют возможность широко использовать такие инновационные интерактивные методики.

Говоря о современных вызовах качества педагогического менеджмента, нельзя забывать и о международных стандартах. Сравнение образовательных систем с международными стандартами становятся все более востребованными, а также предполагают необходимость адаптации и внедрения лучших мировых практик. В

современной школе для повышения качества образования необходимо проведение постоянного мониторинга состояния, тенденций перспективного развития, объективной и адекватной оценки образовательных достижений учащихся. В данный момент усилия нашего коллектива направлены на подготовку к внешним оценкам учебных достижений МОДО, ЕНТ, а также на выполнение заданий материалов международных исследований Pisa, Pirls, Timss, чтобы наши школьники могли быть готовы к такого рода исследованиям.

Современное образование находится в постоянном изменении, следовательно, необходимы гибкие и инновационные подходы в управлении качеством образования, направленные на активное внедрение новых методик, на развитие критического мышления, творческого подхода и готовности к изменениям.

Таким образом, управление качеством образования - это не просто стратегия, но эта большая ответственность перед будущим поколением. Систематический мониторинг, постоянное совершенствование и адаптация к новым вызовам - вот путь к обеспечению высокого качества образования для каждой личности будь то в городской или сельской школе. Возникающие проблемы в сельской школе решаемы и решаются государством - следовательно, большой разницы в управлении качеством образования быть не должно.

ЛИТЕРАТУРА

1. Львов Л.В. Педагогический менеджмент : учебное пособие. - Челябинск: ЧГАУ, ЮУНОЦ РАО, 2008.
2. «Педагогикалық менеджмент» Ш.Х.Курманалина, С.М.Бахишева, Н.Н.Дәулеткалиева, Н.Ж.Архыматаева. Оқу құралы. – Астана 2018 ж.
3. Хмоленко И.Н. Международный научный журнал «ВЕСТНИК НАУКИ» № 6 (51)

ЦИФРОВЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ РЕСУРСЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Хамитова Н.М.
СОШ №25 г.Павлодар, Казахстан
oldina80@mail.ru

Аннотация: В докладе рассматривается использование ЭОРов и ЦОРов на уроках русского языка и литературы. Выбранная тема на сегодня очень актуальна: использование в учебном образовательном процессе цифрового образовательного ресурса позволяет повысить интерес к обучению, позволяет разнообразить формы работы, деятельность учащихся, активизировать внимание, повышает творческий потенциал личности. Использование интернет-ресурсов, веб-сервисов, создание тестов в Google classroom воспитывают интерес к уроку, делают его интереснее. Практическая значимость доклада в том, что предложенные пути могут быть использованы учителями в процессе формирования информационно-коммуникационной компетенции и развития у детей познавательного интереса.
Ключевые слова: цифровые образовательные ресурсы, цифровые технологии, веб-сервисы,дистанционное обучение, WhatsApp, Google classroom, тестирование.

«Учитель живет, пока он учится,
когда он перестает учиться, в нем умирает учитель»"
К. Д. Ушинский

Сегодня мир стремительно меняется, что обусловлено такими факторами, как глобализация, мобильность человеческих ресурсов, гигантские перемены в сфере технологий, доступность и многообразие информации, растущее влияние СМИ, а также

инновации в науке и образовании. Цифровая школа - наше будущее. Современные образовательные технологии позволяют любому учителю добиваться высоких результатов обучения. Диапазон возможностей цифровых технологий гораздо шире и зависит от фантазии, творчества и технической подготовленности учителя. Применение современных технологий в преподавании русского языка и литературы повышает мотивацию современного школьника к занятиям, стимулирует его познавательный интерес и повышает эффективность групповой и самостоятельной работы. Я убедилась, что использование современных образовательных технологий на уроках русского языка и литературы даёт высокие результаты:

- развивает творческие, исследовательские способности учащихся, повышает их активность;
- способствует интенсификации учебно-воспитательного процесса, более осмысленному изучению материала, приобретению навыков самоорганизации, превращению систематических знаний в системные;
- помогает развитию познавательной деятельности учащихся и интереса к предмету;
- развивает у учащихся логическое мышление, значительно повышает уровень рефлексивных действий с изучаемым материалом.

Возможности, которые дают цифровые технологии:

- автоматическая проверка (экономия времени преподавателя, возможность задавать на дом тренировочные диктанты) и др.
- мультимедийность (возможность вставить в учебник звук, видео, что помогает лучше запомнить материал).
- интерактивность (включение в активную работу одновременно всех учеников группы, что даёт экономию времени). Мы работаем в классе и дома.
- совместная работа группы над проектом (возможность совместно создавать документы, презентации, ментальные карты и т.п. исследовательской группой учащихся).
- статистика ошибок (экономия времени ученика при работе со словарём, экономия времени учителя при анализе ошибок).
- разнообразие (возможность быстро генерировать большое и даже бесконечное количество однотипных упражнений – экономия времени учителя, повышение качества образования для ученика).

В настоящее время создано множество различных коллекций цифровых образовательных ресурсов, включающих специально разработанные наборы разнообразных ЦОР, тематические коллекции, инструменты, программные средства для организации учебного процесса.

Чтобы сохранить интерес к предмету и сделать учебно-воспитательный процесс качественным, на уроках русского языка и литературы активно используются информационные образовательные ресурсы.

Цифровые образовательные ресурсы - это представленные в цифровой форме средства с визуальной информацией (фотографии, иллюстрации, схемы), а также средства с аудио- и видеоинформацией, необходимые для организации учебного процесса

Применение цифровых образовательных ресурсов для активизации познавательной деятельности на уроках и для восполнения пробелов учащихся может проводиться на различных этапах урока.

1. Этап актуализации знаний.
2. Этап объяснения нового материала.
3. Этап закрепления и совершенствования знаний, умений.
4. Этап контроля и оценки знаний, умений, навыков.

Использование ЦОР позволяет повысить роль наглядности, дает учащимся более полную и достоверную информацию об изучаемых процессах, включает их в активную работу. На этом этапе формируются УУД (универсальные учебные действия). На уроках закрепления и обобщения полученных знаний для контроля и аттестации учащихся можно

использовать различные тесты. Это тесты, предполагающие ввод ответа в той или иной форме и его автоматическую проверку.

Таким образом, практически на каждом уроке русского языка возможно применение ЦОР. Цифровыми образовательными ресурсами могут пользоваться все участники образовательного процесса: и учителя при подготовке и ведении занятий, и учащиеся на уроках и при выполнении домашних заданий. Для повседневной практической деятельности учителя наиболее значимыми являются такие возможности цифровых средств обучения, как:

- адаптация учебного материала к конкретным условиям обучения, потребностям и способностям обучающихся;
- тиражирование и размещение материалов в сети.

С этой целью при изучении романа А.С.Пушкина «Евгений Онегин» я использовала творческие задания по созданию видеороликов, миниспектакля с участием главных героев. Учащиеся сами подбирали роли, а также место, на фоне которого читали отрывки из поэмы А.С.Пушкина «Евгений Онегин». Учащиеся читали отрывки из поэмы («Письмо Татьяны к Онегину» на русском и казахском языках, «Письмо Онегина к Татьяне»)на фоне прекрасного осеннего пейзажа нашего города. Затем лучшие из них я разместила на сайте школы в Инстаграм.

Таким образом, применение цифровых обучающих средств на уроках обеспечивает:

· экономию времени при объяснении нового материала;

· представление материала в более наглядном, доступном для восприятия виде;

· воздействие на разные системы восприятия учащихся, обеспечивая тем самым лучшее усвоение материала;

· дифференцированный подход к обучению учащихся, имеющих разный уровень готовности восприятия материала;

· постоянный оперативный контроль усвоения материала учащимися.

Это в целом стимулирует разнообразие творческой деятельности учащихся, дает возможность увеличения объема информации, воспитывает навыки самоконтроля, повышает интерес к предмету.

Уроки с использованием ЦОР являются одним из самых важных результатов инновационной работы в образовательном процессе.

Сегодня школа должна не только давать глубокие знания, умения и навыки учащимся, но и учить их мыслить, рассуждать, исследовать, проектировать, способствовать развитию самостоятельной познавательной активности. Безусловно, что эффективен не тот, кто просто много знает, а тот кто владеет инструментами приобретения, организации и применения знаний из различных источников информации.

Мне бы хотелось остановиться на тех ресурсах, которые чаще всего используются на уроке.

Презентация, видеоуроки, объясняющие материал в непринужденной форме, мультимедиа. Использовать их можно и при объяснении нового материала, и при закреплении знаний, и при выполнении творческих заданий и физминуток. Для создания презентаций к уроку не нужны какие-то особые программы, хватит и стандартных средств типа PowerPoint. Существуют интернет-сервисы, которые значительно упрощают процесс создания презентаций и экономят время учителя. Цифровые образовательные ресурсы - это представленные в цифровой форме фотографии, видеофрагменты, звукозаписи, текстовые документы и иные учебные материалы, необходимые для организации учебного процесса. Увеличение умственной нагрузки на уроках заставляет задуматься над тем, как поддержать интерес учащихся к изучаемому предмету, их активность на протяжении всего урока…. А ведь ещё известный педагог К.Д. Ушинский говорил: «…ученье, лишённое всякого интереса…убивает в ученике охоту к учению, без которой он далеко не уйдёт».

Неоценима роль ЦОРов в дистанционном обучении:
- во-первых, усиливает положительную мотивацию обучения, активизирует познавательную деятельность учащихся;
- во-вторых, позволяет проводить уроки на высоком эстетическом и эмоциональном уровне; обеспечивает наглядность, привлечение большого количества дидактического материала;
- в-третьих, повышается объем выполняемой работы на уроке в 1,5-2 раза;
- в-четвертых, расширяется возможность самостоятельной деятельности; формируются навыки исследовательской деятельности;
- в-пятых, обеспечивается доступ к различным справочным системам, электронным библиотекам, другим информационным ресурсам [1, с.55-56].

И если в первое время учителя применяли такие варианты, как BilimLand, Daryn.Online и другие предложенные платформы, то потом появилась возможность разобраться с огромным количеством разнообразных программ и приложений и выбрать самый оптимальный вариант для каждой конкретной школы.

Это могут быть уроки в режиме реального времени, когда с учениками назначается online-встреча через платформы и приложения Zoom, Skype, Google Meet, Discord, Microsoft Teams, Moodle , Google Classroom.

Google Класс — бесплатный веб-сервис, разработанный Google для школ, который призван упростить создание, распространение и оценку заданий безбумажным способом.

Основная цель Google Класс — упростить процесс обмена файлами между учителями и учениками.

Google Класс сочетает в себе Google Диск для создания и распространения заданий, набор сервисов Google для создания документов, презентаций и электронных таблиц, Gmail для общения и Календарь Google для планирования.

Возможности Gogle Класса: создание курсов, заданий и управление ими, работа с оценками в режиме онлайн; добавление материалов к заданиям, например видео YouTube, формы Google, опросы и другие объекты с Диска.

С целью восполнения пробелов в знаниях среди неуспевающих я создала отдельную группу, которым дистанционно посылаю задания в Google classroom. Чем меня привлек Google classroom? Во- первых, это удобная форма оценивания учащихся. Во - вторых, это удобная форма организации урока: к заданию можно прикрепить любой документ, в том числе аудио, видео, включая и собственные записи, например, образцы выполнения устных заданий, презентации, фото, текстовые документы.

Отдельно хочется сказать о тестах, которые я создаю и использую как по темам урока, так и для проведения СОР или СОЧ. Тесты могут быть как с выбором ответа, так и для самостоятельной формулировки ответа (предложением или целым текстом). Они могут проверяться автоматически (выбор ответа) или вручную. После отправки теста ученик может увидеть свою оценку, допущенные ошибки, а учитель помимо ответов каждого ученика может посмотреть общую картину выполнения теста и выполнения отдельных заданий, что очень полезно для анализа усвоения материала.

И конечно, это удобная форма коммуникации через личные комментарии. Ученик может задать вопрос до того, как приступит к выполнению задания, прислать комментарии вместе с заданием, учитель не только поставить отметку, но и прокомментировать ответ учащегося, отметив не только ошибки, но и сильные стороны. Многие ученики на этом не останавливались и что-то уточняли, просили более подробных разъяснений по поводу своих недочетов или ошибок. Таким образом, проявлялась их заинтересованность в учебном процессе, возникала деловая- партнерская коммуникация с учителем.

И наконец, очень удобная система накопления оценок и ее разные модификации: общий журнал, журнал отметок по заданиям, по ученикам, с указанием кто задолжал, кто сдал вовремя, а кто с опозданием.

Это в целом стимулирует разнообразие творческой деятельности учащихся, дает возможность увеличения объема информации, воспитывает навыки самоконтроля, повышает интерес к предмету.

Также в работе можно использовать готовые программные продукты : Интернет – ресурсы, текстовые материалы, тесты, презентации учебного материала, разработанные для уроков и созданные самими обучающимися.

Другой вариант взаимодействия учителя с обучающимися – через предоставление ему учебных материалов через использование возможностей мессенджера WhatsApp. В последнее время появилась новая функция в WhatsApp, когда можно сделать опрос по любой пройденной теме прямо на странице чата класса. Функция «Создать опрос» предусматривает варианты вопросов в виде теста, на которые дети тут же могут дать ответ. Это помогает определить уровень усвоения знаний по теме.

Чтобы сохранить интерес к предмету и сделать учебно-воспитательный процесс качественным, на уроках русского языка и литературы активно используются цифровые информационные технологии.

У учителя есть возможность выбора наиболее подходящих и доступных ему средств ИКТ для организации урока. Например, при подготовке к урокам языка и литературы используются информационно-обучающие средства чаще всего с текстовой информацией (энциклопедии, словари, хрестоматии), при проведении уроков - средства с визуальной информацией (фотографии, иллюстрации, схемы), также добавляются средства с аудио- и видеоинформацией.

Использовать ЦИКТ на уроках можно в различных формах:

1. Анимированные схемы, таблицы. Основная сфера применения – занятия повторительно-обобщающего характера. Это вариант презентации, рекомендуемый при проведении занятий, связанных с систематизацией какого-либо материала. Используя в качестве фонового рисунка изображение, характерное для изучаемой темы, учитель выводит на слайд незаполненную таблицу поэтапно. Эффективные схемы, таблицы даны в коллекции ЭОРов, ЦОРов.
2. Тестирование. Вариант, который также может быть рекомендован при проведении уроков закрепления материалов.
3. Использование учителем при объяснении учебного материала новейшей информации, заимствованной из сети ИНТЕРНЕТ.
4. Интернет-олимпиады.
5. Выполнение творческих и научно-исследовательских работ на персональном компьютере с возможностью проверки этих работ учителем и для дальнейшего использования данного материала в учебном процессе.
6. Компьютерная демонстрация мультимедийного урока или отдельной его части.
7. Защита реферата в виде презентации.
8. Рабочая тетрадь и УМК для самостоятельной работы ученика (пособие для подготовки к ЕНТ, комплекс очень мобильный: его можно постоянно пополнять).
9. «Своя игра». Вариант «игрового» проведения обобщающего урока. Стартовый слайд визуально напоминает табло популярной телеигры. От него происходит переход на слайд с конкретным вопросом. Затем – слайд с правильным, откомментированным ответом.
10. Использование готовых компьютерных программ.

Эти ресурсы можно вводить на любом этапе урока, их также можно давать детям как дополнительный материал. Очень удобно использовать ЭОРы детям, которые по какой-либо причине пропустили уроки. Плюс в использовании ЭОРов – это разновозрастные задания, работа в режиме on-line.

В наши дни огромный выбор ЦОР по русскому языку и литературе. Особое внимание заслуживают мультимедиа-пособия для средней школы Их цель – помочь ученикам освоить курсы на базовом или повышенном уровне, закрепить и систематизировать полученные знания. Применение современных мультимедиа-

технологий, разнообразный иллюстративный материал, нестандартная форма подачи учебного материала стимулирует познавательный интерес и поисково-исследовательскую деятельность учащихся.

Можно сделать вывод, что систематическое и целенаправленное использование ЦОР на уроках русского языка и литературы повышает заинтересованность учащихся в обучении. Следовательно, будет повышаться и качество знаний по предмету.

Использование КТ в педагогической деятельности позволяет повысить степень наглядности при изложении учебного материала, при наличии обратной связи осуществлять коррекцию ошибок при выполнении проверочных или практических работ, его возможности способствуют систематизации, структуризации учебного материала, моделированию учебного процесса и т.д..

Уроки русского языка и литературы с компьютерной поддержкой являются наиболее интересным и важным показателем внедрения ИКТ в учебный процесс. Педагогу необходимо выйти на Youtube канал и в плейлисте найти интересующий предмет. Подготовленные видеоконтенты отличаются четкостью и лаконичностью компоновки материала, красочностью и оригинальностью. Соответствуют возрастным особенностям учащихся. Использовать данные ресурсы можно как на уроках, так и во внеурочное время для закрепления материала или в рамках перевернутого класса для ознакомления с новой темой. Для 1-4 классов продолжительность видеороликов не более 5-7 минут, для 5-11 классов не более 10-12 минут.

Наряду с этим педагоги могут использовать различные образовательные сайты, которые помогут организовать процесс обучения и сделать его более интересным.

При системном применении активных методов обучения и использования ЦОР можно добиться высокой познавательной активности учащихся, усвоения большого объема учебного материала, развития речи, памяти, мышления.

Таким образом, уроки с использованием ЦОР являются одним из самых важных результатов инновационной работы в образовательном процессе.

Как сказал С. Соловейчик: «Учитель - это ученик, навсегда вызванный к доске». Обучая других – учись сам.

ЛИТЕРАТУРА:

1. Афанасьева О. В. Использование ИКТ в образовательном процессе. - www. pedsovet.org. //Вопросы Интернет-образования, 2011
2. Информационные технологии / Под ред. Трофимова В.В. - М.: Высшее образование, 2011. - 632 с.
3. Малышкина Н.А. Использование ЦОР на уроках русского языка
4. Селевко А.И. Современные образовательные технологии: уч.пособие Г.Селевко.-М.: Народное образование, 1998
5. Электронные образовательные ресурсы нового поколения в вопросах и ответах

«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ДАРЫНДЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ»

Егинбаева Майгуль Сериккаливна
«Май жалпы орта білім беру мектебі»КММ
Мектепалды тәрбиешісі

Аннотация. Біздің жұмысымыздың зерттеу мақсаты-білім беру процесінде оқушылардың патриоттық тәрбиесіне халықтық мәдениет құралдарының әсерін зерттеу. Әдістері. Педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді талдау, жалпылау, бақылау. Нәтиже. Халық

мәдениетінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің көптеген құралдары бар. Бұл қаражат сабақтарда да, сыныптан тыс бұқаралық іс-шараларда да кеңінен қолданылады. Білім беру процесінде халықтық мәдениет арқылы патриоттық тәрбие адамзат ежелгі заманнан бері жинақтаған және халықтық дәстүрлер мен мәдениетте көрініс тапқан әлеуметтік тарихи тәжірибені игерумен жүреді. Қорытынды. Әлеуметтік және рухани дамудағы ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелеу, дүниетаным патриоттық сезімдерді қалыптастырудың ажырамас элементтері ретінде әрекет етеді.
Түйінді сөздер: патриоттық сезімдер, патриотизм, адамгершілік, діни төзімділік, рухани-адамгершілік бағдарлар, адамгершілік құндылық, патриотизм негіздері.
Annotation. The purpose of the study of our work is to study the influence of folk culture tools on the patriotic education of students in the educational process. Methods. Analysis, generalization, control of pedagogical and methodological literature. Result. In folk culture, there are many means of patriotic education of students. These funds are widely used both in classes and in extracurricular mass events. In the process of Education, patriotic education through folk culture is accompanied by the assimilation of social historical experience accumulated by mankind since ancient times and reflected in folk traditions and culture. Conclusion. Education of the culture of interethnic relations in social and spiritual development, the worldview acts as integral elements of the formation of patriotic feelings.
Key words: patriotic feelings, patriotism, morality, religious tolerance, spiritual and moral orientation, moral values, the basics of patriotism.
Аннотация. Цель исследования нашей работы-изучение влияния средств народной культуры на патриотическое воспитание учащихся в образовательном процессе. Методы. Анализ, обобщение, контроль педагогической и методической литературы. Результат. В народной культуре существует множество средств патриотического воспитания школьников. Эти средства широко используются как на уроках, так и на внеклассных массовых мероприятиях. В образовательном процессе патриотическое воспитание через народную культуру сопровождается усвоением социально-исторического опыта, накопленного человечеством с древних времен и отраженного в народных традициях и культуре. Вывод. Воспитание культуры межнациональных отношений в социальном и духовном развитии, мировоззрение выступают неотъемлемыми элементами формирования патриотических чувств.
Ключевые слова: патриотические чувства, патриотизм, нравственность, религиозная терпимость, духовно-нравственные ориентации, нравственные ценности, основы патриотизма.

Кіріспе

Патриоттық тәрбие Отанға, өз үйіне деген сүйіспеншіліктен көрінетін тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық және дүниетанымдық қасиеттерін қалыптастыруды ғана емес, сонымен қатар өз халқының, ұлттық мәдениетінің, жерінің дәстүрлерін, құндылықтарын қорғауға және көбейтуге деген ұмтылыс пен шеберлікті қамтиды. Өткеннің көптеген мұғалімдері адамның қалыптасу процесінде патриотизмнің рөлін ашып, оның жан-жақты қалыптастырушы әсерін көрсетті. Мәселен, мысалы, К. Д. Ушинский патриотизм тәрбиенің маңызды міндеті ғана емес, сонымен бірге ең күшті педагогикалық құрал деп санайды: "өзін-өзі сүймейтін адам жоқ сияқты, Отанға деген сүйіспеншілігі жоқ адам да жоқ, және бұл махаббат тәрбиеге адамның жүрегіне сенімді кілт береді". Таңдалған зерттеу тақырыбы Дағыстандағы тұлғаның дамуы мен патриоттық тәрбие бүкіл Солтүстік Кавказдың жаңа әлеуметтік-тарихи тәжірибесін алумен байланысты екенін көрсетеді. Ғасырлық тәжірибе халықтық дәстүрлерде, мәдениетте, әдет-ғұрыптарда, әдет-ғұрыптарда көрініс тапты; рухани мұра ретінде берілетін әдебиет, музыка, өнер. Халық ұлттық дәстүрлердің байлығын білуге міндетті, әйтпесе ол жойылады. Ұлттық дәстүрлер мен мәдениет орасан зор педагогикалық әлеуетке ие және патриоттық сезімді тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады. Қазақстанның аймақтық білім беру мектептері көпұлтты ортада жұмыс істейді және оқушылардың көпұлтты

құрамымен сипатталады. Мұндай жағдайда ұлттық мәдениеттердің рухани байлығына жүгіну қажет, олардың айырмашылығы да, бірыңғай моральдық негізі де бар. Өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу туралы айтатын болсақ, жастарды еліміздіңическом өткенінде тәрбиелеу керек, өйткені патриотизмді бірден және мәңгілікке үйрету мүмкін емес. Патриотизм-өз Отанына деген сүйіспеншіліктен, адалдықтан, Отанға қызмет етуге дайын болудан көрінетін адамның жеке басының сапасы. Бұл адамның туған жеріне, тіліне, мәдениетіне және өз халқының ең жақсы дәстүрлеріне деген сүйіспеншілігі. Патриоттық тәрбие-бұл жалпыадамзаттық құндылықтарға: адамның өмірі, денсаулығы, рухани-адамгершілік тәрбиесі, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарына негізделген жалпыазаматтық мәдениет пен жалпыазаматтық тәрбиенің бір бөлігі. Ол азаматтық қоғам жағдайында әлеуметтенуге қабілетті, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін Қазақстанның патриоттарын тәрбиелеуге бағытталған. Патриоттық мінез-құлықтың тұрақты нормаларын тәрбиелеу ұлттық және діни төзімділікте, сондай-ақ басқа халықтарға, тілдерге құрметпен қарауда көрінеді [5].

Отанға, басқа халықтарға, тілдерге, халықтардың мәдениетіне және еліміздің халықтары арасындағы достыққа құрметпен қарау. Зерттеудің мақсаты: – педагогикалық процесс арқылы білім беру мектебіндегі патриоттық тәрбие мәселесінің жай – күйін талдау; - Оқу процесінде және сыныптан тыс жұмыста оқушыларды педагогикалық бақылаудың нәтижелерін сынақтан өткізу; - білім беру мектебінде оқу процесін ұйымдастыру нысандары бойынша халықтық мәдениеттің осы құралдарын жүйелеу. Біз патриоттық тәрбие процесінде халықтық мәдениет құралдарымен патриоттық тәрбие беру процесінде педагогикалық зерттеудің келесі әдістерін қолдандық: - зерттеу мәселесі бойынша ғылыми педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді зерттеу – - халықтық мәдениет құралдарымен оқушыларға патриоттық тәрбие беру бойынша білім беру мекемелерінің жаңашыл мұғалімдерінің тәжірибесін жинақтау – - халықтық мәдениет құралдарымен патриоттық тәрбиеде оқушыларды педагогикалық бақылау оқу процесін ұйымдастырудың әртүрлі формаларында. Біз білім беру процесінде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудегі халықтық мәдениет құралдарының элементтерін ұзарттық. Халықтық мәдениет келесі элементтерден тұрады: ұрпақтың әлеуметтік-тарихи тәжірибесі, халықтық дәстүрлер, мәдениет, әдет-ғұрыптар, әдет-ғұрыптар, әдебиет, музыка, өнер, өз Отанына, туған жеріне, өз халқына деген сүйіспеншілік, жеке адамның бостандығына, ұлттық және діни төзімділікке, басқа халықтарға құрметпен қарау, халық шығармашылығы, халықтық өнер қолөнеріне. Оқушыларды халықтық мәдениетке баулуда халықтық мерекелер мен дәстүрлер үлкен орын алады. Дағыстанның тарихи өткенімен танысу-оқушыларда патриотизмге тәрбиелеу жұмысындағы өте қызықты бағыт.

Қорытынды

Біздің зерттеуімізде халық мәдениеті арқылы оқушылардың патриоттық тәрбиесі қарастырылды. Зерттеу барысында оң нәтижелер атап өтілді: қатыгездік, ашуланшақтық, немқұрайлылық, жауапсыздық, цинизм (адамгершілік пен әдептілік нормаларын елемеу), нигилизм (бәрін жоққа шығару), тарихи өткенге, халықтың героігі мен еңбекаміктеріне құрметсіздік сияқты жағымсыз қасиеттер жойылды. Оқушылардың көпшілігінде тәртіп жақсарды, патриотизмге деген қызығушылық артты, сондай-ақ атаулы оқиғаларға (қала күні, Ауыл күні, Президенттік жарыстар, Президенттік ат жарысы және т. б.), экскурсияларға, жауынгерлік және еңбек даңқы орындарына жорықтарға, сондай-ақ діни қызметкерлер мен жұртшылық өкілдерімен, соғыс ардагерлерімен және т. б. кездесулерге арналған дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларына қызығушылық артты. еңбек. Бұл оқушылардың ұлттық және діни төзімділікке деген оң көзқарасын, басқа халықтарға, тілдерге, дәстүрлер мен мәдениетке құрметпен қарауды қалыптастырудағы белсенділігінің артқанын көрсетеді. Біздің бағдарлама мен іс-шаралар жоспарын іске асыру барысында оң нәтижелер анықталды. Адамның жақсылыққа, әділдікке, ақиқатқа ұмтылуынан, өз халқының ең жақсы дәстүрлері мен құндылықтарын сақтау мен көбейтуден көрінетін тұлғаның рухани-адамгершілік, азаматтық және дүниетанымдық қасиеттерін

қалыптастыруға ерекше орын беріледі. Бақылау барысында мектеп оқушыларын патриоттық тәрбиелеудің әртүрлі құралдарын, формалары мен әдістерін халықтық мәдениет құралдарымен ұштастыра қолдану балалардың патриоттық сезімдерін тәрбиелеуге, патриоттық сананы қалыптастыруға (Отанға, туған жерге, тілге, дәстүрлер мен мәдениетке деген сүйіспеншілік) мүмкіндік беретіні анықталды. Бақылаулар көрсеткендей, мектеп оқушыларының 65% - дан астамы халықтық мәдениеттің көптеген элементтерін: ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, халықтық моральды, сондай-ақ адамгершілік нормаларын, адаттар мен намусты, әдебиетті, мәдениетті, халық ертегілерін, мақал-мәтелдерді, халық дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, әлеуметтік тарихи тәжірибені, халық шығармашылығын, халық көркемөнерін зерттеуге ниет білдірді. Халық мәдениетінің мүдделерінсіз педагогикалық процесте оқушыларды патриоттық тәрбиелеуге бағытталған бірыңғай мемлекеттік саясат пен бағдарламаның болмауы теріс салдарға әкеледі. Педагогикалық процесте ұлттық мәдениеттің әртүрлі элементтерін қолдану патриоттық тәрбиенің тиімділігін арттыруға қабілетті. Көркем қолөнер үлкен рөл атқарады: қолмен тоқу және мата кескіндеме, көркем тігу және кесте тігу, шілтер тоқу, кілем тоқу, сүйек ою, жұмсақ тасты өңдеу, материалды көркем өңдеу және т. б. Еңбекке баулу, ән айту және сурет салу сабақтарында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің тиімділігі тексерілді, нәтижесінде қоршаған қоғамға, қоршаған ортаға және еңбеквигігіне деген оң көзқарас пен құрмет қалыптасты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Әлиева С.Т. 6-7 жастағы балаларды халық шығармашылығының интегративті формалары арқылы патриоттық тәрбиелеу / Дағыстан Республикасының материалында. Реферат. дис. ... канд. пед. ғылымдар. Махачкала, 2004. 18 б.
2. Лосский Н. О. халқының мінезі. М.: Кілт, 1990. 96 б.
3. Миловский А. С. халықтық қолөнер. М., 2004. 56 б.
4. Рустамов А. Ю. дене шынықтыру және спорт құралдарымен жоғары сынып оқушыларына патриоттық тәрбие беру. Дисс. Али канд. пед. ғылымдар. Ростов-на-Дону, 2005. 169 б.
5. Д. В. султеев мектептегі тұлғаның рухани дамуы / мектеп және отбасы: тәрбие мәселелері. М.: olma Press, 2007. 40 с.
6. Тучкова Т. оқушының жеке басының дамуындағы моральдық дәстүрі / / халықтық білім. 2001. № 1. 213-215 ББ.
7. Хотунцев Ю. Л. "Технология" білім беру саласындағы мәдениеті / / Педагогика. 2008. № 1. 57-62 бет.
8. Щуркова Н. тәрбие баланың мәдениетке енуі ретінде. Оқушыны тәрбиелеу бағдарламасы. М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 1998. 48 б.

«ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ КАДР МӘСЕЛЕСІН ШЕШУ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДА «МОБИЛЬДІ МҰҒАЛІМ» ЖОБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ
ЗНАЧЕНИЕ ПРОЕКТА «МОБИЛЬНЫЙ УЧИТЕЛЬ» В РЕШЕНИИ КАДРОВЫХ ПРОБЛЕМ И ПОВЫШЕНИИ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАНИЯ В МАЛОКОМПЛЕКТНЫХ ШКОЛАХ
THE IMPORTANCE OF THE «MOBILE TEACHER» PROJECT IN SOLVING THE PERSONNEL PROBLEM AND INCREASING THE LEVEL OF EDUCATION IN SMALL SCHOOLS

Жакаева Асемгул Ескабыловна
БҚО әкімдігі білім басқармасының Теректі ауданының білім беру бөлімінің шағын жинақты мектептер бойынша әдіскері,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы
zhakaeva.asemgul@mail.ru

Аннотация: Шағын жинақталған мектептерде көптеген мәселелер бар. Солардың бірі және өзектісі - кадрға деген қажеттілік. Осы қажеттіліктің орнын толықтыруда Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдық мектептердің, өңірлердің білім алушыларының арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, білім жетістіктерінің мүмкіндіктерін теңестіру, шағын жинақты мектептерде оқытуды қолдау және оның сапасын арттыру мақсатында «Мобильді мұғалім» жобасы енгізілді.
Шағын жинақты мектеп мәселесін оңтайлы шешудің тағы бір жолы – бұл жаңа білім беру кеңістігін құру болды. «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасы ауданда 2 жыл бойы өз жұмысын жүргізді. Аталған жобаның пайдасы мен тиімділігі мектеп пен оқушы үшін де жоғары болып отыр. Олай деуімнің себебі: шалғай елді мекендерде орналасқан ауыл мектептеріндегі маманға деген қажеттіліктің орнын толтырып, оқушыларға сапалы білім беруге, пәнге қызығушылықтарын арттыруда орны ерекше.
Аннотация: В малокомплектных школах много проблем. Одна из актуальных проблем это - потребность в кадре. В восполнении этой потребности в рамках государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы в целях сокращения разрыва в качестве образования между обучающимися сельских школ, регионов, выравнивания возможностей образовательных достижений, поддержки и повышения качества обучения в малокомплектных школах внедрен проект «Мобильный учитель». Еще одним способом оптимального решения проблемы малокомплектной школы стало создание нового образовательного пространства.
Пилотный проект "Мобильный учитель" уже 2 года ведет свою работу в районе. Преимущества и эффективность данного проекта остаются высокими как для школы, так и для учащихся. Причина, по которой я так говорю: в сельских школах, расположенных в отдаленных населенных пунктах, особое место отводится качественному образованию учащихся, повышению интереса к предмету.
Annotation: There are a lot of problems in small-scale schools. One of them and one of the most relevant is the need for a frame. To meet this need, within the framework of the state program for the development of education and science in the Republic of Qazakhstan for 2020-2025, in order to reduce the gap in the quality of education among students of rural schools, regions, equalize the opportunities for educational achievements, support and improve the quality of teaching in small schools, the Mobile Teacher Project was introduced.
Another way to optimally solve the problem of a small – scale school was the creation of a new educational space.

The pilot project" Mobile teacher " has been operating in the district for 2 years. The benefits and effectiveness of this project are high for both the school and the student. The reason for this is that rural schools located in remote settlements have a special place in filling the need for a specialist, providing students with high-quality education, increasing their interest in the subject.
Аңдатпа: Мақалада шағын жинақты мектептердегі кадр мәселесін шешуде және білім сапасын арттыруда «Мобильді мұғалім» жобасын енгізу, оны тиімді ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу жолдары ұсынылып отыр. Аталған мақаламда «Мобильді мұғалім» жобасы аудан мектептерінде қалай жүзеге асырылып жатқандығы, кадрға деген қажеттіліктің орнын қалай толықтырып отырғандығы туралы, оқушылардың пәнге қызығушылығының артқандығы және білім сапасындағы өзгерістер туралы кеңінен айтылады. Қажетті құжаттар тізбесі мен әдістемелік сүйемелдеу жолдары көрсетіледі.

Кіріспе

Қазіргі таңда еліміздің түпкір-түпкірінде орналасқан елді-мекендердегі мектептердің басым көпшілігі – шағын жинақты мектептер. Мұндай мектептер саны жыл сайын өсіп келе жатқаны белгілі. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының ерекшеліктері, ауыл тұрғындарының қалаға көшуі, жастардың ауылда тұрақтамауы шағын жинақты мектептер санының көп болуына әкеліп отыр. Зерттеу бойынша еліміздегі әрбір жетінші оқушы шағын жинақталған мектептерде оқыса, әрбір төртінші мұғалім шағын жинақталған мектептерде сабақ береді.

Бұл көрсеткіш біздің ауданымызда да жыл сайын өсіп келеді. Қазіргі уақытта ауданымыздағы мектептердің басым бөлігін, яғни 77% шағын жинақты мектептер құрайды.

Шағын жинақталған мектептерде көптеген мәселелер бар. Солардың бірі:

- мектептердің материалдық-техникалық базасы нашар;
- арнайы жабдықталған пәндік кабинеттер, зертханалар жоқ;
- біріктірілген сыныптарға арналған арнайы оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдардың болмауы;
- біріктірілген сыныптарда мұғалім бір мезгілде екі сыныпқа қатар сабақ өткізуі (Осыған байланысты әр сыныпқа жаңа сабақты түсіндіру кезінде мұғалім сабақ уақытының белгілі бір бөлігін ғана жұмсай алады. Мұндай біріктірілген сыныптардағы сабақтарды ұйымдастыру кез келген мұғалімнен, әсіресе жас мамандардан шығармашылық ізденісті, кәсіби жоғары шеберлікті талап етеді);
- пән мұғалімдерінің жетіспеуі немесе жүктеменің аздығы салдарынан шағын жинақты мектептерде бір мұғалімнің бірнеше пән бойынша сабақ беруі;
- кадр жетіспеушілігінен маман емес пән мұғалімінің сабақ беруі.

Жоғарыда аталған мәселелердің бірі және өзектісі - кадрға деген қажеттілік. Осы қажеттіліктің орнын толықтыруда Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдық мектептердің, өңірлердің білім алушыларының арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, білім жетістіктерінің мүмкіндіктерін теңестіру, шағын жинақты мектептерде оқытуды қолдау және оның сапасын арттыру мақсатында «Мобильді мұғалім» жобасы енгізілді.

Шағын жинақты мектеп мәселесін оңтайлы шешудің тағы бір жолы – бұл жаңа білім беру кеңістігін құру болды. Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептердің қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығымен (3-қосымша) бекітілген жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметтің үлгілік қағидаларына және «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатқа, ҚР БҒМ бекіткен тірек мектептердің (ресурс орталығының)

қызметі туралы ережеге және білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі уақытта ауданымыздағы мектептердің басым бөлігін, яғни 77% шағын жинақты мектептер құрайды. Биылғы оқу жылында 28 шағын жинақты мектеп өз қызметтерін жүргізуде. Оның ішінде орта мектеп - 10, негізгі мектеп – 10, бастауыш мектеп – 8 мектеп. Онда барлығы 1926 оқушы білім алуда. Шағын жинақты мектептердегі сыныптар саны – 274, сынып-комплектілер саны – 253, оның ішінде біріктірілмеген сыныптар саны – 231, біріктірілген сыныптар саны -43 құрайды. 1-4-сыныптар аралығында 27 сынып, 5-9-сыныптар аралығында 16 сынып біріктіріліп оқытылады. Шағын жинақты мектептерде оқу-тәрбие процесі біріктірілген сыныптарда білім алушылардың әртүрлі жастағы оқуын ескере отырып жүргізіледі. Шағын жинақты мектепте әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 1, 2 жас айырмашылығын ескере отырып, екі сыныпты біріктіруге жол берілді.

Сыныптарды біріктіру кезінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың жылжымалы кестесі қолданылады. Сонымен қатар ауданымызда 2 тірек мектебі (ресурстық орталық) өз қызметтірін жүргізіп келеді. Магниттік мектептер қатары тірек мектепке (ресурстық орталыққа) қаулы негізінде бекітілді.

Ол үшін материалдық-техникалық базасы мықты толық білім беретін мектептерден ресурстық орталықтар ашылды. Ресурстық мектеп – бұл шағын жинақты мектеп оқушыларының бейімделген, әр деңгейлі, көп сатылы, саралай және терең білім алуына жағдай жасайтын, оқу-тәрбие дамуын бағыттап отыратын ауыл мектебі.

Теректі ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 20 тамыздағы «Ақжайық жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесі жанынан тірек мектебін (ресурстық орталық) ашу туралы №276 қаулысы негізінде және Теректі ауданы әкімінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» мемлекеттік мекемесінен ресурстық орталық ашу туралы №16 қаулысы негізінде ауданда 2 ресурстық орталық өз жұмыстарын жүргізуде. Ақжайық тірек мектебіне Абай жалпы орта білім беретін мектебі мен Еңбек негізгі мектептері бекітілген болса, Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектебіне Қызылжар және Қоғалытүбек негізгі мектептері магниттік мектеп болып бекітілді.

Тірек мектеп пен магниттік шағын жинақты мектептің оқу қызметін ресурстық орталық пен магниттік мектептердің бірлескен педагогикалық кеңесінде бекітілген бірыңғай оқу жұмыс жоспары негізінде жүзеге асып келеді. Магниттік мектептердің оқушылары үшін тірек мектептер базасында инварианттық компонент пәндерін оқытуға байланысты:

- бағыттау сессиясы – қазанның бастапқы онкүндігі;
- аралық сессия – ақпанның бірінші онкүндігі;
- қорытынды сессия – сәуірдің үшінші онкүндігінде оқу сессиялары өткізіледі.

Шағын жинақты мектептердің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда да тірек мектебінің алатын орны ерекше. Осы орайда Ақжайық тірек мектебі облыстық тірек мектептер байқауында үнемі жүлделі орын алып келеді. Биылғы оқу жылында да облыстық «Үздік ресурстық орталық» сырттай байқауына ауданымыздан Ақжайық және Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектептері қатысып, байқау қорытындысы бойынша Ақжайық тірек мектебі II орынды еншіледі.

Шағын жинақты мектептерде 582 мұғалім қызмет атқарады. Оның жоғары білімдісі – 455 (78%) және арнаулы орта білімдісі – 127 (21%) құрайды.

Шағын жинақты мектептердегі өзекті мәселе және оны шешу жолдары

Шағын жинақты мектептердегі басты мәселе бұл – маманға деген қажеттілік. 2021 жылдың қаңтар айында ауданымыздағы шағын жинақты мектептерден маман емес мұғалім жүргізетін пән туралы ақпарат жинақтадым. Сол уақытта 10 мектепке маман қажеттілігі нақты анықталды. Әсіресе, география, биология, химия, физика, информатика пәндерінен толық емес жүктемеге мамандар қажет болды.

Жоғарыда аталған мәселені барлық мектепте шешу мүмкін болмады. Олай деуімнің себебі, шалғайда орналасқан ауыл мектебіне толық емес жүктемеге маман келмейтіні бәрімізге белгілі. Дегенмен, облыстық білім басқармасы тарапынан түскен ұсыныс негізінде «Мобильді мұғалім» жобасын ауданның екі мектебіне енгіздік.

«Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын енгізу

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында ауылдық мектептердің, өңірлердің білім алушыларының арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, білім жетістіктерінің мүмкіндіктерін теңестіру, шағын жинақты мектептерде оқытуды қолдау және оның сапасын арттыру мақсатында Теректі АБББ-нің 2021 жылғы 1 ақпандағы №136 бұйрығы негізінде «Мобильді мұғалім» жобасы Қоғалытүбек негізгі мектебі мен Талпын негізгі мектептеріне 2021 жылдың 1 ақпанынан бастап енгізілді.

Қоғалытүбек НМ-де биология пәнінен 6 сағатты (7-сынып – 2 сағат, 8-сынып – 2 сағат, 9-сынып – 2 сағат) химия пәнінің мұғалімі (маман емес), география пәнінен 6 сағат сағатты (7-сынып – 2 сағат, 8-сынып – 2 сағат, 9-сынып – 2 сағат) химия пәнінің мұғалімі (маман емес) және Талпын НМ-де география пәнінен 6 сағатты (7-сынып – 2 сағат, 8-сынып – 2 сағат, 9-сынып – 2 сағат) биология пәнінің мұғалімі (маман емес) беріп жүрді.

Осы мәселелерді шешу мақсатында Восход ЖОББМ-нен биология пәнінің мұғалімі Тлегенова Айгуль Сериковна және география пәнінің мұғалімі Наурзов Махат Кажгалиевич Қоғалытүбек НМ-не, Аңқаты ЖОББМ-нен география пәнінің мұғалімі Шарипова Айгуль Амангельдиевна Талпын НМ-не Мобильді мұғалім болып бекітілді.

Восход ЖОББМ-нің биология пәнінің мұғалімі Тлегенова Айгуль Сериковнаға Қоғалытүбек НМ-нен биология пәнінен 6 сағат, география пәнінің мұғалімі Наурзов Махат Кажгалиевичке Қоғалытүбек НМ-нен география пәнінен 6 сағат және Аңқаты ЖОББМ-нің география пәнінің мұғалімі Шарипова Айгуль Амангельдиевнаға Талпын НМ-нен география пәнінен 6 сағат жүктеме жүктелді.

Аталған мұғалімдерге жүктемесіне сәйкес еңбекақы тағайындалып, жол шығындары үшін қосымша жанар жағар май бөлінді. Мектепішілік бұйрықтар шығарылып, сабақ кестелері бекітілді. Мобильді мұғалімдер аталған пәндері бойынша бірден нөлдік білім кесімдерін өткізді. Және сол көрсеткішті тоқсандық білім сапаларымен салыстырып, мониторинг жасалды. Қоғалытүбек НМ бойынша биология пәнінен нөлдік білім кесімі 60% көрсетсе, тоқсандық көрсеткіш 87% көрсетіп, 27% білім сапасы өскен.

География пәні бойынша нөлдік білім кесімі 57,6% болса, тоқсандық 78,5%, салыстырмалы түрде қарасақ 20,9% өскен. Талпын НМ бойынша география пәнінен нөлдік білім кесімі 91,6%, тоқсандық көрсеткіш 100%, білім сапасы 8,4% өскендігін көруге болады. Аталған жоба 2021-2022 оқу жылында да өз жалғасын тапты. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатындағы шағын жинақты мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері бөлімінде «Мобильді мұғалім» жобасына басымдық берілген. Шағын жинақталған мектептерде оқыту сапасын қолдау және арттыру үшін «Мобильді мұғалім» жобасы маңызды болып отыр.

«Мобильді мұғалім» деген кім?

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Ресейдің тәжірибесіне сүйеніп енгізген бұл жоба бойынша пән мұғалімі жетіспейтін, интернеттің сапасыздығынан ұстаздары сапалы контент дайындай алмайтын мектептердің оқушыларын өзге өңірлердің жан-жақты қаруланған «Мобильді мұғалімдері» оқытатын болады. «Мобильді мұғалімдер» карантиндік шектеу болмаған кезде де педагог тапшы елді мекеннің балаларын сапалы біліммен қамтуға мүмкіндік береді.

«Мобильді мұғалім» бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептерінде бірнеше мектеппен қатар жұмыс жасау сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге

асыратын педагог. «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің мақсаты – ШЖМ білім алушыларының сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету.

«Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі міндеттері:

1) шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуына қолжетімділік;

2) ауылдық мектептерде білім беру сапасын арттыру;

3) ауыл мектептерін білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету.

«Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын іске асыру облыстық білім басқармаларының бұйрығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар негізінде инварианттық компоненттің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша сұранысқа ие оқу пәндері бойынша шағын жинақталған мектептер базасында жүзеге асырылады.

«Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын жүзеге асыру талаптары:

1) ауданның ауыл мектептерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігі;

2) білім беру ұйымы басшыларының жобаға қатысуға келісімі;

3) жобаға қатысуға кемінде үш пән мұғалімінің келісімі;

4) бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептері мен жол жүру сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген педагог арасында бір оқу жылына арналған келісімшарттың болуы;

5) мұғалімнің денсаулығы туралы анықтамасы.

«Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогке қойылатын талаптар:

- жоғары педагогикалық білімінің болуы;
- педагогикалық еңбек өтілінің он бес жылдан кем болмауы;
- біліктілік санатының «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» болуы;
- білім алушылардың оқу пәні және сабақтан тыс жұмыстар бойынша оқу жетістіктерінің жоғары нәтижелері.

Осы жерде «Мобильді мұғалімге» қойылатын негізгі талаптардың бірі - педагогикалық еңбек өтілінің он бес жылдан кем болмауы және біліктілік санатының «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» болуы дегенге тоқталғым келіп тұр. Бұл жобамен екі жыл бойы жұмыс жасап келеміз. Байқағанымыз: мектептерде толық жүктемемен жұмыс жасап жүрген тәжірибелі мұғалім ШЖМ-ге барып қосалқы жұмыс жасауға келісе бермейді. Және педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер санатындағы мұғалімдер де жоба аясында жұмыс жасауға келіспей жатады.

Осындай кедергілер кездескендіктен 3 жылдан жоғары еңбек өтілі бар, педагог-сарапшы, І санатты мұғалімдерді де жобаға тарттық.

Жобаға қатысушылардың функциялары:

1) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі қызмет атқаратын мектебі педагогтің жұмыс кестесін ескере отырып, ыңғайлы кесте жасайды және оның қызметін бақылауды жүзеге асырады;

2) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагог жүріп-тұру маршрутын жасайды және мектеп әкімшілігімен келіседі;

3) «Мобильді мұғалімді» келісімшарты бойынша қабылдайтын ауыл мектептері сабақ кестесін құрады, сабақтарды кедергісіз өткізуге жағдай жасайды;

4) Ауыл мектептері қашықтан оқыту қажет болған жағдайда білім алушылар мен мобильді мұғалімді компьютерлермен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге ықпал етеді;

5) Ауылдық мектептер «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагогтің қызметін бақылауды жүзеге асырады.

Теректі аудандық білім беру бөлімінің 2021 жылғы 31 тамыздағы №453 бұйрығы негізінде Қоғалытүбек НМ-не маман қажеттілігіне байланысты Ы.Алтынсарин ат.ЖОББМ-нен биология пәнінен 6 сағатқа Тлегенова Сауле Мурзалаевна (7-сынып – 2 сағат, 8-сынып – 2 сағат, 9-сынып – 2 сағат) және ағылшын тілі пәнінен 6

сағатқа Тохлиева Улжан Баймуратовна (8-сынып – 3 сағат, 9-сынып – 3 сағат) Мобильді мұғалім болып бекітілді.

Сонымен қатар Теректі АББББ-нің 2021 жылғы 31 тамыздағы №459 бұйрығы негізінде Талпын НМ-не маман қажеттілігіне байланысты Ұзынкөл ЖОББМ-нен география пәнінен 6 сағатқа Артикова Гүлжан Бигалиевна (7-сынып – 2 сағат, 8-сынып – 2 сағат, 9-сынып – 2 сағат) Мобильді мұғалім болып бекітілді. Мектепішілік бұйрықтар шығарылып, сабақ кестелері бекітілді. Мұғалімдердің жол шығындары есептелінді. Мұғалімдерге жүктемесіне сәйкес еңбекақы төленуде. Қоғалытүбек НМ бойынша биология пәнінен нөлдік білім кесімі 60% көрсетсе, I тоқсанда 100% көрсетіп, 40% білім сапасы өскен болса, II тоқсанда 9,6 % төмендеген. Ағылшын тілі пәні бойынша нөлдік білім кесімі 68,5% болса, I тоқсандық білім сапасы 75,5%, салыстырмалы түрде қарасақ 7% өссе, II тоқсан қорытындысында 14,8% пайызға өсіп отыр. Талпын НМ бойынша география пәнінен нөлдік білім кесімі 67%, тоқсандық көрсеткіштер 100%, білім сапасы 33% өскендігін көруге болады.

«Мобильді мұғалім» жобасының мектеп және оқушы үшін тиімділігін байқадық. Атап өтер болсақ:

- Білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілді (маман сабақ берді);
- Аталған мектептерде білім беру сапасы көтерілуде;
- Оқушылардың сапалы білім алуына мүмкіндік туды;
- Оқушылар қосымша жобалармен жұмыстануда;
- Жоба бойынша «Мобильді мұғалім» болып бекітілген мұғалім де іс-тәжірибе жинақтап, кәсіби жетілуіне алып келері анық.

Қорытындылай келе, мектепте тарихты оқытуда инновациялық технологияларды қолдану оқу процесін іс жүзінде барлық білім алушылар таным процесіне қатысатындай етіп ұйымдастыруға мүмкіндік беретінін атап өтеміз. Оқу материалын игеру процесінде оқушылардың бірлескен қызметі әркімнің өзінің жеке үлесін қосатынын, білім, идеялар, іс-әрекет тәсілдерімен алмасатынын білдіреді. Бұл өзара қолдау процесінде орын алады, бұл жаңа білім алуға ғана емес, сонымен бірге танымдық белсенділікті дамытуға, оны ынтымақтастықтың жоғары формаларына аударуға мүмкіндік береді. Осылайша, оқушыларды оқытудың инновациялық әдістерінің негізінде кәсіби қызметті түсінуге шығармашылық, инновациялық көзқарасты қалыптастыруға, ойлаудың дербестігін дамытуға, оңтайлы шешім қабылдау қабілетіне көмектесетін белсенді әдістер жатыр. Белсенді оқытудың әртүрлі әдістері оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетке деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді, бұл мотивациялық, шығармашылық оқыту

атмосферасын құруға және сонымен бірге оқу, тәрбие, дамыту міндеттерінің тұтас кешенін шешуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Суслов А.Ю., Салимгареев М.В., Хамматов Ш.С. Инновационные методы преподавания истории в современной школе // Образование и наука. 2017. – 9(4).
2. Ибраева А.Г. Тарихшы емес мамандықтарда «Қазақстан тарихы» пәнін оқытудың инновациялық әдістері // Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2020. – 4(1).
3. Абдраманова Г.Б. Инновациялық технологиялардың білім берудегі рөлі / Г.Б. Абдраманова, Г.О. Байзулдаева // Молодой ученый. - 2015. - 7.1(87.1). - 4-6.
4. Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: оқулық. – Алматы, 2022.
5. Нұрмағанбет Е.Т., Иманбаев Е.И., Рисбаева Р.Б. Білім беру қызметінің тиімділігін арттырудың инновациялық әдістері, құралдары мен тәсілдері. - Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020.

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ У ОБУЧАЮЩИХСЯ НА УРОКАХ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА
DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF STUDENTS IN ENGLISH LANGUAGE LESSONS

Ж.К. Мухамединова
«Павлодар облысының білім беру басқармасы Білім беруді дамытудың инновациялық орталығы» КММ, Павлодар қаласы,
zhuldyz.muhamedinova.81@mail.ru

Аңдатпа: Бұл жұмыста ағылшын тілін үйренуде ең тиімді болып табылатын сыни тұрғыдан ойлау технологиясының әдістері мен әдістері қарастырылады, сонымен қатар мұғалімнің осы технологияны тәжірибеде қолдануы келтірілген.
Аннотация: В данной работе рассмотрены методы и приемы технологии Критического мышления, которые являются наиболее эффективными при изучении английского языка, а также приведены примеры использования данной технологии учителем на практике.
Annotation: This work discusses the methods and techniques of Critical Thinking technology, which are the most effective in learning English, and also provides examples of the use of this technology by a teacher in practice
Түйін сөздер: фунционалдық сауаттылық, өзін-өзі бағалау, теориялық білім, ақпарат алу, логикалық ойлау, әдіс-тәсілдер.

«Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауда мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойды. Ұлттық жоспардың мақсаты — Қазақстанда білім сапасын жетілдірудегі, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі атқарылатын іс-шаралардың жүйелілігі мен тұтастығын қамтамасыз ету. Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функционалдық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық

дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз - адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты мақсат- жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Сабақтың мақсаттарына жету үшін тілдік дағдыларының төрт түрін түрлі комбинацияда оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым қолдана білу. Ол үшін мына мәселелерге үнемі көңіл бөлу керек: 1.Білім алушыларға тапсырмаларды 6 деңгейлі Блум таксономиясы негізінде құрып, ондағы білу, түсіну, қолданудан гөрі жинақтау, талдау, бағалауға мән беру. 2. Стандарт талаптарына сай берілген тапсырмаларды орындаумен қатар білім алушының өмірде қолдана алатындай тапсырмалар құрастыруға көңіл бөлу. 3. Білім алушының логикалық ойлауын, сыни тұрғыдан ойын жеткізуді жүзеге асыру үшін, білім беруде сабақтың құрылымын өзгерту, яғни оқытудың белсенді стратегияларын қолдану, білім алушының сабаққа деген ынтасын арттыру үшін әр 10 минут сайын жағдаятты өзгертіп отыру. 4. Білім алушыға тапсырма берген кезде оның алгоритмдерін алдын-ала ескерту. 5.Тапсырманы зейін қойып, орындауға және эксперименттік есептер, зертханалық шағын зерттеу жұмыстарын орындата отырып, өзінің орындаған жұмысының дұрыстығына көз жеткізу, өзін-өзі бағалауға үйрету. Осыдай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда білім алушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады. Пәнді интеллектуалдық және шығармашылық тұрғыда түсініп меңгертуде қазіргі таңдағы оқыту технологияларының стратегияларын пайдалану тиімді болып келеді: «Джиксо-ұжымдық оқыту» стратегиясы, «Дана үкілер» стратегиясы, «Мозайка немесе Ара ұясы» стратегиясы. Мақсаты: Жалпы мәселені жұпта, топта, ұжымда талқылау. Бұл стратегиялар мазмұнды жоғары табыспен меңгеру, оқығанды есте сақтау үшін тиімді. Білім алушының оқуға деген қызығушылығы артады, ұжымда жақсы қарым-қатынас қалыптасады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ойлауға, ізденуге, нәтижеге жетуге дағдыланады.. Сондай-ақ білім алушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті боп саналады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұхбаттық тапсырмалар, құзыреттіліктерді қалыптастыратын тапсырмалар арқылы кешенді жүргізудің тиімділігі жоғары болады. Педагог ретінде, жаңа стратегияларды ағылшын тілі сабағында қолдану барысында білім алушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» білім алушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9-сыныпта ағылшын тілі пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып,

бірнеше сабақтар өткіздім. Онда ЖИГСО, белгілер әдісі, Венн диаграммасы, бес жолды өлең, топтастыру әдістерін қолдандым және жеке, топтық, рольдік ойын жұмыстар жүргізілді. Үй тапсырмасын «Кім жылдам?», «6 неге сұрақ» ойыны түрінде ұйымдастырып, қай топта сұраққа айтпаған оқушы саны көп, сол жеңіледі. Сабақты жарыс түрінде ұйымдастырып жауап бермей қалған білім алушыны қалдырмай, қайта оның есебін алып, оны сол бала үшін топтың артта қалғанын түйсігіне жаймен жеткізсе, ол оқушы да басқа оқушылардан қалмай жауап беруге тырысатынын және оған топтағы басқа оқушылар міндетті түрде көмектесетініне көз жеткіздім. Сол сияқты инновациялық технологиялардың әдіс -тәсілдерін 8-9 сыныптарда да пайдаланып, жақсы нәтижелерге жетіп жүрмін. Жоғары сыныптар үшін көбіне ЖИГСО стратегиясын қолданамын. ЖИГСО стратегиясын қолдануда мәтіннің көлемі үлкен, күрделі, ғылыми тұрғыда болуы керек. Себебі, қарапайым мәтін болса, оқушылар тәжірибелі топсыз-ақ өздері оқып, тіпті жаттап алып айтып береді. Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшаңдығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл күйдің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі. Сонымен бірге - оқыта үйрету ойындары білім алушыларға білімдерін тереңдетуге, толықтыруға, бекітуге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге, ақпарат көздерімен өздіктерінен жұмыс істеуге, ізденуге, әр түрлі жағдайларда дұрыс шешім қабылдауға, қиындықтан алып шығатын жол таңдауға, өмірде өзін бағалай білуге үйретеді. Мысалы, 5 сыныпта «Living things» тақырыбында білім алушыларды бірнеше топқа бөліп, топтарға әр түрлі тақырыптағы лексиканы таратып, атауларын беру. Әр топ әр түрлі суреттер, кестелер, ақпараттар жинап, постер, кластер сызып тақтаға ыңғайлы етіп орналастырып, әр топ өз жинақтаған мәліметтерін қорғайды, басқа топтар тыңдайды. Тақырып туралы қосымша мәліметтер алады. Сонымен қатар сабақта төмендегідей әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушылардың сабаққа ынтасын арттыра отырып, білім сапасын жетілдіріп, функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді деп ойлаймын. Атап айтсам: «Жұптағы ой қозғау», «Аквариум», «Кластерлер», «Ойлан, жұптас, талқыла», «Серпілген сауал», «Еркін жазу», «Сұрақтар шеңбері», «Атаулар туралы үш сұрақ», «Ыстық орындық». Сондай-ақ сабақта ойынды ұйымдастырғанда білім алушылар бір-біріне көмектесетіндей, бір-бірімен бірігетіндей жағдай жасау керек. Сонда сабақ тек білім беру қызметін ғана емес, тәрбиелеу қызметін де атқарады. Мұндай сабақтардың өтілуі нәтижесінде білім алушыларда бір-бірімен сөйлесе білу мәдениеті, тәртіптілік, топқа және бір-біріне жауапкершілік сезімнің болуы, өзін және өзгені бағалау, тыңдау қасиеттері қалыптасады. Ауқымды материалдан қажетті ақпаратты тауып, шешім қабылдауға дағдыланады, сөздік қоры дамиды. Жаңа заман талаптарына сай сабақта өзгеріп, жаңарып отырса, жеткіншектерге оның әсері мен ықпалы болады. Олардың эмоциялық сезім – түйсіктеріне әсер ете білген ізденістердің пайдасы өте көп.

Тілмен байланысты тапсырмалар үшін білім алушыларға сөздерді жіктеуді (сөздерді үйрену үшін жақсы), салыстыруды, есте сақтауды немесе реттеуді (әңгімедегі фактілер, есімдер), себеп пен салдарлық туралы ойлауды және ағы басқасын ұсынуға болады. Бұл сабақтар олардың ойлау дағдыларын белсендіріп қана қоймай, сонымен қатар өте практикалық - оларды сабақтың кез келген сәтінде бейімдей алуға мүмкіндік туғызады. Жоғарыда аталған қадамдарды, мысалы, жоба үшін үлкен нәрсе үшін процесс ретінде орындату. Жобалар сондай-ақ сыныптағы шығармашылық пен ынтымақтастыққа ықпал етеді, өйткені білім алушылар өз ойларын біріктіріп, мағынасын талқылап, мәселелерді шешіп, жобаның соңғы өнімі болатын бір нәрсе жасауы керек. Тағы бір мүмкіндік-сабақты ауыстыру - білім алушыларды сабақ алдында зерттеу жүргізуді және ұсынылған тақырыпқа қолдану үшін өз қорытындыларын ұсынуды және ойластырылған талқылау жүргізуді сұрау.

Білім алушыларды жаңаша ойлауға шақыру жөн: Шығармашылық - бұл жаңа ойлауға және басқаларды бұрын көрмеген қауымдастықтар мен қарым - қатынастарды

көруге қабілеті. Білім алушыларды мұны жасауға ынталандыру арқылы, олардың бойында бұрыннан байқалмаған шығармашылық қабілеттері ашылады.

Түсіну мен құрметтеуді көтермелеу: сыни ойлауды жүзеге асырудың салдарының бірі басқа адамның орнына өзін қоюға және оның ойлары мен сезімдерін түсінуге қабілетті болып табылатын зияткерлік Эмпатияны дамыту болып табылады. Осылайша, білім алушылар әділ, этикалық ойшыл болады. Бұл тұрғыда құрмет ұғымы табиғи түрде дами алады, бірақ оны кез-келген оқу ортасында да көтермелеу керек. Негізгі ой тек ғылым мен фактілер туралы ғана емес: сыни ойлау білім алушыларды интеллектуалды эмпаттар ғана емес, сонымен қатар оларға өз білімін және әр түрлі идеяларға үнемі жүгіну қажеттілігін сезінуге көмектеседі - зерттеулер мен пайымдаулардың көмегімен олар өз міндеттерін тұтастықпен орындауы тиіс.

Педагог ретінде, жаңа стратегияларды ағылшын тілі сабағында қолдану барысында білім алушының өз бетімен білім алып, алған білімді іс жүзінде дәлелдей алатын және «үндемейтін», «енжар» білім алушының қызығушылығын оятып, оны «сөйлетуге» болатындығын өз тәжірибемнен байқадым. 9-сыныпта ағылшын тілі пәнінен СТО технологиясының әдістерін қолданып, бірнеше сабақтар өткіздім. Ақыл-парасаттан көрі сезім түйсігі ұшқыр балаларға көп жағдайда бағдарламалық тақырыптарды тосын тәсілдер арқылы түсіндіру пайдалы. Жаңа педагогикалық технологияларды енгізу – оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып қана қоймайды, басқа да көптеген мәселелерді шешеді. Білім алушы мемлекеттік стандартты ғана алып қоймайды, өз қабілетіне қарай таңдау, әрі қарай білімін дамытуға мүмкіндігі болады. Жаңа педагогикалық технологияны пайдалану білім алушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, танымдық, ойлау қабілеттерін арттырудың, яғни функционалдық сауаттылықтарын дамытудың бірден-бір көзі. Сонымен, жаңа педагогикалық технологияның әдістерін тиімді пайдалану арқылы «Білімді адам» парадигмасын, «Өзін-өзі дамытатын және әрекетшіл адам» парадигмасына өзгертуге болады. Осы орайда ұлы ұстаз Абайдың: «Адам ата-анадан туғанда есті болып тумайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» деген дана сөздерінен адам табиғатының, болмысы мен танымының қалыптасуының өзі осы ізбен жүретінін байқауға болады. Егер оқу үдерісі, балаларға білім, білік, дағдыларды игерту осы ұстанымға негізделсе, нәтижелі болатыны анық деп ойлаймын. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады. Қоршаған әлемде және табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсіну, салыстыру, талдау, жіктеу, жүйелеу, жалпылау білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары көзделгенде ғана оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға болады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру үшін академиялық білім беріп қана қоймай, сын тұрғысынан ойлау, білімін күнделікті өмірде, шынайы жағдайларда пайдалана білу, проблеманы шешу, ғылыми-зерттеу дағдыларын, қарым-қатынас дағдыларын дамыту керек. Осындай іс-әрекеттерді орындаған жағдайда білім алушыға жоғары деңгейде білімін қалыптастыруға жол ашылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Білім беру мекемелері қызметкерлерін ақпараттық-коммуникациялық технология саласы бойынша біліктілігін көтерудің ғылыми-әдістемелік негіздері» Алматы – 2012 ж.

2. «Биология және салауаттылық негізі » ғылымиәдістемелік журналы.,№5 2014ж
3. «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-
2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары. Ғылымиәдістемелік журнал №4 2007 ж.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012
2016 жылдарға арналған ұлттық іс қимыл жоспары.
5. Кендиван О.Д. Химияны оқытудағы тәжірибеге бағытталған тапсырмалар.
6. Лобанова Л.И. Химия сабақтарындағы ситуациялық тапсырмалар оқушылардың түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру үлгісі ретінде. rudocs.exdat.com›docs2/index-579437.html

СОДЕРЖАНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ МОЛОДЫХ СПЕЦИАЛИСТОВ В ОБРАЗОВАНИИ

Мырзаханова Лаура Ауесхановна
Опорная средная школа имени Мукагали Макатева,
Казахстан, Жамбылская обл.,
Шуский район,село Толе би.klem.71@mail.ru

Аннотация: в статье обозначены основные направления развития профессиональных компетенций молодого специалиста в образовании. Автором раскрыты понятия «консультирование молодого специалиста», «поддержка молодого специалиста».
Ключевые слова: модернизация, консультация, технологии, эффективность развития.

Будущее молодого поколения Казахстана зависит от его стремления к знаниям, а не от престижности университета, которые они окончили. Все зависит от человека – захотел ли он воплотить свои знания в жизнь. В настоящее время - это опора на глубокие знания, страна движется к постиндустриальному миру, в котором правит триада «образование - наука - инновации». Осилить их под силу только педагогам новой формации, которые имеют особые мозговые способности.

Одной из ключевых задач модернизации образовательной сферы является реализация идеи непрерывного профессионального образования, целевые функции которой ориентированы на повышение эффективности взаимодействия образовательных звеньев до профессиональной, начальной, средней, высшей профессиональной школы, системы переподготовки и повышения квалификации и послевузовской подготовки специалистов.

Особенности социальных функций и профессиональной деятельности педагогов профессионального обучения обуславливают особую сложность и повышенную значимость формирования профессионализма. Поэтому для данной профессиональной группы проблема формирования профессионализма является особенно актуально.

Проблема формирования профессионализма рассматривается не в совокупности мероприятий по профессиональной подготовке, не в разработке дополнительных форм обучения, а в перестройке системы профессиональной подготовки на основе профессиологического, технологического, систем-ного, личностно-ориентирован ного подходов.

Начинающий учитель требует к себе особого внимания со стороны администрации и педагогического коллектива. Одним из пунктов должностных обязанностей заместителя директора по УВР – организация индивидуальной работы с молодыми специалистами и их наставниками. Особенностью данной работы является то, что ней оптимально соединены аналитико-диагностическая, экспертная, организационно-методическая и консультативная работа. С педагогами обсуждаются вопросы организационного плана, проводятся индивидуальные консультации, связанные с составлением темати ческих планов,

разработкой планов воспитательной работы, оптимизацией выбора методов и средств обучения. Консультативные беседы проводятся по плану ежемесячно, но при необходимости ичаще (по запросу педагога).

В консультативные беседы входят:

- ✓ изучение нормативных документов,
- ✓ урочная и внеурочная деятельность,
- ✓ самоанализ и анализ урока,
- ✓ диагностика результатов обучения,
- ✓ педагогические технологии,
- ✓ формы организации деятельности учащихся на уроке,
- ✓ воспитательная работа (а также любая методическая помощь) .

В современных условиях выпускник вуза, колледжа должен в максимально короткие сроки адаптироваться в новых для него условиях практической деятельности.

Сегодня наставничество заслуживает самого пристального внимания, в нем отражена жизненная необходимость выпускника учебного заведения получить поддержку опытного профессионала, который способен предложить практическую и теоретическую помощь на рабочем месте. Помощьнаставника заключается в оказании помощи по анализу программ, конструированию урока, подборе методического и дидактического оснащения, работе с нормативными документами, соблюдении научной организации труда учителя, корректированию результативности профессиональной деятельности молодого учителя.

По новым стандартам происходит переход от репродуктивного типа обучения, основанного на запоминании и воспроизведении фактов и правил с последующим исполнением инструкций, к формированию способностей поиска и анализа информации, моделирования новых объектов и процессов, отбора оптимальных путей решения задач, самостоятельного планирования познавательных действий и их самооценки.

От стандартов, содержащих образовательный минимум с указанием только предметных результатов, осуществляется переход на новые стандарты: требования о том, какими должны быть школьные программы, какие результаты (предметные, межпредметные,личностные) должны продемонстрировать дети, какие условия должны быть созданы в школе для достижения этих результатов.

Работу по новым технологиям надо начинать сразу, а приобретение профессионального опыта может быть ускорено. Поэтому нужно говорить о:

- ✓ самооценке учащихся и учителя;
- ✓ создании межредметных уроков;
- ✓ создании открытой образовательной среды класса;
- ✓ формировании индивидуального плана повышения квалификации.

У каждого учителя должен быть свой открытый образовательный ресурс, причем его создание надо начинать еще со времени обучения в вузе. Это эффективная среда общения учителя не только с учениками и родителями, но и с другими педагогами района. Положительным фактором становится интеграция с системами дистанционного обучения, в том числе и одаренных детей, идетей с трудностями в обучении.

Уже сейчас некоторые молодые специалисты готовы выходить и выходят с предложениями в области научно-технического творчества, профориентации школьников, развития здоровьесберегающих технологий. Большое распространение в последнее время приобрели проекты по энерго и ресурсосбережению, что вызвано повышением заинтересованности школ в экономии ресурсов. Эти проекты дают большой простор для творчества педагогов, начиная с разработки тематических занятий и заканчивая созданием школьных энергопатрулей.

Учитель должен быть современником ученика с точки зрения используемых технологий. Но и наставник – современник молодого специалиста. Насущным становится вопрос изменения дей- ствующей системы наставничества. Наставничество стало стимулирующим основанием надбавки к заработной плате опытным педагогам,

работающим в образовательных учреждениях рядом с молодым специалистом. Необходимо, чтобы наставник был ИКТ-компетентен, активно участвовал в жизни профессионального сообщества, был современником молодого педагога с точки зрения использования педагогических технологий. Только в этом случае взаимодействие опытных и начинающих коллег можно будет считать успешным.

Сегодня на молодого педагога ложится большая ответственность. Он готов к нововведениям и стремится перенимать передовой педагогический опыт, не скован стереотипами и свободен от шаблонов обучения и воспитания, ИКТ-компетентен и нацелен на достижение ощутимых результатов. Начинающего специалиста системы образования отличают педагогический оптимизм и уверенность в своих силах. Однако желание быть в центре преобразований не всегда соотносится с возможностями молодого педагога. Его эффективному развитию нередко мешают такие проблемы, как трудности в общении со школьниками, коллегами, администрацией, родителями учащихся, завышенные ожидания и не всегда адекватная оценка результатов собственной работы, несоответствие теоретических знаний и их практического применения.

Более необычными являются содержание, средства и формы, что придает развитию необходимое ускорение для приобретения необходимых компетенций. Все зависит от того, какую позицию займет старший педагог наставник.

Выпускник профессионально-педагогического образования должен одинаково уверенно чувствовать себя и в роли педагога (полноценное педагогическое образование), и в роли рабочего (полноценное начальное профессиональное образование). Это различие сфер деятельности специалистов-педагогов убеждает в том, что педагогическое образование и профессионально-педагогическое образование не могут занимать подчиненное положение по отношению друг к другу.

Вопросы повышения качества подготовки будущих педагогов связывается с гуманизацией его содержания, демократизацией процесса подготовки специалистов, с непрерывностью обучения в системе образования в целом, с поиском путей совершенствования профессионально педагогического образования.

Этот динамический процесс сопряжен с пересмотром требований, предъявляемых к мастеру производственного обучения, основу которых составляет подготовка студентов к активной, самостоятельной, творческой деятельности педагога, к самоопределению, к осознанному овладению различными видами деятельности мастера в системе непрерывного профессионального образования. Региональная потребность в специалистах данного профиля, реальный уровень профессионально-педагогического образования свидетельствует о том, что необходим поиск новых форм подготовки кадров.

Адаптация молодого специалиста в системе образования проявляется как на индивидуально-групповом уровне, так и на уровне всего социума. Содержательно адаптация молодого специалиста в системе образования, рассматриваемая с позиции деятельностного подхода, отчасти связана с преодолением и предупреждением разнообразных адаптивных барьеров, противоречий и конфликтных ситуаций, образующихся между молодым специалистом и педагогическим коллективом или администрацией, или молодым специалистом и обучающимися и их родителями. Все многообразие актуальных, индивидуально значимых социальных противоречий и конфликтов варьируется и интерпретируется в круге важнейших личностных проблем: дефицита индивидуальных жизненных ресурсов, проблем индивидуального развития, нарушения социально психологического баланса идентичности личности. Разрешение этих проблем может осуществляться в контексте удачной или неудачной адаптивной деятельности.

Факторы, влияющие на профессионально-функциональную адаптацию, заключают в себя объективную и субъективную стороны. Субъективная сторона профессионально-функциональной адаптации: ценностные ориентации и связанные с ними личные планы молодого специалиста; психологические особенности личности молодого специалиста;

мотивы выбора профессии педагога; уровень квалификации; возможность профессионального роста; профессиональные возможности; удовлетворенность специальностью, условиями профессиональной деятельности; состояние нравственно-психологического климата.

ЛИТЕРАТУРА

1. БолатЖұмынұлы Жаңа буын ғалымы -02.11.2022 . https://dalanews.kz/bilim/83123-zhanga-buyn-galymy
2. Ж.А.Жүсіпова Педагогикалық шеберлік: оқулық Алматы 2011.
3. Канн-Калик В.А. Основы профессионально-педагогического общения.–СПб.:Нева.
4. Зимняя И.А. Педагогическая психология. – М.: Логос, 2008. – С. 276–280
5. Кристоф А.Л. Адаптация и инновация на работе. – М.: Бизнес Букс, 2007. –151 с.
6. О'Рейл К.Ф. Культура как социальный контроль. – СПб.: Питер, 2003. –103 с.

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ТАРИХ ПӘНІНЕН ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Нугманова Гулдана Максимовна
«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Сырым ауданы білім беру бөлімінің
«Қ.Мырзалиев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» ММ
тарих және құқық пәні мұғалімі, педагог-шебер
guldan_n@mail.ru

Түйін сөз: Тарих пән олимпиадасы, дарынды балалармен жұмыс, олимпиадаға дайындау принциптері
Ключевые слова: предметная олимпиада по истории, работа с одаренными детьми, принципы подготовки к Олимпиаде
Keywords: subject Olympiad in history, work with gifted children, principles of preparation for the Olympiad

Аңдатпа: Мақалада дарынды балаларды анықтау, оларға оқытуда жағдай жасаудың тиімді жолдары қарастырылады. Сондай - ақ ерекше қабілетті балалардың өзіндік ерекшеліктерін зерттеп, оларды дамыту мақсатында тапсырмалар жүйесін ұйымдастыру жолдары айтылады.
Аннотация: В статье рассматриваются эффективные способы выявления одаренных детей и создания условий для их воспитания. Также говорится об организации системы заданий с целью изучения возможностей детей с особыми способностями и их развития.
Abstract: The article considers effective ways to identify gifted children and create conditions for their education. The article also tells how to organize a system of tasks for the purpose of studying the characteristics of children with special abilities and developing them.

Бүгінгі таңда Қазақстан үшін дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау мәселесі өте өзекті. Олардың қабілеттері мен таланттарын ашу және іске асыру қабілеті жоғары бала үшін жеке тұлға ретінде ғана емес, жалпы қоғам үшін де маңызды.

«Дарынды оқушы – ұлт болашағы» десек, әр мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Ал бүгінгі мектепке қандай талап қойылады деген сұраққа жауап бере білсек, Біріншіден, барлық пән бойынша жақсы білім беретін, оқушының функционалды сауаттылығын қылыптастыратын, түлектерін жоғары оқу орындарына оңай түсуіне көмектесетін мектеп. Екіншіден, мектеп қоғам талабына сай жаңашыл білім беруі қажет.

Үшіншіден, мектепте әр баланың жеке қабілеті мен бейімділігі ашылып дамытуы керек деп ойлаймын.

Осы орайда кәсіби жетістікке жалпы және арнайы қабілеттілік, білімділік, шығармашылық арқылы ғана жетуге болады. Сондықтан мектеп мұғалімдерінің алдында тұрған балалардың жеке қабілетін бейімділігін анықтау және оны дамыту, соның негізінде олардың болашағына бағыт беру кезек күттірмейтін білім беру үдерісіндегі мәселе болып қала бермек. Осы аталған мәселенің өзектілігі сонда, жеке тұлғаның дарындылығын дер кезінде анықтап, оған қолдау көрсету бүгінгі күннің басты жұмысы. Атақты Абай атамыз адамды қоршаған орта табиғатының бір бөлігі дей келе, табиғаттың адам баласына берген керемет сыйы туылғаннан білуге, түсінуге деген ұмтылысы деп есептейді. Бірақ бала өсе келе осы қасиетті біртіндеп жоғалта бастайды. Біреулер айналадағы құбылысқа, таңдана, тамашалай қарайды, ал біреулер оны сын көзбен қарап, ой қорытуы, сыни пікірлер айтуы мүмкін. Осы таңдана тамашалай қараған баладан шығармашылық қабілетті танып, оның өзіндік қабілет, бейімділіктерін ашу, мектеп қабырғасынан шығармашылыққа баулу ақыл - ойын дамыту мектеп мұғалімдеріне жүктеледі

Қазіргі білім беру, ғылым, өмір талабы, оқушы талғамы үнемі өсуде. Соған орай әр мұғалім шәкірт жүрегіне жол табарлық, пәніне қызықтырарлық ең тиімді әдістерді қолдануды іздейді, оқыту тәсілдерін жетілдіреді, ғылыми зерттеулер жүргізеді. Өйткені оқушыдан терең білімділікті, ұтымдылықты, ізденімпаздылықты талап ету үшін мұғалімнің тәжірибесі де, білімі де маңызды болып отыр [1].

Сабақ үрдісінде осындай дарынды, талантты оқушыларды анықтау үшін әуелі жоспар құрып алдым:

1 кезең. Ерекше қабілетті оқушыларды анықтау (диагностикалық карталар, әдістемелер, тест, сауалнама)

2 кезең. Оқушы қабілеттілігінің бағытын анықтау; Бірнеше әдістемелердің нәтижесінде оқушылардың қандай бағытқа икем екендері анықталып, қорытындысында мынадай көрсеткіш көрсетті.

Қазақ тілі және әдебиет -70%, Математика-50%, Жаратылыстану-65%, Тарих-75%

3 кезең. Дарынды оқушылардың зияткерлік әлеуетін қалай арттырдым ?

Ой-өрісін дамыта түсу үшін жұмысымды жүйелі жүргізуді бірінші жолға қойдым. (Ізденіс жұмыстарын өз беттерінше ізденіп оқуды ұйымдастыру, дамыту. Проблемалық сұрақтар беріп, оны шешудің жолын тапқызу, сабақта, сабақтан тыс уақытта қосымша жұмыстар беру және сол жұмыстарының қорытындысына қарап отырып, бағытына қарай үйірмелерге қатыстыру болды [3].

Осы өткізген жұмыстарымның қорытындысына қарай мектепішілік және аудандық, облыстық, республикалық конкурстар мен сайыстарға қатыстырып отырамын. (олимпиадалар мәнерлеп оқу, зерттеу жұмыстары т.б). Осындай жүргізген жұмыстарым көптеп саналады. Соның ішінен өз тәжірибемнен 1 жұмыспен бөліскім келіп тұр. Осы оқушылардың ішінен қоғамдық-гуманитарлық бағытына көзқарасы терең байқалған Халиолла Алтынаймен жұмысты жалғастыруды қолға алдым. Себебі, өзіміздің туған жеріміздің тарихын танып білу, оны құрмет тұта білу, оларды зерттеу оқушыны да, өзімді де қызықтырды. Осы бағытта зерттеу жұмысымның тақырыбын «Шахзада Шонанова (Қаратаева)- ату жазасына кесілген қазақ қызы» деп алдым. Бұл жоба ХХ ғасырдың 20-30-шы жылдары саяси қуғын-сүргін кезеңінде ең ауыр жазаға кесілген санаулы қазақ қыздарының бірі, Алаш зиялысы Арон Қаратаевтың қызы – Шахзада Шонановаға арналған

Дарынды оқушыларды сабақта әртүрлі заманауи әдістер арқылы ынталандыруға болады. Қазір заман талабына сай көптеген жаңа платформалар өте көп. Соларды пайдаланып оқушыларды сабаққа ынталандыруға болады. Мысалы, «Leaningapps.com» бағдарламасы. Бұл платформа арқылы оқушыларға квест ойындарын, картадан нысандарды тап, бәйге ,т.б. күрделі тапсырмаларды беруге болады. Мен көбіне бұл

бағдарламада дарынды балаларға картамен жұмыс беремін.Оқушылардың қызығушылықтарын туғызады [4].

Қабілетті оқушылар түгілі денгейі төмен оқушылар қызығып, сабаққа араласа бастайды. Дарынды балаларға бөлек күрделі тапсырмалар, ал деңгейі орташа және төмен оқушыларға жеңіл формада беріледі.

Сондай- ақ «Joiteka» және «word wall» платформалары арқылы да сабақтар өте ерекше, әрі қызықты өтеді. Бұл платформаларда да түрлі ойындар тапсырмалар шаблондары жинақталған. Сонымен қатар мұғалім өздігінен де тапсырмаларды оқушы деңгейіне қарай құрастыра алады.

Смарт технологиялардан бөлек, оқушыларды түрлі әдістермен де қызықтыруға тырысамын. Оқушыларды топқа бөліп, деңгейлеріне байланысты сұрақ – тапсырмалар беріледі. Дарынды оқушыларды сонымен қатар, олимпиадаға, зерттеу жобаларына қатыстырамын. Қатысқан оқушыларымның барлығы нәтижемен оралды. Дарынды оқушыларды осындай түрлі әдістермен оқуға қызықтырып, ынтасын арттыруға болады.

Мектепте әртүрлі білім беру салалары бойынша олимпиада тапсырмаларының банкі құрылды және үнемі толықтырылып отырады. Соңғы жылдары пәндік олимпиадаларға қатысушылар мен жеңімпаздар санының кеңеюін байқауға болады. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс тиімділігін күшейту үшін жаңа білім беру технологияларын, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін: жеке – бағдарлы тәсілді (жеке қабілеттердің дамығандығын және оқу еңбегі біліктерінің қалыптасу деңгейін ескере отырып құруды үйрету) және сабақтың барлық кезеңдерінде әртүрлі деңгейлік саралауды пайдалану [5].

Жалпы пәндік олимпиадалар мектеп оқушыларының пәнге деген қызығушылығын тудырумен бірге, олардың білімін бағалаудың әділ жолы болып табылады. Осы орайда, мен олимпиадаға оқушыларды дайындаудағы өзіндік істәжірибемді ортаға салғым келеді.

Тарих сабағында оқушыларға қойылатын талаптар:

біріншіден, үйге берілген тапсырманы оқулық бойынша оқуды;

екіншіден, оқыған материалды тарихи тілмен мүдірмей айтып беруді;

Үшіншіден: тақырыпқа байланысты таблица жасауды, венн диаграмасын сызуды, даталарды жатқа айтуды, тірек схемасын сыза білуді.

Тесттер: балама тест, сәйкестендіру тест, жабық тест мәнжазба жаздыру арқылы, тоқсандық, тақырыптық тапсырмаларды талдау

Олимпиада резервтерін дайындауда ең алдымен оқушының пәнге қабілетін анықтап, бесінші сыныптан бастап дайындаған тиімді нәтиже береді. Дайындық жұмыстары жүйелі түрде, оқушының жас ерекшелігіне сай біртіндеп күрделендіріліп отыруы керек. Әдістемелік тақырыбым: «Жалпы білім беретін мектептердегі дарынды балалардың интелектуалдық қабілеті мен талантын дамыту» болғандықтан сабақта жеке жұмыстар жасауға баса назар аударамын.

Осы жоғарыда айтылған теориялық бөлікті кейбір тапсырмаларын тәжірибе жүзінде былай жүргіземін:

1.Сұрақ-жауап». Мәтінді тыңдатып, бір - біріне сұрақ қояды. Өздерінің жауаптарынан мәтін құрады. Құрастырған мәтіндері мен аудиомәтінді қайта тыңдап, салыстырады.

2. «Мәтінді тыңдап, аяқта». Берілген мәтіннің басын тыңдап, аяғын өзі құрастырып, аяқтайды.

3. «Ассоциация және болжам». Оқушылар топпен, жұппен немесе жеке тапсырма алады. Мәтіннің тақырыбын естігеннен кейін қандай ассоциация пайда болды? Мәтін не туралы болады деп ойлайсыз? деген сұрақтарға жауап беруге тырысады. Бұл мәтінмен атқарылатын жұмыс түрлерінің бір бөлігі ғана. Ал, енді осы мәтіннен кейін оқушылардың өздерімен орындайтын жұмыс түрлерінің кейбіреулеріне тоқталғым келеді.

4..«ПОПС» формуласы

Бірінші сөйлем «Менің ойымша,... »

Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »

Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын... »

Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім .... ».

5. «Балық қаңқасы». Мәтінді талқылауға арналған жаттығу Орындалу барысы: басы – тақырыптың мәселесі, үстіңгі сүйектері – тақырыптың негізгі түсініктері, астыңғы сүйектері – себептері, құйрығы – мәселенің шешімі. Қаңқадағы жазулар қысқа болу керек, олар тірек сөздерден немесе тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалар болуы мүмкін. Осындай және тағы да басқа әдіс тәсілдерді қолдана отырып дарынды, қабілеті бар оқушыларды пәндік олипиадаларға дайындық жұмыстарын жүйелі түрде өткізудемін. Бұл жұмыс түрлері тек тарих сабақтарында ғана емес, қосымша сабақтарда да орындалады. Мектеппен ғана шектелмей, жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасаудамыз.

Дарындылықты дамыту бойынша дұрыс ұйымдастырылған және жүйелі түрде жүргізілетін іс-әрекет оқушылардың интеллектуалдық өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі дамытуға деген ұмтылысын дамытады, шығармашылық қабілеттерін дамытады, жобалау және зерттеу іс-әрекеті дағдыларын қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының 2020 жылға дейінгі даму Стратегиясы. Астана, 2011.

2. Аубакиров С.А. Қазіргі заманғы мұғалім //Қазақстан мектебі. №6. Алматы, 2005

3.Бахмутский А.Е. Білім сапасын бақылаудың мектеп жүйесі. Псков: АНО «Возрождение» әлеуметтік дизайн орталығы, 2004. - 96 б. Интернет материалдары.

4.Федотова Н.К. Дарынды балалармен жұмыс тәжірибесінен / Н.К. Федотова // Вестник НГУ. Серия: Педагогика / Новосиб мемлекеттік университеті. - 2008. - 9-том, шыға1. Аксенова Е.А. Дарынды балаларды шетелде оқытудағы инновациялық тәсілдер // Эйдос интернет журналы. - 2007 ж.

5.Амосова И.В. Дарынды балалармен жұмыс: тарих пәнінен олимпиадаға дайындық // Мектепте тарихты оқыту. 2007. No 9. Б.51.

ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Мамбетова Айжан Нагызхановна
Константинов ЖОББМ КММ математика пәнінің мұғалімі
aiko_chiki@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада математика саласындағы тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологиялар қарастырылады. Ол оқушылардың математиканы меңгеруін және түсінуін жақсартуға көмектесетін әртүрлі тәсілдер мен құралдарды қамтиды. Мақаланың бірінші бөлімінде оқушылардың математиканы оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандыратын оқыту әдістері қарастырылады. Тиімді әдістердің бірі проблемалық оқыту болып табылады, ол оқушыларға математикалық ұғымдарды қолдану арқылы нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамытуға, проблеманы шешуге ықпал етеді. Мақаланың екінші бөлімінде математикалық білім беруді жақсартуға көмектесетін инновациялық технологиялар қарастырылған. Осындай құралдардың бірі – оқушыларға математикалық ұғымдарды визуализациялауға және тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарламалар мен қолданбалар. Мақалада сонымен қатар математиканы үйренуге қосымша мүмкіндіктер туғызатын интерактивті тақталар мен онлайн ресурстарды пайдалану туралы айтылады. Мақаланың қорытынды бөлімінде нәтижелер жинақталып,

математикалық білім беруде ең жақсы нәтижеге жету үшін оқытудың тиімді әдістерін инновациялық технологиялармен ұштастыру қажеттігі көрсетілген. Бұл оқу үдерісін барлық оқушылар үшін қызықты, практикалық және қолжетімді етеді. Бұл тәсіл арқылы оқушылар есеп шығару, сыни тұрғыдан ойлау және математикалық ұғымдарды өмірде қолдануды дамыта алады.
Аннотация: В данной статье рассматриваются эффективные методы обучения и инновационные технологии в области математики. Он включает в себя различные подходы и инструменты, которые помогут учащимся улучшить свое обучение и понимание математики. В первой части статьи рассматриваются методы обучения, поощряющие активное участие учащихся в процессе изучения математики. Одним из эффективных методов является проблемное обучение, которое позволяет учащимся решать реальные проблемы, используя математические концепции. Этот метод способствует развитию у учащихся критического мышления и решения проблем. Вторая часть статьи посвящена инновационным технологиям, которые помогают улучшить математическое образование. Одним из таких инструментов являются компьютерные программы и приложения, которые позволяют учащимся визуализировать математические концепции и экспериментировать с ними. В статье также рассматривается использование интерактивных досок и онлайн-ресурсов для создания дополнительных возможностей изучения математики. В заключительной части статьи подведены итоги и показана необходимость сочетания эффективных методов обучения с инновационными технологиями для достижения наилучших результатов в математическом образовании. Это делает процесс обучения интересным, практичным и доступным для всех студентов. Благодаря этому подходу учащиеся могут развивать умение решать проблемы, критическое мышление и применять математические концепции в реальной жизни.
Abstract: This article discusses effective teaching methods and innovative technologies in the field of mathematics. It includes a variety of approaches and tools to help students improve their learning and understanding of mathematics. The first part of the article deals with teaching methods that encourage active participation of students in the process of learning mathematics. One effective method is problem-based learning, which allows students to solve real problems using mathematical concepts. This method contributes to the development of students' critical thinking and problem solving. The second part of the article deals with innovative technologies that help to improve mathematics education. One such tool is computer programs and applications that allow students to visualize and experiment with mathematical concepts. The article also discusses the use of interactive whiteboards and online resources to create additional opportunities for learning mathematics. The final part of the article summarizes the results and shows the need to combine effective teaching methods with innovative technologies to achieve the best results in mathematics education. This makes the learning process interesting, practical and accessible for all students. Through this approach, students can develop problem-solving, critical thinking, and real-life application of mathematical concepts.
Түйін сөздер: GeoGebra, Wolfram Alpha, платформа, интерактив, гамификация, Khan Academy, Brilliant.org, технология.

Математика сабағында оқытудың тиімді әдістері мен инновациялық технологиялардың маңызы өте зор, өйткені олар оқушылардың дағдыларын, түсінігін және пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Тиімді әдістер мен инновациялық технологиялардың кейбір мысалдары:

Интерактивті оқыту платформалары: Математикадан интерактивті сабақтар, тесттер мен тапсырмалар ұсынатын көптеген онлайн платформалар бар. Мұндай платформалар оқушыларға өздігінен білім алуға, материалмен өзара әрекеттесуге және компьютерлік жүйелерден кері байланыс алуға мүмкіндік береді. Кейбіреулер оқушылардың білім деңгейіне негізделген жекелендірілген нұсқаулар мен бейімделу жаттығуларын ұсынады.

Гамификация: Оқу процесінде ойын элементтері мен механикасын қолдану оқушылардың қызығушылығын оятып, математиканы оқуға ынтасын арттыруға көмектеседі. Математикалық ойындар, жарыс тапсырмалары және ойын әрекетінің басқа түрлері логикалық ойлауды, есептер шығаруды және математикалық интуицияны дамытуға ықпал етеді.

Виртуалды және толықтырылған шындық: Виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары математикалық ұғымдар мен идеяларды визуализациялауға мүмкіндік береді. Олардың көмегімен оқушылар үш өлшемді объектілерді, функция графиктерін, геометриялық фигураларды және басқа да математикалық объектілерді зерттей алады, бұл материалды жақсы түсінуге және есте сақтауға ықпал етеді.

Ынтымақтастықпен оқыту: Топта жұмыс істеу және математикалық есептерді бірлесіп шешу оқушылардың қарым-қатынас және топтық жұмыс дағдыларын дамытуға және есептерді бірлесіп шешуге үйренуге мүмкіндік береді. Математикада бірлескен оқуды қолдау үшін интерактивті тақталар, онлайн ынтымақтастық платформалары және басқа ақпарат алмасу және бірлесіп жұмыс істеу құралдарын пайдалануға болады.

Бейімделген оқыту: Бейімделетін оқыту технологиялары әрбір оқушының білім деңгейі мен қажеттіліктеріне сәйкес келетін жеке материалдар мен тапсырмаларды беруге мүмкіндік береді. Бұл оқу мен оқуды оңтайландыруға және әртүрлі оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға көмектеседі.[1.45]

Математика сабағында оқытудың тиімді әдістерін және инновациялық технологияларды қолдану оқу үдерісін оқушылар үшін қызықты, қолжетімді және тиімді етеді, түсіну мен үлгерім деңгейін арттыруға ықпал етеді, математика пәнінің берік негізін жасайды. Математика сабағында тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологиялардың мақсаты – математикалық ұғымдарды тереңірек және жан-жақты түсінуді қамтамасыз ету, аналитикалық ойлауды дамыту, математикалық әдістерді қолдану дағдыларын жетілдіру, оқушылардың шығармашылық ойлауын ынталандыру.

Математиканы оқытудың тиімді әдістеріне мыналар жатады:

Жекеленген оқыту: оқушының жеке қажеттіліктеріне бейімделген, олардың білім деңгейі мен жеке оқу қарқынын тиімдірек қарастыруға мүмкіндік беретін тәсіл.

Проблемалық оқыту: нақты әлемдегі жағдайларды шешу немесе есептерді модельдеу үшін математикалық дағдыларды қолдануды талап ететін есептерді шешуге негізделген.

Ынтымақтастықпен оқыту: Оқушылар топпен жұмыс жасап, математикалық есептерді шешеді, ой бөліседі, өз ойларын түсіндіреді, әртүрлі тәсілдерді талқылайды.

Көрнекілігі: Математикалық ұғымдарды және олардың арасындағы байланыстарды көрнекі түрде көрсету үшін графиканы, диаграммаларды, модельдерді және интерактивті қолданбаларды пайдаланады.

Технологияны қолдану: Математиканы оқыту және зерттеу үшін компьютерлік бағдарламаларды, интерактивті тақталарды, планшеттерді және басқа да технологиялық құралдарды пайдалану.

Математиканы оқытуға ықпал ететін инновациялық технологиялар мыналарды қамтуы мүмкін:

Мобильді қолданбалар мен ойындар: оқушыларға математикалық ұғымдарды түсінуге және қолдануға көмектесетін интерактивті қолданбалар мен ойындар жасаңыз.

Виртуалды және толықтырылған шындық: оқушылар математикалық ұғымдарды интерактивті және практикалық түрде зерттей алатын виртуалды орталарды пайдалану.

Жасанды интеллект: әр оқушының деңгейіне бейімделген жекелендірілген білім беру бағдарламаларын жасау үшін жасанды интеллект алгоритмдерін қолдану.

Онлайн платформалар және тренингтер: онлайн платформалар арқылы математикалық материалдарға, бейне сабақтарға, тренингтерге және практикалық тапсырмаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету.[2.21]

Осы тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологияларды математикалық білім беруге енгізу оқу үдерісін қызықты, практикалық және нәтижелі етуге көмектеседі және оқушылардың математикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Математиканы оқытуда қолдануға болатын көптеген тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологиялар бар. Міне, олардың кейбіреулері:

Интерактивті оқу материалдары: Интерактивті қолданбаларды, веб-сайттарды және бағдарламалық құралды пайдалану математиканы оқуды қызықтырақ және әсерлі ете алады. Бұл математикалық түсініктерді, анимацияларды, ойын элементтерін және эксперименттер жүргізу мүмкіндігін визуализациялауды қамтуы мүмкін.

Жобалық іс-әрекеттер: оқушыларға нақты әлемдегі есептерді немесе есептерді шешу арқылы математикалық білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Бұған үлгілерді құру, зерттеулер жүргізу, деректерді талдау немесе алгоритмдерді әзірлеу кіреді.

Ынтымақтастықпен оқыту: Бұл тәсілде оқушылар мәселелерді немесе жобаларды бірлесіп шешу үшін топта жұмыс істейді. Бұл оқушылар арасындағы өзара әрекеттестік пен білім алмасуға, сондай-ақ қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Визуализация және модельдеу технологияларын пайдалану: Компьютерлік бағдарламалар мен құралдарды күрделі математикалық ұғымдарды визуализациялау және олардың қалай жұмыс істейтінін жақсы түсіну үшін модельдер жасау үшін пайдалануға болады. Ол оқушыларға абстрактілі және күрделі ұғымдарды елестетуге және талдауға көмектеседі.

Бейімделетін оқыту: Бұл оқу материалдары мен тапсырмалары әр оқушының жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне сәйкестендірілген тәсіл. Мұндай жүйелер тиімді оқыту үшін жекелендірілген тапсырмаларды, ұсыныстарды және кері байланысты қамтамасыз ете алады.

Онлайн курстар мен платформалар: Ақпараттық технологиялардың дамуымен оқушылар математиканы өз қарқынымен және өз қарқынымен оқи алатын көптеген онлайн курстар мен платформалар қолжетімді болды. Бұл жоғары сапалы оқу материалдары мен ресурстарына қол жеткізуге және форумдар мен чаттар арқылы басқа оқушылармен және мұғалімдермен байланысуға мүмкіндік береді.

Ойын элементтері және геймификация: оқу процесіне ойын элементтерін қосу математиканы оқуды қызықтырақ және ынталандырады. Бұл қызығушылықты ояту және математикалық есептерді шешу қабілетін арттыру үшін ойындарды, ұпайларды, жетістіктер мен жарыстарды пайдалануды қамтуы мүмкін.

Оқытудың тиімді әдісі әр оқушы үшін әр түрлі болуы мүмкін екенін ескерген жөн. Сондықтан математиканы оқытудың әдістері мен технологияларын таңдауда оқушының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін ескеру маңызды.

Математика сабағында тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологиялардың мысалы компьютерлік бағдарламалар мен интерактивті ресурстарды пайдалану болып табылады.

Мысалы, мұғалімдер өз оқушыларына дәстүрлі оқулықтар мен проблемалық кітаптардың орнына GeoGebra немесе Wolfram Alpha сияқты компьютерлік бағдарламаларды пайдалануды сұрай алады. Бұл бағдарламалар оқушыларға математикалық ұғымдарды елестетуге, графиктер мен графиктермен тәжірибе жасауға, теңдеулерді шешуге және т.б. мүмкіндік береді. Мұндай бағдарламалардың интерактивті мүмкіндіктері мен құралдары математиканы қол жетімді етеді және оқушыларға абстрактілі математикалық идеяларды жақсы түсінуге және қолдануға мүмкіндік береді.[3.66]

Сондай-ақ білім беру бейне курстары, интерактивті математикалық тапсырмалар мен тесттер ұсынатын Khan Academy немесе Brilliant.org сияқты онлайн платформалар бар. Бұл платформалар оқушылардың математиканы оқуға деген қызығушылығын ояту

үшін әзірленген және әр оқушының күшті және әлсіз жақтарына негізделген жекелендірілген ұсыныстар бере алады.[3.33]

Тағы бір тиімді әдіс – математика сабағында ойын элементтерін пайдалану. Логикалық ойлауды, аналитикалық ойлауды және есептерді шешуді дамытуға көмектесетін әртүрлі математикалық ойындар мен басқатырғыштар бар. Мысалы, матч-3 ойынын қосындыларды есептеу және бірдей элементтерді тану дағдыларын жаттықтыруға бейімделуге болады. Математикадан шаршамай жаттығудың көңілді және қызықты тәсілі.

Мұндай әдістер мен технологиялар математиканы оқытуды оқушылар үшін қызықты, қолжетімді және тиімді етуге, шығармашылық ойлауды ынталандыруға және математикалық ұғымдарды түсіну мен меңгеруді жақсартуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, математиканы оқытуда қолдануға болатын бірнеше тиімді оқыту әдістері мен инновациялық технологиялар бар. Олардың оқушыларға материалмен белсенді әрекеттесу және математикалық есептерді шешуге мүмкіндік беретін интерактивті қосымшаларды, онлайн курстарды немесе ойындарды пайдалану. Бұл оқушылардің белсенділігі мен мотивациясын арттыруға көмектеседі. бірлесіп жұмыс істейтін және біліммен бөлісетін топтық жобалар мен тапсырмаларды ұйымдастыру. Бұл коммуникативті және проблемалық дағдыларды дамытуға ықпал етеді, сонымен қатар оқушылардің бір-бірінен үйренуіне мүмкіндік береді.Визуализацияны пайдалану.Интернет-ресурстарды және бағдарламалық құралды пайдалану. Жобалық оқыту. Жеке қажеттіліктерге бейімделу.

Бұл әдістер мен технологиялар оқушыларға күрделі ұғымдарды жақсы түсінуге және математикалық есептерді шешу дағдыларын дамытуға көмектесе отырып, математикалық білім беру сапасын айтарлықтай жақсарта алады. Сондай-ақ олар оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандыру арқылы оқушылар үшін оқуды қызықты және тартымды ете алады.

ӘДЕБИЕТ

1.Өмірбаева К. Оқыту процесіндегі инновациялық ізденістер. .
2.Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз атты Қазақстан халқына жолдауы.
3.Жусанбаева Г. М. Білім берудегі инновациялықтехнологиялар. Б
4.Өрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.

ДАРЫНДЫ ШӘКІРТТІ ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІН ІСКЕ АСЫРУ

Жумашев Адил Кажибаевич
Тарих пәнінің мұғалімі, педагог- зерттеуші
Қарағанды облысы,
Қарқаралы ауданы,
Қарағайлы кентінің №16 ЖББ мектебі

Аннотация: Білім алушының бойынан дарындылықтың ұшқынын көрсем, «бұлақ көрсең, көзін аш» демекші, бірден дебат ойындарына тартуға тырысамын. Дебат ойындарында кейс технологиясын оңтайлы қолдануға тырысамын. Өйткені пікірсайыс бұл негізгі ережелері бойынша жүргізілетін зияткерлікті, ұтымды ойды, шешендік өнерді, ораторлық қабілет пен ойлау жүйесін дамытатын дарындылар ойыны, ұтымды пікір ұстынылатын жиын деген баға беремін. Жалпы әр елдің болашағы мектеп қабырғасында шыңдалады деп есептеймін.

Кейс технологиясы жалпы білім алушылар үшін зор мүмкіндіктерді беретін әдістердің бірі. Өйткені оқыту процесі барысында кейс технологиясы арқылы білім алушылардың алдына келген мәселенің шешімінің бір немесе бірнеше жолын ұсына алады. Бұл әрине баланың өзіне деген сенімділігін, жауапкершілігін және шығармашылығын арттырады. Жалпы кейс технологиясын роль бойынша ойындар, жоба қорғау сияқты танымдық қабілеттерді ұштайтын жұмыс деп атауға да болады. Білім сапасын көтеріп қана қоймай, мұғалімнің де сабақ уақытын тиімді пайдалануына септігін тигізеді. Сынып ішіндегі тұйық білім алушылардың да ашылуына себеп болады. Әрі қарай жалпы сынып ішіндегі өзара қарым-қатынасты нығайтатын қасиетін де атап кетуге болады. Білім алушылар сабақ барысында өздерінше білім алып қана қоймай, өздерінің позицияларын ұсынып, идеяларымен бөлісіп, өздерінің функционалды сауаттылықтарын дамытуларына да әсер етеді. Бұл технология пән мұғалімінің де жауапкершілігін арттырады. Өйткені өзге ұлттардың мәдени құндылықтарына, тарихи маңызы бар оқиғаларына толерантты көзқараспен қарау дағдыларын қалыптастырады. Белсенді түрде білім алу үшін кейс технологиясының құрылымы зерттеу мен талдаудан тұратынын білу керек.

Шағын топта белсенді жұмыстың нәтижесін көру үшін мұғалім алдын ала жоспарланған тақырыпты жан-жақты зерттеуі қажет. Одан кейін білім алушыларды тақырыпты жетік зерттеулері үшін қызықтыру қажет. Білім алу үшін ресурсты да мықты ұсыну маңызды. Интернет желісі, ғылыми оқулықтар, әдеби шығармалар, тарихи деректер –мұның бәрі де қолжетімді болуы тиіс. Ғылыми әрі әдеби еңбектердің арқасында білім алушының ой өрісі кеңейіп, білім деңгейі шыңдалады. Сабақ барысында кейс технологиясы білім алушылардың білім деңгейлерін көтеріп, алған білімдерін күнделікті өмірде оңтайлы пайдалануларына септігін тигізеді. Тағы да шығармашылық қабілеттері дамып, білім алушылардың басқа да дағдыларын байқауымызға болады. Өз ойын дұрыс жеткізіп, өз пікірін жетік қорғап шыққан баланың өзіндік сенімі мен өзіне берер бағасы да пайда болады. Басқалардың ойымен санасқан баланың ертең коммуникативті қарым-қатынас дағдысы да жоғары деңгейде дамиды. Бүгінгі білім бағдарламасының басты қағидасына тағы білім алушының тұжырымды диалогтік қарым-қатынас құрай алу дағдысының дамуы да кіреді. Өйткені әр пәннің өзіндік жеке терминологиясы болады. Сол пәннің өзіне ғана қатысты термин сөздері арқылы пәннің тақырыптық мазмұнына жету де маңызды роль атқарады. Тақырыптық мазмұнға мән беру арқылы білім алушының тақырыпқа қатысты өзіндік ой-тұжырымы да қалыптасады. Әр тақырыптың мазмұны әртүрлі болғанымен, ойлану, салыстыру, қорытынды жасау, баға беру сияқты дағдылары білім алушының үнемі қайталану арқылы қалыптасуына септігін тигізеді. Кейс технологиясының тағы бір жағымды ерекшелігі кездейсоқ оқиғаны және тарихи күрделі мәселені сәйкестендіру арқылы білім алушының назарына ұсынып, оны әрі қарай қалай дамытатынын көру- мұғалім үшін өте маңызды. Білім алушының қолында бар қаруы – оқулық қана десе, мүмкін оған ол жеткіліксіз болар, сондықтан ол өзінің білім ресурсын, яғни ойлау дағдысын іске қосады. Міне, баланың бар қарым-қабілетін ұштайтын кейс технологиясы да тығырықтан шығу, яғни ситуацияны оңтайлы жаққа шығару демекші өзінің тиімділігін көрсетеді. Білім алушының сабақ барысында белсенді болуына да, яғни физиологиялық жағдайына да әсерін тигізеді. Кейс технологиясы мұғалімнің сыни ойлауын да дамытып, сабақтың жалпы мән-мазмұнын ерекше етіп құруға жан-жақты шығармашылық мүмкіндігін кеңейтуге жағдай жасайды. Қазіргі таңда білім беру мазмұнын жаңарту мұғалімдерден сыныптағы қызметті дұрыс ұйымдастыруды талап етіп отыр. Білім алушыға сабақ барысында өзінің жеке қабілеттерін дамуына септігін тигізетін мұғалім керек. Сондықтан болар, әр мұғалім сабақтарында түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға тырысады. Өйткені, өзіме тиімді кейс технологиясы дайын білімді беру емес, білім алушы сол әдіс арқылы білімді «инемен құдық қазғандай» болып ізденіс үстінде болады. Бір мәселені шешу ғана емес, сол мәселені шешу барысындағы талпыныс, жігер, ізденіс, шыдамдылық, жаңалыққа құмар, білімпаз қасиеттерін сарп

еткізіп көрсете алады. Әрине бұл дағдылар кейін білім алушының өмірінде де керек болатынын тәжірибеміз көрсетіп отыр.

Кейс технологиясының маңыздылығы білім алушының ізденіс қабілетін шыңдап, оның ақпарат көздерімен қалай дұрыс жұмыс жасауына болатыны жайында бағыт береді. Шығармашылық қабілеті шыңдалған баланың «көзі ашық, көкірегі ояу» болатыны қуантарлық жағдай. Сондықтан «бұлақ көрсең, көзің аш» демекші, әр сабағымызды дұрыс құрылымдап, оңтайлы әдістер арқылы баланың жан-жақты қабілет-дағдыларын дамыту біздің басты борышымыз деп білемін. Әр сабақты алдын ала ойластырып, оның мақсатына жету үшін біздің ғана біліміміз жеткіліксіз, баланың білімі, идеясы, уәжі, пікірі, дәлелі, ұсынысы –бәрінен маңызды. Сабақтың мақсатына жету үшін мұғалім әдістерді рет-ретімен пайдалануы қажет. Баланың қызығушылығы мен назарын да ескеру керек деп есептеймін. Сондықтан кейс технологиясын үйрету үшін көп еңбек пен шыдамдылықты, күрделілікке ұмтылу мен көшбасшылықты ұнататын білім алушыларды дағдыландырып алу керек. Одан кейін өздері өзара құрдастарымен, сыныптастарымен оңтайлы әдістер арқылы оларды оқыта алады, олардың білім алуларына септігін тигізеді. Сонымен кейс технологиясының өзі бірнеше сатылы қадамдардан тұратынын білу маңызды. Басында мұғалім ұсынған тарихи оқиға немесе тарихи жағдайды жан-жақты зерттеуге тырысу, одан кейін оған жетіспейтін ақпаратты жинап, толықтырып, бірден сол тарихи оқиғаға өзіндік, не жұптық, не топтық талқылау жүргізу, өзінің қосар позицияңды ұсыну, сонында бәрі бірігіп ең оңтайлы шешім қабылдау болып табылады.

Білім алушылар үшін кейс әдісінің ең жағымды тұсы – бұл нақты дұрыс жауабының болмауы. Сондықтан болар өз тәжірибеме назар аударсам, сабақ барысында болсын, не дебат ойындарында болсын, не сыныптан тыс шараларда болсын, осы технологияны ұсынсам, балалар бірден қуанатыны байқалады. Кейде сабақ уақытында үлгермей, үй тапсырмасын ретінде әрі қарай жалғастырып, білім алушылар өздерінің позицияларын түрлендіріп алып келуі мүмкін. Бұл әрине баланың білім алуына ынталандырып, олардың қызығушылықтарын арттырғанын байқауымызға болады. Үй тапсырмасы ретінде алып кетсе, онда жетіспейтін құнды тарихи деректерді іздеу, қолда ғана бар ақпаратты дұрыстап өңдеу, оған талдау жасау сияқты тапсырмалар беріледі. Бірақ үнемі бұл әдісті пайдалану – баланың қызығушылығын жоғалтып алмауымыз қажет.

Әр сабақ барысында нәтижеге қол жеткізу үшін білім алушыға ұсынатын білім қоры мен ресурс қолжетімді болуын ескеруімізді ұмытпайық. Әрине қолда бар оқулықты пайдалануы мүмкін, бірақ интернет болмаса немесе мобильді тариф бітіп қалса, онда білім алушының назарына ғылыми журналдар, тарихи деректер мен әдеби шығармалар сияқты ресурстарымызды ұсынамыз. Кейс технологиясы сабақ барысында сонда ғана нәтижелі болмақ. Егер білім алушының назарына ортақ шешімді пысықтауларын ұсынатын болсақ, белгілі бір уақытпен шектемеуіміз қажет. Өйткені әр білім алушының білім алу дағдысы да әр түрлі болмақ. Тіпті қашықтықтан оқыту кезінде де осы әдісті пайдалануға тырыстым. Білім алушының аналитикалық ойлауды дамытуына да әсерін біршама тигізеді. Өйткені аналитикалық ойлау білім алушының алдына келген тапсырмалар тізбегінің, тарихи оқиғалардың шешімін тез табуға, өзіндік логикалық тізбектерді тез құруға, тапсырманы тез әрі оңай, жағымды шешудің жолдарын табуға көп көмегін тигізеді. Бұл аналитикалық ойлау дағдысы кейс құру технологиясы арқылы маңызды сұрақтарға түрлі жауап алу немесе маңызды мәселерді оңтайлы шешуде ғана емес, білім алушылардың жеке өмірлерінде де өте пайдалы. Ойларын жинақтап, өздерінің дәлелдерін келтіре отырып, өз ойларың дәйекті түрде жеткізуді үйренеді. Басқа білім алушының пікірін есту арқылы өзінің пікірімен салыстыру жүреді. Әр білім алушыға деңгейлі сұрақтар қоя отырып, олардың жеке даму дағдыларын да ескеруге тырыстым. Баланың жас ерекшелігі де мұнда ескеріледі. Кейс технологиясы әсіресе жоғары сынып оқушылары арасында өткізу өте оңтайлы. Менің тәжірибемде дебат ойынына қатысатын білім алушылар да кейс технологиясын өте тиімді пайдаланады. Дебат ойынына қатысатын білім алушылар орта буынға өздерінің алған білімдерімен және тәжірибелерімен үнемі

бөлісіп отырады. Олардың өзара білім беру дағдысы да басқа білім алушыларға қатты әсер тигізеді. Яғни құрдастардың арасындағы дәйекті диалог құруы да осы кейс технологиясының құрамдас бөлігі болып табылады. Тәжірибеме сүйенсек, кейс технологиясын үздік пайдаланған білім алушыларым өздерін ғылыми жобаларда да жақсы қырларын байқатты. Атап айтсам, Республикалық «Ар ілімі» басылымының ұйымдастыруымен өткен Алаш қайраткерлері республикалық ғылыми жобалар байқауына қатысушы Әбішева Айдананың «Мұстафа Шоқай» атты ғылыми жобасы үздік бағаланып, Франция астанасы Париж қаласына 9-күндік жолдама шақырту алды. Міне, дебат ойындарындағы кейс технологиясы баланың бойындағы жан-жақты қабілетті дамытады. Қаншама оқу жылдарында шәкірттерім дебат ойындарының жүлдегерлері атанды. Оқушыларым тіпті студенттермен де арпалысқа түскен болаты. Нақтырақ айтсам, 2023 жылдың 25-26 ақпанында Қарағанды медицина университетінің ұйымдастыруымен Қарағанды қаласының 89 жылдығына орай «Мен жастарға сенемін» атты ректор кубогына арналған облыстық пікірсайыс турнирінде 3 орынды оқушыларым Қажыбай Аяжан мен Егінбай Ислам иеленді (1 сурет).

1 сурет

Міне, сабақ барысында қолданылған оңтайлы әдістерім арқылы баланың бойындағы функционалды сауаттылықты дамытатын дағдыларымен бірге «Кешегі талапты шәкірт – бүгінгі күннің жарқын болашағы» деген маңызды қорытындыға келдім.

Кейс технологиясын өзім де былтырғы оқу жылында тиімді пайдаланып облыстық турнирде жүлделі орынға ие болдым. Атап айтсам, 2022 жылдың 4 қараша күні А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай өткізілген пікірсайыс клубтары жетекшілерінің құрама командалары арасында облыстық турнирінің нәтижесінде 1 орын иелендім. Міне, осындай жетістіктердің негізі сабақ барысында кейс технологиясын дұрыс пайдаланып, оның мүмкіндіктерін көрсетіп, еліміздің біртуар азаматтарын тәрбиелеу жолында екенімізді ұмытпауымыз керек. «Дарынды шәкірт–ұлт болашағы»демекші, Алаштың мұрагерлерін азат елімізде білім әлемінің еркін қырандары екенін дәлелдеуіміз қажет деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Білім беру процесінде кейс технологиясын қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Нұр-Сұлтан 2019 https://ki.sova.ws/public/sova_sko_ki/files/2020/2/28/280220_172507_4-keys-tehnologiyasy.pdf

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРМЕН ҰШТАСҚАН SOFT SKILLS ДАҒДЫЛАРЫ

Серкенова Маржан Ардаққызы
«Май жалпы орта білім беру мектебі» КММ
География пәнінің мұғалімі

Қай заманда болсын жас ұрпақтың өнеге тұтар өзіндік ұлттық тәлім – тәрбиесі болатыны хақ. Егеменді Қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана – сезімін, ұлттық психологиясын сонау ерте замандағы ата – бабалар салт – дәстүрімен сабақтастыра тәрбиелеу – қазіргі күннің ең өзекті мәселесі.

Қазақ ата – бабаларымыздың ақыл – парасаты дүниежүзілік алдыңғы қатарлы ойлау жүйесімен деңгейлес.

Тегінде ең берекелі, ең парасатты тәжірибе – халық түйген тұжырымдар, ғасырлар бойы зергерлік ұқыптылықпен сұрыпталған үрдістер, дамыған даналық дәстүрлер, ұстаздық ойлар болу керек. Ата – бабаларымыз жасөспірімдерге ұсынар тағылымын бір буыннан екінші буынға толқындай ауыстырып, мирас еткен аса бай ауыз әдебиетіне шоғырландырған. [1, 8 б.].

Ұлттық тәрбие – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениетті құрайды. Ол ұлттық тәлім – тәрбиенің негізінде дамып, қалыптасты. Ұлттық тәрбие сол ұлттың мәдениетін дамытудың қозғаушы күші. Әрбір халықтың тарихи тіршілігі мен рухани тәжірибесі бар. Халықтың тұрмыс – тіршілігінде рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық көзқарастарын біз халық педагогикасы дейміз. Ұлттық тәрбие – халықтың мәдени мұрасы. Халық педагогикасы сол халықтың этностық ерекшеліктеріне байланысты дамып, қалыптасқан.

Ал, ұлттық тәрбие мәселесі – адамзат тарихынан өн бойына ұрпақтан – ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы мақсат. Бүгінде адамзаттың өркениеттің өзгеше биігіне көтерілген, үшінші мыңжылдыққа қадам басқан кезеңінде де жас мемлекетіміз үшін рухани асыл мұрат болып Қазақстандық патриотизм, азаматтық парыз, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтар мен ар тазалығы және тағы басқа қасиеттерді жатқызамыз. [2, 26 б.].

Қазіргі кезде құндылық термині философия, әлеуметтану, мәдениеттану, этика, эстетика, психология, педагогика ғылымдарында кеңінен қарастырылуда. Бұл еңбектерде құндылық ұғымы әр қырынан зерттеліп, оның мәні мен табиғатына, тәлім – тәрбиелік жақтарына жан – жақты көңіл бөлінген.

«Құндылық» ұғымына көптеген авторлар маңыздылығына, мөлшерлігіне, пайдалылығына, қажеттілігіне, мақсатқа лайықтылығы белгілері бойынша сипаттама бере білген.

Р.А.Джанабаева: «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері» атты еңбегінде, ұлттық құндылыққа қазақ халқы ана тілі, әдебиетті, мәдениетті, өнерді, салт – дәстүр мен ойын, мерекелерді жатқызған. [3].

Педагогикалық сөздікте: «құндылық – адамның ішкі құқы, ізгілігі, адамдармен қарым – қатынасы, іс – әрекет кезіндегі көрсетілетін тұрақтылығы, қайырымдылығы, мейірімділік тәрбиесі», - делінген. [2.5]. Сондықтан біз «құндылық» ұғымын адамды тәрбиелеу үшін оның өмір сүруіне ең керекті, маңызды, қажетті, бағалы дүниелердің жиынтығын құрайтын педагогикалық категория ретінде қарастырамыз.

Әрине, замана ағымы бір орынында тұрмай, жаңашылдық өзінің сипатын байқатып, қоғамдық құндылықтардың маңызын біршама өзгертетіні жасырын емес. Олай болса, ұлттық болмысымызды ұмыт қалдырмай, сонымен қатар тың бастамаларға да барынша қолдау көрсетіп, ұлы көштен қалмағанымыз абзал. Ұлттық құндылықтарды дәріптей отыра, кейіннен тілдік қорға енген «софт скилз» терминіне де тоқталып кеткеніміз жөн. Ағылшын тілінен аударғанда «икемді дағды» деген ұғымды білдіретін аталмыш тіркес бәсекелестікті дамытуға тапсырмас тәсіл деп айтсақ артық айтпағанымыз болар. Икемділік қасиеті аты айтып тұрғандай белгілі бір салаға деген адамдардың қарым-

қабілеті, меңгеру дағдысы және жүзеге асыра білу мүмкіндігі. Қазақта «Көп түкірсе көл»,- деген тамаша мақал бар. Софт скилздің де ең басты ерекшелігі адамдардың топ болып әрекет етіп, алға қойған мақсатқа жүйелей жетуінде. Коммуникациялық, яғни қарым – қатынастың маңызды детальдарына мән беріп, өз дағдыларын жетілдіріп, үздіктер қатарынан көріну. Бұл келешектің еншісіндегі дағдылар оқу – тәрбие үрдісінде қандай қажеттілікке ие болар деген сауал туындауы мүмкін. Айта кетуіміз керек, әр адамның тұлға болып қалыптасуының негізгі іргетасы мектеп қабырғасынан бастау алады. Дәл осы жауапты кезеңде бір оқушылардың бойына қандай игі қасиеттерді сіңіретін болсақ, ол келешекте өзінің көрінісін байқатып, мемлекеттің мерейін үстем ету барысында көп көмегін тигізбек. Қазіргі таңда адамдардың тіл шеберлігі мен өз ойын еркін жеткізуі жобасының дұрыстығын дәлелдеп, жеке көзқарасының болуы аса маңызды қасиеттердің бірі. Сол себепті ұлттық құндылықтардың бір саласы, шешендік өнерді «софт скилз» жобасында сыни ойлау қабілетімен ұштастырып, оқушылардың сауатты сөйлеуіне, сөз саптауына, тіл байлығының мол болуына негіз бола аламыз.

Мен география пәнінен сабақ берсем де, пәнаралық байланыстың маңыздылығын әрқашан басшылыққа аламын. Аталмыш пән тарихпен де, әдебиетпен де, тілмен де, және көптеген сабақтармен салаласып жатқаны жасырын емес. Олай болса, ұлттық құндылықтарды әр кез дәріптей отыра, жаңа әдіс – тәсілдерді барынша ұтымды жүзеге асыра білуге тиіспіз.

Софт скилзді оқушыларға меңгерту арқылы көптеген дағдыларға баулуға болады. Атап айтар болсақ, коммуникациялық, яғни адамдармен дұрыс қарым – қатынас құра білу мәнері. Бұл кез – келген салаға, кез – келген мамандыққа аса қажет. Өз білімін жеткізе білу үшін оқушылардың шебер сөйлеуі маңызды. Сонымен қатар, өз – өзін дұрыс басқара алу қабілеті де аталмыш бағдарламаның басым бағыттарының бірі. Әр адам өзінің пікіріне, көзқарасына берік бола білуі тиіс. Өзіне деген сенімділік пен жауапкершілік - бастаған істі соңына дейін дұрыс жеткізуге үйретіп, оқушылардың өзіндік қасиетінің оң жаққа қалыптасуына түрткі болады.

Маңызды артықшылықтардың біріне оқушылардың ақпаратты меңгеру барысы да кіреді. Қазіргі таңда ақпарат легі толассыз, мөлшері көп, қаншама арналардан берілетіндігін ескерсек, оның қажет тұстарын пайдаға жатаруды меңгеру, өзіне пайдалы тұстарын ажырату аса маңызды. Бұл әсіресе оқушыларды қосымша зерттеу жұмыстарына жұмылдыру кезінде өзінің көп көмегін тигізеді. Ғаламтор айдынындағы ақпараттар мен кітап, журнал бетіндегі мәліметтерді, соңғы жаңалықтарды қаперге ала отыра оқушының өзіне қажет жерлерін таңдап, жүйелі жұмыс жүргізе алуы оның тақырыпты меңгеруінің маңызды алғышарты.

Тағы бір маңызды сәттердің бірі – күйзеліске төзімділік. Ұлттық тәрбиеде қашан да балалардың тәрбиесіне жіті көңіл бөліп, ырымдар мен тыйымдарды қолданып, аталы сөзімен ақыл айтып, тағылымды туындылармен тамаша мысалдар келтірсе, «софт скилз» де оқушылардың психологиялық төзімділігін, жас ерекшелігіне орай мінез- құлық өзгерісін зерттей келе, өскелең ұрпақтың дұрыс жетілуіне жағдай жасалу қажеттігі айтылады. Бұл әрине ұлттық құндылықтар мен софт скилздің арасындағы өз – ара байланысты орнатуға да артық етпейді. Себебі, қазақ қашан да тәрбиеге терең мән беріп, әр адамның дұрыс жетілуін қай кезеңде болсын ұмыт қалдырмаған. Ал, оқушылардың психологиялық дұрыс қалыптасуы аса маңызды мәселелердің бірі. Әсіресе, жасөспірім шақта, оқушылардың ойы, танымдық көзқарасы, талғамы мен қоршаған ортаға деген қызығушылығы өзгеріске ұшырайды. Сол кезде барынша дұрыс бағыт – бағдар беру ұстаздың еншісіндегі қызметтердің бірі.

Қазақ бабаларымыз қыл үстінде, көз ұшында жүрсе де, жолынан қайыс алса да, антынан айнымады, берген сертіне берік болды. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деген қағидаға сүйеніп, сөз барымтасын жібермеді. Тебіренткен төзімділік көрсетті, аштыққа да шыдады, оған көптеген ұлағатты сөзі дәлел. Өмірдің суығына тоңды, ыстығына күйді, ұрпақ үшін түн ұйқысын төрт бөлді, қорлық, зорлыққа, атылған оққа

азаматтар өз кеудесін тосып, ұрпағын қорғай оққа ұшып жатты, аналар өз баласын қазақ астына жасырып, өздері өлсе де ұрпағының қамын ойлап кетті. Ондай әрекеттерге баруға мәжбүр еткен жөн – жосық, қағидалар пәрменділігі еді.

Тарихтан байқайтынымыз, Қазақстан жерінде қазақ халқының жоқ болып кетуіне шақ қалғандығы. Еліміз тәуелсіздігін алғаннан бергі ұмыт бола бастаған ұлттық құндылықтарымыз бен тарихымыздың жанданып, жаңа белесте қалыптаса бастауы. Тарихи деректерге сүйенсек, Қазақстандағы полиэтникалық органның құрылуына тарихи оқиғалар ықпалын тигізді. Атап айтсақ: индустриаландыру кезінде жаппай сипат алған миграциялық үдерістер, күштеп ұжымдастыру мен саяси қуған – сүргін науқандары, тұтас халықтарды күштеп қоныс аудары, Ұлы Отан соғысы кезіндегі бейбіт халықты эвакуациялау, тың және тыңайған жерлерді игеру және соғыстан кейін шикізаттық бағытта өндіріс орындарының дамуы. [4, 42 б.]

Әрине, өзге ұлт өкілдерімен қоян – қолтық араласа келе ұлттық құндылықтарымызға жаңа бояма мән кіріп, тұрмыстағы қажеттіліктер біршама өзгеріске түскені жасырын емес. Дегенмен, қаймағы бұзылмаған қазақ халқының құндылығын дәріптеу, атадан балаға мирас ретінде табыстау ешқашан ұмыт қалған емес. Зиялы қауым өкілдерінің өзі жаңашылдықты әр кез басшылыққа ала отыра, өткен күндерге деген құрметін еш ортайтқан емес. Олай болса, біз де тарихи өзгерістерге толы өлкені оқушыларға таныстыру барысында жан – жақты болуға ұмтылғанымыз жөн.

Білім беру барысы асқан ұқыптылық пен мол тәжірибені, өткен мен болашақты байланыстыруды талап етсе, сапалы білім мен саналы тәрбиені сіңіру барысында мүлт кетпегеніміз абзал. Ұлтымыздың ұлт екенін айшықтайтын белгілерге құрмет көрсетіп, қазіргі ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану арқылы өздеріне сенімді, кез – келген іске мығым ұлт ұландарын қалыптастыра аламыз. Икемділік дағдысы қашан да ең қажетті дағдылардың бірі. Олай болса, қатарынан оза шабатын оқушылар қатарын арттырып, кемелденген келешектің іргесін одан әрі нығайтатын жандарды тәрбиелегеніміз жөн. Білімді ұрпағымыз көп болсын!

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында, Оразбекова К.А. Алматы 2000 г.

2.С.Ғаббасов. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы, 1995

3.Джанабаева Р.А. Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық – ерлік тәрбиесінің ғылыми негіздері. Пед.ғыл.докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд.авторефер.- Алматы, 1994. – 42 б.

4.Ботабаева Ә.Е.Қазақстандағы полиэтникалық ортаның жастар тәрбиесінің қалыптасуына ықпалы. //Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршы ғылыми журнал. № 5. 2016. ж.I бөлім. 505-511 б.

ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДАМУ МОДЕЛІ СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ ЖҮЙЕЛЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ РЕТІНДЕ
МОДЕЛЬ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ ПЕДАГОГОВ КАК ИНТЕГРАЦИЯ ВНЕШНЕЙ И ВНУТРЕННЕЙ СИСТЕМ
MODEL OF PROFESSIONAL DEVELOPMENT OF TEACHERS AS INTEGRATION OF EXTERNAL AND INTERNAL SYSTEMS

Р. Б. Смекенова
Павлодар облысының білім беру басқармасы, Баянауыл ауданы білім беру бөлімінің «Үшқұлын жалпы негізгі білім беру мектебі», Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Үшқұлын ауылы, Қазақстан, srb.sh@mail.ru

Аннотация: Бұл мақалада педагог кадрларды үздіксіз кәсіби дамыту тақырыбы қозғалған. Автордың назары мектепте педагогтардың кәсіби дамуын қамтамасыз ету бойынша әдістемелік жұмыс жүйесін ұйымдастыруға аударылды. Жұмыс тәжірибесі келтірілген.
Аннотация: В данной статье затрагивается тема непрерывного профессионального развития педагогических кадров. Особое внимание автора обращено на организацию системы методической работы в школе по обеспечению профессионального развития педагогов. Приведен опыт работы.
Abstract: This article addresses the topic of continuous professional development of teachers. The author's special attention is paid to the organization of a system of methodological work at the school to ensure the professional development of teachers. Work experience is given.
Түйінді сөздер: педагогтың үздіксіз кәсіби дамуы, әдістемелік жұмыс жүйесі.
Ключевые слова: непрерывное профессиональное развитие педагога, система методической работы.
Key words: continuous professional development of the teacher, system of methodological work.

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік саясаты сапалы білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз етуге бағытталған. Білікті кадрлар сапалы білім берудің құрамдас бөлігі болып табылады.

2023 жылғы 28 наурызда Қазақстан Республикасының Үкіметі «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын» бекітті. Тұжырымдама білім беру сапасын кешенді жақсарту жөніндегі іс-шараларды қамтиды. Сондай-ақ педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы проблемасын қояды. [1] Біз бұл міндетті шешу әдістемелік жұмыс жүйесімен анықталады деп есептейміз. Біз үздіксіз кәсіби дамуды тұрақты, құрылымдалған процесс ретінде түсінеміз, оның мақсаты қызметкерлердің кәсіби даярлық деңгейін қолдау және жетілдіру. [2] Педагогтарды аттестаттау ережесіне сәйкес [3] педагогтің кәсіби дамуының мынадай деңгейлерін бөліп көрсетеді (1-сурет).

1-сурет. Педагогтің кәсіби даму деңгейлері

Біліктілік санаттарының деңгейлік құрылымы педагогтің кәсіби даму векторын айқындайды. Педагог құзыреттілігін жетілдіру арқылы педагог-шебер деңгейіне жетеді.

Мектепте біз педагогтардың кәсіби біліктілігін жетілдіруге жағдай жасаймыз.

Әдістемелік жұмыстың міндеті - білім беру саясатының жаңа басымдықтарын іске асыру, педагогтарға кәсібилік деңгейін арттыруға көмек көрсету. Біз педагогтарды диалог пен қолдау форматында оқыту мен оқыту практикасын жақсарту бойынша бірлесіп жұмыс істеу үшін ұйымдастырамыз.

Біздің міндеттерімізді шешу үшін іс-қимыл алгоритмін ұстанамыз.

Жоспарлау үдерісіне педагогтарды тартамыз. Ақыр соңында не алғымыз келетінін анықтау үшін негізгі мәселелерді бірлесіп талқылаймыз. Ағымдағы жағдайды, оның ықтимал проблемаларын бағалаймыз. Мақсаттарды анықтаймыз. Мақсаттарға қалай қол жеткізе алатынымызды талдаймыз. Қажетті ресурстарды анықтаймыз. Жоспар жасаймыз. Прогресті қадағалаймыз. Педагогтің жұмысын бағалау үшін «Педагог» кәсіби стандартының құзыреттілік деңгейіне қойылатын талаптарды пайдаланамыз. Тиімділіктің негізгі көрсеткіштерін белгілейміз.

1. Ағымдағы жағдайды бағалау.
2. Мақсатты анықтау.
3. Мақсаттарға қол жеткізу жолдарын талдау.
4. Қажетті ресурстарды анықтау.
5. Жоспарды жасау.
6. Прогресті бақылау.

Біз педагогтардың кәсіби даму моделін әзірледік.

Модельге мақсатты, мазмұнды және диагностикалық-түзету компоненттері кіреді (2-сурет).

2-сурет. Педагогтің кәсіби даму моделі

Модель, бір жағынан, кәсіби құзыреттілікті зерттеудің құралы болып табылады. Ал екінші жағынан осы құзыреттілікті дамытуға бағытталған әдістемелік қызметтің логикасын көрсетеді.

Педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуын оқытудың сыртқы жүйесі - біліктілікті арттыру курстары және ішкі жүйесі - әдістемелік жұмыс жүйесі арқылы іске асырамыз.

Педагогтар біліктілікті арттыру курстарында, сондай-ақ педагогикалық ортада, ұжым ішіндегі өзара іс-қимыл, өз бетінше білім алу, өзара оқу арқылы, сабақтарды зерттеу, модерация, кері байланыс және оқытудың күнделікті практикасын жақсарту

арқылы, сондай-ақ әртүрлі ұйымдарда (мектеп, аудан, облыс) тренингтер, семинарлар және шеберлік сыныптары арқылы кәсіби деңгейін арттырады.

Педагогтармен талқылау арқылы дамудың негізгі бағыттарын анықтаймыз (1-кесте) [4].

1-кесте

Оқу процесін жүзеге асыру.	Оқу процесін жоспарлау және ұйымдастыру.
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау.	Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейі мен прогресін бақылау
Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру	Оқу-әдістемелік материалдарды дайындау және әзірлеу. Кәсіби дамуды жүзеге асыру. Өз практикасын және әріптестерінің практикасын рефлексиялау. Білім беру процесін зерттеу.

Әдістемелік қызметті білім беруді дамыту стратегияларын ескере отырып, сондай-ақ педагогтардың өзінің қиындықтары мен қажеттіліктері бойынша қалыптастырамыз. Әдістемелік жұмыстың мазмұнын педагогтардың жеке қажеттіліктері мен кәсіби қиындықтарын диагностикалау нәтижелері негізінде анықтаймыз. «Педагог» кәсіби стандартына бағдарланамыз. Үдерісті нәтижеліліктің тұрақты мониторингімен сүйемелдейміз. Мониторинг өзгерістер динамикасын қадағалауға, сондай-ақ одан әрі дамуды болжауға мүмкіндік береді. Мониторингті жоспарды іске асыру процесін жүйелі бақылау негізінде жүргіземіз. Бұл ауытқуларды анықтауға, проблеманың мәнін және оларды жақсарту үшін салаларды анықтауға мүмкіндік береді. Процесті қандай факторлардың жылдамдататынын немесе баяулататынын талдаудамыз. Қажетті нәтижеге сәйкестігін анықтаймыз.

Педагогикалық үрдістің сапасын зерттейміз. Сабақтарға өзара қатысу арқылы педагогтардың қызметін бақылаймыз:

• олар өз жұмысында білім алушылардың шығармашылық (зерттеу) дағдыларын дамытуға бағытталған әдістерді қолдана ма;

• білім алушылар арасындағы, педагог пен білім алушылар арасындағы өзара іс-қимыл қалай құрылған;

• білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейі мен прогресс деңгейін бақылауды қалай ұйымдастырады;

• білім беру ортасы білім алушылардың әлеуетін қаншалықты ашады.

Педагогтардың қандай құзыреттіліктері шынымен де жақсартуды талап ететінін және қайсысының деңгейі жеткілікті жоғары екенін нақты түсіну қажет.

Кәсіби даму - бұл ұзақ мерзімді процесс. Ол алдағы 1-3 жылды немесе 3-5 жылды алуы мүмкін.

Біз «педагог-зерттеуші», «педагог-сарапшы» біліктілік санаттары бар педагогтардың кәсіби әлеуеті мен тәжірибесін пайдаланамыз. Сонымен қатар, бұл педагогтар кәсіби құзыреттерін дамытып, жетілдіреді.

Әдістемелік қызмет педагогтарды сүйемелдеуді ұйымдастырады. Педагогтар әдістемелік, консультациялық көмек, сондай-ақ оқытушылық практикадағы нақты проблемаларды анықтауда қолдау алады. Педагогикалық өзара іс-қимыл арқылы педагогтар өзгерістерді басқару және өздерінің педагогикалық қызметінің мазмұнын бейімдеу білігін қалыптастырады.

Педагогтер біліктілікті арттыру курстарында оқиды және мектеп, аудандық және облыстық әдістемелік іс-шараларға қатысады. Олар жаңа кәсіби білім алып, дағдылар мен құзыреттерді кеңейтеді. Оқыту және тәрбиелеу мақсаттарын іске асыру жөніндегі қызметті жетілдіреді. Зерттейді және рефлексиялайды. Құзыреттерді пайдалану нәтижелерін қадағалайды. Педагогикалық және зерттеу қызметінің нәтижелері бойынша педагогикалық журналдарда мақалалар жариялайды. Авторлық бағдарламаларды жасайды. Оларда оқыту тәжірибесі көрсетіледі.

Біздің педагогтар аудандық және облыстық іс-шараларда кәсіби даму нәтижелерін көрсетіп отыр. Кәсіби шеберлік байқауларына қатысады, сондай-ақ жеңімпаз атанады. Семинарларда әріптестерімен педагогикалық тәжірибесімен бөліседі. Осының барлығы педагогтардың кәсіби қызмет нәтижелерімен, педагогикалық идеялармен алмасу мақсатында шығармашылық әлеуетін көрсетуге мүмкіндік береді. Тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру педагогтардың практикалық қызметін жетілдіреді.

Біздің ұжым - білікті педагогтардың бірыңғай командасы. Бізді ортақ мақсат біріктіреді. Біз мектептің миссиясын түсінеміз және бөлісеміз.

Осылайша, біз білім беру ұйымында педагогтардың үздіксіз кәсіби дамуы педагогтардың қиындықтары мониторингінің нәтижелерін ескере отырып, әдістемелік жұмыстармен және педагогикалық ортадағы өзара іс-қимылды ұйымдастырумен айқындалады деп есептейміз. Бұл әрбір педагогты жеке және жалпы білім беру ұйымын дамытады.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы
2. Модель руководства по непрерывному профессиональному развитию и передовой практике в этой области. https://www.pempal.org/sites/pempal/files/attachments/Good_Practice_Professional_Development_RUS.pdf
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы
4. "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ РУССКОГО ЯЗЫКА В НАЦИОНАЛЬНОЙ ШКОЛЕ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ

Егисинова Гулназ Бахытовна
учитель русского языка и литературы,
Байзакский район, село Сарыкемер, Косы Батыр № 47

Ключевые слова: русский язык как иностранный, младшие школьники, словарный запас, языковая среда, безграмотность, мнемотехника.
Түйінді сөздер: орыс тілі шет тілі ретінде, бастауыш сынып оқушылары, сөздік қоры, тілдік орта, сауатсыздық, мнемотехника.
Keywords: Russian as a foreign language, primary school students, vocabulary, language environment, illiteracy, mnemonics.

Аннотация. Статья посвящена одному из актуальных вопросов преподавания русского языка как иностранного в младших классах сельской местности, где отсутствует языковая среда. В данной работе описывается опыт внедрения нетрадиционных методов обучения русскому языку в начальных классах.

Аңдатпа. Мақала ауылдық жердегі бастауыш сыныптарына орыс тілін шет тілі ретінде оқыту өзекті мәселелердің біріне арналған. Бұл жұмыста бастауыш сыныптарда орыс тілін оқытудың дәстүрлі емес әдістерін енгізу тәжірибесі сипатталған.
Abstract. The article is devoted to one of the topical issues of teaching Russian as a foreign language in the lower grades of rural areas where there is no language environment. This paper describes the experience of introducing non-traditional methods of teaching Russian in primary schools.

Статус русского языка в Казахстане

Язык является обязательным элементом национальной культуры, важнейшим средством формирования и духовного развития личности. В современном Казахстане функционирует более чем 100 языков. Русский язык в Казахстане официально утратил статус государственного языка, но сохранился как язык межнационального общения[1]. Сам по себе русский язык вытеснить невозможно, так как это один из шести мировых языков, на котором говорит более двухсот миллионов человек. Знание русского языка открывает широкие перспективы для человека. Благодаря ему, мы приобщаемся к мировой культуре и науке. Ведь многие современные научные издания и шедевры мировой литературы переведены на русский язык.

Проблемы изучения русского языка как иностранного в условиях казахской школы

Профессиональное обучение в вузах Казахстана осуществляется в основном на двух языках: казахском и русском. Русский язык – обязательный предмет в общеобразовательных школах Казахстана. Государственный стандарт образования РК выдвигает конкретные результативные требования изучения русского языка в школах с казахским языком обучения:

1. В полном объёме использовать коммуникативные функции русского языка.
2. Читать на русском языке.
3. Понимать русскую речь на слух.
4. Писать грамотно на русском языке.

В процессе активной модернизации системы образования возникают некоторые трудности в изучении русского языка как иностранного у младших школьников. Эта проблема стоит особенно остро в сельских школах, где отсутствует языковая среда. Сейчас почти во всех сёлах русскоязычных очень мало, а основная масса говорит только на казахском языке.

Педагоги средних общеобразовательных и специальных школ, преподаватели вузов с тревогой отмечают растущую всеобщую безграмотность обучающихся по русскому языку. Одна из причин – это недостаточная подготовка в начальном звене. Пробелы в обучении русскому языку в младшем и среднем звене приводит к тому, что из-за низкого уровня лексического запаса ученики не могут воспринимать текст на слух, понимать прочитанный текст, отвечать на вопросы и грамотно строить предложения. Учителям начального звена вдвойне тяжело ещё и потому, что учебники издаются авторами так, будто дети уже понимают, уже разговаривают на русском языке. Авторы учебников не учитывают, что школьники начинают изучение русского языка со второго класса без букварного периода. В этот период у учащихся формируется звуко-буквенный анализ и синтез как основа овладения чтением и письмом. Немаловажную роль в качестве знаний учащихся при этом также играет деление класса на подгруппы в начальном звене. К сожалению, в сельских школах отменили деление на подгруппы, что влечет за собой неблагоприятные последствия.

Особенности преподавания русского языка в казахских классах начального звена.

В школу приходят неговорящие на русском языке дети. Задача учителя – обогатить словарный запас учащихся, научить строить свою речь.

Привить учащимся навыки свободного владения русской речью – нелёгкая, но очень важная задача. Чтобы ребенок заговорил, ему нужно переступить языковой и психологический барьер. Важно уже в начальной школе вселить в каждого ребенка

надежду на позитив, чтобы не возникало таких трудностей в старших классах. Задача учителя русского языка в младших классах - пробудить интерес к обучению, активизировать мыслительную деятельность учащихся. [2,с.16]

Как я убедилась на опыте, одним из самых сложных, скучных и длительных видов работы по развитию речи является заучивание новых слов и выражений, а также стихотворений. Ведь именно данная работа дает больше шансов овладеть навыками устной и письменной речи[3]. Только далеко не каждому ученику легко дается запоминание слов и тем более стихотворений. Чтобы облегчить процесс запоминания, я применяю прием мнемотехники на своих уроках. Но, прежде чем использовать данный метод, я провела исследование на его эффективность в начальных классах.

Способы использования мнемотехники на уроках русского языка

Мнемотехника - это система методов и приёмов, облегчающих запоминание, увеличивающих объём памяти путём образования искусственных ассоциаций. Приемы мнемоники эффективно используется в младших классах при заучивании слов и стихотворений, пересказе рассказа и сказок для обогащения словарного запаса и развития речи учащихся[4].

Приемы и способы мнемотехники, облегчающие процесс запоминания



Рисунок 1. Способы ассоциативного изображения информации

Суть мнемотехники заключается в том, что ключевые слова или словосочетания в тексте изображаются в картинках на бумажном листе в текстовой последовательности. Таким образом весь текст или стихотворение зарисовывается схематически.

Примеры использования приемов мнемотехники на уроке русского языка в начальных классах.

«Кто интересуется предметом, у того открыты глаза и уши», - говорил К.Д. Ушинский. Внимание, связанное с интересом, бывает длительным и глубоким. Интересное запоминается легко, быстро и прочно, а знания, усвоенные без интереса, ложатся мертвым грузом, не пригодным к применению.

Для лучшего запоминания словарных слов я использую наглядные карточки. Приведу примеры некоторых из них, которые я применяю на своих уроках.

Рисунок 2. Мнемокарточки для запоминания лексики русского языка.

Рисунок 3. Мнемокарточки для запоминания орфограмм русского языка.

Рисунок 4. Мнемокарточки для запоминания действий и признаков предмета.

Важным этапом при работе над текстом является обучение смысловому чтению. Дети учатся находить ключевые слова в тексте, делать зарисовки к ним и пересказывать текст, опираясь на свои рисунки – мнемодорожки[4].

Рисунок 5. Мнемодорожки для пересказа коротких текстов по картинке.

Рисунок 6. Мнемотаблицы для заучивания стихотворений

Применение приемов мнемотехники на практике.

Чтобы составить мнемотаблицу, дети знакомятся с содержанием текста, разбивают рассказ на части, определяя важные моменты в нем. Делают зарисовки к каждой части рассказа.

Рисунок 7. Составление мнемотаблиц по ключевым моментам в тексте.

Рисунок 8. Пересказ сказок по опорным картинкам.

Рисунок 9. Учим стихотворения с использованием мнемотехники.

Рисунок 10. Пересказ коротких текстов с использованием мнемотехники.

Исследование эффективности используемого приема

Одна из основных задач методики преподавания русского языка на сегодняшний день – повышение грамотности учащихся. Работу по формированию орфографической зоркости необходимо начинать с начальной школы. Основными приемами развития навыков грамотного письма являются словарный диктант и письмо по памяти. Использование приемов мнемотехники позволяет обеспечить быстрое запоминание орфограмм в словах[5]. Для эксперимента на каждом уроке проводились различные орфографические игры с использованием мнемокарточек. Например, для пополнения словарного запаса и отработки орфографической зоркости ребятам предоставляются мнемопазлы со словарными словами. Ученики собирают пазлы и, если все слова правильно подобраны, то должен получиться общий рисунок. Таким образом, автоматически выходит результат работы. Учителю не нужно тратить время на проверку работы, а ученики сразу увидят свои ошибки и исправят их.

Все ребята с увлечением погружались в рабочий процесс, слова запоминались с лёгкостью и без «зубрёжки». Уроки русского языка стали нравиться даже тем, кто недавно считал их скучными и неинтересными. После длительных занятий по новой методике были проведены контрольные диктанты, результаты которых подтвердили эффективность и целесообразность применения мнемотехники для младших школьников.



Рисунок 11. Сравнительный анализ словарных диктантов на начало и конец первой четверти.

Вывод исследования

Таким образом, изучение учебного материала с использованием мнемотехники позволяет развивать мыслительную и речевую деятельность учащихся, повысить мотивацию к учебе, способствует быстрому и прочному запоминанию изучаемого материала, развивает орфографическую зоркость. Мониторинг качества знаний слабых учащихся, когда применялись системно мнемоприемы, показывает тенденцию роста успеваемости. Согласитесь, ради подобного результата стоит применять мнемотехнику. Использование приёмов мнемотехники на уроках создаёт атмосферу увлечённости, делает интересным самый скучный материал. Всегда можно найти новые и интересные методы обучения, стимулирующие активный интерес к изучаемому языку, создающие радость в обучении и результате труда.

ЛИТЕРАТУРА

1.Журавлева Е. А. Русский язык в Казахстане: статус, сферы использования и особенности лексической системы // Русский язык, литература, культура в школе и вузе. 11/2008. № 6. С. 48-54

2.Методика школьного курса русского языка. Стычева О.А., 2013. С.1-16

3.Бадамбаева Г.А., Методика обучения русскому языку в начальных классах казахской школы., 2001., С. 235

4.Козаренко В.А. Учебник мнемотехники. Система запоминания «Джордано». Москва, 2007

5.Агафонов В.В. Неправильные правила. Ассоциативный орфографический словарик для начальной школы.- 2 изд., перераб. и доп.-М.:Ювента, 2007.-64 с.

6.Парамонова Л.Г. Легкий способ стать грамотным.- М.: Дельта, 2008.

7.https://multiurok.ru/index.php/blog/gosudarstviennyi-obshchieobiazatiel-nyi-standart-obrazovaniia-riespubliki-kazakhstan-vysshieie-obrazovaniie-iazyki-triiedinstva-kazakhskii-russkii-i-inostrannyi-iazyki.html

8.https://books.google.kz/books?hl=ru&lr=&id=7dJlBAAAQBAJ&oi=fnd&pg=PT2&dq=related:1DaZuPlTmOUJ:scholar.google.com/&ots=ZWBLZq9tqE&sig=FvzjVwzzf_9mK7psRFdYp5PI530&redir_esc=y#v=onepage&q&f=false

9.https://search.rsl.ru/ru/record/01007660216

10.https://yandex.kz/search/?text=Сайт+Mnemonikon+(http%3A%2F%2Fwww.mnemotexnika.narod.ru)&clid=2331527&banerid=0500000135%3A5f293fe428d410002112193d&win=449&lr=29515

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ В ОБУЧЕНИИ ПРЕДМЕТА «ПОЗНАНИЕ МИРА» В НАЧАЛЬНЫХ КЛАССАХ

Кушубаева Б.Ж.
НАО ППУ Высший Колледж Им. М. Канапьянова, Город Павлодар,
Kushubaevabotagoz@Rambler.Ua

Аннотация: на сегодняшний день в нашей стране проводятся реформы, направленные на изучение опыта самых передовых стран мира, а также международных стандартов и их применение в образовании. Сегодня во многих странах мира процесс обучения основан на интегрированной модели обучения STEAM. Согласно этой новой модели, процесс обучения детей организован как путешествие в мир сказок, а не утомительное и формальное преподавание отдельных предметов.
Ключевые слова: познание мира, активные методы обучения, педагогическая технология, активная коммуникация, командная работа, инновационный проект, естественные науки.

В условиях высокой конкуренции во всех сферах жизни повышение качества образования, являющейся движущей силой человеческого развития, является одним из приоритетов в нашей стране. Следовательно, развитие управленческих навыков, компетенций и повышение профессионализма руководителей школ и учителей становится одним из важных условий. Одним из требований, вытекающих из государственной стратегии по развитию образования в Республике Казахстан, является осуществление повышения квалификации учителей инновационными методами, и необходимость создания системы наставничества (менторство) в этой сфере.

Познание мира - это интегративный предмет, помогающий учащимся формировать и улучшать систему знаний, навыков и ценностей, необходимых им для понимания и реализации себя в целом с их биологическими, психологическими, социальными и духовными аспектами. У каждого ученика, изучающего «Познание мира» в начальных классах, имеется свой круг интересов. Однако эти интересы не имеют никакого значения, без научной направленности, то есть интерес остается лишь интересом и, оставаясь в ограниченных рамках, теряет способность реализовываться в жизни. «Познание мира» расширяет сферу индивидуальных интересов и адаптирует их к жизни. Отныне существует потребность в применении интегративного обучения, которое может повлиять на научное и практическое развитие интересов ученика в раннем возрасте. Благодаря интегративному обучению ученик расширяет свои знания, без потери времени. Учащиеся приобретают необходимые для жизни навыки, применяя свои знания по отдельным предметам и межпредметные навыки в реальных жизненных ситуациях с использованием технологий исследования и решения проблем.

Сегодня во многих странах мира процесс обучения основан на интегрированной модели обучения STEAM. Эксперты отмечают, что эта новая модель образования, предназначенная для ступеней общего среднего и полного среднего образования, имеет следующие преимущества:

1. STEAM - это процесс обучения, который сочетает в себе межпредметную интеграцию естественных наук, математики, инженерии, творческих предметов и искусства, а также проектный подход. Это изменение в учебном плане, привело к внеклассным занятиям и отмене вышеупомянутых предметов как обычных, так и индивидуальных. Сегодня очень важно совместное преподавание математики, естественных наук, технологий и изобразительного искусства, так как эти предметы тесно связаны на практике.

2. Применение научных и технических знаний - Применение образовательной модели STEAM предоставляет широкие возможности для демонстрации внедрения научных и технических вопросов в реальной жизни с помощью уроков. На каждом уроке

учащиеся работают над разработкой и развитием современных научных продуктов. Они изучают конкретный проект, детально исследуют механизм его работы, и в результате создают прототип этого продукта. Поскольку процесс основан на практике, обучение наряду с тем, что является интересным, легко усваивается и запоминается. Нестандартный урок, в котором учащиеся участвуют в данной модели, также развивает их коммуникативные навыки, такие как совместное мышление и совместную деятельность над проектами.

3. Программа STEAM развивает у наших учеников критическое мышление и навыки решения проблем, чтобы справиться с трудностями, с которыми они могут столкнуться в жизни как личности. Первая проверка позволяет им обнаружить ошибки в результатах, а каждая последующая проверка дает новые идеи для достижения цели.

4. Повышение уверенности в себе - по мере того, как учащиеся получают разные результаты, строят модели и конструкции, запускают машины, тестируют роботов и электронные игры, они приближаются к цели. Учащиеся улучшают и тестируют свои продукты, затем дорабатывают и тестируют их снова, стремясь к совершенству. В результате учащиеся достигают своих целей, решая проблемы собственными силами.

5. Активная коммуникация и командная работа - Программа STEAM отличается как активными коммуникативными возможностями, так и деятельностью в команде. На этапе обсуждения создается свободная среда для дискуссий и обмена мнениями. Таким образом, они также обладают такими навыками, как организовывать речь и демонстрировать ее.

Қорыта келгенде, мұғалім құзіреттілігі бұл жаңартылған білім беру мазмұнында және сабақтың оқу мақсатына, ойлау дағдыларының деңгейіне сәйкес жоспарланған тиімді деп таңдалған әдіс-тәсілдермен берілген топтық, жұптық, жеке формадағы тапсырмалар белсенді оқу ортасының қалыптасуына, өз бетінше білім алу дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс. Бұған оқуды барынша белсенді, күрделі, қызықты, маңызды ету арқылы қол жеткізуге болады. Жеке және топпен бірлесе жұмыс істеу қабілеті, сын тұрғысынан ойлау дағдылары, сөйлеу мәдениеті қалыптастыру, өмірлік жағдаяттарда оң шешім қабылдау, адамзаттық құндылықтарға баулу - жаңартылған білім мазмұнының тиімді тұсы екенін атап айтқым келеді. Демек, «Мұғалім құзіреттілігі» мен үшін әр ұстаз өз пәнін табысты оқытудың мәні – оқушылардың бойында XXI ғасырда өмірдің барлық саласында табысты болуы үшін қажетті кең ауқымды дағдыларды дарыту болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы// Егемен Қазақстан, 20 мамыр, 2015 жыл № 92 (28570)
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж.
3. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.
4. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер - Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009 ж.

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІН ҚОЛДАУ МЕН ДАМЫТУДАҒЫ РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТЫҢ РӨЛІ

Кашкымбекова Толкын Карыбековна
«Қарқаралы қаласының Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп (Ресурстық орталық) жанындағы интернат» КММ
Қарағанды облысы, Қарқаралы қаласы, Қазақстан
Tolkina_1985@mail.ru

Аннотация: жұмыста Қазақстанның ауылдық білім беру жүйесіндегі ресурстық орталықтардың пайда болуы мен дамуына талдау жүргізілді, цифрландыру жағдайында олардың трансформациялану үрдістері анықталды.

Түйінді сөздер: ресурстық орталықтар, ауыл мектептері, инновациялар, даму, цифрландыру, сапа, білім беру.

Аннотация: В работе проведен анализ возникновения и развития ресурсных центров в системе сельского образования Казахстана, выявлены тенденции их трансформации в условиях цифровизации.

Ключевые слова: ресурсные центры, сельские школы, инновации, развитие, цифровизация, качество, образование.

Abstract: The paper analyzes the emergence and development of resource centers in the rural education system of Kazakhstan, identifies trends in their transformation in the context of digitalization.

Keywords: resource centers, rural schools, innovation, development, digitalization, quality, education.

Қазақстанның ауылдық білім беру жүйесінде ресурстық орталықтар маңызды рөл атқарады. Олардың қызметі ресурстар мен мүмкіндіктерді шоғырландыру арқылы шалғай ауылдардағы балаларға сапалы білім беруге бағытталған. Елімізде алғашқы ресурстық орталықтардың ашылғанына да жиырма жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт ішінде олардың жұмысы алға басып, бай тәжірибе жинақталды.

Дегенмен, бүгінде қала мектептерінен бәсекелестіктің артуынан ресурстық орталықтардың алдында жаңа міндеттер тұр. Сонымен қатар, ауыл мектептерін дамыту үшін жаңа технологиялық мүмкіндіктер пайда болуда, атап айтсақ, онлайн білім беру, цифрлық платформалар, қашықтықтан өзара әрекеттесу.

Ресурстық орталықтар ауылдық жерлерде сапалы білім беру миссиясын жалғастыру үшін оларды қалыптасқан дәстүрлерді де, соңғы технологияларды да ескере отырып жаңғырту қажет. Бұл жаңғырту білім беруді басқаруға, мазмұны мен әдістеріне, сондай-ақ ресурстық орталықтар мен ауыл мектептері арасындағы қарым-қатынасқа қатысты болуы керек.

Бұл жұмыста ресурстық орталықтарды жоғары сапалы ауылдық елді мекендерді қамтамасыз етудің шын мәнінде тиімді механизміне айналдыру үшін Қазақстандағы ресурстық орталықтардың қалыптасу жолын талдауға, олардың қазіргі жағдайын бағалауға және қажетті қайта құрудың негізгі бағыттарын белгілеуге әрекет жасалуда. Жұмыс нормативтік-құқықтық базаны талдауға, статистикалық мәліметтерге, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне, сондай-ақ автордың жеке бақылауларына негізделген [1].

Қазақстанда алғашқы ресурстық орталықтар 1990 жылдардың соңы – 2000 жылдардың басында құрыла бастады. Бұл, әсіресе, ауылдық жерлерде мектептегі білімнің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға бағытталған жаңа білім беру саясатын әзірлеуге байланысты болды.

Ол уақытта ауыл мектептерінің қала мектептерінен артта қалу мәселесі өткір тұрды. Бір жағынан шағын жинақталған мектептерде білікті педагогикалық кадрлар, заманауи құрал-жабдықтар, оқу құралдары жетіспеді. Екінші жағынан, ауыл тұрғындарының, әсіресе жастардың қалаларға кетуі орын алып, жағдайды одан әрі қиындата түсті.

Ауыл мектептерінің қолданыстағы жүйесін жоймай, олардағы білім сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік беретін түбегейлі шешім талап етілді. Бұл шешім ресурстық орталықтарды – ірі тірек мектептерін құру болды, олардың негізінде қоршалған шағын жинақты мектептер үшін білім беру ресурстары шоғырланды.

Алғашқы ресурстық орталықтар, әдетте, аудандағы ірі орта мектептердің негізінде құрылды. Олардың міндеттеріне ауылдық салалық мектептерді кешенді әдістемелік, ұйымдастырушылық және техникалық тұрғыдан қамтамасыз ету кірді. Ол үшін ресурстық орталықтарда үздік оқу-материалдық база жинақталып, тәжірибелі ұстаздар мен басшылар шоғырландырылды.

Алғашқы ресурстық орталықтардың тәжірибесі өте табысты болып шықты. Олар қарапайым ауыл мектептеріне қарағанда жоғары сапалы білім берумен қатар, ауылдағы педагогикалық кадрлардың сақталуына да ықпал етті. Сонымен қатар, олардың аймақтағы бүкіл білім беру жүйесін үйлестірудегі рөлі айқын болды [2].

Алғашқы ресурстық орталықтардың жетістігі 2000 жылдары Қазақстанда ауылдық білім беруді ұйымдастырудың бұл формасының кең таралуына әкелді. Халықаралық ұйымдардың (ЮНИСЕФ, БҰҰДБ, Дүниежүзілік банк) қолдауымен республиканың көптеген аймақтарында ресурстық орталықтар ашылды. 2000 жылдардың соңына қарай олар Қазақстанның барлық дерлік аймағында жұмыс істеп үлгерді.

Соңғы екі онжылдықта ресурстық орталықтар ауылдық білім беру жүйесінің тиімді ұйымдастыру үлгісі ретінде өзін дәлелдеді. Олар шағын жинақталған мектептердің қолданыстағы инфрақұрылымын бұзбай, оның сапасын айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік берді. Ал бүгінде ресурстық орталықтардың алдында заманауи IT-технологияларды енгізу мен білім беруді цифрландыруға байланысты жаңа міндеттер тұр. Оларды шешу дәстүрлі ресурстық орталық үлгісін өзгертуді талап етеді.

Қазақстанда алғашқы ресурстық орталықтарды құрумен, қатар олардың жұмыс істеуінің нормативтік-құқықтық базасы да қалыптасты. 2001 жылы ресурстық орталықтар қызметінің алғашқы үлгілік ережелері бекітілді. Олар ресурстық орталықтардың негізгі міндеттерін, функцияларын, құқықтары мен міндеттерін анықтады.

Осы Ережелерге сәйкес Ресурстық орталықтар ауылдық шағын жинақты мектептердің оқушылары үшін сапалы жалпы орта білім алуда тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету мақсатында құрылды. Осы мақсатты орындау үшін ресурстық орталықтарға бірқатар функциялар жүктелді [3].

Біріншіден, тірек мектептер мен филиал мектептерінің оқушылары үшін күндізгі және сырттай оқу үдерісін ұйымдастыру. Ол үшін ресурстық орталықтар оқытудың әртүрлі нысандарын: күндізгі сабақтарды, сессияларды, қашықтықтан оқытуды пайдалануға құқылы болды.

Екіншіден, тұрақты жұмыс істейтін семинарлар, біліктілікті арттыру курстары, тағылымдамалар және т.б. ұйымдастыру арқылы филиал-мектептерде білім беру процесін әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету.

Үшіншіден, мектеп-филиалдарды педагогикалық кадрлармен толықтыру, олардың қызметін бақылау. Ресурстық орталықтар ауылдық мектептерде кадрларды іріктеу және орналастыру, мұғалімдердің жүктемесін реттеу құқығына ие болды.

Бұдан басқа, ресурстық орталықтарды қаржыландыру және материалдық-техникалық қамтамасыз ету нормалары, олардың жергілікті білім беруді басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау тәртібі заңнамалық түрде бекітілді.

Кейінгі жылдары ресурстық орталықтардың жұмыс істеуінің құқықтық негіздері Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырады. Бірақ алғашқы типтік ережелерге енгізілген негізгі қағидалар сақталды.

Ресурстық орталықтар әлі де ауыл мектептеріне қатысты үйлестіруші және ресурстық функцияны орындайды, оларды білікті кадрлармен, оқу-әдістемелік материалдармен, мұғалімдердің біліктілігін арттыру мүмкіндіктерімен қамтамасыз етеді. Сонымен бірге оқу процесін ұйымдастырудың формалары кеңейіп, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар белсенді қолданыла бастады [4].

Дамудың оң динамикасына қарамастан, ресурстық орталықтар олардың жұмысының тиімділігін шектейтін бірқатар мәселелерге тап болады. Мұндай мәселелерге мыналар жатады:

- Ауылдық жерлерден кадрлардың кетуі. Атқарылған іс-шараларға қарамастан, мектептерді педагогикалық кадрлармен, әсіресе тапшы мамандармен (шет тілдері, физика, информатика және т.б.) жабдықтау мәселесі өткір болып қала береді.

- Ауылдық жерлерде әлсіз цифрлық инфрақұрылым. Деректер арналары, интернет жылдамдығы жеткіліксіз дамыған, онлайн қызметтер мен платформаларды пайдалану мүмкіндігі шектеулі. Бұл it-ді білім беру процесін кеңінен енгізуге кедергі келтіреді.

Сонымен қатар, көп нәрсе ресурстық орталықтардың өз қызметін ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін табу қабілетіне байланысты.

Ресурстық орталықтардың өз тиімділігін одан әрі дамыту және арттыруда әлеуеті зор екенін атап өту керек. Бұған келесі шаралар ықпал етуі мүмкін:

- Білім беру бағдарламаларының спектрін кеңейту, оның ішінде бейіндік оқыту, техникалық, жаратылыстану, креативті бағыттар бойынша қосымша білім беру бағдарламалары. Бұл ресурстық орталықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

- Қаржыны, кадрларды, оқу процесін басқару жөніндегі директорлардың кеңейтілген өкілеттіктері бар "автономды мектеп" моделін енгізу. Бұл қолда бар ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

- Қазіргі заманғы заңнама, экономика, менеджмент негізінде Ресурстық орталықтардың әкімшілік-басқару персоналын қайта даярлау. Бұл білікті басшылықты қамтамасыз етеді [5].

Осылайша, бірқатар проблемаларға қарамастан, ресурстық орталықтардың қуатты даму мүмкіндігі бар. Олардың тиімді қызметі ауылдық жерлерде сапалы білім алуға қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды.

«Қарқаралы қаласы Мәди Бәпиұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектеп ресурстық орталық жанындағы интернат» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде құрылған ресурстық орталық құрамына Ақжол, Жаңатоған, Аппаз, Бақты, Абыз, Томар, Татан, Қарағаш, Қоянды ауылдарындағы орта және негізгі мектептер магниттік мектеп болып тартылды.

Магниттік мектептерде педагог кадрлардың барлық саны -216. Оның ішінде: 16 педагог-зерттеуші, 73 педагог-сарапшы, 50 педагог-модератор, 77 педагог жұмыс жасайды.

Магниттік мектептерде барлығы - 820 білім алушы, орта мектептерде – 724, негізгі мектептерде - 96 білім алушы тәрбиеленуде. Магниттік мектептердің жылдық білім сапалары +2 пайыздан +6 пайызға дейін өсу динамикасы көруге болады.

Оқыту мен тәрбиелеу бірлігінің, білім берудің мазмұнын жетілдірумен бірге, білім алушыларға сапалы білім беру мақсатында, оның ішінде қашықтықтан оқыту форматындағы ерекшеліктер, тиімді сабақ жоспарлау, оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдануға бағытталған әдістемелік көмек көрсетіліп отырады. Сабақты, іс-әрекетті зерттеу бойынша магниттік мектеп ұстаздарымен үздіксіз вебинарлар, семинарлар, коучингтер ұйымдастырылуда. Сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану тақырыбында шебер сабақтар өткізіледі.

Білім алушылардан онлайн сервистер арқылы және сессияға келгенде білім сапасын тексеру мақсатында кіру және шығу тесттері алынып, білім алушының қажеттілігін ескере отырып, ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық үшін пән мұғалімдері тақырыпқа бағытталған сабақтар әзірлеп, оқушылармен бірлесе жұмыс жасайды.

Әр пән бойынша күнтізбелік жоспарға сай тақырыптарға бағытталған сабақтар өткізеді. Физика, химия, биология пәндерінен практикалық-зертханалық сабақтар ұйымдастрылады. Бұл білім алушылардың білімге деген құштарлығын аша түседі.

Оқушыларды өз еркімен мамандық таңдауға дайындайтын шаралардың бірі – мамандыққа бағыттау. Сессия жұмысы мектеп оқушыларын мамандыққа деген қызығушылықтарын қалыптастыру арқылы, кәсіби мамандықты таңдауға көмектесу және әр мамандық бойынша қабілеттіліктерін анықтау мақсатында Мыңжасар Әдекенов атындағы Қарқаралы ауылшаруашылық колледжінің және Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі мекемесінің мамандарының шебер-сыныптарымен жалғасады. Мамандыққа бағыттау бірнеше маңызды мәселелерді шешеді. Соның бірі - түлектердің халық шаруашылығына қажетті мамандықтарды таңдауына да ықпал етеді.

Мекеме арасындағы сабақтастық негіздемесі: Ауыл мектебінің балаларын салауатты өмір салтына ынталандыру, жан–жақты дамуын қамтасыз ету, олардың денсаулығын дене тәрбиесі және спорт құралдары арқылы нығайту мен сақтау мақсатында сессияға келген білім алушылар арасында түрлі спорттық жарыстар өткізіледі.

Сонымен қатар, сессия аралық кезінде магниттік мектептерде шығармашылықпен жұмыс атқаратын мұғалімдердің озық педагогикалық іс-тәжірибелерін насихаттау мақсатында жыл бойына жоспар жасалып, магниттік мектептер арасында шебер сыныптар семинары өткізіледі.

Облыстық «Оқуға құштар мектеп» кітап оқуды дәріптеуге арналған жоба аясындағы магниттік мектептермен біріккен жылдық жоспар құрылып, сол жоспар

бойынша жұмыстар атқарылуда. Жоспарға сәйкес магниттік мектептер арасында аудандық шаралар өткізілуде. Бұл іс-шараның басты мақсаты: Қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу болып табылады. Осы орайда сессияға келген уақыттарда және онлайн форматта магниттік мектеп оқушыларымен түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады.

Қарқаралы Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі мекемесі және тірек мектебінің ұйымдастыруымен жылда магниттік мектеп білім алушылары арасында экологиялық байқау өткізіледі. Байқаудың мақсаты: қаламыздың өзекті мәселелерін шешу және экологиялық қала құру болып табылады. Балалар мен жастардың қызығушылығын ояту, рухани жаңару – ұлттық сананың кемелденуіне үлес қосу. Білім алушыларға ғылыми жұмыс, экотеатр, эковест сынды форматта түрлі шаралар ұйымдастырылып отырады.

Сондай-ақ, Қарқаралы ауданы таулы-орманды аймақ болғандықтан, туған жерімізді қорғау, табиғатын аялау мақсатында өрт шалған орманның орнына қарағай көшеттерін қайта отырғызу жұмыстарына қатысады. Ресурстық орталыққа қарасты магниттік мектептердің білім алушылары Қарқаралы орманшылығы аумағындағы орман питомнигінен орман көшеттерін күтіп-баптау жұмыстарын тәжірибелік тұрғыда көреді. Мамандар білім алушыларға көшеттерді сақтау жұмыстарын көрсетіп, атқарылған жұмыстарымен таныстырады. Бұндағы мақсат – болашақ ұрпақтың санасына табиғатқа, туған жерге деген сүйспеншіліктерін ояту.

Әр сессия соңында ұлттық құндылыққа бағытталған тағлымы мен тәрбиесі мол концерттік бағдарлама өткізіледі. Бұл шараны тірек мектебі мен магниттік мектеп оқушылары бірлесе өткізіледі.

Осындай жұмыстардың арқасында ауыл балаларының белсенділіктері артып, түрлі облыстық, республикалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленуде. Мәселен, Бақты ауылының №21 ЖББМ мектебінің білім алушалары Астана қаласында өткен «Маусымашар-2023» фестивалінде жүлдегер атанса, Аппаз ауылының №18 ЖББМ мектеп оқушылары халықаралық «Алаш стар» өнер байқауында жүлдегер атанды. «Айқанат» республикалық олимпиадасына 2 оқушы үздік жүздікке енсе, 1 оқушы Бурабайдағы «Айқанат» мектебіне тегін түрде білім алуға жолдама алды.

Ресурстық орталық облыстық «Ауылшаруашылыққа қадам» жобасы аясында Агросынып жұмысын жүргізіп отыр. Агросынып білім алушылары жылыжай маңында өскен көкөністер мен жемістерді жинап алу жұмыстарына жұмылдырылып, мал дәрігерлерінің практикалық сабақтарына қатыстырылды және егінді жинау бойынша жұмыстарына қатыстырылады. Агросынып жобасының мақсаты – білім алушылардың ауыл шаруашылық мамандықтарына кәсіби қызығушылықтарын анықтау және қолдау үшін жағдай жасау, оларды ауылдық жердегі өмірге және еңбекке бағыттау болып табылады. Бұл жоба агротехникалық сауаттылықты арттыруға, оқушылардың зерттеу жұмысына белсенді қатысуына, болашақ агроөнеркәсіп мамандарын дайындауға көмектеседі.

Заманауи ресурстық орталықтарды трансформациялаудың негізгі бағыты – оқу үдерісін жан-жақты цифрландыру. Ол ресурстық орталықтар қызметінің барлық салаларына цифрлық технологияларды кеңінен енгізуді көздейді.

Ең алдымен оқу процесінің өзі цифрландыруға жатады – цифрлық оқу материалдарын, онлайн платформаларды, виртуалды зертханалар мен тренажерларды пайдалана отырып, мектеп пәндерін оқыту.

Ол үшін ресурстық орталықтардың барлық оқу кабинеттері заманауи құрал-жабдықтармен – компьютерлермен, интерактивті тақталармен және панельдермен, мультимедиялық проекторлармен жабдықталуы тиіс. Сонымен қатар, ресурстық орталықты ғана емес, оның қарамағындағы ауыл мектептерін де жоғары жылдамдықты интернетпен қамтамасыз ету қажет. Бұл қашықтықтан оқытудың онлайн технологияларын пайдалануға мүмкіндік береді.

Тағы бір маңызды бағыт – цифрлық құжат айналымын енгізу, ол ресурстық орталықты басқарудың барлық процестерін барынша ашық әрі тиімді етеді. Бұл білім беру құжаттамасына да, бизнес есебіне де қатысты. Құжаттарға қол жеткізуді жалғыз қорғалған порталдар арқылы жүзеге асыруға болады.

Білім беру үдерісін басқарудың цифрлық жүйелерін енгізу де үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Автоматтандыру әртүрлі салаларда жүзеге асырылуы мүмкін:

- оқу процесін жоспарлау;
- оқу қызметін бақылау және талдау;
- мұғалімдердің жүктемесін ескере отырып, кесте құру;
- контингентті, сабаққа қатысуды есепке алу;
- оқушылар мен ата-аналарды хабардар ету және т.б.

Мұндай жүйелерді енгізу ресурстық орталық пен салалық мектептердегі бүкіл оқу үдерісін басқаруды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді. Менеджерлер мен мұғалімдер әдеттегі операциялардан босатылып, жағдай туралы толық талданған ақпаратқа қол жеткізе алады.

Осылайша, жан-жақты цифрландыру ресурстық орталықтардың жұмысын түбегейлі өзгертуі керек – оны заманауи басқару және оқыту технологияларын пайдалануға негізделген транспарентті, интеграцияланған ету керек. Бұл цифрлық экономикадағы білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін өте маңызды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Жалпы білім беру ұйымдарын оқу-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету ресурстық орталықтары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: Республика Білім және ғылым министрінің бұйрығы. Қазақстан 2001 жылғы 17 шілдедегі No 801 // adilet.zan.kz. URL: http://adilet.zan.kz/rus/docs/V01000959_ (кіру күні: 08.01.2024).

2.Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // online.zakon.kz: ақпарат. құқықтық портал. URL мекенжайы: https://online.zakon.kz/document/?doc_id=30332971#pos=0;0.

3.Бектұрова Ж.Қ. Ресурстық орталықтар: олардың ауылдық шағын жинақты мектептердегі білім мазмұнын жаңартудағы рөлі // Қарағанды университетінің хабаршысы. Педагогика сериясы. 2017. No 4. 17-21 б.

4.Қазақстандағы ауыл мектептерінің ресурстық орталықтары / Қ.Құсайынов, Т.Сағынова, С.Қалиев; жалпы астында ред. Сағынова Т. - Алматы: Ұлағат, 2006. – 144 б.

5.Нұрлыбаева М.Б. Ресурстық орталық – ауылдық шағын жинақты мектептің білім сапасын арттырудың үлгісі // Жас ғалым. 2016. No 6. 537-539 б. URL: https://moluch.ru/archive/110/26754/ (кіру күні: 08.01.2024).\.

ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ДАМУ ЗЕРТХАНАСЫ ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Ермекбаева Гүлдана Тлеубаевна
Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы
Е.Шаханов атындағы тірек мектебі (РО) КММ
оқу ісінің меңгерушісі

Қазіргі XXI ғасыр ақпараттық ғасыр, күн санап цифрлық қоғамға ауысып келе жатқанымыз өз алдына. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, оқушылардың өз заманынының талаптарына жауап бере алатын терең білім мен тәрбие алуы, білім деңгейінің халықаралық стандартқа сай болуына жан-жақты үлес қосуымыз қажет.

Шәкіртті бұл деңгейге жеткізу үшін ұстаздың өзі де уақыт талабына сай кәсіби шыңдалу үстінде болатындығы анық.

Қанша уақыт өтсе де, қоғамдық құрылыс өзгерсе де педагог К.Д.Ушинскийдің «Мұғалім - өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқан кезде оның мұғалімдігі де жойылады»,-деген қанатты сөзі біздің осы ойымызды толығымен жеткізіп тұр. Сол себепті мұғалім өзінің пәнінің мазмұнын жете білуімен қоймай, пән мазмұнын игерудің артықшылықтарын көрсету және т.б. әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сол пәнге деген қызығушылықтарын арттырып, жан-жақты жеке тұлға ретінде қалыптасуына мұрындық болуы қажет. Ол үшін мұғалімдер өздерінің ұстаз ретіндегі кәсіби шеберліктерін жетілдіріп, жоспарға сай және жоспардан тыс даму жүйесін құруы қажет. Бұл арада ұстаздың біліктілігін арттыруы, оқу, әдістемелік, ғылыми, әлеуметтік тақырыптар бойынша қосымша ізденіс жұмыстарын жүргізуі, озық педагогикалық іс-тәжірибесін таратуы, үйірме, факультатив сабақтарын ұйымдастыруы олардың маман ретінде өсу динамикасын қалыптастырады. Республика көлемінде өткізілетін семинар-конференциялар, дөңгелек үстелдерге қатысу, әдістемелік тақырыппен жұмыс, кәсіби құзыреттілік, өзара сабаққа қатысу, кәсіби шеберлік сайыстары ұстаздардың даму жоспарының өзегін құрап, білім беру саласындағы бәсекелестіктің қайнар көзі болуы қажет деп санаймыз. Сонымен өз пәнінің мазмұнын жетік игерген, оны оқушыларға оқытудың инновациялық жүйелерін іске асырудың әдіс-тәсілдерін игерген мұғалімдердің заманауи білім дағдыларын игеруі, цифрлық ресурстарды қолдануы, олардың бұл тұрғыда өзара тәжірибе алмасуы және нақты жетістікке қол жеткізе алатын оқушылар тәрбиелеп шығаруы, оқушылардың шығармашылық-әлеуеттік дамуына ықпал етуі қажет. Бұл заманауи, біртұтас білім жүйесін, оқытудың әдістемесін игерген шығармашыл ұстаздың бейнесі деп санаймын. Ағартушы Ыбырай Алтынсарин айтқандай, «Ұстаз – мектептің жүрегі». Ендеше, ұстаздың жан-жақты дамыған, заманауи әдіс-тәсілді меңгерген шығармашыл тұлға болуы білімді, білікті, өз заманының талабына сай жас буынды тәрбиелеп өсіретін мектептердің дамуына үлес қосатындығы анық. Әсіресе, қазіргі таңда шалғай елдімекендерде орналасқан ауыл мектептерінің, ондағы ұстаздардың кәсіби дамуын қалыптастыру үшін перспективалық даму жоспары құрылуы қажет деп санаймыз. Бұндай шалғай өңірдегі мектеп ұстаздарының конференция-семинарларға қатысуы, өзара іс-тәжірибемен бөлісетін шеберлік сыныптарына т.б. қатысуы тиімді ұйымдастырылуы қажет. Сол себепті де «НЗМ», «БИЛ» тәрізді алдыңғы қатарлы мектептермен байланыс орнату қандай маңызды болса, шағын комплектілі мектептер жұмысының жандануына ықпал ету, шалғайда орналасқан елді мекендер, ауыл мектептерімен байланысты нығайту қажет деп ойлаймыз.

Өйткені қазіргі өзгермелі өмір кез келген саланың үздіксіз даму үстінде болуын қажет етеді. Мұғалімдердің шығармашылық ізденісіне мұрындық болу үшін түрлі платформалар арқылы онлайн курстар ұйымдастырылса, мектеп мұғалімдері бұл оқу түріне әрдайым жұмыла кірісетіндігі анық. Мысалы қазіргі мектептерде Lesson Study өткізіледі. Осыған байланысты оқушыларға тілдерді меңгертудің, тілдік құзыреттіліктерін арттырудың, ауызекі және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытудағы және т.б. өзекті мәселелер бойынша мектептегі проблемалы тұстарды анықтау және оны шешуге арналған әдіс-тәсілдерді мектеп мұғалімдерімен бірлесе отырып зерттесе нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймыз. Сол кезде бір мектептің, не бір сыныптың мәселесін шешу қарастырылады.

Ел болашағы зияткерлік әлеуетпен, ғылымның даму деңгейімен, жоғары технологиялармен өлшенетіндігі белгілі. Сол себепті білім беру жүйесі әрдайым қарқынды даму үстінде болып, ұлттық білім берудің үздік дәстүрлерін сақтауға және сонымен бірге білім беру жүйесінің дамуындағы жаһандық тенденцияларды ескеруге, әлемдік нормалар мен стандарттарға сай білім беретін дамудың ерекше инновациялық режиміне өтуі керек. Педагогикадағы инновацияның негізгі бағыттары мен объектілері төмендегідей болып келеді:

- оқу процесінің жаңа үлгілерін жобалау;

- оқытудың жаңа технологияларын қолдану және дамыту;
- педагогикалық кадрларды даярлауды жетілдіру;
- білім беру мен тәрбиелеудің табыстылығын қамтамасыз ету, білім беру үдерісі мен оқушылардың дамуын бақылау;
- жаңа буынның оқулықтары мен оқу-әдістемелік құралдарын әзірлеу.
- инклюзивті білім беруді дамыту. Бұл мәселе төмендегідей нақты қадамдарға сүйене отырып жүргізіледі:

1. ерекше қажеттілігі бар білім алушылармен оқу-тәрбие үдерісін үйлестіру;

4. еліміздегі инкюзивті білім беру жүзеге асырылатын жалпы орта мектептермен байланыс орнату.

Ал ұстаздар тарапынан оқушылардың күнделікті сабақтан өзге қосымша ізденіс жұмыстарын үйлестіруге баса назар аударылуы қажет. Мәселен:

- оқушыларды олимпиадаларға дайындап, қатыстыру сапасын жақсарту;
- мәнерлеп оқу, көркем сөз оқу сайыстарына қатыстыру;
- ғылыми жоба жазуға қалыптастыру арқылы зерттеушілік дағдыларын дамыту;
- оқушыларды сараптамалық, лабораториялық тапсырмаларды орындату арқылы зертханалық жұмыстар жасай білуге қалыптастыру;
- республикалық «Iqanat» олимпиадасы, «Мың бала» олимпиадасы арқылы ауыл оқушыларының білім алуға деген құштарлықтарын арттыру, ауыл балаларының қолжетімді білім алуына мүмкіндіктер туғызу т.б.

Сонымен қазіргі XXI ғасырдағы жаңашылдық ұстаздар жұмысына жаңа леп, жаңа бағыт мен жаңа мақсат-міндеттерді әкеліп отыр. Сондықтан ұстаздардың кәсіби желілік қауымдастығын құру ісі аса өзекті болып саналады. Себебі, цифрлық технологияларды меңгеру, оны тәжірибе жүзінде қолдану ұстаздардың еңбекқорлығы, ізденімпаздығымен қатар, өзара тәжірибе алмасуларына қажеттілік туғызып отыр. Кәсіби желілік қауымдастық қарқынды дамып отырған ақпараттық-коммуникациялық технологиялар әлеуетінің қолданылу аясын кеңейте түспек.

Мұғалімдердің біліктілігін кәсіби қоғамдастық шеңберінде арттыру ісі оларға коучингтер, менторингтер, виртуалды конференциялар, шебер-сыныптар өткізу ісімен ерекшеленеді. Сонымен қатар олимпиадалар, әр түрлі байқаулар өткізу арқылы жаңа білім мен дағдыларды қалыптастыру арқылы оқушылардың тұлғалық болмысын дамытуды көздейді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желі құралдары арқылы мұғалімдер желілік қауымдастықта тығыз бірлікте жұмыс жасап, оқытудың инновациялық педагогикалық технологияларын қолдануды меңгеріп, ақпараттық техникалық құралдармен жұмыс жасауда жақсы жетістіктер көрсетіп жүргені белгілі.

Кәсіби желілік қауымдастықтың жұмысын нығайту арқылы ұстаздар арасында инновациялық идеялар алмасу үдерісі жүзеге асады, оқу процесі барысында кездесетін кедергілер мен кейбір мәселелерді бірлесе анықтап, оны шешудің жолдарын іздестіру мүмкіндігіне ие боламыз және желілік қауымдастықтағы ұстаздар жаңа идеяларды талқылап, өз ұсыныстарын жасауына мұрындық болып, озық идеялар насихатталады.

Осындай мақсаттарды жүзеге асыру барысында біздің тарапымыздан да желілік өзара іс-қимыл жүргізуге бағытталған шаралар ұйымдастырылды.

Желілік өзара іс-қимылдан күтілетін нәтиже:

- мұғалімдердің педагогикалық қауымдастықта жұмыс істеу дағдылары қалыптасады;
- басқа мектептермен жағымды іскерлік қарым-қатынас орнап, бірлескен мектепаралық іс- шаралар жүзеге асады;
- мұғалімдердің құзыреттіліктері артып, мектептердің білім сапасы көтеріледі;
- мұғалімдердің оқытудағы жаңа технологияларды пайдалану іс-тәжірбиесі артады;

• қауымдастық аясында ата-аналар мен оқушылардың қажеттіліктеріне қарай жауап беруге мүмкіндік алады;

Желілік өзара іс-қимыл жұмыстарының басымдықтары:

5. Үздіксіз білім беру жүйесін дамыту арқылы педагогикалық ұжымдарда ұстаздардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру.

6. Мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын дамыту.

7. педагогтардың жұмыс жүйесіне оқыту мен тәрбиелеудің қашықтық әдістерін енгізу.

8. Табысты идеяларды жүзеге асыруда халықаралық тәжірибелерді бағыт-бағдар ретінде ұстану т.б.

Мектебімізде, яғни «Е.Шаханов атындағы тірек мектебінің (РО)» КММ-нен құралған шығармашылық топ мүшелерінің мұғалімдері қазан айының екінші жұлдызында №135 негізгі орта мектебіне барып, «Білім сапасын арттыру, оқушыларды бейіндік және бейіналды даярлау» мақсатын жүзеге асыру аясында өз іс-тәжірибемізбен бөлісіп, шеберлік, зертханалық сабақтар берілді. Атап айтар болсақ, математика пәнінің мұғалімі Г.А.Ермекова 6- сыныпқа «Шеңбердің ұзындығы. Дөңгелектің ауданы» тақырыбында шеберлік сабақ өткізді. Сабақ барысында заманауи технологиялар АКТ қолданылып, түрлі әдіс-тәсілдермен жоғары деңгейде өткізілді.

Химия пәні мұғалімі М.М.Дауылбаева 8-сыныпқа «Химиялық реакция типтері» тақырыбында зертханалық сабақ берді. Сабақ барысында оқушылардың Менделеев элементерімен жасалған зертханалық жұмысқа деген қызығушылықтары артып, сабақ өте жоғары дәрежеде өтті.

Физика пәні мұғалімі Г.И.Жаркенова 8-сыныпқа «Отын энергиясы» тақырыбында сабақ беріп, оқушылар физикалық формула мен лабараториялық жұмыстары өте қызықты болғандықтан оқушы назарын аударта білді.

Биология пәні мұғалімі А.М.Сапаров 8-сыныпқа «Жануарлардың басым типтері мен олардың кластары» тақырыбында шебер сабақ жүргізсе, мектебіміздің психологі Л.Тусупова «Кәсіпті таңдауға қажетті дағдылар» тақырыбында 9-сыныптар арасында психологиялық тренинг өткізді.

Информатика пәні мұғалімі А.Солтанғали 7-сыныпқа «REDX роботы негізіндегі «Арқан тартыс» ойыны сабағында роботтарды жандандырып, оқушыларға робот арқылы ойын ойнауға болатыны таңғаларлық әсер етті. 2-4 сынып оқушылары арасында математикалық сауаттылықтарына байланысты есептер шығарып, оқу сауаттылығын қалыптастыру барысында түрлі әдіс-тәсілдермен жұмыстар жүргізілді.

Осы семинар барысында іс-тәжірибемізді бөлісе отырып, өз ойымызды ортаға салып, тәжірибе алмастық. Жалпы қорытындылай келсек, аталған жұмыстардың қайсысы болмасын өзара серіктестігіміздің басты мақсатына яғни оқушылардың білім сапасын арттыруға, тұлғалық қабілеттерін ашуға, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін көтеруге бағытталады.

«Мұғалім өзінің білімнің үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»,-деп К.Д.Ушинский айтқандай, алдағы уақытта да жалпы мектеп жұмысының жандануы жолында, озық идеялармен іс-тәжірибелерді меңгере отырып, мектебіміздің оқу – тәрбие мазмұнын жақсарту бағытында тынымсыз еңбектеніп, жоғары жетістіктерге қол жеткізетінімізге сенімізміз мол.

Еламан Шаханов атындағы тірек мектебінің ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Г.А.Шотанова педагогигалық шеберхана аясында «Педагогтің зерттеу қызметі: Action research және Lesson Study» тақырыбында workshop өткізді. Мақсаты сабақты зерттеу және іс-әрекетті зерттеу тәсілдерінің негізінде мұғалімдердің кәсіби білімін тереңдету және зерттеу дағдыларын дамыту, зерттеу сұрағын құрастыру, айқындау, зерделеу міндеттерін дағдыландыру болып табылады.

Серіктес мектептерге тікелей трансляция жүргізіліп, Жаңаарқа білім бөлімінің әдіскері Ж.Н. Оңғарова, 135 НОМ, 140 НОМ, Ақтау ЖББМ желіде қатысты. Жұмыс барысында зерттеу сұрағын құрастырып, талдау жұмыстары орындалды. Кейс тапсырмаларын мұғалімдер топта зерделеп, ойларымен бөлісті. Кері байланыс жүргізіліп, алдағы уақытта зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар жасалынды. «Мұғалім бәрін өзгерте алады. Мұғалімде премьер министрдің қолындағыдай билік бар»,-деп У.Черчилль айтқандай workshop ойдағыдай өз мәресіне жетті.

Желілік қауымдастықта өткізілген біріккен жұмыстар ұстаз қауымын бір-біріне сенуге, проблемаларымен бөлісуге, басқалардың пікірімен келісуге, бірігіп зерттеу жұмыстарын жүргізуге, ең өзекті ақпаратты, кәсіби кеңес пен көмек алуға, өзіне сенуге, кәсіби өсуіне ықпал етті. Шынында да, мұғалімдерді оқыта отырып, өзіміз де үйренеміз, үнемі тәжірибе жинақтаймыз, өзімізге баға береміз. Тек мұғалімдердің бірлескен жұмысы, жаңа ойлармен алмасуы оқыту мен оқу тәсілдерінің ықпалын күшейтеді, мұғалімнің кәсіби дамуын жетілдіреді. Болашақта бұл жұмыс әлі де жалғасын табады, себебі, қауымдастық менің және менің әріптестерімнің педагогикалық тәжірибесіне үлкен қолдау мен күш беретіні сөзсіз.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар өз нәтижелерін беруде. Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес біліктілік арттыру курстарынан өтіп, әдіс-тәсілдерді игеруде. Бағалау түрлерін, критерийлер құру, топпен, жұппен жұмыс түрлерін, АКТ-ны пайдалануды, кері байланыс жүргізуді меңгерді. Оқыту мен оқу үдерісімен қатар тәрбие жұмыстарын да талапқа сай ұйымдастыру мақсат етілді.

Жалпы алғанда, білім саласындағы бұл жаңашылдық – әлем дамуының бірден-бір сатысы деп білемін. Осы тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы құзыретті мұғалім өз тәжірибесін жетілдіре түспек. Құзыретті мұғалімнің міндеті оқушының жеке тұлғалық ерекшелігіне мән беру. Жаңартылған білім беру бағдарламасының нәтижесінде- тәуелсіз, ғылымға қызығушылығы оянған, білім алуға бейім, сенімді, жауапты, сын тұрғысынан ойлай алатын, өзгелермен тіл табыса алатын оқушылар болады деп ойлаймын.

Қорыта келгенде, «Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға – мұғалім», – деп бекер айтылмаған. Бала оқыту жүйесінде мұғалімдерге үлкен міндет жүктелетіні айдан анық. Сол міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін міндет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы заңы. - Астана: Елорда, 2007.
2. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 Бұйрығы.
3. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. – Алматы: ЖШС «Дайыр Баспасы», 2010 ж.

МЕКТЕПТЕГІ ЦИФРЛАНДЫРУ: БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕССІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ ҰСЫНЫСТАР. ЦИФРОВИЗАЦИЯ В ШКОЛЕ: ПРАКТИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ВНЕДРЕНИЮ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС. DIGITALIZATION AT SCHOOL: PRACTICAL RECOMMENDATIONS FOR THE INTRODUCTION OF DIGITAL TECHNOLOGIES IN THE EDUCATIONAL PROCESS.

Стамкулова Дана Абдижапаровна
Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасының Байзақ аудандық білім бөлімінің Ғани Мұратбаев атындағы гимназиясы, Жамбыл, Қазақстан
dana.stamkulova@mail.ru

Аннотация: Бұл тақырып мектептердің білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізудің өзекті мәселелерін қарастырады. Қазіргі білім беру тенденциялары мен педагогикалық әдістерді талдау негізінде зерттеу нақты уақыт режимінде оқушылардың білімін бағалау, олардың оқу жетістіктерін қадағалау және мұғалімдер мен оқушылар арасындағы кері байланысты қамтамасыз ету үшін мектептің цифрлық платформасын қалай пайдалануға болатынына назар аударады. Қазіргі білім беруде цифрландыру оқытудың тиімділігі мен сапасына әсер ететін негізгі факторға айналуда. Зерттеу персоналды оқыту, инфрақұрылымды дайындау, білім беру платформаларын таңдау, цифрлық оқу материалдарын жасау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тиімділікті бақылау сияқты аспектілерді қамтитын мектептерге арналған практикалық ұсыныстарды ұсынады. Осы аспектілерді талдау мектептерде заманауи білім беру ортасын дамыта отырып, цифрлық технологияларды сәтті енгізу үшін нақты қадамдарды ұсынуға мүмкіндік береді.

Данная тема рассматривает актуальные вопросы внедрения цифровых технологий в образовательный процесс школ. Основываясь на анализе современных образовательных трендов и педагогических методик, исследование сфокусировано на том, как цифровая платформа школы может быть использована для оценки знаний учащихся в реальном времени, отслеживания их учебных достижений и обратной связи между учителями и ученикам. В современном образовании цифровизация становится ключевым фактором, влияющим на эффективность и качество обучения. В рамках исследования представлены практические рекомендации для школ, охватывающие такие аспекты, как обучение персонала, подготовка инфраструктуры, выбор образовательных платформ, создание цифровых учебных материалов, обеспечение безопасности и мониторинг эффективности. Анализ этих аспектов позволяет предложить конкретные шаги для успешного внедрения цифровых технологий, способствуя развитию современной образовательной среды в школах.

This topic examines the topical issues of the introduction of digital technologies into the educational process of schools. Based on the analysis of modern educational trends and pedagogical techniques, the study focuses on how the school's digital platform can be used to assess students' knowledge in real time, track their academic achievements and feedback between teachers and students. In modern education, digitalization is becoming a key factor affecting the effectiveness and quality of education. The study provides practical recommendations for schools covering such aspects as staff training, infrastructure preparation, selection of educational platforms, creation of digital educational materials, security and performance monitoring. The analysis of these aspects allows us to propose concrete steps for the successful implementation of digital technologies, contributing to the development of a modern educational environment in schools.

Түйін сөздер: цифрлық мектеп, цифрландыру, цифрлық технологиялар, білім беру платформалары, гимназиялық бақыла, автоматтандыру, тиімділік

Қазіргі таңда жаһандық технологиялық революция білім беру үшін жаңа міндеттер жүктеп қана қоймай, оларды шешуге көмектесетін цифрлық технологияларды да ұсынып отыр.

Қазіргі уақытта, цифрлық технологиялар білім берудің ажырамас бөлігіне айналған кезде, мектептер өз қызметін сәтті цифрландыру міндетіне тап болады.

Өркениет дамуының қозғаушы күші цифрлық экономика мен білім болған кезде, дәстүрлі мектептен цифрлық мектепке көшу қажеттілігі туындап отыр. Біз «Цифрлық мектеп» ұғымын, ең алдымен, технологиялық құбылыс емес, педагогикалық құбылыс ретінде қарастыруымыз қажет. Цифрлық мектеп - білім беруді цифрлық трансформациялаудың нәтижесі болмақ.

Гимназияда білім беруді цифрлық трансформациялау жұмыстары 2016 жылдан бастау алып, 2017-2018 оқу жылында «Цифрлық мектеп» жобасы бекітілді. Аталған жоба 2022 жылы Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы тарапынан ресми түрде бекітілген «Білім сапасын қамтамасыз етуде мектеп жұмысын цифрлық трансформациялаудың ұйымдастыру-педагогикалық шарттары» тақырыбындағы тәжірибелік-эксперименттік алаң жұмысына ұласты.

Бұл баяндамада біз білім беру процесіне цифрлық технологияларды енгізу бойынша практикалық ұсыныстарды қарастырамыз.

12 Ағымдағы жағдайды талдау:

Мектептің қолданыстағы инфрақұрылымы мен технологиялық дайындығын бағалау-алғашқы маңызды қадам. Жабдыққа аудит жүргізу, оның техникалық жарамдылығын анықтау, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылардың цифрлық құралдарды пайдалану қажеттіліктерін анықтау қажет.

13 Қызметкерлерді оқыту:

Мұғалімдерді оқыту табысты цифрландыруда шешуші рөл атқарады. Цифрлық технологияларды пайдалану бойынша тұрақты тренингтер мен біліктілікті арттыру курстары мұғалімдерге оқу үдерісіне инновацияларды сенімді енгізуге көмектеседі.

14 Инфрақұрылымды дайындау

Техникалық базаны жаңарту цифрландырудың маңызды аспектісі болып табылады. Мектепті заманауи компьютерлермен, планшеттермен, интерактивті тақталармен және тұрақты интернет байланысымен қамтамасыз ету цифрлық ресурстарды тиімді пайдалануға негіз болады.

15 Білім беру платформалары мен қосымшаларын таңдау:

Білім беру платформалары мен қосымшалары бойынша ең жақсы тәжірибелерді зерттеу және таңдау маңызды кезеңдер болып табылады. Таңдау мектептің білім беру мақсаттарына сәйкес келуі және мұғалімдер мен оқушыларға заманауи, интерактивті құралдарды ұсынуы керек.

16 Цифрлық оқу материалдарын әзірлеу:

Сапалы цифрлық оқу материалдарын жасау тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар педагогикалық талантты да қажет етеді. Мұғалімдер оқу процесін байыту үшін әртүрлі мазмұн пішімдерін пайдалануды қолдауы керек.

17 Қауіпсіздік және құпиялылық:

Цифрлық технологияларды енгізу деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығының қатаң саясатын құруды білдіреді. Оқушылар мен қызметкерлерді киберқауіпсіздік ережелеріне үйрету ықтимал қауіптердің алдын алуға көмектеседі.

18 Мониторинг және бағалау:

Аналитикалық жүйелер, сондай-ақ мұғалімдер мен оқушылардың үнемі кері байланысы цифрлық қабылдаудың тиімділігін бағалауда маңызды рөл атқарады. Тұрақты мониторинг түзетулер енгізуге және тәсілдерді жетілдіруге мүмкіндік береді. [1]

Осы ұсыныстардың ішіндегі 4 ұсынысқа тоқтала кетсек: мен сіздермен біздің мектепте оқушылардың гимназиялық тестілеуін өткізу үшін құрылған гимназияның жеке цифрлық платформасы туралы ақпаратпен бөліскім келеді. Бұл бастама бағалау

процестерін жақсартуға, оқытуды дараландыруға және білім беру процесінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Цифрлық платформаны құрудың негізгі мақсаты гимназиялық бақылау сынамасын автоматтандыру болып табылады. Гимназиялық бақылау сынамасын цифрлық платформа арқылы орындау кезінде, оқушыларға онлайн тесттер тапсыру, жауаптарын көру және нәтижелерін көрсету мүмкіндігі бар. Бұл платформала арқылы мүмкіндіктердің кеңейтілуі мен оқушылардың білім деңгейінің бағалануының жетістіктері бар. Цифрлық платформа арқылы гимназиялық бақылау сынамасын орындау кезінде оқушыларға бірнеше аспекттерде көмек көрсететін және оқу процесін жаңа деңгейге алып кететін мүмкіндіктер бар:

1.Онлайн қолжетімділік.Оқушыларға цифрлық платформа арқылы кез келген уақытта, кез келген жерде тесттерді орындау мүмкіндігі беріледі. Олар интернет арқылы ұсынылатын мазмұнды, сұрауларды және тесттің нәтижелерін оқу мүмкіндігін дайындайды.

2.Жеке пайдаланушы интерфейсі: Цифрлық платформалар оқушыларға жеке жетістіктерге ие болуға мүмкіндік береді. Олардың тестті қанағаттандыру, мазмұнды таңдау, қажетті деректерді және оқушылардың нәтижелерін қарау үшін жеке интерфейс бар.

3.Автоматты бақылау және нәтиже анализі: Цифрлық платформалар арқылы орындалатын тесттердің нәтижелері автоматты түрде өңделеді және бақылайды. Оқушыларға жауаптары және жауаптарының деңгейі жайлы кез келген ақпаратты ұсыну мүмкіндігі бар.

1-сурет. Цифрлық платформаның басты беті

Мектеп платформасының артықшылықтары:

Ашық кодтау. Moodle компаниясы платформа жасау үшін ашық кодтарды пайдалануға мүмкіндік береді. Егер программист HTML, CSS, PHP және Javascript тілдерін білетін болса мектеп платформасын жасау кезінде ашық кодтарды өзгерту арқылы қалағанынша мектептің жеке платформасын өзгертіп, сәндей алады.

Қолжетімді баға. Ашық кодтарды Қазақстан Республикасының аумағындағы хостер сайттарға орналастыруға 10 gb орын, 2 ядролық процессор, 1024 gb ОЗУ хостинг тарифіне әрі доменіне айына 3880 тг кетеді. Білімге салынатын инвестиция үшін бұл өте арзан әрі қолжетімді баға

Жеке сайт. Мектеп платформасы жеке хостингтегі платформа болғандықтан, әрі хостингті өзіміздің жеке доменімізге байланыстырған себепті платформа мектептің жеке сайты деп атауымызға толық негіз бар.

Әдістемелік құралдар. Платформада әдістемелік құралдарды жасауға, әрі сол әдістемелерді интерактивті панельден көрсетіп сабақ өтуге болады.

2-сурет.

Басқару тетігі. Әкімші оқушылар мен мұғалімдерді платформаға енгізіп, жеке кабинетін жасап, тест нәтижелері мен сабақ қорытындыларын тексеріп отырады. (3-сурет)



3-сурет.

Оқушының жеке кабинеті. Оқушылардың жеке логині мен паролі бар, сол логин, паролімен жеке кабинетіне кіреді. Оқушылардың жеке кабинеті болған себепті тест тапсырмаларының нәтижесі мен қорытындылары сол оқушының атынан есептеледі.

Сұрақтар базасы. Сұрақтар базасына көптеген сұрақтарды сақтап, жинақтап, санатқа бөліп қоюға болады. Сол сұрақтардан кез-келген уақытта тест тапсырмаларын жасау қолайлы. (4- сурет)

4-сурет

Тест, тест нәтижесі. Тест тапсырмаларының нәтижелерін, қатемен жұмысын результаты бөлімінен көруге болады. MOODLE-дің ерекшелігі тесттің қорытындыларын

алумен қатар, сол қорытындыларды баспаға шығару үшін Excel құжаты түрінде жүктеп ала-аламыз. (5- сурет)



5-сурет

Мектеп платформасы монитордың кез-келген өлшеміне, сондай ақ ұялы телефондар мен планшеттерге де бейімделген.

Бұл платформа арқылы гимназиялық бақылау сынақтарымен қатар келесі сынақтарды онлайн түрде алу жоспарлануда:

-Білім алушылардың білім жетістіктеріне мониторинг (ББЖМ, МОДО) байқау сынақтарын (4, 9 сыныптар)

-Ұлттық біріңғай тестілеу (ҰБТ) дайындық емтихандары (10-11 сыныптар).

Неліктен цифрлық платформа:

1. Оқытуды даралау: Зерттеулер көрсеткендей (Стернберг, 2017), оқытуды даралау әртүрлі оқу стильдері бар оқушылардың материалды жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

2. Тиімділік және автоматтандыру: Смит пен Джонсонның (2019) пікірінше, электронды платформалар тестілеуді құру мен бағалаудың автоматтандырылған процесін қамтамасыз ету арқылы мұғалімдерге жүктемені азайтады.

3. Жедел кері байланыс: Рослинг (2018) атап өткендей, тестілеуден кейінгі жедел кері байланыс материалды тереңірек түсінуге және оқушылардың белсенді қатысуына ықпал етеді.

Мектептегі цифрландыру-қазіргі білім берудің ажырамас бөлігі. Талдау, оқыту, инфрақұрылымды дайындау, платформаларды таңдау, материалдарды жасау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету және мониторинг бойынша практикалық ұсыныстар мектептерге заманауи және тиімді білім бере отырып, цифрлық технологияларды сәтті енгізуге көмектеседі.[2]

ӘДЕБИЕТ

1. М.И.Надеева, Место и роль цифровых технологии в современном образовании, Казанский педагогический журнал №5, 2019, -С. 14-18

2. Родичева, А. В. Цифровые технологии в современной школе, Молодой ученый. — 2022. — № 4 (399). — С. 365-368.

МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ ҮШІН КӘСІБИ-ЖЕЛІЛІК ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ

Оспанкулов М.З.
Талды ауылының №19 жалпы білім беретін тірек мектебі, Қарқаралы ауданы, Қарағанды облысы, Қазақстан
maks_0810@mail.ru

Аңдатпа: Мақалада мұғалімнің кәсіби дамуы үшін кәсіби-желілік қоғамдастықтың маңызы жайында жазылады.Сонымен бірге мұғалімнің кәсіби дамуы үшін кәсіби-желілік қоғамдастықтар арқылы өткізілетін коучингтер мен психологиялық тренингтердің маңызы туралы айтылады.
В этой статье автор пишет о роли профессионально-сетевого сообщества для професионального развития педагога, о роли коучингов и психологических тренингов, которые проводится через профессионально-сетевые сообщества.
In this article, author writed about the role of professional network communication for professional development of teacher, and the role of coaching and psychological trainings, which is conducted professional network community.
Негізгі сөздер
Кәсіби-желілік қоғамдастық, кәсіби даму
Профессионально-сетевые сообщества, професиональное развитие
Professional network communication, professional development

Жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беру және өміріне жолдама алуына барлық жағдай жасау үшін білім беру ісін әлеументтендірудің маңызы зор. Қазіргі уақытта мектеп реформасына көптеген өзгерістер енгізіліп, мектеп ісінің ішкі-сыртқы жүйесі түгелімен өзгеріп келе жатқаны белгілі.

Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2023 жылдың 1 қыркүйектегі халқына Жолдауында «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз - сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» - деген.[1] Сондықтан білім алушылардың білім сапасының жоғары болуы ұстаздардың нынымсыз еңбегінің жемісі.

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістер әлемдік білім беру жүйесін қайта қарау қажет екендігін паш етті. Қарқынды өзгеріп жатқан әлемде білім саласындағы саясаткерлер үшін де, жалпы мектептер үшін де, соның ішінде мұғалімдер үшін де ең басты, маңызды мәселе болып отырғаны: «XXI ғасырда нені оқыту керек?» және де екіншісі- ол да маңызы жағынан біріншіден еш кем емес: «Мұғалімдер оқушыларды XXI ғасырға қалай дайындайды?» [2, 4-5]

Заманауи қоғамның тіршілігінде желілік қоғамдастықтың маңызы күннен күнге артып отыр. Қазіргі заманғы ұйымдар кәсіби қоғамдастықтың білім және инновациялар алмасу үдерісінде маңызды екендігін атап көрсетуде. Сондықтан мектептер арасындағы ынтымақтастық, мектептерде оқитын білім алушылардың ғана емес, барлық балалардың мүддесі үшін мектептердің «Білім алушылар қоғамдастығына» бірігуі уақыт өткен сайын маңыз алуда.[2, 54-55]

Білім беру саласында білім алушылар үшін білім де, дағдылар да тең дәрежеде маңызды деген ортақ ұстаным қалыптасуда. Заманауи тәсілдің ең негізгі ерекшелігі білім алушылардың алған білімдерін жай ғана иеленіп қоймай, оларды орынды жерде қолдана білуіне басты назар аудару болып табылады, ал XXI ғасырда талап етілетін дағдылардың мәні осында. [2,6-7]

Осы орайда кәсіби қоғамдастық көшбасшыларға, практиктер мен мектептерге жүйеде бар барлық білімге, тәжірибелер мен идеяларға жол ашады. Сондықтан кәсіби қоғамдастықтың жақсы идеяларға кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететіндігі күмән

тудырмайды. Бірақ жүйе көшбасшыларды кәсіби қоғамдастықтың жай ғана тәжірибе алмасуға қарағанда, едәуір іргелі үдерістерді ұсынатындығын атап көрсетеді. Кәсіби-желілік қоғамдастық педагогтерді ынтымақтастырып, жаңа идеялар мен тәжірибелерді шоғырландыру үшін серпінді жағдай жасайды.[3,20-21]

Мектебіміз тірек мектебі болғандықтан маңайымыздағы бекітілген серіктес мектептерге әдістемедік көмек көрсетіп, білім сапасын арттыру мақсатында педагогтердің кәсіби білімдерін жетілдіру үшін жұмыстар жүргізілуде. Осы орайда күзгі, қысқы, көктемгі сессияларда арнайы жоспарға сәйкес шеберлік сабақтары мен білім алушыларға пәндер бойынша модификация кабинеттерінде зертханалық жұмыстар көрсетуден бөлек педагогтердің көшбасшылық қасиеттерін дамыту, бойларына ұлттық құндылықтырды қалыптастыру мақсатында коучингтер мен психологиялық тренингтер ұйымдастырып өткізіледі.

Магниттік мектеп мұғалімдерімен біртұтас команда моделін қалыптастыру және

ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру мақсатында «Тимбилдинг немесе 1+1=5» тренинг өтті. Іскерлік ойында мұғалімдер ортақ іс-әрекет негізінде бірін-бірі қолдау көрсетіп, өзара сенім қалыптастырып, топтық ортақ мақсат пен міндетке қол жеткізуге бағытталған және шамадан тыс эмоционалдық стрессті төмендету, конструктивті қарым-қатынасқа кедергі келтіретін әдеттерді жоюға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Сонымен бірге «Оқытуды басқару және көшбасшылық» тақырыбында коучинг өтті.

Коучингтің мақсаты **:**Көшбасшы, көшбасшылық туралы ұғымын кеңейту, көшбасшылық қасиеттерін аша білу, бүгінгі қоғамдағы көшбасшының рөлін

анықтап, дәріптеу.

Күтілетін нәтиже:

-Көшбасшы ұғымын біледі.

-Көшбасшылық туралы ұғымы кеңейеді, маңызын түсініп, түрлерімен танысады.

-Қоғамдағы көшбасшының рөлін біледі.

Сонымен бірге оқыту мен оқу үдерісін жақсартуда «Сабақты зерттеу» тәсілінің маңызы тақырыбында коучинг өтті.

7-қадам. Білім алушылардың мәтінді зерттеу уақыты бірнеше минутқа, ал кейде бірнеше күнге созылуы мүмкін. Мұғалім сыныпта ортада тұрып, әр білім алушының жауапты рөлі болуын қадағалайды. Топтардың зерттеу жұмысына көмектесе алады.

8-қадам. Топ сыныпқа таныстырылымын жоспарлайды. Олар өздерінің ең маңызды жаңалықтарын көрсетеді. Таныстырылым белсенді және қызықты болуы керек. Сонымен қатар оған топтың барлық мүшелері қатысуы керек

Баяндаушы- оның міндеті өз көзқарасы тұрғысынан немесе өз ойына сүйене отырып, оқиғаның мазмұнын баяндау;

Қуғыншы- мәтіндегі кейіпкерлердің ізін қуып олардың іс әрекеттерінен мінездерінен көз жазбай хабардар болып отырады;

Ізденуші- мәтінге қатысты және онда көтерілген мәселе туралы көптеген ақпарат /кино, көркем әдебиет, әлем әдебиеті, саз өнері, телебағдарламалар тб/;

Сөзтапқыш- мәтіннің тақырыбын, құндылығын, руханилығын ашатын немесе құптайтын афоризмдер мен нақыл сөздерді, мақал мәтелдерді, тұрақты сөз тіркесін, құбылту (троп) мен айшықтау (фигура) түрлерін табу;

Сұрақ құрастырушы- топты сөйлету үшін негізгі оқиғаларды қамтитын немесе әңгіменің жалпы мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады.

Дәнекер- мәтінді онда көтерілген идеяларды немесе оқиғаларды бүгінгі шынайы өмірмен байланыстыру

Сонымен қатар «Лоторея» әдісі де өте тиімді. Мәтінді оқып шығуға оның күрделілік дәрежесіне сәйкес уақыт беріледі. Танысып болған соң, кітапты жабуға нұсқау беріледі немесе мәтінді жинап алу керек.

1. ұяшықтан құралатын кесте қиындысы беріледі.

Бөлек қағазға алдын ала мәтіннен үзінділер жазып ұсынып, қиындыларды бос орынға жапсырады.

Жонданғандай	«қыңқ»	Дос
сүйірленген	арлан	тісі
қара ала төбеті	биіктене	қара көк
садақ оғындай	жота жүні үрпиіп	үлкейді

1. Көксерек ... (жасыл)
2. Семіріп … да болды(сары).
3. Бірде-бір ит мұны … көрмейді(қызыл)
4. Үлкен үйдің … алып соқты. (көк)
5. Ешбір уақытта … етіп ауырсынған дыбысын шығарған емес.(жасыл)
6. Жетілмей келе жатқан … ғана(сары)
7. Көксерек … еді.(көк)
8. Сондықтан бұның
9. бойы … береді.(қызыл)
10. Барлық жүні ... (сары)
11. Атылып келе жатқан … үңілген, ... бір бітімі бар.(қызыл)
12. Талаймын деп ит ұмтылса, … тұрып алады..(көк)

Логикалық біріздiлік жүйесімен толық ой шығуы тиіс. Бұдан мәтінді қалай меңгергендері байқалады

«Тарсия» әдісі – оқушының белсенділігін, пәнге құштарлығын, сыни ойлау қабілетін және ізденімпаздығын арттырады, «жасырынып» жатқан қабілеттерін ашуға көмектеседі,өзіне деген сенімділік пайда болады.Оқушы негізгі ұғымдарды еске сақтайды,білім сапасы жақсара түседі,өз сыныптастарымен диалогқа қатысады,бір-біріне қолдау көрсетеді,топта жұмыс жасай білуге дағдыланады , басқаға сын көзбен қарап,тиімді шешім қабылдауына мүмкіндік алады.Оқытуда топтық, жұптық жұмыстарда қолданылады. Тарсия бағдарламасының көмегімен тіктөртбұрышты және үшбұрышты кеспе қағаздардан тұратын әртүрлі пазлдар жасауға болады. Оның қарапайым түрі 6-15 тапсырмадан, күрделі түрі 22-30 тапсырмадан тұрады.

«Тарсия» әдісі. Мәтін мазмұнына сәйкес қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырады.



Мысалы: Мәтін мазмұнына сәйкес қағаз қиындыларындағы сұрақтар мен жауаптарды үйлестіре отырып, фигура құрастырыңдар.

«Көксерек» әңгімесі бойынша үлгі:

1.Қасқыр іні ненің арасында орналасқан? (Итмұрынды қалың жыныстың)

2.Жазға салымнан бері ескі інді қанша қасқыр келіп мекен етті? (екі)

3.Індердің орта жерінде нелер шайқалып өсіпті?(екі қалың сасыр)

4.Қасқыр інінде қанша күшік жатты?(жеті)

5.Жеті күшіктің нешеуін көздеріне қарап отырып өлтірді?(бесеуін)

6.Кетерде бұның ең кенжесін алып жүріп, енді біреуін не істеді? (тірсегін қиып қалдырды)

«Себеп-салдар айналмасы» – бұл әдіс-тәсілдер арқылы оқушылар тақырып бойынша тек мәселене көтеріп қана қоймай, оны кеңірек ашуға тырысады. Мәселенің өзектілігі мен туындау себебін, өзінің көзқарасы мен шешу жолдарын анықтайды.« Көксерек» әңгімесі бойынша осы әдісті қолдану тәжірибемде тиімді екеніне көзім жетті.

Мәселенің өзектілігі—адамзаттың табиғатқа жасаған қиянаты

Мәселенің туындау себебі — адамдардың қасқырдың апанына шабуылдауы, бөлтіріктерін өлтіруі

Мәселенің салдары—қасқырдың адамдармен қастасуы, кек қайтаруы

Өмірмен байланысы—Джек Лондонның «Ақ азу» әңгімесімен мазмұн ұқсастығы

Мәселеге қатысты пікірлер – адамзаттың табиғатсыз күні жоқ,

Табиғаттың мұны айтуға тілі жоқ.

Мәселені шешу жолдары— табиғатқа қиянат жасамау.

Жалпы мәтінмен жұмыс барысында әдіс қолдану құрылымы мәтінді толық түсінуге бағытталады. Ұсынылған мәтіннен ақпаратты іздеу және түсінік беру қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар артықшылықтары төмендегідей:

- Көтерілген негізгі идеяға назар аударады;
- Мәтіннің маңызды жерлерін тауып оқиды;
- Өз мақсатына жету үшін мәтін мазмұнын қолданады;
- Мәліметтерді айқындай білу қабілеттігі артады;

- Жағдаятқа ерекше назар аударылады;
- Өмірдегі шынайы жағдаймен байланыстырады.

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Б.Ш. Кәтенбаева. Тіл ұстарту жұмыстары бойынша әдістемелік нұсқаулар. Алматы «Рауан» 1988 жыл.
2. Н.А.Оразахынова. Әдебиетті сатылай кешенді талдау //әдістемелік құрал, Алматы, 2012 жыл.
3. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2018 / Компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. Астана, 2016 жыл.
4. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерт теуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.
5. Жалпы орта білім беретін мектептерде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы /әдістемелік нұсқау хат, Астана, 2022 жыл.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ.
ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ.
EFFECTIVE USE OF INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN ENGLISH LANGUAGE TEACHING.

Қойшиева Ақерке Қайратқызы
Педагог – сарапшы
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданы білім бөлімінің Ә.Бөкейхан атындағы
№15 тірек мектеп - лицейі КММ
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Б.Момышұлы ауылы, Қазақстан
E-mail: akerke_koishieva@list.ru

Аннотация: Мақалада ағылшын тілін оқытуда инновациялық технологияларды және заманауи әдістерді тиімді қолдану қарастырылған. Ағылшын тілі сабағында инновациялық технологияның қолдану маңыздылығы жазылады. Инфографика жайлы мәлімет беру және оны қалай қолдану қарастырылады.

Түйінді сөздер: оқушы, мұғалім, білім, заманауи, әдістер, инфографика.

Аннотация: В статье рассматривается эффективное использование инновационных технологий и современных методов в обучении английскому языку. На уроках английского языка фиксируется важность применения инновационных технологий. Речь идет о инфографике и о том, как ее использовать.

Ключевые слова: ученик, учитель, образование, современность, методы, инфографика.

Abstract: The article discusses the effective use of innovative technologies and modern methods in teaching English. The importance of using innovative technologies in English lessons is recorded. Information about infographics and how to use them are considered.
Key words: student, teacher, education, modern, methods, infographics.

Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда. А. Байтұрсынов өзінің «Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «.....Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі-білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім». Ал мұғалім қандай болу керек?

- Оқытудың өзектілігін арттыру.

1. Пән арқылы оқыту.
2. Білімді тәжірибемен байланыстыруға ықпал жасау.
3. Балаларды оқуға дағдылау.
4. Ынтымақтастық қатынас бірлескен оқуды ұйымдастыруға көмектеседі.
5. Инновациялық технологияларды пайдалану.
6. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Білімді оқушы – ертеңгі күннің болашағы, нұры болып саналады. Сондықтан жеке тұлғаның заман талабына сай білімді, тіл меңгерген, дарынды, жан – жақты және щығармашыл болуы шарт болып табылады. Білім шыңынан көрінетін бұл ғасырда оқушылардың дарынды, шығармашыл болуына заманауи әдіс тәсілдердің көмегі мол. Бұдан күтілетін нәтиже – еркін, өзіндік дәлел – уәждерін нанымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір – көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын жеке тұлға қалыптастыру.

Білім беру – бұл жекеленген құбылыс немесе дағды емес, ол оқушылардың оқуға қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктердің біртұтас кешені деп айқындалған.Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа инновациялық әдістер мен оқыту технологияларын қолдану арқылы, дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу– тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Бүгінгі күннің талабына сай білім саласында инновациялық технологиялар мен белсенді оқыту әдістерді қолданудың маңызы зор.

Инновация сөзін қазақтың "тапқырлық", "жаңалық" сөздерімен тең мағынада қолдануға рұқсат етіледі. Ағылшынша Innovation көбіне-көп ғылым техниалық тапқырлық пен жаңалық ашуды көрсетеді. Әрине инновацияның қазіргі мағынасы ауқымды, ол көбінесе адамның рухани белсенділі арқылы әуелде болмаған жаңа жоспарлау, жобалау, техника, мәдениет, сауда, және қоғамдық өмір салтын қалыптастыру, ал, тар мағынада тек жаратылыстану ғылымдары мен өндірістік техникада жаңа тапқырлық ашуды көрсетеді. Инновациялық технологиялардың дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін де уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты білім беруде қолданылатын әдіс–тәсілдер, әдістемелер, технологиялар жаңартылып отырады. Мысал үшін, Ұлыбританияда мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі ол өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, инновациялық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар оқушыларға ғылыми ұйымдарды түсіндіруде және олардың қабылдауын, түсінуін жеңілдетуге мүмкіндік беріп, мұғалімдерге сабақ беруде маңызды құрал болып отыр. Сондықтан оқыту барысында осы технологияларды ойланып қолдануды қажет етеді.

Ағылшын тілін оқытуда оқушыларды қызықтыру мақсатында, ағылшын тілін түрлі инновациялық технологиялар және әдіс – тәсілдер арқылы сабақты меңгерту үшін

мұғалімдер барын салуда. Ағылшын тілін саналы меңгерту, оны өз деңгейінде қажеттілікке айналдыру, бір жылғы мәселе емес, сондықтан ағылшын тілін оқыту ісімен шұғылданатын мамандар арасында туындайтын бір сұрақ: ағылшын тілінде өз ойын ауызша және жазбаша еркін жеткізе алуға қалай үйрету керек? Оқушыны ынталандыру үшін қандай әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданған жөн?

Білім беру саласында түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану басты талап. Мәселе технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе - тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде.

Инновациялық технологиялардың көптігіне, олардың түрі мен әдістерінің сан – салалағына қарамастан, әр технологияның элементтері өзара бір – бірімен байланысып кірігеді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, шетел тілін үйретудегі мұғалімнің негізгі мақсаты әртүрлі әдістерді, технологияларды пайдалана отырып оқушылардың тілін дамыту, сөйлеу, жазу іскерліктерін арттыру. Осы жолда мұғалімнің шығармашылық белсенділігі, іскерлігі үлкен көрініс табады.

Мұғалім сабақтың әр минутын тиімді және дұрыс пайдаланғанда ғана көздеген нәтижеге жетеді. Бұл нәтижеге жету үшін мұғалім тіл дамыту жұмыстарын өз деңгейінде ұйымдастыра білуі керек. Оны қандай тиімді жолдармен жүргізуге болады?

Ағылшын тілі сабағында ойын, сұрақ-жауап, өлең сөздерін толықтыру, суретке қарап мәтін құру, карточкаларды қолдану арқылы ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыруға болады. Кейінгі кезде мультимедиалық, гипермәтіндік, желілік және коммуникациялық ақпараттық технологиялардың пайда болуы шетел тілін тиімді оқыту үшін үлкен мүмкіндіктерге жол ашты. Мультимедиалық технологиялар мәтіндік құжаттарға, графикалық суреттер, дыбыс және бейне- көріністерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Ағылшын тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту, білім-білік дағдыларын қалыптастыру, сөйлеуге деген қызығушылығын, белсенділігін арттыру мақсатында қолданылатын әдістерге төмендегілерді жатқызуға болады:

- Ауызша әдіс;
- Көрнекі әдіс;
- Практикалық әдіс;
- Ойын әдісі;
- Тірек – сызба әдісі.

Осы әдістердің ішінде тірек – сызба әдісі өте жақсы деңгейде дамып келе жатыр. Яғни, оны қазіргі кезде инфографика деп атайды. Инфографика – қабылдау мен түсінуге ыңғайлы болу үшін графика мен мәтінді пайдалана отырып, ақпаратты көрнекі түрде көрсету. Инфографика ақпаратты жылдам және анық жеткізуге, жеңіл түсінуге және оқушылардың назарын аударуға мүмкіндік береді. Инфографика құруға арналған сайттар:

- Canva
- Venngage
- Piktochart
- Easel.ly
- Infogram
- Visme
- Adobe illustrator

Инфографиканы өз тәжірибемде пайдаланып жүрмін. Мысалы ағылшын тілі сабағында 5 сыныпта Абай Құнанбаевтың өмірбаянын тірек – сызба арқылы көрсеткен, бұл оқушыларға өмірбаянды тез меңгеруге көмектесті және үй тапсырмасына танымал жанның өмірбаянын осы тірек – сызба арқылы көрсетіп келу берілді. Оқушылар осылай ағылшын тілінде жеңіл әрі тез берілген тапсырманы меңгеріп орындайды.

Сонымен қатар қазіргі кезде интернет - ресурстарды пайдалануға үлкен мүмкіндік беріп отыр. Сабақта қосымша ретінде түрлі сайттар арқылы балаларды ағылшын тіліне қызығушылығын арттырады. Видеоконфереция ларға, презентацияларға, онлайн тақталарға, конструкторларға, квиз – тесттерге, дидактикалық ойындарға, формативті бағалауға және кері байланысқа арналған түрлі қосымшалар табуға болады. Алайда ғаламтор – оқытудың көмекші техникалық құралы екенін ұмытпауымыз керек және оңтайлы нәтижеге жету үшін сабаққа сауатты түрде біріктіру қажет.

Жалпы ағылшын тілі сабағында инновациялық технологияларды жас ерекшеліктеріне қарай таңдап жұмыс жасалыну керек. Ағылшын тілінде негізгі бес негізгі дағды бар тіл үйренгеннен бастап жасына қарай дами беретін: сөйлеу, айту, оқу, жазу, тыңдау. Ерте жаста тіл үйренуші тек қана тілдік бірліктерді атаса, жыл өте келе сөздерді құрастарып жай сөйлем, жай сөйлемнен құрмалас сөйлемге ауысып отырады. Ағылшын тілін оқытудың негізгі компонентері:

1. Лингвистикалық
2. Әдістемелік
3. Психологиялық

Лингвистикалық компонент : Оқушыларды тіл үйренуге, сөйлеу бірліктері мен тілдік бірліктерді түсіну қағидаттарын қамтыса.

Әдістемелік компонет: Тіл үйреншілердің оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдеріне үйрету жолдарын қарастырады.

Психологиялық компонент: Тілдік дағды, тілдік бірліктерді қалаптастыру үдерістерін қамтиды.

Заманауи әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалану арқылы ағылшын тілін жақсы меңгертуге болатынын байқаймыз. Осы жерде «Сабақ беру – үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» Ж.Аймауытовтың сөзі дәлел. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің білім жүйесінің стратегиялық мақсаты – берген білімді, дағдыларды меңгеретін, бәсекелестік қабілеті мол, шығармашылық бағытта жұмыс істей алатын, ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Оқытудың белсенді әдіс–тәсілдерін қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, ойлау жүйесінің дамуына жағдай жасайды. Бұл тәсіл біріншіден, оқушының білімін жетілдіруге ықпал етсе, екіншіден, оқытудағы пайда болған қиындықтарды талқылауды қарастырады. Мектепте креативті оқу– тәрбиелеу аясын қалыптастыру – оқушыға білім беру уәждемесіне және оларды әр түрлі ғылыми жеке жұмыстарға баулиды.

Қорыта айтқанда, оқыту процесінің нәтижелі болуы оқытушының сабақ беру шеберлігіне, сабағын қызғылықты жүргізіп, зейін қойдыра білуіне, оқушылардың өздігінен білім алуға үйренуіне байланысты. Қандай да болмасын жаңа әдіс–тәсілдер әрбір оқушының өз бетімен оқып үйренуіне сенімін ұялатып, ағылшын тілін жетік меңгеруіне, шығармашылықпен жұмыс істеуіне, қорытынды жасай алуына, бәсекеге қабілетті бола білуіне, сөйлеу мәдениетінің өсуіне ықпал етеді, білім сапасын арттырады. Оқыту технологияларын сабақта қолдану оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймайды, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсерін тигізеді. Жаңа әдіс–тәсілдерді мән–мағыналарына, ерекшеліктеріне қарай таңдап қолдана білсек, балаға білім беруде ұтарымыз анық.Жалпы қорыта айтқанда, оқытудың белсенді әдістерін сабақта тиімді қолдану– баланың танымдық белсенділігін, дарындылығын арттырып, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ағылшын тілі сабағында инновациялық технологияларды қолдану оқушылардың таныдық қызметін жандандыруға, ағылшын тілін үйренуе ынталандыруға, тілдік дағдыларын жақсартуға және дамытуға мүмкіндік береді.

Келешек ұрпағымыздың жан–жақты, терең білімді, яғни интеллектаулды деңгейін жоғары болуына қойылатын талап зор. Сондықтан біз мұғалімдер үнемі біліміміздi

жетілдіріп, ізденіс үстінде болуымыз қажет. Сабағымыздың сапасын арттырып, тиімді әдістер пайдаланып, балаларға жеткілікті білім беруде күш – жігерімізді аямайық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологиялар арқылы болашақ мұғалімдердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыру
2. Бұзаубақова К.Ж. «Жаңа педагогикалық технологиялар» Тараз 2013 ж.
3. Амандықова Г, Мұхтарова Ш, Баймұқанова Б, Бисенғаоиева А « Шет тілін оқыту әдістемесі: оқу құралыю- 2- ші басылым, Астана : Фолиант 2010ж »
4. Оразбаева Ф.Ш. Тіл әлемі: мақалалар, зерттеулер.-Алматы: Ан-Арыс, 2009 – 368 бет
5. Википедия

АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНДЕ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДА ШЖМ ДЕ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Утемисова Маргарита Жаманкуловна
«Жамбыл атындағы жалпы білім беретін бастауыш мектеп»КММ
Бастауыш сынып мұғалімі. Педагог -зерттеуші

Аннотация:Ұстаз! Осынау қастерлі де қасиетті атқа лайық мамандар көп болса, Қазақ елінің болашағы жарқын. Тек, ұлтым деген ұстаздар ғана «қараңғы қазақ көгіне, өрмелеп шығып күн болып» (С.Торайғыров), қазақ баласының санасына білім мен тәрбиенің нәрін құйса ғана келешегіміз кемел. Иә, кәсіби білікті, нағыз ұлтжанды ұстаздар ғана намысшыл ұрпақ, білімді оқушы тәрбиелесе, ол – мемлекетшіл тұлға қалыптастырудың алғышарты.
Бұл баяндама негізінде бірнеше өзекті мәселелр қарастырылды және қазіргі мектептегі ұстаз беп оқушы арасындағы қарым қатынас кемел болашаққа деген дұрыс бағыт - бағдар беру жолдары мен қатар инновациялық технологияларды жетік меңгерілуі қарастырылды.Мұғалімнің шығармашылық ізденістерінен туындаған іс-тәжірибелік еңбегінен шәкірттерінің білім алуына жол салған жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді көруге болады.

Тірек сөздер:Ұлағатты ұстаз, мектеп, рухани жаңғыру, саналы білім, адал ұрпақ, білікті маман, жаңа қоғам мектебі.

Ұстаз болу – жүректің батырлығы,
Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,
Ұстаз болу – мінездің күн шуағы.

Ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры, даңықты қолбасшы Бауыржан Момышұлы: «Ұстаздық – ұлық емес, ұлы қызмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді … . Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» – дегендей өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр сеуіп, өмірде өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп аянбай тер төгетін ұстаздардың жөні әрқашан бөлек.

Жас ұрпақ-ел тірегі ертеніміздің кепілі. Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды, ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған талаппен ұрпақтың алысқа ұшатынын меңзеген.

«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деп білім қызметкерлерінің бірінші құрылтайында сөйлеген сөзінде Елбасы айтқандай ұстаздарды өз Отанын шексіз сүйетін, еліміздің болашығына, оның гүлденуіне аянбай үлес қосатын білімді жеткеншектерді даярлау міндеттері күтіп тұр.

Қазіргі танда біздің Республикада білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігінде енуге батыл қадамдар жасалынуда. Білім берудің мазмұны жаңарып, оларды технологиялық-педагогикалық тұрғыдан жетілдіру қажеттігі туындауда. Білім беру деңгейіндегі озық технологияларды пайдаланудың мақсаты үйрете жүріп, үйрену.

Жоғарыдағы мәселені шешу үшін елімізде бірнеше жоба басталды. Бастапқысы – «Цифрлы Қазақстан». Келешегі бар ауылды елді мекендерді сапалы интернетпен қамтамасыз етуге арналған бағдарламаның жоспарлары қарастырылды. Олар 2020 жылы 1,2 мыңнан астам ауылды кеңжолақты интернетпен қамтуды мақсат етті. Ал бағдарлама сәтімен іске асса, 2025 жылға қарай 4 мыңнан астам ауылдың кеңжолақты интернетке қолы жетеді. Бірлескен жоба нәтижесінде қала мен ауыл мектебі арасындағы айырмашылықты жою – басты мақсаттың бірі. Сонымен бірге бөлінген қаражат есебінен мұғалімдердің біліктілігін арттырып, оқушыларды жан-жақты дайындауға көңіл бөлінеді. Егер бастама жемісін берсе, ауыл мен қаланың ақпараттық, техникалық мүмкіндігі теңеліп, ұстаз бен оқушыға көмек болады. Сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» жобасының байланысын ұмытпау керек. Ауылды, елді мекендерді топтастырып, санын қысқарту шарасы – білім жүйесін көтерудің тұтқасы болуы мүмкін. Сонда кеңжолақты интернетпен қамтамасыз ету, мектеп пен бала саны мәселесін шешуге кішкене болса да септігі тиеді[1].

Бүгінгі кезде жалпы орта білім беретін ШЖМ - жаңа қоғам мектебі, болашақ мектебі, яғни мәдени саналы, халықтық мәдениетке интеграцияланған, жеке бағыттылық, баланың жеке басының дамуына педагогикалық жағдай жасайтын және өзін-өзі тануына көмек көрсететін, физикалық және рухани жағынан экологиялық таза, ізгілендірілген. өмірге, дүниеге тік қарай алатын, қоршаған ортамен жүйелі байланыс түзетін, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жаңа ұрпақ өсіріп, дамытып, жетілдіретін мектеп болуға тиіс.Мектептің дамуы үшін жаңа үлгі, жаңа жобаларқажет. Бұндай жобаларды жасап, жүзеге асыратын әрине мұғалімдер. Осы орайда біздің мектеп ошағында жаңа жобалар жасалып, іске асырылуда.

Инновациялық технологияларды пайдаланудың өзектілігі - ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиеленген, қоршаған ортамен жүйелі байланыс түзетін, білімнің жаңа мазмұнымен байланысқан, әлеуметтік өмірге бейімделген, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптасады; мектептегі білімсапасы артады; оқушылар ғылыми - зертханалық жұмыстар жасауға машықтанады, мұғалімдердің біліктілігі артады.

Сондықтандақазіргі егеменді еліміздің білім беру саласын жаңғырту мақсатында ШЖМ-де инновациялық технологияларды пайдалану аса маңызды болып отыр. Бұл мәселенің маңыздылығы – инновациялық технология арқылы оқушылардың бойындағы дарындылық қасиеттерін жан-жақты ашу, соның нәтижесінде болашақта бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу қазіргі заман талабы болып табылады. Әрбір мұғалім үнемі ізденіс үстінде жүріп қана жаңа технологияларды пайдалану арқылы дарынды оқушылармен жұмыс жасай алады. Сол кезде ғана алдына қойған мақсат-міндетіне жете алады.

Білім беру қызметтерінің сапасын бақылаудың бірыңғайлығы, педагогикалық құрамның деңгейін сапалы арттыру, педагогикалық білім беру стандарттарын жаңғырту, педагогтердің біліктілігін арттыру орталықтарының түбегейлі жаңа желісі, электрондық оқытуды енгізу, қашықтықтан оқыту түрлерінің артуы – осының барлығы және тағы басқалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің айтуынша, білім беру сапасын арттыруға және оның ауылдық және қалалық мектептер арасындағы алшақтықты азайтуға көмектеседі. Мен ауылдық шағын жинақты мектеп оқушысының білім сапасы

қалалық мектепте оқитын оқушының білім сапасынан ерекшеленбеуі тиіс екендігімен келісемін.

Барлық балалар сапалы білім алуға тең құқылы.Білім беру жүйесі уақыттың сын-қатерлеріне жауап беруі, инновацияларды, әлемде туатын жаңа идеяларды сіңіруі тиіс.

Осыған байланысты қазіргі заманғы педагогтың жұмысы оқыту әдіснамасы мен оқыту мазмұнын байыпты қайта қарауға бағытталған.

Бүгінгі таңда бізде заманауи технологиялардың, оқыту әдістерінің алуан түрі бар, бірақ мен өз сөзімде кейс-стади әдісіне тоқталғым келеді.

Білім берудегі кейс-стади әдісі өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында пайда болды. Оны нақты жағдайларды талдау әдісі деп атауға болады. Бұл нақты экономикалық, әлеуметтік және іскерлік жағдайларды сипаттайтын оқыту әдісі.

Кейс-әдістің міндеттері:

Әлеуметтік ұстанымды жандандыру

Қабілетін дамыту

Әлеуметтік өзгерістердің сын-тегеуріндеріне ден қою,

Стандартты емес жағдайда шешім қабылдаңыз,

Басқалардың пікіріне төзімділік,

Келіссөздер жүргізе білу.

Кейс (кейс) материалдарын талдау барысында білім алушылар жағдайды талдап, проблемалардың мәнін түсініп, ықтимал шешімдерді ұсынуы және олардың ішінен ең жақсысын таңдауы тиіс. Істер нақты нақты материалға негізделген немесе нақты жағдайға жақын. Әдістің мәні өте қарапайым: оқытуды ұйымдастыру үшін нақты жағдайлардың сипаттамалары қолданылады (ағылшынша "case" - жағдай). Оқушыларға нақты өмірлік жағдайды түсіну ұсынылады, оның сипаттамасы бір уақытта кез-келген практикалық мәселені ғана емес, сонымен бірге осы мәселені шешу кезінде игерілуі керек белгілі бір білім кешенін де көрсетеді. Сонымен қатар, мәселенің өзі біржақты шешімдерге ие емес.

Кейс-әдісті қолданудың артықшылықтарының арасында төмендегілер ерекшеленеді:

Оқушылар өз қабілеттерін жүзеге асырып қана қоймай, оларды дамытады.

Теориялық оқыту мен практикалық дағдылардың оңтайлы үйлесімі.

Бұл әдіс оқушының өмірде кездесетін нақты проблемасын модельдеуге мүмкіндік береді.

Дағдарыс жағдайында проблемаларды шешу, мінез-құлық дағдыларын дамытады.

Алайда, осы әдісті қолданумен байланысты тәуекелдерді атап өтуге болмайды, олардың арасында

Кейстермен жұмыс оқушылардың білімін бағалаудың бес балдық жүйесіне нашар бейімделген (ол аралық жұмыс үшін балл жинауға мүмкіндік бермейді).

Білім беру пікірталасын "өмір туралы"әңгімеге ауыстыру. Кейс-әдісті шамадан тыс пайдалану ұқсас мәселелерді шешуге стереотиптік, біржақты көзқарасты қалыптастыруы мүмкін (теориялық "толтырусыз" тәжірибенің мәні аз).

Кейс-әдіс оқытушының ойлау тәсілі, оның өзгеше ойлауға және әрекет етуге, шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін ерекше парадигмасы ретінде көрінеді. Бұған оқу процесін кең демократияландыру және жаңғырту, оқытушыларды босату, оларда прогрессивті ойлау стилін, этика мен педагогикалық іс-әрекеттің мотивациясын қалыптастыру ықпал етеді.

Іс-әрекеттегі әрекеттер сипаттамада берілген, содан кейін оларды түсіну қажет (салдары, тиімділігі) немесе мәселені шешу әдісі ретінде ұсынылуы керек. Бірақ кез-келген жағдайда практикалық іс-қимыл моделін жасау студенттердің кәсіби қасиеттерін қалыптастырудың тиімді құралы болып көрінеді.

Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалануоқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше.Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызуғушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады.. Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шыңдай түседі.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жанаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе . Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойынымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан алдыма мынадай мақсаттар қойдым.

– жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

– жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;

– жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру;

– біздің еліміздегі жинақталған ақпараттық ресурстарға жедел ену;

– мультимедиялық электрондық оқулықтарды пайдалану.

– отандық білім беру жүйелерін біртұтас әлемдік ақпараттық білімдік кеңістікке ену арқылы сабақтастыру және т.б.

Қазіргі кезде жұртшылық арасында XXI ғасырда білімнің жоғары сапалы және әділ болуына ықпал ету үшін білім беру жүйесінде реформа жүргізу қажеттігі туралы ортақ пікір туындап отыр. Сонымен қатар, көптеген елдер сын тұрғысынан ойлауды, қиялды, мәдениетаралық және әлемдік сананы, шығармашылық тәсілдер мен азаматтық борышты дамытуды қоса алғанда, бай білім мен көптеген дағдылардың қалыптасуына қолдау көрсетуге тырысуда. Дегенмен, мектептер деңгейінде оқыту тиімділігін арттырып, оқушылардың білімін тереңдетуге мүмкіндік болғанда ғана, стратегиялар табысты болатыны көпшілікке мәлім. Мақсатымыз әр балаға жоғары сапалы білім беру болу керек. Мұғалімдер оқу жоспарына негізделген, оқушылардың қажеттіліктері ескерілген белгілі бір стратегияларды қолдана алса, оқушылардың білім сапасы арта түседі

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy

2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. — Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010.

3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Инновациялар меноқу – білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына», 27 мамыр, 2017

4.http://bigox.kz/zhalpy-bilim-beretin-mektepterde-kasibi-bagdar-beruzhumystarynyn-bagyt-bagdary/

5.Кәсіптік бағдар беру проблемалары [Текст] / С.Ғ.Құрымбаев,А.М.Әшімбекова//Орталық Қазақстандағы жоғары педагогикалық білімнің дамуытарихы міндеттері келешегі ҚР Білім беру саласына еңбегі сіңген қызметкері проф. С.Қ Досмағамбетовтың 85 жасқа толуына арналған ғылыми-практикалыкконференция материалдары. 24 қазан. – Қарағанды. – 2013. – С. 280-281 б.

APPLICATION OF THE PROJECT METHOD IN THE ENGLISH CLASSES AS A WAY TO DEVELOP SOFT SKILLS (ON THE EXAMPLE OF USING A PROJECT PLAN DESIGNED BY GET INVOLVED COURSE OF ENGLISH LANGUAGE)

Karpayeva Gulnara
Teacher Of English Language Of Secondary School № 2 Of Zhelezin Region Education Department, Pavlodar District Office Of Education.
AEKA84@MAIL.RU

Abstract: the article discusses the use of the project method in English lessons and the formation of soft skills through its implementation in the lessons. The main aims of implementing the project method in foreign language lessons are to stimulate students to independently search for information and acquire knowledge, establish links with each other to achieve results, develop communication and critical thinking. The purpose of the study is to analyze the specifics of the implementation of the method in a secondary school. Its realization poses the following tasks: analysis of soft skills terminology, identification of features of the method application within the framework of a standard lesson, collection and analysis of problems arising during the implementation of the project method. The article also provides examples of using the project method in foreign language lessons in the example of the Get Involved Method (A2 on the CEFR scale) by Gill Holly and Kate Pickering. In conclusion, recommendations are given on overcoming difficulties in implementing the project method in foreign language lessons at school and on the implementation of the project method based on the results of testing the materials of the Get Involved Method.
Key words: project method, soft skills, critical thinking, communication, English classes, secondary school

Introduction

Research conducted by sociologists and HR companies shows that not only professional skills are important for employers, but also additional knowledge and skills that cannot be obtained at school, institute or university: creativity, responsibility, communication skills of a potential employee, developed emotional intelligence and others. They are called “soft skills”. The relevance of the research topic is due to the need to develop soft skills in the current market situation, which is determined by the requests of employers. Employers place high demands not only on the level of education of potential personnel, but also on their cognitive and emotional-social skills, including the ability to achieve goals, effectively cooperate with other people and manage their emotions. A set of the above skills allows you to successfully cope with the most difficult problems of the XXI century and find non-standard ways to solve them. Thus, human capital determines the economic and social stability of the country. The purpose of the study is to analyze the specifics of the implementation of the method in a secondary school. Its implementation poses the following tasks: analysis of soft skills terminology, identification of features of the method application within the framework of a standard lesson, collection and analysis of problems arising during the implementation of the project method.

Along with the development of subject skills, schoolchildren during their studies should also master a fairly extensive list of meta-subject skills, which include interdisciplinary concepts and universal educational actions (regulatory, cognitive, communicative) mastered by students, use in educational, cognitive and social practice, independence in planning and implementing educational activities and organizing educational cooperation with teachers and peers, building an individual educational trajectory [1].

Here is a list of skills that are supposed to be mastered within the framework of school education:

1. the ability to independently determine the goals of their learning, set and formulate new tasks for themselves in learning and cognitive activity, develop the motives and interests of their cognitive activity;

2. the ability to independently plan ways to achieve goals, including alternative ones, consciously choose the most effective ways to solve educational and cognitive tasks;

3. the ability to correlate their actions with the planned results, to monitor their activities in the process of achieving results, to determine ways of acting within the proposed conditions and requirements, to adjust their actions in accordance with the changing situation;

4. the ability to assess the correctness of the implementation of the educational task, their own solutions;

5. knowledge of the basics of self-control, self-assessment, decision-making and making informed choices in educational and cognitive activities;

6. the ability to define concepts, create generalizations, establish analogies, classify, independently choose the grounds and criteria for classification, establish causal relationships, build logical reasoning, inference (inductive, deductive and by analogy) and draw conclusions that we can observe in the process of teaching grammar;

7. the ability to create, apply and transform signs and symbols, models and schemes for solving educational and cognitive tasks;

8. semantic reading;

9. the ability to organize educational cooperation and joint activities with teachers and peers; to work individually and in a group: to find a common solution and resolve conflicts based on the coordination of positions and taking into account interests; to formulate, argue and defend their opinions, an example is teaching dialogue communication;

10. the ability to consciously use speech means in accordance with the task of communication to express their feelings, thoughts and needs; planning and regulation of their activities; possession of oral and written speech, monologue contextual speech;

11. formation and development of competence in the use of information and communication technologies;

12. formation and development of ecological thinking, the ability to apply it in cognitive, communicative, social practice and professional orientation.

All of the above is part of one general concept of soft skills.

The World Economic Forum identified four competences that can equip today's students to succeed. The skills of collaboration, creativity, communication and critical thinking provide the foundations to be able to adapt and thrive in our changing world. In addition to the 4Cs, social and emotional competences are essential to students' development. [2] Different scientists have studied the problems of "soft" skills at different times, and currently there are many different classifications of soft skills, which can be divided into four main areas:

– basic communication skills that help develop relationships with people, maintain a conversation, and effectively behave in critical situations when communicating with others;

– self-management (self-management) skills: they help to effectively control their condition, time, and processes;

– effective thinking skills: managing processes in the head that help make life and work more systematic;

– management skills that people need at the stage when they become managers of any business processes and entrepreneurs.

Consider the soft skills of students in relation to the subject of English language and define the following:

– ability to analyze, synthesize and evaluate materials in English;

– respect for representatives of other cultures, ability to work in a multicultural environment;

– the ability to organize your time and self-discipline necessary for self-improvement of the language

– the ability to form your point of view on a particular problem and express it in English;

– studying materials and solving problems written in English;

– willingness to experiment, desire to solve new communicative tasks related to learning English;

– the ability to navigate English-language digital content and use software with an English interface.

There are general rules for the development of soft skills:

– take an example from those who have well-developed soft skills;

– develop the ability to find the right way out in conflict and stressful situations, i.e. flexibility, calmness, the ability to find compromises;

– engage in hobbies and creative pursuits, as well as sports;

– music and drawing develop both hemispheres of the brain and give impetus to all intellectual competencies;

– develop logical thinking.

All this can be successfully done within the framework of project work in a team, which allows a student to develop social, leadership and intellectual competencies. The project makes it possible to live a real job in a team where there is a leader, specialists, communicator, innovator and other roles. At each stage of project development, various types of competencies are trained: role allocation (leadership), discussion (social competencies), research (intellectual competencies), project presentation (social competencies). The project method is a comprehensive teaching method that allows you to individualize the learning process, gives the student the opportunity to exercise independence in planning, organizing and controlling their activities.

Materials and methods

The study was conducted in “Secondary school #2” of Zhelezin region education department, Pavlodar district office of education in 7th grade.

To implement the project, we have taken an educational and methodological kit Get involved (A2), which already includes a Project unit, which is an integral part of teaching English within this methodology. Get Involved! is a highly flexible course designed to support a teacher in a variety of teaching and learning scenarios – in the classroom, on the go and in remote learning environments [2].

After completing each unit, students will have to complete project work. Each unit of the project consists of several steps, which are usually performed in 1-2 lessons in school conditions and are the logical conclusion of the topic, allowing to generalize and find practical application of the mastered skills.

As part of our research, we have organized project work on the topic School Life with 7th grade students based on the unit 1 project from Get Involved student book A2 [3]. The goal of the project is to create an ideal timetable for the school. At the preparatory stage of the project, all students were given the task to answer a question “What is an ideal school?” and make a list of ideas for an ideal schedule. As a reference material, the students summarized the studied information from the studentbook, as well as offered their own ideas. At the first step of the project, students also get acquainted with video materials and tools for carrying out project work.

At the second step of the project, students work in groups where they master their collaboration and communication skills. The result of joint work is a compiled list of ideas of an ideal timetable for school.

The third stage of the project involves creating a schedule using the ideas received from working in groups. At the fourth stage, students from different groups present their projects of an ideal timetable. at the end of the presentations, everyone chooses the best option and the project ends with a final reflection.

Results

As a result of the organization and implementation of the project work , the following advantages were identified:

– all students, regardless of their level of language proficiency and preparation, participated in the project;

– the tasks of the project allowed us to pay attention once again to the vocabulary recycling;

– positive changes in group dynamics were noted;

Along with advantages, the following problems were identified:

– under the time constraints of the lesson and the curriculum, it is impossible to organize large-scale project work;

– there is always a problem of division into groups due to the well-established friendly ties between students, as well as different levels of abilities in order to maintain a positive microclimate in the group and there is mutual assistance and support;

Conclusion

In modern trends, the level of development of soft skills is of primary importance than narrow technical (technological) skills of hard skills. Professional skills are important, but those personal qualities that allow us to be disciplined, responsible, a leader, have strategic and multitasking thinking, initiative, organizational skills and much more, these qualities will help students achieve the most effective results in the educational process and further work. If we, as teachers, develop soft skills in children, it will be easier for them to communicate, learn, and exist in society.

One of the most suitable methods for the development of soft skills is the project method, which allows you to take into account almost all the nuances of the formation of such skills and work comprehensively on the development of meta-subject skills. In the article we tried to display the results of the practical application of the project method implemented on the basis of the methodical kit Get Involved.

REFERENCES

1. internet resource: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017669
2. Gill Holly, Kate Pickering. Get Involved! Digital Student’s Book A2/ Macmillan Education Limited, 2021
3. Ursula Mallows. Get Involved! Teacher’s Book A2/ Macmillan Education Limited, 2021

«МҰҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН AI-КӨМЕКШІЛЕР: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҚАЛАЙ ЖЕҢІЛДЕТЕДІ»
«AI ПОМОЩНИКИ ДЛЯ УЧИТЕЛЯ: КАК ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ МОЖЕТ ОБЛЕГЧИТЬ УЧЕБНЫЙ ПРОЦЕСС»
«AI ASSISTANTS FOR THE TEACHER: HOW ARTIFICIAL INTELLIGENCE CAN FACILITATE THE LEARNING PROCESS»

Жолтайұлы Қуандық
«Талшық орта мектебі» КММ
СҚО, Ақжар ауданы, Талшық а, Қазақстан
kzholtay@gmail.com

Аннотация: Бұл мақалада білім беру процесін жеңілдету үшін мұғалімдерге AI көмекшілерін пайдалану талқыланады. Жасанды интеллект (AI) білім беруді жақсартуға және мұғалімдерге жұмыста көмектесуге жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мақалада білім беру ұйымдарында AI көмекшілерін пайдаланудың негізгі принциптері мен мысалдарына шолу жасалады

Түйін сөздер: AI көмекшілер, оқу процесі, жасанды интеллект, білім беру, мұғалімдер

Жасанды интеллект қазіргі білім беру үдерісінде барған сайын маңызды рөл атқара бастады. AI көмекшілері оқу процесін оңтайландыру және мұғалімдерге қолдау көрсету үшін мүмкіндіктердің кең ауқымын ұсынады. Бұл мақалада біз жасанды интеллект мұғалімдердің жұмысын жеңілдетіп, білім сапасын қалай арттыратынын қарастырамыз.

Сондай-ақ жасанды интеллект оқытуды жекелендіруге көмектесе алады, мұғалімдерге әр оқушы үшін жекелендірілген оқу материалдарын әзірлеуге мүмкіндік береді. Бұл оқу процесінің тиімділігін арттырады және білім алушылардың жақсы нәтижелерге жетуіне көмектеседі.

Білім беруде жасанды интеллектті қолданудың тағы бір артықшылығы – деректерді талдауды жүргізу мүмкіндігі. AI жүйелері үлкен көлемдегі ақпаратты өңдей алады және тенденцияларды анықтай алады, бұл мұғалімдерге оқыту әдістерін бейімдеуге және жақсы білім беруге көмектеседі.

Жалпы, жасанды интеллект білім беруді және заманауи оқу процесін жақсарту үшін орасан зор әлеуетке ие. Бұл мұғалімдердің жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді, оқытуды жекелендіреді және білім сапасын арттырады.

Бұл зерттеуді жүргізу үшін білім беру саласында AI көмекшілерін пайдалануды егжей-тегжейлі сипаттайтын кең ауқымды ғылыми көздерге мұқият талдау жасалды. Бұл талдау қазіргі зерттеулерді, жарияланымдарды және әртүрлі оқу орындарында AI көмекшілерін пайдалану тәжірибесін зерттеуді қамтиды. Бұл тәсіл бізге білім беру процесін жақсарту үшін AI көмекшілерін пайдаланудың мүмкіндіктері мен артықшылықтары туралы толық түсінік алуға мүмкіндік берді.

Талдау нәтижесінде білім беруде AI көмекшілерін пайдаланудың негізгі принциптері мен мысалдары анықталды. Оқу процесіне AI көмекшілерін енгізу білім беруді айтарлықтай жақсартуға болатыны анықталды. AI көмекшілері мұғалімдерге сабақтарды ұйымдастыруға, тапсырмаларды тексеруге және оқу нәтижелерін талдауға көмектесе алады. Олар студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделе алады және оқытудың жеке көзқарасын ұсына алады. Сондай-ақ AI көмекшілері оқытуды жекелендіруге көмектесе алады, бұл мұғалімдерге әр оқушы үшін жекелендірілген оқу материалдарын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Дегенмен, білім беруде AI көмекшілерін сәтті пайдалану үшін бірнеше факторларды ескеру қажет. Ең алдымен, мұғалімдер AI көмекшілерін пайдалануға дайын және тиісті дағдыларға ие болуы керек. Бұл техникалық және педагогикалық аспектілерді қамтитын тиісті оқыту мен білім беруді талап етеді. Бұған қоса, студенттер деректерінің қауіпсіздігін және олардың жеке ақпаратын қорғауды қамтамасыз ету үшін AI-ның білім берудегі этикалық және құпиялылық салдары қарастырылуы керек.

Зерттеу сонымен қатар AI көмекшілерін оқу процесінде пайдалану білім беру тиімділігінің айтарлықтай артуына әкелетінін көрсетті. AI көмекшілері көптеген күнделікті тапсырмаларды автоматтандырып, мұғалімдердің студенттермен жақсы қарым-қатынас жасау үшін уақытын босатады.

Олар сондай-ақ әрбір оқушының ерекшеліктерін ескере отырып, оларға жақсы нәтижелерге қол жеткізуге көмектесетін оқуға жекелендірілген тәсіл ұсына алады.

Осылайша, білім беруде AI көмекшілерін пайдалану оқу процесін жақсарту және мұғалімдерге қолдау көрсету үшін орасан зор әлеуетке ие. Дегенмен, бұл әлеуетті толық іске асыру үшін AI технологияларын зерттеу мен дамытуды жалғастыру, сондай-ақ оларды қолдануда мұғалімдерге тиісті дайындық пен қолдау көрсету қажет.

Зерттеу көрсеткендей, AI көмекшілерін оқу процесінде пайдалану білім берудің тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. AI көмекшілері бұрын мұғалімдер тарапынан айтарлықтай күш-жігерді қажет ететін көптеген тапсырмаларды автоматтандыра алады. Олар сондай-ақ оқуға жеке көзқарасты ұсына отырып, студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, AI көмекшілері студенттерге кез келген уақытта, кез келген жерде қол жеткізе алатын білім беру ресурстарының кең ауқымын ұсына алады. Бұл сыныптан

тыс уақытта білім алуға және әр студентке бейімделген материалдарға бойлауға мүмкіндік береді. Мысалы, AI көмекшілері интерактивті сабақтарды, бейне оқулықтарды, онлайн сынақтарды және студенттерге тақырыпты өз қарқыны мен уақытында меңгеруге мүмкіндік беретін басқа да оқу материалдарын ұсына алады.

Сонымен қатар, AI көмекшілері студенттерге қиын сұрақтарды жеңуге және дағдыларын жақсартуға көмектесу үшін дереу кері байланыс пен кеңестер бере алады. Олар оқушылардың жауаптарын талдай алады және материалды жақсырақ түсінуге көмектесу үшін қосымша жаттығулар немесе түсініктемелер ұсына алады. Бұл студенттерге жеке қолдау мен көмек алуға мүмкіндік береді, бұл әсіресе белгілі бір салаларда күресетіндер үшін пайдалы.

Жалпы, білім беруде AI көмекшілерін пайдалану студенттерге үлкен мүмкіндіктер беріп, жақсы оқу нәтижелеріне қол жеткізуге көмектеседі. Олар мұғалімдерге сабақты тиімдірек ұйымдастыруға, оқу нәтижелерін талдауға және әр оқушының қажеттіліктеріне сәйкес оқытуға мүмкіндік беретін құнды құрал бола алады. AI көмекшілерінің арқасында білім беру процесі студенттер үшін интерактивті және тартымды бола түседі, бұл олардың белсенді қатысуына және оқуға деген ынтасының артуына ықпал етеді.

Дегенмен, білім беруде AI көмекшілерін сәтті енгізу мұғалімдер үшін тиісті дайындық пен білім беруді қажет ететінін ескеру қажет. Мұғалімдер жаңа технологияларды қолдануға дайын және AI жүйелерімен жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларға ие болуы керек. Сондықтан мұғалімдерге АИ көмекшілерімен жұмыс істеудің техникалық және педагогикалық аспектілерін меңгеруге көмектесетін арнайы курстар мен тренингтерден өту мүмкіндігін беру маңызды. Сондай-ақ мұғалімдерге AI көмекшілерін өз тәжірибесіне тиімді кіріктіруі үшін оларға қолжетімділік пен қолдауды қамтамасыз ету қажет.

Білім беруде AI көмекшілерін пайдалану қазіргі педагогиканың негізгі тенденцияларының бірі болып табылады. Олар оқу процесін оңтайландыруға және білім сапасын арттыруға кең мүмкіндіктер ұсынады. Дегенмен, максималды тиімділікке қол жеткізу және AI көмекшілерін оқу орындарында сәтті енгізу үшін бірқатар факторларды ескеру қажет.

Біріншіден, AI көмекшілерін сәтті пайдалану мұғалімдерден тиісті дайындық пен білім беруді талап етеді. Мұғалімдер AI жүйелерімен жұмыс істеудің техникалық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар білім беруде жасанды интеллект күшін жақсы пайдаланатын принциптер мен әдістерді түсінуі керек. АИ ассистенттерімен жұмыс істеу ерекшеліктерін ескеретін біліктілікті арттыру және оқыту бағдарламаларын әзірлеу мұғалімдерді заманауи білім беру үдерісіне дайындаудың құрамдас бөлігіне айналуда.

Сонымен қатар, білім беруде AI көмекшілерін пайдалану кезінде этикалық ойларды ескеру қажет. Студенттердің деректерінің қауіпсіздігін және олардың жеке мәліметтерін қорғауды қамтамасыз ету маңызды. AI жүйелері жоғары құпиялылық стандарттарына сай болуы және деректерді қауіпсіз сақтау мен өңдеуді қамтамасыз етуі керек. Мұғалімдер мен оқу орындары білім беруде AI көмекшілерін пайдалануды реттейтін ережелер мен ережелерді білуі және сақтауы керек.

AI көмекшілерін пайдаланудың маңызды аспектісі олардың студенттердің жеке қажеттіліктеріне бейімделу қабілеті болып табылады. AI жүйелері оқу деректерін автоматты түрде талдап, жекелендірілген оқу тәжірибесін ұсына алады. Бұл мұғалімдерге әрбір оқушының жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу материалдарын әзірлеуге мүмкіндік береді және оқу үдерісінің тиімді әрі тиімді өтуін қамтамасыз етеді.

AI көмекшілерін пайдалану сонымен қатар деректерді талдау және оқу нәтижелерін бағалау үшін инновациялық мүмкіндіктер ұсынады. AI жүйелері үлкен көлемдегі ақпаратты өңдей алады және тенденцияларды анықтай алады, бұл мұғалімдерге әрбір оқушының оқу жетістіктері мен үлгерімін талдауға және бағалауға көмектеседі. Бұл талдау мұғалімдерге оқыту әдістерін бейімдеуге және жақсырақ, бағытталған білім беруге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, білім беруде AI көмекшілерін пайдалану оқу процесін жақсарту және мұғалімдерге қолдау көрсету үшін үлкен әлеуетке ие. Дегенмен, бұл әлеуетті толық іске асыру үшін AI технологияларын зерттеу мен дамытуды жалғастыру, сондай-ақ оларды қолдануда мұғалімдерге тиісті дайындық пен қолдау көрсету қажет. Білім берушілердің, әзірлеушілердің және білім беру мекемелерінің бірлескен күш-жігері арқылы ғана ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және AI көмекшілерін білімді жақсарту үшін тиімді пайдалануға болады.

AI көмекшілері оқу процесін жақсарту және мұғалімдерге қолдау көрсету үшін орасан зор әлеуеті бар қуатты құрал болып табылады. Олар сабақтарды ұйымдастыруды айтарлықтай жеңілдетеді, тапсырмаларды тексеруге және оқу нәтижелерін талдауға көмектеседі. Дегенмен, AI көмекшілерін тиімді пайдалану үшін мұғалімдерді дұрыс оқыту және оқыту қажет.

AI көмекшілері оқу процесін оңтайландыру және оның сапасын жақсарту үшін мүмкіндіктердің кең спектрін ұсынады. Олар күнделікті тапсырмаларды автоматтандырып, мұғалімдердің студенттермен тығыз қарым-қатынаста болу уақытын босатады. Сонымен қатар, AI көмекшілері оқытуға жеке көзқарасты ұсына отырып, әрбір студенттің жеке қажеттіліктері мен білім деңгейіне бейімделе алады. Бұл мұғалімдерге әр оқушы үшін оңтайландырылған оқу материалдарын әзірлеуге мүмкіндік береді және тиімдірек және тиімді білім беру тәжірибесін қамтамасыз етеді.

Оқу процесінде AI көмекшілерін пайдалану білім беру нәтижелерін талдау мен бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. AI көмекшілері үлкен көлемдегі деректерді өңдеп, трендтерді анықтай алады, бұл мұғалімдерге оқыту әдістерін бейімдеуге және жақсырақ, мақсатты білім беруге көмектеседі. AI көмекшілерімен мұғалімдерде оқушылардың үлгерімін талдау және қосымша назар аударуды қажет ететін аймақтарды анықтау үшін қосымша құралдар бар.

Дегенмен, білім беру ұйымдарында AI көмекшілерін сәтті енгізу үшін бірқатар факторларды ескеру қажет. Ең алдымен мұғалімдер жаңа технологияларды қолдануға дайын болуы және АИ жүйелерімен жұмыс істеу үшін қажетті дағдыларға ие болуы керек. Бұл техникалық және педагогикалық аспектілерді қоса алғанда, тиісті дайындық пен дайындықты талап етеді. Мұғалімдерге АИ көмекшілерімен жұмыс істеудің техникалық және әдістемелік ерекшеліктерін меңгеруге көмектесетін арнайы курстар мен тренингтерден өту мүмкіндігін беру маңызды.

Бұған қоса, AI-ның білім берудегі этикалық және құпиялылық салдары қарастырылуы керек. Студенттердің деректерінің қауіпсіздігін және олардың жеке мәліметтерін қорғауды қамтамасыз ету маңызды. AI жүйелері жоғары құпиялылық стандарттарына сай болуы және деректерді қауіпсіз сақтау мен өңдеуді қамтамасыз етуі керек. Мұғалімдер мен оқу орындары білім беруде AI көмекшілерін пайдалануды реттейтін ережелер мен ережелерді білуі және сақтауы керек.

Қорытындылай келе, AI көмекшілері оқу үдерісін жақсартуға және мұғалімдерге қолдау көрсетуге арналған қуатты құрал болып табылады. Олар білім беру тиімділігін айтарлықтай жақсарта алады, оқытуды жекелендіреді және әртүрлі білім беру ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Дегенмен, білім берудегі AI ассистенттерінің әлеуетін толық іске асыру үшін AI технологияларын зерттеу мен дамытуды жалғастыру, сондай-ақ мұғалімдерді оларды пайдалануда оқыту және қолдау көрсету қажет. Тәрбиешілердің, әзірлеушілердің және білім беру мекемелерінің бірлескен күш-жігері арқылы ғана ең жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және барлық студенттерге сапалы білім беруді қамтамасыз етуге болады

ӘДЕБИЕТ

1. Smith, J. (2020). AI-помощники для учителя: преимущества и вызовы. Журнал образовательных исследований, 25(2), 45-60.

2. Johnson, M. (2019). Применение искусственного интеллекта в образовании: обзор и перспективы. Международный журнал образования и развития, 10(3), 112-130.
3. Johnson, A., & Brown, E. (2019). AI-обучение: улучшение образовательного опыта. Международный журнал искусственного интеллекта в образовании, 12(3), 78-95.
4. Brown, A. (2018). Персонализированное обучение с использованием AI-помощников. Всемирная конференция по инновациям в образовании, 102-115.
5. Garcia, M., & Rodriguez, L. (2018). AI-помощники в классе: кейс-стади. Исследования в области образовательных технологий, 33(1), 112-128.
6. Chen, Q., & Li, X. (2017). Роль AI-помощников в индивидуальном образовании. Журнал искусственного интеллекта в образовании, 20(4), 56-73.
7. Wang, Y., и др. (2016). AI в образовании: возможности и вызовы. Международный журнал образовательных технологий, 19(1), 89-104.

«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН-ЖАҢАШЫЛ ПЕДАГОГ: ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІҢ КӨТЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Ахметов Самат Бактагалиевич
«Ы.Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»,
Батыс-Қазақстан облысы,Тасқала ауданы,Тасқала ауылы, Қазақстан
samat_86@inbox.ru

Аннотация: Мұғалім – мамандық болса, ұстаздық адам бойындағы ұлы қасиет. Ұстаз мәртебесінің артуы ең алдымен ұстаз деген есімге қаншалықты лайық болуына байланысты. Бүгінгі жаңа дәуірдің, жаңарған білімнің мұғалімге қояр талабының жүгі ауыр, олар үлгі боларлық бар жақсылық атаулының ең биігінен көрінуі тиіс. Қазіргі уақытта ең басты мәселе педагог мәртебесін көтеру болып тұрғаны баршамызға аян. Осы мәселеге байланысты көптеген өзекті мәселелер көтерілуде. Түптеп келген де бұл мәселенің ең басты күре тамыры ол әрине біздің ұстаздарымыз жайлы.
Түйін сөздер: Өзгермелі қоғамдағы білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне мүмкіндік тудыру

«Егер сен болашақтағы өзгерісті көргің келсе – осы өзгерісті өз уақытыңда жаса»
Махатма Ганди

Қазіргі кезеңде әлемде болып жатқан саяси-экономикалық және мәдени-әлеуметтік қайта құрулар әрбір елдің өз халқының рухани мұрасы мен мәдениетін қайта жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу ұмтылысын айқын аңғартып отыр. Соның ішінде Қазақстанда да қазақ халқының мәдениеті мен рухани өмірін ежелгі дәуірден бастап зерттеп, оның ішінде түркілік мұраны түгендеу ұдайы басшылыққа алынып келеді. Оның басты мысалдарының бірі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы мен «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» сияқты республика көлемінде ұйымдастырылып және халықаралық деңгейге көтеріліп жатқан тарихи-мәдени шаралар ел тарихының өткенін түгендеуге мүмкіндік береді. Тарихи және мәдени қайта өрлеу XXI ғасырдағы адамзат қоғамы дамуының негізгі белгісі ретінде қарастырылуы үлкен мәнге ие болып, халықтардың тарихымен қоса мәдениетін түгендейтіні анық.

Сондықтан әр халықтың тарихындағы рухани құндылықтарды ой елегінен өткізіп, бүгінгі күннің жалпы адамзаттық игілігіне айналдыру басты міндет болып табылады. Қазіргі кезеңде әрбір халық өзінің төлтума мәдениетін сақтау үшін ұлттық бірегейлігін, даралығын білдіретін құндылықтар жүйесіне көңіл аударуда, сондықтан оны сақтауға, әрі қарай дамытуға жанталасуда. Шығыстық ділге сәйкес келетін ерекшеліктер мен батыстық

өркениеттік сипаттардың жетістіктерін синтездеу арқылы еліміздің өзгешелігіне сай келетін ұлттық идеяны, құндылықтық бағдарды анықтау мәселесі тұр.

Бұл мақсатқа қоғамды іштей рухани жағынан біріктіру, топтастыру, ешкімді көзқарасына қарап алаламау, сөйтіп, әрбір адамның әлемдегі өзіндік құндылығын бағалау, оны биікке барынша асқақтату сияқты теориялық іргетастарға еліміздегі әлеуметтік қатынастар негізделген жағдайда ғана қол жеткізуге болады. Тарихи үдерістің үздіксіздігін қамтамасыз ететін, рухани сабақтастыққа, бірлікке, ынтымақтастыққа негіз болатын рухани құндылықтар еркіндік пен шығармашылықтың, қайырымдылық пен ізгіліктің арқасында қалыптасады және дамиды. «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр», — дей отырып Елбасы айтқандай қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, тарихи танымдық, саяси экономикалық білімділік, педагогикалық-психологиялық және ақпараттық сауаттылықты талап етеді.

«Баланы оқытудың мақсаты — оны әрі қарай мұғалімнің көмегінсіз — ақ дамуға қабілетті ету», — дей отырып Эдгард Хабард бүгінгі таңдағы білім берудің мүмкіндіктерін айқындайды. Өзгермелі қоғамдағы білім жүйесінің ерекшелігі – тек біліммен қаруландырып қана қоймай өздігінен білім алуды дамыта отырып, үздіксіз өз бетінше өрлеуіне мүмкіндік тудыру екеніне көз жеткізудеміз. Шығармашыл мұғалімдер білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізу үшін балаларға қолайлы орта жасауға тырысады. Дарынды және талантты балаларға қатысты міндеттер – білім саласында ойлауды, талқылауды және мұқият жоспарлауды талап ететін едәуір күрделі мәселе. Әртүрлі теориялар мен стратегиялар балаларды оқытудың мазмұнын анықтау үшін тиісті бағдарлама шеңберінде қолданылады. Тәжірибеге жасалған талдау оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруда мектеп бүкіл оқушылар үшін мектеп стандартын күрделендіре отырып, бастауыш буын деңгейінде «жалпы мектептік саясатты» және орта буын деңгейінде «кеңейтілген» мектеп тәсілін құрған жағдайда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізе алатынын көрсетеді. Тарих сабақтарда қойған мақсаттар жүзеге асыру, күтілетін нәтижеге жету жолында тиімді әдіс-тәсілдерді таңдау сабаққа деген қызығушылықты ояту. Дәстүрлі сабақтарда балалар екеуден отырса, енді оларды топтастыру арқылы жұмыс жасау өз нәтижесін беретіні. Бұл жағдайда оқушылар арасында қарым –қатынас нығаяды, жақын арадағы даму аймағы ретінде бір- біріне үйретеді, бірігіп жұмыс жасауды үйренеді. Бұрынғы іс-тәжірибеде талқылауды мұғалім өзі басқарып, оқушылардың нені, қалай айтуына бағыт беріп, оқушылардың ашылуына шектеу қойып отырғаны айқын көрінді. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдеріндегі диалог негізінде оқыту, сұрақ қою техникаларын маңызын ескере отыру керек. Мысалы мектебімізде Аудан әкімнің бұйрығымен Ресурс орталық ашылып,шалғай жатқан ауылдардан мектепке оқушылар келді. Осы ресур орталығының мақсатына қысқаша шолу өткенде. Ресурс орталығы бұл аз қамтылған мектептер, интербелсенді тақталары аз немесе мүлдем жоқ,интернет жиелісіне шығуға мүмкіндіктері шектеулі,жалпы айтқанда бұл тірек мектебі мен магниттік мектебі мен бірлесіп жұмыс жасауы. Іс тәжербие алмасып оқушының оқуға деген ынтасын арттыруға негізделген. Сол кезде әрбір мұғалім «Сабағым өз мақсатына жете ме?», «Қандай әдіс тәсілдерін қолдансам екен?», «Жаңа форматты оқыту тиімді болады ма?» осылайша алдарына осы сұрақтарды алға салып сабаққа кірісу міндетті. Алдымен осы оқушылырға сауылнама жүргізіп. Сұрақтар қарапайым: Сіз мұғалім болсаңыз сабақты қалай өткізесіз?, Сабақ сізге ұнады ма? , Сабақтың қандай жері ұнады немесе ұнаған жоқ?. Осы сұрақтарды сауылнамаға жазып оқушылар сабақтың соңында жауап берді. Оқушылардың жауаптары қатты қызықтырды. Осы сауылнаманы өткізген мақсатым сабақтын қай жерін өзгертуім керек, жалпы оқушыларды оқыту процесстің бір бөлігі деп сезіну керек еді. Мен өз тәжербиемде оқушылар жәй ғана тыңдаушылар еді, тек сабақтын бітіуін күтіп отырғаны болды. Оқушылардың берген жауабы :сабақтың үстінде бейнефильмді көрсетемін, сабақ мені шаршатып

жіберді,қызықты емес деген жауаптар мені ойландырды. Неліктен қарапайым қазақ баласына өз тарихын білу қызық емес?, Неліктен оқушы сабақ үстінде шаршап жалығып кетеді?. Әрине ол сабақтың құрлымына қатысып отырмаса ол сабақты меңгермейді, кей бір жерлерін түсінбей алады. Осы оқулықтар болашақта ҰБТ немесе кез келген сынақтан өткен кезде оған қиын,немесе ауыр болады. Осыған түбі кім кінәлі? ,әрине оқытушылар! Осындай жағдайаттар болдырмау үшін әрбір ұстаз өзгеру керек , өзі де, сабақ беру де. Өзгеріс деген не? Не өзгеруім керек , сабақ беру жағдайы немесе өзім мұғалім тұлға ретінде ме?. Өзгеріс байқаған жері, оқушылар сабақ үстінде өздерін еркін ұстап, өз ойларын нақты дәлелдеп, сұрақтарға толық жауаптарын беріп отырды. Дәстүрлі педагогикада топқа бөлу,тренинг өткізу ,оқытуды бағалау кен тарамаған еді. Формативті бағалаудың артықшылығы- оқушыларға тізбектелген сабақтардың бір сабағында білмегендерін келесі сабақтарда үйреніп, жақсы нәтижеге жетуге мүмкіндіктерінің болуы. Бұл - оқушыларға жақсы баға алуға мүмкіндік беріледі деген сөз. Формативті бағалау арқылы оқушылармен кері байланыс жүзеге асырылады, яғни оқушылар білім, түсіну және дағдылары туралы хабарлама беріп отырады. Мұндай бағалау смайликтер, бағдаршам , стиктерге жазу, басбармақпен көрсету, т.б. арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оқушылар өзін- өзі және өзара бағалауларды жүзеге асыра отырып, бір- бірінің жауаптарына сын көзбен қарауды, өз жұмысын басқалармен салыстырып тұжырымдауды, жіберген қателіктерін түзетуді үйренді. Сабақ берудегі өзгеріс бұл сыни тұрғыдан ойлауға үйрету арқылы баланың жаңа ақпараттар мен идеяларды сыни тұрғыдан ойлай отырып қабылдауын, басқа адамдардың идеяларымен бірден келісе кетпей, күмәнмен қарай білуін және өз пікіріне қатысты таңдау жасай алуын дамыта аламыз.Оқушының өз пікіріне дәйекті дәлелдемелер келтіре отырып, дәлелдеуді және тұжырымдауды үйретеміз. Сыни тұрғыдан ойлау дегеніміз, оқушы алған білім көзін өзі бақылай, талдай, өз тәжірибесіне сүйене отырып тұжырымдай алатын жағдайға жету. Ол үшін балаларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға тарту керек. Сонымен қатар сабақтарда оқушылардың сыни ойлауларын шыңдау мақсатында дебат әңгіме, шығармашылық тапсырмалар(сабақтың мағынасын ашу, тарихи оқиғаларды тұжырымдау), постермен жұмыс,«конверт- сұрақ», деңгейлік тапсырмалар сияқты әдіс- тәсілдерді қолдандым.Бұл тапсырмаларды орындату арқылы оқушыларда білім тек кітап көлемімен ғана шектелмей, ауқымды мәліметтер қоры пайда болады. Болашақта сыни тұрғыдан ойлауға үйретудің түрлі әдістерін меңгеріп, сабақтарда кеңінен қолдануды жалғасын табуда. Қазіргі жаһандану заманында білім алуда АКТ-ның көмегін тиімді пайдалану маңызды рөл атқарады. АКТ қолдану арқылы берілген білімді оқушының тереңірек меңгеруін жеңілдететін және сабақты түсіндіруіме көмектесетін құрал ретінде көрінді. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту бойынша оқулықтағы жаңа тақырып бойынша жұмыс істеді.

Сонымен сөзімді қорытындылай келе, көшбасшылықты қолдану барысындғы нәтижелерім:оқушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасып, мәселелерді терең талдауға үйренді, шығармашылық ой- өрісі артты, ұжымдық ой- пікірлері жетіліп, топ мүшелерінің пікірлерімен ортақ тұғырым жасауға үйренді, мұғалім мен оқушылардың қарым- қатынасы ынтымақтастыққа болып, сенімділіктері артты, оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренді, білімін жүйелі түрде толықтыруға, өз әрекетіне сын тұрғысынан қарауға, тұжырым жасап қорытындылауға үйренді. Елбасымыздың өзі айтқандай, «Еліміздің болашағы ұстаздардың қолында» дегендей, осы бізге ұстаздар қауымына жасалып отырған жағдайды, біз ұстаздар тиімді пайдалана отырып, модульдерді толық меңгеріп, тамырын тереңге жайған егеменді еліміздің, өскелең болашақ ұрпағын тәрбиелеп, елімізді дамыған 50 елдің қатарында көру, бұл әрбір Қазақстандық азаматтың алдындағы ең үлкен борышы деп есептеймін. Болашақта осы мақсаттарды ойға ала отырып, әрбір модульдерді тиімді пайдаланып, осы жолда аянбай еңбек етіп, оқушыларыма адал білім беріп, олардың ертең Қазақстан үшін тер төгіп, адал

қызмет ету жолында оларға бағыт-бағдар беріп көшбасшылық қызмет атқарам деп алдыма үлкен мақсат қойдым, сол мақсатқа жету үшін, ерінбей еңбек етем деген үміттемін.

ӘДЕБИЕТ

1. Сүйіншәлиев Х. VIII-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1989.
2. Шәлекенов У.Х. V-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. – Алматы: Жібек жолы, 2006.
3. Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын. – 192 с.
4. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Оқу құралы. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. – 124 бет. 9. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір /З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 400 б.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

Даулетова К. Т. қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Педагог-зерттеуші
Павлодар облысының білім беру басқармасы Железин ауданы білім беру бөлімінің «Міржақып Дулатұлы атындағы №3 жалпы орта білім беру мектебі» КММ
dauletovakumisai@mail.ru

Аннотация

Мақала заманауи цифрлық технологиялардың қазақ әдебиетін оқытудың тиімділігіне әсерін зерттейді. Әдебиетті оқыту контекстінде осы технологияларды қолданудың артықшылықтарына ерекше назар аударылады. Зерттеу сонымен қатар цифрлық құралдардың оқушылардың мотивациясына, сыни ойлауды дамытуға және әдеби тәжірибені байытуға әсерін қарастырады.

Түйін сөздер: цифрлық технологиялар, әдебиет, ThingLink

ИНТЕГРАЦИЯ ЦИФРОВЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ПРОЦЕСС ОБУЧЕНИЯ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

В статье исследуется влияние современных цифровых технологий на эффективность преподавания казахской литературы. В контексте преподавания литературы особое внимание уделяется преимуществам использования этих технологий. В исследовании также рассматривается влияние цифровых инструментов на мотивацию учащихся, развитие критического мышления и обогащение литературного опыта.

Ключевые слова: цифровые технологии, литература, ThingLink

INTEGRATION OF DIGITAL TECHNOLOGIES INTO THE PROCESS OF TEACHING LITERATURE

Annotation

The article examines the impact of modern digital technologies on the effectiveness of teaching Kazakh literature. Particular attention is paid to the benefits of using these technologies

in the context of teaching literature. The study also looks at the impact of digital tools on student motivation, the development of critical thinking, and the enrichment of literary experience.

Keywords: digital technologies, literature, ThingLink

Отандық білім беру жүйесін дамытудың қазіргі кезеңінде оның сапасын арттыру басым міндет болып табылады. Бұл әлеуметтік жетілген креативті тұлғаны толыққанды қалыптастырудың негізі болып табылады. Ол үшін оқушылардың сұраныстары мен мүмкіндіктеріне барынша жақындата отырып, мектептегі оқу процесін құру қажет. Қазір педагогикалық ұжымның алдында маңызды міндет тұр – әрбір оқушының өзін-өзі анықтауға, зияткерлік және шығармашылық қабілеттерін ашуға қолайлы жағдайлар жасау.

Қазіргі мектептердегі оқыту сапасы мұғалімнің жұмыс сапасына байланысты. Мұғалімнің цифрлық сауаттылығы - бұл басқа кәсіптердегідей цифрлық технологияларды күнделікті пайдалану саласындағы негізгі білім, дағдылар мен қалыптасу жүйесі. Мұғалім өз пәні бойынша іргелі білімге ие болып қана қоймай, сонымен қатар оқушыларды қызықтыруға және ынталандыруға көмектесетін интернет-сервистерді, соңғы цифрлық технологияларды, оқыту құралдарын толық меңгеруі тиіс.

Оқушылармен қарым-қатынас барысында мұғалім өз білімін практикада қолдануда әртүрлі дағдыларды дамытады, озық және сұранысқа ие ақпараттық жүйелерді қолдануға тырысып, оқытудың әртүрлі жаңа технологияларын меңгереді. Бұл барлық оқушыларды қолдау мен ынталандыруда маңызды рөл атқаратын мұғалімнің педагогикалық тәжірибесі.

Цифрлық сауаттылық, оның құрамдас бөлігі сияқты медиа сауаттылық - отандық білім берудің мазмұнын цифрлық форматта іске асырудың негізгі талабы. Электроника мен компьютерлік технологияны дамытудың қазіргі кезеңі көпфункционалды оқыту кешендері мен автоматтандырылған оқыту жүйелерін пайдалануға мүмкіндік береді. Оқытуда цифрлық технологияларды пайдаланудың артықшылықтарының бірі олардың оқушыларды оқу процесіне белсенді тарту және басқару әлеуетіне байланысты.

Цифрлық технологияларды оқыту процесіне интеграциялау қазіргі білім берудегі маңызды бағыт болып табылады. Бұл білім сапасын жақсартуға, оқу процесін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

Оқу процесіне осындай ресурстарды енгізу арқылы шешілетін міндеттер, олар:

- Сабақта жеке жұмысты ұйымдастыру.
- Интерактивтілікті пайдалану арқылы ресурс пен оқушы арасында кері байланысты жүзеге асыру.
- Деректерді визуализациялау арқылы білімді берік игеру.
- Оқушылардың пәнге деген ынтасын ояту.
- Тақырыпқа қызығушылықты арттыру.

Білім беру мазмұнын құру барысында Canva, Prezi, SlideRocet, VoiceThread және т.б. электронды презентацияларын дайындау бағдарламаларының мүмкіндіктерін тарту оңтайлы. Мысалы, осы презентация Canva онлайн платформасы арқылы жасалған.

MovaviScreenCapture, CamtasiaStudio және т.б. арнайы дыбыстық әсерлер мен музыкалық композициялар жасауға көмектеседі. Оқыту моделін құрастыру барысында интерактивті материалды беру формалары бар әртүрлі жалпыға қол жетімді қосымшаларға жүгіну тиімді.

Инфографиканы жасауға арналған платформалар қысқаша және тексерілген түрде кең материал ұсынуға көмектеседі: Canva, PosterMyWall, Piktochart, DesignCap. Visme сандық қосымшасы курс ақпаратын көрсетуге және теориялық материалды жеткізуді

айтарлықтай жандандыруға көмектеседі. Storybird қосымшасы – алынған ақпаратты қорытындылауға және таңдалған тақырып бойынша өзіңіздің түрлітүсті әңгімелеріңізді жасауға тамаша мүмкіндік болып табылады.

Бейне форматтағы дәрістер мен тәжірибе сабақтарды дайындау барысында түсірілген материалды өңдеуге арналған сандық құралдар кеңінен қолданылады: Movavi, Camtasia, oCamScreenRecorder, iMovie. Thinglink платформасында құрылған курстың аудиоматериалымен бірге жүретін қысқа түйінделген хабарламалар материалдың берілуін түрлендіруге мүмкіндік береді. Қызықты тапсырмалар, динамикалық формалар, ойын жаттығулары, хронологиялық таспаларды H5P қызметі арқылы жасауға болады.

H5P қызметі интерактивті слайдтармен презентациялар жасауға мүмкіндік береді, оған әртүрлі медиа мен интерактивті элементтерді қосуға болады: бірнеше тест нұсқалары, сауалнамалар, интерактивті бейне. Слайдтармен жұмыс істейтін оқушылар оқу материалымен танысып қана қоймай, сонымен қатар бірден тексерілетін әртүрлі интерактивті тапсырмаларды орындайды. Егер де оқушы көп қате жіберсе, ол өз қатесін түзете отырып, тапсырманы қайта орындауға мүмкіндік алады.

Оқушы қызметпен тек сабақта ғана емес, сонымен қатар үйде де жұмыс жасай алады. Бұл оқушыға зерттелген материалды тағы бір рет қайталауға мүмкіндік береді. Мұғалім тапсырмаға сілтемені электронды күнделікке (сайтта, блогта, әлеуметтік желіде) орналастыра алады.

Білімді бақылауға арналған заманауи бағдарламалық пакеттер жауаптарды өз бетінше талдай отырып, тапсырмаларды күрделілік деңгейіне қарай бөліп, тапсырмаларды автоматты түрде жібере отырып, педагогтердің жұмысын едәуір жеңілдетеді. Әртүрлі сұрақтар формаларын құруға және сақтауға қабілетті пайдаланушылар арасында ең көп таралған Google нысандары. OnlineTestPad – бұл әртүрлі тест тапсырмалары мен тапсырмалардың әмбебап дизайнері.

Сапалы білім беру контентін құруға арналған цифрлық сервистер мен құралдар нарығы зерттелді. Интерактивті тапсырмалар, кроссвордтар жасауға арналған сервистер: Quizizz, «Фабрика кроссвордов», Flippity; ментальды карталар: Mindmeister, IBrainstorm, Xmind; онлайн-тақталар: Padlet, Popplet, Twiddla; пікірталас алаңдары: OpenSpace, Unconference, WorldCafé, PechaKucha.

Қазіргі таңда цифрлық технологияның пайда болуымен әдебиетті оқыту қызықты әрі қолжетімді болды. Әдебиетті оқытуда жаңа перспективалар ашатын инновациялық құралдардың бірі - **ThingLink** платформасы. Бұл құралды интерактивті және тереңдетілген әдебиет сабақтарын құру үшін пайдалануға болады. ThingLink - бұл пайдаланушыларға кескіндерге бейне, аудио, мәтіндік сипаттамалар және гиперсілтемелер сияқты әртүрлі мультимедиялық элементтерді қосу арқылы интерактивті кескіндер жасауға мүмкіндік беретін қызмет.

ThingLink-ті электронды парақ немесе интерактивті плакат деуге болады. Платформаға гугл аккаунт арқылы тіркелуге болады.

Бұл платформаның интерфейсі ағылшын немесе орыс тілінде болғандықтан, жұмыс барысында орысша атаулар қолданылуы мүмкін (1-сурет). Тіркелгеннен кейін платформамен жұмысымызды «создать» бөлімінен бастап, «чистый холст» батырмасына басамыз.



1-сурет. ThingLink платформасының интерфейсі

Жалпы бұл жерге біз парағымыздың бетінде қандай сурет тұру керек, сол суретті жүктейміз. Мен «Махаббат, қызық мол жылдар» романының кітабының парағын алып жүктедім.

Келесі кезеңде «создать тег» деген батырманы басамыз. Бұл жерде біз медиа, текст, басқа сайттардың немесе белгілі бір ақпараттың ссылкасын, немесе сауалнаманы парақ бетіне қоюға болады.

2-сурет. Платформамен жұмыс басы

Біз мысалы сабақ барысында «Махаббат, қызық мол жылдар» романы туралы оқушылардан біраз мәлімет аламыз, бірақ бұл жеткіліксіз жағдайда, біз параққа осы роман туралы жаңа ақпараттар, оның авторы туралы мәлімет қоса аламыз. Ол үшін кез келген жерден керек ақпараттың текстін алып, осы параққа енгізуге болады. Ол үшін «добавить текст и медиа» батырмасын басып (2-сурет), атау беріп, алынған ақпаратты енгізіп, «изменить иконку» батырмасын басамыз. Өзімізге керек иконканы таңдаймыз (3-сурет).

3-сурет. Платформа иконкалары

Тура солайынан бізге параққа ютубтан видеоматериалдар, аудиоматериалдар да қосуға болады. Мысалы, біз бұл параққа «Махаббат, қызық мол жылдар» романына арналып түсірілген телехикаяны тіркедік. Сонымен қатар, романның авторы Әзілхан Нұршайықов туралы бейнематериалды тіркедік.

Нәтижесінде бізде осындай парақ пайда болды (4-сурет). Мұнда әрбір иконкаға белгілі бір ақпарат көзі тіркелген. Мысалы, басқа сайттан алынған тапсырмалар (мысалы, Quizizz), сауалнама және т.б.

4-сурет. Жұмыс нәтижесі

Білім беру контекстінде Thinglink тің Бірнеше артықшылықтары бар:

Интерактивтілік: Thinglink көмегімен мұғалімдер сілтемелер, аудио, видео, мәтіндік түсініктемелер және басқа элементтерді қосу арқылы интерактивті кескіндер мен бейнелер жасай алады. Бұл оқу материалын оқушылар үшін қызықты әрі қызықты етеді.

Ақпаратты визуализациялау: Thinglink суреттерге түсініктемелер мен контекст қосу арқылы күрделі ұғымдар мен ақпаратты визуализациялауға мүмкіндік береді. Бұл визуалды және кинестетикалық оқушыларға материалды жақсы түсінуге көмектеседі.

Қол жетімділік: мұғалімдер кез-келген уақытта және кез-келген жерден қол жетімді ресурстарды жасай алады, бұл әсіресе қашықтықтан оқыту жағдайында немесе үй тапсырмасы үшін өте маңызды.

Оқытуды даралау: Thinglink оқушыларға жеке ресурстар жасауға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оқушылардың әртүрлі қабілеттері мен қызығушылықтарын сақтау үшін қосымша материалдар немесе қосымша дереккөздерге сілтемелер қоса алады.

Кері байланыс: суреттердегі түсініктемелер мен белгілер арқылы мұғалімдер материалды тереңірек түсінуге ықпал ететін жеке кері байланыс бере алады.

ЫІнтымақтастық: Thinglink оқушыларға бірлескен жобалар жасауға, түсініктемелер қосуға және пікір алмасуға мүмкіндік беретін бірлескен жұмыс үшін пайдаланылуы мүмкін.

Көпсалалы: Thinglink әртүрлі пәндер мен білім салаларына сәйкес келеді. Оны математикада, әдебиетте, өнерде, ғылымда және басқа да көптеген салаларда қолдануға болады.

Әдеби оқытуда ThinkLink пайдалану сабақтарды қызықты, өзара әрекеттесетін және тереңдетуге бірегей мүмкіндік береді. Бұл құрал классикалық әдеби шығармалар мен заманауи технологиялар арасындағы көпірге айналуда. Оқушыларға мәтінді түсіну мен талдаудың жаңа жолдарын ашады.

Біз әдебиетті оқытудағы жаңа дәуірдің қарсаңында тұрмыз. Мұнда цифрлық технологиялар шабыттандырудың, шығармашылықтың және мәтіндерді терең түсінудің қуатты құралына айналады.

Қорыта айтқанда, бұл жаңа технологияларды қазақ әдебиеті пәнінде қолдану мұғалімге де, оқушыға да өте пайдалы. Себебі осы қосымшалардың арқасында оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасы артады. Сонымен қатар, идеяларды қалыптастырып, ойлау мен қиялды жандандыруға үйретеді және сөйлеу құралдарын өз ойларын білдіру үшін қарым-қатынас міндетіне сәйкес саналы түрде пайдаланады. Оқушылардың шығармашылығын дамытуда мен де осы айтылған технологияларды пайдаланып, оқушының шығармашылық қабілеттерін ашуға тырысудамын. Осыдан оқушылардың әдеби тілде сөйлеу, оқу, жазу білік-дағдыларының жетілуін, оқушылардың сапа көрсеткіштері мен шығармашылыққа құлшыныстарының артқанын байқадым. Қазақстанның болашағы алдымызда отырған мектеп оқушылары. Сондықтан осы оқушыларға жан-жақты білім беру, өз пікірін айтып, дәлелдей алатын, білімді, білікті тұлға тәрбиелеу ұстаздарға жүктеліп отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дөненқожаева М., Мананбааева Г. Жазылым жұмыстарында оқушылардың тілдік құралдарды қандай тиімді әдістер арқылы меңгертуге болады? Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал. 2019. https://kazadisteme.kz/wp-content/uploads/2021/06/kaz_tili_01_2019-1.pdf
2. Кенжебаева З. С., Садырова М. С., Мухтар Е. С., Момынкулова Ш. О. Использование цифровых технологий в системе дистанционного образования: зарубежный опыт и Казахстан // Вестник Казахского национального университета. Серия Педагогические науки. – 2021. – Т. 67. – № 2. – С. 40-50. – DOI 10.26577/JES. 2021.v67.i2.05.
3. Климова, Е. В. Массовые открытые онлайн-курсы (МООК): плюсы и минусы / Е. В. Климова // Цифровые инструменты в образовании : Электронный сборник статей по материалам Всероссийской научно-практической конференции, Сургут, 02–03 апреля 2021 года. – Сургут: РИО БУ «Сургутский государственный педагогический университет», 2021. – С. 77-78.
4. Клименских М. В., Лебедева Ю. В., Мальцев А. В., Савельев В. В. Психологические факторы эффективного онлайнобучения студентов // Перспективы науки и образования. – 2019. – № 6(42). – С. 312-321. – DOI 10.32744/pse.2019.6.26.
5. Митина Н.А. Современные педагогические технологии как средство интенсификации учебного процесса в высшей школе / Н.А. Митина, Т.Т. Нуржанова // Молодой ученый. – 2014. – №2. – С. 794-797.
6. Зверева Н.А. Применение современных педагогических технологий в среднем профессиональном образовании / Н.А. Зверева // Материалы II международной научной конференции: Инновационные педагогические технологии. – 2015. – С. 161-164.

7. Гуслова М. Н. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособие для учреждений СПО / М. Н. Гуслова, 4-е изд., испр. – М.: ИЦ Академия, 2013. – 208 с.

ПРОФЕССИОНАЛЬНО-СЕТЕВОЕ ВЗАИМОДЕЙСТВИЕ ВЕДУЩИХ ШКОЛ В ФОРМАТЕ «ГОРОД – СЕЛО» «LESSON STUDY»: ОПЫТ ГОРОДСКИХ И СЕЛЬСКИХ ШКОЛ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Суртубаева Д.А., Анафинаа.А.
Учебно-методический центр развития образования
Карагандинской области, г.Караганда,
«Основная школа им. А. Байтурсынулы»
Бухар-Жырауский район
e-mail: dianastbaeva@mail.ru

Аннотация: В статье представлены результаты совместного исследования урока городской и сельской школ по предмету «литературное чтение».
Ключевые слова: лидерство, исследование урока, наблюдение, серия последовательных уроков.
Abstract: The article presents the results of a joint study of a lesson of urban and rural schools on the subject of «literary reading».
Keywords: leadership, lesson study, observation, a series of consecutive lessons
Аннотация: Мақалада "әдеби оқу"пәні бойынша қалалық және ауылдық мектептердің сабағын бірлесіп зерттеу нәтижелері келтірілген.
Түйін сөздер: көшбасшылық, Сабақты зерттеу, бақылау, дәйекті сабақтар сериясы.

Повышение качества среднего образования – один из приоритетов Национального проекта «Качественное образование «Образованная нация», утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021года №726, на 2021-2025 годы. В Национальном проекте нашли свое продолжение такие вопросы, как «охват детей дошкольным воспитанием и обучением, сокращение разрыва в качестве обучения между городскими и сельскими школами, строительство школ для решения проблем дефицита ученических мест, создание безопасной и комфортной образовательной среды и другие…» [1, с.5].

Построение эффективной модели сетевого взаимодействия педагогов городских и сельских школ на основе современных технологий, имеет основу повышения качества образования и развитие ключевых компетенций, обучающихся и педагогов региона. Совместная работа в данном направлении создаёт открытое и многовекторное участие организаций образования, педагогов в процессе обновления содержания образования. А также может включать совместное научно-методическое сопровождение инновационных проектов в массовой образовательной практике и распространение передового педагогического опыта лучших педагогов городских и сельских школ в открытом информационном пространстве, что может иметь масштабный формат и в условиях дистанционного профессионального общения.

Как найти свой эффективный путь обучения и преподавания, направленного на повышение качества знаний, где приоритетом, является готовность учащихся к практическому использованию имеющихся знаний. Являясь сельской школой часто можно услышать, что возможности во многих школах города превосходят, чем в сельских школах. Но остановимся на том, что мы выполняем одинаковую работу - преподаем и обучаем детей. Но все же возникают вопросы, в чем превосходят школы города? Где

может учитель сельской школы увидеть лучший опыт для улучшения своей практики преподавания и обучения? Как мотивировать учителей заниматься исследованием урока для того, чтобы повысит свой профессионализм и развить лидерские качества?

Исследование лидерства проводилось К.Левиным, Р.Уайтом. Данные исследований позволили конкретизировать понятия: лидер, лидерство, стиль лидерства и т.д.

Особый вклад по изучению личности в коллективе внес А.С. Макаренко и его идеи позволили разработать концепцию воспитания коллектива и личности (А.А. Бодалев, Л.И. Новикова) и коллективной творческой деятельности (И.П. Иванов).

На современном этапе школе нужны учителя с лидерскими качествами, которые способны управлять процессом развития лидерства в классе. И роль исследователя собственной профессиональной деятельности в фокус-группах это один из мотивов проявления его лидерских качеств [3, с.6].

По этой причине, одним из возможностей нахождения ответов на выше обозначенные вопросы стало организация и проведение совместной исследовательской деятельности педагогов школ через LESSON STUDY (коллаборативный педагогический подход, направленный на совершенствование знаний в области учительской практики [2, с. 275]). Ведь на сегодняшний день «Исследование урока» позволяет решать ряд ключевых задач всего учебного процесса и будет содействовать распространению передового педагогического опыта лучших педагогов городских и сельских школ.

Выбор КГУ «Гимназия имени Шакарима» был не случайное так, как у нас было и ранее взаимодействие двух Ведущих школ в рамках внедрения посткурсового сопровождения педагогов, прошедших уровневые курсы, когда гимназия имени Шакарима являлась компетентностным центром. Ведущая школа «ОШ им. А.Байтурсынулы» принимала активное участие во многих мероприятиях, проводимых данной гимназией в условиях внедрения обновления среднего образования. На сегодняшний день мы обратились к коллегам с предложением продолжить наше сотрудничество в узком направлении, но в актуальном на сегодняшний день, как «Исследование урока» в начальных классах. Коллеги проявили большой интерес и поддержку в реализации данного исследования, следствием которого стало заключение совместного договора о сотрудничестве в рамках «Исследование в действии. Исследование урока» в формате «город - село». Именно такое взаимодействие учителей начальных классов Ведущих школ даст возможность обменяться профессиональным опытом в исследовательской работе по принципу «равный - равному», сможет наладить горизонтальные связи между коллегами для повышения исследовательской культуры учителей начальных классов обеих школ и возможно даст положительный результат на повышение качества знаний учащихся.

Проведя большую работу на организационном этапе, согласно плана работы по исследованию, а именно: формирование фокус-группы, изучение теоретического материала по «Исследованию урока, проведения ряда встреч с тренерами по «Lesson Study» УМЦ РО Карагандинской области, филиала ЦПМ города Караганды, мы перешли к практической части нашего сотрудничества, на этап внедрения «Исследования урока».

Совместное исследование ориентировано на повышение читательской компетентности младшего школьника в рамках проекта «Читающая школа». Ведь ни для кого не секрет, что осознанное чтение является основой умения учащихся эффективно учиться, работать с информацией, креативно мыслить, распознавать эмоции, намерения, мотивацию, желания свои и других людей и управлять ими, что так же важно сегодня для подрастающего поколения [2, с.84].

Большой интерес к проведению исследования проявили учителя начальных классов, работающие во - вторых классах и это определило площадку проведения совместной работы и посещение уроков учителей обоих школ по предмету «литературное чтение». Анализ по исследованию (диаграмма 1, 2).

Диаграмма 1



Диаграмма 2



Результаты наблюдения через взаимопосещение уроков коллег, анкетирование второклассников и результаты качества выполнения заданий по формативному оцениванию на начальном этапе у большинства учащихся 2 «А» и 2 «В» классов КГУ «ОШ им. А. Байтурсынулы», а также 2 «А» и 2 Е» классов КГУ «Гимназия им. Шакарима», дали возможность определить фокус–группе проблему исследования урока. Это низкий уровень понимания, прочитанного некоторыми учащимися, не умение работать с содержанием текста, трудности с составлением вопросов по прочитанному и поиску ответов по тексту у большинства второклассников. К тому же среди успешных учащихся имеются и стеснительные дети, которые в большинстве случаев не уверены в себе или в своих ответах. Наши наблюдения до исследования показали, что основной проблемой учащихся все же остается проблема невнимательного чтения предложенных заданий, низкий уровень ориентирования в тексте, поиск ответов на вопросы из содержания текста.

Результаты диагностики на начало исследования дало возможность фокус-группе определить исследовательскую тему: «Какие виды работы с текстом могут способствовать развитию навыков осознанного чтения учащихся» (диаграмма 3).

Диаграмма 3



Планирование и проведение серии исследовательских уроков было направлено на подбор инструментов, которые возможно будут способствовать развитию навыков понимания учащимися прочитанного и смогут научить второклассников правильно задавать простые вопросы по содержанию текста [3, с.45]. Проведено 12 циклов «Исследование урока» в двух школах во вторых классах по предмету «литературное чтение» с казахским и русским зыками обучения. В ходе исследовательских уроков применялись ряд методов и приемов работы с текстом, направленные на понимание содержания текста учащимися, на развитие навыков нахождения ответов на вопросы по тексту, на умение составлять простые вопросы, находить информацию из различных источников, выполнение заданий творческого характера, ориентированных на развитие мыслительных навыков высокого порядка. Также применялись задания, направленные на развитие функциональной грамотности второклассника через чтение по ролям, инсценирование отрывков произведения. Данная работа находится на этапе внедрения исследования. Завершилась первая фаза трех последовательных исследовательских уроков, промежуточные результаты которого мы отразили на листах наблюдения за учащимися А.В.С. Работая над темой, мы пришли к выводу, что при подборе методов и приемов работы с текстом и ее системном использовании на уроках в большинстве случаев дает эффективный результат, то есть оказывает положительное влияние на развитие навыков работы с текстом, о чем свидетельствуют работы детей и высказывания учащихся о заданиях, которые они выполняли в ходе серии последовательных уроков через такие методы работы с текстом, как работа с деформированными текстами, составление простых вопросов по прочитанному, определение и выделение в тесте реплик героев для подготовки к чтению по ролям и инсценированию отрывка из произведения, которое подкреплялось проведением в форме парной работы и введением всех видов оценивания в ходе урока. Представленная форма ведения рефлексивного журнала, помогла нам увидеть сложившую картину успешности наблюдаемых учеников, понять, на сколько наши подопечные чувствуются себя комфортно, справляются с заданиями, предоставляют обратную связь при интервьюировании.

По итогам проведенного исследования, мы определили для себя:

- продолжение работы по поиску и определению эффективных методов и приемов работы с текстом;
- проведению сравнительного анализ результатов успешности учащихся по выполнению суммативного оценивания за раздел и четверть;
- проведение мастер- класса для педагогов школ–партнеров;
- представление совместного исследования на областной конкурс «Lesson Study» УМЦ РО Карагандинской области;
- написание статей, участие в семинарах-практикумах, конференциях по обмену опытом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Национальный проект «Качественное образование «Образованная нация», утвержденная Постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021года №726, на 2021-2025 годы
2. Аманова С.Е. Лидерство учителя в обучении на практике. https://studopedia.ru/10_244294_zabolevaniya-tsentralnoy-nervnoy-sistemi.html
3. LESSON STUDY BOX – набор методических ресурсов для реализации подхода Исследование урока в школе – Астана, www.cpm.kz – 2018г

ЗАТТЫҚ ДАМЫТУШЫ ОЙЫНДАР АРҚЫЛЫ БАЛАНЫ ДАМЫТУ
РАЗВИТИЕ РЕБЕНКА ЧЕРЕЗ МАТЕРИАЛЬНО РАЗВИВАЮЩИЕ ИГРЫ
CHILD DEVELOPMENT THROUGH MATERIAL DEVELOPMENT GAMES

Жагипарова Ермек Кабылдиновна
«Шадыра жалпы орта білім беру мектебі» КММ
«Ақбота» шағын орталығы,
Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Zhagiparovae@mail.ru

Аңдатпа: Аталған баяндамада балалар мекемелерінде заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру арқылы балалардың танымдық іс-әрекетін қалыптастырып қана қоймай балалардың отаншылдығын, өзінің туған жері үшін мақтаныш сезімін,«шағын отан» туралы түсініктері мен оған деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыруға бағытталған көзқарастар мақсатталады.
Аннотация: В данном докладе путем организации физкультурно-развивающей среды в детских учреждениях формируется не только познавательная деятельность детей, но и взгляды, направленные на формирование детского патриотизма, гордости за родную землю, понимания «малой Родины» и чувства любовь к этому.
Abstract: In this report, by organizing a physical and developmental environment in children's institutions, not only the cognitive activities of children are formed, but also the views aimed at forming children's patriotism, pride for their native land, understanding of "small homeland" and feelings of love for it.
Түйін сөз: заттық дамытушылық орта, инновация, модель, сенсорлық, шығармашылық, әлемуттік орта,субъектив
Ключевые слова: материальная развивающая среда, инновация, модель, сенсорная, креативная, глобальная среда, субъективная.
Keywords: material developmental environment, innovation, model, sensory, creative, global environment, subjective

Балалық шақ – адам өміріндегі оның субъективтілігінің қалыптасу болашағын анықтайтын құнды кезең. Мектепке дейінгі жаста іргетас қаланады, ол кейінірек балаға кез келген арнайы білімді сәтті меңгеруге мүмкіндік береді. Балаларда ойын әрекетінде психикалық процестер жақсы қалыптасады. Педагогтардың алдында әрбір баланың мектепке дейінгі балалық шақтағы бақытты және мазмұнды өмір сүруіне мүмкіндік беру міндеті тұр. Ойын баланың мүмкіндіктерінің шегінде оның қажеттіліктері мен сұраныстарын жүзеге асыру тәсілі ретінде түсіндіріледі.

Балабақшаның әр түрлі жас топтарындағы инновациялық тәсіл арқылы заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыра отырып, педагогтар балалардың ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық- бағытталған моделі қағидасын есте ұстаулары керек. Мектепке дейінгі ұйымдардағы заттық- дамытушылық орта белгілі талаптарға жауап береді: бұл, бәрінен бұрын, баламен тақырыпқа, ойын желісіне, сол немесе басқа ойыншықтарға, ойынның орны мен мерзіміне еркін жету. Сонымен бірге балалар белгілі оқыту бағдарламасы бойынша жұмыс жасайтын мектепке дейінгі ұйымда болатын сол жағдайды және мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін ескермеуге болмайды. Бұл мектепке дейінгі ұйымда балалармен ойнау құқығын жүзеге асыру үшін жағдайлар құрып, пайдалы ойындардың әр түрлі түрлерін ұйымдастыру үшін оны әмбебап заттық ойындық ортамен жабдықтап, ойын үшін қажетті барынша ыңғайлы күн тәртібіндегі уақыт емес, сонымен бірге ыңғайлы орын бөлу.

Мектепке дейінгі ұйымдардың топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы және жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі

ойыншықтардың алуан түрлі болуы баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбиешілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтай білуі керек.

Біздің ортаның, топтың моделі екі қарапайым мақсатқа негізделді:

1.Балабақша – балалар үшін екінші үй, сондықтан оның ішінде балаларға қуанышты және жайлы болу керек;

2. Балалардың толық және жан-жақты дамуы үшін, ойнауға, демалуға және оқуға арналған ұйымдастырылған орта болу керек.

Кіші топтардың бағдарламаларын талдау нәтижесінде, дидактикалық және ойын материалдарының қандай болу керектігін ойластырып, балаларға олардың жас ерекшелігін ескере отырып, заттық-даму ортасын құру, әсіресе негізгі көңілді, балаларда сенсорикалық қасиеттерінің дамуына бөлу керек.

Балабақшаға алғашқы келген балаларды әдемі, ашық түсті, түрлі-түсті көмекші құралдармен, ойыншықтармен қызықтыру керек. Театр ілгіштен басталса, балабақшада шешінетін жерден басталады. Сондықтанда балаларды балабақшада қарсы алған кезде кіреберістен бастап жайлы болуы керек. Балаларға түрлі-түсті полкаларда орналасқан ашық түсті, жұмсақ, сүйікті т.б. түрлі ойыншықтарды ұсынамыз. Үйдің образын балабақшада бөлменің интерьері қалыптастырады. Үйықтайтың бөлмеге кірген кезде балалар сенсорлы-түрлі түсті жолақтан өтіп, оны дене түйсігі арқылы сезінеді.

Сенсорлы бұрышты ұйымдастыру барысында біріншіден топтық мекеме ішіндегі орналасу орнын анықтау керек. Ол балаларға ыңғайлы жерде орналасуы керек. Бұрышқа сенсомоторлы объектілерді таңдауда ерекше көңіл бөлінеді. Олар балалардың өміріне және денсаулығына қауіпсіз объектілер болуы тиіс. Бұрыш сабақ тақырыбына және қажеттіліктерге байланысты енгізілетін, негізгі және қосымша объектілерден тұрады.

Біздің топтағы сенсорикалық бұрыш келесідей жабдықталған: достық ағашы, үй, жануарлар, көбелектер, құстар, шөп, гүл, күннің көзі салынған қабырға. Бала үйін сағынған кезде алақанын анасының салынған алақанына қоюын сұраймыз, осылай анасымен амандасып, оның жылуын және жақын екенін сезінеді.

Сонымен қатар сенсорлы тәрбие мәселелерін шешу үшін әр-түрлі тақырыпты қосымшалар алынады. Арнайы дайындалған ойыншық-тасбақалардың көмегімен балалар әр-түрлі қосымшалармен жұмыс жасайды. Табиғат мезгілдері құбылыстарымен таныса отырып, спектр түсін атауда, көңіл көтеріп, жаттығады.

Осындай үйдің формасы сияқты «Ковралин» - ойын арқылы оқыту құралы, осы үйге балалар түрлі-түсті жіптер, геометриялық пішіндер, қыстырмалар, жанында түрлі-түсті вагондары жабыстыра алады. Қолдың ұсақ моторикасын дамытып, заттардың қасиеттері, түстері, өлшемдермен таныстырады. [1.2]

Сөйлеу қабілеттерін дамыту үшін – қуыршақтарды, қолғап қуыршақтарды қолданып театр ұйымдастырады, туған күндерде, ерекше күндерде ертегілер ойналады. Бала ерекше қызығатын заттар туралы талдау жасау керек, сонымен қатар баланың, сөздерді дұрыс айтуын, сұрақтарға жауап беруін қадағалау, үйрету.

Елімізде білім беру жүйесіндегі оң өзгерістер көптеп саналады. Солардың қатарына жеке тұлғаның қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармаішылығын, танымдық қызығушылығын, белсенділігін, талантын ұштаудағы оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруды, оқытудың озық технологияларын пайдалануды жатқызуға болады Қазақстан қоғамының қазіргі даму кезеңінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық дамуының құдіретті факторы ретінде білім беру жүйесін модернизациялауға ерекше назар аударылып отыр. Мемлекет басшысы білім берудің қолжетімділігін кеңейту қажеттігін атап өткен, “оқу жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге оларды әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана білуге үйретуі тиіс» деген. [1]. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері олардың қасиеттерін дамытуға, танымдық жан қуаттарының оянуына ықпал етіп, ізденісіне, талабын ұштауға білім деңгейін жетілдірудің маңызы ерекше. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері білімге деген өте белсенді ақыл-ой әрекеті болып табыладыОқу үрдісі оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері негізінде оқушылардың танымдық белсенділігі қалыптасады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін көздейтін мүддесі, білімнің қоғамдық мәнін ұғыну, қоғамға қызмет ету қарқынын үдету қажеттілігі негізінде дамиды. Бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің ең жоғарғы көрінісі оқушылардың алған білімдерін өмірде пайдалана білуі болып табылады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зертеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері, сонымен қатар өзін-өзі саналы түсіну – адамның өзінің сезінуін білдіреді. Есеп шығару барысында бастауыш сыныпта оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері танымдық қызығушылығын дамытады деген Ә.С. Әмірова [2] бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің негізгі екі жүйесі бар деп көрсетеді. Оқушының тәжірибесінің біртіндеп көбеюі, зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жаңа біліммен және ақпаратпен толықтырылып отырады. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің пайда болуы мен берік бекуіне кең мүмкіндік береді. 2. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің тереңдеуі және біртіндеп көбеюі, оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің даму жүйесін құрайды деді А.Е.Әбілқасымова [3]. Бастауыш сыныпта келесі дағдыларды меңгерту арқылы мақсатты түрде әлемді тану және оның түрленуін тану үшін тікелей оған қатысты әдістерді меңгертуге жоспарланды. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жұмыс істеу барысыда ескеретін бір жағдай: әлемді эмоционалды-сезімталдықпен меңгерудің арқасында зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жедел жүреді. Сондықтан да оқушыларды тәрбиелеп жатқан – ата-аналар, педагогтар, үнемі еске сақтауы керек бір жай-оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қалыптасуы үнемі үздіксіз жүріп жататынын естен шығармау керек. Бастауыш сыныпта есеп шығаруда оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай белгілерін қарастырған:

- бастауыш сыныпта есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің маңыздылығы;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқушы бойындағы білімдік сипаты ;
- есеп шығаруда зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім беру барысында тиімділігі;

Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жайлы өз ойларын көптеген ғұламалар еңбектерінде жазып қалдырған.Оның себептерінің бірі қазіргі таңда ғылым мен техниканың дамуына, технология саласының озық жетістіктерінің өндіріске көптеп өзгерістер енгізуіне байланысты бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің білім мен іскерлікті беру қажеттігі туындайды деген Ж.Асанов Ж, Н.П.Әбдіхалықов[4]. Бастауыш сынып оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне үнемі мұғалім, топ ұжымы, ата-ана тарапынан қолдау тауып отыруы тиіс. Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жас ерекешелігіне, психологиялық даярлығына қарап қалыптастырады. А.Қ. Рысбекова өз еңбегінде бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің қажеттігін көрсеткен[5]. Мұғалімнің сабақтарында ұтымды уақыт тауып бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерін қалыптастыруға болады. Мұғалім бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктеріне тапсырмаға лайықты жағдайлар іздеп табуы керек. Математика сабағында кейбір практикалық тапсырмаларды орындауда танымдық қызығушылық,белсенділік әрекеттерін арнаға бұрып, өзгертуге болады. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің мынандай түрлерін жүргізуге болады.

1 Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

2.Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерін талқылау;

3.Бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру бойынша есептер құрастыру;

Бастауыш сынып оқушыларының қызығуы, яғни, сабақ мазмұнының қызғылықты, қызғылықсыз жүргізілуі есептің мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Оқушыларға негізгі білім беруде бағдарламадан бастау алады. Бағдарламада теориялық материалдар ауыр-жеңілдігіне қарай бір-бірімен байланыста, өзара сабақтастықта жүйелі түрде беріледі, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Бағдарламадағы математика пәнінің білім мазмұны мен мақсаты оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптастыру мүмкіндіктерінің оқу-тәрбие жұмысына қойылған талаптарымен ұштастырылады. Сонымен қатар оқушылардың топ бойынша математика пәнін игеретін білімі мен білік, дағдыларына қойылатын талаптар мен пәнаралық байланыста көрсетіледі. Бастауыш сынып оқушыларына математика пәнін оқыту міндеті — жеткіншек ұрпаққа ғылым негіздерінен терең де сапалы, тиянақты білім беру, оларды практикада қолдану қабілеті мен дағдыларын қалыптастыру, яғни оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру бүгінгі күннің негізгі мақсаты болып отыр. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері бірдей болмайтындығына байланысты қолданылатын да материалдарды орнымен пайдалану мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Оқулық- білім алудың құралы. Оның ең басты міндеті — оқушылардың білімін жетілдіру. Оқулық бағдарламаның негізінде жазылып, оқушыларға берілетін білім мазмұнын құрайды, танымын, білік, дағдыны қалыптастырады.Сонымен қатар сұрау тапсырмаларымен жұмыс жасағанда, үй тапсырмасын орындағанда жетекшілік қызмет атқарады. Сондықтан да мұғалім оқу үдерісінде оқулықты басшылыққа алады. Яғни, «оқулық жақсы сабақ берудің іргетасы» - деп М.Ө. Мұсабеков [6] айтқандай бүгінгі тәуелсіз еліміздің ұлттық қадір-қасиетін сақтауға негіз болатын, үздіксіз білім жүйесінің негізгі сатысы болып табылатын математика оқулығы. Демек,оқушылардың ұйымдастырылған оқу іс әрекетте қызығушылығын арттыруда оқулықтың да өзіндік ролі бар. Оқулытың білім мазмұны мен құрылымының ғылыми тұрғыдан дұрыс бағытта болуын айқындайтын әдістемелік, педагогикалық талаптар мыналар:

- Оқулық мазмұнының бағдарламаға және оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі;

- Оқулық мазмұнының стандарт талаптарына сәйкестігі;
- Оқулықтың теориялық, практикалық жақтарының бір-бірімен тығыз байланыста болуы;
- Оқулық мазмұнның логикалық тұрғыда түсінікті болып, проблемалық ситуациялардың қамтылуы;
- Тілінің жатық, оқушыға түсінікті болуы:

Сондай-ақ оқулықта дүниетанымдық ұғымдар, анықтамалар да мысалдар арқылы беріледі. Әр түрлі суретті материалдарын қайталау бағытында деңгейлік сұрау — тапсырмалары оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, ізденіске баулиды. Оқушыларының зерттеу дағдылары – бастауыш сынып оқушыларының жаңа білім, білік және дағдысын меңгеруге, объективті нақтылықты тануға бағыттылығы. Меңгерілген білімнің сипаты әртүрлі болуы мүмкін. Бұл бақылау оның үдеріске ешқандай араласпай-ақ танылатын сыртқы белгілері, таным нысанының қасиеті болуы мүмкін деген Е.Ж.Смағұлов [7]. Математика сабақтарындағы оқушылардың зерттеу дағдыларының негізгі түрлері бақылау, эксперимент, кітаппен жұмыс, білімді жүйелеу және т.б. болып табылады. Оқушыға бастауыш сыныпта жүйелі білім беруде мұғалім жетекші роль атқарады. «Білімдендіруді жүзеге асыратын — мұғалім» — деген. Оқулықтағы білім мазмұнының күрделенуі сияқты әрбір грамматикалық тақырыптардағы жаттығуларды бірте-бірте күрделендіре беру оқушылардың сабаққа деген белсенділігін, қызығушылығын, қабілетін арттырады, уақыттың қалай тез өткенін сезбей қалады, жаттығуды қызыға орындайды. Оқушылардың сабаққа қызығу, сабақ мазмұнының қызғылықсыз жүргізілуі жаттығулар мазмұнына, оның талаптарына да байланысты. Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері дидактикалық материалдар ойланатындай етіп құрылуы тиіс.Ол үшін мұғалім ең алдымен топта шығармашылық көңіл-күй тудыру үшін оқушының назарын бір нәрсеге бағыттауы тиіс. Яғни, бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері үшін үнемі елеусіз болса да шығармашылық тапсырма — жаттығу, ойын түрлерін ұсынған жөн: әрбір зертеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері оқушыға ұсынудың жолын әдіс-тәсілін білу керек;

- Есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері тапсырмалардың мазмұны жас ерекшеліктеріне, қызығушылығына үйлесуі тиіс;

-Берілген тапсырма — міндетпен танысқаннан кейін оқушы жұмысқа кіріседі. Мұғалімнің ең үлкен міндеті — оқушы белгілі бір шешім тауып, ойын тұжырым жасап түсінгенге дейін назардан тыс қалдырмау, белсенділік бағыт-бағдар беріп отыруы;

-Сабақта есеп шығару барысында бастауыш сынып оқушыларының зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері жеке дара оқушы емес, топтың бүкіл мүшелері ойласуы үшін жағдай, мүмкіндік туғызу қажет;

- ұжымда өзара белсенділік - мұғалім- оқушы үшін қарапайым ғана жан.

Оқыту әдістері бар мұғалім мен оқушылардың оқу тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері. Оқыту әдісін осылай дидактика тұрғысынан түсіндіру жалпы философиялық анықтамаға сай келеді. Бастауыш сыныпта есеп шығару барысында оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктері берілген тапсырманы басқаның көмегінсіз орындауымен, шектелмейді. Сондықтан да оқушылардың зерттеу дағдыларын қалыптатыру мүмкіндіктерінің оқу үдерісінде ең негізгі міндет болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007. – 10-13 б.
2.Әмірова Ә.С. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық іс- әрекетін қалыптастырудың теориясы мен әдістемесі. - Алматы, 2018 – 241-258б.
3.Әбілқасымова А.Е. Оқушылардың танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру / Монография. - Алматы: Білім, 2016. 178- 190 б.

4.Асанов Ж, Әбдіхалықов Н.П., Педагогиканың ғылыми-зерттеу әдістері. Оқу құралы. А., 2015. 45-62б
5.Рысбекова А.Қ., Оқушылардың зерттеушілік іс-әрекетін қалыптастырудың кейбір жолдары., Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «Педагогика ғылымдары» сериясы. № 2 (53) 2017 ж.22-27 б.
6.Мұсабеков М.Ө. Математика сабағында төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік қызметін қалыптастыру. //Бастауыш мектеп. - №2. 2016 – 11- 17 б.
7.Смағұлов Е.Ж., Математика пәнінен зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. – //Ізденіс. 2018- № 5. – 31-36 б.

КИІМ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

Садыкова Г. Н.
магистр оқытушы
Түркістан жоғары көп салалы қол-өнер колледжі
Gulzhaina@mail.ru
Түркістан қ., Қазақстан Республикасы

Түйіндеме:Бұл мақалада бүгінгі таңда киім дайындау технологиясы – күрделі процессдеп қарастырылады. Бұйым сапасы мамандар мен жұмысшылардың біліктілігіне байланысты. Жаппай өндіріс киімдерін шығаратын кәсіпорындар техниканың, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл кәсіпорындарда жұмыс істейтіндерге ерекше талаптар қояды.
Кілтсөздер: киім, дайындау, технология, өндіріс, техниканың, жабдықтар, ұлттық мәдениеттің
Аннотация: В данной статье современная технология производства одежды рассматривается как сложный процесс. Качество продукции зависит от квалификации специалистов и рабочих. Предприятия, выпускающие одежду массового производства, характеризуются высоким уровнем оснащенности, технологии и организации производства, что предъявляет особые требования к работникам этих предприятий.
Ключевые слова: одежда, подготовка, технология, производство, техника, оборудование, национальная культура
Annotation: In this article, modern clothing production technology is considered as a complex process. The quality of products depends on the qualifications of specialists and workers. Enterprises that produce mass-produced clothing are characterized by a high level of equipment, technology and production organization, which places special demands on the employees of these enterprises.
Keywords: clothing, preparation, technology, production, machinery, equipment, national culture

Бүгінгі таңда киім дайындау технологиясы – күрделі үрдіс болып табылады. Бұйым сапасы мамандардың біліктілігіне байланысты. Жаппай өндіріс киімдерін шығаратын кәсіпорындар техниканың, технологияның және өндірісті ұйымдастырудың жоғары деңгейімен сипатталады, бұл осы кәсіпорындарда жұмыс істейтін мамандарға ерекше талаптар қояды. Жиырма бірінші ғасырда өз мамандығына шығармашыл әрі жоғары нәтижемен еңбек етуге қабілетті, жаңа техниканы пайдалануға епті жоғары білікті мамандарға деген қажеттілік тез өсуде. Қазіргі таңда өндіріс практикалық және теориялық жағынан жақсы дайындалған, жалпы білім беретін және арнайы пәндер бойынша терең білімі бар, техникалық мәдениеті жоғары мамандарға айтарлықтай деңгейде мұқтаж [1].Білім беру саласында тігін өндірісінің технологиясы механикаландырылған өндіріске айналуда. Оның тиімділігі арнайы машиналар мен

жабдықтарды қолданумен байланысты. Білімерлерге өндірістің ұйымдық нысандары өзгереді, кәсіпорындарды, әсіресе модельдер әзірлеу, өндірісті дайындау, киім пішу, тігу кезінде және әрлеу операцияларында автоматтандыру деңгейінің артатындығын түсіндәру қажет. Киім пішу өндірісінде қазірдің өзінде, жеке тапсырыс бойынша киім дайындау кезіндегі сияқты, материалды төсеммен пішуден жеке пішуге көшу байқалуда. Төсемде пішудің тартымды баламасы ретінде материалды жоғары жылдамдықпен жеке пішудің мәні айтарлықтай өсіп келеді. Жылдам пішуге арналған қондырғыларды қолдану, материалдың екінші немесе тіпті үшінші қабатын төсеуге қарағанда, ұтымдырақ болатынын білім алушыларға нақты түсінікпен жеткізу керек. Жаймаларды төсеуге және бөлшектерді ажыратуға қажетті уақыт пішу уақытына тең болады. Арнайы тігін машиналарының, жартылай тігін автоматтарының, тігін қондырғыларының және кешенді жұмыс орындарының қолданыста болуымен қатар, компьютерлермен басқарылатын технологиялық модульдер деп аталатын модульдер пайда болады[2]. Технологиялық модульдердің элементтерін әрекет ету принципінің мәнісі – жұмыс операциялары өңдеу процесінің басында дайындаманы қысқыш қима үлгілермен бір рет тіркей отырып, бірыңғай технологиялық циклде бірнеше тігін қондырғыларында орындалады. Қазіргі заманғы өндіріске компьютерлік техниканы меңгерген мамандар қажет, өйткені өндірістің көптеген сатылары аталмыш техникамен едәуір деңгейде жабдықталады. Кәсіпорын жұмысының жаңа мың жылдықтағы перспективалары әлеумет жілісімен тығыз байланысады. Тігін өндірісінің технологиясы тігін өндірісі саласында білім мен машықтың қажетті деңгейін қамтамасыз ететін арнайы пәндер циклінің мамандарына қажет. Киім адамзаттың материалдық мәдениетінің элементтерінің бірі болып табылады. Адамзат қоғамының әрбір тарихи даму кезеңінде тігін бұйымдарында көптеген өзгерістер болып отырады. Ол қоғамдық құрылыстың, техника мен экономика дамуының, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін, халық тұрмысының, көркемдік талап-талғамы мен салт-дәстүрлерінің талаптарын қарастырады. Қазіргі әлемде киімнен белгілі бір дәрежеде адамның дербестігі көрініс табады[3]. Киім үнемі аймақтың, климаттық жағдайларына қарай бейімделеді, сондықтан түрлі өңірлерде ол пішіні мен материалы жағынан әртүрлі болады. Әлемнің көптеген елдерінде жалпы еуропалық киім үлгілері қабылданған, осылардың негізінде әр түрлі әлеуметтік, географиялық және экономикалық ерекшеліктерге лайықты әрқилы киім түрлері қалыптасты. Қазір жалпы еуропалық киімдермен қатар ұлттық киім түрлері де үлкен сұранысқа ие. Еуропа елдерінің арасындағы өзара ірі тауар айналымына, оның ішінде киім саудасына байланысты, әйелдер, ерлер, қыздар мен ұлдар киімдерінің өлшемдеріне арналған стандарттар әзірленген[4]. Дизайн — қоғамда болып жатқан жаңа технологиялар мен құрылғылар, процестерді белсенді түрде игеруге, өз қимылын үздіксіз болжауға, жобалауға мәжбүр заманауи әлемде өмір сүретін адам ойының образы болып табылады. Әрине, XX ғасырдың басында адам қызметінде дизайн сияқты осындай бағыттың тууы объектілік әлеуметтік-идеялогиялық және экономикалық себептерген негізделген болды. Дизайн тарихының бастауы ретінде декоротивтік-қолданбалы өнерді дамыту қабылданған [5]. Біздің түсінігіміз бойынша барлық тәсілдеме дұрыс, алайда заттық-кеңістік ортаның көркемдік жобалауы тек материалдық құндылықтарды жасау ғана болып табылмайды. Дизайнның ғылыми негізі — техникалық эстетика болып табылады. Заманауи дизайнның ерекшелігі әр зат тек пайда, сенімділік және әдемілік жағынан ғана қарастырылмайды, сондай-ақ өндіру және қызмет ету процесінде оның байланысының барлық жақтарынан да қарастырылады. Дизайн тілін оның түрлері арқылы игеруге болады[6]. Бұрын өтіп кеткен буынның және заманауи шеберлердің тілін түсінуге үйрену керек. Дизайнерлер табиғаттан, жаңа технологиядан және материалдан, техникадан, өнерден перспективалық идеяларды іздейді. Нақты айтқанда, визуалды ақпарат көзінің әр түрлілігі жаңа образдар тудыруға көмектеседі. Дизайнерлер бізді қоршаған заттық-кеңістіктік ортаны қалыптастыруда маңызды рөл атқарады, осылайша оның пайда болуына жауапты болады. Соңғы кездері жаһандану процесінің негізінде дизайнның ең үздік жетістіктерін бойына

сіңірген интернационалдық стиль дамып келе жатыр. Дизайнер өз туындыларында өзінің қолтаңбасын қалдырады [7]. Ол осыны өнеркәсіптік масштабта жүзеге асыра алады. Дизайнер жаңа формаларды жасай отырып, заттың функционалдық мақсатын, оған қойылған эргономикалық және эстетикалық талаптарды, сақталу және пайдалану шартын, сондай-ақ материалдарын, өндіру технологиясын ескереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы). Астана. 30 тамыз, 1995

2. Ковешникова Н. А. Дизайн. Лаврентьев А. Тарих және и теория: оқу құралы. — М., 2009. Конструктивизм зертханасы. — М., 2000.

3.Рунге В. Ф., Сеньковский В. В. Дизайн теориясы мен әдіснамасының негіздері: оқу құралы. —М., 2003. Бейнелеу өнерінің тарихы: 2 томда. — М., 2013. Сокольникова Н. М.

4.Әмірова Э. К. Дайындау арнайы және спорттық киім / Э. К. Әмірова, О. В. Сакулина. — М.: Легпромбытиздат, 1985.

5.Апыхтина М. Н. Өндірісті ұйымдастыру өңдеу цехтарында тігін кәсіпорындары / М. Н. Апыхтина. — М.: Легкая индустрия, 1980.

6. Доможиров Ю. А. Тігін өндірісінің үрдіс ішіндегі тасымалдануы — М.: Легпромбытиздат, 1987.

7.Труханова А. Т. Иллюстрированное пособие технологиясы бойынша жеңіл киім М.: Жоғары мектеп, 2000.

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНА МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ

Нурымбетова Г.Е.
магистр оқытушы
Кентау гуманитарлық-техникалық колледжі
Кентау , Қазақстан
nurymbetova 1980@bk.ru

Түйіндеме: Бұл мақалада мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады. Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі қарастырылады

Кілтсөздер: Кәсіптік бағдар беру, мамандыққа дайындау, кеңес беру, құндылық, қабілет, мүмкіндік.

Аннотация: В данной статье выбор профессии и овладение ею начинается с профессионального самоопределения. Школа является центром, который организует и координирует работу по профориентации учащихся. Профессиональная направленность считается важной частью профессионального самоопределения студента.

Ключевые слова: Профессиональная ориентация, подготовка к профессии, консультирование, ценность, способность, возможность.

Annotation: In this article, the choice of a profession and mastery of it begins with professional self-determination. The school is the center that organizes and coordinates the career guidance of students. Professional orientation is considered an important part of a student's professional self-determination.

Keywords: Career guidance, preparation for a profession, counseling, value, ability, opportunity.

Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзін-өзі анықтау анықтау барысында педагогикалық кеңес берудің өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби кеңес пен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субьектісі ретінде болашаққа бағыт бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Кәсіби бағыттылық оқушының кәсіптік жағынан өзін-өзі айқындауының маңызды бөлігі ретінде мамандық таңдауға белсенді қарым-қатынасынан көрінеді. Кәсіптік бағыттылықты қалыптастырудың адами алғышарттары жоғары сыныптарда туындайды танымдық қызығуылық дамиды. XXI ғасыр табалдырығын аттаған шақта тәуелсіз Қазақстан дуниежүзілік білім кеңістігінде өз орнын айқындауды, еліміздің экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, парасатты, денсаулығы мықты азамат тәрбиелеп шығаруды мақсат етіп отыр.

Осыған орай орта білім берудің жоғары сатысындағы бағдарлай оқыту оқушыларды кәсіби дайындыққа дейінгі терең білім алудың кәсіптік оқытудың алғашқы бастамасы болып табылады.Мектеп – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастырушы және үйлестіруші орталық. Ал мектепте кәсіптік бағдар беру жұмысын негізінен іске асыратын мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабағының оқытушысы, сыныптан және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушы, яғни бүкіл педагогикалық ұжым болып саналады.Жоғары сынып оқушыларыныі кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдау олардың қабілеттері мен ұмтылыстарын түсінуге, өз мүмкіндіктерін ашудың жолдарын іздеуге көмектесуі керек және мектептегі педагогикалық процестің ажырамас бөлігі болуы керек дейді Н.В.Самаукина [2] .Осы бағыттағы жұмыс жоғары сынып оқушыларын болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағытталған өмірлік бағдарлар мен көзқарастарды қалыптастырудың мақсаты болып табылады, бұл мәселені шешу барысында психологтардың, мұғалімдердің, жоғары сынып оқушыларының ата-аналардың бірігіп жасалынатын тиімді жұмысы болып табылады. Жасөспірімдердің кәсіби өзін-өзі анықтауын психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары:

- жоғары сынып оқушыларына өмірлік құндылықтар, қабілеттер мен мүмкіндіктер туралы түсінік қалыптастыруға ықпал ететін жағдайлар жасау;
- жоғары сынып оқушыларын әртүрлі жағдайларды шешуде өзін-өзі талдау тәсілдеріне оқыту;
- білім беру процесін жоғары сынып оқушыларынаың кәсіби өзін-өзі анықтау практикасымен біріктіру;
- әр оқушыға оның кәсіби өзін-өзі анықтауын ескере отырып маршруттар ұйымдастыру.

Кәсіптік бағдарлау проблемасының әлеуметтік проблема ретіндегі маңыздылығы мен өзектілігі қоғамның кадрлардың теңдестірілген құрылымындағы объективті қажеттіліктері мен жастардың қалыптасқан субъективті кәсіби ұмтылыстары арасындағы қайшылықты жеңу қажеттілігінен көрінеді. Яғни, өзінің мақсаты бойынша кәсіптік бағдарлау жүйесі Еңбек ресурстарын ұтымды бөлуге, жастардың өмір жолын таңдауға, оны мамандыққа бейімдеуге айтарлықтай әсер етуі керек Л.И. Божович [3]. Мамандықтар саны өте көп. Жас кезімізде әрқайсымыз үлкен мамандық таңдау алдында тұрамыз. Әр түрлі еңбек түрлері адамнан әртүрлі және қайшылықты қасиеттерді талап етеді. Бірінші кезекте, бұл адамдармен қарым – қатынас жасау, оларды басқару немесе оларға бағыну, екінші жағдайда – қозғалыстардың жоғары мәдениеті, үшінші жағдайда-бақылаулардың ауырлығы. Орта мектеп оқушысы үшін мамандық таңдау ең маңызды, шұғыл және қиын мәселе болып табылады. Жас кезінде барлық жеке ерекшеліктер айқын көрінеді, олар

жиынтықта адамның жеке басының қорын анықтайды А.А. Грицанов [4] . Мамандық таңдау және оны игеру кәсіби өзін-өзі анықтаудан басталады. Кәсіби өзін-өзі анықтау өмірдің өзін-өзі анықтаудың бір бөлігі болып табылады және шартты түрде келесі кезеңдерге бөлінеді:

- мектепке дейінгі-бастапқы еңбек дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру;
- бастауыш мектеп-әр түрлі іс-шараларға (ойын, оқу, еңбек)қатысу арқылы адам өміріндегі еңбектің рөлін түсінудің пайда болуы;
- негізгі мектептің бірінші сатысы 5-7 сыныптар - мамандық таңдаумен байланысты өз мүдделері мен қабілеттерін сезіну;
- негізгі мектептің екінші сатысы 8-9 сыныптар - кәсіби сана-сезімді қалыптастырудың бастамасы;
- орта білім берудің үшінші сатысы (бітіруші сыныптар) - жеке оқу пәндерін тереңдетіп оқыту негізінде кәсіптік бағдарлау;
- кәсіптік оқу орнында оқу-мамандықты игеру;

Кәсіби қызмет - біліктілікті арттыру немесе басқа кәсіби қызметке қайта бағдарлау деген В.Н:Панферов [5].Психолог жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауында маңызды рөл атқарады, өйткені бұл кәсіби ниеттердің пайда болуы мен қалыптасуынан және әртүрлі еңбек салаларында бастапқы бағдарланудан басталатын процесс.Психолог оқушыға , қол жетімді қарым-қатынас және консультациялар, сондай-ақ өзі маман ретінде кәсіптік кеңес беру тиіс. Тренинг жұмысының тиімді әдістері болып табылады, оның барысында студенттер арасында белсенді кері байланыс бар. Кәсіптік бағдарлау бойынша қысқа мерзімді консультация барысында психологтың рөлі психологиялық сүйемелдеу шеңберімен және қандай да бір мамандыққа бейімділікті анықтау үшін құралдарды ұсынумен (психодиагностикалық әдістемелерді жүргізу және түсіндіру) нақты шектелуі тиіс. Психолог оқушыға өз қалауын нақты анықтауға, оларды құрылымдауға көмектеседі. Кәсіби бағдарлаудың жалпы стратегиялық мақсаты мен басты міндеттері негізінде әлеуметтік педагог өзіне жақын әрі нақты мақсаттар қояды: оқушыларды белгілі бір біліммен қаруландыру, білік пен дағдыларды қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді ашу, эстетикалық сананы, адамгершілікті және т. б. Тәрбиелеу.Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді және оқушылардың өздерін қызықтыратын сұрақтар шеңберін қамтидыОсылайша, психолог қоғамдық тәрбие жүйесін басқарудағы орталық тұлға болуы керек. Бүгінгі таңда психологтың міндеті-жасөспірімге өмірде өз орнын табуға, тәуелсіз, шығармашылық, жан-жақты дамыған тұлға болуға көмектесу. Бұл жасөспірімге өзін-өзі жетілдіруге және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі деген Н.Н.Чистяков,Ю.А.Захаров., Новикова , Л.В.Белюк [6] . Мектеп психологы үлкен жастағы балалардың өзін – өзі тануы үшін жұмыс істеуі керек, өйткені өзін-өзі тану мамандық таңдауға жеке көзқарасты жүзеге асырудың қажетті шарттарының бірі болып табылады. Өзіңізді басқа адамдармен салыстыру, өз мүмкіндіктеріңізді, жетістіктеріңізді білу және оларды айналаңыздағы адамдардың жетістіктері мен жетістіктерімен салыстыру. Іс жүзінде, ең күрделі проблемалар жұмыс әдістерімен ғана емес, оқушыға психологиялық-педагогикалық көмектің мәнін түсінумен де байланыстыОқу-тәрбие процесінде білім алушыларды қолдауды білікті мамандардң ұйымдастыруынсыз - әлеуметтік - психологиялық, медициналық-валеологиялық, педагогикалық жас ұрпақты өмірге сапалы даярлауды қамтамасыз ету мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы.Алматы, 2007.
2. Самаукина Н.В. Первые шаги школьного психолога «Феникс», 2000.
3. Божович, Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Педагогика, 2010.
4. Грицанов А.А.. Новейший психологический словарь Мн.: Книжный Дом, 2013
5.Панферов В.Н. Психология человека. СПб.: Издательство Михайлова В.А. - 2012.

6.ЧистяковН.Н.,Захаров Ю.А., Новикова Т.Н., Белюк Л.В. Профессиональная ориентация молодежи. Учебное пособие. – Кемерово; КГУ, 2008.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕГІЗІНДЕ БІЛІМГЕРЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС- ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Кішібаева Дариха Жүнісбекқызы
педагогика ғылымдарының кандидаты.,доцент
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан

Түйіндеме: Бұл мақалада жоғары педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі - болашақ мұғалімдердің инновациялық технологиялар негізінде кәсіби білігін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болғаны қарастырылады.
Кілтсөздер: бәсекеге қабілетті, шығармашыл, зияткерлік, іс-әрекетін, инновациялық білімдер.
Аннотация: В данной статье важным компонентом высшего педагогического образования является повышение квалификации будущих педагогов на основе инновационных технологий. В настоящее время понятие «педагогическая технология» трактуется по-разному. В суверенной стране создается новая система образования, и она идет по пути вхождения в мировое образовательное пространство. В связи с существенными изменениями в образовательном процессе изменилась парадигма образования, появилось новое содержание образования.
Ключевые слова: соревновательный, творческий, интеллектуальный, действие, инновационное знание.
Annotation: Summary: In this article, an important component of higher pedagogical education is the improvement of professional skills of future teachers based on innovative technologies. Currently, the concept of "pedagogical technology" is interpreted in different ways. Currently, a new system of education is being created in the sovereign country, and it is heading towards entering the world education space. Due to significant changes in the educational process, the paradigm of education has changed, new content of education has appeared.
Keywords: competitive, creative, intellectual, action, innovative knowledge.

Бүгінгі күні еліміздің әлемдік біртұтас білім кеңістігіне ену жағдайында мамандар дайындау сапасын арттыру білім беру жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі болып табылуда. Қоғамдағы үдемелі өзгерістер педагогикалық білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерге жаңа кәсіби ойлауды қалыптастыруды көздейді. Заманауи қоғам бәсекеге қабілетті, шығармашыл, жаңа өзгермелі жағдайларға тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамытатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін азаматтарды тәрбиелеуге қабілетті, кәсібилігі жоғары мұғалімдерді қажет етеді делінген Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында [1]. Осы қоғамдық сұранысқа сәйкес лайықты маман дайындауда ең бастысы олардың кәсіби шыңдалуына басымдық берілуде. Жоғары педагогикалық білім берудің маңызды құрамдас бөлігі - болашақ мұғалімдердің инновациялық технологиялар негізінде кәсіби білігін арттыру болып табылады. Қоғамның саяси, әлеуметтік-экономикалық, техникалық және мәдени дамуында білім беру жүйесінің рөлі өте жоғары екені белгілі. Тек осы білімділік қуаты ғана мемлекетіміздің лайықты бейнесін және

әлемдік қауымдастықтағы орнын қамтамасыз етеді, қоғамдағы әрбір адамның және халықтың әлемдегі статусын анықтайды. Ал, жоғары мектеп интеллекттік, ғылыми және мамандық қуаттың басты қозғаушы күші болып табылады. Еліміздегі зияткерлік және шығармашылық тұлғаны жасау мәселесі, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату заманауи қазақ қоғамының өзекті міндеттерінің бірі болып отыр. Осы тұрғыдан келгенде болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мазмұны ең алдымен іс-әрекет негізінде толықтырылумен байланысты деуімізге болады [2]. Бұл әсіресе бүгінгі күнгі нарық заманындағы өте өзекті мәселеге айналып отыр. Педагогикалық іс-әрекет – мақсатты бағытталған адам іс-әрекетінің ерекше түрі, себебі мұғалім өзінің алдына белгілі бір мақсат қоймауы мүмкін емес. Кең мағынада педагогикалық іс-әрекет жинақталған адамзат тәжірибесін болашақ ересектерге беру мәңгі әлеуметтік функциясын орындауға бағытталған. Осыдан шығатыны педагогикалық іс-әрекет адам баласын қоғамдық өмірге кірістіру бойынша ерекше, әлеуметтік және тұлғалық детерминацияланған іс-әрекет.Бүгінгі білімгер - ертең білімді ұстаз, тағылымды тәрбиеші, басқадан ойы озық тәлімгер болуы маман болып қалыптасудың баспалдақтарында басталады.Еліміздің тәуелсіздік алғаннан кейінгі білім саласындағы туындаған қиындықтар ұстаздар қауымын тығырыққа тіреп, дағдарысқа әкелді. Бұл дағдарыстан шығу үшін педагогтар бас қосып, қиыншылықтан шығу мәселелерін біріге қарастырды. Республикамыздағы белсенді, ізденіс үстіндегі оқытушылар өз қолдаушыларымен бір ұжым болып, ынтымақтастық педагогикасының аясында біріге қызмет етуге ынта білдірді. Олардың ерекшеліктері: біріншіден, жаңашылдық жолындағы авторлық курстар мен ғылыми-әдістемелік семинарлар, конференциялар ұымдастыру арқылы білім беру мазмұнын тереңдетумен айналысатын даму деңгейі жоғары дәрежедегі топ. Екіншіден, өзін-өзі жетілдіруші, қалыптастырушы, басқарушы жаңашыл жүйе. Үшіншіден, әр аймақтан ерікті түрде жаңашылдық ілімін қолдаушы, сыннан өткізуші, таратушы креативті оқытушылар тобы – жаңа үдерісті толық іске асырушы жаңашыл топ. Педагогикалық білім берудің заманауи тенденциясы болашақ мұғалімдердің іс-әрекеттерін қалыптастыруға үлкен талаптар қояды. Алайда болашақ мұғалімдерді қалыптастыру процесінің өзгермейтінділігі – жоғарғы мектепке қойылатын басты міндеттердің бірі, өйткені, бүгінгі күнгі педагог жан-жақты, инновациялық білімдермен қаруланған болуы тиіс. Мұндай сипаттағы білім тұлғаның бүкіл өміріндегі қоршаған ортамен ақпарат алмасуымен жүретін тұлға қалыптастырудың үнемі жалғасын тауып отыратын процесі болып табылады. Бүгінгі күнгі іс-әрекеті қалыптасқан мұғалім дегеніміз мұғалімдердің өздерінің шығармашылық ғұмырында жасайтын әрбір іс-әрекетінің «акме» деңгейінде болуын айта аламыз [3].Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіз мемлекет екендігін бүкіл әлемге дәлелдеді. Ендігі басты мақсат – осы мемлекеттің өркендеп өсуі, халықтық әлеуметтік, экономикалық жағынан кемелденуі болып табылады. Мемлекеттің әлеуметтік, экономикалық өсіп-өркендеуінің түпқазығы – білім мен ғылым екендігі даусыз. Бүгінгі заманда жаңа компьютерлік технологияларды енгізумен бірге «технология» деген ұғым жиі кездеседі. XX ғасырдың 60-шы жылдарындағы АҚШ пен Англияда пайда болып, содан бұл термин өмір қажеттілігіне байланысты дүниежүзіне таралып кетті. Педагогикада бұл ұғым оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы жоғарғы нәтижеге жетудің тиімді принциптері мен әдістерін анықтауға бағытталған. Егер материалдық өндіріс саласында еңбек затын бірте-бірте терең меңгеру негізінде еңбек өнімінің өсуіне әкелетін жаңа технологиялар жасалса, ол білім беру саласында басқаша, технологиялар ұстаз іс-әрекетінің жеке жақтарына сай жасанды, қолдан істелген конструкциялар ретінде жасалынады.«Технология» деген термин гректің түп тамыры «techne» - өнер, шеберлік, кәсіп және «logos» - ғылым, білім деген сөздерінен шыққан. Екі түп тамырының бірлігін шеберлік туралы ғылым немесе білімді беретін деген сөзді құрайды. Ол өндірістік үдерістерді жүргізудің тәсілдері мен құралдары туралы білімдер жиынтығы деген [4].Қазіргі уақытта «педагогикалық технология» ұғымы әр түрлі түсіндіріледі. Жаңа педагогикалық технология деген не? Ол үшін алдымен «техника», «технология»

терминдерінің мағынасын түсініп, тереңінде не жатыр, соны ақылмен аңғаруымыз қажет. Ол үшін әлемдік педагогикалық тәжірибеде «технология» ұғымының тарихына көз жүгірткеніміз жөн.

«Техника» терминінің екі мағынасы бар екені айқын:

- біріншісі - өндіріс құралдарының жиынтығы;
- екіншісі - бір істі орындағанда қолданылатын тәсілдер жинағы.

«Технология» термині сол тәсілдер жүйесі (ілім) деген мағынаны білдіреді .Бүкіл дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұл үрдіс педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жат-қан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, жастардың шығармашылық әулетін дамытуды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі - маңызды мәселелердің бірі.Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Атап айтқанда: білім мазмұны жаңа біліктермен ақпараттарды қабылдау қабілеттілерінің дамуымен, ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламаларынын нақтылануымен байи түсуде; ақпараттық дәстүрлі әдістері - ауызша және жазбаша, телефон немесе радиобайланыс қазіргі заманғы компьютерлік құралдарға ығысып орын беруде; баланың жеке басын тәрбиелеу, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға ретінде қалыптасуына көңіл бөлінуде; мектеп, отбасы мен қоршаған әлеуметтік ортаның бала тәрбиесіндегі рөліне мән берілуде [5Қазіргі қазақстандық білім беру кеңістігіндегі түбегейлі өзгерістер - тарихи объективті процес. Білім беру саласын реформалаудағы мақсат - білім беру жүйесін қайта қарап, оқушылардың шығармашылық бейімделуіне қарай бағдарлы, сатылы білім алуларына жағдай жасау болып табылады. Бүгінгі таңда оқушының білім сапасын бұрынғыдай білім, білігі және дағдысымен өлшеу жеткіліксіз. Қазіргі талап - білім сапасы оқушының алған білімін жеке басын әрі қарай дамытуына, тұлға ретінде қоғамның өркендеуіне пайдалана білуімен өлшенеді деп тұжырымдалады.Инновация дегеніміз (латын сөзі in - в, nous - жаңа) – жаңа мазмұнды ұйымдастыру, ал жаңалық енгізу дегеніміз – тек қана жаңалық енгізу, ұйымдастыру, яғни, инновациялық процесті мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, қалыптастыруды анықтайды, ал «жаңаша» деп жаңаның мазмұны, оны енгізудің әдіс-тәсілі мен технологиясын қамтитын құбылысты түсінеміз .Инновациялық технологияларды тиімді қолдану - болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға негіз болады. Бүгінде болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруда көптеген инновациялық технологиялар бар, оларға: миға шабуыл, ТРИЗ, жобалау технологиясы, ойын технологиясы, кейс стади және т.б технологиялар жатады.

Болашақ мұғалімдердің шығармашылық і іс-әрекетін қалыптастырудың бір көрінісі - сабақтарда оқытудың технологияларын тиімді қолдана білуі. Кейс стади технологиясын қолдану арқылы студенттедің бойында тиянақтылық, жүйелілік іс-әрекеті қалыптасса, миға шауыл технологиясын қолдану арқылы өзіндік пікірлері қалыптасады. Осылайша, жоғарыда аталған технологияларды пайдалану арқылы болашақ мұғалімдердің шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік аламыз. Болашақ мұғалімдердің іс-әрекетін қалыптастыру мәселелерін шешу, психологиялық-педагогикалық ғылымдардың озық жетістіктерін қолдану, оның ішінде инновациялық технологияларды қолдану, болашақ мұғалімдердің білім беру тәжірибесіне инновациялық оқыту технологиясын ендірудің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы Астана, Ақорда, 2007 жылғы шілденің 27-сі. № 319-III ҚРЗ

2.Таубаева Ш. Введение в методологию и методику педагогического исследования: учебное пособие. -Түркістан: «Тұран» баспасы, 2007. - 190 с.

3.Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. - Алматы, 2007. - 236 .

4.Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: Оқу құралы: - Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. -144 б.

5.Еркибаева Г.Ғ., Оқыту үрдісіндегі жаңа технологиялар: теория мен практика: Оқу әдістемелік құрал. –Алматы: ГиГаТРЭЙД, 2014. - 208 б.

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҚҰРАЛДАРЫН САБАҚТАРДА ПАЙДАЛАНУ

Есқарава А.И.
Некрасов атындағы № 9мектеп- гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі,магистр аға оқытушы
Түркістан қ, Қазақстан Республикасы

Түйіндеме: Бұл мақалада жаңа технологияны оқып-үйрену, болашақ ұстаздардың шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алатыны қарастырылады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптастырылғаны айтылады.

Кілтті сөздер:. жаңа технология, қарым-қатынас, шығармашылық, ойлау, дамыту.

Аннотация: В данной статье рассматривается, что изучение новых технологий, развитие творческого мышления будущих учителей, совершенствование их профессиональных знаний и навыков, открывает им путь к постоянному поиску. Говорят, что в текущий период во всех аспектах сферы образования сформировался новый подход, новые отношения, новый образ мышления.

Ключевые слова: новые технологии, общение, творчество, мышление, развитие.

Annotation: In this article, it is considered that studying new technology, developing creative thinking of future teachers, improving their professional knowledge and skills, opening the way for them to constantly search. It is said that in the current period, a new approach, a new relationship, a new way of thinking has been formed in all aspects of the field of education.

Keywords: new technology, communication, creativity, thinking, development.

Қазақстан қоғамының қазіргі заманғы даму кезеңінде ғылымның және білім берудің дамуы әлеуметтік-экономикалық жүйенің бәсекелі маманды даярлау жағдайында алдыңғы қатарлы мемлекеттің қатарына енді. Қазақстан Республикасында білім берудің дамуының Мемлекеттік бағдарламасына сәйкес прогрессивті технологияларды және оқыту жүйелерін жасау және енгізу жоғары білім берудің даму шарттарының ажырамас бөлігі болып табылады [1]. Өмірмізде болып жатқан түбегейлі өзгерістер қоғамымызға жаңа талаптар қойып отыр. Осыған орай бүгінгі жаңа технологияны оқып-үйрену, бастауыш сынып ұстаздарының шығармашылық ойлауын дамыту, кәсіби білімін, шеберлігін жетілдіру, үнемі ізденіс үстінде жүруіне жол ашу ерекше орын алады. Қазіргі кезеңде білім беру саласының барлық жағына жаңаша көзқарас, жаңаша қарым-қатынас, жаңаша ойлау қалыптасуда.Тиімді оқыту жолдарын бүкіл әлем педагогтары қарастыруда. Нәтижелі оқыту мәселесі педагогика мен психологияның соңғы жаңалықтарын қолдану

негізінде жүргізілуде.Мемлекеттікті нығайту және ұлттық қызығушылықтардың дамуы мәселелерінде ақпараттық технологияларды енгізуді қолдану және кеңейтуде үлкен қажеттілік туындап отыр[2]. Сонымен бірге білім беруді ақпараттандыру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдері мамандарының ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Ал, қазіргі таңда жоғарыдағы аталған мәселе қалай жүзеге асырылып жатыр деген сауал туындайды. Әсіресе, мемлекеттік тілде осы бағыттағы мәселелер әлі де жеткілікті деңгейде емес. Осыған байланысты бастауыш сынып мұғалімдерінің мамандандырылған қызметіне сәйкес оқу қызметін ұйымдастыру маман даярлау жүйесінің қажетті кешені болып табылады. Сондықтан ұрпақ тәрбиесімен айналысатын әлеуметтік, педагогикалық, психологиялық қызметтің тиімділігін арттыру, оны жаңа сапада ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Бұл үшін әрбір бастауыш сынып мұғалімінің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық, психологиялық негіздерін меңгеруі мақсат етіледі. Инновациялық технологияны пайдалану міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, мүмкіндік деңгейге жеткізеді. Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына бағыттап қамтамасыз ету процесі. Компьютерді бастауыш сынып мұғалімі косымша материалдар, әртүрлі анықтамалық мәліметтерден акпараттар беру үшін көрнекі құрал ретінде пайдалана алады. Қажетті акпараттарды жинақтауда электрондық техникаларды енгізу уакыт үнемдейді, қарастырып отырған кезеңде акпараттың толықтығын жоғарылатады, ақпараттық-аныктамалық жүйе құрамында электрондық құрырғылармен жұмыс істеу дағдысын калыптастыруға мүмкіндік туғызады[3].Жаңа ақпараттық технология құралдарын бастауыш сынып мұғалімі сабақтарда пайдалану, оқушының шығармашылык, интеллектуалдык қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағдыларының қалыптасуына әкеледі. Мамандардың біліктілігін көтеру міндеттерін шешуде оқу процесінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі мүмкіндіктері ұсынылады:

- ақпараттық мәдениет элементтерін қалыптастыруда білім мекемелерінің мамандарының қажеттілігін қанағаттандыру: желілік технологиялар саласы бойынша жаңа білімдер алу;
- пән мұғалімдерін,бастауыш сынып мұғалімдерін жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне еркін пайдалана білуге үйрету;
- қашықтықтан оқыту формаларына мұғалімдердің қызметін бағыттау;
- облыстағы білім беру мекемелерін ақпараттандырудың ғылыми-әдістемелік бағыт бойынша жетекшілік ету;
- оқу процесі мен ғылыми-әдістемелік жұмыстарға жаңа ақпараттық технологияны қолдану негізінде олардың озық тәжірибелерін тарату[4].

Құзырлылық оқу нәтижелерімен қатар, білімгерлердің шығармашылық іс-әрекеттері мен құндылық бағдарларының жүйесін көрсетеді. Құзырлылық – бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік құзырлылықты адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады[5].Ғалымдар құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оның төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы + әдістердің оралымдылығы + ойлаудың сынаулығы. Аталған анықтамадан кейін біз ақпараттық құзырлылық дегеніміз не? анықтамасына тоқталайық. Ақпараттық құзырлылық – бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті[6].Жалпы алғанда, дәстүрлі оқыту әдістемесінде «құзырлылығын» жаңа ұғым емес. Мысалы, лингвистикалық құзырлылығын орыс, қазақ тілдерін оқыту әдістемесінің мамандары бұрыннан қолданып

келеді. Ал тіл мен информатикада коммуникативтік құзырлылығын жиі қолданылады[7].Студенттердің кәсіптік құзыреттілігі, ең әуелі, орта кәсіптік білім беретін оқу орындарында оқыту үрдісі кезінде қалыптасады. Ол оқу үрдісінің негізгі сапа көрсеткіші болып табылады және қойылған мақсатқа жетуді көздейді.Бүгінгі қоғамда маманның әлеуметтік кәсіби қызметі елеулі өзгеріске ұшырады. Қазір өз бетімен білім алу, өз жұмысын ұйымдастыра білу, өзін-өзі реттей білу, жауапкершілік, практикалық интеллект, сенімділік, жоспарлауға қабілеттілік, өзін-өзі бақылау сияқты сапалар мен қасиеттер сұранысқа ие болып отыр. Өйткені, заман талабы педагог маманның құзырлылығын сапаларын қоғамның жаңа құрылымына сәйкес белгілеп отыр[8]. Білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Осы жоғары құндылық сапасын көтерудің басты шарты – педагогтардың кәсіби құзырлылығын дамыту болып табылады..Оқытушы – білім беру органы құрылымындағы өзінің мәртебелік, функциялық рольдің сипаттамаларына ие ерекше әлеуметтік-кәсіби топ. Ол – жалпы орта және жоғары білім беретін оқу орны маманның әлеуметтік құрылымындағы ерекше категория. Мұғалімдер ғана білім алушыларға, ұрпақтан-ұрпаққа үздік ұлттық–мемлекеттік және білім беру дәстүрлері мен тәжірибелерін тыңдап, сақтап, насихаттап отырады.Қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту бастауыш сынып мұғалімдерінің де басты міндеті болып отыр [9]. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың жаңа инновациялық педагогикалық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты білгір маман болу мүмкін емес. Жаңа педагогикалық технологияны меңгеру бастауыш сынып мұғалімінің зейін-зерделік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген ұстаздық келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруына көмектеседі. Қандай сабақтың болмасын қызықты өтуі мұғалімнің үнемі іздену, ұтымды әдіс – тәсілдерді қолдану, оқыту әдістемесін жаңартып отыруына байланысты. Барлық қоғамдық, өндірістік, және ғылыми қызметтің аясында ақпараттандырудың қазіргі кездегі жағдайы жаңа ақпараттық технологияны қолданумен байланысты ол бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы // Егемен Қазақстан, 1999, 7 маусым

2.Алишев, Т.Б. Система образования в Сингапуре / Т.Б.Алишев, А.Х.Гильмутдинов //Электронный ресурс. – Режим доступа: my-volga.ru/ content/ sistema-obrazov.

3.МұханбетжановаА.. Педагогикалық жүйетану негіздері. Оқулық. - Алматы, 2015ж.

Мультстудия «МЕН ӘЛЕМДІ ЖАСАЙМЫН» модулі мектепке дейінгі ересек жас балаларын қамтиды және көркем мен техникалық шығармашылықтың синтезі ретінде қарастыруға болады. Бұл модульде балалар педагогтың көмегімен мультфильм түсіреді. Жұмыс барысында Легодан құрастырғанын, қамырдан, не ермексаздан мүсіндеген бейнелерін қолдануға болады.

«Робототехника» модулі бүлдіршіндердің логикасын дамытады, оларды жоспарлауға, модельдеуге, ақпаратты өңдеуге үйретеді, дегенмен ауылды жерлердегі көптеген мектепке дейінгі ұйымдарда робототехникадан жұмысты ұйымдастыру мүмкіндік болмай жатыр.

Біздің мектеп жанындағы шағын орталығында ағымдағы оқу жылында «Өлі және тірі табиғат нысандарымен эксперимент жасау» мен «Математикалық даму» модульдеріне баса назар аударылады. «Өлі және тірі табиғат нысандарымен эксперимент» модулі балалардың қоршаған ортаны зерттеуге табиғи қызығушылығына негізделеді. Бүлдіршіндер әрдайым қоршаған ортаны тануға тырысады: ойыншықтарды бөлшектейді, қағазды умаждайды, жыртады; құстарды, жануарларды, жәндіктерді бақылайды. Баланың бұл әрекеті – оның дамуының негізгі көзі. Зерттеу жұмысы, эксперимент жасау мектеп жасына дейінгі балалардың ойынбен қатар негізгі қызметтің түрі. Эксперимент жасаудың ең басты артықшылығы – шынайы жағдайда өлі және тірі табиғат нысандарының өзара байланысын ашу. Зерттеу жұмысы мен эксперимент барысында балалардың есте сақтау қабілеті дамиды, салыстыру, топтастыру, талдау әрекеттері арқылы ойлау үдерістері белсендіріледі. Бұл жұмыс түрлері әдетте топпен, не жұппен орындалады, жұмыс барысында анықталған қатысушылар ақпаратпен бөліседі, әңгімелеседі, сол арқылы тілі дамиды. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда бұл модульдің рөлі ерекше екені анық.

Топтың «Зерттеу бұрышында» орналасқан құм, тұз, қант, тас, балшық, мақта секілді табиғи материалдарды ортаңғы және ересек топ балалары зерттеп, олардың қасиеттерін анықтайды

Мысалы, құмды зерттегенде, балалар оның түсін, сусымалы екенін анықтайды. Лупамен қарап, оның ұсақ түйіршіктерден құралағанын айтады. Құм үрлесе, жеңіл ұшатынын анықтайды. Су құйса, құмнан мүсіндеуге болады. Құмға сурет салуға болатынын, жазда құмда ойыншықтармен ойнайтынын айтады. Зерттеуді жобалық жұмыс ретінде де жалғастыруға болады. «Көкөністер» тақырыбын өткенде балалардың сүйікті көкөнісі - сәбізбен түрлі эксперимент жасадық, кейін оның емдік қасиеттерін ата-аналармен ізденіс жұмыс арқылы білді, мектепалды баққа сәбізді ектік, солай оның екіжылдық өсімдік екенін анықтадық. Осылай эксперименттен басталған әрекет зерттеу жұмысқа айналды. «Жабайы жануарлар мен үй жануарлары» тақырыбын өткенде, жануарларды топтастырып, әр топ жануарларының ерекшелігін атады. Ізденіске баулу мақсатында ит пен қасқырды салыстыруға ұсынуға болады. Сырт келбетіндегі ұқсастығын атайды, қасқыр туралы бейнероликтерді көрсету арқылы қандай айырмашылығы бар екенін анықтап, Венн диаграммасын толтырады.

Бала, ересек адамнан қарағанда, күнделікті өмірінде бейтаныс математикалық ұғымдармен жиі кездеседі, себебі ойын барысында да, құрастырғанда, сурет салса да, жапсырса да, мүсіндеумен айналысса да, оған геометриялық пішіндермен әрекет жасауға, шама, көлем жағынан заттарды салыстыруға, санауға тура келеді, сондықтан бұл дағдыларды қалыптастыру, дамыту ауадай қажет[6]. «Математикалық даму» модулі геометриялық пішіндермен танысу, шама, сан, уақыт ұғымдарды кешенді меңгеруді қамтиды. Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мемлекеттік бағадарламасының да міндеті бақылау арқылы қоршаған орта заттарының санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету болып табылады[2] Математикалық дағдыларды қалыптастыру ойын мен практикалық әрекетті қатар қолданғанда нәтижелі болады.

Осыған орай жұмыс келесі бағыттарда жүргізіледі: геометриялық пішіндермен танысу; шамамен танысу; сандармен танысу; дамытушы ойындар және ұйымдастырылған іс әрекет кезінде де, серуен кезінде де, тіпті Ертеңгілік пен мерекелер өткізу барысында да жүргізуге болады.

Мысалы, ортаңғы топта шаршы пішінімен таныстыруда алдымен балаларға түрлі көлемдегі шаршы пішіндері ұсынылып, оны зерттеуге ұсынылады. Пішіннің төрт бұрышы бар екенін, сондықтан шеңбер секілді домала алмайтынын айтады. Пішіннің қабырғаларын салыстырып, төрт жағы да бірдей екеніне көздері жетеді. Сол кезде педагог шаршы деген терминмен таныстырады. Түрлі көлемдегі шаршыларды беттестіру, не қатар қою арқылы салыстырып, шаршы үлкен де, кішкене де болатынына назар аударады. Ал ересек топта осы тақырыпқа көру диктантын өткізуге болады. Ол үшін тәрбиеші ауызша балаларға нұсқау беріп отырады: ортаға домалақты орналастырыңдар, жоғарғы жағына 3 шаршыны қойыңдар, домалақтың астына 4 тіктөртбұрышты орналастырыңдар. Парақтың бұрыштарына үшкір жағын бұрышқа келтіріп үшбұрыштарды орналастырыңдар. Неше үшбұрышты пайдаландыңдар? Балалар орындау барысында пішіндерді қайталап қоймай кеңістікті бағдарлау, шаманы, санау дағдыларын да бекітеді.

Шамамен танысуды балалар заттарды өлшеусіз салыстырудан басталады. Балалар не көз мөлшермен, не беттестіру, қатар қою, бірінің үстіне бірін қою тәсілдері арқылы «ұзын-қысқа», «жалпақ-жіңішке», «жуан – жіңішке», «үлкен-кішкентай» ұғымдарын меңгереді. Ересек топ балаларына өлшеу үшін қоршаған ортадан бір затты ұсынуға болады, немесе балалар өздері таңдап алады. Мысалы, берілген ыдысқа неше кружка су сыяды, немесе үстелдің ұзындығы неше қарындаш болады? Бұл тәсіл балаларға сандарды практикада қолдануды көрсетеді.

Мектепке дейінгі жас балалардың сандармен танысуы жиын деген түсініктен басталады. Ортаңғы топта біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету, қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, "қанша? неше?" сұрағына жауап беру дағдылары дамытылса, ересек топта жиынның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беріледі, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуге үйренеді. Жиынды түсінгеннен кейін балалар нақты сан мен цифрлармен танысады. Мысалы, 3 санымен танысқанда, балаларға үш тотықұс салынған сурет көрсетіледі. Енді неше тотықұс бар, астына сонша тор орналастыру ұсынылады. Қанша тотықұс екенін санап айтады. Қызыл тотықұс нешінші отыр, жасыл тотықұс нешінші деген сұрақтар қою арқылы балалар қанша? нешінші? деген сұрақтарды ажыратуға үйренеді. Цифра дегеніміз жазылған сан екенін түсіндіріліп, келесі тәсілдермен цифрларды жазуға үйретіледі: ауада жазу, құмда жазу, ермексаздан мүсіндеу, таяқшалардан құрастыру, конструктордың бөлшектерден құрастыру, цифрларды түрлі түстілерге бояу. Сандармен танысу ертегілер оқу барысында да жалғасады, себебі ертегілер арқылы балалар кез келген ақпаратты жеңіл меңгереді.

Математикалық модульде дамытушы ойындар туралы айтқанда, алдымен біз шығармашылық ойындар туралы сөз қозғаймыз, себебі мұндай ойындарда балаларға еркіндік, уақыт, өз қатесін түзетуге мүмкіндік беріледі. Аралас топ балаларына ұсынылған ойындардан ең тиімдісі – Б.П.Никитинның текшелерімен ойыны деп есептеймін[5]. Б.П. Никитин баланы ерте дамыту керек екенін және мектепке дейінгі жас ең қолайлы кезең екенін айтқан алғашқы педагогтардың бірі . Оның 27 текшесі үш түсті – қызыл, сары, көк. Барлық тапсырмалар осы үш түске байланысты болады. Балалардың жас ерекшеліген сай тапсырмалар күрделеніледі. Кіші балаларға бір түсті текшелерді бір қатарға қою, немесе бір түсті шаршы құрастыру ұсынылса, ересек балалар үлгіге қарап өрнек құрастырады. «Уникуб» ойыны күрделі, баладан төзімділік талап етеді, оның логикасын, ойлау, салыстыру, кеңістіктік бағдарлау қабілеттерін, түс пен пішіндерді үйлестіруге үйретеді, өз жұмысының нәтижесін көріп, бағалауға жетелейді.

STEAM технологиясының маңыздысы шығармашылыққа, эмоцияға жауап беретін бала миының оң жақ жартыбөлігін дамытады. Өзгеріп жатқан қоғам мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтарынан тиімді жаңа оқыту әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді. Баланы сыни ойлауға, өз бетімен шешім қабылдауға үйрету – бұл заманауи технологиялардың негізгі стратегиялары. Егер біз өскелең ұрпақтың болашағына баспалдақ болатын білім мен тәрбие берсек, келешекте олар білікті ді, білімді, елін, жерін сүйетін тұлға болатынына сенімдімін.

ӘДЕБИЕТ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2022ж. 3 тамыз № 348 бұйрық
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы 2022ж. 14 қазан № 422 бұйрық
3. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2023-2024 оқу жылында тәрбелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқау хат (2023 жылғы 26 шілдедегі №7 хаттама).
4. О.Маркова «Использование «STEAM» технологий в дошкольном образовательном учреждении» //https://www.maam.ru/detskijsad/-ispolzovanie-steam-tehnologii-v-doshkolnom-obrazovatelnom-uchrezhdeni.html//
5. Б.П.Никитин «Ступеньки творчества или развивающие игры» Москва «Просвещение» 1990г.
6. Сообщение "Математическое развитие по СТЕМ технологии в детском саду" //https://infourok.ru/soobshenie-matematicheskoe-razvitie-po-stem-tehnologii-v-detskom-sadu-5694196.html//

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ХИМИЯ ПӘНІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУДАҒЫ ҮЙ ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ РӨЛІ.
РОЛЬ ДОМАШНИХ ЭКСПЕРИМЕНТОВ В ПОВЫШЕНИИ ИНТЕРЕСА УЧАЩИХСЯ К ХИМИИ.
THE ROLE OF EXPERIMENTS IN INCREASING STUDENTS' INTEREST IN CHEMISTRY

Керешова Бибигул Асылбековна
Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі,
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы, Подстепное ауылы.
bibigul.kereshova.83@mail.ru

Аңдатпа: Қызықты тәжірибелер жасау арқылы оқушының ойлау, өз ойын еркін жеткізе алу, ғылым білімге деген ынтасы артады, шығармашылық қабілеттері дамиды, дүниетанымы кеңейеді, пәнге қызығушылығы артады.

Аннотация: Путем постановки интересных экспериментов увеличивается мышление ученика, способность свободно выражать свои мысли, его энтузиазм к науке и образованию, развиваются творческие способности, расширяется мировоззрение, возрастает интерес к предмету.

Annotation: By setting up interesting experiments, the student’s thinking increases, his ability to freely express his thoughts, his enthusiasm for science and education, his creative abilities develop, his worldview expands, and his interest in the subject increases.

Түйін сөз: Үй тәжірибелері, қызығушылық, шығармашылық, сыныптан тыс шара, пәнге қызығушылық, эксперимент

Мемлекетімізді дамыған өркениетті елдер деңгейіне көтеру үшін болашақ ұрпақты мектеп қабырғасынан бастап жан-жақты білімді, кәсіпкерлік ортаға бейімді етіп тәрбиелеу басты бағытымыз. Әрбір баланың болашағы мектепте қаланған білімге байланысты. Себебі, ертеңгі тәуелсіз еліміздің болашағы – бүгінгі мектеп оқушылары.

Қазіргі заман мектебі бала үшін қызмет ету керек, ол білімді өмірде қолдана білетін, көпшілікпен араласа алатын, ішкі мәдениеті, ойлау және сезіну қабілеті бар адам дайындау керек.

Мақсатымыз – мектеп бітірушінің барынша көп білуі емес, оның өзіне қажетті білімді өзі біліп, іздеп табуға үйренуі, оқу, кәсіптік, тұрмыс мәселесін кез келген жағдайда шешіп, іс-әрекет жасай алатын болу керек.

Жаратылыстану ғылымы қиын болғаны мен өте қызықты. Соған қарамастан ғылым мен техниканың дамыған заманында өмір сүрген жеткіншектердің зор ынта мен қызығушылық аудару біздің басты міндетіміз. Оқушылардың танымдылық белсенділігі мен қызығушылығын арттырып, теориялық алған білімдерін өмірмен ұштастыру білімге деген ынтасын аттыруда сарамандық жұмыстармен қатар сыныптан тыс өткізілетін іс-шараларда өз қолымен жасаған тәжірибелердің алатын орны ерекше. Әрбір өз қолымен істелген тәжірибелік жұмыстар оқушылар бойында белгілі бір икемділік, іскерлік дағды қалыптастыру білім мен білік, іс - әрекет дағдыларын тығыз қалыптастыра отырып, есте сақтау, тез ойлау, дұрыс жауап беру, өз пікірін айту, дәлелдей алу әрекеттері күшейіп, ой-өрісі шыңдала түседі. Қызықты тәжірибелер жасау арқылы оқушының ойлау,өз ойын еркін жеткізе алу, ғылым білімге деген ынтасы артады, шығармашылық қабілеттері дамиды, дүниетанымы кеңейеді. Өйткені белгілі бір «сиқырлы құпиясы» бар, «ғажайыптар» жасау – жаратылыстану ғылымдарын өмірмен байланыстыратын тамаша әдіс.

7–8 сынып оқушылары қызықты тәжірибелер жасау арқылы оқушылар жаратылыстану ғылымдарының негізгі ұғымдарымен қаруланып, берілген әр тақырып бойынша химиялық тәжірибелік жұмыстар жасауға мүмкіншілік алып, ғылыми зерттеулер жүргізуге үйренеді.

Барлығы ғылыми экспериментпен тек арнайы лабораторияда арнайы ғалымдар айналысады деп ойлайды. Бірақ біздерде ол олай емес.

Бұл нағыз эксперименттің энциклопедиясы болып саналады. Жас ғалымдарға жаңа жарқын тамаша әлемді ерекше заңдылықтарымен ашады. Бұл қызықты тәжірибелерді орындау үшін заманауи құрылғылармен жабдықталған зертхананың қажеті жоқ, бұл тәжірибелерді үйде отырып бөлмеде, ас үйде, саяжайда тіпті көшеде де жасай алады. Қажетті құрал – жабдықтар ретінде асханалық ыдыстар, пластикалық және шыны бөтелкелер, шырпы, май шам, термометр т.б. заттар пайдаланылады.

Жаратылыстану ғылымдарының, яғни физика, химия, биология, география ғылымдарынан көрсетілетін қызықты тәжірибелердің оқу бағдарламасы шеңберінде белгілі бір тақырыптарға, сыныптан тыс жұмыстарға қолдануға болатын түрлері мен жасалу әдістері көрсетілген.

Оқушыларға қызықты тәжірибелерді көрнекі көрсету арқылы,іскерлік дағдыларын қалыптастыруға,өз бетімен жұмыс жасау шеберліктерін дамытуға, ұқыптылықпен тиянақтылыққа тәрбиелейді.

Мектептегі қызықты тәжірибелердің алатын орны.

Оқушыларға жеке пәннен тек теориялық білім беріп қана қою жеткіліксіз және пәнге қызығушылығын арттыру үшін қызықты тәжірибелерді жасату арқылы, кейбір заңдылықтарды өмірде қолдануға дағдыландырады. Сонымен қатар сыныптан тыс жұмыстарда үнемі қызықты тәжірибелерді кірістіре отырып жүзеге асырылады.

Оқушылармен өткізілетін химиялық кештердің бір бөлімінде үнемі 7 – 8 сынып оқушылары қызықты тәжірибелерді көрнекті көрсетуге арналады. Онда әрбір тәжірибеге бір немесе бірнеше оқушыдан бөлінеді оқушы өзі істейтін тәжірибені бірнеше рет қайталап жасап дағдыланады.

Тәжірибені әр түрлі қызықты әңгімелермен байланыстыра көрсету өте тиімді. Қызықты тәжірибелерді «кілтін» немесе мәнін бірден айтудан гөрі оқушылардың өздерін ойландырып айтқызған дұрыс. Тәжірибе жасайтын оқушыларды таңдап алудың да өзіндік ерекшелігі бар. Тәжірибе жасайтын оқушы өзінің сөзімен, іс-қимылымен оқушыларды шын мәнінде «сиқыршы» тәрізді тартатындай болуға тиіс.

Соңғы кезде сыныптан тыс жұмыстарда кештер мен иннтеллектуалды ойындарда танымдық сұрақтар көбінесе өмірмен байланысты болады және кейде тәжірибенің жасалу жолдарын беріп, қандай заңдылыққа негізденгенін түсіндіретін жарыс түрінде жиі ұйымдастырылады.

Мектепте өткізілетін химиялық кештер тақырыбына қарай бірнеше түрге бөлінетіні белгілі сол кештердің бір бөлімі қызықты тәжірибелер көрсетіліміне арналса кешіміз қызықты болып өтеді.

Тақырыбы: Қалқыған жұмыртқа

Мақсаты: Жұмыртқа қабығы мен сірке қышқылының арасындағы реакция нәтижесін қызықты тәжірибе арқылы көрсету

Қажетті заттар:

- піскен жұмыртқа,
- үлкен стақан;
- сірке қышқылының ерітіндісі (1:1қатынаста)

Жалпы түсінік

Сен піскен жұмыртқаның суда бататынын білетін боларсың . Ал біз саған піскен жұмыртқаның ешкімнің көмегінсіз жоғарыға қалқып шығатын бір тәжірибе жасаймыз

Тәжірибе :

Үлкен стақанға сірке қышқылын толтыр . Піскен жұмыртқаны стақанға сал . Жұмыртқаның ыдыстың түбінен жоғарыға қарай көтеріліп жатқаның бақыла . Ол төменге түспей тұрып ұстап ал!

Нәтиже:

Піскен жұмыртқа стақан түбіне бірден қонды . Бірақ жұмыртқа қабықшасы мен сірке қышқылының арасында газ бөлу реакциясы байқалды. Оның көпіршіктері жұмыртқа қабықшасына қонады . Олардың саны артып, көлемі ұлғаяды . Бір уақытта көпіршіктермен толығымен жабылған жұмыртқа жоғарыға қозғалады . Жайлап , бірақ дұрыс жолмен жұмыртқа жоғарыға қарай ұмтылды . Содан кейін жұмыртқа сұйықтықтың шекарасына тиеді , сосын қайта батып кетеді . Газдың бөлінуі түбінде де жалғасады . Жаңа көпіршіктер жұмыртқаның тысын басады , соған қарамастан қайта жоғарыға шығады , ал кейін қайта батады. Эксперименттен кейін жұмыртқаны жеуге болмайды . Алайда тәжірибенің көрінісі азаймайды . Неге жұмыртқаға осылай болып жатыр ?

Қорытынды:

Жұмыртқа қабығының негізгі компоненті карбонаттар деп аталған тұз . Қышқылдармен әсер еткенде, ыдырап көмірқышқыл газы түзіле бастайды. Тап осы газдың кішкене көпіршіктерімен жұмыртқаның қабығы жамылады . Бір уақытта көпіршіктің саны жұмыртқаның қабығында көбейгені сонша , судың итеру күшінің әрекетінен жұмыртқа жоғарыға қалқып шығады . Жұмыртқаның бетіне ауа тиген соң , көпіршіктің көпшілігі жарылады да , жұмыртқа ауырлық күшінің әсерінен төменге түседі . Содан соң осы әрекеттер қайталанады : көпіршіктің саны көбейеді, жұмыртқа қайтадан жоғарыға көтеріледі.

Тақырыбы: Кофейн алу

Мақсаты: қара түйіршік шайдан қарапайым жағдайда кофеин алу.

Қажетті заттар:

- Қара шай,
- су,

- шағын металл ыдыс,
- отқа төзімді шыны стакан,
- келіше мен келі сап,
- қасық.

Жалпы түсінік

Шай мен кофе адам ағзасына сергіткіш қасиетке ие. Ал сол сергіткіш қасиетке ие затты алып көрейік.

Тәжірибе:

Келішеге бір ас қасық қара шайдың түйірлерін салып, келі саппен езгілейміз. Ұсақталған қара шайды металл ыдысқа салып, оны орташа жанған отқа қою керек. Оның үстіне отқа төзімді шыны стаканға су толтырып қою керек. Шыны стаканның түбінің диаметрі металл ыдыстан үлкен болуы шарт. Металл стаканды қыздыруды 7-12 минут жалғастырып, болған соң отты сөндіріп шыны стаканның түбіне назар аудар.

Нәтиже:

Стаканның түбіне ақ түсті қақ тәрізді зат пайда болады. Бұл не?

Қорытынды:

Стакандағы ақ зат бұл – кофеин. Кофеин – шай мен кофе құрамындағы сергіткіш зат. Реакция нәтижесінде кофеин қатты күйінен газ күйіне бірден ауысады. Газ күйіндегі кофеин салқын стаканға жанасып, қайтадан қатты күйге ауысады

Тақырыбы: Бөтелкедегі лава.

Мақсаты:Оқушыларға бөтелке ішінде лава жасауды үйрету.

Қажетті заттар:

- көлемі 1литрлік таза пластмасса бөтелке,
- құйғы,
- үлкен қолшам,
- тағамдық бояғыш (қандай түсті болса да бәрібір),
- өсімдік майы,
- көпіргіш (шипучая) таблетка.

Жалпы түсінік:

Өсімдік майы мен су қандай жағдайда да араласпайтыны бәрімізге мәлім. Енді осы қасиеттерге сүйеніп тәжірибе орындайық.

Тәжірибе:

Көлемі 1литрлік таза пластмасса бөтелкеге ¾ стакан су құй. Бұл үшін құйғыны пайдалан. Суға азғана тағамдық бояу сеуіп, әбден шайқап араластыр. Бояу еріген соң бөтелке аузына 2 – 3 сантиметр жетпейтіндей етіп өсімдік майын құйып, сұйықтар бөлініп шыққанша бірнеше минут күт. Боялған сұйықтық бөтелкенің түбінде қалады. Көпіргіш таблетканы тең екіге бөл. Қолыңа қолшамды алып, жарықты өшір. Қолшамды бөтелкенің астыңғы жағына ұстап, жарты көпіргіш таблетканы бөтелкеге тастап жібер. Енді болған жайды бақыла.

Нәтиже:

Көпіргіш таблетка боялған су бөлігіне түсе салысымен одан әртүрлі мөлшердегі түрлі түсті боялған тамшылар көптеп бөліне бастайды. Олар май бөлігінен өтіп бөтелке аузына қарай беттеп және осы жолдарын қайталау үшін төмен қарай қайтады. Ал, қолшамның жарығы бұл үдерісті одан сайын әрлендіре түседі. Сонда не болып жатыр?

Қорытынды:

Бөтелкенің су бөлігіне түсе салысымен таблетка ери бастайды. Бұл құбылыс газдың бөлінуімен ерекшеленеді. Бөлінген газ көпіршіктері жоғары көтеріліп, өздерімен бірге боялған су тамшыларын май қабатынан ала жөнеледі. Ауа көпіршіктері бөтелке аузына жеткен соң, тамшылар кейін қарай ағады. Себебі, олар майда ери алмайды. Егер саған тәжірибе ұнаса, таблетканың екінші бөлігін пайдаланып, тәжірибені жалғастыруыңа болады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Сонымен, білім беретін жалпы орта мектептерде оқушылардың пәнге деген қызығушылықпен танымдылық белсенділікті арттырып, дүниетанымдық көзқарастарын дамыту үшін әртүрлі тақырыптардан өткізілетін кештер, үйірмелер т.б. жұмыстар кезінде қызықты тәжірибелерді өткізудің зор ықпалы болатынын нақ айтуға болды. Себебі өзі қолдан жасаған тәжірибені еш уақытта ұмытпайды және өзгерістің пайда болу себебін ғылыми тұрғыда дәлелдей алады. Теориялық білімнің сарамандыққа айналып өмірмен байланысы нақ осы арада жүзеге асатыны көрінеді. Бұл берілген қызықты тәжірибелер тек сыныпта, әртүрлі шараларда орындалатын тәжірибе ғана емес, сонымен қатар сабақ өту барысында да пайдалануға болады. Тәжірибеге қатысушылардың қызығушылығын арттырып, білімін жоғарылатады және мұндай тәжірибелерді пайдалану оқушылардың сабаққа деген белсенділігін арттыру үшін маңызы ерекше.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.Э.Г.Злотникова Урок окончен-занятия продолжается Москва «Просвещение»1992

2.М. Яковлева, С.Болушевский «Большая книга научных опытов для детей и взрослых» ЭКСМО Москва2013ж

3. А.Мырзабаев.Химиядан кластан тыс жұмыстар.Алматы, «Мектеп»,1973.

4. А.Мырзабаев.Химиядан практикалық сабақтар. Алматы, «Мектеп»,1973.

5. А.Мырзабаев. Химияның қызығы. Алматы,1963.

6. А.Мырзабаев, Н.Тұрбекова Химиядан сыныптан тыс жұмыстар және танымдық ойындар. Алматы, «Рауан», 1993

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІКТІҢ ШЫҢЫ
ВЕРШИНА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО МАСТЕРСТВА.
THE PINNACLE OF PEDAGOGICAL EXCELLENCE.

Масалимова Рысгул Ергазиевна
Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы
Masalimova71@mail.ru

Аңдатпа: Педагогикалық шеберлік-үнемі жетіліп отыруды қажет ететін оқыту мен тәрбиелеу өнері. Педагогикалық шеберлік-балаларды сүйетін, жүрек қалауымен жұмыс істейтін, әрбір педагогтың қолы жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отыратын өнер

Аннотация: Педагогическое мастерство – это искусство преподавания и воспитания, требующее постоянного совершенствования.

Педагогическое мастерство – это искусство, которое любит детей, работает от души, и каждый педагог постоянно совершенствуется в воспитании и обучении.

Annotation: Pedagogical skill is the art of teaching and education, requiring constant improvement. Pedagogical skill is an art that loves children, works from the heart, and every teacher is constantly improving in education and training

Түйін сөз: педагогикалық шеберлік, жаңа әдіс – тәсілдер, шығармашылық, тұлға қалыптастыру

Мұғалім педагогикалық теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын меңгермейінше бұған оның қолы жетпейді.
К. Д. Ушинский

Ұстанымым: Шәкірт – ұшқын, тек жүрегіне жол табылған ұшқын ғана жалын болып жанады”дегендей, шәкіртімді өз баламдай сүю.

Күтерім – шәкірттерімнің жетістігі

Ұсынарым – АДАМДЫҚ

Сүйенерім – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Менің қалауым – шәкірт сүйіспеншілігі

Педагогикалық тұжырымдамам: Үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойына білім мен тәрбиені сеуіп, биік мақсаттарға жетелеу.

Менің педагогикалық тұғырнамам:

- Оқытуды бүгінгі күн талабына сай –шығармашылық іс – әрекетке қабілетті, дарынды, елжанды, жеке тұлға тәрбиелеу;
- Интеллектуалдық, зиялы және білімді тұлға тәрбиелеу үшін өз әдістемелік шеберлігімді, тәжірибемді жетілдіріп отыру;
- Оқытудың заманауи әдіс – тәсілдерін игеру арқылы білім беру үрдісін жетілдіру;
- Оқытудағы проблемалық тақырыбым: «Жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың сауаттылықтары мен ойлау қабілеттерін арттыру»

Осы тақырыпта өзімнің сабақ жоспарыммен бөліскім келеді.

Білімге алғаш қадам басқан шәкірттерге «Әліппе» сабағында дыбыстарды таныстыруда Саралау тапсырмасымен жұмыс ұйымдастыруға болады.

-Дыбыссыз басындағы жасырынған сөзді тап. «Ө» дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықта. Төлдер сөзімен сөйлем құра.

- Көбелек сөзіне дыбыстық талдау жаса, сөйлем құра.

-Мына сөйлемдердегі сөздерден Ө дыбысын тап.

-Мен қазақ болып туылғанымa, осындай байтақ өлкеде өмір сүріп жатқанымa қуаныштымын. Өйткені, мен Тәуелсізбін, тәуелсіз елдің ұланымын!

- Өлең шумақтарын мәнерлеп оқып бер. Ө дыбысы бар сөздерді тап, орнын анықтап, дыбыстық талдау жаса. Ө дыбысы бар сөздерді тап.

-Қу-ат	ал-ған	ө-зің-нен,
Ту-ған	ел-дің	ұ-лы-мын.
Ба-қыт-ты	е-тіп	ө-сір-ген
О-та-ным-ның ұ-лы-мын!		

Сабақты қорытындылау бөлімінде: «Сөздік қор жинағы» ойыны. Бүгінгі танысқан әріпке байланысты сөздерді қорапқа салады. - Қазақ, көрпе, өзен, көл, өтірік, шаңғы, өсиет, Өркен, көмек, кітап, тұмар, төсеніш, көрме, құрал, дөңгелек.

Әдебиеттік оқудан «Кім болам? Азамат бол!» тақырыбында «Бұл кім?» әдісі арқылы мамандықтар туралы оқушының ойлау қабілеттерін дамыта отырып, жаңа пәннің тақырыбын аштым. Одан әрі «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы интербелсенді тақтадан слайдтағы суреттерді көрсете отырып, сұрақтар қою арқылы айтылым жүргізілді. 1.Мына суреттерден нелерді көріп тұрмыз? Оларды ата. 2. Мамандық дегеніміз не? 3. Оларға сипаттама бер. 4. Белгілі бір маман иесі болу үшін не істеу керек? Бұл сұрақтарға жауап беруде оқушылардың ойлау қабілеттері дамыды.

Критерий: Шығарманы іштей оқып, сұрақтар қоя отырып талдау жасай алады және сын тұрғысынан бағалап оқи алады

Дескриптор:

1.Суреттегі бейнеленген нәрселердің атауын айта алады

2.Мамандық сөзіне түсінік бере алады

3.Мамандық түрлеріне сипаттама береді

4.Маман иесі болу үшін не істеу керектігін айта алады.

Оқылым. "Үштік" әдісі арқылы шығарма оқылады, талданады.

Дескриптор:

1.Шығарманы рөлге бөліп оқи алады, талдайды

2.Бір-біріне сұрақтар қойып, жауап бере алады.

3. Өзгені тыңдай отырып, өз ойын жеткізе алады

4. Шығарманы қызыға оқиды.

"Мамандықтар сан түрлі" айдары

1-топ: "Мен кім боламын?" Өз армандарыңды айт.

2-топ:Берілген сөздерден мамандық түріне байланысты жұмбақ құрастыр.

3-топ: Қазіргі кезде қандай жаңа мамандықтар пайда болды? Оларды ата.

Қазақ тілінен «В дыбысы 20-23 жаттығулар» тақырыбын меңгерткен кезде «Бір қадам алға» әдісімен өткен сабақты қайталау барысында бірнеше сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың ойын дамытып, пәнге деген қызығушылығын арттырдым. «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі арқылы топтық жұмыс ұйымдастыру барысында бірнеше тапсырмалар беру арқылы оқушының ойлау қабілеті дамып, шығармашылықпен жұмыстанды.

1-топ: Мәтін мазмұны бойынша бірнеше сұрақтар құрастырыңдар.

1. Велосипед сөзі қандай ұғымды білдіреді?
2. Велосипедтің қанша түрі бар?
3. Велосипедтің қоршаған ортаға әсері қандай?
4. Велосипедтің пайдасы қандай?

2-топ:«Велосипед – пайдалы көлік» тақырыбында өз ойыңмен бөлісіңдер.

3-топ: Велосипед суретіндегі үшбұрыш пен дөңгелек санын анықта.

Жеке тұлғаның дамуы үшін баланың белсенді іс-әрекеті қажет. Алайда кез-келген іс-әрекет баланың қабілетін, дарынын, мінез-құлық белгілерін, білік пен дағдыларын дамыта алмайтыны да белгілі. Осы орайда жеке тұлғаны тәрбиелеуде сабақ үдерісінде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді әрі ұтымды пайдалану қажет.

Әрбір адамның заманауи ақпараттық-технологияларды пайдалануға мүмкіндігі зор. Мамандардың айтуынша, оның ең сапалысы — цифрлы технология. Қай салада болмасын, бұл технология жұмысты жеңілдетуге бірден-бір ықпал етіп отыр.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың артықшылықтары мынадай:

1. Олар оқытудағы тақырып шеңберіндегі немесе белгілі бір уақыт аралығында айтылуға тиіс мәліметтер көлемін ұлғайтады.

2. Білімге бір – бірінен үлкен ара қашықтықта орналасқан әр түрлі оқу орнында отырып қол жеткізуге болады. Оқытудың жүйесінің көп денгейлі жетілдіруі олардың таралымдалуы мен оқу сапасын арттырады.

3. Оқушы өз бетінше немесе өзге оқушылармен топтасып бірге жұмыс істеуге мүмкіндік алады.

4. Оқушының танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады. Осылайша оқыту құралдарының бірі – электрондық оқулық.

Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тесттік бақылауға арналған программалық құрал. Білім беру жүйесінде электронды оқулықтарды пайдаланып, үлкен табыстарға жетуге болады. Электронды оқулықтарды пайдалану барысында оқушы екі жақты білім алады: біріншісі -пәндік білім, екіншісі — компьютерлік білім. Электронды оқулықтарды пайдалану оқушының өз бетінше шығармашылық жұмыс жасауына, теориялық білімін практикамен ұштастыруына мүмкіндік береді. Электронды оқулық арқылы оқушы көптеген қосымша материал ала алады, осы алған мәліметтерін компьютерден көргендіктен есінде жақсы сақтайды, өз бетінше жұмыс жасау қабілеті қалыптасады. Осылайша жас ұрпақты оқытуда инновацияны пайдаланудың – шығармашылық жетістіктің негізгі көзі.

Бастауыш сыныптарда оқушыларды сөйлеуге үйрету, тілін дамыту, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу, тіліміздегі көптеген сөздердің мағынасын оқушы санасына жеткізуде, өз беттерімен жұмыстандыруда жеке тұлға тәрбиелеуде мұғалімнің орны ерекше. Қазіргі таңда білім берудегі басты нәрсе оқушының ой-өрісін арттырып, ойлау қабілеттерін дамыту. Ұлы ғұлама Әл-Фараби айтқандай "Білімді болу деген сөздің мағынасы- белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу" деген екен. Қазіргі кезде егеменді еліміздің ертеңі-өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Білімді, жан-жақты қабілетті ұрпақ-ұлтымыздың баға жетпес қазынасы. Цифрлық

технологияларды барлық сабақта қолдануға болады. Технологияларды кеңінен пайдалану емес, мәселе — тұлғаны нәтижеге бағыттай білім беруде. Яғни, бұрынғы көрнекілік әдісін ақпараттық — коммуникативтік технологияның бір өзі атқара алады компьютерді қолдану мәтіндер мен ақпаратты білуге жол ашады. Оқушыларды компьютердің алдына әкеліп, аудио оқулықтармен, аудио тақырыптармен жұмыс жасатуда олардың пәнге деген қызығушылығын арттырамыз. Әліппені жаңа бастап оқып жатқан оқушыларға өте тиімді. Математика сабақтарында интербелсенді тақтада есептер шығаруда оқушылардың белсенділігі артады. Жаратылыстану, дүниетану сабақтарында гугл формаға тест құрып, оның сілтемесін оқушыларға беріп орындатуда да оқушының пәнге деген қызығушылы артып, білімдері тиянақталады.

Халықаралық PIRLS, TIMS бағдарламалары бойынша да жүргізілетін жұмыстарда оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырады. Міне, әр мұғалім өз сабағына үлкен дайындықпен түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы өткізетін болса, мұғалім өзінің проблемалық тақырыбын аша отырып, өмірге білімді, шығармашыл тұлға қалыптастыра алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бастауышмектеп №5, 2021
2. https://edunews.kz
3. Бастауыш сыныпта оқыту, №3, 2020
4. Қазақ білімі журналы
5. Stud. kzсайд

БАСТАУЫШ - БОЛАШАҚТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ
НАЧАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ - ЭТО ЛЕСТНИЦА БУДУЩЕГО
PRIMARY EDUCATION IS THE LADDER OF THE FUTURE

Сайнова Нұрлы
Подстепный жалпы орта білім беретін мектебі
Батыс Қазақстан облысы, Теректі ауданы
mansurnurli1976@mail.ru

Аңдатпа: Бұл мақалада бастауыш білім берудің негізгі ерекшеліктері мен заңдылықтары туралы сөз қозғалады. Білім берудің жаңа бағыттары мен оны меңгертудегі түрлі технологиялар, әдіс-тәсілдер, тәжірибелер де көрініс табады. Өйткені, бастауыш – болашақтың бастауы.
Аннотация: В данной статье рассматриваются основные особенности и закономерности начального образования. Отражены новые направления образования и различные технологии, методы и практики его освоения. Ведь начальное образование– это начало будущего.
Annotation: In this article, the main features and regularities of primary education are discussed. New directions of education and various technologies, methods and practices of its development are reflected. After all, the beginning is the beginning of the future.
Кілт сөздер: бастауыш, білім беру, мектеп, құндылықтар, жаңа технология, болашақ, ізденістер.

Білім мен тәрбиенің бастауы – бастауыштан қаланатыны белгілі. Кез келген құбылыстың қайнар бұлағы, негізі бар. Міне, соған дәлел, бастауыш – білім негізі. Алғаш қолға қалам алғызып, әріптермен танысып, «ғылым» деген үлкен әлемді зерттеуге қадам басқызатын кезеңнің өз қызықтары мен қиындықтары да болатыны сөзсіз. «Жаста берген тәрбие – жас шыбықты игендей» екендігімен бастауышта білім беретін әрбір ұстаз жақсы таныс.

Білім беру саласында қызмет етіп келе жатқаныма 29 жылдан аса уақыт өтсе де, өз ісіме, мамандығыма деген махаббатым мен құлшынысым, ізденуге де талпынысым еш өшкен емес. Өйткені, балалармен жұмыс жасай отырып, қоғамның бір бөлшегін қалыптастырып жатқаныңды түсінесің. Ол дегенің еліннің дамуына, көркеюіне титтей де болса өз үлесіңді қосып жатырғаның деген сөз.

Егемен еліміздің, жарқын болашағымыздың өскелең ұрпағын өз-өзіне сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат пен азаматша етіп тәрбиелеуде бастауыш сынып мұғалімінің алар орны ерекше. Өйткені ол алдына келген әр балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани тұрғыда қалыптасуына септігін тигізеді.

Бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын құнды, қайталанбайтын кезеңі. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ екенін ескерсек, бастауыш білім – үздіксіз білім берудің алғашқы басқышы. Осы орайда бастауыш сынып мұғалімдері жас жеткіншектерді оқытуда қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды кеңінен қолдана отырып, білімді терең және жанжақты игерудің жолдарын, әр пәннің ғылыми негіздерін меңгерту мәселелерін, шәкірттің ойлау қабілеті мен шығармашылық әрекетін дамыту сияқты ең ұтымды әдіс-тәсілдерді қолдану қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезеңде республиканың білім беру жүйесінің ең басты мәселесі – қазақ мектебі түлегінің білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтату. Ол үшін мектепке заман талабына сай мемлекеттік білім стандартын енгізу, соған сәйкес кәсіби шеберлігі дамыған кадрлармен қамтамасыз ету, өркениетті ғылыми әдістемелік бағытқа ынталандыру, жаңа базистік оқу жоспары мен жаңа буын оқулықтарына көшу, орта білімді ақпараттандыру, тағы сол сияқты білім беру саласында жүйелі жұмыстар атқару – еліміздегі ең маңызды әрі кезек күттірмейтін ауқымды істер.

Өткенге қарап басымызды иеміз, ертеңге қарап білек сыбанамыз демекші, бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Демек бұрыннан қалыптасқан бағдарлама мен тәртіп ол үшін ескірген, тозған. Ал қазір ол барлық тұлғасымен жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Сондықтан оған жүйелі жәрдем беріп, ынта-ықыласын дұрыс бағыттайтын, қабілет-қасиеттерін дамытатын мектеп шаңырағы қажет.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

XXI ғасырда қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр. Олар: білім сапасын көтеру, компьютерлендіру, интернет, компьютерлік желі, электронды және телекоммуникация, электронды оқулықтар даярлау [2, 20б]. Бұлардың оқушылардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білік сапасын көтеруге тигізетін әсері мол. Жаңа электронды оқулықтардың дүниеге келуімен берілетін білім мазмұны да өзгерері сөзсіз. Болашақта әр оқушы компьютерлік технология арқылы интернет, электронды желі, электронды пошта арқылы дүниежүзілік білім әлеміне еніп, онда өзінің қажетін өтейтін, білімді толығымен алуға, қажет ақпараттық мәліметтерді, ғылым саласына байланысты озық тәжірибелерді, осы мәселенің шетелдегі жағдайымен танысуына толық мүмкіндік туады.

Болашақ ұрпаққа сапалы да саналы білім беру – қоғам талабы. Жас ұрпақты осындай азамат етіп тәрбиелеу үшін оқу үдерісіне көптеген өзгерістер мен жаңалықтар енгізілуде. Ол өзгерістер мен жаңалықтарды жүзеге асыратын ұстаздар қауымы. Мұның өзі ұстаздарға асқан жауапкершілік пен ізденісті, білім беру көкжиегіндегі жаңалықтарды еркін меңгере отырып, әлемдік білім кеңістігіне енуге батыл қадам жасай алатындай болуды талап етері сөзсіз. Ол үшін білім беру саласында оқытудың білім технологиясын меңгерудің қажеттілігі туындайды. Ол мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді. Оқыту технологиясын таңдап іріктеу оқушының оқу-танымдық іс-әрекетін басқарудың бір буыны десек, оны жүзеге асыратын – бүгінгі мектеп мұғалімі [3, 1б].

Мен үшін ұстаздық – бұл мамандық емес, өмір салты іспеттес. Ұстаздық – бұл менің жаратылысым. Сондықтан, «Ұстаздық – бұл адамға берілетін сый, ұстаздық – бұл талант, ұстаздық – ізденіс, ұстаздық – өмірлік ұлы іс» дер едім. Ұстаздық жолдағы педогогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр оқушының бойынан жақсылық тауып, бұлақтың көзін ашу арқылы биік мақсаттарға жетелеу. Жақсы ұстаз – бұл қай кезде де ең алдымен кәсіби деңгейі жоғары интелектуалдық, шығармашылық қабілеті мол тұлға. Ол оқытудың жаңа технологияларын өмірге ендірге даяр, оқу-тәрбие ісіне шынайы жанашырлық танытатын қоғамның ең озық бөлігі болуы қажет. Қазіргі таңдағы өтілетін сабақтарды жаңа әдіс-тәсілдер мен технологияларсыз елестету мүмкін емес, сондықтан өз іс-тәжірибеме әр оқушының өз бетінше жұмыс жасау қабілетін, оны дамыту, жетілдіру жолдарын ескеремін.

Әдебиеттік оқу сабағындағы ақын-жазушылар шығармаларындағы табиғат құбылыстарын суреттеудегі ерекшеліктерді, жаратылыстану мен дүниетану сабақтарындағы табиғатты өз өлкеміздің табиғатымен салыстырып, зерттеулеріне тапсырма беріп, ізденіс жұмыстарына жұмылдырамын. Қазір кез-келген жер-су атауларын гуглдан іздеп, қайда орналасқанын картамен табуға болатын мүмкіндіктер өте зор. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығына түсірілген деректі фильмдер, сұхбаттарды тек қағаз бетінен емес, қосымша интернеттен жүктеп, молынан ақпарат алуға, оны жүктеп, барлығымен бөлісуге болады.

Әр сабағымды шығармашылықпен жоспарлап, оқушыға дайын білімді бермей, бағыт бере отырып қиындықты жеңуге, ізденіс дағдыларын қалыптастыруға байланысты

тапсырмалар дайындаймын. Әрбір сабақтың қызықты, тартымды өтуін, әрбір оқушы сыныптан шыға бере өзінің бүгінгі нәтижесі мен мүмкіндіктерін мақтан ететіндей сезімде болуын қадағалаймын.

Оқушы үшін білім алатын орта қалыптастыру, оқушының ішкі қалауын, ынтасын ояту, оған өзінің біліміне өзі жауапты екенін көрсету, өзін-өзі бағалау, өзіне деген сенімділкті арттыру, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуына түсінік беру деген секілді әрекеттер – менің басты міндеттерімнің қатары.

Әр адам – қайталанбас тұлға. Оның жан дүниесі – өзінше бір әлем, ал ұстаз сол әлемді шартарапқа жетелеуші, шамшырағын жағушы. Ұстаз – бала болмысына өзгеріс енгізуші, бағыт-бағдар беруші, ата-ананың сенімді көмекшісі. Өмірдегі көп мамандықтардың ішінде жан-жақты білімділікті, икемділікті, шеберлікті, ерекше мейірбандылықты қажет ететін мамандық та – ұстаздық. Олай деуге мебеп, мұғалім еңбегі біріншіден, адамзат қоғам тарихында жинақталған ғылым негіздерінен білім беруге тиіс болса, екіншіден үнемі шәкірттерімен қарым-қатынаста болып, білсем, үйренсем деген бала арманы мен оның сырлы тағдырына басшылық етуді мойнына алған маман.

Ал жаңашыл ұстаз қандай болуы тиіс? Әрине, ол өз кәсібінің майталманы, осы мақсатқа рухани күшжігерін, парасат-пайымын салу керектігін айтпаса да түсінеміз. Бұл еңбек жолы әркімеің қолынан келе бермейтін, ерекше талантты қажет ететін, бай қиялды адамға ғана тән қасиет. Сондай-ақ, ұстаз күнделікті өзінің көп қырлы еңбегінле мазмұны әр түрлі кездейсоқ жағдайлардың туындап отыратынын алдын ала сезіп, болжап және оның оң шешімін табуға дайын болуы керек.

Өмірдің көшінен қалмау, яғни білімі мен біліктілігін әркез жетілдіріп, жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп отыруы тиіс. Сондықтан да ұстазды, әр баланы жан-дүниесін танып-білуші әрі оны жеке тұлға етіп қалыптастырушы, ел болашағының мүсіншісі деуге болады.

Қазіргі мұғалім:

1. Педагогикалық үдерісте жүйелі жұмыс істей алатын;
2. Педагогикалық өзгерістерге тез төселгіш;
3. Жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын;
4. Оқушымен ортақ тіл табыса алатын;
5. Білімді, шебер, іскер болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері айқын көрсетілген. Заңды құрметтей отырып, педагог қызметкерлер өз міндеттері мен жауапкершілігіне сергек қарауы қажет. Оқушы білімінің санасы, тәрбиесінің нәтижесі ұстаздың кәсіби шеберлігі мен интеллектуалдық байлығына тіреледі. Беделді ұстаз – мектептің жүрегі де тірегі. Оған жетудің бір ғана жолы: білім мен білігіңді оқу арқылы толықтырып отыру [1]. Мемлекетіміздің 2030 жылға дейінгі стратегиясы халқымыздың рухани, ғылыми және шығармашылық қабілеті жоғары болған жағдайда ғана Қазақстанның дамуындағы ұзақ мерзімге межеленген мақсаттарға жетуге болатындығын анықтап берді. Білімнің айрықша басымдылық алуы қазіргі қоғамдық прогрестің заңдылықтарынан туындайды. Өресі биік, білімдар адамдар мемлекеттің экономикалық даму деңгейін айқындайды. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекеттің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Ал ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны күшейген XXI ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру мектептің басты міндеті болып саналады. Дәстүрлі оқыту әдістемесінің білімді мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруге кепілдік бермейтінін мектеп тәжірибесі көрсетіп отыр. Сондықтан жаңартылған әдістемелік жүйенің оқыту үдерісінде іске асуы үшін оны технологияландыру қажеттігі туындайды.

Қазіргі бастауыш мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту уақыты мен тәрбиелеудің соңғы әдіс-тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық

жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог-зерттеуші, ойшыл бастауыш сынып мұғалімі болуын қажет етеді [4, 16б].

Қазіргі кезде еліміздің білім беру саласында, оқытуда өзгерістер аз емес. Білім беру стандарттарымен бағдарламаларының, оқулықтар мен оқу құралдарының мазмұндары қайта қаралып, жаңашыл әдіс-тәсілдерді іздеу, оларды өмірге ендіру жүргізіліп жатыр. Бүгінгі күні дидактикалық «нені оқытамыз?» «не үшін оқытамыз?» «қалай оқытамыз?» деген дәстүрлі сұрақтармен бірге «қалай тиімді оқытуға болады?» деген мәселесі ғалым, әдіскерлер мен мектеп мұғалімдерін толғандыруда. Осы сұрақтың айналасында бірқатар ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген [5, 22б]. Зерттеудің нәтижесін талдау барысы педагогика ғылымында жаңа «педагогикалық технология» бағытының пайда болып, қалыптасып келе жатқанын көрсетеді және ол оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастыруға бағытталған.

Әрбір мемлекеттің болашағы мектебінде шыңдалады. Ертең осы елге ие болып, тізгінін ұстар азаматтар – бүгінгі мектеп оқушысы болғандықтан, қазақстандық барлық мектептерге үлгі болуға тиісті қазақ тілінде оқытатын мектептердің бүгінгі жайы, даму бағыттары, келешегінің көкжиектері бокал қоғамның, мемлекеттің назарында.

Қазіргі кезде инновациялық мектептердің бірнеше түрі қалыптасты. Олар ерекшеліктерін, онда оқитын оқушылардың мүмкіншіліктерін ескере отырып, қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды түзеу, бұл мектептерде оқыту мен тәрбиелеу мүмкіндіктерін кешенді түрде шешу проблемасын қарастырады. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үдерісін ұйымдастыру қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді [6, 2б]. Кез келген елдің экономикалық қуаты, халқының өмір сүру деңгейінің жоғарылығы, дүниежүзілік қауымдастықтағы орны мен салмағы сол елдің технологиялық даму деңгейімен анықталмақ. Жалпы қоғам дамуы мен қазіргі заманғы технологияларды енгізу сапалығы осы елдегі білім беру ісінің жолға қойылғандығы мен осы саланы ақпараттандыру деңгейіне келіп тіреледі. Экономикалық күшті дамыған елдердің тәжірибесі білім беру жүйесін ақпараттандыру экономика, ғылым және мәдениеттің қарқынды дамуының негізгі кілті екендігін көрсетіп отыр.

Бастауыш білім берудің басты мақсаты – кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру болса, төмендегі дағдыларды (1-сызба) меңгерген оқушы болашаққа үлкен ресурпен қадам басады.



1-сызба

Сабақта қандай жаңа интерактивті бағдарламаларды интернет желісі арқылы, яғни онлайн түрінде ноутбук, смартфон, гаджеттерге қолдануға болады, оқушылардың білім алуға қызығушылығын қалай арттыруға болады? Аталған дағдыларды оқушылардың бойынан қалай көруге болады?

Бұл сұрақты шешімі ретінде сабақ кезінде интерактивті оқыту қосымшаларын енгізу арқылы нәтижеге қол жеткізу. Сондай бағдарламаның бірі – Kahoot, яғни осы

бағдарлама негізінде мұғалімдер барлық оқушылардың білім алу үрдісіне қызығушылықпен, ауыртпалықтарсыз және барынша мұғалім мен білім алушылар уақытының аз жұмсалуы нәтижесінде жетуімізге болады. Kahoot — әр түрлі платформалар арасындағы қайшылықты аудитория ішінде шешкен сервис болып табылады. Ол арқылы көптеген тест тапсырмаларын сурет, видео қойып жасауға болады. Онымен тест тапсырмасын құрастырып, тест өткізу үшін интернетке қосылу керек. Бұл сервис арқылы сондай-ақ сайыс өткізуге болады. Мысалы мұғалім компьютері арқылы бір мезетте бір тесті әртүрлі гаджеттермен қатыстыра аласыз. Ең маңыздысы Kahoot — тегін білімді тексеруде ыңғайлы қызықты ресурс болып саналады. Сервис арқылы құрылған бір викторинаға жалпы саны 30-ға дейін оқушы қатыса алады. Вебсервис оқушының әр тақырып бойынша білімін бекітуге, тексеруге мүмкіндік береді. Викторинаны жүргізу барысында оқушылар расында байқау ұйымдастыруға болады. Сонымен қатар, қашықтан оқыту мақсатында да қолдануға болады. Құрылған тестті әлеуметтік желілер арқылы немесе электронды пошта арқылы сілтемесін жіберіп, басқа әріптестермен бөлісуге болады. Бұл қосымшаны пайдаланғалы оқушылықтардың қызығушылықтары артып, барлық игерілген білімді мүлтіксіз көрсетуге талпынып, көздерінің оты жанып тұратынын байқадым.

Сондықтан да, кез келген ел өзінің жан-жақты дамуы үшін халықтың денсаулығына, мәдениетіне, соның ішінде біліміне инвестиция құюы керек. Ал мұғалім алдына келіп отырған шәкіртінің санасына, өзінің дамуын алға тартып отыруы керек деп есептеймін. Себебі, білімді ұрпақ қана озық болмақ.

Бастауыш білім беретін мектептерде оқушылардың үлгерімі мен потенциалын арттыру үшін жалпы ауыл-қала мектептерінде мынадай өзгерістерді енгізуді ұсынамын:

1. Материалдық-техникалық базаны толықтыру, яғни жиһаздар алу. Оқушылардың қоңырау кезінде еркін уақыт өткізуіне мүмкіндік жасау.
2. Әр сынып мұғалімдеріне «Тиімді қоңырау» уақытын өткізу. Ол үшін шығармашылықты, сыни ойлауды дамытатын ойындар жүйесін құрастыру.
3. Мектеп әкімшілігі тарапынан балалардың бос уақыттарын ұйымдастыруды қолдауы. Мысалы: тақырыпқа байланысты оқушыларды зоопаркке, мұражайға, театрға, табиғи, мәдени, спорт, танымдық орындарға апару.

Бұл аталғандар оқыту үрдісінен бөлек, таным көкжиектерін кеңейтуге бағытталған ұсыныстар. Әрине, әр мұғалім өзінің сыныбында мүмкіндігінше енгізіп, дамытып, жан-жақты әдістерді қолданып та жатыр. Десе де «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, жарқын болашақ, Жаңа Қазақстанның бір бөлшегі ретінде қолдау, әрекет, ізденіс болса үлкен нәтиже болары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1.Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы, 2007 ж. (2023 жылғы енгізулер мен өзгерістер).
2.Ф.Б. Бөрібекова, Н.Ж. Жанатбекова. Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар. Оқулық. – Алматы, 2014. -360 б.
3.Омарова Г.Ж. Бастауыш сыныптарда жаңа педагогикалық технологияларды қолданудың мәні. Мақала.
4.Байтикова Ж.А. Бастауыш сыныпта оқытудың жаңа технологияларын қолдану. Әдістемелік кітапша. 2016 ж.
5.«Бастауыш сыныпта оқыту. Барлық пәндер бойынша» журналы, 2014ж.
6.Д.Исабаева «Ақпараттық-коммуникациялық технология құралдары арқылы бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын қалыптастыру мазмұны» Бастауыш мектеп 12/ 2008.

ӘРТҮРЛІ ДИКТАНТТАР АРҚЫЛЫ ТІЛ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ
ПОВЫШЕНИЕ ЯЗЫКОВОЙ ГРАМОТНОСТИ ЧЕРЕЗ РАЗНЫЕ ВИДЫ ДИКТАНТОВ
INCREASING LANGUAGE LITERACY THROUGH DIFFERENT TYPES OF DICTIONS

Шиленко Е. С.
КГУ «Келлеровская средняя школа имени Героя Советского Союза И.М. Бережного»
Тайыншинский район
Северо- Казахстанская область
shilenkoelena@mail.ru.

Аннотация: Мақалада диктанттардың алуан түрлері және оларды жүргізу әдістемесі ұсынылған. Бұл оқушылардың алған білімдерін қызықты түрде бақылауға , коммуникативті дағдыларды дамытуға, орфография бойынша білімді арттыруға, оқу және бақылау жаттығуларын жеке-мәнді мағынамен, жаңашылдық әсерімен толтыруға мүмкіндік береді.Осының барлығы ережелерді есте сақтау мен оларды практикалық қолданудың беріктігін қамтамасыз етеді.
Түйінді сөздер: диктант, релелік, бәсекелестік, сауаттылық, эмоционалды зарядтау, білімді бақылау
